¹С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті,
Қазақстан тарихы кафедрасы, т.ғ.к., РЖА профессоры, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,

²С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті,
Қазақстан тарихы кафедрасы, т.ғ.к., аға оқытушысы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛАҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ САУДАДАҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада XX ғасырдың бас кезіндегі Ақмола облысындағы жәрмеңкелік сауданың ерекшеліктері қарастырылған. Авторлар Ақмола облысына шолу жасап, аймақтағы сауданың дамуын талдайды. Ұсынылған кестелер тұрғындардың тауарлардың белгілі бір түріне сұранысын анықтауға мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған кезеңде мал шаруашылығы өнімдерін сату ерекше маңыздылыққа ие болды. Мақалада Ақмола облысындағы үш ірі жәрмеңкелер бойынша мәліметтер келтірілген. Берілген мәліметтерден өткізілген тауарлардың саны ғана емес, оны сатудағы кірісті де қадағалауға болады. Өнеркәсіп өндірісінің дамуы, қала тұрғындарының өсуі мұндай сауданың өрістеуіне негіз болды. Егер де алғашқы кезде сауда айырбас сипатында болса, кейіннен темір жол транспорты мен кеме қатынасының дамуымен сауда тұрақты сипатқа ие болды. Іс жүзінде тұрғындардың барлық категориясы сауда қатынасына тартылды.

Тірек сөздер: жәрмеңке, сауда, малды сыртқа шығару, товар, товарды тасу, көпес, қырғыз, мал шаруашылығы өнімдері, сауда айналымы

Dzhumagaliyeva K.V.¹, N.K.Demeuova

*¹S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Kazakhstan history Department,
c. h. s., professor of the Russian Academy of Natural Sciences
Nur-Sultan s., Kazakhstan*

*²S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Kazakhstan history Department,
c. h. s., senior lecturer*

TO THE QUESTION OF TRADE IN CATTLE BREEDING PRODUCTS IN THE AKMOLA REGION AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY

Abstract

This article discusses the features of the state of fair trade in the Akmola region at the beginning of the twentieth century. The authors, based on surveys of the Akmola region, analyze the development of trade in the region. Tables allow to determine the demand of the population for certain types of goods. In particular, the sale of livestock products took an important role. The article provides information on three major fairs in the Akmola region. Not only can the amount of goods sold be tracked, but also the profit from its sale. The growth of industrial production and urban population led to the expansion of trade. If initially trade was exchange in nature, then with the development of railway transport and shipping, trade becomes stationary. In fact, all categories of the population were involved in trade relations.

Keywords: fair, trade, export of the cattle,

Во многих странах торговля считалась прибыльным занятием, приносящим достаточный доход. Именно торговля стала проводником для налаживания связей и торговых отношений не только между различными народами, странами, но и социальными слоями. В начале XX века торговля стала носить уже больше конкурентный характер. Расширение товарооборота было вызвано увеличением грузоперевозок, строительством железных дорог, усилением социальной дифференциации.

Особенностью торговли начала XX века становится появление новых форм торговли. Одним из ее выражений стало появление торговых фирм и бирж. Однако более широкому расширению торговли, как в Казахстане, так и в регионе, в частности, мешал низкий уровень кредитной системы, практически отсутствовали коммерческие банки. Государство если и выдавало ссуды, то только под залог земли. Расширение бизнеса в регионе, торговли и промышленности нуждались в больших денежных средствах. Это обстоятельство стало причиной начала функционирования акционерного дела.

Золотопромышленность, добывающая, ростовщические операции, транспортировка товаров и ярмарочная торговля стали основным источником дохода большого числа местного купечества. Тем не менее, ярмарки продолжали играть ведущую роль в торговом обороте, приносящем не малый доход купечеству. В Акмолинской области почти в каждом населенном пункте имелись небольшие рынки сбыта товаров. Местные купцы не допускали конкурентов на базары и сами вели торговые операции по закупке российских товаров и их реализации. Естественно, сумма оборота зависела от количества привозимого и реализуемого товара. Огромную роль играл также покупательский спрос и финансовые возможности населения [1, с. 566].

В начале XX века ярмарки Акмолинской области были не только самыми многочисленными, но и доходными. Если в 1896 году в области было 50 ярмарок, оборот которых составил 10,5 миллионов рублей, то в 1907 году их было уже 100 с доходом 70 миллионов рублей [2, л.12-13]

В начале XX столетия значительно возросло число стационарных ярмарок. Так, в 1902 году торговля в Акмолинской области представляла собой три вида: в городах и больших селах как постоянная. Для киргизов меновая торговля в виде таких форм как разносная и развозная. А также периодическая на ярмарках. Постоянная торговля велась в таких городах как Петропавловск, Омск и Акмолинск. В этих пунктах были сосредоточены склады, где находились российские, европейские и азиатские товары. В более мелких населенных пунктах велась мелочная торговля непосредственно из лавок. Самой многочисленной по количеству привозимого и реализуемого товара выступали периодические ярмарки. Товар в основном продавали казаки и разночинцы. Они продавали киргизам товары первой необходимости в кредит или за деньги. Но значительно чаще производили обмен на предметы скотоводческой продукции.

В силу специфики региона и основного занятия местного населения скотоводством и низкого уровня обрабатывающей промышленности ярмарочная торговля стала ведущей. Одной из особенностей

торговли в регионе стал скорее меновый характер. Этому способствовало обилие скотоводческих произведений. В 1902 году в области действовало более 70 ярмарок. Торговый оборот составил около 30 млн. рублей.

Все предметы ярмарочной торговли можно разделить на пять категорий. К первой категории относился скот; ко второй – сырые продукты скотоводства и изделия киргизов; к третьей относились изделия крестьян и продукты крестьянского производства; к четвертой – азиатские товары, которые в основном завозились из Туркестанского края; пятую категорию составляли европейские товары [3, с.22]. Среди летних ярмарок наиболее значимыми считались три: Константиновская в г. Акмолинске, Петровская в ст. Атбасарская, Тайнчикульская в городе Петропавловске.

В 1902 году привоз и сбыт товаров на этих ярмарках распределился следующим образом [3, с.22]

Таблица 1: Привоз и сбыт категорий товаров на ярмарках Акмолинской области в 1902 году

Виды товаров	Константиновская		Петровская		Тайнчикульская	
	Привоз	Сбыт	Привоз	Сбыт	Привоз	Сбыт
	Руб.	Руб.	Руб.	Руб.	Руб.	Руб.
Скот	1 083 225	1 083 225	710 500	710 500	529 643	529 643
Произвед. скотоводства	380 833	380 833	192 300	192 300	24 738	24 738
Европейские товары						
Мануфактура	614 500	59 750	400 000	215 000	183 400	48 520
Металлическ.	148 000	5 600			8 700	3 880
Кожевенные	9 000	1 750	273 270	130 400	7 200	2 350
Азиатские	66 500	24 800			51 600	10 850
Итого	2 301 560	1 555 439	1 376 070	1 248 200	805 281	619 981

Из таблицы видим, что на ярмарке полностью был реализован скот, продажа которого приносила хороший доход. В большом количестве скот был завезен на Константиновскую ярмарку, меньше всего на Тайнчикульскую. Кроме того, из таблицы видно, что продажа европейских товаров была довольно низкой. Из всего завезенного европейского товара было продано чуть более 20%. Возможно это объясняется низким покупательским спросом данной категории товаров у местного населения.

Если рассмотреть отдельно количество пригнанного скота, то эти данные выглядят следующим образом [3, с.23].

Таблица 2: Сбыт скота на ярмарках Акмолинской области в 1902 году

Скот	Константиновская		Петровская		Тайнчикульская	
	Привоз	Сбыт	Привоз	Сбыт	Привоз	Сбыт
	Рубл.	Рубл.	Рубл.	Рубл.	Рубл.	Рубл.
Лошади	4 948	2 152	542	542	2 406	1 052
Рогатый	26 697	16 562	12 221	8 982	12 564	7 359
Мелкий	81 738	76 444	78 158	69 479	8 698	6 341

Продажная цена поголовья скота на этих ярмарках была также различной. Так на Константиновской ярмарке лошадей и быков продавали по цене 34 руб., коров – 25 руб., овец – 5 руб. 25 коп. На Петровской ярмарке продажная цена лошадей составила 25-60 руб. Быки продавались по цене 50-65 руб., коровы – 20-30 руб., бараны – 5-7 руб. 50 коп. Самые низкие цены были на Тайнчикульской ярмарке, цене лошади составляла 33 руб., бык – 34., корова – 23 руб., овцы – 4 руб.

Как видно из таблиц первые две категории товаров составляли приблизительно 70% продажи. Товары пятой категории реализовывались в рамках 20% [4, л.56-57].

Практически киргизская степь обеспечивала продуктами скотоводческого хозяйства ряд регионов Российской империи. В их число входили Приуралье, Казань, Нижний Новгород, Москва, Петербург. Таким образом, Акмолинская область занимала важное торгово-промышленное значение. Область стала своеобразным посредником между киргизской степью и промышленными центрами России. Из

Акмолинска скот, продававшийся на ярмарке, доставлялся на российские рынки. А сюда стекалось поголовье скота и из других областей (Семипалатинская, Семиреченская, Сырдарьинская).

Прежде чем завезти скот на ярмарки, он проходил тщательную проверку и ветеринарный осмотр. С наступлением весны, начинались перекочевки казахского населения. Так, в Акмолинской области, в долине реки Ишим открываются две специальные ярмарки. Это были Константиновская в Акмолинске и Петровская в Атбасаре. Так, в 1902 году, через ветеринарные пункты на акмолинскую ярмарку было завезено лошадей – 5 731 голов; рогатого скота – 39 613 голов, баранов – 185 593 голов [3, с.25].

Помимо живого поголовья, на рынках активно реализовывались продукты скотоводческого хозяйства. Наибольшим спросом пользовались кожи и шерсть. В 1902 году было завезено на Акмолинскую ярмарку [3, с.23]:

Таблица 3: Сбыт других продуктов скотоводства на ярмарках Акмолинской области в 1902 году

Продукты скотоводства	Константиновская		Петровская		Тайнчикульская	
	Привоз (шт.)	Цена (руб.)	Привоз (шт.)	Цена (руб.)	Привоз (шт.)	Цена (руб.)
Виды кож						
Конская	17 994	3 руб. 50 коп.	8 095	3 руб. 4 коп.	4 221	3 руб.
Верблюжья	832	3 руб.	393	3 руб. 4 коп.	18	4 руб. 50
Яловая	39 231	4 руб. 50 коп.	2 011	4 руб. 50 коп.	1 682	4 руб. 25
Овечья	101 866	60 коп.	29 244	20-70 коп.	10 841	65 коп.
Козья	11 079	1 руб. 20 коп.	2 665	40-90 коп.	1 788	75 коп.
Шерсть (пуд.)						
Овечья	31 540	2 руб. 80 коп.	18 554	3 руб.	1 300	3 руб.
Козья	390	12 руб.	88	12 руб.	-	12 руб.
Верблюжья	10 400	4 руб. 50 коп.	7 717	4 руб. 50 коп.	12	4 руб.
Конский волос	3 192	25 руб.	659	20-30 руб.	267	24 руб.

Из таблицы видно, что в большом объеме товар завозился на ярмарку Акмолинской области. Цены же на рынках на товар были практически одинаковы.

На ярмарках придавали огромное значение качеству продаваемого товара. На рынки время от времени попадали шкуры, имевшие многочисленные порезы, что соответственно, вызывало недовольство производителей. Порой выявляли порченные шкуры, что было вызвано неправильными способами разделки скота. Традиционно казахи при разделке животных снимали шкуры, без применения ножей, а надавливанием пальцев. Об этом способе разделки упоминает министр внутренних дел, генерал-адъютант Закревский. Он отмечал, что эти шкуры непригодны для армии, особенно для изготовления армейских сапог. По его мнению, мясники для быстроты разделки скота применяли ножи, что и стало причиной многочисленных порезов. Поэтому он потребовал, чтобы шкуры снимали не ножами, а «пестами», т.е. пальцами. А именно таким способом снимали шкуры казахи [5, с. 106].

Торговле с казахской степью и Средней Азией правительство придавало огромное значение. Об этом писал в одном из документов министр иностранных дел России в 1839 г. в письме Оренбургскому губернатору В. А. Перовскому, отмечая: «торговля составляет почти основу Азиатской нашей политики» [6, л. 1]. В ряде случаев Российское правительство принимало различные меры, для ограничения торговой деятельности среднеазиатских купцов на границе с Россией, с целью укрепления российской торговли. Так, если среднеазиатские купцы хотели вести торговлю в розницу, «то обязаны были брать купеческие свидетельства с определенным платежом. Без таковых свидетельств позволять им торговать только в таможенной черте, на меновых дворах и трех главных ярмарках: Ирбитской, Нижегородской и Коренной» [7, л. 8 об.].

В 1905 году на Акмолинской ярмарке были представлены следующие товары [8, с. 23]:

Таблица 4: Сбыт скота на ярмарках Акмолинской области в 1905 году

Предмет торг-ли	Константиновская			Петровская			Тайнчикульская		
	Кол-во (шт.)	Цена (руб.)	Сумма (руб.)	Кол-во (шт.)	Цена (руб.)	Сумма (руб.)	Кол-во (шт.)	Цена (руб.)	Сумма (руб.)
Лошади	1 771	40	70 840	333	40	13 320	772	40	30 880
Быки	10 542	38	400 596	6 407	50	320 350	12 129	40	485 160
Коровы	1 613	30	48 390	2 647	24	63 528			
Яловые	687	18	12 366	736	18	13 248	2 000	24	48 000
Телята	182	4	728	17	4	68	594	4,50	8 613
Овцы	56 026	5	280 130	62 369	6	374 214	94	4	376
Козы	4 39	3	12 117	440	3	1 320	3925	6,75	26 493
Верблюды	173	35	6 055	-	-	-	728	3,25	2 366
Итого	70 833		831 222	72 949		786 048	20 242		601 888

Таким образом, всего было завезено для продажи 70 833 голов скота, общая сумма от его реализации в 1905 году на Константиновской ярмарке составила 831 222 рубля. На Петровскую привезли всего 72 949 голов живого скота, реализовано на сумму 786 048 рублей. Тайнчикульская ярмарка приняла 20 242 голов, продав на сумму 601 888 рублей. Как видим из полученных результатов наибольший процент реализованного товара приходится на Константиновскую ярмарку. Всего же было реализовано 164 024 голов скота на общую сумму 2 219 158 рублей

В Акмолинской области эта ярмарка играла ведущую роль в продаже поголовья скота и других продуктов скотоводства. Подтверждением тому является таблица 5.

Таблица 5: Сбыт других продуктов скотоводства на ярмарках Акмолинской области в 1905 году

Предмет торг-ли	Константиновская			Петровская			Тайнчикульская		
	Кол-во (шт.)	Цена (руб.)	Сумма (руб.)	Кол-во (шт.)	Цена (руб.)	Сумма (руб.)	Кол-во (шт.)	Цена (руб.)	Сумма (руб.)
Кожи									
Конские	29 002	3,70	107 307	6 335	3,70	23 439			
Яловые	27 977	4,5	125 905	4 095	4,5	18 427			
Верблюжья	3 663	3,70	12 443	1 415	3,70	5 235	-	-	-
Овчина	125 989	85 коп.	107 090	27 296	80 коп.	21 836	7 550	50 коп.	3 775
Козлины	15 360	85 коп.	13 056	4 248	80 коп.	3 398	1 583	1,10	1 741
Итого	201 991		365 801	43 389		72 335	9 133		5 516
Шерсть (пуд.)									
Овечья	31 573	4,10	120 956	25 447	4	101791	1 597	4,50	7 186
Козья	272	8,0	2 176	108	8,0	864	80	7,0	560
Верблюжья	12 015	7,50	77 512	12 989	7,50	97 417	87	7,0	609
Волос конский	1 378	36	49 708	907	36	32 652	-	-	-
Итого	45 238		250 352	39 451		232 724	1 764		8 355

Таким образом, наибольшее количество скотоводческого сырья было завезено на Константиновскую ярмарку. Кож – 201 991 штук и продано на сумму 365 801 рублей, шерсти – 45 238 пуд. и реализовано на сумму – 250 352 рубля.

Как видно из таблиц первые две категории товаров составляли приблизительно 70% продажи. Товары пятой категории реализовывались в рамках 20% [8, с.56-57].

В начале XX века спрос на товары и изделия скотоводства, сам скот привел к росту ярмарок на территории Казахстана. Расположение ярмарок зависело от мест расположения торговых путей и маршрутов прогона скота. Районы, в которых компактно проживало казачье население и плотность была намного выше, ярмарочные торги проводились довольно часто. Так в Петропавловском уезде с 1909 по 1913 годы было открыто 10 новых ярмарок [9, л. 140]

В 1907 году в Акмолинской области было более 100 ярмарок, торговый оборот которых составил около 80 млн. руб. В этот год продажа и реализация скота и продуктов скотоводства составило 70%, а европейские товары — 20%. Таким образом, продажа продукции скотоводческого хозяйства превосходит во много раз продажи импортного товара. Местные ярмарки получали основной чистый доход от казахской степи.

Наиболее бойко торговля шла в период летних ярмарок. В Акмолинской области такие центры ярмарочной торговли как Константиновская, Петровская и Таинчикульская в 1907 году реализовали товар на сумму 8 млн. руб. Осенние ярмарки в основном проводились в местах концентрации казачьих поселений. Из этих ярмарок можно выделить 12, оборот каждой из них составлял от 400 до 800 тыс. руб. [10, с. 34]

В 1910 году было привезено товаров на сумму 6 947 788 руб. Товар же был реализован на сумму 5 316 115 руб. В указанный год в Акмолинской области действовало 200 ярмарок и мелких торговых точек. Их оборот составил 15 млн. руб. Товара же было сбыто на сумму 10 млн. руб. [11, с. 38]

В конце первого десятилетия XX века мелкие торговцы стали скупать оптом в киргизской степи, аулах и деревнях скотоводческое сырье за деньги или мелкий товар. Закупленный товар привозили в город и перепродавали крупным торговым фирмам. Эти фирмы соответственно переправляли товар в Петропавловск и сбывали его зарубежным комиссионерам. Исходя из качества товара они распределяли его либо для реализации на внутренних рынках Российской империи, либо отправляли в Европу.

В 1912 году на все ярмарки области пригнали 22 218 лошадей, 177 257 голов крупного рогатого скота, 166 164 овец и коз, 840 верблюдов. В том числе привезли различные виды сырых продуктов скотоводства. Общая стоимость этого товара составила 32 459 490 руб. Как видим, в отличие от предыдущих лет торговый оборот значительно возрос. Ареал распространения и вывоза скотоводческого сырья был значительным. Это были такие губернии и области, как Оренбургская, Тобольская, Томская, Пермская, Казанская, Симбирская, Московская, Варшавская и др. Насколько высок был спрос на скотоводческое сырье говорит еще тот факт, что часть его отправлялась через торговые фирмы в такие страны как Франция, Германия, Австрия, Англия, Италия, Дания и даже Америка. Всего суммарно в этот год скота и сырья было вывезено на сумму 22 474 127 рублей. Эти данные ярче всего определяют значение скотоводства для Акмолинской области. Таким образом, именно скотоводство стало самым прибыльным производством для области [12, с. 31-32].

В 1913 году в Акмолинской области действовало 334 ярмарки. Из этого числа на 100 ярмарках продавали скот и скотоводческое сырье. Всего было продано 21 220 лошадей, 247 518 крупного рогатого скота, 142 225 овец и коз, 306 верблюдов. Кроме того, было завезено на рынок 43 618 штук шкур коров и быков, 58 498 – конских, 231 764 – овечьих и козьих, 2 303 – верблюжьих. А также овечьей шерсти – 85 836 пуд., козьей – 28 пуд., верблюжьей – 23 147 пуд.

По статистическим сведениям скотопромышленниками на закупку скота в области и других областях киргизской степи было затрачено 24 160 054 руб. В 1913 году из Акмолинской области вывезено было сырых продуктов скотоводства на сумму 31 597 715 рублей. Таким образом, годовой оборот скотопромышленности составил 58 840 177 руб. [13, с. 42-44].

В отличие от 1913 года, в 1915 году ярмарочная торговля шла вяло. И хотя в области действовало больше ярмарок (всего 367), чем в предыдущие годы, однако число ярмарок, на которых был реализован скот, сократилось (80). Одна из причин, это Первая мировая война. Последствия военных действий отразились на экономике региона. В отличие от 1913 - 1914 годов лошадей было продано почти в 2 раза больше – 45 473 головы. Рогатого же скота меньше. Спрос на лошадей был вызван потребностями войны. Для армии и фронта нужны были именно лошади, и киргизская степь стала основным их поставщиком. Снижение активности ярмарочной торговли было вызвано тем, что большая часть скотопромышленников

и крестьян приняли участие в военных действиях [14, с. 42-43]. Если говорить о причинах, которые препятствовали расширению торговли в Казахстане в целом и в регионе в частности, то следует выделить несколько составляющих. Наиболее значимым обстоятельством следует отметить низкий уровень путей сообщения. И это сказывалось на обороте торговли. Практически отсутствовал приток капитала, а причина была в некоторой изолированности региона.

Тем не менее, расширение и существование ярмарочной торговли имело и свои положительные стороны. Одной из них можно считать возможность для местного населения сезонного трудоустройства. При подготовке к открытию ярмарочного сезона открывались специальные точки, сортировался товар. Для этой работы были нужны рабочие руки. Отдельно производилась упаковка прибывавшего товара. Уделялось внимание рекламе товара среди местного населения. Особенно много требовалось извозчиков. Если перевозка больших партий товаров производилась по железной дороге, то внутри области это производилось старым гужевым способом. Естественно, что все это требовало дополнительных рабочих рук.

Развитие судоходства и наличие полноводных рек в регионе позволило впоследствии экономить на перевозке своих товаров. Во-первых, этот вид перевозки был значительно дешевле и надежнее. Во-вторых, отпадала угроза ограбления. Единственным недостатком этого способа перевозки был сезонный характер судоходства.

Развитие железнодорожного транспорта и речного судоходства привело к трансформации ярмарочной торговли. Крупные ярмарки стали **постепенно сокращаться. Все больше распространение получает постоянная торговля.** Скот и продукты животноводства по-прежнему пользовались большим спросом. Хлебный рынок стал прерогативой крестьян. Однако все же местные и российские купцы были заинтересованы в торговле скотом. Они закупали у казахов по низким ценам скот, выкармливали его и перепродавали его значительно дороже. Получали при этом значительную прибыль.

Таким образом, в начале XX века с одной стороны сохранялись старые формы и виды торговли, но в то же время появились новые. При наличии старых, традиционных районов ярмарочной торговли появились новые сезонные торги. Получили распространение различные коммерческие компании. Расширились торговые связи и ареол распространения и вывоза товаров из Акмолинского региона в другие. И как следствие, местное население все активнее втягивалось в торговлю и реализацию продуктов скотоводческого хозяйства.

Список использованной литературы:

1. *Обзор внешней торговли по Европейской и Азиатской границам за 1912 год.* – СПб: Изд. Департамента Таможенный сборов, 1914. – 941 с.
2. *Центральный Государственный архив Республики Казахстан (далее – ЦГА РК), ф. 362, оп.1, д.311.*
3. *Обзор Акмолинской области за 1902 г. Изд. Акмолинского обл. стат. комитета.* – Омск, тип. Акмолинского областного правления, 1903. – 74 с.
4. *ЦГА РК, ф.15, оп.1, д.1594.*
5. *Джумагалиева К.В. Развитие соляного промысла в Западном Казахстане в XIX веке.* – Астана: ТОО Мастер По, 2017. – 173 с.
6. *Государственный архив Оренбургской области, ф.6, оп.10, д.4953.*
7. *ГАОО, ф.6, оп.10, д.5181.*
8. *Обзор Акмолинской области за 1905 г. Изд. Акмолинского обл. стат. комитета.* – Омск, тип. Акмолинского областного правления, 1906. – 71 с.
9. *ЦГА РК, ф.369, оп.1, д.19.*
10. *Обзор Акмолинской области за 1907 г. Изд. Акмолинского обл. стат. комитета.* – Омск, тип. Акмолинского областного правления, 1908. – 100 с.
11. *Обзор Акмолинской области за 1910 г. Изд. Акмолинского обл. стат. комитета.* – Омск, тип. Акмолинского областного правления, 1911. – 116 с.
12. *Обзор Акмолинской области за 1912 г. Изд. Акмолинского обл. стат. комитета.* – Омск, тип. Акмолинского областного правления, 1913. – 128 с.
13. *Обзор Акмолинской области за 1913 г. Изд. Акмолинского обл. стат. комитета.* – Омск, тип. Акмолинского областного правления, 1914. – 140 с.
14. *Обзор Акмолинской области за 1915 г. Изд. Акмолинского обл. стат. комитета.* – Омск, тип. Акмолинского областного правления, 1917. – 142 с.

ӘӨЖ 387.342.11
ГРНТИ 03.01.09

Мырзатаева З.Б.¹

*Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: zabyra73@mail.ru*

**ТЫЛ ДЕПОРТАЦИЯҒА ҰШЫРАҒАН ПОЛЯК АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕ
(Түркістан, Созақ аудандары материалдарының негізімен)
1941 – 1945 жж**

Аңдатпа

Тыл жөніндегі советтік тарихнама басым жағдайда қоғамдық еңбектегі оптимизм мен энтузиазмды насихаттауға, КСРО-ның «ұлылығын» дәріптеуге арналды. Қазіргі ғылымның методологиялық жетістіктері өткенді жаңаша қорытуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда ХХ ғасырдың жетістігі болып саналатын, Айтылған тарих әдісінің (халықтың жад мұрағаты) маңызы айрықша. Өйткені, оқиға куәгерлері бұрын-соңды ғылыми айналымға енген жаңа мәліметтер береді. Мақалада Ащысай және оның төңірегіндегі ауылдарға жер аударған поляк азаматтарының естеліктері талдауға алынды. Түркістан-Созақ аудандары соғыс жылдарында майданды азық-түлікпен, етпен, оқ дәрімен қамтамасыз етті. Өңірдің маңызды ерекшелігі, сол - майданға ең қажетті қорғасын шығару қызметін атқарды. Сонымен қатар мал, егін шаруашылығына, мақта өсіруде де бай өңір еді. Сондықтан тыл еңбеккерлерінің иығына түскен салмақ жеңіл болған жоқ. Совет билігі тылды жұмыс күшімен қамту жолын депортация арқылы шешті. Естеліктердің авторлары - поляк азаматтары сол уақытта 4-18 жас шамасындағы балалар. Олар тылдағы еңбек, аштық, ауру, қорқыныш пен үміт және белсенділердің шектен шыққан қаталдығы туралы баяндайды. Өңір тарихына қатысты поляк азаматтарының естелік материалдары ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отыр. Автор сонымен қатар аталған мәселені «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» атты мемлекеттік бағдарлама аясында жүргізілген елішілік экспедиция материалдары, Шымкент, Кентау қаласындағы архив құжаттары негізінде қарастырады.

Кілт сөздер: Ащысай, Созақ, Хантағы, депортация, естеліктер, архив, аштық, поляктар.

З. Мырзатаева¹

к.и.н., и.о. ассоциированного профессора кафедры истории Казахстана Казахского национального педагогического университета имени Абая, город Алматы, Казахстан.

**ТЫЛ В ВОСПОМИНАНИЯХ ДЕПОРТИРОВАННЫХ ПОЛЬСКИХ ГРАЖДАН
(на материалах туркестанского и сузакского районов)
1941 -1945 гг**

Аннотация

Советская историография по тылу в основном была посвящена в пропаганде оптимизма и энтузиазма в общественном труде. Методологические достижения современной науки позволяют обобщить прошлое по-новому. В этом плане особое значение имеет метод устной историй (память народа). В статье проанализированы воспоминания польских граждан, депортированных в Ащысай и ее окрестности. Авторы воспоминаний - польские граждане в то время дети в возрасте 4-18 лет. Они рассказывали о тяжелой работе в тылу, голодании, болезни, страхе, надежде и чрезмерной жесткости активистов. Воспоминания польских граждан региона, впервые вводятся в научный оборот.

Автор также рассматривает данный вопрос на основе материалов полевых экспедиций Туркестанского региона и архивных документов городов Шымкент, Кентау.

Ключевые слова: Ащысай, Созақ, Кантаги, депортация, воспоминания, архив, голод, поляки

Myrzatayeva Z.¹

Senior lecturer of Department of History, Institute of History and Law. Abay Kazakh National Pedagogical University. Republic of Kazakhstan, Almaty.

**SOCIAL WORK DURING THE WAR ON THE MEMORIES OF THE
DEPORTED POLISH CITIZENS
(on the materials of Turkestan and Suzak region)
1941 -1945 years**

Abstract

Soviet historiography on the social work during the War was mainly devoted to the promotion of optimism and enthusiasm in social work. Methodological achievements of modern science allow us to generalize the past in a new way. In this regard, particular importance has the method of oral history (memory of the people). The article analyzes the memories of Polish citizens deported to Ashchysai and its surroundings. The authors of the memories are Polish citizens, who were 4-18 aged children at that time. They talk about hard work in the War, hunger, illness, fear, hope, and excessive rigidity of activists. Memories of Polish citizens of the region first introduced into scientific circulation.

The author also considers this issue on the basis of materials from embassy expeditions of the Turkestan region and archival documents of the cities of Shymkent, Kentau.

Keywords: Ashchysai, Sozak, Kantagi, deportation, memories, archive, hunger, Polish citizens

Ресейлік тарихшы В.Ф. Зима соғыс мәселесі жөнінде: «ел соғыс жылдарының басынан-ақ қайыршылық күйге душар болды. Ірі өнеркәсіп шоғырланған орындардың өзінде нан, азық-түлік тапшылыққа айналды. Өйткені барлығы майданға жөнелтілді. Қалада карточкалық жүйенің енгізілуі, ауыл тұрғындарын мемлекеттік қамтамасыздандырудан айырды. Әсіресе эвакуацияланғандар, майдангерлердің отбасы, республиканың ауыл тұрғындары, спецпереселендердің жағдайы тым ауыр болды.

Өмір үшін стратегиялық күрес басталды. Жеке бақшасы жоқ, мемлекеттен көмек (паек) алмайтын қарапайым адамдар не істерін білмей қатты састы. Қанша құлшыныс танытса да, халықтың майданға берер түгі қалмады. Өйткені колхоздар мен совхоздар еңбеккерлерге күндік ақысын дұрыс төлеген жоқ» [1], - дейді. Ресей кеңістігіндегі бұл жағдай, қазақ жерінде де орын алды, тіпті одан да ауыр десе болады. Өйткені күні кеше 30-жылдың зобалаңынан шыққан қазақтардың тұрмысы әлі оңала қойған жоқ-тын. Мысалы Түркістан ауданына қарасты Ораңғай ауылының 1941 жылғы бейнесі эвакуацияланған Зыбина есімді қыздың жазған хатында былайша суреттеледі: «О Василий Тихонович! Заберите меня отсюда. Заберите, жить мне дальше здесь нельзя. Я плачу... я несколько раз говорила райздраву, что жить очень трудно в Урангае. Готовить пищу не с чего и нечем, нет топлива, нет хлеба, нет продуктов купить, у кого можно, настойчиво требует справки. Как трудно здесь жить. Нету света. (сичу как в темнице - вечером). Василий Тихонович переведите меня если в город нельзя, в аул переведите только не в такой. 12.VII. - 41. Зыбина» [2]. Зыбинаның қазақтың тұрмысынан әлдеқайда тәуір жерден келгенін бірден байқауға болады. Қазақ ауылының жағдайы көріп отырғанымыздай оны қатты шошытты. Әрине, бұл шынында солай болатын. Ораңғай, Байылдыр, Мырғалымсай, Хантағы, Ащысай ж.б. ауылдардың барлығы да осындай күй кешіп жатты. Деректерге сүйенсек 1941-1945 жж КСРО-дағы 1,5 млн адам ашаршылықтан көз жұмған екен. Алайда бұл сандық көрсеткішті дәл деп айтуға болмайды. Өйткені шалғайдағы ауылдарда опат болғандардың есепке алынбауы әбден мүмкін. Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивіндегі Сталиннің ерекше папкасында Қазақстандағы соғыс жылдарындағы аштық туралы фактілер шаш етекпен. Онда Қазақ ССР халкомы Ішкі Істер Халық Комиссариаты Н.К. Богданов халықтың мүшкіл халі жөнінде Москваға бірнеше рет хат жазғаны көрсетілген. Бұл мәліметті Л.П. Берия 1944 жылы 12 маусымда И.В. Сталинге, В.М. Молотовқа және Г.М. Маленьковқа да жеткізген. Ақпарат олар үшін жаңалық емес, өйткені бұл 31-33 жылдардағы қолдан ашаршылық жасаған басшылардың тәжірибесінде бар дүние болатын. Сондықтан олардың селт етпеуі таң қалдырмайды.

Богданов жазған баяндамада республиканың 50-ге жуық аудан тұрғындарының мүшкіл халі көрсетілген: Алматы облысында аштықтан 40 адам опат болған және 44 оқушы мен 60 адам аштық диагнозымен ауруханаға түскен, Семей облысында 47 адам аштықтан көз жұмған, Ақмола облысында аштықтан 21 адам қаза болған, Солтүстік Қазақстан облысында 10 адам аштықтан қаза тапқан. Опат болғандардың ішінде жергілікті адамдармен қатар сырттан көшіп келгендер де бар. Халық көшедегі ит-

мысықтың, тіпті өліп қалған жануарлардың етін тамаққа пайдаланған. Сондай мысалдардың бірінде «Алматы облысының Іле ауданында майдангер Уткинаның отбасында тамақ даярлап жүрген жерінен иттің басы табылған, Павлодар облысының Чкалов совхозында Омарбековтың отбасындағы балалардың барлығы ісініп кеткен» [1] ж.б.

Бұл көрсетілген фактілер архивтегі құпия құжаттардан алынса, тарихи оқиғалардың куәгерлері поляктар соғыс жылдарындағы өз бастарынан өткерген өмірін айтады. Естелік жазушылар Айтылған тарих ғылыми-зерттеу әдісінің талабына сәйкес мәтіннің авторлығын, ондағы фактілерді растайтын паспорттық құжаттарымен бірге жолдады. Сондықтан естелік материалдарындағы фактілердің шынайылығы күмән тудырмайды. Поляк азаматтарымен мақала авторы 2015 жылдан бастап байланыс жүргізуде. Бүгінде 20-ға жуық Түркістан ауданы төңірегінде өмір сүрген азаматтардың естелік материалдары жинақталды. Сонымен, аталған фактілерге назар аударсақ.

Сары мысық. Польша Республикасының азаматы **Стэфан Крупиньский** Оңтүстік Қазақстандағы Құрсай колхозындағы өмірінен естелік жазады: «...1942-1943 жж. Білмеймін қайдан келгенін, әйтеуір үйдің жанына бір үлкен сары мысық келді. Бұл біздің ас ауқатымыз таусылған мезгіл болатын. Біз бір күннен екінші күнге әуірімдеп жүрек жалған келген болатынбыз. Есіктің алдына дір дәу мысық келді. Біз бұл мысықты үйге шақырып, кіргіздік. Әкем оны ұстап алған соң өлтіре бастады. Қолына балға мен өткір пышақты алды. Ол балғамен ұрғанда мысық өлмек тұрмақ, одан сайын ыршып кетті. Тіпті жантүршігерлік дауыспен әкемнің тамағына жабысып қалды. Мен қатты қорыққаннан құлағымды жсауып, көзімді тас жұмып бұрышқа тығыла түстім. Әкем сасқаннан мысықтың жарылған басынан бірнеше рет ұрды. Бұл картина тым қорқынышты еді. Ал еттің дәмі қазір менің есімде жоқ» [3].

Стэфанның ағасы Казимеж Крупинский (1937 ж.т.) естеліктерінен:

Бір түйір бидай. 6 жастағы Казимеж: «1943 жыл соғыстың қызған мезгілі еді. Бүкіл совет одағының халқы қиналды. Елді ашаршылық жайлады. Ал бірақ та жер аударылғандардың жағдайы бәрінен де ауыр болды, біз қатты ашықтық. Бидай сақтайтын қоймада істеушілер сол жерде жүріп, шикі бидайды тығып жеп жүрді. Бірақ та қалтасына бір түйір бидайды салып үйге әкете алмаушы еді. Тексеру қатты болатын. Ағам Марцели сонда істейтін. Өзі әлсіз, шикі бидайды көп жеп қойған болу керек, содан қайтыс болды. Сосын әкем қалғанымызды аман сақтап қалу үшін Шу станциясына көшіріп әкетті».

Соғыстағы ашаршылықтың тағы бір көрінісін Казимеж: «..алаудың жанында ашыққан адамдар жиналып отырды. Жылқының, түйенің тұяқтарын отқа қақтап жеп жатты. Ішінде кейбіреулері қарындары қамшып, көздері ісіп кеткен. Көргенде жаның ашиды» [4], - деп жазады.

Ашыққан адамдарға ит, мысық, құрбақа, тышқан, тасбақа ж.б түрлі жәндіктер мен жануарлар қорек болды, соңында тіпті олардың өзі тапшылыққа айналған. Оларды қалай аулап, күнкөргені туралы тарихи кезеңнің куәгері - **Ванда Исанская** (1926 ж.т.) әңгімелейді [5]. Ванда Исанская тарихта белгілі Вольный облысындағы Хорохув ауданы, Скобэлка болысы, Божув дейтін жерде туып өскен. Оның отбасы - әкесі Ян Глуховский, анасы Розалья Глуховская, әжесі Фрацишка Потацкая, әпкесі Эугена, сіндісі Дануся депортацияға 1940 жылдың 10 ақпанында ұшырайды. Өмір есігін жаңа ашқан Халинка есімді сәби-сіндісі 1943 жылдың 12 қыркүйегінде опат болады. 1940-1946 жылдардағы екі жақты бірдей қысымда өткен - бірі соғыстың ауыртпалығы, екіншісі саяси қуғындағы өмір төрт бірдей жақындарынан айырады. Соғыстың алғашқы жылдарынан-ақ кедейшіліктің зардабын тартқан жасөспірім Ванда Түркістандағы өткен өмірінен мынадай естеліктер жазады:

«Ит және поляк балалары: сүйекке талас. Менің досым Стасё Райковски өзімен жасты балалармен иттің аузындағы сүйекті тартып алды. Олар итті алдымен қоршап алды, ал ит болса оларға қарсылық көрсетуден түк шықпайтынын түсінгендей аузындағы сүйегін оларға тастады да, кетіп қалды. Ал итпен жекпе-жекте жеңіске жеткен балалар, әлгі сүйекті отқа қақтады. Күйген сүйек қоланың түсіне айналады екен, соны ақ түске айналғанша мүжгіледі. Сосын қайтадан отқа қақтайды. Осылайша сүйек таусылғанша кезек-кезек жеп тауысты». Сонымен қатар аштықтан өздерін аман алып қалған тасбақа, тышқан, құрбақа, кекілік, иттерді аулап, өлтіріп жегендері жөнінде былай дейді: «Бірде біз тасбақа ұстадық. Оны Тадзё Банах өлтірді. Тасбақаны өлтіру өте қиын. Бұл аналығы екен. Ішінен тауықтықын де дәу жұмыртқа шықты», «тышқан ауладық. Алдымен оның інін тауып аламыз. Ішіне су құйғанда ол жүгіріп шығады. Егер өлтіріп үлгермесең онда аш қаласың. Сондықтан біреуі су құйғанда, екінші адам оны өлтіріп үлгеруі қажет», «Шолаққорғанда бұлақтар көп еді. Сол жерлерден құрбақа аулауға болатын. Алайда кейін оларды да табу қиындап кетті», «Қазақ даласынан кекіліктерді (прыгун) де кездестіруге болатын. Оның түсі қара, құйрығы ақ болатын», - дейді. Тасбақа демекші, Айтылған тарих орталығының «Халық тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарлама аясында

орындаған «Менің ғылымдағы өмірім» жобасы бойынша академик Шора Сарыбаев атамызбен тарихи сұхбат жүргізудің сәті түскен еді. Аяулы ғалым өзінің өмірі жөнінде, әкесі алаш қайраткері Шамғали Сарыбаев, анасы, ағасы жөнінде тамаша естеліктерімен бөліскен-тін. Ол: *«Әкем Ташкентте қызмет етті. Анам екі жерде еден тазалаушы болып істеді. Біз аштыз. Тасбақа ұстап, ас даярлаймыз. Содан үй сыртында бір қапқа салып жия бердім тасбақаның тасын, ол тым көбейіп кетті. Одан мен итіме үйшік жасап бердім. Әдемі болып шықты»* [6], - делінген жоғарыдағы өмірге ұқсас әңгімелерден сыр шертен-тін. Сондықтан соғыс жылдарында тіпті, ірі өнеркәсіп орындары шоғырланған астана мәртебесіндегі - Алматы тұрғындарының да жағдайы мез болған жоқ.

Сонымен, Ванда Исанская кішкентай балалардың ересектерше өмір сүруге бейімделгенін айтады: *«Опат болған анасының жанындағы кішкентайлар. Аштықтан көз жұмған анасының жанында жүрген кішкентай Каспровичуштар есімде қалыпты. Мен оларды Шолаққорғаннан кездестірдім. Аналары балалардың көз алдында жан тапсырды. Олар кішкентай қолдарымен аналарын көмбек болып жатыр екен. Ал бұл мүмкін емес жағдай ғой. Өзімнің ең соңғы күшімді жинап балалар үйіне жеткізіп салдым»*, - дейді.

Ел ішіндегі бұл қасіретпен таныс Польша елшілігінің жергілікті өкілі Ленгер ауданына хат жолдайды, совет үкіметінен көмек сұрайды. Тарихи хатта: *«Науқас Ванцек Станислав «Қазақстан» колхозындағы ауруханаға қанша жалынғанымызбен қабылданбады. Қазір оның жағдайы ауыр, өлім аузында жатыр. «Интернационал» кохозында адамдар санитарлық жағдайы жоқ үйлерде тұрады, аштықтан азып-тозған, аурудан әбден қалжыраған. Осыған ұқсас жағдайлар «Куйбышев», «Трактор», «Каганович», «Ленин», «Молотов», «Александровка», «Карл Маркс» колхоздарында да орын алған. Барлық колхоздарда поляктарға азық-түлік алуға тиым салынған. Көмек берулеріңізді өтінеміз»* [7], - делінеді. Алайда жер аударғандарға Польшадан арнайы жіберілген көмек көп жағдайда орта жолдан қолды болып кететіні естеліктерде көрсетіледі. Сондықтан советтердің оларға қол ұшын беріп көмектесуі жиі кездеспейтін жағдай еді.

Дәл осы сияқты ауыр өмір Хантағы руднигі (поселок сол уақытта осылай аталған) тұрғындарының да басынан өтіп жатты.

Түркістан ауданы НКГБ материалдары тылдағы ашаршылық жөнінде. Орыс тілінде сөйлей білетін эвакуацияланған, арнайы жер аударған азаматтарының хаттары Түркістан ауданы НКГБ материалдарында тіркеуге алынып жатты. Бұл тарихи деректер Шымкент мемлекеттік өңірлік архивінен кездесті. Бәрінен сұмдығы соғысты қамтама етіп отырған кеншілердің, майдангерлердің отбасыларына мемлекет қамқорлық жасаған жоқ. Егер құжатқа жүгінсек:

«Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан аудандық НКГБ (Национальный народный комитет государственной безопасности) бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Полетаевтан Түркістан РК КП (б) хатшысы Виноходов жолдасқа 1944 ж. 3 январь жолдаған баяндамасынан [8, 38-39]:

Хантағы руднигінің инженері жолдас **П.П. Ефимовтен** - *бұл жерде өмір сүру өте қиын. Колхоздар тым алыста орналасқан, тұрғындардың ас ауқаты жоқтың қасы... Азаматша Рогожникова М.А.* осы ойға сәйкес, ас ауқатының таусылған сайын бойын қорқыныш, үрей билейтіні, Кукушкинаның әкесіне шағым айтып, геолог инженерлердің дүкеннен азық түлік алып жатқанын, ал өзі болса оны көріп үйіне мұңлы күйде оралғанын жазады. Сондай-ақ шағым хаттар майзаводы жұмысшыларынан да түскен. Соның ішінде әсіресе, **Федорова Вера Осиповнаның** ерекше сай-сүйегінді сырқырататындай жазбаларын оқуға болады. Ол анам, әпкем бәрі де ауруханада, бірақ олар тірі қалмайтыны білемін, олар кетсе мен де пойыздың астына түсіп опат боламын деген ойларын білдірген. Тағы басқа көптеген кісілердің осы мазмұндағы хаттары келтірілген.

Міне көріп отырғанымыздай тылды ұйымдастыруға белсенділік танытқан партия мен комсомол ұйымдарының мейірімге толы қатынасы байқалмайды. Әсіресе, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығында адамдардың еңбектерін қанау мен зорлыққа бағытталған жүйе 30-жылдардағы өктемшілдікті еске салатын еді. Бұл ойымызға төмендегі айтылған тарих мәліметтері факті бола алады.

«Айтылған тарих» ҒЗО-ның 2015 жылы «Жамбыл облысы әкімдігінің Ішкі саясат басқармасының» арнайы тапсырысымен «Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты ғылыми-зерттеу Жобасы орындалды. Жоба аясында ел ішіндегі жүз жасаған аналарымыз тылдағы өмірдің ақиқатын әңгімелеген еді. Соған сәйкес Мәрзия Ибрагимова (1918 ж.т.) өкіметтің қаталдығы туралы: *«колхоз мүшелері біреуі қалмай жұмыс істеуі тиіс болды. Ойбой ол кездегі өкімет тым қатал еді. Соғыс жылдарында ашаршылыққа ұрынған адамдар есепсіз өліп жатты. Құмшекерден шыққан пәтке деген қап-қара зат болатын, біз соны қызылшаны көбелектен қорғау үшін қоспалармен араластырып, пайдаланатынбыз. Сонда түнде ашыққан сормаңдайлар келіп, оның улы екенін түсінбей тілімен жалап қоятын. Содан*

олардың көбісі өліп қалды ғой» [9], - десе, **Садиева Мушарапхан Сайткаримовна (1930 ж.т.)** соғыс жылдарында Жамбыл қаласының Фурманов көшесі бойында аштықтан әлсіреп, ісініп жатқан адамдарды талай көргенін, сонымен қатар көше бойынан опат болған жандарды арбаға ағаш сияқты салып жинап жүрген адамдар туралы баяндады. Көп балалы отбасының мүшесі – Мушарапхан апай азық-түліктің тапшылығынан біреулердің тастаған картошка қабығын тауып, үйге әкеліп соны кәдімгідей жүрек жалғайтынын айтты [10]. Ал, Жамбыл облысының Меркі қаласының тұрғыны **Арықбаева Уәзика (1912ж.т.)** соғыс жылдарындағы өмірі туралы былай дейді: «...не аштан өлуің керек, не ұрлық жасап жан сақтауың керек. Екі кило бидай ұрлағанды он жылдан соттап жіберген кездер болған. Соғыс жүріп жатыр, сол жаққа жібереміз дейді. Егістік басында жүргенімде аш балаларыма терген масағымнан аздап, тығып қоятынмын. Бірақ соны бригадир көріп қойса тартып алатын, көрмесе аман-есен үйге алып келеміз. Сөйтіп, алаша төсеп қойып қаптың түбін қағып-қағып түсіріп аламыз да, келіге түйеміз. Оның қалдықтарын, сабан-шөптерін бірден өртеп жібереміз, әйтпесе сендер ылғи тығып жеп жүр екенсіңдер дейді де, екінші рет алуыңа мүмкіндік бермей қояды. Сосын аштан өлесің. Бригадирлер ұрлық жасағандарды ұратын, қамшыменен тартып-тартып жіберетін [11]. Ұрлық жөнінде поляк аналарымыздың бірі Ванда Исанская мынадай естелік жазады: «Отбасымызда тек мен ұрлық жасадым. Поляктар неге ұрлық жасауға дейін барды? Әрине аштықтан. Олар қатты ашықты ғой. Бір күні Шолаққорғанға шіркеуші келді. Өзімнің ішкі күнәналарымнан арылғым келді де, оған ұрлық жасағанымды айттым. Шіркеуші өміріңе қауіп төнгенде жасаған ұрлығың күнә емес деді. Бірақ та мұны енді ешкімге айтпа деп ескертті». Ананың бәрі бірдей. Ұлтқа қарамайды. Тағдырлары сергелдеңге түссе де имандылықты жанына серік етті. Ал ұрлыққа итермелеп отырған (өзіне тиесіліні ұрлап күн көруге итермелеген) билік саясаты күнә туралы ойлап бас қатырған жоқ.

Сонымен, аштықтан амалын тауып әркім өз тіршілігін жасады. Кейде шарасы қалмаған жандар өз-өзіне қол жұмсауға дейін барды. Майдангердің әйелі Утегенова Солтүстік Қазақстан облысының Пришимск ауданындағы «Октябрь» колхоз басшыларының алдында тұрып: «балаларымды қамқорлықтарыңа алыңдар, аштықтан оларды құтқарыңдар, әйтпесе осы жерде өзіме қол жұмсаймын» - деген болса, ауыр жағдайда жатқан Урицкий өз-өзіне қол жұмсағысы келетінін, бірақ та балаларын аяйтынын айтқан. Ал майдангердің әйелі Кошелева (Батыс Қазақстан, Приуральский ауданы) «егер көмек беруден бас тартатын болсаңыздар сельсоветтің алдына барлық балаларымды әкелемін де, дәл сол жерде өз-өзіме қол жұмсаймын», – деген еді. Расында осындай тығырықтан жол таппай, ақыры өзіне қол жұмсағандар да көп болыпты. Соның бірі - Батыс Қазақстанның Зыряновский ауданындағы «РККА 15 жыл» колхозының тұрғыны Гастель «өзіме қол жұмсадым, қайдан көмек аларымды білмедім, ешкім қол ұшын бермеді» - деп, қағазға жазып қалдырыпты. Ал, Филимонова күйеуіне жазған хатында «бұлай өмір сүргеніңе өлгенім артық, адамдар аш жатып, аш тұрады. Колхозда нан жоқ, көмек бермейді. Бізге осы жерде өлуге тура келіп тұр» [1] - деген екен.

Куәгерлер көрсеткен бұл фактілер әрине, большевиктер үкіметінің қолдан жасап отырған қатыгездігі. Мемлекет бұл қылмыстарын «соғысқа» аударып салғанды ылғи да жөн санады. Алайда тарихшы В.Ф. Зима: «Кеңестік тылдан жөнелтілген азық-түлік және жылы киім-кешектердің шығындары өз орнын ақтай алған жоқ. Себебі, 1944 жылдың 1 қаңтарына қарай наркомат заготовкасында адам қолы тимеген 4 миллион мемлекеттік қор бар болатын. Сауда ісін басқаратын Анастас Микоян КСРО СНК төрағасының орынбасарына «соғыс соңында еліміз шамамен сол соғыстың басында жиналған қорды ұстап отырды» [1], - деп жазды.

Ал енді майдан даласындағы сұмдықтардан бір-ақ мысал келтірсек, солдат - Ресейдің өнертанушы академигі Николай Никулиннің «Соғыс туралы естелік» [12] атты кітабында айқын көрсетіледі. Ол 30 жыл бойы жасырын сақтаған естелігін жарық көргенін қаламағанын айтады. Ол онда: «Соғыста большевиктік құрылыстың опасыздығы айқын көрініс тапты. Бейбіт өмірдегідей майданда да ең адал, кіршіксіз жандар, саналы адамдар, интеллигенттер, еңбекқор адамдар тұтқындалып, ауыр жазаға кесіліп жатты. Бұл майдан даласында жиіркенішті формада іске асты. Мысал келтірейін: «жоғары орындардан биіктіктен фашистердің атқылаған дзотын алуға бұйрық түседі. Полк апталар бойы қарсыластық көрсетеді, адам шығыны шаш етекпен болады. Алайда полкты толтыруда адам саны жеткілікті. Полкқа келіп түсушілер Ленинградтық аштық диагнозымен ауырған дистрофиктер, қарындары іскен аурулар. Дәрігерлер оларға үш апта төсек режимінде емделу, күшті тамақтар жеу қажеттілігін тағайындаған. Олардың ішінде 14 жастағы балалар да жүр! ... «Алғаааа!!!», дейді, бітті. Олар қырылып қалады. Олар өздерінің өлімге кетіп бара жатқанын біледі. Ақыр соңында осының бәрін біліп жүрген бір солдат немесе лейтенант, взвод командирі, немесе капитан, рота командирі (бұлар сирек) жанұшыра: «Қашанғы адамдарды қырмақсындар! Ол биікте, бетонды дот! Ал бізде небәрі 76-миллиметрлік пушчонка! Ол оны

ала алмайды!» дейді, сосын бітті политрук, СМЕРШ сосын трибунал. Бір тоқылдақ куә болады, сосын «Атылсын!» делінген бұйрық жетід, ол орындалады» [12]. «Шло глупое, бессмысленное убийство наших солдат» деп ашына жазады...

Сонымен, тылдағы қырғын туралы **С.Стыковский** Ванданың әкесі туралы жазған естелігінде баяндайды. «1943-1944 – ең ауыр кезең болды. Ол сүзектің, аштықтың, жалаңаштықтың шырқау шыңына жеткен мезгілі болатын. Балалар арасында өлім саны жиілеп кеткен. Мен 1944 жылы ақпанда, сосын анам, әпкем Юзя ауырды. Мен ауруханада жатқанда менің креуетімнің жанында жатқан *Ванданың әкесі Глуховский мырза қаза болды. Бір олардың отбасымен бір қоржынтамда тұрған едік. Таңертеңмен анам мен марқұмның қызы келіп оны қазақ мазаратына жерледі. Осы індеттен поляктар қытты қырылып қалды*» [13]. Глуховский мырзаның бүгінде немересі Тадеуш Исанский атасы мен жиені Халинканың қазақ жерінде қалған зиратын іздеп, жатқан орнының суретін, видеобейнесін жіберуімізді өтінді. Өзі схематикалық картасын сызып, суреттеуі бойынша қазақ зиратының жанында, еш өзгеріссіз сақталғанына және табылғанына қуанышын білдірді. Бұл әрине, расында қуанышты хабар еді. Өйткені совет билігі жер аударғандардың, әскери тұтқындардың зираттарымен де күрес жүргізген-тін. Зираттар КСРО жасаған қылмыстардың нақты көрінісі болатындықтан, билікке оның қажеті жоқ еді. Сол себепті зираттардың орындары тегістеліп, жойылды. Сондай фактілердің бірі Түркістан өңіріндегі жапон әскерілерінің зиратына қатысты еді. «Аса құпия» грифі көрсетілген құжат 1960 жылдың 21 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер басқармасы Кентау қалалық милиция бөлімшесіне, милиция майоры Чергейкоға жолданады.

«1/ «Мырғалымсай руднигінде - 9 зираттан қалған бір зират орны,

2/ Қантағы поселогындағы – 8 зираттан қалған бір зират орны,

3/ МВД Каз.ССР № 14,5 – 2150с ст 16.VII 950 г. бұйрығына сәйкес (от 6. VII-1960ж.) Ащысай поселогындағы 21 зираттан қалған бір зират орны жойылсын», - әрі қарай онда – аталған өңірлердегі үш зираттың төбешік қалпын жермен бірдей етіп тегістеп, зират нұсқасындағы барлық белгілері жойылсын. Содан соң, оның жойылу себептері көрсетілсін, сөйтіп 3-данадан акт даярлансын, ол құжаттар бізге жіберілсін. Зираттар қызметкерлерден құралған комиссияның қатынасуымен жойылып, осы құрамдағы адамдардың растауымен акт даярлансын. Ал зираттардың орнындағы жер телімі жергілікті органдарға акт бойынша өткізілсін. Бұл 1960 жылдың 1 наурызына дейін іске асырылсын», - деп жазылады. Құжаттың соңында Ішкі істер басқармасының бастығы полковник Утегенов, 1 арнайы бөлімшесінің бастығы, милицияның аға лейтенанты Казанцева есімдері көрсетіледі. Бұл құпия папкада жоғарыда көрсетілген әрбір өңір бойынша зираттардың орны, оның қиратылғаны және зират орнына ғимараттардың тұрғызылғаны айтылады. Бұл советтік мемлекеттің ендігі кезекте өлілерге бағытталған шабуылы, моральдік шектен шыққан қатыгездігі болатын. Адам шығынын қанша жасырғысы келсе де, имандылық қасиеті мол өңір қазақтары зираттардың бәрін бірдей жоюға жол бермеген көрінеді. Биліктен көрсетпей жасырған да болар. Бүгінде жапондық азаматтардың сақталған аздаған зират орындары кездеседі.

Шолақорғанда аштықтан қаза тауып, жерленген поляк азаматы Глуховский және оның кішкентай 2 жастағы Халинка есімді қызы сол қазақтар зиратының екінші бір жартысынан орын алған екен. Зиратқа қойылған крест белгілерінің бірі үлкен адамға арналып биік орнатылса, екіншісі кішкентай биіктікте жасалыныпты...

Алайда, уақыт өте Ресей империясының Ұлы жүздегі жүргізген саясаты Тазабекке ұнамай бастады. Бұл жағдай негізінен 1858 жылы Ұлы жүзге генерал Г.А. Колпаковскийдің қызметке келуімен тікелей байланысты болды. Орыс генералының 60-жылдары Ұлы жүздегі соғыс қимылдары мен басқыншылық әрекеттері, оның ішінде 1860 жылы Ұзынағашты, 1864 жылы Әулиеата мен Шымкентті басып алу сияқты қимылдары Тазабекке ұнамай бастады. Дегенмен Ресей империясының қызметінде болғандықтан, ол үшін бұл жағдай қиын еді. Бұл кезде Тазабек батырды орыс отаршылдары Жетісу мен қырғыз жеріндегі жорықтарға ертуге тырысады. 1860 жылы полковник Циммерман бастаған Ыстықкөл экспедициясына бірқатар қазақ батырлары қатысады. Тазабекті қырғыз жеріндегі жорықтарға ертудің басты мақсаты ол қырғыз жері және олардың батырлары мен билері жайлы жақсы білетін еді [4].

Циммерманның экспедициясынан кейін Тазабек Пұсырманов пен Ұлы жүз руларының көптеген ықпалды азаматтарына Алалату округінің басшылығы тарапынан көптеген бағалы сыйлықтар ұсынады. Себебі, солардың арқасында Ресей империясы Пішпекті және қырғыз территорияларын бағындырды. Оның ішінде Тазабек Пұсырманұлы мен Тезек Абылайханов та болды. Олар Ресей империясының қызметінде болғандықтан, тек қана өздеріне таңылған әскери міндетті ғана орындады.

Осы тұста Тазабек Пұсырмановтың қырғызбен біраз байланысы бар екенін айта кеткен орынды. Тазабек батыр қырғыз руларының басшыларын жақсы танитын болып, олармен кейде жақсы, кейде нашар қатынаста болды. Ол кезде Ұлы жүзде албан руы мен қырғыздың атақты сарыбағыш руының арасында көп рет соғыс жағдайлары орын алатын еді. Сонымен бірге қырғыз рулары өзара қақтығысып қалған кезде Тазабек батырды көмекке шақыратын болды. Сондықтан, кезі келгенде тіпті генерал Г.А. Колпаковскийдің өзі қырғыздарды бағындыруда Тазабек Пұсырмановты пайдалану қажеттігін айтқан. Ол қырғыздарға албан батыры Тазабек сияқты ешкім соққы бере алмайды деп көрсеткен [4, 138 б.].

Бұл уақытта Тазабекке Ресей империясының Жетісудағы өкілдерінің тарапынан ұйымдастырған жергілікті қазақтың атақты, беделді батырлары мен сұлтандарын бір-біріне айдап салу әдістері ұнамады. Оның басты мысалдарының бірі Бұл кезде қазақ батырлары мен сұлтандарын, атқамінерлерін бір-біріне айдап салып, сол арқылы әлсіретуді басты әдіске айналдырған орыс билеушілері Тазабек Пұсырманов пен сұлтан Тезек төре Абылайхановтың арасына от салды. Себебі, екеуі де бір-бірінен қайтпайтын қазақтың қайсар мінезді азаматтары еді. Сонымен бірге 1867 жылы Жетісу облысы құрылып, оның басына әскери-губернатор болып сайланған Г.А. Колпаковскийдің өңір халқына көрсеткен қиындықтары Тазабек пен ол сияқты көптеген рубасылары тарапынан қатты сынға алынды. Шекарадағы сауда мен екі мемлекетке өтіп күнкөріс көзін көріп жүрген қазақтарға сан түрлі қысым көрсету Тазабектің ашу-ызасын келтірді. Дегенмен, Верныйда Ресей билігіне қарулы қарсылық көрсету қиын еді [4, 140 б.].

Ендігі кезекте, осындай факторлар кезінде Ресей билігін мойындап, орыс патшасының сенімді қызметкері болуға өз уәдесін берген, мемлекеттік қызметке өтіп ант ішкен және империя қызметіне өтіп, түрлі шендерді иеленген, сондай-ақ болыстық қызметте болған Тазабек Пұсырмановтың өз мемлекетіне белгілі бір түрде наразылық көрсетуіне себеп болды. Оның басты наразылық әрекеті, өз жақтастарымен билікке қарсы шығып, жеңілген жағдайда Қытай асып Шыңжаңға өту жоспары болды.

Бұл кезде орыс билігіне қарсы шығып, егер жеңіліс тапқан жағдайда Қытай асу дәстүрге айналғандай еді. Қазақ сұлтандары мен рубасылары арасында мұндай жағдайлар көптеп орын алатын еді. Жетісуда патша билігімен санасқысы келмеген қазақ батырлары, мен қолбасшылары мен билері Қытай асып, Іле өлкесіне кетіп қалып отырды. Мысалы, 1866 жылы Жетісуда Алатау округінен 841 жанұя Ілеге қарай өтіп кеткен. Көшкен жанұялардың арасында албан руының атақты адамдары Саурық батыр, Малабай, Жетен есімді батырлар болған. Тіпті, бұл кезде Жетісуда атақты адамдардың бірі болған Тезек Абылайхановтың бауыры Дүрәлі сұлтан [5]. Тезек төре алғашқыда Тазабек сияқты Ресей империясының қызметінде болып, Алатау округі бойынша беделді адамдардың бірі болды. Ол Ресейдің қазақтарды Қытайға жібермеу саясатын қолдап, 1865 жылы Алатау округі басшылығына қазақтардың Ілеге өтуіне шектеу қою мақсатында қосымша күш сұраған. Бұған дейін албандардың аға сұлтаны болған Тезек төренің қол астындағы албандар Үйгентас пен Құлжаға дейінгі алқапты қыстайтын болғандықтан Қытай жеріне өту бір дәстүрге айналғандай болып еді.

Алайда, Тазабек сияқты Тезек төренің де уақыт өте Ресей билігінің аймақтағы саясаты ұнамай, ол қоластындағы албандардың Құлжаға қарай өтуіне шектеу қоймай, керісінше оларға қолдау білдіре бастады. Оның басты дәлелі 1869 жылы қазан айында полковник Тезек Абылайхановтың ауылында үлкен ас беріліп, онда әр болыстан келген қазақтардың Қытайға кету туралы өтінішін қабылдап, тіпті оларды Ілеге қарай өтуіне ішінара үгіт-насихат жүріп, кеңес берген. Тезек төре Абылайханов Ресей империясының отаршылдық, халықты қанау саясатына түбегейлі қарсылық білдіріп, оған шыдамай, Іле өлкесіне қазақтардың екі жүзден астам жанұясын өзімен бірге алып өтті. Құлжада бұл кезде әр халық өз

бетінше күн кешіп, ешқандай саяси қысым болмады. Қазақтар үшін бұл қолайлы болып, ол уақыт өткен сайын көбейе берді. Жылдар бойына Ресей билігіне үлкен саяси еңбек сіңірген сұлтан Тезек төре Абылайханов сияқты белсенді де танымал бастаған қазақтардың Іле жеріне себепсіз және ағыла көшуі жергілікті биліктің алаңдауына және өз бетінше тиісті шаралар атқаруға алып келді [6].

1866 жылдың 20 қаңтарында ұйғырлар мен дүнгендердің бүлікшілері Құлжаны қолға түсіргеннен кейін осы жылдың ақпан айының басында қазақ билерінің бірі Тазабек Пұсырманов губернатор Г.А. Колпаковскийге қала гарнизонының алынғаны мен Құлжа тұрғындарының «негізгі бөлігінің қырылғанын» хабарлаған еді. Бұл кезде берілген мәліметтер бойынша дүнгендер жағынан жеті жүзден астам адам шығыны болды. Құлжаның гарнизонының кішкентай ғана бөлігі сақталып, ол Цзяньцзюнь сарайы еді. Бұрынғы билеуші өз сарайында жасырынып, өзін қорғап жатыр, ал қала өртелуде және қиратылуда деп көрсетілді. Бұл кезде Тазабектің жергілікті жердегі Ресей билігімен арасы жақсы еді. Тек, Г.А. Колпаковскийдің өктем саясаты ғана мұндай қатынастарға шек қойды.

Тазабек Пұсырмановқа Жетісудағы Ресей әкімшілігінің өзіне ұнамаған ең басты саясаттың бір бағыты ол 1867 жылы Жетісу казак әскерінің жасақталуы болды. Жетісу казак әскері Жетісудың бүкіл аумағына және көршілес аймақтарға әскери-ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Басты мақсат, отарлар жаулау және жергілікті халықты әскердің күшімен ұстап тұру болды. Жетісу казак әскері Қазақстанның оңтүстік аймақтарын бағындырумен шектелмей, әскери жазалау жұмыстарын ұйымдастырды [7]. Соның ішінде Қытай асып сауда-саттықпен және басқа да тіршілік көздерімен айналысқан қазақтарды да жазаға тартты. Қара халықтың мұндай қиындыққа ұшырауы Тазабектің назарын өзіне ерекше аударды. Ол өзін халық жанашыры, жергілікті халықтың қорғаны ретінде ұстады. Патша билігінің жергілікті өкілдері тарапынан жүзеге асырылған мұндай саясаты Тазабектің Ресей қызметінен және билігінен толық қол үзу қажет екенін ұғындырды. Сонымен бірге, Ресей империясының Жетісуда тек қазақтар емес, аймақтағы қырғыз, ұйғыр, өзбек және басқа да халықтарға негізсіз шүйлігуі Тазабектің империялық саясатқа деген көзқарасын мүлде өзгертті.

Бұл кезде Жетісуда Ресей империясы тарапынан империяның батыс және өзге де аумақтарынан еуропалық этнос өкілдерін әкеліп жергілікті жерге орналастырды. 1869 жылы Жетісу облысының әскери-губернаторы генерал Г.А. Колпаковский орыс переселендерінің (қоныстанушылар) Жетісуға орналастыру мен оларды қамсыздандыру жұмыстарының уақытша жоспарын қабылдады. Бұл жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Бұл мал жайылымы мен егіншіліктің тарылуына әкеп соқтырды. Шұрайлы жерлер мен тіршілікке қолайлы жерлер көшіп келген өзге этнос өкілдеріне берілді [8]. Ресей империясының Жетісу мен оңтүстікте жүргізіп жатқан орыстандыру саясатын Тазабек өз бетінше сезе білді. Ол үшін оңтүстік болашақта жат жерліктердің мекеніне айналатындай көрінді. Мұндай көші-қон саясатының да жергілікті жердің иесі болған қазақтардың тынысын тарылтатын басты құрал екені анық еді. Халық арасында үлкен беделге ие болған Тазабек батыр мұндай мемлекеттік істерге барынша қарсылық таныта бастады. Ол халық арасында үгіт-насихат жүргізіп, Ресей билігінің мұндай ісі мен саясатына шектеу қоюға шақырды. Тазабектің мұндай әрекеттері Жетісу облысының басшылығына жетіп үлгерді. Тазабекті өз жағына қайтадан тартып, қазақтар арасында өзге халықтармен бейбіт қатынастар жүргізу жұмыстарына тарту істері нәтижесіз қалды. Бұған көнбеген Тазабек пен Г.А. Колпаковский арасында түсінбеушілік туып, ол өз бетінше текетіреске ұласты.

Өз кезегінде генерал Г.А. Колпаковский тарапынан жергілікті қазақтарға, оның ішінде әсіресе Тазабектің руынан шыққан албандарға наразылығы да жоқ емес еді. 1866 жылдан бастап Құлжа сұлтандығында жағдай реттеле бастаған кезден бастап, оның аумағына жетісулық қазақтар (албандар) көптеп өтеді. Қазақтар Ресей шекарасын кесіп өтіп қана қоймастан, аймақтағы ресейлік бекіністерге тонау жұмыстарын жүргізді. Мұны білген Г.А. Колпаковский Құлжа сұлтанынан қазақтарды кері қайтаруды сұрайды. Алайда, Құлжа сұлтаны Алахан тарапынан бұл сұраныс орындалмайды. Бұл кезде, Құлжа сұлтаны Алахан шекаралық қазақтарды өзіне аралық (буфер) ретінде ұстап, оларға қарсылық көрсетпей, орыс үкіметінің талабын түрлі себептермен орындамай тастады. Дегенмен, бұл кезде Алахан сұлтанның бір жағынан қазақтарды жазалауға шамасы келмейтін еді, ал екінші жағынан ол қазақтарды қорғаныста пайдаланғысы келді. Осыған орай, тараншы сұлтаны қазақтарға қарсы тұрмай, керісінше оларды өзіне тартты. Қазақтардың, оның ішінде Тазабектің ағайындарының Құлжаға түбегейлі өте бастауы жақын уақытта оның өзінің де осында келуіне алғышарт жасады.

1869 жылы Тазабек Пұсырманов пен оның жақтастары Жетісудағы жоғарыда жүргізген бей-берекет саясатына қарсы өзінің алғашқы наразылық шараларын бастады. Ресей билігі жергілікті халықтың наразылығын тудыру бұған дейін басталып, ол өзінің шегіне жетті. Алайда, Тазабектің мұндай қарсылықтары мен түрлі әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Көтерілісшілер орыс армиясы тарапынан

жазalandы. Жетісудағы Ресей әкімшілігінің төрағасы болған генерал Г.А. Колпаковскийге өзінің шамасының жетпейтінін білген Тазабек басқа амалдарды қарастыра бастады. Ешқандай амал таппаған ол өз ағайын-туысымен ақыл-кеңес құрып, Ресей билігінен қалай да болмасын құтылудың жолдарын іздестірді және оның басты амалы жер аудару деп тапты. Туған жерден безіп, өзге жерді барып паналау қазақ қоғамында ауыр да қиын сындардың бірі болып саналған. Бірақ, оның бұдан басқа ешбір шарасы қалмаған еді.

Тазабек Пұсырманов өз елімен ақылдаса отырып осындай шешімдер қабылдады. Тазабек қайда баратын болса да соңынан еретіндер көп болды. 1871 жылдың басында, Тазабек Пұсырманов Құлжа сұлтаны Алахан сұлтанға арнайы адамын жіберіп, өзі басқарып отырған албан руының көптеген жанұясын ертіп Іле өлкесіне көшіп өтетінін айтты. Ол өзінің Іле аумағына көшудің жай-жапсарын көрсетеді. Сан жағынан көп болғандықтан Алахан сұлтанға жылы қабылдауын сұрайды. Алахан сұлтан тарапынан Тазабек бастаған қазақтарды жылы қабылдайтыны туралы хабар келеді. Осылайша, Тазабек Пұсырманов өзінің тағдыры мен соңынан ерген халықтың тағдырын өз мойнына арқалайды.

1971 жылы Тазабек Пұсырмановтың басқа жаққа қоныс аударуға шешім қабылдағаны және ол үшін өз бетінше дайындалып жатқаны туралы мәліметтер ресейлік тыңшылар арқылы билікке жеткізіледі [9]. Бұған қарамастан, 1871 жылы сәуір айында Тазабек Пұсырманов албан руының мыңға жуық жанұясымен бірге Құлжа сұлтандығының аумағына көшу қимылдарын бастады. Мұндай көп адамның Құлжаға өтуі жергілікті орган өкілдерін әбігерге салды. Жетісудағы патша билігі Г.А. Колпаковский бастаған билеушілер Тазабек бастаған бұл көшті тоқтату туралы ұсыныстар жасап, алайда ол жауапсыз қалдырылады. Бұдан соң Г.А. Колпаковский жергілікті қазақ руларының арасындағы жағдайды реттеп отыру мақсатында Тазабекті өз жағына тартады. Тіпті Г.А. Колпаковский тарапынан Тазабек Пұсырмановқа құрмет көрсетіліп, жоғарғы дәрежедегі мемлекеттік сыйлықтар мен атақтар ұсынылады. Бұдан да бөлек көптеген ұсыныстар жасалады. Алайда, Тазабек Пұсырманов тарапынан мұндай ұсыныстар қабылданбайды. Өз руының тағдырын қолында ұстап, туған жерін тастап, шетел асып бара жатқан азамат үшін мұндай уақытша байлық пен шен қажет емес еді.

Тазабекті өз дегеніне көндіре алмаған патша үкіметінің шенеуніктері оны өлтірмекші болады. Осыдан соң, аз уақыт ішінде сәуір айында генерал Г.А.Колпаковскийдің жазалаушы әскері Тазабек пен оның жақтастарының ізіне түседі. 1971 жыл Тазабектің өміріндегі ең ауыр жыл болып, ол патша әкімшілігімен арпалысып күн кешті. Осы жылы Тазабекке Ресей билігі шекарада қалмақтарды жазықсыз өлтірген өзінің таныстары мен жақындарын қолға түсіру туралы талаптар қояды. Бірақ, ол орыс шенділерінің айтқанына құлақ аспай бұл істе белгілі болған азаматтардың қашып құтылуына жағдай жасайды. Оның бұл қимылын патша үкіметіне қарсы әрекет деп бағалаған жергілікті органдар оны жазалау мақсатында 1871 жылы 18 сәуірде есаул Герасимов бастаған жүзден астам адам келді. Жазалаушы отрядтар Мойнақ деген жердегі Тазабек Пұсырмановтың ауылына Тазабекке көптеген негізсіз айыптар тағып, түрлі талаптар қояды. Оның ең бастысы Тазабекке казак есаулы тарапынан Тазабек Пұсырмановқа өз еркімен берілуі туралы талаптар қойылады.

Алайда, Тазабек Пұсырманов казак есаулы тарапынан қойылған айыптарды мойындамай, сонымен қоса оның талаптарын орындамайтынын айтты. Бұған жауап ретінде жазалаушы отрядтар Тазабектің ауылын шабуға кіріскен кезде Тазабек өз жігіттерімен оған қарсы шабуылға шығады. Тазабек Пұсырманов бастаған жігіттер соғысқа шыққан кезде жазалаушы отрядтың әр болыстардан жинаған адамдары соғыс даласын тастап қашады [10]. Бұл жағдай Тазабекті батырды жігерлендірді, оның қарулы жігіттері жергілікті жерден патша әскерінің қатарына сатылып кеткен жігіттер мен ауылнайлардың біразын өлтірді. Осылайша, Тазабек Пұсырмановтың жүзден астам жасағы жазалаушы отрядтың осындай шабуылдарының бетін бірнеше рет қайтарды.

Тазабектің мұндай қимылдарынан қатты ашынған отарлаушы билік енді күшейтілген Копцов бастаған жазалаушы отрядты аттандырады. Бұл отряд Құлжа сұлтандығына қарай қашып бара жатқан Тазабек Пұсырманов бастаған көшті тоқтатуға тырысады. Алайда, жазалаушы отрядтың жолы бұл кезде де оңынан болмады. Құлжа сұлтаны Алахан қосымша әскери күш жіберіп, Тазабекті құтқарып алады.

Өз ауыл-аймағымен, ағайын-туыстарымен Құлжа сұлтандығына көшіп келген Тазабекті Құлжа сұлтаны Алахан Әбілоғлы жақсы күтіп алады да оны өз жақтастарымен бірге Құлжа сұлтандығында өмір сүріп жатқан қазақтар, қырғыздар және басқа да мұсылман ұлт өкілдері қоныстанған Тоғызторау деген жерге жайғастырады. Алайда, Тазабек Пұсырманов пен оның жақын адамы болған сұлтан Алахан Әбілоғлы Тазабектің Құлжа сұлтандығына өтуі үлкен бір саяси дағдарыс пен жаңа бір соғыс өртінің тұтануына себепкер болатынын білген жоқ [11].

Тазабек Пұсырмановтың Құлжа сұлтандығына өтуі оның өз басының амандығы мен соңынан ерген қазақтардың тыныштығын қамтамасыз етті. Оның мұндай ерлігіне тәнті болған қарапайым халықтың қатары көбейді. Тіпті оның соңынан енді тек қазақтар емес қырғыздар да ере бастады. Алахан сұлтан Тазабек Пұсырмановты өзінің жақын сенімді серігі ретінде санады. Тазабектің ісі мен мінезі жайлы сұлтан бұрыннан білгендіктен, оны жақын ұстауға тырысты. Әсіресе, Тазабектің әскери істі жақсы меңгергені Құлжа сұлтанына ұнады. Тазабек аймақта Құлжа сұлтандығына қауіп төндірген қай мемлекетке де болмасын Алаханмен бірге қарсы шығуға дайын болды. Тазабек пен оған ерген қазақтар Шығыс Түркістанда еркін өмір сүре бастады. Осылайша, ол тек өз тағдыры емес, өзімен бірге еруге мәжбүр болған қараша халықтың тағдырының өзгеруіне себепші болды. Мұның барлығы жай ғана ішкі факторлар еді [11, 8 б.]..

Тазабек Пұсырмановтың Құлжа сұлтандығына көшуінің сыртқы саяси факторлары да ауқымды болды. Тазабектің Жетісу мен Верныйда Ресей билігіне қарсы шығуы мен оның салдарынан Құлжаға қоныс аударуы генерал Г.А. Колпаковский үшін ауыр жеңіліс ретінде қабылданды. Осы тұста айта кетерлік маңызды жәйт, бұған дейін Тазабектің ресейлік отаршылдардың жазалау отрядтарына қарсы шығып, оларды жеңіліске ұшыратуы оның Ресей билігіне қарсы бірінші соққы болды. Ал, оның екіншісі Тазабектің Шыңжаңға өтуі Г.А. Колпаковскийді қатты мазасыздандырды. Тазабек Пұсырмановтың бұрын Ресей билігінде қызмет етіп, оның ішкі жағдайдан біраз хабары бар екенін түсінген орыс отаршылдары енді одан қауіптенді. Басты қауіптің бірі Тазабектің Шыңжаңда өршіп тұрған мұсылман халықтарының көтерілісіне араласып, сол арқылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы халықтардың тәуелсіздік идеясын күшейтуі мүмкін еді. Келесі бір маңызды саяси қауіптің бірі Шыңжаңда күшейіп келе жатқан Алахан сұлтан мен Якуббек Бадаулетпен [12] жақындасып, олармен күш біріктіріп Ресейге қарсы шығуы немесе аймақта Ресеймен геосаяси бақталастыққа түсіп отырған Англияның жағына өтіп кетуі мүмкін еді.

Құлжа сұлтандығына Тазабек Пұсырманов бастаған қазақтардың басты мақсаты бас сауғалап, тыныш, жайлы өмір сүрудің қамы еді. Бірақ, оның аса үлкен көлемде елді жиып шетел асуы Г.А. Колпаковскийді әбігерге салды. Ол Тазабектің жақтастарының көптігі мен оның Алахан Әбіоғлымен жақын қарым-қатынаста болуынан мазасызданды [12, 133 б]. Ақыры, осындай саяси және геосаяси факторлар Г.А. Колпаковскийдің Құлжа сұлтаны Алахан сұлтанға талаптар қоюына алып келді. Тазабек Пұсырманов бастаған қазақтардың Құлжа сұлтандығы аумағына өтуі Ресей империясының Құлжа сұлтандығына соғыс жариялауына себеп және басты саяси желеу болды. 1871 жылы мамыр айының басында генерал Г.А. Колпаковский Тазабек Пұсырмановты қайтару туралы Алахан сұлтанға талаптар қойды. Талапты орындау үшін жеті күн мұрсат берілді. Егер талап орындалмаған жағдайда Құлжа сұлтандығына соғыс ашатыны туралы ультиматум жарияланды. Бірақ, Алахан сұлтаннан ешқандай жауап болмады. Артынша Тазабекті ұстап беріп, оны қайтару туралы талаптар орындалмайтыны белгілі болды.

Осылайша, Тазабек Пұсырманов бастаған қазақтардың Құлжаға сұлтандығының аумағына өтуі генерал Г.А. Колпаковскийдің Іле сұлтанатына соғыс ашуына себеп болды. Алахан сұлтан Г.А. Колпаковскийдің хатына жауап қайтармақ түгілі, егер олар Тазабек пен оның адамдарын күшпен қайтармақ болса, өз адамдарына шекара басшыларына орыс әскерлерін шекарадан қуып шығуды бұйырды. Осы тұста Ресей империясының Құлжа сұлтандығы немесе Іле өлкесіне жорық жасап, оны империя құрамына алу туралы геосаяси жоспарларының да болғанын айта кеткен орынды болып табылады. Тазабек Пұсырманов бастаған албан қазақтарының Құлжа аумағына өтуі Ресейдің осы жоспарының жүзеге асыруға себеп болып, [13, с. 286] соғыс қимылдарын жасайтын уақыттың келгенін көрсетті.

Алахан сұлтаннан Тазабек Пұсырманов туралы мардымды жауап келмеген соң Ресей тарапынан Құлжа сұлтандығына қарай 3 мамыр күні алғашқы соғыс қимылдары басталады. Соғыс қимылдары күн өткен сайын ауқымы кеңейді. Бірақ, генерал Г.А. Колпаковский өз әскеріне бейбіт тұрғындарды өлтірмеуге, тек қару асынған адамдарға ғана оқ атуды бұйырды. Ресейлік әскерлер тек алға қарай жылжып отырды. Генерал Г.А. Колпаковский бұл соғыс қимылдарын Іле халқына басқыншылық соғыс сипатында емес, жергілікті халықты британдық және жергілікті көтерілісшілерден азат ету сипатында түсіндіргісі келді. Осы мақсатпен 1871 жылдың маусым айынан бастап Іле халқына түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында оларға арнайы үндеу жариялап отырды. алғашқы үндеу 1871 жылы 6 маусым күні жарияланып, онда Тазабек Пұсырмановқа қатысты мәлімдеме жасайды. Үндеуде Тазабектің ұйғыр сұлтаны Алахан Әбіоғлының досы екені айтылып, онда олардың бірлескен әскери қимылдары тек Ресейге ғана қарсы емес, сонымен бірге өз елі мен жеріне де қарсы екені көрсетіледі. Сонымен қатар, Тазабек Пұсырманов Құлжа сұлтандығының жергілікті емес, Ресей империясының қоластындағы

қазақтар екені айтылып, олардың шекара асуы мен Құлжа сұлтандығына өтуі қате қимыл деп түсіндіріледі [14].

Кейіннен маусым айының орта тұсынан асқан кезде Г.А. Колпаковский Суйдунның төңірегінде демалуға жайғасқан орыс әскерлеріне сұлтан маңайынан қашқындар келе бастайды. Өз кеңесшілерінің кеңестеріне құлақ асқан Алахан сұлтан Жетісу губернаторы Колпаковскийға Құлжаға қарсы соғыс қимылдарын тоқтату туралы өтініш жасап елшілік жіберді. Осыдан соң Г.А. Колпаковский Суйдін бекінісіне келген кездегі Алахан сұлтанның бітім туралы жазған хатына жауап жазып, онда бірінші болып Алахан сұлтанның бұрынғы Верныйда елшісі болған Азизбай мен сұлтанның әскербасы Бугири-минбеги және басқалары келгені айтылады. Онда Г.А. Колпаковский сұлтан елшілерінің өз қолында екені және олар қауіпсіз жағдайда отырғаны жазылып, сұлтанның өтініші туралы қарастырылып жатқаны айтылады және ең бастысы өзінің талаптары орындалған жағдайда ғана бітім туралы келісімшарт ұсыныстарының қабылданатыны жазылады [15].

Генерал Г.А. Колпаковский Алахан сұлтанға жазған жауабында өзінің талаптарын көрсетіп ол Тазабек Пұсырманов пен Құлжадағы қазақтар туралы болды. Орыс генералының жауап хатында жазылған талаптар негізінен бесеу болып, онда бірінші талап Көксу маңында орыс офицерін өлтірген қазақтарды кері қайтару; Екінші талап үш казак әскерін өлтірген суан жігіттерін кері жөнелту; Үшінші талап ең негізгісі болып, Тазабек Пұсырманов пен оның жақтастарымен қоса түгел қайтару; Төртінші Байғабыл мен оның жақтастарын қайтару; Бесіншісі тұтқынға түскен орыс және казак әскерлерін босату болды. Осындай талаптар Алаханды аса үлкен қиындыққа душар етті [16].

Алахан сұлтан Ресей тарапынан қойылған талаптардың біразын орындап, алайда қазақтарды және Тазабекті қайтаруға келгенде қиналады. Бірақ, бұдан кейін талаптар орындалмаған үшін орыс әскері Құлжаға қарай әскери қимылдарын жалғастырған кезде, Г.А. Колпаковскийге Алахан сұлтаннан құрамында сұлтанның 13 жасар ұлы және Құлжаның басқа да беделді әрі атақты адамдарынан тұратын жаңа елшілік келеді. Елшілік орыс әскеріне Тазабекті табыстайтынын айтып, сұлтанның атынан жасақты Баяндай ауылының қираған жерінде тоқтатуды сұрайды және өзі де сол жерге елдің ең атақты адамдарымен барып берілетінін жеткізді.

Осыдан соң Алаханның аймақтағы барлық әскерін талқандап 1871 жылы 22 маусымда Құлжа қаласына Г.А. Колпаковскийдің әскерлері ұрыссыз кіреді. Құлжа сұлтандығы осымен өзінің өмір сүруін тоқтатады және уақытша Ресей империясының субъектісі болып жарияланады. Алахан сұлтан өз еркімен берілуге мәжбүр болады. Оған Ресей билігі кешірім береді. Ал, Тазабектің тағдыры олай болмады. Тазабек Пұсырманов үш айлық тартыстан соң ақыры күштердің тең болмауына байланысты жеңіліске ұшырап, ол да берілуге мәжбүр болды. Ресей әскерінің уысына түскен соң Тазабек Пұсырманов пен оның әскерлері, жақтастары толығымен Верный қаласына жеткізілді. Жетісу облысының әкімшілігі тарапынан Тазабек Пұсырмановтың үстінен қылмыстық іс қозғалып, ол сотталады. Ұзаққа созылған тергеу процестері бітпес бұрын Тазабек Пұсырманов 1872 жылы наурыз айында белгісіз жағдайда абақтыда қаза табады [11, 9-10 б].

Қорыта айтқанда, Тазабек Пұсырманов Жетісуда Ресейдің империялық билігіне қарсы қазақтардың азаттығы үшін күрескен қаһарман азаматтардың бірі болды. Әуелде Ресей империясының қызметінде болып кейіннен өмірінің соңына дейін сол империяның саясатына қарсы күрескен Тазабек Пұсырманов халық арасында батыр тұлғалардың бірі ретінде қазақ тарихына енді. Тазабек Пұсырмановтың және онымен бірге қазақтардың Құлжа сұлтандығына өтуі Жетісу мен бүкіл Қазақстанда Ресей империясының саяси отарлауының қандай деңгейде болғанын көрсетеді. Құлжа сұлтандығына өтіп, Жетісуда орыс билігіне қарсы соғысуға тырысқан Тазабектің арманы орындалмай қалды. Дегенмен, Тазабек Пұсырмановтың Г.К. Колпаковский жасақтарына қарсы әскери қимылдары Жетісу қазақтарының өжеттілігін және жергілікті халықтың ерлігін сипаттады. Құлжа сұлтанымен жақсы қарым-қатынаста болып, оны өз дегеніне көндірген Тазабек батырдың аймақтағы саяси беделі жоғары болды. Онымен тек тараншылар емес, аймақта қырғыздар мен басқа халықтар да санасып отырды. Тазабек Пұсырмановпен Құлжаға қоныс аударған албандардың біразы кейіннен шекара сызығын белгілегеннен кейін сонда қалып қойды. Бұдан шығатын қорытынды ол бастаған көш қазақтардың Шығыс Түркістанға терең тарауына әсер етті. Тазабек Пұсырманов өзіне дейін Ресей империясының отаршылдығына қарсы күрескен қазақ батырларының ерлігін қайталаған саяси және әскери тұлға ретінде қазақ тарихында қалды. Оның ерлігі мен қызметін болашақ ұрпақ ұмытпақ емес.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Моисеев В.А. Россия и Китай в Центральной Азии (вторая половина XIX в. - 1917 г.). - Барнаул: Азбука, 2003. – 346 с.
2. Чибров И.В. Перспективы экономического развития Туркестанского края в трудах русских путешественников 60-80-х гг. XIX в. // Известия Саратов. ун-та. Нов. сер. Сер. История. Международные отношения. – 2016. – Т. 16, вып. №2. – С. 144-147.
3. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. Составители Ф.Н. Киреев, В.Я. Басин, Т.Ж. Шоинбаев, К.Ж. Жунисбаев, В.С. Мусаева, – Алма-Ата: Наука, 1964. – 574 с.
4. Сатенова М.Р. Батыры Тазабек Пусурманұлы и Сураншы Ақылбекулы во взаимодействиях казахов Старшего жуза с сопредельными тюрко-мусульманскими народами. // Баймұрат батыр және оның тарихи дәуірі: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда. – 2015. – С. 134-144.
5. Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара-кыргызы. Очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. – Бишкек: Илим, 2001. – 582 с.
6. Петров В.И. Мятёжное «сердце» Азии: Синьцзянь: краткая история народных движений и воспоминания. – Москва: Крафт, 2003. – 528 с.
7. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. Под ред. д.и.н. профессора Ж. Касымбаева. – Алматы: Казахстан, 1994. – 160 с.
8. Брежнева С.Н. Русские переселенцы в Туркестане: проблемы взаимоотношения с местным населением. // НАУЧНЫЕ ВЕДОМОСТИ БелГУ. Серия История. Политология. – 2016. – № 1. – Выпуск 37. – С. 113-117.
9. Нұржекеұлы Б. Гүбірнәтір Колпаковский мен Албан Тазабек батыр және Жетісуға ұйғырлардың жаптай көшуі. // Жетісу. 30.06.2007. – Б. 7
10. Қожамжарова Д.П. XIX ғасырдың II жартысындағы Оңтүстік Қазақстандағы отаршылдық саясатқа қарсы жергілікті халықтың қарсылығы. // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2006. – №6. – Б. 107-110
11. Махаева А., Рүстемов С. Түркістан халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара байланыстары (XIX ғасырдың 60-90 жылдары). // e-history.kz
12. Мұқаметқанұлы Н. ХҮІІІ-ХХ ғасырдағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
13. Макшеев А. И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: Воен. типография, 1890. – 380 с.
14. ҚРОМА 21-қ., 1-т., 9-іс, 1 п.
15. ҚРОМА 21-қ., 1-т., 20-іс, 17 п.
16. ҚРОМА 21-қ., 1-т., 20-іс, 18 п/

УДК94(574)

ГРНТИ 03.01.21

Болатова Қ.Б.¹, Адилбаға А.С.², Мамырбеков А.М.³

¹аға оқытушы, т.ғ.к., Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Kalamkas_17_81@mail.ru

² тарих ғылымдарының докторы., Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті Қазақстан Республикасы, Семей қаласы. Email: aigulmalika@mail.ru

³ т.ғ.к., Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Email: arafat_kz@mail.ru

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен ұлттық білім беру жүйесіндегі қазақ зиялыларының халықты ілім-білімге баулуы, халықтың сауатын ашу, қазақ халқын

мәдениет жолына түсіре отырып, ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, жас жеткіншектердің санасына ұлттық намыстың дәнін себудағы қажырлы еңбектері мен қызметтері жайлы қарастырылғын.

Түйін сөздер: Ұлт, ұлттық білім, оқу-ағарту, қазақ зиялылары, ұлттық мектеп.

Болатова К.Б.¹, Адильбаева А.С.², Мамырбеков А.М.³

¹ кандидат исторических наук

² доктор исторических наук

³ кандидат исторических наук

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ НАЦИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена формированию системы образования в начале XX века и вкладу казахстанской интеллигенции в национальную систему образования с целью просвещения людей, пропаганде грамотности среди казахского народа, просвещения казахстанцев на пути к культуре, самоотверженному труду в деле национального воспитания подрастающего поколения через школу народного образования, а также к искренним попыткам посеять семена национальной чести в умах молодого поколения.

Ключевые слова: нация, национальное образование, образование, казахская интеллигенция, национальная школа.

Bolatova K.B.¹, Adilbayeva A.S.², Mamyrbekov A.M.³

¹ candidate of historical science

² doctor of historical sciences

³ candidate of historical science

ACTIVITIES OF THE INTELLIGENTSIA IN THE PROCESS OF FORMATION OF THE NATIONAL EDUCATION SYSTEM

Аңдатпа

The article is devoted to the formation of the educational system in the early twentieth century and the contribution of the Kazakh intelligent to the national education system with the aim of educating people, promoting literacy among the Kazakh people, educating Kazakhstanis on the path to culture, selfless work in the national education of the younger generation through the school of public education, as well as to sincere attempts to sow the seeds of national honor in the minds of the younger generation.

Key words: nation, national education, education, Kazakh intelligent, national school.

Ұлт зиялыларының қай кезеңде болмасын ең басты арман-тілегі қайтсем ұлтымды білім нәрімен сусындатам, қалай ғылым мен мәдениет жолына түсірем деген арналарға тоғысып жатқан. Сол тарихи кезеңде мәдени-ағарту саласында ұлт зиялылары оқу-білімінің пайдалылығын насихаттап қана қоймай, нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Қоғамның рухани негізі ретінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда зиялы қауым ұйымдастырушылық, педагогикалық-шығармашылық қызметтерімен де белсенділік танытты. Және де ұлттық мектептер аша отырып, мәдени-ағартушылық мақсаттарын идеологиялық бағытпен сабақтастырды. Қазақ зиялыларының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізгі міндеті халықтың сауатын ашу, халықты ілім-білім, мәдениет жолына түсіру болса, екінші бір маңызды міндеті-ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, жас жеткіншектердің санасына ұлттық намыстың дәнін себу болды. Бұл жайында «Сарыарқа» газеті Алаш қаласында мұғалімдік курстын ашылуына орай «...сәті болып, қазақтың қазақтығын-жұрттығын сақтайтын іс басталды» деп жазса, оны ашудағы мақсат «... қазақ оқытушыларын шығарып, елге таратып, ұлттық, жұрттық намыстарының тұқымын жас қазақ балаларының жүрегіне егу» болғандығын атап көрсетеді. [1,92].

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жұмыстары зиялылардың тарапынан стихиялы түрде жүргізілген жоқ еді. Себебі, бұрын молдалар, ауқатты адамдар мектеп ашып, бала оқытқанда өздерінің ыңғайына икемдеп оқу үрдісін жүргізген болатын. Әрине, бұл жағдай отарлық жүйенің қысымымен

түсіндіріледі. Ал, Ақпан революциясынан соң білім берудің бағыты мен міндеттері әр деңгейдегі қазақ съездерінде халықтың талқысына ұсынылып, кеңесіп, ақылдасқан соң ғана негізделген болатын. Мәселен, 1917 жылы 27 сәуірден 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезінде білім берудің жұрт үшін маңыздылығын атап көрсете отырып, төмендегідей мазмұнда қаулылар қабылдаған:

Жалпыға бірдей міндетті тегін оқу.

Қоғамдық мектептердің бәрінде оқу тек ана тілінде жүргізілуі тиіс.

Мектептерді халыққа жақындастыру шараларын жүргізу.

Мектептер Земство және мемлекеттік қаржыға ұсталуы тиіс және жергілікті басқару органдарының қарамағында болады.

5.1917-18 жылы оқу жылының алдында қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлау үшін педагогикалық курстар. Ал, 1917 жылы 25 сәуірден 7 мамырға дейін Омбы қаласында болып өткен Ақмола облыстық қазақ съезінде халыққа білім беру мәселесін егжей-тегжейлі талқылап, атқарылар істің негізгі міндеттерін былайша айқындап берген:

-жалпыға бірдей міндетті білім беру, әрбір ауыл үшін кемінде 2 мектептен ашу;

-ер балалар мен қыздарды бөлек оқыту принципі;

-алғашқы үш жылды оқыту процесі қазақ тілінде жүргізілуі тиіс;

-діни оқу мен зайырлы білім беру бір деңгейде болуы шарт;

-мұғалімдер қауымын толықтыру үшін Ақмола облысында 50 степендия ашу; степендиялар ең алдымен кедей шәкірттер үшін берілуі тиіс;

-степендия алып оқығандар міндетті түрде Ақмола облысында әр бір степендия төленген жыл үшін қызмет етуі тиіс;

-қыз балаларды оқытуда ата-анасы қаржылық мүмкіндігі шектеулі болса, онда ауыл әкімшілігі оның материалдық шығынын көтеруі керек. Бұл деректеге қарағанда қазақ зиялылары білім беру ісін әр иоблыс өзіне тән ерекшеліктерін негізге ала отырып, жоспарлы түрде жүйелі жұмыс жүргізгендеріне көз жеткіземіз [2,162]

Қазақ зиялыларының оқу ісіне байланысты айқындалған бағдарламасының мәніне зер салсақ, ұлттық-рухани құндылық пен демократиялық принципке негізделген әлемдік өркениет жолын тандағандығын білдіреді. Ал, II жалпықазақ съезінде (1917 жылы желтоқсан) мектеп оқулықтарын жазу комиссиясы құрылып, оның құрамына А.Байтұрсынов (төраға), Т.Шонанов, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сарсенов сынды педагогтар енген болатын. Осылайша ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудың негізгі міндеттері мен идеологиялық бағыты белгіленген соң ұлт зиялылары әр аймақта нақты іс-шараларды жүзеге асыра бастады. Үкімет билігінің алма-кезек ауысып, саясаттың жиі өзгеруіне қарамастан ұлт зиялылары жоғары анықталған принциптік бағытын өзгерткен жоқ. Қай кезеңде болмасын білім беру жүйесінің ұлттық сипатын дінгек етіп ұстанды. Алайда, қабылданған қаулы-қарарларды жүзеге асыруда зиялылар көптеген кедергілер мен қиындықтарға тап болды. Сол тарихи кезеңде оқу ісін дамыту мәселесімен көп айналысқан семинарист М.Әуезов білім беру ісін ілгерілетуге қолбайлау болып отырған негізгі кедергілерді былайша айқындап берген: «...ұлт мектебін ашуға қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш түрлі кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы; екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы» [3,112].

Бұл атап көрсетілген кедергілер мен қиындықтардың болуы заңда болып табылады. Себебі, қазақ халқы отарлық жүйеде рухани қысымшылықтың зор билігін көргендіктен қоғамның рухани-мәдени саласы дағдарыс жағдайында болды. Енді осы қиыншылықтардың шешімін тапқызу жолында жекелеген аймақтарда қандай жұмыстар атқарылды. Соған тоқталатын болсақ, зиялы қауым алдымен Семейде оқытушылар ұйымын құра отырып (1917 жылы жазда), бастауыш мектептер жүйесін қалыптастыру үшін мұғалім кадрларын даярлай ісін қолға алды. Оқытушылар ұйымының төрағасы-Манан Тұрғанбаев, хатшысы Мұхтар Әуезов болған. Сол мақсатқа орай әрі бір облыстар мен уездерде 2 айлық жедел және 2 жылдық мұғалімдер даярлайтын курстар ашылды. Ең алғаш педагогикалық курс облыстық съезд қаулыларына сәйкес Алаш қаласында 1917 жылы күзде ашылған. Қазақ халқы үшін бұл елеулі оқиға туралы «Сарыарқа» газеті былай деп жазады: «Алаш қаласында обласной қазақ комитеті тарапынан қазақтың бастауыш мектептеріне оқытушы даярлап шығаратын курс ашылды. Курстың өз мұғалімі үшеу: әуелгі мектебінікі біреу; 7 қазаннан бері оқуы басталды. Курстың бірінші бөліміне 15, екінші-бөліміне 15, әуелгі мектебіне 50 шамалы шәкірт кірді» [4,59]. Аталған курстың алғашқы жетекшісі болып Бидахмет Сәрсенов (Семей мұғалімдер Семинариясын 1909 жылы бітірген) тағайындалған, кейін курсқа

М.Тұрғанбаев (Стамбул Университетін тамамдаған) жетекшілік жасады, ал алғашқы оқытушылары ретінде М.Тұрғанбаев, С.Мұстафин, Қ.Сәтбаев білім береді.

Ал, 1918-1919 оқу жылында курста білім берген мұғалімдер А.Иманбеков, А.Күзембаев, С.Мұстафин, Ж.Аймауытов, Н.Күзембаев, М.Тұрғанбаевтар болды. Ахметжан мен Нығметолла Күзембаевтар Ғ.Ахмедовтың деректеріне қарағанда Уафадағы «Ғалия» медресесінде оқып білім алған. Медресенің «Ғалия» деп аталуы оның жоғары дәрежелі оқу орны болғандығын танытады. «Ғалия» арапша «жоғары», «ұлы» деген мағынаны білдіреді. Мұнда дін сабақтарымен қатар математика, химия, физика, тарих, философия және басқа да пәндер оқытылған. Сондай-ақ, А.Н.Күзембаевтар Павлодар уезінде оқу ісінің ілгерілеуіне белсене қызмет еткен адамдар болатын. Ал, Ж.Аймауытов сол уақытта Семей Мұғалімдер Семинариясының 4-класында оқып жүрген. Курстағы оқытушылардың білім алған ортасына қарағанда, сол заманның талабына сай деңгейде болғандығына көз жеткіземіз және зайырлы оқу мен мұсылмандық білімді бір дәрежеге қоя отырып, шығыстық және еуропалық өркениеттің білім беру үлгілерінің синтезін алған. 1918-1919 оқу жылында курста барлығы 40 оқушы оқып, 18 оқушы бастауыш мектеп мұғалімі деген куәлік алып, бітіріп шыққан сонымен бірге курстың жанынан қысқа мерзімді жазғы педагогикалық курс жұмыс істеген. Осы аталған курстарды тәмамдаған, куәлік алып шыққан шәкірттерді мектептерге бөліп жұмысқа орналастыру ісі де жақсы жолға қойылған. Мысалы Семей уездік Земство басқармасының 1918 жылғы 30 қазандағы отырысында халыққа білім беру бөлімі Алаш қаласындағы ұлттық педагогикалық курсты тәмамдаған Т.Иманқұловты 1918 жылғы 20 қазанында бастап Көкен халық мектебіне мұғалім етіп тағайындаса, осы аталған курсты бітірген І.Ахметовты 1 қарашадан бастап уақытша Шыңғыстағы халық мектебіне мұғалім етіп тағайындаған. [5,5].

Бұл деректерден қазақ ауылдағы бастауыш мектеп мұғалімдеріне деген мұқтаждықты осындай тәртіппен шешуге тырысқандығын көреміз.

Көкшетау уездік Земство басқармасының жанындағы халыққа білім беру жөніндегі қазақ бөлімі Семей Облыстық Земство Басқармасынан Ақмола облыстық мемкемелерінде қазақ тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігіне орай бастауыш қазақ мектептерінде сабақ беру дұрыс жолға қойылмай отырғандығын тілге тиек ете отырып, егер Семей Облыстық Земство Басқармасының иелегінде қазақ тіліндегі оқулықтар бар болса, онда оларды Көкшетауға қалай алдыруға болатынын және «Сарыарқа» газетінің баспаханасында оқулықтар бастыру мүмкіншілігін сұраған қатынас қағаз (1919 жылы 15 қаңтар) келген. Ал, Семей Облыстық Земство Басқармасы жауап қағазында: иелігінде қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқ екендігін білдірген.

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру бағытында ұлт зиялылары сауатсыздыққа қарсы күресті ұйымдастыра отырып, жасы ұлғайғандар мен қыз балалардың да оқып білім алуын назардан тыс қалдырмаған. Алайда, қыз балаларды оқыту мәселесін жолға қоюда қазақ қоғамындағы патриархалдық психология себебінен әр түрлі кедергілерге тап болып отырған. Бұл туралы М.Тұрғанбаев: «Әйелдеріміздің надандығына кінә қоймай, әйелдің қамын жеп, көзін ашқалы Алаш қаласындағы қазақ оқытушыларының ұйымы әйелдерге арнап курс ашты. Ай жарым бұрын газет жүзінде жария қылды. Курске келуші әйел болмаған соң дайындалған курс ашылмай қалды.»-деп, оның себебін былайша түсіндіреді: «оқығысы клетін әйелдер бар, оқытпай қисық оймен қыңыр айтып отырған әкешелері...баласына жаны ашыған мейірімді ата-аналар әйел балаларын оқыту керек». [5] Ал, М.Әуезов «Адамдық негізі-әйел» атты мақаласында адамзат әлеміндегі әйел затының орнына тарихи-философиялық талдау жасай келе: «...әйелдің басындағы салық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты үні күліп қарамайды! Ал, қазақ мешел болып қалам демесең тағылымыңды бесігінді түзе, оны түзейім десең әйелдің халін түзе», -дейді. [3,112].

Семей Облыстық Земство жиылысының 1918 жылы 17 қазанындағы II кезектен тыс отырысында Иман Әлімбеков оқу орындарына степендия тағайындаған уақытта сол оқу орны шәкіртке сапалы білім бере ала ма, жоқ па, осы мәселені біліп барып қана тағайындау қажеттілігін ескертеді. Қазақ зиялылары тарапынан айтылған сындар атқарылған істерді жоққа шығарғандық емес, керісінше олардың жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне, яғни ұлттың, мемлекеттің болашағы-жас жеткіншектердің қамы үшін айтылған жанайқайы деп түсінген жөн. Сонымен бірге, қоғамдық сынның өсуі білім беру ісінің ілгерілеп дамуына шешуші ықпал еткен фактор болғанын естен шығармауымыз керек.

Міне, қолда бар деректерді талдай келе ұлт зиялыларының болашақ үшін осындай игілікті шараларды өмір жүзіне енгізуде ерекше құлшыныс, қажырлылық танытқандарына көз жеткіземіз. Мұндай құлшыныс, энтузиазм қоғамның зәру саласына, мұқтаждықтарына орай туындайтыны белгілі. Ал, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптауы немесе осы мақсат жолында атқарылған жұмыстар сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін үлкен жетістіктердің бірі болғандығын ойымыз дәлелді болу үшін мына бір деректермен

салыстыра отырып, нақтылай түсуге болады: Ақмола облысында 1917 жылға дейін арты миллион қазақ жұрты үшін ауыл мектептерінің саны 86 ғана болған. Оның өзінде бұл мектептер қазақ арасынан патшалық әкімшілік үшін болашақ чиновниктер даярлау мақсатында ашылған орыс-қазақ 2 жылдық мектептері еді. Ал, мұсылманша білім беретін мектеп медреселерінің саны Ақмола, Қызылжар, Атбасар уездерінде 1915 жылғы мәліметтер бойынша 12 болған және ешбіріне мемлекет қаржысы бөлінбегендіктен олар қоғамдық ұйымдар мен жеке адамдардың қаржылай көмегі негізінде жұмыс істеген.

Жалпы алғанда, бүкіл Қазақстан бойынша 1917 жылдың 1 қаңтарына дейін өлкеде 2448 бастауыш мектеп болған, соның ішінде 2 класты орыс-қазақ мектептерінің саны 562-ге жеткен. Бұл мектептерде 134245 оқушы оқыса, 5 млн қазақ жұртында 20 мыңға жетер-жетпес бала оқыған. Осы аталған мәліметтер мен жоғарыда көрсетілген деркестерден қазақ зиялыларының оқу ісін дамытуда тындырған жұмыстары сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін «өз тілінде ғылым үйретіп, үлгі беріп, ұлтқа шын қызмет қылдыруды көздеткен» маңызды жетістіктерінің бірінен саналады. Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жолында қазақ зиялыларының еткен еңбегіне, жасаған қызметіне талдау жасай отырып, М.Жұмабаев өзінің 1921 жылы «Бостандық туы» газетінің 5-санында жариялаған «жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» атты мақаласында: «1917 жылғы үлкен толқын қалғып отырған қазақ азаматын да қағып оятты. Саясат һәм шаруашылық жағынан елінің қолын жеткіземін деп ұмтылған азамат қазақ мектебін де жаңа жәйлі, таза негізге құрмақшы болды. Қала сайын дерлік курстар ашылды.

Бірақ басталған жыр бітпей үзілді. Қолға алынған іс тиянақталмай қалды. Төңкерістен төңкеріс болды. Толқыннан толқын қақты.

Тегінде «тағдыр жазған» жолымен қалтақтап келе жатқан қазақ елі Россия революциясы толқынының екпінімен кете барып қанша ұтты, қанша ұтылды, бұл істер жұмбақ, анық шешуін тарих берер»-деп баға беріп, болашаққа күдікпен қарайды. Шындығында да, ұлт зиялыларының қоғамның рухани негізі-ұлттық білім беру мақсатында біріге отырып жүргізген қажырлы еңбектерінің нәтижесінде ұлт мектебін дамытудың іргетасы қаланған еді. Алайда, іргетасы қаланған білім беру жүйесінің тамырына балта шабылды. Ал, сол кезеңдегі қазақ қоғамының болашағына тосқауыл болған құбылысты халқының білімді әрі мәдениетті елдердің қатарына көруді аңсаған С.Торайғыровтың өкінішімен ғана дәл жеткізуге болатын сияқты: «Біз ең бұрын өмір сүрген күшімізді, бар тиынымызды елімізді қасқырлардан қорғауға жібергелі отырмыз. Соның үшін 15 мың милиция ұстауға, 70 млн ақша жұмсағалы отырмыз. Маңайымыздағы жұрттарда ар азығы ер жетіп, қасқырлар жоқ болса, біз 70 млн теңгені халқымызда ... ғылымның ер жетуіне ғана ұстасақ, биылдың өзінде-ақ қандай көтеріліп қалар едік»-деп жазған еді [6,104].

Осылайша, қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырғанымен, оны өз дәрежесіне өрбітіп, өркендетуіне саяси өзгерістер мен мүмкіндіктерін шектеді. Азамат соғысынан кейін қазақ халқына білім берудің кеңестік үлгісі танылды. Бірақ та, ұлт мектебін дамыту, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру жолындағы күрес мұнымен тоқтап қалған жоқ. Бұл мақсаттағы күрес жүргізудің аясы тарылғанымен, большевиктік жүйеге бейімделе отырып, мәдени-ағарту, педагогикалық - шығармашылық жұмыстарын ұлт-азаттық күрестің жаңа кезеңінде, Кеңестік билік кезеңінде, Кеңестік билік кезеңінде де өз жалғасын тапты. Мәселен, оқу-ағарту ісінде А.Байтұрсынов 1912-1928 жылдар аралығында қаза тілі мен әдебиетіне, әдістемеге арналған өңделгені бар, қайта басылғаны бар дайыны 48 оқулық басып шығарған. Ал, Белжан Шонанов 1937 жылға дейін қазақ тіліне, орыс тіліне, тарихқа, географияға, әдістемеге арналған барлығы 32 оқулық бастырып шағарған. Сонымен бірге, М.Жұмабаевтың «Педагогика», Ж.Аймауытовтың «Психология», Ж.Күдериннің «Ботаника», «Қазақстанның физикалық географиясы», Ә.Ермековтың, Қ.Сәтбаевтың математикаға, С.Асфендияров, М.Тынышпаев. Қ.Кемеңгеровтың ұлт тарихына, Х.Досмұхамедовтың тілге, әдебиетке, медицинаға арналған оқулықтарының шығуы «Алаш» бағдарламасы мен оқулық жазу комиссиясы міндеттерінің орындалғанына нақты дәлел емеспе? Қазақ зиялылар ауқымы қандай моральдық қысым жағдайында жүрсе де, өздеріне жүктелген міндеттерді, жұртының алдындағы азаматтық борышын үлкен ыждағатпен, зор қайрат-жігермен орындай білгені кейінгі жылдары ғана мәлім болып отыр. Жоғарыда аталған оқулықтар тек басылып шыққандары және бізге жеткендері ғана. Ал қаншасын большевиктік жүйе жойып жіберді, қаншасы халық жадынан өшіп кетті, ол жағы беймәлім.

Бірақ, біз Кеңес өкіметі тұсында халық ағарту ісіндегі баға жетпес жетістіктерге, қазақ ғылымы мен мәдениетінің биік деңгейге жеткеніне көз жұма қарауымызға немесе жоққа шығаруға ешқандай моральдық хұқымыз жоқ. Дегенмен, Қазақстандағы кеңестік ғылым мен мәдениеттің, өнер мен білімнің негізін, іргетасын орнатып кеткен тағы да осы қазақ зиялыларының ұсынған бағдарламалар жүзеге асқан

жағдайда біздің тіліміз, дініміз, санамыз бен рухымыз бүгінгі дәрежедегіден әлдеқайда жоғары болар еді. Сондықтанда, 20 ғасыр басында қызмет атқарған қазақ зиялыларының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы сан-салалы ұйымдастырушылық қызметі мен педагогикалық-шығармашылық мұралары бүгінгі ұлттық мектептердің білім беру мен тәрбие ісінің жүйесіне үлгі боларлық құндылығы өте зор болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Алаш-Орда: сбор. документов /сост. Н.Мартыненко. Алма-Ата: Малое издательство "Айкан", -1992. -192 с.*
2. *Сембаев А, Храпченко Г. Очерки по истории школ Казахстана.-Алма-Ата:Мектеп, 1972.-162 с.*
3. *Обзор Семипалатинской области за 1911 г. – Семипалатинск, 1912. – 112 с.*
4. *Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда. Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы: Жалын,-1996.-59 б.*
5. *Остроумов Н. Исторический очерк народного образования. – Т. 1881; Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. – Т., 1904; Мөдресе в Туркестанском крае //Журнал Министерства народного просвещения. -1907.- Ч. VII, №1. – 5 с.*
6. *Шонанұлы Т. Жер тағдыры-ел тағдыры.-Алматы: Санат, -1995.-104 б.*

УДК 574

ГРНТИ 12.21.35

Э.А.Мусаева¹, Ж.С. Аубакирова²

¹бД020300- Тарих мамандығының 1 курс докторанты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті, Қазақстан., Өскемен қ., elvira.musaeva.75@mail.ru

²С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің доценті т.ғ.к., Қазақстан., Өскемен қ., zhanna_aubakirova707@inbox.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІНІҢ ДЕҢГЕЙІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізіп, ғылым мен білім жүйесін жаңа бағытқа бағыттады. Кеңестік ғылым жүйесінің толығымен өзгеріске ұшырауы, жаңа қазақстандық үлгінің бой көтеруі мақаланың мақсатына айналады.

XX-шы ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстанда ғылыми-технологиялық дамудың стратегиялық маңызды бағыттарындағы зерттеулердің күрт қысқаруы, ғылымның беделі мен ғылыми әлеуеттің сұранысын төмендетті, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің төмендеуімен шетелге білікті мамандардың кетуіне жол берді, бұл ғылыми-технологиялық әлеуеттің әлсіреуіне, ғылымды қажетсінетін өндірістердің құлдырауына әкеп соғуы мақаланың өзектілігі болып табылады. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай кезеңдеп ғылым мен білімнің дамуы, қиыншылықтар мен жетістіктерге қол жеткізу мақалада толық ашылады. Атаулы мақалада автор Қазақстанның 1991-2018 жылдар аралығындағы ғылыми әлеуетінің деңгейі мен осы тәуелсіздік жылдарының 27 жыл аралығында басынан кешірген қиыншылықтары оны шешу жолында жасалған қадамдары, әдіс-тәсілдері жайлы сөз қозғайды.

Кілт сөздер: тәуелсіздік, ғылым, әлеует, инновация, ғылыми-технология, реформа, ғылыми-техника

Э.А.Мусаева¹, Ж.С. Аубакирова²

¹Докторант 1 курса специальности бД020300 - История, Восточно-Казахстанский государственный университет имени С.Аманжолова, Казахстан, г. Усть-Каменогорск, elvira.musaeva.75@mail.ru

²К.и.н., доцент Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова. Казахстан. Г. Усть-Каменогорск, zhanna_aubakirova707@inbox.ru

УРОВЕНЬ И ПРОБЛЕМЫ НАУЧНОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗАХСТАНА ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация

В 1991 году Республика Казахстан добилась независимости и направила систему науки и образования в новое русло. Цель статьи – проанализировать полное преобразование системы советской науки,

развитие новой казахстанской модели. Актуальность статьи заключается в резком сокращении исследований стратегически важных направлений научно-технологического развития в Казахстане в 90-е годы XX века, снижении авторитета науки и спроса научного потенциала, снижении инновационной активности предприятий, и оттоке квалифицированных специалистов за рубеж, что приводит к ослаблению научно-технологического потенциала, спаду наукоемких производств. В статье раскрывается поэтапное развитие науки и образования, а также основные подходы, направленные на преодоление трудностей, возникших в ходе этого процесса.

Ключевые слова: независимость, наука, потенциал, инновации, научно-технологическая, реформа, научно-техническая.

E.A. Mussaeva¹, Zh.S. Aubakirova²

¹1st year PhD student in 6D020300 - History, the S.Amanzholov East Kazakhstan State University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, elvira.musaeva.75@mail.ru

²C.h.sc., associate professor of the S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, zhanna_aubakirova707@inbox.ru

LEVEL AND ISSUES OF SCIENTIFIC POTENTIAL OF KAZAKHSTAN DURING THE YEARS OF INDEPENDENCE

Annotation

Тухватуллин первоначально получивший мусульманское образование, в годы установления Советской власти принял идеологию большевиков, стал членом КПСС, а в последствии был заведующим кабинетом марксизма-ленинизма Уральского педагогического института. Обучался в медресе при Красной мечети и татарский поэт Габдулла Тукай, он был любимым учеником Мутыголла Тухватуллина. Вместе с Габдулла Тукаем учились и братья Муртаза и Исмагыйл Шариповы. После окончания Уральского медресе братья Шариповы учительствовали. Исмагыйл в Кушуме, а его брат в Бударино. Исмагыйл Шарипов в газете «Фикер» писал о старинном медресе в Бударино, где, по его словам, обучалось до одной тысячи детишек. Он же сообщал, что там скоро будет построен еще один «гузэл» то есть мектеб. О существовании мектеба в поселке Кушум свидетельствуют результаты переводных экзаменов зафиксированных в выданных школьных свидетельствах. Одно из них 1912 года, выдано Шарифу Муса Углы Утюшеву: четыре пятерки, пять четверок. Следующий документ выдан девочке. Бланк свидетельства был Казанского издательства (хотя и «Миллэт китапханасе»), оно, видимо, не предусматривало обучение женской половины, поэтому на свидетельстве написано: «Ир балаларга махсус». Учитель от руки добавил после слова «ир» «кыз». Выдан также похвальный лист по результатам экзамена в 1915 году ученице 2 класса того же Кушумского мектеба, Фатихе Муса кызы, сестре вышеуказанного Шарифа. Все восемь оценок по предметам аттестата, пять с плюсом. По результатам успеваемости Фатиха первой переводится в третий класс. Учителем во всех анализируемых документах указывается один и тот же Габдельхан Биктимиров.

В мусульманских мектебах обучились первоначальной грамоте, многие. И этой первоначальной грамоты казахским и татарским детишкам было достаточно, чтобы они могли читать своих классиков и знакомиться с мировой литературой Востока. Эта грамота в дополнение к домашнему семейному воспитанию сделала их гражданами и патриотами своей страны. Несмотря на религиозное образование, многие из них приняли новую Советскую власть и участвовали в ее установлении на территории Казахстана. Так, вышеуказанный Шариф Муса Углы Утюшев, ушел добровольцем в Красную Армию. Еще два его брата Хаким и Абдрахман также были активными борцами за Советскую власть. Хаким в составе Чапаевской дивизии освобождал Уральск от блокады, а Абдрахман сражался с басмачами.

В конце 20-х годов XX века Красная мечеть Уральска была закрыта, а в 1936 году снесен ее минарет. Но в настоящее время благодаря стараниям местного предпринимателя мечеть вновь восстановлена и продолжает выполнять свою историческую роль в духовном развитии мусульман Западного Казахстана [4, с. 26,82]. Таким образом, анализируя данные из книги Р.И. Нафигова «Наш Тукай новые страницы жизни поэта» мы можем сделать выводы о месте, времени существования, деятельности и роли в обществе мусульманских мектебов и медресе Уральска и Уральской области, в частности о существовании медресе в Уральске, Бударино и Кушуме. О существовании второй мечети свидетельствуют архивные данные и данные периодической прессы. Так, на основании архивных данных ГАЗКО, фонда губернской администрации, автор статьи «Уральской мусульманской мечети-100 лет». Сообщает, что одна из мечетей Уральска была построена в 1871 году, она была расположена по улице Царицино, впоследствии названная улицей Сталина, а с 1958 года 8-ого Марта. С 1908 года муллой мечети был Талбаев Мухамед-Гариф Рахим. Следующая мечеть города Уральска находилась по улице Трудовая 52, затем переименованную на улицу Рабочая. Построена она была в 1891 году. Муллами мечети в 1898 году был Кабиболла, а с 1901 года Гайнет. В 1929 году мусульманское образование в этой мечети получили 263 человека, из них 94 женщины [5, с. 3-4]. Наравне с показаниями источников, подлинных документов того времени, о котором историческое исследование, воспоминания и письма участников и очевидцев прошлых событий – лучшее подспорье для того, чтобы узнать историю подробнее. Поэтому мы в своем исследовании использовали рассказы и воспоминания старожил.

Современники отмечали существование школ в каждом мусульманском ауле. Об этом же пишет и Ж.К. Касымбаев в своих исследованиях он указывает на то, что «практически в каждом ауле при мечети существовала религиозная школа» [6]. Так по воспоминаниям старожилы Западно-Казахстанской области Мухамбеткалиева Канапии, известна мечеть поселка Аксая Бурлинского района. Муллами мечети были Курмангали, а затем его сыновья Мутыголла и Камидолла. Большая роль, говорит Мухамбеткалиев Канапия, в распространении мусульманского образования принадлежала волостному кердеринского рода Рыскалиеву Султангали. Им было построено 3 мечети: Первая «Красная мечеть» на территории Теректинского района Западно-Казахстанской области, в советский период переименованная в «Красную школу». Вторая мечеть построена в местности «Даниль коль» (2-ое отделение колхоза «Ленина») Бурлинского района Западно-Казахстанской области, третья мечеть в поселке Ак-кудык (в настоящее время поселок Новопавловка) Теректинского района Западно-Казахстанской области. Данные о развитии

мусульманского обучения в Джангалинском районе Западно-Казахстанской области, узнаем по рассказам старожилы Жумази Есенгалиевой. В настоящее время, Жумази Есенгалиевой за 90 лет она имеет семерых детей, целительница. Один из ее сыновей Ержан Балгазиев, в настоящее время, мулла поселка Копжасар Джангалинского района. Итак, Жумази Есенгалиева вспоминает, что в Джангалинском районе Западно-Казахстанской области в местности Акбалшық грамоте детей обучал мулла Ақбас (примерно в 1904-1914 годах). Он был высокого роста, одной ногой прихрамывал, с учениками был строг. Он учил детей, приговаривая: «Сіз деңіз, біз деңіз мені Ақбас молда деңіз». «Вы говорите, мы говорите. Меня Ақбас молда назовите». А в отделении Коктау поселка Жанаталап в местности Игілік проживал «Отеген қожа». Он построил мечеть и обучал детей мусульманской грамоте. По пятницам со всех концов сюда съезжались люди для получения благословения. «Отеген қожа» был святым человеком, лечил людей. В честь «Отеген қожа» Жумази Есенгали кызы впоследствии воздвигнула памятник (бейт). В Калмыково, обучал мусульманской грамоте Арыстан ата он объезжал аулы на двухколесной арбе. По внешнему виду Арыстан ата был среднего роста, скуластый. Имел двух жен по имени Жәтиса и Ардак. Часто приезжал в дом Жумази Есенгалиқызы, так как был другом ее отца. На сегодняшний день сохранился дом, в котором хранятся чапан, колпак, Арыстан ата, его ковер, коран и другие личные вещи. Сельчане считают этот дом священным и приходят в него, как в мечеть.

Из воспоминаний старого учителя Жолдығали Ербатырова, который был учителем затем директором Каратобинской школы Западно-Казахстанской области, получаем сведения об образовательной деятельности мечети Даулетияр ишана, Красной мечети Абдрахман ишана волости Соналы. Он же констатирует факт о том, что данные религиозные здания в 20-годы XX века были разрушены Советским правительством, а материалы использованы для строительства советских школ [7, с. 7]. Также, выпускаемая ежегодно «Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1900 год» в разделе «Учреждения и личности» информирует читателя о деятельности медресе в ауле №10 волости Жаксыбай Каратобинского района. Сообщается, что хазыретом данного медресе был Ахон Мухамбетьяр улы Досалиев [8, с. 313].

Таким образом образование в мусульманских мектебах и медресе, было довольно насыщенным и вполне соответствовало требованиям того времени. Многие выдающиеся деятели Западного Казахстана начальный этап образования получили именно в мусульманских образовательных учреждениях. Среди них Халел и Жаханша Досмухамедовы, Гумар Караш и Мурат Монкеулы, Нугман Манаев, Аяпберген Науанов, Хасан Нурмухамбетов, выходцы из Бокей Орды Габдулгазиз и Махмуд Мусагалиевы и многие другие. Велико значение мусульманских школ в вопросах воспитания, обучению ее этическим нормам взаимоотношений, в приобщении молодого поколения к национальной истории. Подтверждением этого является деятельность мусульманских мектебов и медресе на территории Западно-Казахстанской области как «Ракыйбия», «Гайния» и «Мутыйгия», такие же мусульманские школы были и в Гурьевской (Атырауской) и Актюбинских областях. Однако, поощрение развития мусульманских учебных заведений не входило в планы национальной политики как царского правительства, так и в советский период в планы большевиков. Царское правительство приняло ряд мер, которые отрицательно сказались на деятельности как новометодных, так старометодных мусульманских учебных заведений. В частности, был осуществлен полицейский надзор за деятельностью школ, требовалось особое разрешение для открытия мусульманских образовательных учреждений, строго регулировался и учебный процесс, особый надзор был за учебными книгами. Следующим шагом стало учреждение при мектебах и медресе стали русских классов.

Если российское правительство на начальном этапе развития понимало важность просвещения нерусских народов и поддерживало существование мусульманских школ, хотя считало, что это должно осуществляться неразрывно с русским населением. То на последующих этапах оно перешло к политике противодействия. Царские чиновники стали негативно относиться к мусульманским школам. От политики лобирования перешли к политике противодействия. Над мусульманскими школами был осуществлен полицейский надзор, и шел активный процесс руссификации мусульманских мектебов и медресе. Но преследование мусульманского образования приводило лишь к ее дальнейшему развитию.

Список использованной литературы:

1. *История Казахстана с древнейших времен до наших дней.* - Алматы: Атамұра, 2000. - Т.3. - 765 с.
2. *Садвакасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX - начало XX веков).* - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 345 с.;

3. Государственный архив Оренбургской области. - Ф. 6, Оп. 10, Д. 6882.
4. Нафигов Р.И. Наш Тукай новые страницы жизни поэта. – Казань: Фикер, 1998. – 168 с.
5. Жуматалиев Е. Оралдағы мұсылмандар мешітіне - 100 жыл //«Жайық үні». – 1997, қазан - 30. - № 40. - С. 3-4.
6. Касымбаев Ж.К. Были ли мектебы и медресе очагами суеверия и фанатизма? //Вечерняя Алма-Ата. – 1991, май - 31.
7. Хасанов Қ. Өнегелі өмір иесі. - Орал, 2009. - 75 б.
8. Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1900 год. - Уральск, 1901. – 313 с.

ӘОЖ: 94(574)
ГРНТИ 03.01.21

Тапалова А.А.¹

¹Абай ат.ҚазҰПУ, «Тарих және Құқық» институтының докторанты
Алматы қ., Қазақстан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕП ҚАЙТА ҚҰРУДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ

Аңдатпа

1941 жылы Фашистік Германия КСРО-ға басып кірген кезде оған қарсы бүкіл кеңес халқы біртұтас майдан құрды. Әсіресе еркектердік басым бөлігі майданға аттанғандықтан тылдағы ауыртыпалықтың бәрі қыз-келіншектердің мойнына түсті. Өндіріс орындарында өз әкелері мен ағаларының және күйеулерінің орнын алмастырған кеңес әйелдері тракторлар мен комбайндарға отырып, заводтарда станоктарды игерген әйелдер ерліктің ерекше үлгісін көрсетті. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысындағы қыз-келіншектер соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өнеркәсіптік және түрлі шаруашылық міндеттерді абыроймен орындап, қажырлы да жанкешті еңбектерімен майданға жан – жақты көмек көрсетуге ұмтылды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Батыс Қазақстандағы қыз-келіншектердің халық шаруашылығындағы еңбектерін ашып көрсету сол кездегі өлкедегі әйелдердің күнделікті өмірінің ерекшеліктерін терең аңғаруға өз септігін тигізеді. Сондықтан қарастырылып отырған тақырыпты тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған деуге негіз бар.

Кілт сөздер: Отан соғысы. Майдан. Кеңес Одағы. Қыз-келіншектер. Колхоз. Совхоз. Зауыт. Фабрика.

А.А.Тапалова¹

¹докторант институт «Истории и Права», КазНПУ им.Абая г.Алматы, Казахстан

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ ЖЕНЩИН ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ И ИХ РОЛЬ В ПРЕОБРАЗОВАНИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА В УСЛОВИЯХ ВОЙНЫ

Аннотация

Когда фашистская Германия вторглась в СССР в 1941 году, весь советский народ стал единым фронтом. Тем более, что большинство мужчин ушли на фронт, вся тяжелая ноша легла на хрупкие женщины плечи. Советские женщины, которые заменили своих отцов, братьев и мужей на производственных объектах, продемонстрировали уникальный пример мужества, которые работали на тракторах и комбайнах, у станков на заводах и фабриках. Женщины Западно-Казахстанской области с первых дней войны, выполняя производственные и различные экономические задачи своими усилиями стремились оказать полную поддержку фронту. Изучение роли женщин Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны способствуют более глубокому пониманию особенностей повседневной жизни женщин. Поэтому изучение данного вопроса считается одним из актуальных вопросов исторической науки.

Ключевые слова: Отечественная война. Фронт. Советский Союз. Женщины. Колхоз. Совхоз. Завод. Фабрика.

Tapalova A.A.¹

¹Abay KazNPU, PhD student of History and Law Institute Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF WOMEN AND DAILY LIFE IN THE TRANSFORMATION OF THE PEOPLE'S ECONOMY UNDER CONDITIONS OF WAR IN THE WEST-KAZAKHSTAN REGION

Abstract

In 1941, when fascist Germany invaded the USSR, the entire Soviet people created a united front against it. Due to the fact that most of the men went to the front most of the burden in the rear were placed on the shoulders of women. Soviet women, replacing their fathers, brothers and husbands at production facilities, mastering tractors and combines, demonstrated a special example of courage. Soviet women, replacing their fathers, brothers and husbands at production facilities, mastering tractors and combines, demonstrated a special example of courage. In particular, women of the West Kazakhstan region from the first days of war with honor carried out industrial and various economic tasks, sought to help the front with their selfless work. To reveal women's work in the national economy in the Western Kazakhstan during the great Patriotic war will contribute to deeply understand the features of the daily life of women at that time in the region. In this regard, we believe that the topic under consideration is one of the urgent problems in historical science.

Key words: Patriotic War. Front. Soviet Union. Women. Collective farm. State farm. Plant. Factory.

Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ Фашистік Германия КСРО-ның маңызды экономикалық өңірлері болып саналатын Украина, Прибалтика, Белоруссия, Молдова мен Ресейдің бір бөлігін тартып алады. Соның нәтижесінде Кеңестік басшылық жауға қарсы табанды қарсылық көрсету үшін елдің барлық күш-қуатын біртұтас әскери лагерьге айналдыруға ұмтылды. Әсіресе тылдағы экономиканы соғыс жағдайына лайықтап қайта құруды ең басты мәселеге айналдырды. Өйткені майданға негізінен халықтың ең жас та, еңбекке қабілетті бөлігі кеткендіктен 1941 жылдың маусым айынан жылдың соңына дейін халық шаруашылығында жұмыс жасағандардың саны 31,8 миллионнан 22,8 миллион адамға дейін азайып кетеді де, тылдағы жұмыс күшіне орасан зор тапшылық туады [1, с.108.]. Өз кезегінде бұл мәселені дер уақытында шешпесе онда ол КСРО-ның алып экономикасын күйретіп жіберуі әбден мүмкін еді. Сондықтан Кеңес басшылығы ерлердің басым бөлігі майданға кетіп, тылда негізінен әйелдер қауымы қалатындықтан экономиканы қайта құрудағы басты рөлді осы әйелдер атқаратынын соғыс басталған күннен-ақ жақсы түсінді. Оны соғыстың алғашқы күні 22 маусымда-ақ КСРО ХКК Төрағасының орынбасары В.М. Молотовтың радио арқылы таратқан мәлімдемесіндегі «еліміздің барша халқы, соның ішінде әйелдер Қызыл Армия мен флоттың және авиацияның барлық мұқтажын қамтамасыз ету үшін өз еңбектеріне ерекше саналылықпен қарайды» деген сөздері тылдағы экономиканы жасақтаудағы бүкіл ауыртпалықты тікелей әйелдер көтеретінін меңзегеннен көре аламыз [2]. Көп уақыт өтпей-ақ В.М. Молотовтың мәлімдемесінің негізінде Кеңес Одағының басты газеті «Правда» 1941 жылдың 29 маусымдағы санында, - «Әйелдер 200 миллионнан астам халқымыздың жартысын құрайды, Отан соғысында әрбір отансүйгіш әйелдің өз күшіне лайықты іс табуы жоспарлы түрде ұйымдастырылуы тиіс, ондай істер үшін мүмкіндіктер мол», - деп әйелдердің соғысқа бейімделген экономикадағы міндеттері мен мақсаттарын тура көрсетіп берсе, 1941 жылдың 6 қарашасында Қазан төңкерісінің 24 жылдығына арналған салтанатты жиында КСРО басшысы И.В. Сталин, - «...Біздің жұмысшыларымыз бен қызметкерлеріміз, ерлер мен әйелдер кәсіпорындарда бел шешпестен жұмыс жасаулары қажет, майданға танктер, танкке қарсы атқыштар мен қару – жарактар түрлерін, ұшақтар, минометтер, пулеметтер, винтовкалар, оқтарды анағұрлым көбірек берулері қажет. Біздің колхозшылар, ерлер мен әйелдер егін далаларында екпінді еңбек етіп, майдан мен кәсіпорындарды шикізатпен, астықпен, ет өнімдерімен қамтамасыз етулері тиіс», - деп КСРО-ның біріншісі басшысы ретінде түпкілікті түрде өз нұсқауын береді [3, с.35.]. И.В. Сталиннің осындай нұсқауын басшылыққа алған Кеңес басшылығы елдің экономикасын соғыс жағдайына негіздеп қайта құруда мәлімдемелер таратып, өз нұсқауларын берумен шектеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар, азамат соғысы мен 20-30 жылдары қолданылған қатал әдістерді одан әрі кеңінен қолданысқа енгізіп, тылдағы еңбекшілерге жұмыстан жалтарғандары үшін төтенше шараларды қолдануға көшеді. Атап айтқанда 1941 жылдың 26 маусымында «Жұмысшылар мен қызметкерлердің соғыс кезіндегі жұмыс уақытының тәртібі туралы» және сол жылдың 26 желтоқсанында «Әскери өнеркәсіп кәсіпорындары жұмысшылары мен қызметкерлерінің кәсіпорындарды өз еріктерімен тастап кеткендері үшін жауапкершіліктері туралы» КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының жарлықтары қабылданып, еңбек демалыстары мен демалыс күндері доғарылып,

қосымша жұмыстар енгізіледі. Осындай қатал заңдардың кейін жаппай еңбек мобилизациясы күшіне еніп, кәсіпорындарды өз еріктерімен тастап кеткендер қатал қылмыстық жауапкершіліктерге тартылды. Колхоздар мен совхоздарда, өнеркәсіп орындары мен теміржол салаларында саяси бөлімдер қалпына келтірілді. Жоғары Кеңесі Президиумының «Соғыс кезеңінде еңбекке қабілетті тұрғындарды өндіріс пен құрылыста жұмысқа жұмылдыру туралы» Жарлығына сәйкес 16 мен 45 жас аралығындағы қыз – келіншектердің барлығы міндетті еңбекке жұмылдыруға жатты, одан бас тартқандарға қылмыстық істер қозғалды. Ал 1942 жылдың қыркүйек айынан бастап, еңбекке жұмылдырылған қыз-келіншектердің жасы 50 жасқа дейін көтеріліп, жұмыстан жалтарушыларды еңбекпен түзету жұмыстарына жіберілді. [4, с.68-70.]. Осылайша соғыс жағдайы Кеңес басшылығына барлық саяси көпшілік жұмыстарды түбегейлі өзгертуге және қатал тәртіп орнатуға итермеледі. Жасап жатқан жанқиярлық еңбегінің жауды жеңуде зор көмек екендігін жақсы түсінген Кеңес әйелдерінің басым көпшілігі мұны оң қабылдап, 1941 жылдың маусым айынан бастап күндіз түні тынбастан жұмыстарды жасады. Уақытымен ас ішпей, демалыс дегенді мүлдем ұмытқан әйелдер ерлерінің, қыздары мен қарындастары станоктардағы әке, ағаларын ауыстырды. 1941 жылы 29 маусымда партия мен кеңес ұйымдарына және бүкіл халыққа арнайы Директива қабылдаған БКП (б) ОК мен КСРО ХКК «немқұрайлық пен жалқаулықты толықтай жою қажет, біздің барлық ұйымдарымызды және халықтың барлық қуатын жауды күйретуге жұмылдыруымыз қажет» деген ұран тастайды. Осы ұранның аясында тұтас кеңес халқы, соның ішінде Батыс Қазақстан еңбекшілерінің ұжымдары да көптеген митингілер ұйымдастырып, үкіметтің қандай да болса тапсырмаларын орындауға әрқашанда дайын екендігін білдіріп, «өздерінің қаһарлы дауысын барлық Кеңес халқының дауысына қосады». Әсіресе оған ерекше үн қосқан Орал облысындағы колхозшы әйелдері: «Енді, бізге, әйелдерге бұрынғыдан да көп, бұрынғыдан да жақсы жұмыс жасау қажет», - деп мәлімдеме таратады [5]. Осындай үндеулердің негізінде Ұлы Отан соғысының алғашқы күні-ақ Батыс Қазақстан облысының аудандық партия комитеттерінің барлық активтері жиналып майданға көмектесу үшін тылдағы еңбекті шебер ұйымдастыру мақсатында штабтар жасақтайды. Олардың күшімен кезінде тек бейбіт мақсатқа бейімделген тылдағы экономика соғыстың мүддесіне сай қайта құрылады. Батыс Қазақстандағы шаруашылық қатынастары да осы үрдістің жүйесіне толығымен енгізіліп, ал облыстағы қыз-келіншектер соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өнеркәсіптік және түрлі шаруашылық міндеттерді абыроймен орындап, қажырлы да жанкешті еңбектерімен майданға жан – жақты көмек көрсетуге ұмтылды. Облыс басшыларының жоғарыға жіберген мәлімдемелерінде өндіріс орындары «ең бірінші кезекте әйелдермен толығуда» екендігін үнемі атап тұрған. Солардың күшімен 1941 жылдың маусым-шілде айларында-ақ майдандағы әскерге азық-түлік өнімдерін шығару үшін облыс аудандарындағы өндіріс комбинаттарының 7-і жаңадан және 4-і қайтадан құрылып, ол өндіріс орындарында тіпті кейін 7 шұжық, 3 сабын қайнату, 5 столяр, 7 темекі фабрикасы, 8 булочка-кондитерлік, 3 киім және аяқ-киім тігетін орындары сияқты жаңа цехтар ашылып өз өнімдерін берген. Сол жылы әйелдердің күшімен облыс 37 тонна шұжық, 868 гектолитр алкогольсыз сусындар, 12 центнер шаруашылық сабының өндіреді. Осы өнімдерді беруде әйелдердің ұжымдары 1941 жылдың маусымнан бастап-ақ жұмыс күндерін күнделікті уақыттан 2-3 сағатқа өсіріп қана қоймай, демалыс күндері мен қосымша ауысымда да жұмыс жасауға көшеді. Еркектерге тән жұмыстарға араласқан облыс әйелдері соғыс басталған бойда арба жасайтын өндірісті жолға қоюдан бастап, жылдың аяғына дейін 216 фургон және 269 шана шығарады. Облыстағы қыз-келіншектер 1941 жылы жиһаз жасайтын фабриканың ішінен шырпы жасайтын цехты да іске қосады [6].

Орал мия зауытының емдік сығынды цехының әйелдер ұжымы да өте қарқынды жұмыстар атқарады. «Отан ана қанша сұраса, сонша өнім беру керек» деген ұранның аясында ортақ мақсатқа жұмыс жасаған бұл цехтың әйел жұмысшылары күннен күнге өнімділікті арттыру арқылы жоспарды артығымен орындап, сегіз айға белгіленген жоспарды 112 пайызға жеткізіп тастаған. Алайда әйелдердің күш-қуатын барынша пайдаланғысы келген басшылық бұл табысты азсынып, тамыз айында жоспарды тағы да 17 пайызға көбейтеді. Басшылықтың асыра сілтеуіне мойынсұмаған әйелдер жоспарды тағы да артығымен жүзеге асырған. Мәселен, И. Козлова күндізгі жоспар бойынша орындайтын мөлшерді 150 пайызға дейін жеткізсе, А.Косарева болса басқа комсомолдарды ұйымдастырып шығарылып жатқан өнімдердің сапасына деген бақылауды күшейтуге, өндірісті жылдамдатуға күш. Бұл зауыттағы жұмыстың бәрі әйелдердің күшімен атқарылғаны соншалықты ерлердің Қызыл Армия қатарына кеткендіктен агрегаттардың бәрін әйелдер жүргізген. Тіпті әйелдер екі ауысымда да жұмыс істеп, оны табысты атқарған. Жүйелі түрде жоспарды артығымен орындауда ерекше табандылық танытқан Е. Рытова, Т. Елисеева, А. Маслова және тағы басқалары жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. Әсіресе күйеуі соғысқа кеткендіктен оның орнына вакуум аппаратының ауа сорғыш машинисі қызметін атқаратын А.

Маслова және вакуумшы Кузнецова арнайы техникалық білімдері жоқ болса да вакуум-сорғышқа, сальниктерды тығындау, белдіктерді тігу және тағы басқа аппараттарға жөндеу жұмыстарын жүргізген. Бұдан басқа зауыттағы әйелдер өндірісті дұрыс жолға қою арқылы энергия шығынын азайтуға қол жеткізген. Егер шілдеде сығынды өнімдерін шығаруға 223 сағат жұмсаса, тамызда одан көп өнімді дайындауға 144 машина сағат жұмсаған. Зауытта қорғаныс жұмыстары да жақсы жолға қойылып, барлық әйелдер әуе шабуылына қарсы қорғаныс нормаларын тапсырған [7].

Отан соғысының қажеттілігі үшін тылдағы шаруашылықтың барлық салаларын әйелдердың күшімен бейімдеп қайта құрған бастауыш партия, комсомол ұйымдары Батыс Қазақстан облысының аумағына жау басып алған аудандардан көшірілген өндіріс орындарына басты назар аударған. Оларды орналастыру және іске қосуда тікелей әйелдердің күшін пайдаланған. Әсіресе Орал қаласына көшірілген Усмань механикалық зауытын қалпына келтіруде амалдың жоқтығынан әйелдер атқарған [8, 126-127 пп.]. 1941 жылы қыркүйек айының басында облысқа көшіріліп, жергілікті «Красный Октябрь» фабрикасына қосылған Киевтің жүн басу фабрикасына да астық дайындау мекемесінің №№47, 48,49 ыдыс базасының ғимараттары мен №41, 42, 43, 44, 45 қоймалары бөлінген [9, 333 п.]. Фабрикада жұмыс істейтін әрбір әйел коммунист пен комсомолдың алдына күнделікті өнім өндіру нормасын беруге және ауысым сайын 2-3 норманы жүзеге асыру тапсырылған кезде майданға жылы киім тігетін цехтың жұмысшы әйелдері Жукова, Нұғманова, Четверова, Пиунова, Березняк, Құлықова, Лещевова және Ахмеджанова майданның тапсырысын артығымен орындау үшін өзара социалистік жарысқа түсіп, өз міндеттерін орындап шығады [10, 1-3 пп.]. Бейбіт күндері көркем тігінді мен тоқыма өнімдерін шығарып келген Орал қаласындағы «8 март» атындағы артельде соғыс басталысымен өнімдерін майданның мүддесіне сай бейімдеп, жауынгерлерге арнап түрлі әскери киімдер тігуге көшкен болатын. Мұнда да жұмыс қызу жүргені соншалықты осы артельдің мүшелері Назарова, Родина, Павленко, Павлова, Тюлкина, Шиногиналар деген тігіншілер бекітілген нормаларды 200 пайыздан асырып тастаған [11].

Майданға шақырылған ерлердің, соның ішінде әке мен күйеулерінің, ағалары мен інілерінің орнын басып, ерлерге ғана тән мамандықтарды меңгеру кеңестік қыз-келіншектердің дәстүрлеріне айналды. Орал қаласында орналасқан В.М. Молотов атындағы заводта жұмыс істейтін әйел жұмысшыларының жиналысы болып, заводтың партбюросының хатшысы Шестакова соғыс кезіндегі әйелдердің міндеттері туралы баяндама жасайды. «Біздің елде әйелдердің - деді Шестакова, - алатын орны ерекше. Әйелдер социалистік құрылыс құру ісіне белсенді түрде қатынасты. Өндіріс кәсібі мен ауыл шаруашылығында еткен данқты еңбектері үшін Кеңес Одағының ордендері мен медалдарын алған. Герман фашистері өзінің өлер шағына жеткенін біліп, жер басып жүруіне мүмкіншілігі қалмағанын сезіп совет еліне тап берді. Фашист төбеттерінің шабуылына қарсы совет елінің құралған күші сап түзеп майданға шықты. Көп ұлтты совет халқы отан соғысына аттанды. Еліміз соғыс халында отырғанда әйелдерге ардақты міндет жүктелді. Әйелдер өндірістің барлық техникасын игеруге, әскерге баратындардың орнын толықтыруға тиіс». Сонымен қатар жиналыста Решетника шығып былай дейді: «Отан соғысының кезінде майдан мен тылдағы міндеттің арасында айырма болмайды. Біздер - әйелдер бұны жақсы білеміз.. Менің ерім осы өндірісте жұмыс істеп жүріп кезекті шақырумен әскерге кетті. Ол отанды қасық қаны қалғанша қорғаймын деп аттанды. Мен социалистік революцияның әйелдерге алып берген алтын құқығына ешқандай шек келтірмеу үшін қызмет атқарамын. Шофер мамандығын үйрендім». Одан кейін сөз алған Маслова мен Кузнецовада қазіргі білетін мамандықтарына қоса машинистка болып шығамыз деп уәделерін береді [12]. «Красный Октябрь» фабрикасында жұмыс істейтін механик Мошкин Қызыл әскердің қатарына алынған соң фабриканың кеңсесінде қызмет атқаратын оның әйелі Анастасия Мошкина «өндірісте қолдап жұмыс жасаймын, адам жетпей жатқанда цифр тізіп, есеп шот соғып конторда отыруды орынсыз деп санаймын» деп өз еркімен фабриканың цехына ауысуға өтініш береді. Өтініші қабылданған соң ол берілген жоспарды 120 пайызға жеткізген. Мұнымен қатар фабрикада Крайна, Гутереда деген әйелдер слесарлықты игерсе, Қиязова электромонтрлікті үйреніп, ер адамдардың мамандығын атқарған [13]. Ауылдық жерлерде әйелдер механизатор мамандар қатарын толықтырудың бірден – бір көзі болды. 1941 жылдың 13 тамызында «Правда» газеті бас мақаласында, - «кеңес әйелдерінің трактор, комбайн, автомобиль жүргізушілері болуларына толық қолдау көрсетуге», - шақырды. КСРО-ның атақты тракторист әйелдері П. Ангелина, П. Ковардак, А. Кирюшина және т.б. «Әйелдер – машина тізгінін ұстандар» ұраны колхозшы әйелдерге зор ықпал жасады. Олар отан үшін пайдалы, әрі күрделі салалардың бірі машина-механизмді игеруді басты міндет ретінде санады және әйелдердің отансүйгіштік қозғалыстары «Әйелі ерінің орнына, қарындасы ағасының орнына» ұранның негізінде дамып, өздеріне тән емес ер адам кәсіптерін атқару арқылы нағыз еңбек ерлеріне айналды.

Мәселен, Казталовка ауданында МТС-та 1941 жылы 75 тракторшының 50-і әйел, 42 комбайншының 36-сі әйелді құраса, сол МТС-тің жанынан ашылған курста оқып жатқан 50 адамның 45-і әйел болған [14].

Жәнібек ауданының колхоздарында да көптеген әйелдер тракторист мамандығына даярланып, 20 колхоздың жанынан 223 жас әйелдер мен қыздар колхоз өндірісінен қол үзбестен трактордың оқуын оқыған. Осы мақсатпен «Ленин жолы» совхозында 25 қыз-келіншек тракторды жылдамдатылған әдіспен үйренген. Тракторды жақсы меңгеріп жатқандардың ішінде Шабарова, Байдақова, Қайрошова және тағы басқалары тракторды игеріп қана қоймай соғыс өнеріне де аса көңіл қойған [15]. «Ленин жолынан» басқа «Ұмтыл», «Коминтерн», «Крупская», «Сталин» атындағы совхоздар мен колхоздарда жас әйел, қыздардан 42 адам өндірістен қол үзбей жүріп, трактор курстарында оқып, тракторшы болып шықты. Бұлардың ішінде, «Ұмтыл» колхозынан Шугунова, Төпешева, Шурзина, «Крупская» колхоздан Есентаева, Қойшекенова, Киресова оқуды «өте жақсы», «жақсы» деген бағамен тапсырған. Сондай-ақ, МТС жанынан комбайншылар даярлайтын қысқа мерзімді курс ашылып, онда жас әйел, қыздардан 20 адам оқып, бұларда курсты бітіріп, колхоздарға комбайншы және комбайншының жәрдемшісі қызметтерін атқарады. Мұнда да Айдыналиева, Камарова және Алымсақова сияқты қыздар оқуға көңіл қойғандар қатарынан табылған. [16].

Ал Бөрілі ауданында егінді жинау кезінде және күзгі далалық жұмысты еркектердің орнын толығымен әйелдер алмастырған. Атап айтқанда Бөрілі МТС-тың аға механигі Скобелкин майданға кетісімен оның орнына әйелі комбайнға отырып, өзі сияқты басқа да комбайншы әйелдермен бірге 845 гектар бидайды жинаған. Валентина Друз деген әйел ағасы соғысқа кетісімен механизаторлар дайындайтын курсты аяқтаған бойда комбайнға отырып 400 гектар бидайды орып алады. Бұдан басқа Бөрілі кеңшарларында Надежда Калашникова мен Анна Котельникова комбайндарымен әрқайсысы 300-ден аса гектар бидайды орған. Бұдан басқа күйеулері майданға кеткен соң оның әйелдері Голованова, Багайдина, Фиклистова, Маданова, Качасова және тағы басқалары комбайндар мен тракторларға отырған. Жалпы алғанда мемлекеттік жоспарды орындау үшін ауданда 53 комбайншы және 103 тракторшы әйел дайындықтан өткен. Ленин және Чапаев атындағы ұжымшардың төрағалары да басым бөлігі қыздар болып табылатын жастардың арасынан ең үздік деген колхозшыларды тандап механизаторлары курсына жіберген. Дегенмен егінді уақытында жинап алуды ойламай механизаторлар курсына жастарды жібермеген колхоздарда болған. Мәселен Буденный колхозында тіпті қыз-келіншектер күшінің өзі жетіспегендіктен егінді жинап алу ұзаққа созылғандықтан механизаторлық курсқа ешкімді жібере алмаған [17]. Бұдан басқа 1941 жылы соғыс басталып еркектердің көпшілігі майданға кеткендіктен колхоздағы әйелдер олардың орнын басып ешқандай оқусыз комбайн, тракторларды жүргізушілер де табылған. Мәселен, «Красный Урал» колхозында Москаленко Антонина өз бетімен трактор жүргізуді үйренсе, Сумцова, Смолина және Глоба өз еріктерімен комбайншілердің қатарын толықтырған. Шыңғырлау ауданындағы Сұлукөл МТС-ғы тракторшылар дайындайтын курста да 75 адам оқыса, оның 57-сі әйелдер құраған. Солардың ішінде Гулсова, Төлепбергенова деген қыздар оқуда үздік көрсеткіштер көрсеткен [18]. Сондықтан, үрдісті жалпы талдау барысында ерекше «әйелдер» қиындықтары мен мәселелерін де ескеру қажет. Мысалы, соғыс кезінде көптеген тракторист әйелдер отбасының жалғыз асыраушысы еді, яғни олардың қамқорлығында қарттар мен жас балалар болды. Олардың көпшілігіне оқуға уақыт табу қиын болды. Әйелдерді механизатор мамандығына оқытудың қиындықтарына бірқатар тарихшылар назар аударды. Ю.В. Арутюнян өз монографиясында былайша жазды, - «Әйелдер арасынан ауылшаруашылығына қажетті білікті мамандар даярлау ісінде бірқатар қиындықтар болды. Оқыту колхозда, МТС-та емес арнайы мектептерде жүрді. Ерлері әскер қатарына шақырылып, отбасының бар жүгі өз мойындарына түскен әйелдер үшін, аз уақытқа болса да, балаларынан жырақтап кету, әрине қиынға соқты» [19, с.112.].

Осылайша, Ұлы Отан соғысы жылдарында әйелдер ер адамдарға тән ауыр кәсіптерді игеру арқылы еңбектегі ерліктерінің жарқын беттерін жасақтады. Батыс Қазақстан облысындағы әйелдердің Ұлы Отан соғысы жылдарында жасаған еңбектерінің жоғары көрсеткіштерге жетуінің ең басты себебі соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ оларда отансүйгіштік сезімдері зор сипат алды. Бұл, бір жағынан өз отбасы мен Отанын қорғауға деген ғасырлық сезімдерінің куәсі болса, екінші жағынан кеңес билігі жылдарындағы жүргізілген идеологиялық жұмыстардың нәтижесінен туындады. Сондықтан Кеңес елінде тарихта бұрын – сонды болмаған көлемде әйелдерді еңбекке тарту үрдісі басталды. Жалпы алғанда, әйелдерді қоғамдық өндіріске жаппай тарту үрдісі көлемі жағынан да, құрылымы жағынан да өте күрделі сатылардан тұрды. Оның ішінде, еңбекші әйелдердің отансүйгіштік қозғалыстары да, қоғамдық ұйымдар тарапынан қолдау да, зорлап еңбекке жұмылдыру да, қатал жұмыс тәртібі де, мақсатты бағытталған идеологиялық жұмыс та, жұмыстас құрбыларының арасындағы жарыстар да кірді. Әйелдер соғыс кезінде өздерін лайықты көрсете білді, өздерінің қаншалықты істерге қабілетті екендіктерін айқын дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Вознесенский Н.А. Военная экономика СССР в период Отечественной войны. - Москва: Госполитиздат, 1948. - 192 с.
- 2 КСРО ХКК Председательнің орынбасары және Сыртқы істер Халық комиссары В.М.Молотов жолдастың радио арқылы сөйлеген сөзі // Коммунист, 1941. 27 маусым.
- 3 Сталин И.В. О Великой Отечественной войне Советского Союза. - М., 1947. - 207 с.
- 4 Коммунистическая партия в Великой Отечественной войне. - Москва: Воениздат, 1958. - 238 с.
- 5 Екпінді құрылыс, 1941. - 24 маусым
- 6 Пороскурин П. Усиленно развивать местную промышленность // Приуральская правда, 1942. - 9 января
- 7 Приуральская правда, 1941. - 5 сентября
- 8 БҚОММ, 37-қ., 11-т., 6-іс.
- 9 БҚОММ, 37-қ., 10-т., 20 іс.
- 10 БҚОММ, 37-қ., 10-т., 22-іс.
- 11 Шлионская Е. Будем усиленно работать для фронта // Приуральская правда, 1942. - 16 января.
- 12 Чапурин М. Патриоткалар қосымша мамандық меңгереді // Екпінді құрылыс, 1941. - 6 шілде.
- 13 Глебов Н. Патриоткалардың тілегі мен ісі // Екпінді құрылыс, 1941. - 25 шілде.
- 14 Трякин А. Растут механизаторские кадры // Приуральская правда, 1942. - 23 января.
- 15 Ерлердің професиясын меңгеруде // Екпінді құрылыс, 1941. - 31 тамыз.
- 16 Бердешев О. Жас әйел, қыздардан тракторшы, комбайншылар даярланып жатыр // Коммунист, 1941. - 31 шілде.
- 17 Егоров А. Готовит механизаторские кадры // Приуральская правда, 1942. - 10 января.
- 18 Лавриненко Я. В интересах фронта // Приуральская правда, 1942. - 1 января.
- 19 Арутюнян Ю.В. Советское крестьянство в годы Великой Отечественной войны. – Москва: АН СССР, 1963. - 459 с.

ӘОЖ 94(574)
ҒТАХР03.20

С.Б.Құрманалин¹

*¹т.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры
Орал қ., Қазақстан*

**ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСШІЛЕРДІҢ 1855 ЖЫЛҒЫ ПАТША
ЖАЗАЛАУШЫЛАРЫМЕН ШАЙҚАСТАРЫ**

Аңдатпа

Мақала отаршылдық жағдайдағы Қазақстанның батыс өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістердің бірінің тарихынан, нақтылап айтқанда Ресей империясының Қазақстанды күшпен қосып алуының аяқталуы жағдайындағы қазақ халқының қарулы күресі тарихынан мәлімет береді. Қазақ халқының Кенесары хан бастаған азаттық қозғалысы 1847 жылы аяқталғаннан кейін ұлттық тәуелсіздік үшін күрес туын батыр Есет Көтібарұлы көтеріп, ол бастаған көтеріліс он бір жылға созылғандығы белгілі. Бұл көтерілісті де империялық күш тоқтата алды. Бірақ қазақ халқының азаттық жолындағы дүркін-дүркін тұтанған көтерілістерін басу қиынға түсті, себебі көтерілісшілердің әскери қимылдары, ұстанған тактикалары, дипломатиялық шегіністері жазалаушылармен шайқастарда олардың лайықты табыстарға қол жеткізуіне әкелді. Осыған сәйкес мақалада он жылдан астам уақытқа созылған көтерілістің бір ғана жылындағы қазақ сарбаздарының патша жазалаушыларымен әскери қақтығыстары баяндалады.

Түйін сөздер: Есет батыр, күрес, көтеріліс, азаттық, билеуші сұлтандар, жазалаушылар, қазақ рулары.

С.Б.Курманалин¹

¹к.и.н., профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета
г.Уральск, Казахстан

СРАЖЕНИЯ ПОВСТАНЦЕВ ПОД ПРЕДВОДИТЕЛЬСТВОМ ЕСЕТА КОТИБАРУЛЫ ПРОТИВЦАРСКИХ КАРАТЕЛЕЙ В 1855 ГОДУ

Аннотация

В статье рассказывается об истории одной из национально-освободительных движений на западе Казахстана в колониальном периоде, в частности об истории вооруженной борьбы казахского народа, в то время когда Российская империя с силой присвоила себе Казахстан. В 1847 году после окончания освободительного движения казахского народа во главе с Кенесары ханом был поднят флаг борьбы за национальную независимость батыром ЕсетКотибарулы длиною одиннадцать лет. Имперская власть также смогла остановить это восстание. Однако, было трудно подавить ожесточенные подъемы восстания казахского народа, поскольку военные действия повстанцев, их тактика, дипломатические отступления привели к достижению ими достойных успехов в сражениях с карателями. В соответствии с этим в статье излагаются военные конфликты с царскими наказаниями казахских воинов в одном году восстания, длившемся более десяти лет.

Ключевые слова: Есет батыр, борьба, восстание, освобождение, султаны-правители, каратели, казахские роды.

S.B.Kurmanalin

*candidate of historical science, professor of West Kazakhstan innovational-technological University
Oral, Kazakhstan*

REBEL BATTLES HEADED BY ESET KOTIBARULY AGAINST THE TSARIST PUNISHERS IN 1855

Abstract

The article tells about the history of one of the national liberation movements in the west of Kazakhstan in the colonial period, in particular about the history of the armed struggle of the Kazakh people, at the time when the Russian Empire took over Kazakhstan with force. In 1847, after the end of the liberation movement of the Kazakh people, led by Kenesary Khan, the flag of the struggle for national independence was raised by the batyr Eset Kotibaruly, lasting eleven years. The imperial power was also able to stop this rebellion. However, it was difficult to suppress the fierce rise of the uprising of the Kazakh people, as the military actions of the rebels, their tactics, diplomatic retreat led to their achievement of worthy success in the battles with the punishers. In accordance with this, the article describes military conflicts with the tsarist punishments of Kazakh warriors in one year of the uprising, which lasted more than ten years.

Key words: Eset batyr, struggle, uprising, liberation, sultan-rulers, punishers, Kazakh generations.

Он жылға созылған Кенесары хан бастаған қазақ халқының азаттық қозғалысы патша үкіметінің Қазақстанды тез арада жаулап алуына зор кедергі болды. Бұл жағдай Ресейдің Орта Азияға бағытталған әскери қимылдарын жылдамдатуға итермеледі. Осындай жағдайда Қазақстанның оңтүстік-батыс өңіріне әскери тұрғыда бекіну патша үкіметінің бірінші кезектегі міндеті болып табылды да, бұл өңірдегі халық империяның соғыс күштерінің қыспағына түсті. Кіші жүз шекараларында және территорияға ішкерлей кіріп орналасқан бекіністер, ондағы тұрақты казак-орыс әскерлері қазақ елін тәуелсіздіктен айырудың бірден-бір құралы болды. Осы әскери қосындардың арқасында патша әкімшілігі қазақтарды тек қорқыту арқылы ғана өз ойлағандарын жүзеге асырып отырды. Бірақ қазақ көтерілісшілерінің қарулы қарсылығы Арал өңірінде, Жем бойында белгілі батыр Есет Көтібарұлының басшылығымен өз жалғасын тауып жатты. Әсіресе бұл көтерілістің барысы патша жазалаушыларымен күресте XIX ғасырдың 50-жылдарының ортасында қантөгісті сипат алды.

1855 жылдың көктемінде Есет өзіне қарсы іс-қимылды күтіп, қарулы күштерін жасақтай бастады және осы уақытта Орынбор әкімшілігіне Есет Көтібарұлы Жемнің жоғарғы жағындағы Құмжарған деген жерде жүр деген мәліметтер жетеді.

Бұл кезеңде Есеттің, көпшілігі Шекті, Табын, Адай руларының жігіттерінен құралған 2000-дай жауынгер жасағы болды [1, 21-24 pp.]. Сөйтіп, Есет өзінің көтерілісші әскерін шекаралық шептен шығады деп күтілген жазалаушы отрядтардың соққыларына тойтарыс беруге дайындап қана қоймай, ел жайлауға шыға қарулы қимылдарын өршіте түседі. Олар Кіші жүзде орнаған патша саясатына нұқсан келтіретін әрекеттердің кез-келгеніне батыл түрде барып отырды. Бұл жөнінде Орынбор Шекара Комиссиясы, "Есет Көгібаров пен Дәуіт Асауов бастаған бүлікшілердің қылмысты іс-әрекеттерінің нәтижесінде Зауралье даласындағы әртүрлі оқиғалардың жалпы саны өткен жылғыдан басым түсті. Сөйтіп, Орынбор ведомствосына қарасты қырғыз даласындағы маңызды оқиғалар мен қылмыстар ешбір бәсеңсімей, бұл аймақ сол күйінде қауіпті жағдайда қалып отыр"[2, 39-41 pp.], - деп жазды.

Орынбор генерал-губернаторы жанындағы жеке корпус штабының Есет Көгібарұлын ұстау және ол бастаған көтерілісті біржолата талқандау жөніндегі жоспары бойынша, бірінші бағытта Орта орданың билеуші сұлтаны подполковник Арыстан Жантөрин екі зеңбірегі бар 200 атты казактармен және 900-дей ел қазақтарымен Жем өзенінің бас жағынан шығуы тиіс, екінші бағытта Кіші жүздің Батыс бөлігінің басқарушысы подполковник Мұхамбетқали Тәукин де екі зеңбірегі бар 200 атты казактармен және сол шамалы ел қазақтарымен Жемнің орта тұсынан жүруі керек. Үшінші бағытта, Орал бекінісінің бастығы майор Михайлов осы бекіністен 200 адаммен шығады [1, 24-26 pp.].

Есет батырдың тым айлакерлігін, бұдан бұрын шыққан қуғыншы отрядтардың қолына талай рет түспей құтылып кеткендігін және еш мүмкіндіксіз тастүйін қоршауға түсіп, берілуге амалсыз мәжбүр бола тұрып, жалт беріп кететіндігін білетін жеке корпус штабы билеуші сұлтандар А.Жантөрин мен М.Тәукинге алдымен Есетті өздерінің беделдерін салып, айтқандарына көндіріп Орынборға алып келуге, тек оған көнбеген жағдайда ғана адам шығынымен санаспай күш жұмсап қалайда ұстауға бұйырады.

Жазалаушы отрядтардың негізгі бөлігін басқарған Арыстан Жантөрин Ор бекінісінен 140 шақырым жер жүргеннен кейін, маусым айының ортасында Елек өзенін жоғары өрлей Есенбай, Суықсу деген қоныстарға тоқтайды. Ал, Есет болса бұл кезде Есенбайдан 10-12 шақырым жердегі Көктөбедегі әкесі Көгібар батырдың зиратының жанына келіп қонған еді.

Сұлтан ордасы мен көтерілісшілер арасында бірнеше күн бойы келіссөз жүреді. Арыстан Жантөрин Есетке Жанқылыш руының биі Сәдірбай Байтөреұлы мен Назардың биі Жабас Жүсіпұлын жібереді. Бұлар Есетке "сені патша жазаламайды, қайта кешіріммен қарайды, қасындағы жасақтарды тарат, бітімге көш" деп шарт қояды. Бірақ Есет бұл айтылғандардың бәрі де жай алдау-арбау екенін, сұлтан ордасына барса қолға түсетіндігін біледі. Сондықтан Арыстан өз маңындағы әскерді таратпайынша, сұлтан ордасына бармайтындығын мәлімдейді. Бұдан кейін батыр отырған жерлерінен дереу көшу керек екендігін, әйтпесе қуғыншы отрядтың өздерін шабатындығын жете түсінеді. Бірақ Есет өз адамдарымен кеңесе келіп, кеткенде де текке кетпей сұлтан ордасын шауып, жазалаушы отрядтан кек алуға тоқталады.

1855 жылдың 8 шілдесінде таңсәріде Бекет Серкебайұлы мен Ерназар Кенжалыұлы бастаған көтерілісшілер күтпеген жерден сұлтанның лагеріне шабуыл жасап, патша өкіметінің саясатын қазақ даласында мүлтіксіз жүргізудің құралы болған Арыстан Жантөриннің өзі бастаған он шақты би-ағамандарды өлтіреді, казак әскери отрядтарының тас-талқанын шығарады. Жазаға тартылған би-ағамандардың ішінде 57-дистанцияның бастығы сұлтан Есалы Ғабдулмақашұлы, 30-дистанцияның бастығы Қалабайұлы, билер Баймұхаммед Масқарұлы, Байменше Ақшаұлы, Мұхамбет Байтөреұлы және сотник Бекмырза Әлдиұлы болды [2, 34-40 pp.].

Көтерілісшілердің билеуші сұлтанды өлтіруі Орынбор әкімшілігімен Есеттің арақатынасының шегіне жетешіленіскендігін көрсетіп берді. Бұл жөнінде Перовский әскери министр, граф Нессельродеге жазған хатында қапалана былай дейді: "бізге белгілі болғандай Көгібаров сұлтан-правительді құрбан ету арқылы өзінің үкіметке "адалдығын", "сенімділігін", мүмкіндігін көрсетті" [3, 16 п.].

Шілденің 8-гі көтерілісшілер әрекеті 1855 жылдың негізгі оқиғасы болды. Сонымен қатар көтерілісшілер бұл жылда бұған дейін де және кейін де қарулы қимылдарды тоқтатпаған еді.

1855 жылғы жаздың басында Ырғызға жақын Көкбақты деген жерде батыр Ерназар Кенжалыұлы бастаған көтерілісшілердің бір тобы Орал бекінісіне келе жатырған 11 адамдық Ткачев бастаған қарулы казактарға шабуыл жасайды, нәтижесінде 6 казакөліп, қалғандары қолға түседі, ал Ткачевтің өзі эзер дегенде қашып құтылады [4, 90 п.].

22 маусымда Орал бекінісінен Ор бекінісіне хат-хабар апара жатқан почта қызметкерлеріне Шұрық құдығының маңында Бекет Серкебайұлы бастаған 6 адам шабуылдайды, почташылар барлық заттары мен қарула-рынан айрылып, кейін қайтуға мәжбүр болады. 12 шілдеде Електің жоғары ағысындағы Ойсылқара өзенінің маңында, Орал бекінісінен Шепке қайтып келе жатқан қазыналық азық-түлік таситын арбакештерге көтерілісшілердің бір тобы шабуыл жасап, тонаушылыққа ұшыратады, қарсыласқандарды

қақтығыс барысында ауыр жарақаттайды. Ал, шілденің 11-і, 15-і және 24-ші күндері Тілеу, Қабак руларының жігіттерінен құралған қарулы топ Орал және Арал бекіністеріне қару-жарақ апарып, үш топ болып Шепке кері оралған Орынбор әскерінің 10 қазағын жойып жібереді [2, 42 п.]. Сондай-ақ 21 шілдеде Ойсылқара өзенінің Көкбақты шатқалында шекаралық шепке келе жатқан, әскери казактардың қорғауындағы арбакештерге шапқыншылық жасаған көтерілісшілер 6 адамды өлтіріп, екеуін тұтқындайды, ал қалғандарын жаралы күйінде далаға тастап кетеді [2, 42 п.]. Көтерілісшілердің тағы бір жасағы шілденің басында Ор бекінісінен Арыстан Жантөрин лагеріне бет алған шағын казак отрядымен шайқасып, оларды жояды [3, 1 п.].

Билеуші сұлтан Жантөрин отрядының талқандалуымен бір мезгілде осындай шапқыншылық Батыс бөлімнің билеуші сұлтаны М.Тәукинге де көтерілісшілер тарапынан ұйымдастырылады [2,40-45пп.]. Көтерілісшілердің бұл тобын басқарған Шөмішті Табын руының биі, батыр Дәуіт Асауұлы Есетпен алдын алдын ала келісім бойынша Табын, Шеркеш, Таз, Ысық руларының көтерілісші қазақтарынан құралған өзінің тобымен Ойыл өзенінің бойында өз отрядымен тұрған билеуші сұлтан М.Тәукинге қарсы шабуыл жасауды ұйғарған болатын. Бірақ билеуші сұлтан тыңшыларының әрекеті нәтижесінде, Дәуіттің бұл жоспары орындалмай қалады. М.Тәукиннің отряды Калмыков бекінісінен көтерілісшілерді басу үшін жіберілген әскермен бірігіп, Дәуіт Асауұлының ауылын талқандайды және оның отбасы мүшелерін тұтқындап, қарулы күзетпен Орынборға жөнелтеді. Дәуіттің және оның ауылдастарының мал-мүлкі талан-таражға түседі, 293 түйе, 258 жылқы, 285 бас ірі қара және 21400 қой тартып алынады [1, 37 п.]. Қолға түскен тұтқындардың ішінде батыр Алдаш Байғанаұлы да бар еді.

Арыстан Жантөрин сұлтанның өлтірілуіне байланысты көтеріліс барысындағы Кіші жүздегі бұл оқиға Орынбор әкімшілігін қатты мазасыздандырады. Осыған орай әбден қаһарланған отаршыл үкімет Есетке қарсы дала аймағына әскери шеп пункттерінен үш жазалаушы отряд, яғни Орынбордан, Ор бекінісінен және Калмыков қамалынан шығарады [2, 40-41 пп.]. Оған қоса далаға ұсақ отрядтар да жіберіледі. XIX ғасырдағы Кіші жүзде болған көтерілістердің біріне де дәл осындай жазалаушы әскер ешқашан жіберілмеген еді.

В.Перовскийдің Әскери Министрлікке берген мәліметі бойынша Есеттің "бүлігі" әбден шегіне жетті деп көрсетіледі. Сондықтан оған қарсы жоғарыда көрсетілген әскери күштерден басқа Нижни-Уральскбекінісінен 600 казак отряды және Орал бекінісінен майор Михайлов бастаған 300 казак, сондай-ақ 2 орудиялы Башқұрт полкының толық құрамы В.Перовскийдің бұйрығымен жіберіледі.

Көтерілісшілерге қарсы аттанған бұл әскери экспедицияның басшысы полковник Кузьминский болды және оған әкімшілік тарапынан қазақтар "бүлігін" қалайда басу керектігі және бұл орайда қандай іс-әрекетке барып, айла-тәсіл қолданса да өздерінің баса көрсетіледі [3, 2 п.].

Орынбор басшылығының мойындағанындай көтерілісшілердің әрекетін түпкілікті тоқтату тіпті жаз айларында да мүмкін болмай қалған, себебі ұсақ ұсақ қарулы топтарға бөлінген қазақтар өздерінің қарулы қимылдарын партизандық әдістерге негіздеді және бұл жолда олар белгілі жетістіктерге жетіп отырды. Бұған бір жағынан көтерілісті басуға жіберілген жазалаушы отрядтардың қазақтарға менсінбей қарауы да септігін тигізеді.

Есет Көтібарұлы патша әскерлерімен шайқас барысында өз әскерімен шегінген кезде ерекше тактика қолданған. Шекара Шебіне жақын жерлерде ұсақ партизан топтары тосқауыл ретінде қалдырылып отырды. Олар бекеттерге, жол айрығындағы топтарға қарсы сәтті қимылдап, арбалы керуендерге шабуылжасап отырған. Дұшпан әскерінің қозғалуын қиындату және бәсеңдету үшін Есет өзі шегінер кезде құдықтарды қиратып немесе улап кетіп отырған, бұл далалық соғыс жағдайында жау әскері үшін қосымша қиындықтар туғызған және оларды сусыз қалдырған. Мысалы, В.А.Потто осыны айта отырып, былай деп жазды: "Қырғыздар ауылдарында сирек қорғанады, әскер жақындаған кезде шөпсіз, сусыз далаға алдын-ала шегініп кетуге тырысады. Қуғынды кідірту үшін олар құдықтарды бастырып кетеді немесе қырға өрт қойып, жем-шөп пен суаттарды жояды" [5, 38 б.].

Есет көтерілісінде әскери-далалық және агентуралық барлау біршама жақсы жолға қойылды. Ол сенімді адамдардан арнайы түрде барлаушылар тағайындаған. Олар дұшпан туралы қажетті мәліметтер жеткізіп отырған. Көп жағдайда барлаушылар жау тылында қимыл жасады.

Жазалаушы отрядтардың шапқыншынан қорғану мақсатында Есет Көтібарұлы соңынан ерген елді Үстіртке өткізіп жібереді де аз ғана серіктерімен көтеріліске қарсы іс-әрекеттерімен белгілі кейбір билерден кек алу мақсатында Жем бойына аялдайды.

1855 жылғы шілде қараша аралығындағы көтерілісшілердің әрекеттерінен таптық көтерілістерге тән белгілер байқалады. Есет жасақтарындағы қазақтардың жекелеген топтары кейбір байларға қарсы көтеріле бастайды. Бұл таптық күрестің элементтері қайткен күнде де білінетін жәйт еді. Дәл осы

жағдайда Есеттің соңына ерген халық бұқарасы тек қана жат жерлік басқыншылармен солардың қызметіндегі билеуші сұлтандарға ғана емес, сол сияқты көтерілісшілерге қарсы жазалаушы күштерге көмек беріп, қуғындаушы отрядтарды құраған кейбір сатқынбайлар мен билерге де аса жек көрушілікпен қарады. Бұл күрес көпжағдайда ірі байлардың ауылын шауып, малдарын айдап кету әрекеттерінен көрінеді.

Мұнда атап өтерлік бір жәйт – барымта белгілі бір жағдайда күрестің жаппай формасына айналады. Халық көтерілістері мен бейбіт уақыттардағы малды айдап кету әрекеттерінің бәрін ресми құжаттарда көрсетілгендей рулық жанжалдар мен қарақшылыққа жатқызуға болмайды.

Байлардың ауылдарына Есет жасақтары 10-40 адамнан тұратын шағын отрядтармен шабуыл жасайды. 11шілде күні 40 адамдық көтерілісші топ Шекті руының атақты байы Самай Достанұлының 520 жылқысын және тағы бір уақытта осы шамалы топ шектілік Бәймен Есенұлының 1177 бас жылқысын айдап әкетеді. Сондай-ақ осы уақытта Табын руының биі Оразұлының 100 жылқысы, жергілікті әкім Бәтенұлының 5 түйесі және Ақтанұлының 40 жылқысы көтерілісшілердің олжасына айналады. Қыркүйек айының басында Дәуіт Асауұлының ұйымдастыруымен қарулы топ көтерілісшілерге қарсы Табын руы, Жиенбет бөлімінің биі Рабай Едігеұлының 200-ден астам жылқысын барымталайды [2, 44 п.]. Сонымен бірге Қалдыбай Байшуақұлының 230 түйесін, Тоғанас Бәйтеқұлының 114 жылқысын, Тамыз Сартайұлының 176 жылқысын және Бекарыстан Алшынұлының 50 жылқысын осы кезеңде көтерілісшілер айдап әкетеді [2, 3 п.]. Бұл фактілер сөзсіз патша органдары мен басқа да көтерілістің жаулары тарапынан, Есет тобының бейбіт қазақ ауылдарын тонауы ретінде қаралды. Ал жазалаушы экспедициялар мен билеуші сұлтан отрядтарының "бүлікші" ауылдарды шабуы, белгіленген "тәртіпті бұзушыларға" қарсы заңды шара ретінде назарға алынды.

Есет Көтібарұлы көтерілісіне тек жергілікті Орынбор генерал-губернаторлығы ғана емес, сондай-ақ Ресей империясының Әскери министрлігі де өте үлкен назар аударады. Бұған әскери губернатор В.Перовский мен Әскери министр, граф Карл Васильевич Нессельроденің арасындағы хат алмасулар дәлел бола алады.

Көтерілісшілердің Арыстан правитель лагеріне шабуылы 1855 жылы 8 шілдеде болса, содан бір апта өткеннен кейін-ақ көтерілісшілерге қарсы әскери жазалаушы отрядтар жіберілгені белгілі. Кузьминский бастаған жазалаушы экспедиция бірнеше топқа бөлініп жүрді. Басшылықтың бұл жоспары бойынша Есет бастаған көтерілісшілер толық қоршауға түскен болатын және оларбұл "қарақшылар" мен "бүлікшілерді" қатаң жазалауды Кузьминскийге барынша сеніп тапсырған болатын [3, 1 п.].

1855 жылғы 20-21 шілдеде қырға жіберілген жазалаушы отрядтар "бүлікшілерді" іздеуді бастап кеткен кездің өзінде де көтерілісшілер бұларға батылдыкпен қарсы тұрды және бұл әрекеттері де нәтижесіз болған жоқ. Мысалы, Арал бекінісінен келе жатқан казак отрядына шабуыл жасап, олардың 7-ін өлтіріп, бірнешеуін жарақаттап, 2-ін тұтқынға әкетеді және 120 адамнан құралған бұл отрядтың аттарын түгелдей айдап әкетеді. Ал, екінші көтерілісші топ Орскен Орал бекінісіне қарай беттеген почта отрядына шабуылдап, түрлі шығындар келтіреді [3, 8 п.].

1855 жылы ызалы көтерілісшілердің батыл қимылдағаны соншалық, тіпті Орынбордан Арал теңізіне дейінгі далада үкімет шабармандарының тиісті орындарға белгілі бір уақытта хабар жеткізуінің өзі мүмкін болмай қалды, құйындай жүйткіген көтерілісші қазақтардың ұсақ топтары патша әкішілігін қатты шошытты. Осы жылғы 24 тамызда дала аймағынан Шепке бет алған саны белгісіз Орынбор казактары Шептен 150 шақырым, Жалғыззағаш деген жерде түнеп жатқан кезде іс-түзсіз жоғалады. Осы оқиғамен бір мезгілде Қазалы фортына жүк тасымалдап, қайтып келе жатқан Орынбор әскерінің казактарына және солардың қасындағы 6 адамдық жұмысшыларға Орал бекінісінен 17 шақырым жерде Есет көтерілісшілері шабуылдап, олардың 65 өгізін, қару жарақтары мен басқа да мүліктерін тартып алады және оларды түгелдей тұтқындап әкетеді [2, 43 п.].

Көтерілісшілердің мұндай ұсақ қақтығысулары мен шабуылдарының бәрі шекара Шебінде дүрлігушілік туғызды және дұшпанның едәуір күшіне қол байлау болды.

Көтерілісшілерді қолға түсіру және оларды түпкілікті жазалау мүмкін еместігін экспедиция басшысы Кузьминский жақсы түсінді. Сондықтан ол далада кездескен қандай да болмасын қазақ ауылдарын көтеріліске қатысы бар деген желеумен шапқыншылыққа ұшыратады. Тек қана қуғындау экспедициясы басталған екі аптаның ішінде жергілікті халықтан 6000 бас мал тартып алынған [3, 11 п.].

Экспедиция басшысы полковник Кузьминскийдің Орынборға жіберген мәліметі бойынша Есеттің әскері 2000 адам деп көрсетіледі және олар ұсақ топтарға бөлініп қимылдайды [3, 11 п.].

Жергілікті халықтан тартып алынған мал-мүліктер жазалаушы экспедицияларға кететін шығындарды жауып отырды және бұл әкімшілік үшін өте жақсы тәсіл болып алды. Әскери отрядтардың бейбіт қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратуға үнемі мүдделі болуы да сондықтан еді.

Есеттің кеңесімен патша жазалаушыларының шапқыншылығына ұшырамау үшін Үстіртке қарай беттеген көтерілісші ауылдарды орыс отрядтары мынадай бағытта қуғындайды: бірінші, Кузьминскийдің басшылығындағы негізгі отряд Шошқакөлге, егер мүмкіндік болса Доңызтауға дейін бару керек; екінші отряд Үлкен Борсық құмы арқылы Қошқаратаға дейін; үшінші, Төменгі Орал шебінен шыққан келесі отряд Жем өзенінің төменгі бойымен қозғалып, Сорбұлақ шатқалына дейін бару керек [3, 19 п.]. Көтерілісшілердің ұсақ топтарға бөлініп шабуыл жасауынан қатты қауіптенгендіктен бұл отрядтар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Орыс отрядтары міндетті түрде жергілікті қазақтардан құралған қосымша күшті өздерімен бірге алып жүруге тиіс болды, сонымен қатар әскер басшылары қазақтардың арасынан шыққан сенімді жолбастаушыларды алды. Отрядтар жорық кезінде билеуші сұлтандар бастаған үкіметке қызмет етіп жүрген қазақтарды өздерінің бірден - бір көмекшілері деп білді. Орынбор өкіметі жасақтаған бұл отрядтардың қазақтарға қарсы іс-қимылдары өте қаталдығымен ерекшеленеді. Жазалаушылар үшін Есетке қарсы барлық мүмкіндіктерді қолдануға рұқсат берілді. Олар: мал-мүлікті тонау, руаралық жанжалдарды өршіту және т.б.

Губернатордың арнайы қатынасна қағазы бойынша Есеттің және оның жақтастарының малын ұрлау құпталды. Оған қоса барымта кезіндегі адам өліміне барымташы жауап бермейтін болды. Сол кездегі құжаттардың бірінде былай делінген: "Майор Михайловтың бекініс маңындағы қырғыздарға көтерілісшілердің малдарын айдап кетуге рұқсат ету жөніндегі бұйрығы менің тарапымнан да қолдау тапты... және менің атымнан Михайлов мырзаға осы жөнінде мынадай бұйрық берілді, жоғарыда аталған рұқсатқа қоса бекініс маңындағы қазақтар көтерілісшілердің малын айдап кету барысында малшылар қарсылық көрсетсе және соның нәтижесінде Көтібаров бүлігіне қатысқан көтерілісшілер өлтірілсе, онда бізге бағынған ордалықтар ешқандай жауапкершілікке тартылмайды" [6, 405 п.]. Бұл жағдай осы кезге дейін қоныс үшін, барымта және т.б. мәселелер төңірегінде жауласып келген кейбір рулардың ойынан шықты. Олар өзара отряд ұйымдастырып немесе казак-орыс жазалаушыларымен бірігіп, шектілердің ауылдарын тонай бастады, оның ішінде Есетпен ешқандай байланысы жоқ ауылдар да болатын.

1855 жылғы 24 шілдеде Ор бекінісімен Елек қорғанынан шыққан полковник Кузьминскийдің үлкен отряды 3 тамызда шекаралық Шептен 360 шақырым жердегі Темірмен Жемнің қосылар тұсындағы Құм жарған сайында 2000 адамнан құралған әскермен Есет Көтібарұлының жүргенін естіп, көтерілісшілерді қуып жетеді. Бірден шегіне қашқан Есет жасақтары ұсақ топтарға бөлініп, далаға сіңіп кетеді. Көтерілісшілерді қууды доғара тұрып, Кузьминский өз отрядын жан-жаққа бөліп, қорғансыз қалған бейбіт ауылдарға жауып жібереді. Жазалаушы отрядтардың ішінде Кузьминский-мен бірге подполковник Дерышев пен майор Михайлов асқан қатыгездіктерімен ерекшеленеді. Олар жолдарында кездескен ауылдардың бәрін ойрандап кетті.

1855 жылдың екінші жартысынан бастап өкімет билігіндегілердің берген бұйрығы бойынша Кіші жүздің Орта бөлігінде көшіп жүрген ауылдардың барлығы Есеттің көтерілісіне қатысушылар деп табылған болатын, сондықтан жазалаушы отрядтар көтерілісшілердің негізгі күштерімен күресудің орнына бейбіт ауылдарға қырғидай тие бастайды. Мысалы, тек қана әскери старшина Эверсманнның тобы қазақ ауылдарының 6000 бас малын тартып алады [3, 21 п.]. Орыс әскерлерінен жақсылық күтпеген қазақ ауылдары Борсық құмдары мен Үстіртке қарай шұбыра көшеді.

Патша әскерлерінің қазақ ауылдарының мал-мүліктерін аяусыз талап алу себебі, бұдан түскен пайда әскери жазалау экспедицияларын материалдық жағынан қамтамасыз етуге жұмсалатын.

XIX ғасырдың 50-жылдарында патша үкіметі Қазақстанды түгелдей бағындырып болған жағдайда Есет көтерілісінің ұзақ уақытқа созылуы және Ресейдің саяси-экономикалық мүддесіне нұқсан келтіруі, бұл – Орынбор әкімшілігінің қазақ елімен қарым-қатынаста дұрыс саясат жүргізе алмауынан туған жәйт еді. Сондықтан да Петербург басшылығы Орынбор генерал-губернаторлығының жұмыс барысына қанағаттанған жоқ және дәл сол кездегі он жылға жуық уақытқа созылған Кіші жүздегі көтерілісті басып-жаншуға қаражат бөлмеді, яғни қандай да бір финанстық көмек көрсетпеді. Сондықтан Орынбор әкімшілігі қазақтарға шектен асқан қатыгездік көрсетуді көтерілісті басу деп қана ойламай, басқа да барлық тығырықтардан шығудың бірден-бір жолы деп біледі.

Шілдеден қазан айына дейін қырда болған бұл жазалаушы топтар көтерілісшілерге нәтижелі соққы бере алған жоқ, себебі Үстірттің адам шыдай алмайтын табиғатына орыс отрядтары төзе алмады және көтерілісшілердің өте ұшқыр жылдамдығы дұшпан күшіне өз жоспарларын толық іске асыруға мүмкіндік берген жоқ.

Әскери старшина Эверсманнның тобы Үлкен Борсықтың оңтүстік-батыс бөлігін кесіп өтіп, Қабак руының 40 ауылын шапқыншылыққа ұшыратады, бұл 31 тамызда болған жағдай еді. Ал, екінші бір отряд 5 қыркүйекте Кіші жүз қазақтарының 106 ауылын ойрандайды, бұл оқиға Қарағантау деген жерде болған еді. Шабылған ауылдардың ішінде билеуші сұлтан Арыстан Жантөринді өлтірген Тілеген батырдың және оның қарамағындағы бірнеше ауылдар бар еді. Жазалаушы отрядтардың бұл шапқыншына қазақтар қарсылық көрсетпей қалған жоқ, бірақ шайқас барыстарында көтерілісшілер біраз шығынға ұшырап, 150 адамынан айрылды, ал дұшпан күші жағынан тек екі башқұрт пен Захохов деген подпоручик ұшты-күйлі жоғалып кетеді [3, 25 п.].

1855 жылғы патша әскерлерінің құрған жоспарлары нәтижесіз аяқталады, олар негізгі көтерілісші ауылдарды кездестіре алған жоқ. Ал, көтерілісшілер өздерінің партизандық әрекеттерін тоқтатпай орыстың сауда керуендерін тонады, бекіністер аралығындағы тасымал жолдарды торуылдады, почта қызметкерлерін тұтқындап әкетті.

Жазалаушы патша әскерлері қазақ ауылдарын үлкен шығынға ұшыратып кеткенімен де өз мақсаттарына жете алған жоқ, яғни Есет Көтібарұлының өзін және оны қоршаған негізгі көтерілісші серіктерімен бетпе-бет келіп, оларды талқандай алмады. Көтеріліс басшысы бұл кезде бірнеше ауылдарды соңынан ертіп, Үстірттің оңтүстік-батыс беткейіне, түркімендермен шекаралас жерлерге кетеді [3, 35 п.].

Сөйтіп, көтерілістің екінші кезеңі аяқталғанымен де, Есет Көтібарұлы бастаған Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы Кіші жүз қазақтарының азаттық қозғалысы аса қиын жағдайда жалғаса береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (РФ ООМА), 6-қор, 10-тізім, 7305-іс.*
2. *РФ ООМА, 6-қор, 10-тізім, 7218-іс.*
3. *Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві, 483-қор, 1-тізім, 35-іс.*
4. *РФ ООМА, 6-қор, 10-тізім, 7378ж.-іс.*
5. *Потто В. О степных походах//Военный сборник.-1873, №4.*
6. *Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві, 4-қор, 1-тізім, 309-іс.*

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

ӘӨЖ365/11-09
ГРНТИ 03.09.03

Н.М. Абдукадыров¹

*¹Ph.D. доценті м.а. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
E-mail:nurjigit.85.kanuni@gmail.com*

**БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА ГЕРМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ИРАНДАҒЫ
САЯСАТЫНЫҢ ДІНИ ФАКТОРЛАРЫ**

Аңдатпа

Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Шығыс елдері, оның ішінде Иран Герман империясының басты назарында болды. Герман билігі саяси-экономикалық жағдайы дағдарыс халінде тұрған Иранға қолдау көрсетті. Мұсылман әлеміне жақын болған немістер Иранға діни саясат жүргізіп, соның негізінде оларды Антанта мемлекеттеріне қарсы айдап салып отырды. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада Германияның Иран халқының арасында жүргізген діни саясаты қарастырылады. Осман империясымен Германияның Иранда бірлесіп жүргізген исламдық және Жиһад саясатын зерттеу мақаланың басты ғылыми міндеті болып табылады. Сондай-ақ, ғылыми жұмыста Герман империясының Ирандағы діни саясаты мен дипломатиялық процестер ғылыми талдауға түседі.

Кілт сөздер. Иран, Герман империясы, Осман империясы, Ислам, Жиһад, Саясат, Дін.

Абдукадыров Н.М.¹

*¹Ph.D. и.о доцента. КазНУ имени аль-Фараби
E-mail:nurjigit.85.kanuni@gmail.com*

**РЕЛИГИОЗНЫЕ ФАКТОРЫ ГЕРМАНСКОЙ ПОЛИТИКИ В ИРАНЕ ГОДЫ ПЕРВОЙ
МИРОВОЙ ВОЙНЫ**

Аннотация

Во время Первой мировой войны страны Востока, включая Иран, были в центре внимания Германской империи. Правительство Германии поддержало Иран, политическая и экономическая ситуация которого находится в кризисном положении. Немцы, были близки к мусульманскому миру, проводили религиозную политику в отношении Ирана, чтобы использовать их против стран Антанты. В данной научной статье рассматривается религиозная политика Германии в Иране. Основная научная цель статьи – является изучение исламской политики и политика Жиһада, проводимой Османской империей в Германии. А также в научной работе анализируется религиозная политика Германской империи в Иране и ход дипломатических процессов.

Ключевые слова. Иран, Германская империя, Османская империя, Ислам, Джихад, Политика, Религия.

Abdukadyrov N.M.¹

*¹Ph.D, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
nurjigit.85.kanuni@gmail.com*

**RELIGIOUS FACTORS OF GERMAN POLICY IN IRAN DURING OF THE
FIRST WORLD WAR**

Abstract

During World War I, the countries of the East, including Iran, were at the center of attention of the German Empire. The German government supported Iran, whose political and economic situation is in crisis.

The Germans, who were close to the Muslim world, pursued a religious policy towards Iran in order to use them against the Entente countries. This scientific article discusses the religious policy of Germany in Iran. The main scientific goal of the article is the study of Islamic policy and the policy of Zhihad conducted by the Ottoman Empire in Germany. The scientific work also analyzes the religious policy of the German Empire in Iran and the course of diplomatic processes.

Key words. Iran, German Empire, Ottoman Empire, Islam, Zhihad, Politics, Religion.

XX ғасырдың басында Еуропада Ислам жайлы көзқарастар мен тұжырымдар көп және сан қырлы болып, ол ауқымды бір ақпарат қорымен теңестірілді. Бірнеше ғасырлар бойына еуропалық христиан әлемі мұсылман әлемінен алыс болса, енді өзара байланысқа ие болды. Мысалы, бұрынғы кезде Пиреней түбегін арабтардың жаулауы, Реконкиста, Крест жорықтары, 1683 жылы түріктердің Вена шайқасы еуропалық державалардың отарлауының кеңеюі сияқты екі дінге негізделген өркениеттің арасындағы қатынастардың бұрын нашар болып, алайда XX ғасырға келгенде екі дүниежүзілік дін өкілдері арасындағы саяси байланыстарда діни шектеудің болмай, керісінше өзара бір жақындықтың орын алғаны әлемде жаңа бір саясаттың дамуына ықпал етті. Мұсылман әлемімен қарым-қатынасы еуропалықтардың өзін-өзі танудың маңызды құрамдас бөлігі болды. Ивер Нойманның пікірінше, Осман империясы өз тарихында еуропалық жүйе үшін басты «өзгешелік» болып қалды [1]. Бұл дегеніңіз түріктер еуропалық өркениетпен астасып өмір сүріп кетті. Келесі кезекте, XX ғасырдың басында Германияның мұсылман әлемімен жақындасуы Ислам әлемінің көшбасшысы Осман империясымен саяси, әскери салаларда одақтасуы осы аталғандардың басты мысалы бола алады.

Әрине, мұсылман және христиан әлеміне жататын түрлі мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынас тарихын үздіксіз қарсыластық ретінде көрсетудің азғырылуы бар, бұл көптеген шексіз соғыстар мен қақтығыстарға алып келеді. Біраз уақыттан кейін мұсылмандар мен христиандар өзара қарым-қатынас тарихына мән бере бастады [2]. Христиан және Ислам діндері өкілдерінің байланыстары ке соғыспен шектелмей, саяси-идеологиялық, коммерциялық, мәдени, лингвистикалық, ғылыми, өзара әрекеттесудің және өзара әсердің барлық түрін қамтиды. Діндердің өзара іс-қимылдары тек қақтығыстардан гөрі өз алдына әлдеқайда күрделі болды. Осылайша, араб-мұсылман әлемі Еуропада ежелгі әлемнің мәдени және философиялық жетістіктерін сақтаушы және жалғастырушы ретінде ойнайтын рөлге ұзақ уақыт бойы назар аударылды.

XX ғасырдың басында еуропалық державалардың, оның ішінде Германияның мұсылман әлеміне деген көзқарасы өте жоғары болды. Салыстырмалы түрде алғанда тіпті Англия мен Франция Африкада өздері отарлаған мұсылман халықтарына мұндай көзқараста бола алмады және тиісті идеология жүргізе алған жоқ. Тек қана саяси тұрғыдан қысып, аймақтағы үстемдік пен экономиканы күшпен басқарып отырды. Бұл кезде Еуропада мұсылмандар туралы идеялардың жиынтығы әр түрлі болып, олардың кейбіреулері отаршылдық дәуірінен бұрын басталды, ал қалғаны отаршылдықты жеңу нәтижесінде ішінара біртекті болды, бірақ әдетте артықшылығына негізделген және мұсылман әлемінің мәдени артта қалуы мен инерциясын, оның мәдени прогреске қол жеткізбеуін білдіретін тақырыптар мен тұжырымдамаларды қамтитын еді.

Бұл идеялардың қалыптасуы Шығыстың зерттеулері тек қана шығыстанушы ғалымдарға ғана емес, сондай-ақ шығыс халықтарымен - әскери және лауазымды тұлғалармен, саяхатшылармен, жазушылармен, саясаткерлермен, дипломаттармен, миссионерлермен байланысқан адамдарға да тән болып табылады. XX ғасырдың басында мұсылмандар өмір сүрген жердің басым бөлігі. ірі еуропалық державалардың отарына, саяси меншігіне айналды, немесе оларға тәуелді болды. Көптеген мұсылман халқы бар отар елді сатып алған еуропалық державалар екі жақты міндет - өздерінің субъектілерінің адалдығы мен өркениетті миссияны жүзеге асыруды қамтамасыз етті, бұл көбінесе оларды кеңейту үшін өзін-өзі ақтау болып табылады. Олардың екеуінің де табысы исламға қатысты империялық құрылымдардың саясатының тиімділігі дәрежесіне тікелей байланысты болды. Еуропалық империялар арасында мұсылмандарға жақыны Герман империясы ғана болды. Ал, Британ, Ресей немесе Француз империяларының саяси ұстанымдары мүлде басқаша болды [3].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында мұсылман әлемінде орын алған үрдістерді бақылайтын еуропалық шығыстанушылар дағдарыс жағдайында болған және «мұсылман революциясы» деп аталатын күрделі трансформация процесіне кірген ислам діни дәстүрлерін түсіндіруге тырысты. Германия мен Түркияның саяси мақсаттары үшін дінге негізделген бірлік пен мұсылмандарды Антанта елдеріне қарсы айдап салуды насихаттау оны іске асыру кезінде мұндай ресурстардың жұмылдыруы нәтижесіз қалмады. Мысалы, германдық зерттеуші Вольфганг Шваниц,

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германия тарапынан жүргізген Исламның «жиһады» заманауи исламизмге жол ашқаны туралы қорытынды жасайды. Оның ойынша «Жиһад» ұғымы бұрын басқа болғанымен, бірақ ол қазіргі кезде заманауи түрде саясатпен байланыстырылған жиһад деп басқаша қырынан көрсетіледі [4].

Германияның «Жиһад» саясаты туралы Вольфганг Шваниц өз еңбектерінде тұжырым жасайды. Оның еңбегінде өзге мұсылман елдері мен мұсылмандар көп шоғырланған мемлекеттердегі германдық діни саясаттың қатарында Иран дай айтылады. Германияның Ислам әлеміне көзқарасы мен ұстанған саясаты біріншіден мұсылман әлемімен жақсы қарым-қатынаста болу болса, екіншіден оларды өзінің қарсыластарына қарсы қару етіп пайдаланумен байланысты болды. Халқы түгел дерлік мұсылман саналған Иран уақыт өте Германияның «Жиһад» саясатындағы басты саяси нүктелердің біріне айналды [5].

Бұл атау голландиялық ғалым шығыстанушы Кристиан Снук Хургоньенің осы тақырыпқа қатысты 1915 жылы жазылған «Holy War Made in Germany» атты трактатында да қолданылды. Бұл жобалар туралы мәліметтер алдымен газеттерде жарияланды және ол Германияның Шығысқа деген ынтасын көрсетті. Бұдан соң германдық шығыстанушы ғалымдар Уго Гроде, Карл Генрих, Беккер және Мартин Хартманндар соғыстан алдыңғы жылдары бүкіл мұсылмандық Шығысты зерттеуге кірісті. Олар өз зерттеулерінде Шығыста мұсылман халықтарының саяси-әлеуметтік жағдайын, тілін, дінін, мәдениетін терең зерттеп, ол германдық шығыстанушылар тарапынан айналымға енді. Аталған ғалымдардың еңбектерінде Германия, Осман империясы, Ислам діні, Жиһад тақырыптары және олардың өзара саяси сабақтастығы негізгі тақырыптардың бірі болады.

Бірінші Дүниежүзілік соғыста Германияның мұсылман әлеміне Ислам дініне негізделген діни-пропагандалық саясат жүргізуіне қатысты ғылыми пікірлер мен тұжырымдар Тильман Людкенің «Jihad Made in Germany» атты докторлық диссертациясынан кейін көбейе түсті және бұл тақырып ғылыми ортада өте өзекті тақырыптардың біріне айналды. Осы ғылыми жұмыс негізінен Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Германияның Шығыстағы мұсылмандық тарихын зерттеуге түрткі болды және үлкен жол ашып берді. Бұл зерттеулер мұсылмандық немесе Таяу Шығысқа қарай бағытталған Германияның империалистік саясатына дөп келді. Оның басты мысалы соғыс кезінде Осман империясы мен Германияның одақтастығы негізінде құрылған діни саясат – атақты «Жиһад-и-Ақбар» жобасының жүзеге асырылуына осы зерттеулердің ықпалы өте күшті болды [6].

Өзінің мұсылман әлеміне деген өзгеше саясатымен ерекшеленген Германия Шығыс елдерін, оның ішінде мұсылман халықтарын зерттеуге ерекше көңіл аударып, ғалымдарды Шығысқа көптеп жіберді. Ислам мен оның институттары шешуші рөл атқарған мұсылмандардың тілі, мәдениеті, дәстүрі неміс ғалымдары тарапынан зерттелді. Мұсылмандық мәдениетті дамытуға тырысқан мемлекет басшылары мен реформаторларының қозғалысы, еуропалықтардағы мұсылмандық Шығысты «оятуы» көрінетін және көрнекті символына айналған исламизм идеологиясының пайда болуы мен таралуы осы кезеңде өте маңызды болды деуге болады. Осындай зерттеу жұмыстары Германияны Ислам әлеміне өте тез қарқынмен жақындастырып, ол соның ішінде Иранды өзінің жеке бақылауында ұстады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында басталып және соғыс жылдарында жалғасқан Ирандағы германдық саясаттың басты бағыттарының бірі ол діни, яғни исламдық бағыт болатын. Ғасырлар тоғысынан бастау алған Германияның мұсылман әлеміне деген саяси көзқарасы мен ұстанымдары, оны Иран жерінде аса батыл стратегиялық қадамдар жасауға жетеледі. Ол алдымен, Шығыстағы мұсылман елдеріне саяси-экономикалық қолдау білдіріп сол арқылы оларды өзіне қаратуға тырысқан болса, екінші жағынан Ислам дініне негізделген саяси-пропагандалық саясат жүргізіп, сол арқылы жергілікті мұсылман халықтарын аймақта күшейіп келе жатқан Англия мен Францияның және Ресейдің ықпалына қарсы қоюды көздеді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германияның Иранда Антанта одақтастарына қарсы саяси-арандатушылық әрекеттері мен исламдық діни пропагандалық жұмыстары соғыстағы ең ауқымды факторлардың бірі саналды. Ислам дінін әуелде рухани және сонымен бірге саяси қару етіп, Иранда жергілікті мұсылман халықтарын ағылшындар мен орыстарға қарсы қою Германияның негізгі саяси жобаларының бірі болды.

Соғыс басталғанға дейінгі кезеңде және соғыс жылдарында Иранға қаржылай, қару-жарақ, оқ-дәрі және басқа да көмек көрсетіп жатқан Германияның басқа мемлекеттермен салыстырып қарағанда үлесі жоғары еді. Иран билігі Ресей мен Англияның саяси қыспағына түсе бастаған кезден бастап-ақ немістерге өз есігін ашқан болатын. Низамуссалтана Осман империясы мен оның одақтасы болған Германияға барынша жақын болып тараптар арасында байланыстар жақсы болды. Ендігі

кезекте, немістер Иранда діни пропагандалық жұмыстарды жүргізу қажет деп тауып бұл істі де тез жүзеге асыруға кірісті.

Германияның Иранда діни, яғни исламдық саясатын жүзеге асыруда оған өзінің одақтасы Осман империясының ықпалы өте зор болды. Осман империясының сұлтаны мұсылман әлемінің халифі (лидер) болып, ол бүкіл Ислам әлеміне жар салуға, оларды Христиан әлеміне қарсы соғысқа бағыттау жолындағы құзыреті жоғары болды. Германияның Ирандағы «діни саясаты» Осман империясының Ислам әлеміне жариялаған исламдық «Жиһад» саясатымен байланысты болып, немістер өз қарсыластары Антанта елдеріне қарсы күресудің «жаңа әдісін» қолға алды. Германия алғашында Иранға қатысты жиһад саясатын жай ғана ұранмен бастаған болса, ол кейіннен Осман империясының Ирандағы діни саясатымен астасып та кетті. Дегенмен, одақтастардың Ирандағы жиһад саясаты бір-біріне ұқсас және тығыз байланысты болды.

Жоғарыда аталғандай, Бірінші дүниежүзілік соғыста Осман империясы мен Иранды саяси тұрғыдан жақындастырудың басты құралы – Ислам діни болған еді. Осман империясының сыртқы саясаттағы басты бағыттары ретінде таңдап алынған исламдық фактордың соғыс кезіндегі оның Иранмен жақындасудың басты құралының бірі саналды. Осман империясы үлкен соғысқа алғашқы кезден-ақ араласуын бастап, бүкіл мұсылман әлеміне соғысушы қарсылас империяларға қарсы жиһад соғысын жариялады. Түрік идеологтары бүкіл ислам әлемін жақындастырып, оны бір тудың астына біріктіру арқылы соғыста өзіне үлкен әскери күш жасақтағысы келді [7].

Осылайша, Иранда жүзеге асырылып жатқан «Жиһад-и-Акбарға» Германияның да ықпалы өте зор болды. Герман билігі «Жиһад-и-Акбар» діни-саяси пропагандасының басты қолдаушысына айналды және оны бүкіл мұсылман мемлекеттерінде жүзеге асырды. «Жиһад-и-Акбар» діни-саяси жобасының басты фактілері мен жүзеге асырған қимылдары негізінен отарлаушы мемлекеттерге қарсы пропаганда, шпионаж, террор және көтеріліс жасау болды. Бұл қимылдар Германия мен Осман империясының қарсыластары болған Англия мен Францияның қоластында болған мұсылман халықтары арасында жүргізілді. Герман билігі мұндай қимылдарды Осман империясы арқылы жүргізді.

Жиһад қимылдарына елшілер, әскерлер, бұқара халық және қоғамда, халық арасында жиһадқа шақыруда пропагандалық жұмыстар жүргізу үшін ғалымдар, әдебиетшілер, журналистер тартылды. Ғалымдар ол туралы түрлі кітаптар жазды, әдебиетшілер дінді ұран етіп, түрлі өлең жолдарын халыққа арнады, журналистер газеттер арқылы халық арасында жиһадтық идеяларды таратты. Оның барлығына герман билігі тарапынан толықтай қолдау көрсетілді [8].

Осылайша одақтастар Осман империясы мен Германия екеуі де Иранда жиһадтық пропаганданы терең қолға алды. Өз кезегінде екі мемлекет өкілдері де бір жерде кездесіп қалып отырды. дегенмен көп жағдайда осман өкілдері немістерге орын беріп отырды. Бұл жағдай Германияның аймақта өз позицияларының нығайтып келе жатқанын көрсетті [8, 71 с.].

Германияның Осман империясының Ирандағы Жиһад саясатына ықпалы мен қолдауын және белсенді араласуын көрген Антанта мемлекеттері оған қарсы саясат ұстанды. Мысалы, соғыс жылдарында араб жерлерін бағындыруға кіріскен Англия оған қарсы көптеген айла-амалдар қолданды. Ағылшындар Жиһад-и-Акбарға қарсы насихаттау кезінде Мекке мен Медина сияқты қасиетті жерлерді қорғауға және шииттерді тарту үшін қасиетті деп есептейтін жерлерді қосуға уәде берді [9]. Сонымен қатар британдықтар, өз отарларындағы мұсылмандарға Жиһад-и-Акбар үгіт-насихатын таратпаумен күресті. Меккеге бармау үшін сақтық шараларының жүргізілген үшін Исламның Қасиетті орталығына келетін қажылардың саны төмендей бастады. Осы шараларға қарамастан, 1916 жылы Хиджазда Осман үкіметіне қарсы арабтардың көтерілісі туралы жаңалықтардан соң британдық Үндістанда британ билігіне қарсы наразылық көтерді.

Үндістандағы неміс және түрік миссионерлері тарапынан жүзеге асырылған бұл көтерілістің себептері Антанталықтардың Исламның қасиетті аймақтарын басып алғанын насихаттаудан соң басталды. Осы себепті Британ үкіметі Үндістанда жаңа мәселелерді қажет етпеді және Үндістаннан жіберілген барлық мұсылман жауынгерлерді арабтардың көтерілуін қолдау үшін Хиджаз аймағына шығаруға шешім қабылдады. Араб бүліктерінің көшбасшысы Шериф Хусейн британдықтарға түріктермен татуласқанын хабарлады, олар бұл шешімнен бас тартты [10]. Дәл осы сияқты ағылшындар Германия мен Осман империясының Ирандағы саясатына қарсы түрлі шаралар ұйымдастыра алды.

Жоғарыда аталғандай, Осман империясының Ирандағы Жиһад саясаты негізінен түріктер тарапынан күшейтіліп, оның басты нәтижелерінің бірі Иран мен Түркия арасындағы «Итихад-

ислам» келісімі болды. Бұл келісім бойынша Ислам дінін ту еткен шекаралас екі мемлекет бір-біріне жақын болып, саяси даулы мәселелерді шешуге бір-біріне қолдау білдіруі тиіс болды. Айта кетерлігі, Осман империясының Ирандағы Жиһад саясатына оның одақтасы Германия бел шеше араласты. Тіпті келесі бір саяси-әскери одақтасы Австро-Венгрияның да бұл іске деген ықпалы аз болған жоқ. [11].

Сонымен, Осман сұлтаны – халиф барлық мұсылмандарды "жиһадқа" христиан дінінен халифатты қорғауға шақырды. Сонымен қатар, бұл "жиһадтың" барлық бағыттары дұрыс емес, тек қана державалар тобына, атап айтқанда – Англия, Франция және Ресейге қарсы бағытталған ерекше сипатын атап өту қажет. Түркия соғысқа шыққаннан кейін, 1914 жылдың қазан айының соңына қарай, яғни сұлтан "Қасиетті соғыс" деп жариялағанға дейін, Энвер-паша төңірегіндегі діни қайраткер – шейх Салих Шериф ат-Туниси haqīqat Al-Dschihad ("жиһад туралы шындық") меморандумын алдағы "жиһад" деп жазды. Неміс Исламтану қоғамы бұл меморандумды 1915 жылы ақпанда неміс тіліне аударылған Мартин Хартманның алғысөзімен брошюралар түрінде жариялады [12].

Осман империясы тарапынан басталып, Германияның қолдауына да ие болған Түркия мен Иран арасындағы антанталықтарға қарсы бірігіп күресу мен ол үшін діни тұрғыдан бірлесу, одақтасу жұмыстарын Ирандағы түрік елшісі Асым бей белсенді жүргізді. Асым Бей Иранда елшілік қызметінің басынан бері сүнниттер мен шииттер арасындағы қақтығысты мүмкіндігінше жоюға ұмтылды. Халықтың да бұл тақырыптағы қолдауы, Иран Шахымен діни әрі саяси тұрғыда бірігуге бастама болды. Мемлекет басшылары мен Премьер-Министр тарапынан оңды нәтижелер арқылы Иранмен қасиетті одақтастықты құруды күтуде еді.

Асым Бейдің күткен мүмкіндігі, Осман империясының Тегеран әскери қолбасшыларынан Омар Февзи Бейге ұсынған болатын. Омар Февзи Бей, Иран шахына Осман сұлтандарының есімдерін ұсынды. Осман империясының Ирандағы елшісі Асым Бейге де "Исламның қасиетті мүдделері және шариат тұрғыда саясат жүргізуді, сондай-ақ мұсылман мемлекеттерінің жерлерінің тәуелсіздігін қамтамасыз еткен және шет елдердің қол астында болған Ислам елдерінің құтқарылуы үшін қолдан келген істі көрсету керектігін, Иранмен келісімге және келіссөзге бағыттаушысыз" деген жазулы Сұлтан әмірі берілген еді. Бұл хатты Ахмед Шахқа тапсырған Асым Бей, келісім жайында келіссөздер жүргізу үшін Ішкі істер министрінен және Премьер-Министрден қолдау сұрап және ол қабылданған болатын.

Иран делегацияларымен келіссөздер кезінде, баптардың мазмұны толығымен келісілген соң бұл іске немістер де араласты. Немістердің жиһад ісіне араласуынан кейін, орыстар Тегеранға шабуыл жасады. Бірнеше күн өткеннен соң, Иранның тәуелсіздігі мен оны құтқару жайында Осман империясының Германиямен болған одақтастық келісімі себепті, бір ел ретінде міндеттемеге кіруі мүмкін емес екендігін хабарлаған. Осман үкіметі Тегерандағы елші Асым Бейге, басқа бөлек келісім жасаудан бас тартуын талап етті. Иранмен «Иттихад-и ислам» келісімі осылайша тек жазылған күйде, яғни іс жүзінде ғана қалған болатын [13]. Елші Асым Бей, неміс елшісінің Осман империясынан құпия түрде Иранмен жасаған келісімді көрсетіп наразылық білдірген. "Біз жалғыз міндеттемеге кіре алмаймыз, Неміс елшісі бізден жасырын Иранмен келіссөз жүргізді" бұл қалай болмақ деді [13, 310-311 с.].

Айта кетерлігі, Осман империясы мен Иран арасындағы діни жақындыққа Осман мемлекетінің одақтастары Германия мен Австро-Венгрия араласумен шектелместен, уақыт өте неміс елшілері өз алдына діни саясат жүргізді. Олар Осман империясынан бөлек болып басқа да ислам елдерімен саяси жақындастық жасады. Оның ішінде әрине Иран мемлекеті де болды. Осман империясының сұлтаны мен басқа да Ислам елдерінің арасында жасалған келісімшарттар Германия үшін де тиімді бола бастағандай көрінді. Соның ішінде, Осман империясы мен Иран арасында Иттихад-и Ислам қағидасына негізделген одақтастық, мұсылман мемлекеттері үкіметтерінің табиғи көшбасшысы бола алатынын және қажет болған жағдайда Түркия мен Германияның барлық мұсылман қауымдастықтарының қалыптастыратын рухани және саяси күштеріне төтеп бере алатын үлкен күш бола алатынын көрсетті.

Бұл кезде Германиямен одақтасып, Ирандағы геосаяси мәселелерді шешуге кіріскен Осман мемлекеті бұл жұмысты ақырына дейін жеткізгісі келді. Асым Бейдің пікірінше, Осман мемлекетінің германиялық әріптестері өздерінің діни ұстамдарын саяси ұстанымдарынан жоғары қоймайтын болса, оның одақтасы болған Осман империясының бұл одақтастыққа барлық мұсылман қауымдастығының қолдауын алған күйде кіріп, немістердің мұсылмандарды барынша қолдауы керек

деп айтылды. Өйткені көрініп тұрғандай, түріктер Ирандағы сүннилер мен шииттердің арасында баяғыдан келе жатқан қақтығысты тоқтату үшін барынша ат салысты, және Сүннилердің Шейхулислам тарапынан жарияланған Жиһадқа да Шиилерді тартты [14].

Елші Асым Бей тарапынан басшылыққа алынған осы бағыт, батыс империализмнің, оның ішінде әрине Германияның қызығушылығын арттырған шығыстанушылық бағытпен байланысты болды. Ирандағы неміс дипломаттарында да мұндай пиғылдар байқалған еді. Еуропалықтардың мұсылмандармен болған байланыстары күн санап өзекті тақырыпқа айналып ол сырт көзбен қарағанда арнайы бір саяси, мәдени және әскери тұрғыда жүргізілетін бір үлкен саясатқа негізделгендей болды. Сол сияқты Германияның да Ирандағы шығыстық саясаты негізінен мәдениет пен өркениеттен бастау алып, түбінде бір саясаттың жүзеге асырылуымен байланысты еді. Өз кезегінде мұндай саясат Герман империясының одақтас көршісі Австро-Венгрияның да назарын тереңінен аударды. Германия және Австро-Венгрияның одақтастығы аясында да жүзеге асырылған «Жиһад-и Акбар» іс-әрекеттері тек осы одақтастар саясаткерлерінің бастамасымен ғана жүзеге асырылып қана қоймай, сонымен бірге Австро-Венгрия және Голландия тарапынан жүргізілген шығыстанушылар бастамасымен жүргізіліп жатты [15].

Осы себепті, Германияның Осман империясымен Иранда бірге жүзеге асырған «Жиһад-и Акбар» саясатында, шығыстанушылардың еңбектерінің және шығыстанулық зерттеулердің үлкен үлесі бар екенін ескере отырып, Асым Бейдің сыртқы саяси майдандағы германиялық одақтастары тарапынан орын алған жағдайды неміс шығыстанушыларының еңбегі негізінде пайда болғанын көру қиын емес. Елші Асым Бей, Ирандағы германиялық өкілдердің, ондағы түркиялық өкілдерге өз бетінше билік жүргізгендей қатынаста болуы, неміс дипломаттарының Иран мен Осман мемлекеті арасындағы байланыстарға назар аудармай, өз бетінше саясат жүргізуге тырысқандықтары және материалды түрде Осман мемлекетінен үстем болған Австриялықтарға, іс-әрекет жайлы ештеме айтқысы келмегендігі туралы хабарлаған болатын. Бұл жағдай герман үкіметі саясаты тарапынан қолдау көрсетілгендігі, тіпті бұл іс-әрекет Германияның тапсырысы бойынша жасалып жатқаны айтылды. Дегенмен, барлық істе өте алғыр болуға тырысқан неміс елшілері мен дипломаттары және сенімді өкілдері Иранда белсенді қызмет атқарғаны өз кезегінде оның одақтасы Осман империясына да ұнамайтыны жеткізілді. Бұл жерде неміс өкілдерінің істеріне қарай отырып, Германия мұсылман мемлекеті болмаса да олардың мұсылмандықты терең қабылдаған түріктерден де белсенді қызмет атқаруға шақырылғанын айту керек.

Дей тұрғанмен, алғашқыда Германия тарапынан жүргізілген жиһадтық жұмыстар әрине Осман империясы жүргізгеніндей бола алмады. Себебі, немістер мұсылман болмады және олар халық арасына кіріп, пропагандалық жұмыстарды насихаттауда Исламды терең түсінбеді. Бірақ, Германияның Ирандағы өкілдері діни-пропагандалық жұмысты жүргізуді тоқтатпады. Герман елшілері осман билеушілерімен жолығып, өз жобаларын түсіндірген соң олардың да пропагандалық жұмыстарды жүргізуде өзіндік белсенділігі қалыптасып, түріктер бұл жұмысты немістердің өзіне қалдырды [8, 72 s.].

Германия тарапынан ирандық мұсылмандарды Антанта мемлекеттеріне айдап салу саясатына негізделіп жүргізілген пропагандалық жұмыстар Осман империясының жүргізген саясаттан кем болмауға тырысты. Германияның Ирандағы мұндай белсенді қимылдары туралы осман елшілері талдау жасап, оған оның одақтасы Осман империясының өзінен төмен деңгейге түсіретіні туралы қорытынды жасады. Бұл дегеніңіз енді одақтастар Иранда бір-бірімен де бәсекеге келуі мүмкін деген пікірлер туындайды. Немістердің мұндай әрекетіне осман үкіметі одақтас болғанына қарамастан шектеу қойғысы келетіні көрініп тұрды. Бірақ, өз саясаты мен күшіне кәміл сенген Германия ешкімнің айтқанына одақтастарына немесе қарсыластарына мойын бұрмайтыны анық еді.

Бұл үшін түрік дипломаттары неміс елшілерімен ашық сөйлесіп Германияның Осман империясымен одақтас болып, бір-бірінің көмегі мен күшіне мұқтаж жағдайда арада мұндай өзара бейберекет қимылдар болмауы керек және шектен тыс қимылдар жасалмау қажеттігі туралы пікірлер айтылды. Асым Бейдің айтуынша, Германияның Осман империясының Иттихад-и Ислам саясатына, тікелей болсын, жасырын болсын ешқандай қарсы болмаулары маңызды деп есептелді. Бұл соғыстың барысында Иттихади ислам (Ислам бірлігі) саясаты табысты болып немесе болмаған жағдайда да бейбітшілік орнағаннан кейін Германия да мұндай істерге белсенді қатыса бермейтініне болжам жасалды. Бірақ, одақтастардың Иранда ішінара бақталастыққа түсуі қисынға келмейді. Ол тек қана екі одақтас мемлекеттің әрқайсысының жүргізіп отырған діни саясатының деңгейіне байланысты болды [16].

Мұндай пікірлер негізінен тарихшылар мен осы тақырыпта зерттеулер жүргізген ғалымдардың өз бетінше жасаған тұжырымдарынан туындаған. Егер Германияның, Иранда ұстанған саясатының күшеюі Осман мемлекетіне қарсылық тудырса және ол Ирандағы неміс шенеуніктердің жеке саясатынан туындаған болса ол аймақтағы саясатты мүлде бұзып жіберген болар еді. Германияның саяси мақсатындағы діни фактор осман халифінің саясатына және Осман империясының ығында өмір сүріп жатқан барлық мұсылман халықтарға бағытталып, сондай-ақ оларды мемлекеттік құқықтар мен заңдарды ескере отырып біріктіру болса Германияның Ирандағы шенеуніктеріне нақты нұсқаулармен бұйрық берілуі тиіс болатын. Демек, Германияның Ирандағы діни немесе жиһадтық саясатында оның Осман империясымен арнайы бәсекеге түскені туралы нақты ғылыми тұжырымдар жоқ деуге де болады.

Осман империясының Тегеран елшісінің келтірген деректері бойынша, Иран өзінен басқа да Ислам елдерімен Иттихад-и Ислам негізіне сүйене отырып одақтасқан. Осман империясының болашағын кепілге алатын саяси тұлға ретінде осман сұлтаны Ислам елдерінің бір-біріне көмек көрсетуін ортаға тастап сол арқылы олардың одақтастық жолмен Осман империясының айналасына жиналуы керек деп шешті. Осындай жолмен күшті мұсылман қауымын көрген немістер Осман империясымен одақтас мемлекет ретінде онымен бірге жұмыс істеп, осман үкіметіне басқа көзқараспен қарауға бармайтыны анық еді және саяси сахнада оған маңызды орын беруге дайын болған [17].

Дегенмен, Ирандағы Германияның өкілдері түрік елшісінен тыс өз бетінше ирандықтармен жеке келісімге келуге тырысқанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, Германияның саясаты негізінен саяси-экономикалық ықпалдастыққа негізделгендіктен, одан ешқандай да бір қауіп немесе артық жоспарды көруге болмайтын еді. Бұл кездегі Германияның діни саясатынан тыс жүргізілген өзара келіссөздер мен келісімдер бойынша Иран әскери күштерінің Германия тарапынан жабдықталып, соғысқа қарсы бағытталуы тиіс болатын. Бірақ, мұндай келісімдердің құпия түрде жүргізілуі тиіс екендігі дау тудырмауы қажет. Осман билігі өз одақтасының Ирандағы мұндай әрекеттерін құптаған. Себебі, ол Осман империясы үшін де тиімді еді. Германия билігі өз кезегінде Иранда діни саясат жүргізіп, оған өз бетінше араласқанымен, жалпылама алғанда Иранмен діни тұрғыда аса терең саясат ұстануға Осман империясының мүмкіндігі зор болатынын мойындаған. Неміс ғалымдары мен шығыстанушылары, теологтары Исламның қағидаларын жіті зерттеп, сол арқылы Иран мен бүкіл мұсылман әлемін өзіне жақындастыруға қол жеткізгенімен, Германияның Христиан мемлекеті болуы өз кезегінде көптеген кедергілер тудырып отыратын еді. Сондықтан, егер Иранда мұсылмандыққа негізделген германдық діни пропаганда ұзаққа созылмай немесе нәтиже бермей қалған жағдайда Герман империясы өзінің одақтасы Осман империясымен Иран арасындағы діни байланыс келісімдері арқылы өз саясатын жүргізе береді деп есептелді [18].

Тегерандағы түрік елшісі Асым Бей арқылы Германияның Осман империясынан бөлек Иранмен жеке діни келісім жасауды ойлағанын байқаған Осман империясы Сыртқы істер министрлігі бұл жеке келісімді жасауға наразылық білдірген болатын. Осман империясының Германия және Австро-Венгриямен жасаған келісімдері болса бұған қатты соққы болды. Бұл елдер арасында одақтастық келісім болғаны үшін, басқа елдермен де жасалатын келіссөздер жүзеге асырылуда бірлесіп әрекет жасалуы тиіс деп есептелді. Бұл одақтастыққа қосылуды қалаған мемлекеттерге міндетті түрде алдымен Осман мемлекетімен одақтас болуы қажет болатын. Осыған орай Иранның келешегі үшін Осман империясының жеке келіссөз жасауы мүмкін болмаған да сияқты [18, 358 - 359 с].

Осман елшісі Асым бей өз үкіметіне, Германияның Тегерандағы елшісі Пренс Ройсстің Ирандағы жұмыстарымен қызметтеріне қатысты түсіндіргені, назарға ілігетіндей жоғары дәрежеде көрсетілген. Бұл жағдайды Берлиндегі осман елшісі Ибрахим Хаккы Паша арқылы Германияға жеткізілді. Германияның берген жауабы болса, мұндай іс-әрекетінің Асым беймен Пренс Ройс арасындағы өзара түсінбеушіліктен туындағанын және осыған орай Асым Бей Пренс Ройсстің Иран билігімен жақсы қарым-қатынаста болуының бір себебі деп жауап қайтарды. Осыған қатысты Асым Бейге Германияның Иран арасында жасалған жеке келіссөздер туралы нақты дәлелдер ұсынуын талап еткен Осман үкіметі, бұл келіссөздің маңыздылығы жайында ақпарат талап еткен. Сонымен қатар екі одақтас ел елшісі арасында түсінбеушілік болмауы үшін абай болулары туралы бұйрық берілген.

Осылайша, Германияның Ирандағы исламдық саясаты өз кезегінде түрік елшілерінің тарапынан түрлі кереғар пиғылдар тудырып, ол екі одақтас арасын салқындатып жіберуі мүмкін еді. Бірақ, екі мемлекеттің басшылығы бұған жол бермеді. Германия мұнымен тоқтамай, діни саясатты өз бетінше

жүргізе берді. Ол мұсылмандық Иранмен жақын болуға жасаған әрекетін тоқтатпады. Барлық мүмкіндіктерін мейлінше пайдалана отырып, немістер соның ішінде қарсыласқа қарама-қарсы шығу саясаты арқылы Ирандағы германдық ислам саясатының мазмұнының жоғары екендігін дәлелдеуге тырысты. Осылайша, екі мемлекет тарапынан жүргізілген ғылымнан тыс, жоғары дамыған неміс-түрік «Жиһад» теориясы өзінің құндылығын барынша күшейтті. Мұсылман тұтқындарының арасындағы «жиһадты» насихаттау жөніндегі бүкіл науқан толығымен саяси утопия болып көрінді. Дегенмен, Германиядағы «мұсылман тұтқындарды Жиһадқа тарту» әрекеттері үлкен көлемде орын алды [19].

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Германияның мұсылмандық әскери тұтқындарды өз жағына тарту жөніндегі тәжірибесі әлемдік тарихтағы діни факторды әскери және саяси мақсаттарда кең көлемде пайдалану ісінде алғашқы қадамдардың бірі болды. Ислам дінін халықаралық саясатта пайдалану үйреншікті жағдайға айналып, дін қандай да бір дәстүрлі емес болған жат мағынада қолданылды. Ирандық және басқа да аймақтардағы мұсылмандарды өз жағына тарта отырып, Германия негізгі екі міндетті шешуге тырысты:

1) Исламның идеологиялық әлеуетін пайдалану және жау лагерін дәл идеологиялық негізде бөлу, сол кездегі мұсылман халықтарының көпшілігі бірнеше мемлекеттің, ең алдымен Англия, Франция және Ресей отарлық үстемдігінің астында болғанын ескере отырып оларды өз басқыншыларына қарсы қою.

2) Германдық тұтқынға түскен мыңдаған мұсылмандарды өз жағына тарту және оларды әскери күш ретінде, яғни отарлық халықтардың көтерілістерінің катализаторы ретінде, оларды "революциялық күші" деп пайдалану болды.

Осы міндеттерді шешу исламның ілімін ғылыми тұрғыдан түсіну, басқа мемлекеттермен әскери және саяси қарсы тұру жағдайында Ислам факторының қаншалықты тиімді болатынын анықтау қажеттігіне, яғни бұл ислам факторын, мұсылман идеологиясын зерттеуге және онымен байланысты ұлттық мәселені зерттеуге түрткі болды [20]. Кейіннен, 20-30-шы жж. әлемдегі саяси жағдай түбегейлі өзгергенде, дәл осы неміс тарихи және саяси ғылымы әлемде алғаш рет идеологиялық күрес мәселелерін зерттеуге және ұлтаралық қатынастардың рөлін зерттеуге, ең алдымен КСРО-да және Германияда кеңестер, социализм, коммунизм деп аталатын идеялар дамыды.

Соғыс барысында Герман билігі, Антанта мемлекеттеріне әлемнің әр түрлі бұрышында, атап айтқанда Солтүстік Африкада, Үндістанда, және Орта Азияда басталған саяси басқөтерулердің Ирандағы мұсылмандардың антантаарлықтарға қарсы көтеріліске шығуына түрткі болады деп есептеді. Бұл Германияның соғыссыз және шығынсыз соғыс жоспарының жүзеге асырылуының бір жолы деп есептелді. Германияның бұл идеялары расында да шындыққа айналуы мүмкін еді. Соғыс барысында ағылшындарға және ресейліктерге қарсы ұйымдастырылған ирандықтардың ірілі-ұсақты басқөтерулері Германияның жиһад саясатына қосымша болды [20, 119 р.].

Қорыта айтқанда, Иранға османдық жиһадпен бірге жүргізілген германдық мұсылмандық діни саясаты өзінің аз да болса нәтижесін берді. Германияның одақтасы болған Осман империясының сұлтаны V Мехмед Решад тарапынан 1914 жылы 11 қараша күні әлем мұсылмандарына жариялаған «Жиһад» ұраны бүкіл Ислам мемлекеттерінің басын қосуға арнап жасалған еді. Бұл ұран Германияның Иранға қатысты саясатының діни бағытта да өрбитінін көрсетіп, ол да Стамбул тарапынан тасталған ұранмен, бүкіл халықты елді жаудың күтпеген шабуылынан қорғауға шақырды. Бірінші кезекте Ресейді, содан кейін оның одақтастары Англия мен Францияны жеңуге деген сенімді пікір мен көзқарас пісіп жетілген еді. Германия Осман империясын мұсылман әлеміне бастайтын және арнайы бір діни саясатын жүргізетін бірден-бір күш ретінде таңдап сол арқылы жүргізді. Соғыс жылдары Германиямен және Австро-Венгриямен толық келісімде болған мұсылмандар енді Германия мен оның жақтастары үшін соғысқа дайын болды. Германияның Ирандағы діни саясатына қатысты жұмыстар аса ауқымды болмаса да ол өзінің нәтижесін беруі Германияның Шығыстағы саясатын жалғастыруға жаңа серпін берді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Нойманн И. *Использование «Другого»: Образы Востока в формировании европейских идентичностей. Монография.* – 2004. – М.: Новое издательство, 2004. – 336 с.
2. Кардини Ф. *Европа и ислам: история непонимания.* СПб., – 2007.

3. Шерстюков С.А. Джихад «Made in Germany»: Первая мировая война и споры об Исламе. // Вестник Томского государственного университета. – 2015. № 401. - С. 207–215.
4. Schwanitz Wolfgang G. Max von Oppenheim und der Heilige Krieg. Zwei Denkschriften zur Revolutionierung islamischer Gebiete 1914 und 1940 // Sozial.Geschichte. – 2004. – № 19 (3).
5. Jihad made in Germany Ottoman and German propaganda and intelligence operations in the First World War Author: Tilman Ludke Publisher: Munster Lit 2001 Dissertation: Zugl.: Oxford, Univ., Diss., 2001. – 251 s.
6. Wolfgang G. Schwanitz Djihad «Made in Germany»: Der Streit um den Heiligen Krieg 1914–1915.
7. Ettehadiyyeh Mansoureh, “Iran Geçici Hükümeti”, İran ve I. Dünya Savaşı Büyük Güçlerin Savaş Alanı, Edit., Touraj Atabaki, Çev., Gül Çağalı Güven, Tarih Vakfı Yurt Yayınları, – İstanbul 2010, – S. 9-28.
8. Ridvan Ayaydin. Cihad-i Ekber ve Sahadaki Etkileri. Birinci Dünya Savaşı'nda Osmanlı Devleti. Ed. Ali Arslan, Mustafa Selçuk. – İstanbul: Kitabevi. 2016. – 385 s.
9. Azmi Özcan, Pan-İslamizm Osmanlı Devleti Hindistan Müslümanları ve İngiltere (1877-1924), İSAM Yayınları, – Ankara, 1997, – S. 223-231.
10. Kral Abdullah, Biz Osmanlı'ya Neden İsyan Ettik?, Çeviren: Halit Özkan, Klasik Yayınları, – İstanbul, 2009, – S.119-122.
11. Peters R. Islam and Colonialism. The Doctrin of Jihad in Modern History / R. Peters. – Amsterdam, 1979. – 256 p.
12. Martin Hartmann. Der islamische Orient, Berichte und Forschungen, W.Peiser, 1902
13. Ridvan Ayaydin Birinci Dünya Savaşı'nda Osmanli Devleti'nin İran'da Cihad-i Ekber Faaliyetleri. – İstanbul 2016. – 385 s
14. Sean McMeekin. The Berlin-Baghdad Express: The Ottoman Empire and Germany's Bid for World Power, Belknap Press of Harvard University Press, Cambridge, MA, 2010. – 496 p.
15. Сауд Э.В. Ориентализм. Западные концепции Востока / послесл. К. А. Крылова, пер. с англ. А.В. Говорунова. – СПб., 2006. – 639 с.
16. Kon, Kadir: Birinci Dünya Savaşı'nda Almanya'nın İslam Stratejisi, – İstanbul: Küre Yayınları, – 2013. – 346 s
17. Tuncay ÖĞÜN. Osmanli Basınında Cihad-i Ekber: İran Örneği. // Türkiyat Mecmuası, c.28/1, 2018, – S. 91-114
18. Bayur, Yusuf Hikmet. Türk İnkılabı Tarihi, C.3, Kısım 3, Ankara, TTK, 1991.
19. Гилязов И.А. Российские солдаты-мусульмане в германском плену в годы Первой мировой войны / И.А. Гилязов, Л.Р. Гатауллина. – Казань, 2014. – 490 с.
20. Jihad and Islam in World War I. Studies on the Ottoman Jihad on the Centenary of Snouck Hurgronje's “Holy War Made in Germany”. Edited by Erik-Jan Zürcher. Leiden University Press, 2016. – 358 p.

УДК 930.99

Nesipbayeva K.R.

professor of department of World History of the Abay Kazakh National pedagogical university, doctor of historical sciences. E-mail: neskal@mail.ru

Republic of Kazakhstan, Almaty

HISTORIOGRAPHIC ASPECTS OF A PROBLEM OF "BIG CHINA"

Annotation

In May-June, 2019 was marked by trade war between the USA and China. China positions itself as one of the leading trade powers in the world. Fears connected with the prospects of transformation of China into the superstate grow in the modern world. In turn the Chinese government carries out active economic and political cooperation with the countries having considerable resources of energy carriers and other raw materials which the Chinese economy needs more and more. The historiography of a problem accumulates huge layer of scientific research of above-mentioned questions, etc. Authors mark out the Chinese progress of modernization, strict following of the concept of "the world and development", providing a peace environment, promoting rapid growth of economic power of China. In this regard by experts and politicians

it is directly asked about whether China is the great power. There is no definite answer to this question. At the same time the opinion prevails that China is in a final phase on the way to this status. Promotion by the Chinese leaders of "the fourth generation" of the concept of "the peaceful eminence" of China can serve as confirmation.

Key words: historiography, trade, trade war, cooperation, research, scientific layer, power

Несипбаева Қ.Р.

О первом визите в Туркменистан интересна оценка узбекского политолога, доктора исторических наук **Р.Сайфулина, который считает визит Президента Узбекистана Ш.Мирзиёева в Туркменистан** вполне логичным внешнеполитическим шагом президента: Туркменистан сохраняет статус нейтрального государства [4]. По нашему мнению, оценка Р.Сайфулина тоже нейтральная.

Политолог С. Пак считает, что Узбекистан имеет все основания для создания «собственной модели развития с учетом его культурных и исторических особенностей с тем, чтобы иметь возможность претендовать на экономическое процветание и важную роль в регионе», чему содействует предпринимательский дух постоянно растущего в количественном выражении населения.

По-иному мыслит независимый исследователь, французский эксперт П.Эчевери (Patri Etcheverry), связывая необходимость региональной интеграции центральноазиатского региона с новыми игроками: Пакистан, государства Персидского залива, Турция, Иран, Китай и т.д. [5]. Новые игроки дополнили существующие проблемы: культ суверенитета, отсутствие доверия между государствами, различные внешнеполитические повестки дня, соперничество лидеров, геополитические и геоэкономические разногласия и т. д., среди которых вопрос воды. «Без сотрудничества и всестороннего осмысления единой энергетической системы, которая связывает государства друг с другом, они не только не смогут справиться с новой ситуацией, но эскалация напряженности станет вероятной из-за соперничества населения на местном уровне (например, в Фергане)», - анализирует политолог. Поскольку ожидается, что к 2025 году киргизские и таджикские ледники сократятся на 30% -40%, сократив водные ресурсы в регионе примерно на 25-35%.

М.-Р. Джалили, французский эксперт по Центральной Азии, автор многочисленных публикаций по региону, отстаивает свою точку зрения, заключающуюся в том, что «главным препятствием для укрепления процесс региональной интеграции, несомненно, отсутствие взаимодополняемости экономик этих новых государств ... и это препятствие фактически не устраняется» [6]. Хотя в период Советского Союза экономики региона были построены на принципах взаимодополняемости и взаимозаменяемости. Джалили считает, что препятствием для начала и развития центральноазиатской региональной интеграции стало создание ЕАЭС. Даже несмотря на то, что ЕАЭС только начала реализовывать свой потенциал, и сотрудничество между странами в большей степени сводилось к двусторонним соглашениям. Например, Казахстан импортирует больше своих товаров, чем экспортирует, создавая дисбаланс между наличием российских и белорусских товаров и казахстанской продукции.

Мы можем согласиться с таким мнением Джалили, что государственное строительство, восстановление национальной идентичности, внутренняя сплоченность стран, укрепление независимости, защита национальных интересов все еще являются приоритетными задачами. «Перед этими приоритетами вопрос экономической интеграции чаще всего отодвигается на второй план» [6]. Однако эти приоритетные задачи затянулись почти на 30 лет.

Вместе с тем, зарубежные эксперты считают, что постсоветская Центральная Азия проявила и проявляет устойчивость перед кризисами и угрозами. Результатом визита французской сенатской делегации еще в сентябре 2001 г., стал отчет с выводами:

- новые центральноазиатские государства имеют ряд нерешенных многочисленных вопросов: их географическое положение, когда новые центральноазиатские государства оказались «втиснутыми» в центре континента, демографический фактор с общим населением в 56 млн., тогда как окружающие их соседи значительно превосходят их: Китай -1,2 млрд., Индия – 1 млрд., Россия - 148 млн. К этим факторам добавляются скрытая китайская миграция,

- центральноазиатские государства и Казахстан бросили главный вызов: обеспечить стабильное социально-экономическое развитие... К главному вызову – достижение социально-экономической стабильности – добавляется задача ограничить риски экстремистского движения и развития наркотрафика» [7].

Среди факторов, мешающие консолидации центральноазиатского региона, выделяются основные:

- различия в экономическом развитии, где наиболее слабые экономики в Таджикистане и Кыргызстане,

- последствия пережитой Таджикистаном пережил гражданской войны (1992-1997), с политическими, регионалистскими и этническими истоками,

- коррупция на высоком уровне всех эшелонах власти - общая черта всех стран,

- наличие территориальных разногласий

Заключение

Таким образом, несмотря на факторы, мешающие консолидации центральноазиатского региона, выделенные экспертами, предприняты первые шаги к реальной региональной интеграции.

Направлениями сотрудничества к региональной интеграции могут быть:

- обеспечение региональной безопасности и контроля над растущей преступностью и распространением исламского радикализма,
- стабилизация экономической, политической и социальной ситуации,
- рациональное использование природных ресурсов, особенно водных и энергетических,
- обеспечение безопасности региона, который граничит с зонами конфликтов: Афганистан, Синьцзянь, Иран,
- обеспечение взаимной безопасности границ.

Сотрудничество в этих основных направлениях станут шагом на пути к региональной интеграции. Угрозы и вызовы внешнего мира как трансформация обеспечения безопасности, проблемы климата, придадут больше оснований для сближения центральноазиатских государств.

Список использованной литературы:

1. Roy O. (1999.) *Passés recomposés // Revue internationale et stratégique.* – № 34. – P. 67-73.
2. Pak S. (1.7.2018.) *L'Ouzbékistan remplacera-t-il le Kazakhstan comme leader régional ?* – Access mode: <https://www.novastan.org/fr/kazakhstan/louzbekistan-remplacera-t-il-le-kazakhstan-comme-leader-regional/> Accessed 12.8.2019.
3. Laruelle M., Peyrouse S. (2003.) *Les Russes du Kazakhstan: Identités nationales et nouveaux Etats dans l'espace post-soviétique / Pref. C. Poujol.* – Paris: Institut fr. d'études sur l'Asie centrale, – 354 p.
4. Сайфулин Р. (2019) *Первый зарубежный визит президента Мирзиёева: ставка на Ашхабад.* Access mode: <https://eadaily.com/ru/news/2017/03/06/pervyy-zarubezhnyy-vizit-prezidenta-mirziyoeva-stavka-na-ashhabad>. Accessed 4.8.2019.
5. Etcheverry P. (2019) *Divergences croissantes et (dés) intégration régionale en Asie centrale.* Access mode: https://www.lejournalinternational.fr/Divergences-croissantes-et-des-integration-regionale-en-Asie-centrale-2-2_a1830.html. Accessed 6.8.2019.
6. Djalili M.- R. (2005.) *Intégration régionale en Asie centrale // CEMOTI.* - № 39-40. - P. 53-69.
7. *Rapport d'information (2000-2001) № 320 de MM. X. de Villepin, A.Dulait, A.Boyer, J.-L.Becart, R. del Picchia, J.Peuch, A. Rouvière, fait au nom de la commission des affaires étrangères, déposé le 10 mai 2001. Mission effectuée au Kazakhstan et en Ouzbékistan du 7 au 14 avril 2001.* – Paris: Sénat, – 71 p.

ӘӨЖ 974-674
ГРНТИ 03.01.09

Отынишева Г.Т.¹

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің докторанты*

1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Еліміз егеменді ел болғаннан кейін күннен-күнге дәйекті орын ала бастаған пікірталас еріктілігі, қоғамдағы көптеген өзгерістер, қоғамдық өмірдің бұрын айтылмай келген немесе айтылса да нақты толық бағаланбай келген келелі мәселелеріне қайта оралуға мүмкіндік беріп отыр. Осы мәселенің бірі 1920-1930 жылдардағы қазақстан жазушылары және қоғамдық – саяси, әлеуметтік жағдайдан туындаған шығармалардың ұлттық мүддеде тоғысуы болып табылады.

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ҚазКСР жазушыларының күнделікті тарихи өмірін қарастыруға талпыныс жасалды, сонымен қатар Сталиндік саясат тұсындағы қазақ жазушылары және идеялық ағымдардың үндестігі сараланған. Автордың 1920-1930 жылдардағы Қазақстан жазушыларының шығармашылықтарының ұлттық мүддеде тоғысуын автор зеттеуінде баяндаған.

Кеңестік қатал саясат тұсындағы жазушылардың әлеуметтік- тұрмыстық жағдайын автордың қарастыруы қазақ тарихының кеңестік дәуірдегі қоғамдық - саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысты зерттеулерді толықтыруға мүмкіндік береді. Автор сонымен қатар жазушылардың баспана мәселесіне тоқтала келе олардың шығармашылығының қалыптасу алғышартын зерттеген. Сонымен қатар жазушылардың әлеуметтік жағдайы мақалада талданады.

Түйін сөздер: ҚазССР, жазушылар Одағы, 1920-1930жж., күнделікті тарих, шығармалар, жазушылар, «пролетариат жазушысы», әлеуметтік жағдай, пәтер мәселесі.

Отынишиева Г.Т.¹

¹докторант КазНПУ им. Абая

ПИСАТЕЛИ КАЗАХСТАНА В 1920-1930 ГГ И ИХ ОБЩЕСТВЕННЫЕ - ПОЛИТИЧЕСКИЕ, СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ

Аннотация

Сегодня в статусе суверенного государства, наша страна дает возможность открытому диалогу, обсуждению актуальных социальных проблем ранее не оцененных, и не до конца раскрытых. Одной из таких проблем является сближения в национальных интересных писателей и их произведение, зарождению которых способствовала непростая социальная, политическая ситуация в стране.

В статье автор попытался рассмотреть исторический быт писателей КазССР, а так же, проанализировать, идейное единство, сплоченность казахских писателей при сталинском режиме. В данном исследовании автор изложил сближение, сплоченность национальных интересах казахстанских писателей в 1920-1930 годах. В статье предпринята попытка изучить повседневную жизнь писателей Казахской ССР в 20-30-е годы

Данная работа автора дает возможность дополнить уже имеющиеся исследования социальной, экономической жизни быта казахских писателей в период жестокой политики советского режима. Автор также изучил предпосылки для создания своего творчества, сосредоточив внимание на вопросах жилищного вопроса писателя. Кроме того, в статье анализируется социальный статус писателей.

Ключевые слова: КазССР, Союз писателей, 1920–1930-е годы, повседневная история, произведения, писатели, «пролетарский писатель», социальная проблема, жилищная вопрос.

Otinshieva G.T. ¹

¹doctoral student of KazNPU named after Abay

WRITERS OF KAZAKHSTAN IN 1920-1930 AND THEIR PUBLIC - POLITICAL, S. OCIAL PROBLEMS

Abstract

Today, in the satus of a sovereign state, our country provides an opportunity for an open dialogue, discussion of pressing social problems that have not been previously assessed, and not yet fully disclosed. One of these problems is the rapprochement of interesting national writers and their work, the emergence of which was facilitated by the difficult social, political situation in the country. In the article, the author tried to consider the historical life of the writers of the Kazakh SSR, as well as to analyze the ideological unity and solidarity of Kazakh writers under the Stalin regime. In this study, the author outlined the rapprochement, cohesion of the national interests of Kazakhstanian writers in 1920-1930. The article attempts to study the daily life of the writers of the Kazakh SSR in the 20-30s

This work of the author makes it possible to supplement the existing research on the social, economic life of Kazakh writers during the period of the brutal policy of the Soviet regime. The author also studied the prerequisites for creating his work, focusing on the housing issues of the writer. In addition, the article analyzes the social status of writers.

Keywords: KazSSR, Writers' Union, 1920-1930s, everyday history, works, writers, “proletariat writer”, social problem, housing problem.

Тарихшы ғалымдардың алдында тарихты жазуда, зерттеуде өзекті мәселелерге жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, дербес, тың ой-пікірлер мен тұжырымдар жасау міндеті тұрды. Бірақ тәуелсіз, жаңа тұжырымдар жасау оңайға түскен жоқ. Тарих ғылымын зерттеуде оның методологиясын өзгертуді заманның өзі талап етіп отыр. Тарихтың зерттеу нысанын өзгерту мақсатында кейінгі кезде қолға алынып жатқан тарихты саясаттан тыс, халықтың күнделікті өмірі тұрғысынан алып зерттеу, яғни ХХ ғасырдың орта тұсына дейін кең өріс алған макродеңгейдегі тарихтан соңғы мезгілде біршама екпін ала бастаған микродеңгейдегі тарихқа бет бұру – тарихты зерттеудегі қордаланып қалған мәселелердің түйінін шешіп, шынайы ақиқатқа жеткізетін бірден-бір жол.

ХХ ғасырдың алғашқы жартысына дейін қоғамдық жағдай макро деңгейдегі тарихтың (мемлекет, ұлт, таптар тарихы) басымдылық алуына негіз болды. Тарихи ой осы бағыттағы және осы мазмұндағы

тақырыптарды игеруге басымдылық берді. Бұл зерттеу әдісі мен бағытының әлсіз жақтары да болғандығын тарихшылар бүгінгі уақытта мойындап отыр. Күнделіктілік тарихты соңғы жылдары қазіргі заманғы тарих ғылымында болашағы зор бағыттардың бірі ретінде танытуда. Ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы, тарихи білім саласында да жаңашылдыққа бет бұрып, өзгеріп, жаңару үстіндегі сара жолға түсті. Осындай жаңа бағыттағы зерттеулердің бірі қазақ жазушыларының ХХ ғасырдың бірінші жатысындағы күнделікті өмірін жаңа қырларынан жан – жақты зерттеу. Мақаламызға арқау болған тақырып та ХХ 20-30 жылдарындағы Қазақстан жазушыларының күнделікті өмір тарихынан сыр шертеді.

ХХ ғасырдың 20 жылдары қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына көптеген ақын – жазушылар өз үлестерін қосты.

ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында репрессияларға қарамастан Қазақстан мәдениеті жетіліп, әдебиеттің дәстүрлі және драма жанрлары қалыптаса бастады. Сталиндік қатал режимдік билік ХХ ғасырдың 20-50 жылдарында қазақ жазушыларына және олардың шығармаларына мүмкіндігінше цензура бақылауын қойып, бірінен кейін, бірін саяси қуғын – сүргінге ұшыратып жатқанымен қазақ елінің әдеби саласының дамуына және оның болашақ ұрпаққа қалуына үлкен қазақ жазушылар қауымы қомақты үлестерін қосты. Осы ащы саяси науқанмен науқанмен қоса ашаршылық қасіретіі кеңестік биліктің бірінші бесжылдық тұсында 1928-1932 жылдар орын алды. Бөл нәубет жылдар да осы кезеңдегі жазушы қауымының шығармашылығын айналып өткен емес. Осы қасірет жылдар туралы соңғы алашордашылардың бірі - Әлімхан Ермеков төмендегідей пікірін білдіреді: «қазан төңкерісі Қазақстанда 1928 жылдан бастап нақты күшіне кірді. Далалық жартылай феодализм мен капитализмнің тамыры енді ғана жұлына бастады. Бұрын саясатпен айналысқан адамдар осындай қысылтаяң сәттерде сынақтан өтуі тиістігін» білдірген еді [1]. 1925-1933 жылдары Қазақстанды Ф.И. Голошекин басқарған тұста, «Ұлы қазаннан» «Кіші қазанды» туындатып саяси науқан жан – жақты күшіне енді. Қазақ даласындағы мал басының қысқаруы аздай, ауа-райының қолайсыздығы мен індеттің таралуы «жығылған үстіне жұдырық» болды. Қазақ басына күн туған тұста тарих сахнасына әдебиет жүгін аркалап 1920 жылдары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұстафа Шоқай, Мұхтар Әуезов, ал 1930 жылдары ұшқыр ойлы, өткір тілді қазақтың «ұлтшыл» тұлғалары жарыққа шықты. Мұстафа Шоқайұлының басшылығымен Берлинде 10 жыл бойы (1929-39) шығып тұрған «Яш Түркістан» журналындағы материалдар соның айғағы [2]. Оның қаламы ашаршылық тақырыбын айналып өтпеген. Бұл жөнінде төмендегідей мәліметтерге назар аударалық: 1918-22 жылдардағы «Новый мир» журналында жарияланған «Қазақ жеріндегі ашаршылық» деген мақаланың авторы – шынайы Ахмет Байтұрсынов емес. Оның мақаласын советтік цензураның 99 пайызға өзгертіп жібергені аңғарылып тұр. Өйткені, А. Байтұрсынов ешқашан айқын фактілерге қарама-қайшы келмейді» - деп аяқтаған өз мақаласын Мұстафа Шоқай [3]. Саясат пен шығармашылықты қатар алып жүрген қазақ зиялыларының мұраларындағы ашаршылық тақырыбы ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы күрделі тақырыптардың бірі болды. Олардың арасында қазақ жазушылары Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасын, Илияс Жансүгіровтің «Кәмпеске», «Жұт-жеті ағайынды» өлеңдерін атауға болады. Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы туралы Тұрсынбек Кәкішевтің деректеріне сүйенсек: «1936 жылы 10 қаңтарда Минск қаласында КСРО Жазушылар одағының пленумы болды. Ойламаған жерден Сәкен мықты соққыға жығылды. Бүкіл қазақ даласын жыландай жалмаған аштық пен ауыртпалықты, ескі крайкомның қайрансыздығын қазақ әдебиетінде жападан-жалғыз жырлаған «Қызыл ат» поэмасы Сәкенді «пәлеге» қалдырды. «...троцкизмге жақын саяси қателіктерге жол берді» деп, Сәкенді Троцкиймен бауырластырып қойды, ... бұл сол кез үшін қайырлы сағаттан емес-тін...» [4].

ХХ ғасырдың 30 жылдары ішінде елімізде іске асқан қоғамдық-экономикалық өзгерістер қазақ поэзиясының дамуында жаңа кезеңді әкелді. Бұл жылдардағы жазушылардың ең өзекті тақырыптарының бірі – индустрияландыру саясатына қатысты тақырып болды. Ел ішінде салынып жатқан өндіріс орындары, темір жол құрылыстары, осы жолдағы табыстар мен қызу еңбек – алдымен ұшқыр ойлы шығармашылық иелерінің назарына ілікті. Қазақтың поэзия өкілдері бұл тақырыпқа арнап көптеген өлең, поэмалар жазды. Сонымен индустрия тақырыбына жазылған алғашқы өлеңдердің идеялық мәні қалың бұқараны творчестволық еңбекке жігерлендіруге үгіттеумен байланысты болды. С.Сейфуллиннің «Қалаушылар жыры», «Тоқу фабрикасында», І.Жансүгіровтің «Алтын қазан», «Екпін күйі», С.Мұқановтың «Қарағанды», «Конвейер», Қ.Әбдіқадыровтың «Екпін», А.Токмағамбетовтың «Түрксіб түйіскенде», Т.Жароковтың «Бесжылдықтың бағасы», Ғ.Ормановтың «Шеңбер», «Мыс қала», Ә.Тәжібаевтың «Айнабұлақ», Ө.Тұрманжановтың «Байғыз» тағы басқа өлеңдері Қазақстанның индустрияландыру саласындағы жаңалықтарын нақты суреттермен бейнелеу тұрғысында да пайдалы қызмет еткен еңбектер

болды. І.Жансүгіров Қазақстанның кен байлығын алтын қазанға балап, оны пайдаға асырып жатқан халық күшін мақтаса, С.Мұқанов өлеңдері ақынның Қарағандыда болған кездегі ой-сезіміне, әсерлерінен тындаған. Жоғарыда аталған сипаттағы әсерлі шығармалар Ғ.Орманов пен Ө.Тұрманжановтың Балқаш жайлы өлеңдерінде де сипат алды. А.Тоқмағамбетов пен Ғ.Орманов, Ө.Тәжібаевтардың қуатты өлеңдері Түркістан – Сибирь темір жолының іске қосылуына орай жазылды. Индустрияландыру тақырыбын әр ақын өзінше жырлады. Қазақ поэзиясының отызыншы жылдар ішінде көп жырлаған тақырыптарының бірі – ауыл шаруашылығын коллективтендіру, колхоз құрылысының нығаюы, шаруалар санасындағы өзгерістерді сипаттау болды. Сонымен бірге бірқатар ақындар ескі үгіт сарынымен кете бермей, ауыл еңбекшілерінің өміріндегі өзгерістерді, оның жан-сезімін көңіл-күйін көрсетер жаңа лирика жасады. С.Сейфуллиннің «Даладағы жаңа күй», «Тракторшы», Б.Майлиннің «Коллективтің жырын айт», «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз», І.Жансүгіровтің «Егінші», «Қойшының ойы», С.Мұқановтың «Малшының мақтаншы», Ғ.Ормановтың «Темір ат», Ө.Тәжібаевтың «Қарлығаш» сияқты өлеңдерін атап өту керек. Бұларда ауыл адамдарының ойлары мен істері, техниканы игеруі мен жаңа мамандыққа ие бола бастауы лирикалық жылылықпен, көркем образдармен зерделенген. Қазақ тарихының әр дәуірдегі әр қилы шындығын бейнелеуде жазушы І.Жансүгіровтың атқарған қызметі өте құрделі. 1930 жылы жазған «Дала» поэмасында ол қазақ тарихының революциядан бұрынғы ауыр кезеңдерін оқушыға таныстыра келіп, даладағы өзгерістерді үмітпен жырлайды. Отызыншы жылдар ішіндегі қазақ әдебиетінің елеулі табысы – үлкен прозаның өрістеуі. Көркем әңгіме, повестермен қатар үлкен прозаның үлгісі – роман туды. Б.Майлиннің «Азамат Азаматыч», І.Жансүгіровтің «Жолдастар», С.Мұқановтың «Теміртас», «Ботакөз», М.Дәулетбаевтың «Қызылжар», С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім» романдары халқымыздың өткен тарихи жолы мен бүгінгі өмірін эпикалық кең суреттеп беруімен, жанрдың ішкі ерекшеліктерін меңгеріп, типтік құбылыстарды бейнелей алуымен аз уақыттың ішінде-ақ бұл жанрдың зор болашағын танытты. Отызыншы жылдардың бас кезінде туған қазақ романдары Б.Майлиннің «Азамат Азаматычы» (1934) мен С.Мұқановтың «Теміртасы» (1935) – революциядан кейінгі қазақ халқы өміріндегі жаңару процесін, ауылдағы әлеуметтік өзгерістерді көрсетуге арналған шығармалар. «Азамат Азаматыч» арқылы Бейімбет Қазақстандағы социалистік құрылыстың жеңістері жолындағы күрестің қиыншылығын, тап жаулармен қақтығыстарды, сол жолда өсіп шыққан ұлттық интеллигенция өкілдерін бейнеледі. Роман сюжетін кейіпкерлердің қақтығысына негіздей отырып, автор олардың әрқайсысын-ақ әрекет үстінде көрсетуге тырысады. Ал «Теміртас» шығармасы болса, тақырыптық жағынан «Азамат Азаматычқа» жақын болғанмен, қазақ халқы өмірінің өзгеше бір ақиқатты ашуға тырысады. Отызыншы жылдар қазақ әдебиетінде әңгіме жанрының қаулап өскен, бірталай идеялық-көркемдік табыстарға ие болған дәуірі болды. Бұл жылдары әңгіме жанрында Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Ерубаевтар табысты шығармаларға қол жеткізді. Қазақ халқының әдеби мұрасын ХХ ғасырдың 20 - жылдары бір арнада тоғыстыра білген ұйым «Алқа» ұйымы. Алқа алаш қайраткерлері бейресми құрған әдеби - мәдени шығармашылық ұйым. 1920 жылы большевиктік диктатура толық орнағаннан кейін Алаш басшысы Әлихан Бөкейхан әріптестерімен: «Не балаларға сабақ беріп, не журналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасак, не қазақ тілінде кітап жазбасак, өзге жол бізге бөгеулі ғой» деп сырласты.

Алаш қозғалысының жаңа кезеңі Алқа ұйымынан байланысты екендігі тарихи қауымға аян. 1920 - 1924 жылдары идеясы сызылып, талқыланған, ал 1925 жылдың басында зиялылар арасына таратылған Алаш қаламгерлерінің ұйымдасқан шығармашылық жобасының аты – «Алқа» еді. Елшіл азаматтарға 1930 - 1937 жылдары үкім шығарарда, олардың «Алқаға» кіргені, ұйым мүшелерімен араласқаны басты айып ретінде тағылды. «Алқа» дүниеге келгенге дейін өлкелік баспасөзде саясатқа байланбаған еркін шығармашылық туралы Ахмет, Жүсіпбек, Мағжан, Смағұл, Мұхтар т. б. тұлғалардың ой - пікірі жарық көрді. Осы және басқа да сұранысты ескеріп, Мәскеудегі «Күншығыс» баспасында қызметте жүрген Ө. Бөкейхан, М. Жұмабаев Қазақстандағы А. Байтұрсынұлы, С. Сәдуақасұлы т. б. қайраткерлермен ақылдасып, жаңа әдеби ұйымның бағдарламасын жасады. Ол елдегі және сырттағы қалаларда жүрген басты 16 қаламгерге таратылды. Руханият тарихында ешнәрсе кездейсоқ тумайды. Шешімді, табанды әрбір қадамның себебі бар. 1924 - 1925 жылдары өмір жүзіне шыққан «Алқа» мұраты тарихи қажеттіліктен пайда болды. Аталмыш "Алқа" ұйымының ең басты ұстанымы — әдебиеттегі таптық принципті жою болатын. «Алқаның» ымыралы бағдарламасын қабылдамаған Кеңес өкіметі, 1925 жылғы маусымда ҚазАПП (Қазақ пролетар жазушыларының ассосациясы) ұйымдастыру бюросын құрып, Сәкен Сейфуллинді жетекші етті. Арада бір жыл өте, 1926 жылы 4 қарашада ҚазАПП-тың Сәбит Мұқанов жасаған платформасы еңбекші қаламгерлердің жиналысында бекітілді. «ҚазАПП-тың құрылуы әдебиет әлеміне біраз өзгерістер ала келді. Орынбордағы төңкерісшілер басқа ағым былай тұрсын, кейбір

большевиктерді ҚазАПП-қа мүше етпей бірден әпербақандыққа көшті. ...олар оқыған, білімді, абыройлары зор, елге ықпалы жүретін алашшыл ақын-жазушылардан қорықты, өздерін жұтып қоярдай сезінді, сондықтан оңаша отау тігіп, тәуелсіз болуды қалады» деп жазады зерттеуші Тұрсынбек Кәкішұлы.

Қазақстанда 1930-34 жылдары «...ұрандату, жіктелу, айтысу-тартысу, орынсыз кінә тағып қаралау, шындықты жел сөзбен жабу, көлеңкелеу орын алды. Рапорт дәуірінің басы Қазақстанның 10 жылдық мерекелік сессиясынан басталды: «Құрметті сессия, үкімет, Еңбекші табы қалың-жұрт, ҚазАПП ұйымы атынан, Тапсырамыз рапорт: Жүз он алты мүше бар, Сексен бес кітап сыйлаппыз. Социалды ұлы іске, Том-томдап жинаппыз» деу дәстүрге айналып, «Нефтістан», «Көмір коммунизм», «Пулемет» сияқты рапорт поэма, дастандар қаптап кетті, - дейді Тұрсынбек Кәкішұлы. жылдары ҚазАПП-қа басшылық еткен М.Қайыпназаров жазушыларды тізіп қойып, «пролетариат жазушысы», «байшыл жазушы», «жолбике» деген таңбаларды партия жолымен беттеріне басқан.

Орталықтың пленумдарында жасалған баяндамалар жеке кітап болып, Мәскеуден жарық көріп жатты. Сыни мақалалар, рецензиялар сол жинақтарға еніп жүрді. Бірақ әдеби атмосфера турасында ұлттық тақырып көтерілмейтін. Съездерде аты шыққан жазушылар басты баяндамалар жасап, өз елінің әдеби ахуалын сөз ететін. Солардың бірі - Мұхтар Әуезов еді. Аталмыш жиын, басқосулардың дені - ұрандардан тұратын. Идеяны көркем шығармаға айналдыру, халық санасына сіңіру жолдарын қарастыру деген нәрселер талқыланатын. Съезд Партия басшыларының өтпейтін. Айтылған әңгіме, жасалған баяндама, тың идея хатталып, жазылып отыратын. Әркім секция-секция бойынша жыл қорытындысын жасап, ұсынысын алға тартатын. Әлемді дүр сілкіндірген оқиғалар мен бейбітшілік назар тыс қалмайтын. Ұлттық тақырып көтерілмейтін дегенмен де, әр жазушы өз тілінде жазды, өз халқының проблемаларын көтерді. Сәбит, Мұхтар, Ғабит, Ғабидендер орысша сауаты мықты болса да, көркем шығарманы қазақ тілінде жазды. Бір басқосуда Мұхтар Әуезовке: «Сіз орысша жақсы білесіз. Неге шығармаларыңызды да орыс тілінде жазбайсыз?» - деген сұрақ қойылды. Сонда Мұқан: «Менің орысшам - көркем әдебиетке арналған орысша емес. Менің орысшам - мақала, рецензия, құжаттың айналасындағы орысша. Адам қазақ болғысы келсе, қазақша түс көру керек...», - деп жауап берді. Осындай бір ірі тұлғалардың арқасында қазақ тілін, қазақ өнерін, қазақ мәдениетін сақтадық [5].

1920-30 жылдардағы идеялық талас-тартыстардан кейін пайда болған жазушылар одағы тоталитарлық жүйемен бірге қилы кезеңдерден өтіп, тәуелсіз Қазақстанның қазіргі «биігіне» шықты. Қазақстан совет жазушыларының 1-съезі 1934 жылдың жазында өтті. 1932 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстан жазушылары ұйымы алғашқы съезге қарқынды дайындыққа кірісті. Аталған кезеңде қазақ халқының жартысына жуығы аштан қырылып жатқан еді. Қазақ ақын-жазушыларын бір ұйымға біріктіру мәселесі жөнінде әдебиет тарихын зерттеушілер 1925-30 жылдары қаламгерлер арасында талас-тартысқа түскенін айтады. Әдебиет тарихын зерттеушілердің дерегіне қарағанда, қазақ қаламгерлерін біріктіру жолындағы алғашқы қадам 1922 жылдан басталады. «Небәрі үш-ақ кісі келгендіктен сиез емес, кеңес есебінде өткен» бастапқы ұмтылыстан кейін, 1922 жылы 8 шілдеде «Еңбекшіл қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлының «Қалам қайраткерлерінің жайынан» дейтін мақаласы жарыққа шықты. «Жазушылармыз бытыраңқы болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар» деген ол «кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес» деп жазған еді. Ахмет Байтұрсынұлы партиялық принцип, таптық, интернационалдық көзқарас белең алып келе жатқанда жазылған бұл мақалада: «Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес» деп түйіндеді.

XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлттық интеллигенция өкілдері қатарындағы қазақ жазушылары шығармашылық еңбектері арқылы елге танылып, өз қаламының жемісін жегізгенімен қоғамдық- саяси, әлеуметтік салада көптеген кедергілер мен қиыншылықтарды басынан өткізді.

Ең алғашқы І Бүкілодақтық жазушылар съездің ұйымдастырушысы болып Максим Горький бекітілді. І Бүкілодақтық съезге - 1934 жылы Қазақтаннан Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқановтар да барды. Сол жиында Горький көлемді баяндама жасап, заман ағымына сай әдебиет қандай болу керек, қандай ірі-ірі тақырыптар қозғалу керек деген мәселелерге тоқталды. Келесі съез кезінде 1939 жылғы жағдай елден береке-бірлік кеткен кез. Қазақ қоғамындағы саяси ахуал күрделене түсті. Ал Мәскеудегі атмосфера туралы айтудың өзі артық болар. Көптеген себептерге байланысты съез өтпей қалды. Тұңғыш съезде тіл, ұлт мәселесі сөз болған. Кейін зиялылар ұсталып кеткен соң ондай жеке-дара дүниелерді ауыз алмайтын болдық.

Сонымен қатар 1937-1939 жж. іргелі қалаларда тұратын жазушылар қауымында материалдық және әлеуметтік жағдай өте қиын болды. Мысалы, Алматы қаласындағы көптеген қазақстандық жазушылардың тұрғын үй жағдайлары қиын халде болды. Әлеуметтік және тұрмыс жағдайының төмен болуына байланысты жазушылардың көпшілігі шығармашылық дамудан артта қалды, кейбір жазушылар үшін пәтер болмағандықтан, шығармашылық жұмыстары айтарлықтай тоқтады. Кеңес Одағының жазушылар Одағаның төрағасы Оңдасыновқа жазған Қазақстан жазушылар одағы басқармасының төрағасы Абилевтің Баяндау хатында осы кезеңдегі Қ.Аманжолов сынды жазушылардың баспана және тұрмыстық жағдайы сипатталып, мәлімдеме жасалған. Онда: Қазіргі уақытта «Қорлығайын» және «Жаямұса» музыкалық пьесаларымен жұмыс жасайтын осы кезеңдегі ақын Қасым Аманжолов жолдастарымен бірге түнейді. Жазушылардың жазғы үйлері қаладан тыс жерлерде орналасқан. Қасым Аманжоловтың отбасы үлкен және баспана болмағандықтан шығармашылық жұмысын тоқтата тұруға мәжбүр болды. Жолдас Скворцов пен Тәжиев екі ай бұрын оның тұрмыстық жағдайымен танысып, қалалық кеңес төрағасына жолдас Аманжоловқа қаладан тиісті пәтер беру туралы ұсыныс жасады. Алайда, қалалық кеңес оған пәтер беру мәселесін әлі шешпеді. Мұндай жағдай көптеген қазақ жазушыларын да тыс қалтырмады. Ақындар Сайн, Бекхожин, Сатыбалдин, Адамбеков және басқалары да отбасыларымен бірге кішкентай тар бөлмелерде өмір сүруде. Мұндай тұрмыстық жағдай жазушылардың қалыпты шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік бермейді. Ұзақ уақыт бойы біз тиісті ұйымдармен жазушылардың тұрмыстық жағдайына қатысты ұсыныстар жасадық. Алайда олар әлі күнге дейін жазушылардың ерекшелігін ескермейді және жазушыларға өз жұмыстарын дамыту үшін жағдай жасауды уақытында оңды шешпеді. Мұндай кедергілер кеңестік қазақ әдебиетіміздің дамуына кері ықпал етеді. Сізге қаламгерлердің баспанаға қатысты қиын жағдайын баяндай отырып, Қазақстан Кеңес жазушылар одағының кеңесі келесі жазушыларды пәтермен қамтамасыз етуге көмектесуді сұрайды:

1. Аманжолов Қасым - ақын, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан әдеби қорының директоры, отбасының 6 адамынан тұрады. Пәтері жоқ.
2. Бекқожин Қалижан - ақын, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, жауапты хатшысы, отбасының 6 адамынан тұрады. Пәтері жоқ.
3. Сатыбалдин Қапан - ақын, ҚазССР Жазушылар одағының мүшесі, Пәтері жоқ.
4. Сайн Жұмағали - ақын, ҚазССР Жазушылар одағының мүшесі және жанұясы 4 адам кішкентай бөлмеде тұрады. Пәтері жоқ.
5. Абилов Дихан - ақын, ҚазССР Жазушылар одағының мүшесі, 8 адамға жанұясы пәтерге тәуелді.
6. Адамбеков Ихлас - ақын, КИHL редакторы, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мүшесі пәтер жоқ.
7. Еркимбеков Дүйсембек - драматург, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мүшесі, пәтер жоқ.
8. Кузнецов Павел - ақын, респ. «Әдебиет және өнер» журналының редакторы, 4 адам жарамсыз пәтерде тұрады.
9. Макеев Леонид - Прозаик, «Әдебиет және өнер» журналының қызметкері. КСРО Жазушылар одағының кандидаты, 6 адамға 23 шаршы метрлік пәтерде тұрады. Пәтерге тәуелді.
10. Омаров Сейітжан - прозашы, КСРО Жазушылар одағының кандидаты. Тар бөлмеде 4 адам бір тұрады. Бұлардан басқа, пәтерге мұқтаж жазушылар да бар, бірақ біз, ең алдымен, өмір сүру жағдайы қиын жазушыларға жүгінеміз. Кеңес жазушылар одағының кеңесі сіздің араласуыңызды сұрайды, жаңадан салынған № 7 тұрғын үй кешенінен пәтер алуға өтінішке жоғарыда аталған жазушыларды қосуды сұрайды [6]. Сонымен қорыта келгенде 1920-1930 жылдардағы Қазақстан жазушыларының ұлттық мүддеде тоғысуы сол кезеңдегі ұлт, тіл, дін мәселесі болды. Сонымен қатар осы кезеңде жазушылардың басты еңбектері қоғамдық-саяси жағдайдан туындаған. Жазушылардың басты мәселесі шығармашылығының дамуына жаңдай жасайтын әлеуметтік – тұрмыстық жағдайдың нашарлығы. Жазушылардың түйінді әлеуметтік – тұрмыстық мәселелерін шешу үшін біршама баяндау хаттар, өтініштер жазылғанымен, орталық тарапынан мұндай мәселелердің басым бөлігі шешілмей қала берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. Т.2. – Алматы: «Ел-шежіре», 2011. -376 б. –Б.202.*
2. *Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. ҚҰЭ. -Алматы, 1998. -720б. -Б.249.*
3. *Көлбаев Т. Мешін – тауық жұты / Алаш айнасы. 20.04.2012*

4. Кәкішев Т. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2010. -352 б;
Құрманғалиева Р. «Қызыл ат» поэмасына жаңаша көзқарас //Астана ақшамы. 28 ақпан, 2012.
5. https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25546/
6. Қор 1778, тізім 3, іс 1, 29-30 беттер

МРНТИ 04.51.27

ӘӨЖ 316.334.2

Досжанова А. И.¹, Құрманбаева Л. Т.²

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасының аға оқытушы, магистры

²М.Тынышпаев атындағы ККА «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ф.ғ.к., доценті

ТІЛ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОЙЛАУ СТИЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада тіл мәдениеті мен ойлау стилінің құндылықтары мен ертеңгі кәсіпқойлардың тіл мәдениеті туралы айтылады. Тіл - бұл адам рухының өте маңызды және жұмбақ жемісі, тіл адамды қалпына келтіріп қана қоймайды, тұтас алғанда мәдениет оны ашуға және түсінуге көмектесетін кілт болып табылады. Тіл мен мәдениет белгілі бір этникалық топтың дамуын сипаттайды. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды - қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсуде. Ертеңгі тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық. Ал біздің елімізде талқыланып жатқан бұл мәселе мемлекеттік тілдің маңыздылығы мен тіл мәдениетінің құндылығы болып отыр. Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде.

Кілттік сөздер: тіл, тіл мәдениеті, сөз мәдениеті, тіл моделдеушілік

Досжанова А. И.¹, Құрманбаева Л. Т.²

¹ҚазҰМО и МЯ имени Абылай хана Кафедра современная история Казахстана и мировоззренческих дисциплин

²К.ф.н., доцент КазАТК имени М.Тынышпаева

ЦЕННОСТИ КУЛЬТУРА В ЯЗЫКЕ И СТИЛЬ МЫШЛЕНИЯ

Аннотация

В этой статье рассматривается ценности языковой культуры и стиля мышления и культура языка завтрашних профессионалов. Язык-это очень важный и загадочный плод человеческого духа, язык воссоздаёт не только человека, но и культуру в целом это ключ который помогает открыть и понять её. Язык и культура описывают развитие того или иного этноса. Зеркало, которое отражает человеческий разум, культурный уровень, разум, духовное богатство. Актуальность языковой культуры всегда учитывалась, и неважно, что это за люди. Казахский народ также уделял большое внимание искусству "искусство - красный язык". В настоящее время актуальность языковой культуры растёт. Языковая культура завтрашнего дня - это не только речь, доброта, доброта, но и откровенность, утонченность, словарный запас. И этим вопросом, который обсуждается в нашей стране, является ценность государственного языка и ценность языковой культуры. Богатство языка - это богатство. В то время как словарь зависит от количества слов, используемых в словаре каждого человека, основное богатство - рациональность слова, то, как понять эти слова, и как понять великолепные и впечатляющие взгляды.

Ключевые слова: язык, языковая культура, культура слов, языковое моделирование

Doszhanova A¹, Kurmanbaeva L.²

¹Kazakh Ablai Khan University of International, Relations and World Languages

²Candidate of philosophical Sciences.D., associate professor

of «History Kazakstan and socio-humanitarian

disciplines» Kazakh Academy of Transport and communications named after M. Tynyshpayev

VALUES OF LANGUAGES AND LANGUAGES IN LANGUAGE CULTURE

Abstract

In this article consider valuables of language and thought's style. Tomorrow professional's language culture. Language - is very important and human spirit's baffling figment language re-creates not only human, but and the culture too, it is a key that opens and helps to understand world. The language and the culture continuously lives with nation, from evolution look they describes people's develop. A mirror that reflects the human mind, the cultural level, the mind, the spiritual wealth. The relevance of the language culture has always been taken into consideration, and no matter what kind of people it is. The Kazakh people also paid great attention to the art of "the art is red-tongue". At present, the actuality of language culture is growing. Tomorrow's language culture is not only speech, kindness, kindness, but also frankness, sophistication, vocabulary. And this issue, which is being discussed in our country, is the value of the state language and the value of language culture. The riches of language are the riches. While vocabulary depends on the number of words used in each person's vocabulary, the basic wealth - the rationality of the word, how to grasp those words, and how to grasp the magnificent and impressive views.

Keywords: language, language culture, word culture, language modeling

Тіл - адам рухының маңызды және жұмбақ жемісі, адамды ғана емес, жалпы өркениетті қалыптастыратын, оны түсінуге көмектесетін кілт. Тіл мен мәдениет халықпен бірге өмір сүреді, эволюциялық түрде дамушы этносты сипаттайтын – оның тілі мен мәдениеті. Демек, қазақтың шырайлы мазмұны терең, сөздік қоры бай, өміршең тілін және оған деген қазақ халқының көзқарасын зерттеу арқылы оның дүниетанымын түсінуге болады. Тіл қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды - қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсуде. Ертеңгі тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық. Ал біздің елімізде талқыланып жатқан бұл мәселе мемлекеттік тілдің маңыздылығы мен тіл мәдениетінің құндылығы болып отыр. Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің парың, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісі, лексикалық қабаттын баю, толығы жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек. Ой көрігінен сомдалып шыққан сөздің шынайысы да, жалғаны да болады: дейді философ Әл-Фараби.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассемблеясының XII құрылтайында айтқан болатын. Ал 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдамасында Елбасы «Тілдердің үш тұғырлығы» - «Триединство языков» мәдени жобасын кезендеп іске асыруды ұсынды. Ал 2008 жылы ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетугі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», - деді [1]. Тілдердің үш тұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, қазақ тіл – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Демек, үштұғырлы тіл саясаты – заман талабына сай қажеттіліктен туындаған игілікті идея.

«Мәдениет» деген түсінікке тоқталатын болсақ, мәдениет - деген ұғымға беті-қолын жуғаннан бастап, адамзат ақыл-ойының қазіргі жеткен ең соңғы биігіне дейінгі барлық ұғым енеді, - деп М.И.Калинин атап көрсетеді.

Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. рухани өмір табыстарының жиынтығы, - дейді тілші-ғалым М.Балақаев өзінің «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде [2,10б.].

Қазіргі заманауи талаптарға қойылатын басты талаптардың бірі - өмірден өз орнын тандай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Тіл моделдеуші жүйе дейміз. Осындағы модель дегеніміз белгілі бір интеллектуалдық құрылым немесе шынайы әлемнің қандай да бір бөлігі, фрагментін нақты белгіленіп белгілі бір ракурсте суреттеу үшін қажет жалпылама идеалды құрылым. Модель- формализацияланған жүйе, оның құрлымы басқа бір жүйенің құрлымына ұқсас, изоморфты. Мәдениет моделі оның аумақты да күрделі жүйесін түгелдей дерлік көз алдына елестетпейді, қайта мәдениеттің нақты қырын, оның атқаратын қызметін суреттейді. Мысалы, шынайы әлемнің әмбебам модельдеуші жүйесі-табиғи тілі. Сондықтан да оны бірінші модельдеуші жүйе деп те атайды. Онымен қатар, табиғи тіл. Сондықтан да оны бірінші модельдеуші жүйе деп те атайды. Онымен қатар, табиғи тілдік деңгейден жоғары жатқан коммуникативтік құрылымдар-екінші тілдер, яғни екінші модельдеуші жүйелер де бар. Екінші модельдеуші жүйелер тілдік үлгіде, тілдік пішінде жасақталады. Екінші модельдеуші жүйелерге ғылым, философия, өнер және тағы сол сияқтыларды жатқызамыз. Олардың барлығының қосындысынан мәдениетті модельдеуші жүйені немесе сол мәдениеттің тілін табамыз. Тіл мәдениеті жөніндегі теориялық және практикалық пікірлерді дамытушылардың бірі - И.И.Срезневский. Ол тілді оқушының ойлау дағдысымен тікелей байланыстыра отырып, баланы қысқа әңгімелер түріндегі жаттығу жұмыстарына бейімдеу пайдалы дей келіп, «Важно для приучения отличать более важное от менее важного и неважного вникать в те основы слов и выражений которыми изображаются основные мысли ... как безотносительно к форме, в которой та или другая мысль выражается так, и с объяснением самой форм выражении, чтобы заставить детский ум оценить форму», - деп балалардың жұмыстарында, сондай-ақ ауыз екі сөйлеу тілінде синонимдерді барынша кеңінен қолдану қажеттігін айтты [3,144б.]. Тілдің тіл саясатының биік ұғымы, барлық мәні оның қолдануында. Тіл мәдениетінің деңгейі, оның зерттелуі әрі қоғамдық қызметі арқылы көрінеді. Тіл - қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей және адамдар білген құбылыстардың алуан түрін түгел қамтиды. «Тіл - қоғамдық құбылыс» деген тезисті ұсынбағанымен, тілдің қоғам өмірімен байланыстылығы, қоғамдағы орны, ролі деген мәселелермен XIX В. Гумбольдт еңбектері кейініректе туған лингвистикалық мектептердің тілдің әлеуметтік сипатына ерекше мән берулеріне түрткі болды. Бұл мәселеге Н.Я.Мартин да ерекше мән берді. Жалпы тілді халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихы мен мәдениетімен тығыз байланыста қарау В.Фон Гумбольдт, И.Гердер, Г.Пауль, В.Вундт, Г.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня т.б. ғалымдардың есімдерімен байланыстырылады. Қазақ зиялылары: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, А.Жапбаров, Ә.Болғанбаев, С.Исаев, А.Ысқақов, Р.Әміров, Қ.Жұбанов т.б. ғалымдардың еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады. Тіл табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ.Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан [4, 141-142 б.]. Тіл мәдениетіне тәрбиелеу сөз мәдениеті негіздері туралы және тіл туралы жан-жақты ұғым беруден басталады. Сөз әдебі, әдетте, ауызша сөйлеу тілі мәдениетімен тұтастықта танылатындықтан, адамның айналасындағылармен табыса білуінің құпиясы қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және іскерлік секілді түрлерімен байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту – Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» - деп тұжырымдайды. Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. рухани өмір табыстарының жиынтығы, - дейді тілші-ғалым М.Балақаев өзінің «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде [5,10б.]. М.Балақаевтың жоғарыдағы мәдениет туралы айтқан анықтамасын ары қарай тіл мәдениетімен жалғастырсақ ол өз ойын былайша көрсетеді: «Тіл мәдениеті дегеніміз - тілдік тәсілдердің жиыны, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [2,17б.]. Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал деп айтқан болатын. Ж.Аймауытов. «Тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама береді Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде. Ал тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл

мәдениеті дегеніміз - сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау(лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді [6,24-25].

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы-ой. Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғарғы қасиеті.дейді.Ғ.Мұстафин. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқыту, тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етіп отыр. Егемендік алған еліміздің жаңа даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы, әр түрлі дипломатиялық қызмет атқаруы шетел тілінің, яғни ағылшын тілінің рөлін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі қалауы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Тіл-тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгеруде де үлкен рөл атқарады. «Тіл мәдениеті» негізінен «Сөз мәдениеті», «Сөзді орынды қолдану» деген ұғымды білдіреді. Өйткені, тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі - сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың күнгірттіктің болмауы. Соған орай тіл мәдениеті ғылымын үлкен екі салаға: ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп бөлуге болады. Қорыта келгенде «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деп ұлы Абай тегін айтпаған. Жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей ТӘУЕЛСІЗ Еліміздегі ертеңгі маманның тіл мәдениетін жоғары дәрежеде қалыптастыра аламыз және ол ҚАЗАҚ тілінде болғанын қалаймыз! «Қазақ тіл мәдениетінің тамырынан» нәр алса ғана біз өсіп жетілетіндігіміз. Бұл жалғыз менің үндеуім емес, аталар аманаты,бабалар өсиеті! Қорытындылай келе Елбасының ана тілі туралы айтқан мынадай көрікті ойымен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған , әрі жас отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен? Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» //Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы 6 ақпан, 2008 жыл
2. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері / М.Балақаев.- Қазақстан Совет энциклопедиясы.- Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы,1977.-631 б. Т.11.
3. Абалкова Б., Игібаева А.К. Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту / Б. Абалкова, А.К. Игібаева // С. Аманжолов атындағы ШҚМУ –дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары.- Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004.-392 б.
4. Абалкова Б., Игібаева А.К. Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту / Б. Абалкова, А.К. Игібаева // С. Аманжолов атындағы ШҚМУ –дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары.- Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы,2004.-392б.
5. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық Алматы:Қазақстан,1965.-186 б.
6. Ожегов Л.И. Лексикология. Лексикография. Культура речи /Л.И. Ожегов. - М.: Высшая школа, 1974. - 352 с.

МРНТИ 04.51.27
ӘӨЖ 316.334.2

Ainur Toleubayeva¹, Lyazzat Kurmanbaeva²
¹PhD doktora Yabancı Diller ve Kariyer Kariyer Üniversitesi,
öğretim Görevlisi Almaty, Kazakistan, aynurtoleubayeva@gmail.com
²Filoloji Bilimleri Adayı, Doçent Almaty, Kazakistan

KAZAKİSTAN' DAKİ DİNİ VE ETNİK ÇEŞİTLİLİK

Özet

Kazakistan, birçok milletten oluşan çok dinli bir devlettir. Bu çalışmada Kazakistan'daki etnik ve dini çeşitlilik problemleri ve çeşitliliğin nedenleri ele alınmıştır. Ayrıca makalede Kazakistan Cumhuriyeti hakkında genel bilgiler verilmiştir. Ayrıca, mevcut dini durum ve dini gruplar, hareketler hakkında bahsedilmiş. Din, ulusların tarihinin ve kültürel yapısının en önemli ve en etkileyici unsurlarından birisidir. Öncelikle şunu belirtmek lazım, bütün dinlerin insanın yaratılmasıyla ilgili inançları vardır. Özellikle kaynağı “Allah ve Peygamber” inancına bağlı olan ve bizim İlahi Dinler olarak adlandırdığımız “İslâm, Hıristiyanlık ve Musevilik” dinlerinde tek Tanrı inancı vardır. (Begalınova K., 2009:14)

Din toplumsal şuurun biçimi olarak toplum hayatında kültüre ve geleneğe büyük etki sağlar. Din-insan medeniyeti tarihinde ilkçağdan başlayan manevi olaydır. Din kültürü ile dini değerler geleneksel dinin eşliğinde insanoğluna manevi değer kazandırır. Halbuki, kazaklar önceden, Şamanizm, Zerdüşlük, Manilik, Hıristiyanlık ve Musevilik dinleriyle tanışmıştır

Anahtar kelimeler: Kazakistan Cumhuriyeti, toplum, etnik çeşitlilik, din, dini çeşitlilik.

Айнур Толеубаева¹, Курманбаева Ляззат Тулбаевна²
¹PhD доктор Университет иностранных языков и деловых карьеры, Алматы, Казахстан
²К.ф.н., доцент Алматы, Казахстан

РЕЛИГИЯ И ЭТНИЧЕСКОЕ РАЗНООБРАЗИЕ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценттері Г.К. Көкебаева мен Г.Р. Дадабаевалардың Венгрия архивтері мен кітапханаларына жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Венгрия Ұлттық кітапханасы мен Орталық еуропалық университеттің Ашық қоғам архивтерінде, ғылыми қызметкерлердің зерттеу жұмыстары мен баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларын жинақтап қайтқан. Ашық қоғам архивінен алынған фотоқұжаттардың кейбіріне тоқтала кетсек, «Хрущев жеке шаруашылықтағы малдың басын кемітуде» (1961 ж. 5-сәуір), «Тың және тыңайған жерлердің Комиссары» (1961 ж. 27-қаңтар), «Кеңестік отарлау және Қазақстан» (1961 ж. 5-қаңтар), «1965 жылы Қазақстандағы эрозияға ұшыраған жерлер» (1966 ж. 15 маусым) және т.б. Кеңес Одағында айтылуға тиым салынған, Хрущевтің сәтсіз жобасына айналған тың және тыңайған жерлерді игерудегі кеткен қателіктер мен кемшіліктер туралы құнды құжаттар алынып, Ұлттық архивке өткізілген. Сонымен қатар, 1986 жылдың 16-желтоқсанында орын алған Желтоқсан оқиғасына қатысты «Ашық Еуропа», «Азаттық», Би-би-си, «Америка дауысы» радиоларының бағдарламаларында ағылшын тілінде оқылған радиохабарламалардың мәтіндері мен аудиожазбалары да кездеседі. КСРО аумағында баспасөз беттері мен бұқаралық ақпарат құралдарында айтылмаған және айтылуға тиым салынған Желтоқсан оқиғасы туралы батыстық демократиялық көзқарас тұрғысында таралған радиохабарламалар осы бір тарихи оқиғаның ақ-қарасын ашуда құнды материал болмақ. Радиохабарламалардың тақырыптарына қысқаша тоқталсақ, «Этникалық тәртіпсіздіктер саяси мәселелерді көтереді» («Soviet ethnic Reveal Policy Problems», 22 желтоқсан 1986 ж.), «Мәскеу қазақтарды тыңдайды» («Moscow hears from the Kazakhs» 22 желтоқсан 1986 ж.), «Қазақстандағы оқиға туралы хабарламалар», «Кеңестікке қарсы бүліктің ұзақ көлеңкесі» («The long shadow of anti-soviet rioting» 23 желтоқсан 1986 ж.) радиохабарлары [6].

Венгрия Республикасының Ашық қоғам архивінен алынған ХХ ғасырдың соңғы ширегінде КСРО-да орын алған оқиғалар мен тарихи өзгерістер туралы ағылшын тіліндегі архивтік құжаттар шынайылығымен ерекшеленеді. Архивтегі материалдар тек дәстүрлі құжаттық тасығыштарда ғана емес, сонымен қатар электрондық нұсқада, дискілерде, фотонегативтерде, арнайы микрофишаларда сақталатыны белгілі. Отан тарихына қатысты материалдар жинау барысында экспедиция мүшелері еліміздің тарихына тікелей немесе жанама қатысы бар құжаттардың кез-келген нұсқаларын жинақтауға тырысқандығын байқаймыз. АҚШ, Армения, Венгрия, Германия, Египет, Қытай, Өзбекстан, Польша, Ресей, Түркия, Ұлыбритания елдерінен 35 мыңнан аса құнды тарихи құжаттық деректер, 300-ден аса шығыс қолжазбалары, жүздеген кино, дыбыс, фотоқұжаттар, телесюжеттер, әртүрлі жылдардағы мерзімді басылымдардың жүздеген сандары анықталды. Осы анықталған құжаттардың ішінен 2004-2006 жылдар аралығында Қазақстан архивтерінде баламасы жоқ 147 377 кадр микрофильм, 16808 парақ құжат, 785 архивтік іс, 27 шығыс қолжазбасының көшірмесі, 52 киноқұжат, 1 819 фотонегатив, 113 түрлі-түсті слайдтар, 12 ортағасырлық карта көшірмесі, 400 архивтік құжаттар жинағы, анықтамалықтар Ұлттық архив қорына қосылды [7].

«Мәдени мұра» салалық бағдарламасының **екінші кезеңі** 2007-2009 жылдар аралығын қамтыды. Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асты. Қаржыландырудың жалпы көлемі – 4,004,9 миллион теңге, оның ішінде 2007 жылы – 1 873,6 миллион теңге, 2008 жылы – 1 376,5 миллион теңге, 2009 жылы – 754,8 миллион теңге бөлінді [8].

Бағдарлама аясында қазақ ойшылдарының мұрасын зерделеу үшін, қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар қолжазбаларды, жәдігер басылымдарды, кітаптар мен архивтік құжаттарды табу және сатып алу үшін шетел қалаларының архивтері мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру жоспарланды. Бағдарламаның осы кезеңінде Мәдениет және ақпарат министрліктерінен бастап, Орталық және облыстық мемлекеттік архив мекемелері, университеттер мен Ғылым академиясының Ғылыми-зерттеу институттары, «Археография және деректану ұлттық орталығы» жаппай шетелге шығып, ондағы құжаттармен танысып, көптеген архив құжаттарының көшірмелері әкелінді. «Мәдени мұра» бағдарламасының бұл кезеңі архив саласы үшін өте нәтижелі, жемісті кезең болды. Себебі, алғашқы кезеңде жіберілген олқылықтардың орны толтырылып, құжаттардың қайталануына жол бермеуді көздеп және ішінара орын алған ретсіздіктер жойылып, нақты мақсаттар мен міндеттер айқындалған еді. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрі Құжаттама және архив ісі комитетінің бақылауымен шетелдерден құжаттардың көшірмесін Қазақстанға жеткізу архив саласының мамандарына тапсырылды. Олардың қатарында Комитеттің бас маманы Ғ.Исахан, «Археография және деректану ұлттық орталығының» маманы Б.Жанаев, Орталық мемлекеттік архивтің архивісті М.Жылысбаева, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен Г.К.Көкебаева, Г.Р.Дадабаева, Еуразия ұлттық университетінен Ә.Шилібекова, Д.Қыдырәлі, деректанушы ғалым Б.Көмеков, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен А.Исмаилов,

С.Д.Құдасов және Түркістан облысы мемлекеттік архивінен А.К. Исатаева сынды тарихшы ғалымдар мен архивист мамандар алыс-жақын шетелдерден Қазақ тарихына қатысты мол құжаттық мұра жинақтады.

Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде (бұдан әрі – ӨР ОМА) Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік облыстарында соңғы үш жүз жылдың көлемінде орын алған тарихи оқиғалар мен процестер көрініс беретін ауқымды құжаттық материалдар жинақталған. Бұл құжаттар Түркістан өлкесінің тарихын жан-жақты ашуға және объективті тұрғыда баға беруге мүмкіндік беретін маңызға ие.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Өзбекстан Республикасының архив қорларынан Қазақстанға қатысты құжаттарды тауып және оларды айналымға енгізуде т.ғ.д., профессор Анвар Исмаилов белсенді қызмет жасады. Ол ӨР ОМА архивінде болған кезінде Қазақстан архивіне қатысты іздестіру жұмыстарын жүргізген. Архивтің «34-қорында Түркістан АКСР ағарту халық комиссариаты» (Наркомпрос) қорынан 1917-1924 жылдар арлығында Ташкент қаласында өмір сүріп, қызмет істеген Х.Досмұхамедов, М.Тынышпаев, А.Байтасов, Ф.Ғалымжанов, М.Қасымова сынды қазақ саяси элита өкілдерінің құжатарын анықтаған. Сонымен қатар, ӨРОМА-ның Р-365-«К.Тимирязев атындағы Халықартау институты» және Р-366 «Ташкент мұғалімдер институты» қорларынан Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Т.Кулкашевтардың түпнұсқа құжаттарын тапқан.

Профессор ғалым осы сапарында 28 қордың материалдарын толығымен қарап, ол жердегі Қазақстан тарихына қатысты құнды құжаттардың тізімін жасаған. А.Исмаиловтың Өзбекстан Республикасының орталық архивінен қарастырған құжаттардың бірнешеуіне тоқтала кетсек, архивтің Р-17 қорындағы 1 тізбе, 1150 істе 1924 жылығы Ұлттық межелеу туралы Түркістан орталық атқару комитетінің қаулысы және өзге де құнды құжаттарды атап айтуға болады [9]. 86 қорда (ӨКСР ОАК) Бекайдар Аралбаев, Ораз Жандосов, С.Есқараев, Т.Рысқұлов, А.Розыбакиев, А.Серғазиве сынды қазақтан шыққан партиялық-кеңестік қызметкерлердің құжаттарымен танысқан. Аталған тұлғалардың ішінен А.Исмаилов Т.Рысқұлов, Б.Аралбаев және А.Серғазиевтің құжаттарының толыққанды болуына байланысты көшірмелерін алып ҚР ҰА-не өткізген.

2008 жылдың 16 маусым-7 шілде аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі ақпарат және мұрағат комитетінің басты expertі Ғ.Т.Исахан мен Алматы облысы архивтер мен құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қ.Т.Досжанова және Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің қызметкері М.К.Есмұханова Ташкент қаласына іс сапарға барып құжат жинақтап қайтқан. ӨР ОМА-ға, Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар архивіне, Ташкент облыстық архивтерінде болып, Қазақстан тарихына қатысты құжаттар мен материалдарды тауып, олардың көшірмелерін алып келген.

ӨР ОМА-індегі 8 қордың 36388 сақтау бірлігімен танысып, оның ішінен 1830 сақтау бірлігі алынып, оларға тізімдеме түзілген. Ташкент облыстық мемлекеттік архивінен 336 іс қаралып, оның 151 сақтау бірлігі анықталған. Өзбекстан Республикасының архивтерінен жалпы саны 1981 іс анықталған. [10]. Жоспар бойынша көрсетілген ӨРОМ кинофотоқұжаттар архивіне барғандығы, және ол жақтардан қандай да бір құжат алғандығы қорытынды есепте көрсетілмеген.

«Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алынған жылдары Өзбекстан Республикасы мемлекеттік архивтерінен құжаттардың көшірмелерін алуда алғашқылардың бірі болып Түркістан облыстық мемлекеттік архиві қолға алған. ӨРОМА-інен алынған құжаттардың көшірмелері Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің 1170 қорында «Түркістан өлкесіндегі Қазақ Ұлттық интелегенцияларының қызметі мен өмірі жайлы құжаттарының» коллекциясы, ал 1129-қорда «Өзбекстан Республикасы архив қорынан Оңтүстік Қазақстан тарихы бойынша құжаттары (революцияға дейінгі кезең)», 1169-қорда «Өзбекстан Республикасы архив қорынан Оңтүстік Қазақстан тарихы бойынша құжаттары (кеңестік кезең)» қорларында топтастырылған [11]. Өзбекстан Республикасы архивтерінде Қазақстан тарихына қатысты мол мұралардың сақталғандығына қарамастан, өкінішке орай 2010 жылдан бастап бұл мемлекеттің архивтерінде шетелдік азаматтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізулеріне рұқсат берілмей, архивтерге кіруіне қатаң тиым салынды. Егер бұндай шектеулер болмаған жағдайда Қазақстан тарихына қатысты қаншама тың деректер мен шынайы ақпараттар Ұлттық архив қорын толықтырған болар еді

Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі шетелдің барлық архив мекемелері мен ғылыми зерттеу орталықтарынан әкелінген құжаттардың мәліметтері туралы бір орталықта жинақталған база құрылды. «Археография және деректану ұлттық орталығында» «электронды каталог» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі құрылды. Электронды каталог Қазақстан ғалымдары мен зерттеушілері үшін аса маңызды іздеу құралына айналды.

«Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жж. қамтыған үшінші кезеңінде алғашқы екі кезеңнің қорытындыларына баға беріліп, шетелдік ғалымдармен, іргелі ғылыми орталықтармен бірлесе отырып, ұлттық мұраларды кешенді түрде жан-жақты зерттеу, олардың ғылыми айналымға түсуі

камтамасыз етілді [12]. Бұл кезеңде шетелдерден жаппай құжат жинақтау біршама саябырлап, керісінше әкелінген құжаттар негізінде жинақтар жарық көре бастады. «Археография және деректану ұлттық орталығы» бағдарламаның осы үшінші кезеңінде, яғни 2010 жылдан бастап «Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында» атты көптомды ақпараттық анықтамалығы дайындалып жарық көре бастады. Бұл анықтамалық республика көлемінде архивистер мен зерттеуші ғалымдарға, ізденушілерге шетелдің архивтерінен жинақталған еліміздің тарихына қатысты құнды құжаттар туралы бағыт-бағдар беретін көмекші құралға айналды. 2011-2012 жж. Отан тарихына қатысты шетелдерден әкелінген құжаттар «Археология Семиречья (1857-1912 гг.)», «История Казахстана в документах и материалах» атты үш томды альманахы және Алматы қаласы «Раритет» баспасынан «Трагедия казахского аула 1928-1934 гг.» құжаттар жинағы жарық көрді.

2004-2011 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасымен шет елдердің архивтері мен ғылыми зерттеу институттарында, университеттері мен орталықтарында болып, қазақ халқының тарихына қатысты материалдар жинақтап археографиялық экспедициялар жүргізген мекемелерді 3 топқа бөлуге болады: **1. Мемлекеттік архивтер:** Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотофоноқұжаттар архиві, Алматы қаласының мемлекеттік архиві, Түркістан облыстық архиві, Солтүстік Қазақстан облыстық архиві, Шығыс Қазақстан облыстық архиві, Қызылорда архиві, Жамбыл облыстық архиві. **2. Ғылыми институттар мен орталықтар:** ҚР Ғылым Академиясының тарих және этнология институты мен Шығыстану институты, ҚР Археография және деректану орталығы (Қазіргі сирек кітаптар мен қолжазбалар орталығы-Р.Х.). **3. Жоғарғы оқу орындары:** әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Еуразия Ұлттық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Абылайхан атындағы Шет тілдер университеті.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан тарихына қатысты құнды деректер мен құжаттардың көшірмелері алынған алыс-жақын шет мемлекеттер: **1. Ресей Федерациясының архивтері.** Жеті жылға созылған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында еліміздің ғалымдары мен архив мамандары Ресейдің барлық архивтері мен кітапханаларында болып, Отан тарихына қатысты құнды деректер жинақтады. Қазақстан тарихына қатысты мол мұраның Ресей жерінен табылуын еліміздегі тарихи үдерістердің орын алуымен түсіндіруге болады. Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві, Ресей мемлекеттік тарих архиві, Ресей мемлекеттік көне актілер архиві, Ресей империясы сыртқы істер архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві, Ресей мемлекеттік экономика архиві, Ресей мемлекеттік әскери-тарих архиві, Ресей мемлекеттік әскери архиві, Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві, Мәскеу облысы орталық мемлекеттік архиві және Омбы, Орынбор, Санкт-Петербург қалаларының архивтерінде Қазақстан тарихы мен қазақ халқына қатысты құнды құжаттар көптеп кездеседі. **2. Өзбекстан Республикасының архивтері мен ғылыми зерттеу орталықтары, кітапханалар.** Қазақстан архивистері мен ғалымдары Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, Ташкент облыстық архивінде, Өзбекстан Республикасы кинофотофоноқұжаттар орталық аемлекеттік архивінде және Әлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапханасында, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының фундаментальды кітапханасында, Абу Райхан Бируни атындағы Шығыс қолжазбалар орталығында болып Қазақстанның оңтүстік аумағында орын алған тарихи-мәдени оқиғалар мен жергілікті халықтардың әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне қатысты құжаттарды жинақтап қайтқан. **3 топқа алыс шетел архивтерін топтастырдық.** Армения Ұлттық архиві, Беларусь Республикасы Ұлттық архиві, Ватикан Құпия архиві, Ұлыбритания Ұлттық архиві, Венгриядағы Орталық Еуропа университетінің «Ашық қоғам» архиві, Грузия орталық мемлекеттік тарихи архиві, Бейжиң қаласындағы Қытай Халық Республикасы бірінші тарих архиві, Испания ұлттық кітапханасы, Польша Ұлттық кітапханасы, Соғыс, революция және бейбітшілік Гувер институты (АҚШ), Франция сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық архиві, Берлин мемлекеттік кітапханасы және т.б. архивтер мен кітапханаларды атап өтуге болады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жоғарыда аталған елдермен тығыз қарым-қатынас жүргізе отырып, сол мемлекеттердің архивтері мен ғылыми мекемелерінде, кітапханаларында жинақталған кітаптардың түпнұсқаларын, құжаттардың көшірмелерін, фотоқұжаттардың, аудиоқұжаттар мен бейнеқұжаттардың CD, DVD дисктердегі көшірмелерін жинақтап, Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры теңдесі жоқ мол мұралармен толықтырылды. Бағдарлама шеңберінде жинақталған бұл мәдени жәдігерлеріміз ғылыми сараптамадан өтіп, ғылыми айналымға енуі үшін құжаттар жинағы жарық көрсе, ол өз кезегінде Қазақстанда сапалы жинақтардың көбейіп, Археографиялық қордың молаюына мүмкіндік бермек.

Архивтану ғылымының негізгі қызметі құжаттарды сақтауға қабылдау, мемлекеттік тіркеуге алу, сақталуын қамтамасыз ету және тарихи құнды құжаттарды жариялаудан тұрады. Соңғы жылдардағы елде белең алған қоғамдық сананың оянуы мен ұлттық рухты қалыптастыру мақсатында жаппай тарихи деректерге, шынайы ақпарат көздеріне, яғни архив құжаттарына қызығушылық артып отыр. Қоғам сұранысын қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік архивтер тарапынан «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шетелден әкелінген құжаттарды жинақтау мен жариялау жұмыстары өзінің оң нәтижелерін көрсетті деп бағалауға болады. Отан тарихын ұлттық мүдде тұрғысында зерттеу мақсатында тарихи құнды құжаттардың елімізге қайтарылу үрдісі «Архив-2025» бағдарламасы аясында жалғасын табады деп сенеміз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс. //«Егемен Қазақстан» 29 қараша 2003 жыл. 1-2 бб.
2. Мийманбаева Ф.Н. Развитие архивного дела в Казахстане в период независимости. //Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия историческая. №4 (91). 2018. С.167.
3. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы ҚР Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы № 1277 Жарлығы.
4. ҚР ҰА 48 қор, 1 (жал) тізбе, 285 іс. 23-24 бб.
5. ҚР ҰА №83 қор, №6 (жалғасы) тізбе, 271-276 істер.
6. ҚР ҰА. 48-қор, 1 (жал) тізбе, 435 іс.
7. ҚР ҰА. 48-қор, 1 (жал) тізбе, 322 іс, 24-25 бб.
8. 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы № 1203 Қаулысы.
9. ҚР ҰА 48 қор, 1 тізбе, 253 іс, 1-4 бб.
10. ҚР ҰА 48 қор, 1(жал) тізбе, 322 іс, 2, 17-23 бб.
11. ҚР ҰА 48 қор, 1(жал) тізбе, 369 іс, 17-19 бб.
12. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы №1016 Қаулысы.

МРНТИ: 03.01.39

УДК 94(574) 93/94:01

Д. Джумагалиев¹

*¹магистр гуманитарных наук, научный сотрудник Институт истории государства
КН МОН РК, г. Астана, Казахстан*

**НОВЕЙШИЕ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ
КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИХ ОТНОШЕНИЙ В НОВОЕ ВРЕМЯ
(ДИССЕРТАЦИОННЫЕ РАБОТЫ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ)**

Аннотация

На сегодняшний день вопросы двустороннего казахстанско-российского сотрудничества продолжает оставаться в центре внимания казахстанских и российских исследователей, публикующих большой объем научной литературы. Большая публикация источников по истории казахстанско-российских отношений облегчает исследовательский процесс потому как изучение, анализ, комментирование опубликованных в последние годы источников дает возможности по изучению различных аспектов истории Казахстана.

В статье рассматриваются новейшие историографические источники по истории казахстанско-российских отношений в Новое время. На основании опубликованных диссертаций отечественных исследователей автор рассматривает и делает историографический обзор по данному вопросу. Ряд проводимых исследований, в том числе диссертационных, подтверждают научную важность и востребованность в исследовании всего комплекса казахстанско-российских отношений на современном этапе. Анализ всей имеющейся литературы по данной проблеме приобретает особую актуальность еще и в связи с углублением казахстанско-российских отношений на современном этапе.

Ключевые слова: историография, источники, казахстанско-российские отношения, Казахстан, Россия.

Д. Джумагалиев¹

¹гуманитарлық ғылымдар магистрі, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан

ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАҢА ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР (ОТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ)

Аннотация

Бүгінгі таңда екіжақты қазақстан-ресей ынтымақтастығы мәселелері қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің назарында болуда. Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының тарихы бойынша деректерді жариялау зерттеу процесін жеңілдетеді, өйткені соңғы жылдары жарияланған деректерді зерттеу, талдау, түсініктеме беру Қазақстан тарихының түрлі аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Мақалада қазақстан-ресей қарым-қатынастарының Жаңа замандағы соңғы тарихнамалық деректері қарастырылады. Отандық зерттеушілердің жарияланған диссертациялары негізінде автор осы мәселе бойынша тарихнамалық шолу жасайды. Бірқатар жүргізілетін зерттеулер, оның ішінде диссертациялық зерттеулер қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Ресей қатынастарының барлық кешенін зерттеудің ғылыми маңыздылығы мен қажеттілігін растайды. Осы мәселе бойынша қолда бар әдебиеттерді талдау қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының тереңдеуіне байланысты да ерекше өзектілікке ие болады.

Түйін сөздер: тарихнама, деректер, қазақстан-ресей қатынастары, Қазақстан, Ресей.

Jumagaliyev D.¹

¹Master of Humanitarian Sciences, Research fellow of the
Institute of history of the State of the CS of the MSE of RK, Astana, Kazakhstan

THE LATEST HISTORIOGRAPHIC SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKH-RUSSIAN RELATIONS (DISSERTATIONS OF KAZAKH RESEARCHERS)

Abstract

Today, issues of bilateral Kazakh-Russian cooperation continue to remain in the focus of attention of Kazakhstan and Russian researchers, publishing a large amount of scientific literature. The large publication of sources on the history of Kazakhstan-Russian relations facilitates the research process because the study, analysis, commenting of sources published in recent years provides opportunities for studying various aspects of the history of Kazakhstan.

The article discusses the latest historiographic sources on the history of Kazakhstan-Russian relations in modern times. On the basis of published theses of domestic researchers, the author examines and makes a historiographic review on this issue. A number of studies, including dissertations, confirm the scientific importance and relevance in the study of the entire complex of Kazakhstan-Russian relations at the present stage. The analysis of all available literature on this issue is of particular relevance also in connection with the deepening of Kazakhstan-Russian relations at the present stage.

Key words: historiography, sources, kazakh-russian relations, Kazakhstan, Russia.

В настоящее время проблема двустороннего казахстанско-российского сотрудничества продолжает оставаться в центре внимания казахстанских и российских исследователей, публикующих большой объем научной литературы. Активная публикация в Казахстане в последнее время источников по истории казахстанско-российских отношений во многом облегчает исследовательский процесс потому как изучение, анализ, комментирование опубликованных в последние годы источников дает весьма широкие возможности по изучению различных аспектов истории Казахстана. В работах казахстанских исследователей историография истории казахстанско-российских отношений в Новое время занимают весьма скромное место. Это можно объяснить тем, что в процессе своего развития казахстанская историография находилась под значительным влиянием политической ситуации, связанной с распадом СССР, становлением новых независимых государств. Проводимые диссертационные исследования, подтверждают научную важность, исследовательскую востребованность в исследовании всего комплекса

казахстанско-российских отношений на современном этапе. В качестве примера мы сошлемся на работы отечественных исследователей по истории казахстанско-российских отношений в Новое время, чьи труды доступны для широкой аудитории в российских и отечественных научных интернет-ресурсах, и демонстрируют актуальность данного направления исследований. Более пристальное внимание к имеющимся работам казахстанских исследователей позволит проводить и выявить особенности исследований в Казахстане. С установлением протектората в 1730-х годах начинается новый этап казахстанско-российских отношений. Определение политико-правового статуса казахских ханств – по отношению к Российской империи является одним из сложных вопросов историографии. Многие исследователи по-разному оценивают и характеризуют систему казахско-русских взаимоотношений в Новое время. В целом, хотелось бы отметить что, на сегодняшний день существуют различные оценки уровня взаимоотношений Казахстана и России на протяжении XVIII-XIX веков. Одной из первых попыток комплексного историографического осмысления современного этапа развития казахстанской историографии по проблемам истории Казахстана второй половины XIX - начала XX вв. является работа Б.К. Рахимбековой. В своей работе автор стремилась выявить тенденции, новые концептуальные подходы в изучении данного периода, с тем, чтобы определить адекватность восприятия трудов современных казахстанских историков как качественно нового в процессе освоения конкретно-исторической тематики [1]. Многие вопросы историографии Казахстана, Средней Азии и России рассматривались исследователями сопредельных государств. Проблемы современной казахстанской историографии и вопросы национальной истории были проанализированы А.М. Абдилдабековой [2]. В диссертации обобщены исследования по истории присоединения Казахстана к России в рамках проблемно-хронологического принципа, что, способствовало выявлению качественно переломных сдвигов в развитии научного знания по проблеме присоединения Казахстана к России, рассмотрению общего состояния исторической науки Казахстана. Рассматриваемая работа не носит столь жестко интерпретируемой направленности по отношению к Российской империи. Автор в целом верно определил концептуальные подходы каждого периода. В дореволюционный период в работах русских авторов доминировала точка зрения о «цивилизаторской миссии России» в Казахстане. Последствия присоединения Казахстана к России считались ими прогрессивными. Однако, в работах казахской интеллигенции начала XX в. обозначен критический подход к оценке присоединения, который подчеркивает вынужденность обращения казахов к России, тяжелые последствия колониальной политики. Проводя анализ советской историографии вопроса, автор характеризует особенности становления концепции завоевания Казахстана, а затем постепенное становление концепций «наименьшего зла», и, наконец, концепции «добровольного присоединения и его прогрессивного значения». Проведенный анализ современной казахской историографии показывает, какое большое значение уделяется этому вопросу на современном этапе.

Большой интерес, как в историческом, так и фактическом плане представляют диссертация А.К. Абуева «Деятельность хана Абылая по объединению казахских земель и развитию казахско-российских отношений» [3]. В работе вопросы развития двусторонних отношений рассматриваются через призму деятельности хана Абылая. В работе также на основе научного анализа высказывается и обосновывается некоторые вопросы истории Казахстана, как причины и последствия кризиса Казахского ханства в начале XVIII века, образования трех жузов, присоединения их к России. В диссертации С.З. Раздыкова «Казахи Правобережья Иртыша в XVIII - первой половине XIX вв.: Социально-экономическая система», автором изучена часть территории Обь-Иртышского междуречья, процессы формирования и расселения здесь казахской диаспоры, проблемы формирования, демографическая ситуация, экономическая специфика казахов юга Западной Сибири в XVIII - первой половине XIX веков, а также влияние на них русского земледельческого хозяйства [4]. На основании изученных источников в образовании российской казахской диаспоры правобережья Иртыша С.З. Раздыков выделяет шесть периодов, что позволило выявить основные периоды оседания казахов на внутренней стороне российских губерний. Автор заключает, что казахская диаспора была образована в результате строительства и выдвижения пограничной линии, когда традиционные казахские кочевья Среднего жуза оказались в орбите геополитических интересов Российской империи. Казахские жузы и российская политика на территории Степного края во второй половине XVIII - первой четверти XIX вв. рассматриваются в работе Д.Б. Тебаева [5]. В диссертации впервые при анализе политики России на территории Степного края последний рассматривается и как окраина Российской империи, и как один из субъектов международных отношений. Важным в данном исследовании является тот факт, что до настоящей работы данная территория не рассматривалась вне территории Сибири и Центрально-Азиатского региона как

самостоятельная государственная единица. Наряду с этим впервые была предпринята попытка рассмотреть геополитическую составляющую Степного края и его роль в продвижении России в юго-восточном направлении. Среди работ, посвященных истории казахско-русских отношений, заслуживает внимания исследование С.Б. Китигулова [6]. В диссертации был рассмотрен механизм и особенности функционирования региональной администрации в полиэтничном регионе. Автором были определены направления политики оренбургских губернаторов, повлиявшие на социо-культурную жизнь Казахской степи в XVIII веке, а также раскрыта роль исламского фактора в политике центральной и региональной власти в последней четверти XVIII века. Политика Российской империи в отношении кочевых народов Северного Прикаспия в XVIII веке рассматривается в работе Ж.Б. Кундакбаевой [7]. Автор раскрывает процесс вовлечения и удержания в сфере влияния империи народов с другими типами экономики и социального устройства на основе регионального подхода. В работе отмечается, что имперская интеграция народов Северного Прикаспия прошла несколько этапов. Первоначальное освоение территорий путем строительства системы крепостей и форпостов сопровождалось установлением военно-административного надзора над традиционными институтами власти подвластных народов. Проблемы российской колонизации и национально-освободительного движения в казахской степи были рассмотрены в диссертации Б.К. Айтеновой [8]. Автор с помощью оценочных, в том числе критических, суждений, на основе сопоставления различных методологических подходов и результатов исторических исследований, провела анализ казахстанской историографии российско-казахских отношений второй половины XIX - начала XX вв. Этнические и политические аспекты взаимоотношений казахов и башкир в первой половине XVIII века были рассмотрены в работе Г.Б. Избасаровой [9]. На основе анализа родоплеменной структуры казахского и башкирского народов показаны их единые этнические корни, освещена политика России по отношению к башкирам и казахам. Раскрыт характер взаимоотношений казахов и башкир после присоединения Младшего и Среднего жузов к России. Историческая обстановка конца XVII - середины XVIII века в Центральной Азии и России рассмотрена сквозь призму взглядов и действий крупного политического деятеля и полководца - Абулхаир хана. Изучены отношение и участие казахов в башкирских восстаниях 1737-1738 гг. В работе Г.С. Султангалиевой была рассмотрена история тюркоязычных народов в контексте имперской политики России в XVIII - начале XX века [10]. В диссертации были рассмотрены процессы взаимодействия народов Западного Казахстана как трансграничного, на территории которого получили развитие различные типы, формы и направления взаимоотношений казахского народа с соседними этносами. Важным является факт влияние миграционных процессов на формирование полиэтничного состава населения и этноконтактных зон, определены причины миграции татаро-башкирского населения в казахскую степь и ареалы их расселения. Автором была проанализирована этнословесная структура населения региона и выявлены этнические различия между мусульманскими народами, а также установлены общие тенденции в просветительской деятельности джадидов, развитии национальных идей представителей интеллектуальной элиты тюркоязычных народов региона. Административно-политическим и законодательным нововведениям России в Младшем жузе 20-40-х гг. XIX века была посвящена работа А.Ж. Касымбаева [11]. Автором была проделана большая работа и осуществлен сравнительно-исторический анализ упразднения института ханской власти, его последствия и политическая обстановка в Младшем жузе в канун принятия нововведений. Была сделана попытка определить позицию кочевого общества к новым реформам России, также автор отметил, обострение земельных противоречий между местным казахским и русско-казачьим населением, расширение темпов аграрной колонизации, ускорение ликвидации традиционного устройства Степи. Общественно-политическая жизнь Западного региона Казахстана (2 половина XVIII - 1 четверть XIX века) была рассмотрена в работе А.К. Муктара [12]. В данном исследовании автор попытался осветить важнейшие аспекты общественно-политической жизни казахов Западного региона в указанный период. В ходе анализа общественно-политической деятельности таких исторических личностей как Нуралы, Ералы, Айшуак, Бокей, Каратай, Жанторе, Шергазы и Арынгазы, автор показал эволюция их взглядов в период превращения Казахстана в колонию России, место и роль в борьбе за сохранение территориальной и этнической целостности народа. В работе важное место отводится взаимоотношению казахов с соседними народами - башкирами, волжскими калмыками и уральскими казаками, а также использование этих народов Оренбургской администрацией в качестве орудия карательной политики. Русские военные востоковеды внесли весомый вклад в изучение Казахстана. Научное наследие русских военных востоковедов поистине уникально – это работы по географии и статистике, общей и военной истории, этнографии, демографии, лингвистике, археологии и истории материальной культуры Младшего и Среднего жузов. В дореволюционной России многие труды

востоковедов были изданы военным ведомством, Российской Императорской Академией наук, опубликованы на страницах научных и ведомственных изданий. Труды исследователей дореволюционного периода Казахстана, служивших военными чинами при российском правительстве в XVIII - середине XIX веков впервые комплексно и системно были рассмотрены в диссертации А.Н. Борсукбаевой [13]. В ходе исследования была определена взаимосвязь между российском военным востоковедением и имперской политикой России по отношению к Младшему и Среднему жузам, освещены военно-исследовательские экспедиции направляемые для изучения территории Младшего и Среднего жузов в XVIII - середине XIX веков, а также рассмотрена социальная структура и культурное развитие казахского общества сквозь призму взглядов военных востоковедов.

Таким образом, глубокое осмысление и анализ новейших источников по истории казахстанско-российских отношений является актуальной темой исследования современного исторического знания. Как видно, по истории казахстанско-российских отношений исследуемого периода имеется значительный фактический материал. В собранных историографических источниках отражены политико-дипломатические, торгово-экономические и социокультурные аспекты сотрудничества двух государств. В целом, как показывает историографический анализ новейших источников по проблемам истории казахстанско-российских отношений в Новое время, достигнутый уровень исследований ставит перед историками Казахстана задачу обобщения накопленного материала, выявления тенденций и закономерностей в эволюции изучаемых явлений и процессов, комплексного подхода к объектам исследования, усложнения научно-познавательных задач. Общий анализ историографии по данному вопросу позволяет сделать вывод о наличии ряда проблем, недостаточно исследованных в настоящее время. К их числу следует отнести вопросы о деятельности администрации степных областей, о становлении института частной собственности на землю у казахов, традиционных формах землепользования.

Список использованной литературы:

1. Рахимбекова Б.К. Проблемы истории Казахстана второй половины XIX - начала XX в. в современной историографии (1985-2000 гг.): дис. канд. наук. Алматы, 2001 // [Электрон. ресурс]. Сайт: Национальный научный портал Республики Казахстан «[Nauka.kz](http://nauka.kz)» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 (Дата обращения: 26.03.2018)
2. Абдилдабекова А.М. Россия и Казахстан (XVIII – начало XX века.): Вопросы историографии. Учебное пособие – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 136 с.
3. Абуев К.К. Деятельность хана Абылая по объединению казахских земель и развитию казахско-российских отношений: дис. докт. наук. КГУ им. Ш. Уалиханова, Омск, 2002 // [Электрон. Ресурс]. Сайт: Научная библиотека диссертаций и авторефератов «[dissercat](http://www.dissercat.com/content/deyatelnost-khana-abylaya-po-obedineniyu-kazakhskikh-zemel-i-razvitiyu-kazakhsko-rossiiskikh#ixzz5DUiQ0GAY)» <http://www.dissercat.com/content/deyatelnost-khana-abylaya-po-obedineniyu-kazakhskikh-zemel-i-razvitiyu-kazakhsko-rossiiskikh#ixzz5DUiQ0GAY> (Дата обращения: 26.03.2018)
4. Раздыков С.З. Казахи Правобережья Иртыша в XVIII - первой половине XIX вв.: Социоэкономическая система: дис. канд. наук. ПГУ им. С. Торайгырова, Палодар, 2005 // [Электрон. Ресурс]. Сайт: Научная библиотека диссертаций и авторефератов «[dissercat](http://www.dissercat.com/content/kazakhi-pravoberezhya-irtysha-v-xviii-pervoi-polovine-xix-vv-sotsioekonomicheskaya-sistema#ixzz5DkYIkIdh)» <http://www.dissercat.com/content/kazakhi-pravoberezhya-irtysha-v-xviii-pervoi-polovine-xix-vv-sotsioekonomicheskaya-sistema#ixzz5DkYIkIdh> (Дата обращения: 26.03.2018)
5. Тебаев Д.Б. Казахские жузы и российская политика на территории степного края во второй половине XVIII - первой четверти XIX вв.: дис. канд. наук. МГУ имени М.В. Ломоносова, ИФ, Москва, 2009 // [Электрон. Ресурс]. Сайт: Научная библиотека диссертаций и авторефератов «[dissercat](http://www.dissercat.com/content/kazakhskie-zhuzy-i-rossiiskaya-politika-na-territorii-stepnogo-kрая-vo-vtoroi-polovine-xviii#ixzz5DUi3Fsnf)» <http://www.dissercat.com/content/kazakhskie-zhuzy-i-rossiiskaya-politika-na-territorii-stepnogo-kрая-vo-vtoroi-polovine-xviii#ixzz5DUi3Fsnf> (Дата обращения: 26.03.2018)
6. Кутигулов С.Б. Орынбор губернаторларының қазақ даласындағы саясатының ерекшеліктері мен оның негізгі бағыттары (XVIII ғасырдың екінші жартысы): дис. канд. наук. Алматы, 2010 // [Электрон. ресурс]. Сайт: Национальный научный портал Республики Казахстан «[Nauka.kz](http://nauka.kz)» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 (Дата обращения: 26.03.2018)
7. Кундакбаева Ж.Б. Политика Российской империи в отношении народов Северного Прикаспия в XVIII веке: дис. докт. наук. МГУ имени М.В. Ломоносова, ИФ, Москва, 2009 // [Электрон. Ресурс]. Сайт: Научная библиотека диссертаций и авторефератов «[dissercat](http://www.dissercat.com/content/politika-rossiiskoi-imperii-v-otnoshenii-narodov-severnogo-prikaspiya-v-xviii-veke)» <http://www.dissercat.com/content/politika-rossiiskoi-imperii-v-otnoshenii-narodov-severnogo-prikaspiya-v-xviii-veke> (Дата обращения: 26.03.2018)

8. Айтенова Б.К. Современная историография Казахстана о проблемах российской колонизации и национально-освободительного движения в казахской степи: дис. канд. наук. ОмГУ имени Ф.М. Достоевского, Омск, 2007 // [Электрон. Ресурс]. Сайт: Научная библиотека диссертаций и авторефератов «dissercat» <http://www.dissercat.com/content/sovremennaya-istoriografiya-kazakhstan-a-problemakh-rossiiskoi-kolonizatsii-i-natsionalno-o-ixzz5CWfjHQhC> (Дата обращения: 26.03.2018)

9. Избасарова Г.Б. Казахско-башкирские отношения в XVIII веке (1701-1755 гг.): дис. канд. наук. Алматы, 2000 // [Электрон. ресурс]. Сайт: Национальный научный портал Республики Казахстан «Nauka.kz» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 (Дата обращения: 26.03.2018)

10. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII - начало XX в.): дис. докт. наук. РИО РУНМЦ, Уфа, 2002 // [Электрон. ресурс]. Сайт: Национальный научный портал Республики Казахстан «Nauka.kz» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 (Дата обращения: 26.03.2018)

11. Касымбаев А.Ж. Административно-политические и законодательные нововведения России в Младшем жузе 20-40-х гг. XIX в. и их колониальная сущность (исторический аспект): дис. канд. наук. Алматы, 2004 // [Электрон. ресурс]. Сайт: Национальный научный портал Республики Казахстан «Nauka.kz» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 (Дата обращения: 26.03.2018)

12. Муктар А.К. Общественно-политическая жизнь Западного региона Казахстана (2 половина XVIII - 1 четверть XIX века): дис. докт. наук. 2002 // [Электрон. ресурс]. Сайт: Национальный научный портал Республики Казахстан «Nauka.kz» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 (Дата обращения: 26.03.2018)

13. Борсукбаева А.Н. Казахи Младшего и Среднего жузов в российском военном востоковедении XVIII - середины XIX вв.: дис. канд. наук. Университет Кайнар, Караганда, 2010 // [Электрон. ресурс]. Сайт: Национальный научный портал Республики Казахстан «Nauka.kz» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 (Дата обращения: 26.03.2018)

ӘОЖ 930 (574)
ГРНТИ 03.61.21

Б.Т. Калиева¹

¹Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының «6D011400-Тарих» мамандығының 2-курс докторанты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ КОММЕМОРАТИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ: МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада коммеморативті тәжірибелері, жадының алатын орны туралы шетел, ТМД мемлекеті, сонымен қатар Қазақстандық ғалымдардың заманауи зерттеулері көрсетілген. Еске алу, тарихи жад аясында ғалымдардың ойлары, еңбектеріне тоқталған. Бүгінгі таңда мектептерде осы тәжірибелердің іске асырылу жолдары, оқушылардың жадыда сақтау қабілеті, өткенге қайта оралып, сабақ барысында еске түсіруі қарастырылған. Елбасы қабылдаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» аясында коммеморативті тәжірибелерді сабақ барысында қолданып, өткен тарихымызды қайта жаңғыртуы аталып өтілген.

Кілт сөздер: тарихнама, коммеморативті тәжірибе, тарихи жад, мнемоникалық орындар.

Калиева Б.Т.¹

¹докторант 2 года обучения кафедры Истории Казахстана им. ак. Т.С. Садыкова по специальности «6D011400-История», КазНПУ им.Абая, Республика Казахстан, г.Алматы
E-mail: tynysbekovna@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И КОММЕМОРАТИВНЫЕ ПРАКТИКИ В ШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ: ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ

Аннотация

В статье рассматриваются современные исследования ученых дальнего зарубежья, стран СНГ и Казахстана по проблемам исторической памяти, мест памяти и коммеморативных практик. Особое

внимание в данной статье уделено изучению существующего опыта, как сегодня внедряют эти практики в школьном историческом образовании. А так же способность учащихся запоминать свою память, возвращаться в прошлое и вспоминать во время уроков. Принявшая программа Елбасы «Рухани жаңғыру» и «Туған жер» дает использовать на уроках коммеморативные практики что бы восстановить историю нашего прошлого.

Ключевые слова: историография, коммеморативные практики, историческая память, мнемонические места.

V.T. Kaliyeva¹

¹2-year doctoral student in the specialty «6D011400-History», KazNPU named after Abai, E-mail: tynysbekovna@mail.ru

HISTORICAL MEMORY AND COMMEMORATIVE PRACTICES IN SCHOOL EDUCATION: HISTORIOGRAPHY OF THE PROBLEM

Abstract

The article discusses modern research by scientists from far abroad, CIS countries and Kazakhstan on the problems of historical memory, memory places and commemorative practices. Particular attention in this article is given to the study of existing experience, as these practices are being introduced in school historical education today. As well as the ability of students to remember their memory, return to the past and remember during lessons. The program adopted by Elbasy “Рухани жаңғыру” and “Туған жер” makes it possible to use commemorative practices in the lessons to restore the history of our past.

Key words: historiography, commemorative practices, historical memory, mnemonic places.

Еліміз өзінің тәуелсіздік алған жылдар ішінде басынан үлкен өзгерістерді өткізді. Атап айтар болсақ, экономикалық салада, демократиялық үрдістер мен азаматтық қоғамға бастайтын саяси реформалар мен қатар білім беру саласында да маңызды реформаларды жүзеге асырылуда. Мемлекетіміздің білім беру жүйесі Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жолдауларына, Конституциясының қағидаларына, «Қазақстан–2050» Стратегиялық бағдарламасына, сонымен бірге халықаралық білім саясатына арналған құжаттарға негізделеді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі аталмыш құжаттарды басшылыққа ала отырып, Білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларын жасап, осы заңнамалық негіздерге сәйкес іс-шаралар атқарылуда. Осы іс-шаралардың ішінде ұлттық мүдде мен идеяны қалыптастыруға көмектесетін «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту мен оның оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі де бар. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап отандық оқу құралдарын жазуға ерекше көңіл бөлінуде. «Қазақстан тарихы» пәнінен мектеп оқулықтарын жазуға қазақстандық ғалымдармен қатар тәжірибелі мектеп ұстаздары да қатысуда. Осыған сәйкес, бүгінгі таңда «тарих» пәнін оқытуда жаңа заманауи бағыттарда қарастырылуда. Солардың негізінде оқушылардың есте сақтауы мен өткен тарихымызға қайта оралуға, оны жандандыруға мүмкіндік туындап, өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қарастырылып отырған мәселемізді ауқымырақ зерттеу үшін жалпы «жадының орны» (места памяти), «тарихи жад» (историческая память), «коммеморативті тәжірибелер» (коммеморативные практики – жадыны орнықтыру және оны тарату қызметі) терминдері қай уақыттан бастап ғылыми айналымға еніп, бастауын қай жерден алатынына тоқталып кетсек. XX ғасырдың аяғында өз бастауын Франциядан алған «жадының орны» және «коммемаративті тәжірибелер» аясында қозғалған тарихтың жаңа бағыты бүгінгі таңда XXI ғасырда өзінің жұмысын жалғастыруда. Тарихи оқиғаларды, олардың уақыты, артынан қалған ескерткіштерді зерттеп, оларды ұмытпау үшін «жадының орнын» атап өту, сонымен қатар сол бағытта жұмыс жасау ол өзекті болып табылады. Бүгінгі күні осы мәселе аясында Ресей мемлекетінің тарихшы, әлеуметтанушы ғалымдары айналасуда.

«Жад саясатында» есте сақтау тәжірибесінен басқа, еске алудың кері механизмі - «ұмытып кету», тарихтың бірнеше беті талқылауға емес, ұмытпауға тырысады. Кеңес дәуіріне қатысты XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап біз еске алу саясатының барлық тетіктерінің жұмысын байқадық, осы кезеңдегі теріс бағалауды (ескерткіштерді бұзу, көшелерді қайта атау т.с.с.) XXI-шы ғасырдың басында бұл кезеңді еске түсірмегенде ұмытып кету механизмдері іске қосылды. Соңғы жылдары кеңестік тарихтың және оның жеке тұлғаларының оң имиджін құруға бағытталған естелік тәжірибелерін байқауға болады.

«Тарихи жад» аясында негізгі бастама ол шетел деректемелерінен көрініс табады. XX ғасырдың басында Морис Хальбакс [1], ал кейінірек, 1980 жылдары ұсынылған «Мнемоникалық орындары»

(«мнемонические места» - жады орны) тұжырымдамасы Пьер Нора жалғастырды. Бүгінгі күні ол белгілі бір халықтың тарихи жадына ескерткіштердің әсерін түсіндіру тұрғысынан барған сайын танымал және өзекті болып келеді. Жоғарыда аталған зерттеушілердің ұстанымы - бұл мнемоникалық орындар өткеннің нақты естеліктерін тудыратын біздің санамыздың стереотиптерін нығайтады. Сондықтан, еске алу саяси және педагогикалық тұрғыдан да маңызды (өйткені, мнемоникалық орындарға бару және тиісті салттарды тарихи жақты, әсіресе жас ұрпақты дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады). Жоғарыда атап отырған француз ғалымдарының бірі Пьер Нора мерекелік іс-шаралар мен мерекелерден басқа, тарихшылардың назарын есте сақтау орындары - мұражайлар, зираттар, жинақтар, храмдар туралы оқып-үйренуге жұмылдырады. Оның айтуынша, естеліктер орындары сезіммен өмір сүреді және туады, бұл өздігінен жүретін жады жоқ, яғни мұрағаттарды құру, мерейтойларды тойлау, жерлеу сөздерін беру, нотариалды куәландыратын әрекеттер жасау керек, себебі бұл әрекеттер табиғи емес.

М. Хальбвакстың «тарих» және «есте сақтау» идеяларына қарама-қайшы құбылыстар болып табылатыны туралы П.Нора еске салады: жады - бұл тасымалдаушылар әрдайым әлеуметтік топтар болып табылады және бұл тұрғыда тұрақты эволюция, есте сақтау диалектикасына және амнезияға ашық, оның дәйекті деформацияларынан хабарсыз, барлық қолдануға және манипуляцияға жатады, ұзақ жасырын кезеңдерге және кенеттен жаңартуларға қабілетті [2]. Соңғы онжылдықтарда П.Нораның ұзақ мерзімді зерттеулеріне ғана емес, сонымен қатар Ф.Ареске, М. Хальбвакқа, П.Хаттонға және басқа да көптеген гуманитарлық ғылымдарға деген қызығушылық артты. Осылайша, Нора мынадай тұжырымға келеді: «бүгінгі күн есінде емес, еске емес, тарихта болады. Осының бәрі еске түсіру деп аталады, ол тарихтың өртенуінде соңғы жоғалуы. Жақты сақтау қажеттілігі - тарихтың қажеттілігі».

Еске алу «іс-шараны ұсытудағы әртүрлі дискурстар мен практикаларды жұмылдыратын, іскерлік оқиғаларды еске түсірудің әлеуметтік және мәдени көзқарасын қамтитын процесс ... топтық үнқатысуды білдіреді». Соңғы онжылдықта «еске алу» термині әлеуметтік жадыларды зерттейтін француз ғалымдарының ұсынысы бойынша Ресей мен әлемдегі әртүрлі ғылыми салаларда зерттеушілерді мықтап қолданды. Еске алуды зерттеу әрдайым әлеуметтік зерттеулермен тығыз байланысты есте сақтау, есте сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады, еске түсіру үдерісіне қатысатын механизм. «Әлеуметтік жады» ұғымының негізін қалаушы М. Хальбвак: «... тарих тек өткен ғасыр оқиғалары туралы замандастарының әңгімелерін ғана емес, кейде оларды түзетеді, өйткені ол басқа куәлікке ие болғандықтан ғана емес, оларды қазіргі заманғы адамдарға тән ойлау мен ұсынудың техникасына». Осындай тәсілге сәйкес, белгілі бір уақыт кезеңінде қоғамда болып жатқан оқиғаларға байланысты әлеуметтік жады өзгереді және құрылады. М. Хальбвак кейін, көптеген зерттеушілер Ж. Ассман [3], П. Нора, П. Хаттон, Т. Адорно және т.б.) қоғамда және оның қажеттіліктерінде орын алатын саяси және әлеуметтік процестерден туындаған қоғамдық құрылымдар ретінде еске алу және әлеуметтік жады деп санайды. Бұл дәстүрді заманауи ғалымдар жалғастырады.

Жалпы тарихи жад аясында Ресей мемлекетінде философияның әлеуметтануы мамандығы бойынша қорғалған Костина Екатерина Николаевнаың «Память и забвение: диалектика феноменов (социально-философский анализ)» атты диссертациясын атап өтуге болады [4]. Сонымен қатар, бүгінгі таңда А.И. Миллер және Д.В. Ефременко редакциялаған Санкт-Петербург қаласының Еуропалық университетінде «Методологические вопросы изучения политики памяти» атты ғылыми еңбектер жинағы шығарылып отыр [5]. Осы бағытта жады аясында А. Миллердің «Политика памяти в России. Роль негосударственных агентов» атты мақаласын атап өтуге болады [6].

Бүгінгі күні Ресей мемлекетінде коммеморативті тәжірибелер және жадының алатын орны аясында көптеген зерттеулер жүргізіліп, осы бағытта жұмыс жасалуда. Соның бірі Е. Путилованың «Концепция «мест памяти», или актуальность коммеморативной бдительности истории (на примере произведения П. Нора «Франция-память»)» [7].

Аталған мәселе түрлі тарихи кезеңдерде ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айналып отырды. Алайда осы зерттеу жұмыстарында арнайы Сырым Датұлының тұлғалық бейнесін ашуға талпынып, мәселеге қатысты арнайы еңбектер жазылмаған. Батырдың тұлғалық бейнесі тек ол бастаған азаттық қозғалысына қосымша ретінде берілуде. Осындай еңбектер қатарында Сырым Датұлының азаттық қозғалысының тарихы мен батырдың тұлғалық қырын ашуға талпынып, көп еңбек еткен ғалымдардың қатарында А.Ф. Рязановты атауға болады. Оның «Султан Каратай Нуралиев (Из истории народных волнений)» [1], «Отголоски Пугачевского восстания в киргиз-кайсацкой Малой Орде» [2], «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.)» [3], «Батыр Сырым Датов» [4] еңбектерін атап өтуге болады. Сонымен қатар осындай еңбектер қатарында М. Вяткиннің «Батыр Срым» [5], «Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой орде в конце XVIII – нач. XIX в.» [6] бар. Сондай-ақ А. Левшин «Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацских Орды и степей» атты еңбегі де [7] Сырым Датұлының жеке бас қасиеттері мен оның еларалық байланыстардағы орнын анықтауда үлесі бар. Я. Гавердовскийдің «Обозрение киргиз-кайсацких степей» атты еңбегі Сырым Датұлының әлеуметтік шығу тегі мен өмірінің соңғы күндерін айшықтауға септігін тигізеді [8]. Осы мәселе төңірегінде П. Мейердің «Киргизы: Оренбургского ведомства» [9] және Д.Ч. Бульжердің «Англия и Россия в Центральной Азии» [10] еңбектері де бар.

Отандық тарихнамада Сырым Датұлының азаттық қозғалысы, оның ауқымы мен тарихи маңызын ашуға тырысқан алғашқы авторлар қатарында С. Мұқанов «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктерін» атап өтуге болады [11]. Автор өз толғамдарын жеткізе отырып, аталған мәселеде көңіл аударылуы тиіс тұстарды дәл анықтап, азаттық қозғалыстың тарихи маңызына баға беруге тырысады. Ал кәсіби тарихшылар қатарында аталған мәселеге көңіл бөлген М.Қ. Қозыбаевтың «Жауды шаптым ту байлап» [12], Ж. Қасымбаевтың «Теоретические, историографические и источниковедческие аспекты антиколониальных восстаний в Казахстане» [13], С.М. Мәшімбаевтың «Сырым Датұлы (1742-1802)» [14], Ұ.Т. Ахметованың «Қазақ хандығы тарихы және Орынбор мұрағаты» атты еңбектерін атай аламыз [15]. Сонымен қатар Қ. Мұқанбетқалиев «Сырым Датұлының ғұмырнамасы» атты ізденісі [16] мен Ә.К. Мұқтар «Сырым батыр тарихы айқындалды ма?» [17], Ж. Ақбаев «Сырым тағдыры – ел тағдыры» [18] атты ғылыми-зерттеу жұмыстары бар.

Нәтижелер. М.Қ. Қозыбаев өзінің «Жауды шаптым ту байлап» деп аталатын еңбегінде Сырым батырға «күш пен ақылды, білім мен білекті, сезім мен парасатты тең ұстаған дана Сырым батыр» деп баға бере келе, «Оның қайтпас-қайсар өр мінезі, ерен шешендігі, шапшаң тапқырлығы, философиялық толғауға толы ойшылдығы, өжет қимылы стратегиялық болжамдылық жасар мемлекеттік дәрежедегі ақыл-парасаты, қалың қолды бастар білек күшін білікті ойға, шұғыл қимылға ұштастырған сардарбектің қасиеті оны елден ерек, көптен бөлек етті, жарқ еткізіп, халық данасының тұғырына қондырды. Бақ қонған, қыдыр дарыған, ақыл иесі, ойшыл, сыршыл, жан Сырым өз заманының алып тұлғасы» деп қорытындылайды [12, 104 б]. Әлкей Марғұлан болса қазақ халқында Сырым Датұлының жауынгерлік салтынан тәрбие алған азаматтар аз емес екендігін алға тарта отырып, Сырым Датұлын «айбынды ер» деп баға берген.

Қазақ халқы аталарынан бері батыр болып ел үшін соғысқан әулетте туған ұрпақтың ата жолын жалғастыруын «шынжырлы тұқым» деп атайды. Сырым Датұлының Байбақты бабасы да, Шолан атасы да ұлт мүддесі жолында талай шайқаста көзге түскен батырлар болған. Міне алмағайып заманда Сырым Датұлы да қазақ жеріндегі саяси тұрақсыздық пен казак-қалмақ әскерлерінің бассыздығын тоқтатуды мақсат етті және осы мақсатқа жету үшін батырдың жеке бас қасиеттері де жетерлік деген пікір бүгінгі тарихнамада қалыптасқан. Дегенмен Сырым Датұлы шешендігі мен көшбасшылық қабілетімен қатар хан билігін дәрменсіз етіп көрсетуді қалаған патша шенеуніктерінің де қолдауына ие болған сыңайлы. Өйткені А.Ф. Рязанов өзінің «Султан Каратай Нуралиев (Из истории народных волнений)» атты зерттеуінде «Он пользовался поддержкой со стороны Игельстрома, стремящегося дискредитировать ханскую власть для того, чтобы заменить ее демократическим народным собранием» деген мәліметтер келтіреді [1, 87 с]. Барон О. Игельстромның Сырым Датұлын қолдауы да жоғарыда келтірген себептерден туындайды. Орынбор губерниясының губернаторы бола тұра, оның көздеген мақсаты Кіші жүздегі хандық билікті жою болған. Осы мақсатқа жету үшін қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы көшпелі қазақ қоғамының бірлігін бұзуды көздеген. 1786 жылдың 14 тамызында Сырым Датұлын Есім сұлтан тарапынан тұтқындалған кезде губернатор Тілеке батыр арқылы Сырым Датұлын босатуды талап етіп, «...отпуску Сыриму батырю непременно и без малейшего отлагательства, в противном же случае должен он сам себя винить» деген мағынадағы хат жолдаған [5, 207 с]. Осындай қолдауға ие бола тұрып, Кіші жүздегі саяси тұрақсыздықты шешу және халықтың мүддесін қорғаудағы Сырым Датұлының

ұстанымдары, оның көшбасшы ретіндегі қабілеті, жалпы тарихи тұлға ретінде нақты тұжырым жасап танып білудің маңыздылығы туындайды.

Барон О. Игельстромның Сырым Датұлына қолдау білдіруі турасында зерттеуші Л. Мейер «Сблизившись с Сырымом, ему легко было добиться, чтобы все народное собрание присягнуло на верность России, обещав жить в мире, но только под условием лишения всех потомков Абулхаира хана ханского достоинства» деп түсіндіреді [9, 8 с.]. Сөзсіз барон О. Игельстромның өзіне қарсы әрекет еткен азаттық қозғалыс жетекшілерін қолдауын Нұралы хан да білді. Нұралы ханның О. Игельстромға жазған хатында баронды жағдайды ушықтырушыға балап, баронның Нұралы ханды өзінің досы деп бағаламайтындығын жазған болатын [19, 56 с.]. Өз кезегінде барон О. Игельстром «Халық арасындағы сіздің дәрменсіздігіңіз ендігі жерде маған жауап бола алмайды» деп жауап берген [20, 227 б]. Демек өзінің даралығымен ерекшеленген Сырым Датұлын қолдау алдымен хан билігінің дәрменсіздігін көрсету болса, екіншіден неліктен дәл Сырым Датұлын қолдауды жөн деп тапты деген заңды сұрақ туындайды. «Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828)» атты жинақта Сырым батырға «Сырым являлся «непримиримым врагом султанов и ханов всех поколений» деп баға береді [19, 76]. Осы мәліметтерге сүйене отырып, Сырым Датұлын патшалық биліктің анық жақтасы болған дей келе, қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік жүйесіне қарсы ұстанымдағы тұлға ретінде сипаттау да дұрыс емес. А.Ф. Рязановтың «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.)» атты еңбегінде «Сырым злобствовал на хана Ишима за то, что хан является приверженцем России» деген мәліметтер сақталған [3, 6 б]. Демек қазіргі таңдағы тарихнамада кездесетін кейбір пікірлер өзінің негізсіздігін көрсетеді. Мысалы біз жоғарыда атап өткеніміздей кеңестік тарихшылар Сырым Датұлы мен барон Игельстромның жақындығын алға тартып, Сырым Датұлын орыс үкіметінің жақтаушысы ретінде сипаттап, дәстүрлі хандық биліктің қарсыласы ретінде баға берген болатын. Жоғарыда келтірген мәліметтер бұл пікірдің тар идеологияның шеңберіне сай етіп, саралаусыз тұжырым жасағандығының толық дәлелі болып отыр. Тіпті Нұралы хан елден кеткендігін хош көрмей, 1787 жылдың 14 қыркүйегінде Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздің бірқатар ел тізгінін ұстаған жандармен бірігіп генерал-губернаторға хат жазған. Хаттың мәтіні Нұралы ханды босатып, елге қайтару болғандығы да батырдың хандық билікке қарсы болмағандығын көрсетеді [17, 6 б]. Әрине бұл ретте Нұралы хан Сырым Датұлының Ақбота немесе кей деректерде Орын деп келетін қарындасын қалыңдық етіп алғандығын да ескеру керек. Дегенмен Кіші жүздегі саяси шиеленістер мен отарлаушы үкіметтің қатаң саясаты, Нұралы ханның түйіткілді мәселелерді шеше алмауы тарих сахнасына Сырым Датұлының көтерілуіне түрткі болды деп айтуға негіз бар. М. Вяткин өзінің еңбегінде «Ханы плохо оберегали народ – поэтому он не любил ханов. Султаны грабили свой народ – поэтому он не любил султанов. Стыд заливал лицо. Любил свой народ Сырым» деген мәліметтер келтіреді [5, 195 с]. Сөзсіз бұл жолдар Сырым Датұлының мансап емес, халықтың мүддесін жоғары қойған тұлға екендігін көрсетеді. Ал патша шенеуніктерінің батырға қолдау білдіруінің себептерін Сырым Датұлының елдің ішкі өмірінде де үлкен беделге ие екендігімен байланыстыруға болады деп санаймыз.

Сырым Датұлының тарихи тұлғасы азаттық қозғалыс пен ұлт бірлігін паш етудің жарқын үлгісі болып табылады. Сырым Датұлы – азаттық қозғалыс тарихының бастауында тұрған тұлғалардың бірі. Ж. Қасымбаев өзінің «Теоретические, историографические и источниковедческие аспекты антиколониальных восстаний в Казахстане» атты еңбегінде Пугачев қозғалысына қатысушысы Сырым Датұлының айтқаны Еділ мен Арал теңізі аралығында бұлжытпай орындалған дала шешені деп баға береді [13, 34]. Сырым Датұлы қалыптасқан тарихи кезең патшалық Ресейдің қазақ даласындағы отарлық саясатының жаңа қарқын алып, өз күшіне енген уақытымен тұспа-тұс келеді. Ол турасында Сәбит Мұқанов өзінің «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» деп аталатын еңбегінде Сырым Датұлы және оның өмір сүрген тарихи уақытына мынандай баға береді: «Сырымнан ілгеріректе өткен Бұқар жырау патша үкіметінің отаршылдық саясатынан соққан ызғардың алыстағы демінен қалтыраса, Сырым батыр сол ызғардың түтеген боранына тұншықты, аязынан үсіді. Бұқар жырау отаршылдық өртіне алыстан байбалам салып, оның арты неге соғарын данышпандықпен болжаса, Сырым батыр сол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Сырым көтерілісі Бұқар жыраудың жырында айтылатын қауіптің расқа шыққанын іс жүзінде дәлелдеді» деген болатын [11, 35 б.]. Рас XVIII ғасырдың II жартысынан бастап патшалық Ресейдің түрлі бекіністер салу арқылы ата қоныстан айырып, қазақтардың дәстүрлі шаруашылығын тығырыққа тіреді. Шиеленісті саяси ахуал туындады. Осы алмағайып кезеңде қалыптасқанымен батырдың 1783 жылға дейінгі өмірі турасындағы тарихи мәліметтері аз сақталған. Тіпті отандық тарихнамада Сырым Датұлының туған жылына қатысты мәліметтер де бірізді емес. Мысалы 1942 жылдың өзінде Сәбит Мұқанов біз жоғарыда келтірген

еңбегінде Сырым Датұлының қай жылы дүниеге келгендігін тарих әлі анықтаған жоқ деген болатын. Міне содан қанша жылдар өтсе де осы мәселе төңірегінде түрлі пікірлер бар. Ә.Қ. Мұқтар өзінің «Сырым батыр тарихы айқындалды ма?» атты мақаласында батырдың ұрпақтарының жас шамасын зерделей келе, Сырым Датұлының туған жылы 1740 жыл деп көрсетеді [17, 6 б.]. Мұндай пікірді Сырым Датұлының өмірі мен саяси қызметіне қатысты бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізген Қ. Мұқанбетқалиев өзінің «Сырым Датұлының ғұмырнамасы» еңбегінде батырдың 1742 жылдары дүниеге келген деген пікірді ұстанады және өз пікірін батырдың атқарған қызметтері мен қайтыс болған нақты жылы арқылы дәлелдейді [16]. Сырым Датұлы жастайынан үлкендердің батасын алуға асық болған. Міне осы мақсатта

Есентемір Бөкен би Сырым Датұлына
Арқаң көп мінгеннен жауыр болсын,
Мінезің қара жерден ауыр болсын,
Өкпең жоқ бауыр болсын.
Құлағыңнан сыбыр кетпесің,

Жасың алпысқа жетпесін деп бата берген екен [21, 63 б.]. Халық арасында батыр өлер алдында «алпысқа келем бе?» деген іштей сауал мазалаған екен [16]. Ал батырдың нақты 1802 жылы қайтыс болғандығын Я. Гавердовский өзінің «Обозрение киргиз-кайсацких степей» атты еңбегінің II бөлімінде айтып кеткен [8, 95 с.]. Ұ.Т. Ахметова өзінің «Қазақ хандығы тарихы және Орынбор мұрағаты» деп аталатын мақаласында Орынбор мұрағат деректеріне сілтеме жасай отырып «1792 жылы күзде Сырым батыр ашық түрде «Ресей шекарасын жылына екі рет көктемде және мұз қата бастаған тұста шабуыл жасайтынын» ресми ескертеді. Нәтижесінде Сырым батыр Елек қорғанына соққы берсе, қазақ рулары Жайық бойында жаппай партизандық тәсілмен шабуылға көшеді» деген мәліметтер келтіреді [15, 342 б.]. Демек Сырым Датұлын көп айтылып жүрген 1712 жылы дүниеге келді деп есептесек, аталған жылдары батыр сексенді алқымдаған ақсақал болуы тиіс. Ал жылына екі рет шабуыл ұйымдастырып, оған қоса қарсыластарына қарсы астыртын соғыс жүргізу көбіне ақсақал емес, бойында күші мен қайраты сезілетін азаматтардың ісі деп топшылауға болады. Ал күні бүгінге дейін энциклопедиялар мен түрлі мақалаларда 1712 немесе 1723 ж. сынды өзге де дүниеге келгендігі туралы айтылатын жылдар әлі де нақтылауды қажет етеді.

Халық арасында Сырым Датұлын тек қана азаттық қозғалысының бір өкілі ғана емес, аталы сөздің мәйегін терең түсінген жан ретінде де сипаттайтын әңгімелер жетерлік. Өйткені Сырым Датұлының өмірімен таныса келе, оның өз заманының ақылгөйі саналған жандармен жиі сырласып, ақылдасқандығын байқау қиын емес. Мысалы өзінің батырлығымен қатар шешендігімен танылған Малайсары мен Сырым Датұлы арасындағы болған шешендік өнердің жарқын үлгісінен кейін, Малайсары Сырым батырға «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар, ақыл қуып сөз бастайын деген екенсің, атқа мініп ел бастайын деген екенсің, ақыл жастан, асыл тастан шығады деген алдыңнан жарылқасын. Шиеленген түйінді, шиыршықталған қиынды шешіп, елдің ісін тындыратын, жаудың белін сындыратын әділ би айтушы кісі бол!» деген екен [22, 67 б.]. Әрине әділдігімен танылған адамға халық та үйір болады, халық арасында беделі де артады. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей Сырым Датұлы халық арасында ықпалды, үлкен беделге ие болды.

Сырым Датұлының азаттық қозғалысының жарқын өкілі болып қалыптасып, жасынан ұлтжанды, ұлттың бірлігі мен мүддесінің өмірінің басты ұстанымы болуына тама руынан шыққан Сары бимен кездесуі көп әсер еткен деп айтуға негіз бар. Сырым батырдың әкесі Даттың үйінде қонақ болған тұста Сары би бала Сырымға алты қағидаттан құралған өсиетін айтқан екен. Ол турасында би:

Арлы ожданды бол!
Елге деген парызыңды ұмытпа!
Намысыңды жастан сақта!
Халқыңды қаралама!
Жақыныңды жаралама!

Қалысыңды қаралама! – деген екен [23, 48 б.]. Міне, өнегеге толы Сырым Датұлы турасында мұндай әңгімелер өте көп. Мұның өзі Сырым Датұлының жастайынан ұлттық құндылықтар мен халықтық дәстүрлерді бойына терең сіңірген жан болғандығының анық дәлелі болып табылады. Сондықтан да болар бала күнінде-ақ Сырым Датұлы «бала би» атанған болатын. Әрине дала заңдылығы тек ақылдылық пен шешендікті ғана емес, сонымен қатар батырлық пен ептілікті де мойындайды [18, 35 б.]. Осы тұрғысынан келгенде де Сырым Датұлы өзінің қайраттылығымен, батырлығымен көзге түскен. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ағылшын журналисі Д.Ч. Бульжер былай деп жазды: «Сырым – батыр – лицо замечательное во второй половине XVIII века. Одаренный от природы непомерными

физическими силами, обширным умом, сильной волей, отважный, предприимчивый, хитрый и честолюбивый, он был, так сказать, народным кумиром. Ордынцы видели в нем свою славу, потому что своим происхождением Сырым принадлежал им. Пользуясь таким сильным влиянием, батыр увлекал покорную толпу в дерзкие и нередко противоречащие одно другому предприятия» деп жазған болатын [10, сс. 167-168]. Тіпті қазақтың мүддесімен санаспай отарлау саясатын жүргізіп отырған патшалық Ресей шенеуніктерінің өзі «Құрметті, старшын, бұл жақтағыларға Сіздің көңіліңіз түзу, қашанда ынтыңызбен қызмет істейтіндігіңізді ескере отырып, өзіңізден өтінеріміз...» деген мағынадағы хаттар жолдап, екі арадағы мәселелерді шешіп отырған [14, 61 б].

Сырым Датұлы халық арасында тек өзінің білгірлігі және шешендігімен ғана емес, сонымен қатар елден ерекше болған түр-келбетімен де танылған. Ел арасында Сырым батырдың өзінің руласы, байбақты руынан шыққан қызды күндіктен азат етуі турасында әңгіме тараған. Әңгіменің желісі бойынша өмірде кездеспеген Сырым батыр мен байбақтының қызы адамдар арасынан бір-бірін жазбай тануы тиіс болады. Осы сынақтан сүрінбей өткеннен кейін Сырым батырды қайдан таныдың дегенде күндікте жүрген қыз: «Мен Сырымда ерекше үш қасиет бар: бірінші – батырға біткен тұлғасы, екінші – өжет мінезі, үшінші – асқан даналығы бар деп еститін едім. Қырық жігіттің ішінде Сырым маған қыран топшылы, толық денелі, кең кеуделі, жалпақ төсті, жолбарыс бетті болып көрінді. Басы да елден ерек, торсық шекелі екен. Мен Сырым ағамды осыдан білдім» деген екен [21, 74 б]. Бұл да Сырым Датұлының өз қатарластарынан өзгеше бітім болмысымен ерекшеленгендігінің дәлелі болса керек.

«Батамен ер көгерер» дейді халық даналығы. Жастайынан өз заманының білгірлері саналған игі жақсылардың жұмбақтарын дәл шешіп, ұшқыр ойлылығымен танылады, бата алады. Батырдың әр кездесуі ел басқару мен ел тыныштығын сақтаудың керемет үлгісін бойына сіңіреді. Сөзсіз мұндай ізденістер Сырым Датұлын тек батыр, шешен ғана емес, еларалық байланыстардың хас шеберіне айналдырады. Өзі бастаған азаттық қозғалысы жылдары Сырым Датұлы бірқатар елдің басшыларымен хат алмасып, ортақ іске оларды да жұмылдыруға атсалысады. Ұ.Т. Ахметова өзінің жоғарыда аталған мақаласында: «Сырым батыр Ресейге қарсы күресте Түрік елі мен Бұхара хандығына елшілерін жіберген. Ол турасында мұрағатта дерек көп емес. Дегенмен Түрік елінен Сырым Датұлына арнайы хат келген. Ол хат кейін көшірме жасалып, беделді билерге жолданған. Хатта: «Дінсіз ресейліктер 7 еуропалық мемлекетпен бірігіп, Түрік мемлекетімен соғысуға шықты. Ал сіздер (қазақтар) бізге қарағанда Ресеймен көршісіздер және олармен жақсырақ соғыса аласыздар» деген жолдарды оқуға болады» деген мәліметтер келтіреді [15, 342 б]. Мұндай хат алмасулар сөзсіз Сырым Датұлының білегінің күшіне ғана сенген батыр емес, дипломатияның қыр-сырына қанық болған азамат екендігін көрсетеді. Сондай-ақ Сырым Датұлының Хиуа ханымен де терең байланыстар жүргізгендігі белгілі болып отыр. Мысалы Сырым Хиуа ханына барып: «... қарақалпақ, сарт, өзбек, қазақ, түрікмен, естек – осы алтауымыз бірігіп Руссия патшасына қарсы шығайық. Менен асса, сені қоймайды. Осы бастан бетін қайырайық. Сен маған қол, ат, азық бер. Патшадан жеңілсем бері көшем, қоныс бер. Жалпы қазақтың үш баласы: Ақарыс – Ұлы жүз, Бекарыс – Кіші жүз, Жанарыс – Орта жүз, осы үш жүздің баласы бұл жерден жылқы бағып Көкшетауға шығып кеткенде, осы жерде қонысым қалды, сол қонысымды бер» деген екен [21, 82 б]. Бұл жолдар арқылы Сырым Датұлының ұлтының мүддесін түбі бір түркі елдерінің ортақ мүддесі екендігін түсініп, осы бағытта жұмыстар атқарғандығын көрсетеді. Сонымен қатар батыр түрікмен елінде болып, ел арасындағы кикілжіндерді бейбіт жолмен шешуге тырысқандығы туралы да мәліметтер сақталған. Сырым Датұлының қазақ қоғамында аса беделді болғандығын және халықаралық қатынастардағы сауатты дипломат болғандығын ескерген Бұхар хандығының аталығы Шах-Мұрат 1788 жылы хат жолдаған. Шах-Мұрат өзінің хатында азаттық қозғалысының көздеген мақсаттарына өзгерістер енгізуге тырысып, Ресейге қарсы соғыста түріктермен бірігуге ұсыныс айтқан. Сырым Датұлы Ресеймен соғысқа дәл қазір кірісе алмайтындығын айта келе, Бұхар және өзге де Азия елдері Ресеймен соғысқа тартылған жағдайда ғана кірісе алатындығын жеткізген. Міне осындай ниеті бар екенін білген патша шенеуніктері осы тұстан бастап Сырымға деген көзқарастары өзгеріп, оған сенімсіздікпен қарай бастайды. Бұл туралы А. Левшин өзінің «Описание кигиз-казачьих или киргиз-кайсацских Ордь и степей» деп аталытн еңбегінде көрсетеді [7, 301-304 с].

Сырым Датұлы орталықтанған басқару жүйесін қолдаған және өзіне қарасты аймақта толық бақылау орнатуға тырысқан. Ол турасында Вяткин өз еңбегінде О. Игельстромның хатынан «в каждый улус определил по одному из лучших киргизцов, расположившихся поблизости р. Урала, назвав их есаулами, приказал им иметь над киргизцами неослабое смотрение ...» деген үзінді келтіреді [6, 34 с]. Әрине арнайы Сырым тарапынан тағайындалған жасауылдар тапсырылған аймақтарды тек бақылаушы қызметін атқарды. Сонымен қатар Кіші жүздегі саяси ахуалды реттеу мақсатында «халық кеңесін» шақырып,

жиынның қорытындыларын қатаң сақталуын талап еткен. Халық ауыз әдебиетінде кездесетін бір әңгімеде Нұралы хан Сырым Датұлына «Әй, Сырым, неге сәлемдеспейсің, асып жүрмісің?» деген сұрағына «Хан ием, асып жүргенім жоқ, қара қазақтың басын қоса алмай, сасып жүрмін» деп [12, 104 б] жауап беруі де Сырым Датұлының ұлттық бірлік пен саяси тұрақтылықтың жақтасы болғандығының көрсеткіші. «Халық кеңесін» шақырудағы мақсат халықтың мүддесін қорғау және билік жүйесін түбегейлі реформалау болған. Демек саяси билікті кеңеске алып беріп, хандық биліктен бас тарту деп түсінуге болады. Әрине қазақ қазақ болғалы хандық билікпен етене дамып келді және бұл идея сол заман үшін түсініксіз де болуы әбден мүмкін. Бірақ бұл идеяны өмірге әкелудің өзі Сырым Датұлының бастамашыл болғандығының және дала демократиясының өзіндік үлгісін дайындағанының дәлелі.

Сырым Датұлы мемлекеттілікті қалыптастыру мен ұлттық бірлікті сақтап қалу үшін тек ішкі саяси өмірді тұрақтандыру аз екенін түсінді. Сондықтан батыр жоғарыда атап өткен елбасылармен қатар, қазақтар тікелей бағынышты болып келген патшалық Ресей үкіметімен де ара-қатынасты түзеуге ниет білдірді. Сырым Датұлы патшалық Ресеймен қақтығысты болдырмауға тырысты, бірақ отарлаушы үкіметке сенім артпаған тұлға. Әрине Сырым Датұлы жүздер арасында бірлігі кеткен хандықтың империяға төтеп бере алатындығына сенбеді. Патшалық Ресеймен қарым-қатынастарында көздегені саяси шиеленіске уақытша болса да Ресейді араластырмау және сұлтандарды қолдауды тоқтату болған.

Сырым Датұлының әлеуметтік шығу тегі жағынан да тарихи мәліметтер аз кездеседі. Байбақты руының старшыны атанған тұстан бастап, оның әлеуметтік жағдайы қарапайым адамдардан артық болған. Гавердовский өзінің еңбегінде «богатством своим и числом приверженного народа превосходил хана» деген мәліметтер келтіреді [8]. Автор мұндай мәліметтерді сөзсіз өзі куә болған Сырым Датұлының асынан кейін айтса керек. Өйткені Сырым батырдың асы барысында 3000 қой, 300 жылқы, 6000 шелек қымыз және тағы да басқа қажетті заттар кеткендігі туралы айтқан және мұндай ас тек бай адамдардың қолынан келеді деген пікір білдіреді [8]. Әрине Сырым Датұлының азамат болып қалыптасу барысында оның әлеуметтік жағдайы едәуір жоғары болған деп топшылауға болады. Тіпті Нұралы ханның Сырым Датұлының туған қарындасына үйленуі де оның Кіші жүздегі ықпалды адамдар қатарына қосылуына жағдай жасаған. Тіпті Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі барысында соңынан адам ертіп, жасаққа басшылық жасауы да оның 1783 жылға дейін де Кіші жүзде соңынан адам ерте білген әрі қолынан іс келетін азамат болғандығының басты көрсеткіші деп санаймыз.

1783-1797 жылдар аралығында жалғасқан азаттық қозғалысының жетекшісі болған Сырым Датұлы 1802 жылы Хиуа жерінде қайтыс болады. Батырдың өлімінің де құпия тұстары басым. Тіпті арнайы экспедиция Гүрлен ауданынан 9 шақырымда орналасқан Майлышеңгел елді мекенінен табылған Сырым батырдың бейітін тапқанымен, оны жоққа шығаратын да пікірлер бар. Демек батырдың туған жылы, бозбала шағы сынды өмірінің соңғы кездері, өлімінің себептері турасында нақты пікір жоқ. Бұл алдағы уақыттағы зерттеу жұмыстарының басты нысанына айналуы тиіс.

Қазақ халқының азаттық қозғалыс тарихының бастаулары патшалық Ресейдің отарлық саясаты салдарынан бастау алған. Отарлық саясат – қазақ халқының дәстүрлі қоғамына өзгерістер енгізіп, қазақтардың өмір сүру мүмкіндігін шектеуге бағытталды. Оның жарқын көріністері қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алып, дәстүрлі мал шаруашылығының кең өріс алуына кедергісін келтіру болды. Ал мал шаруашылығы дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамдардың өмір сүруінің басты кепілі болды. Мұны жақсы түсінген патша Ресей отарлаушылары қазақтардың мұқтаждыққа түсерін біліп олардың жерлерін белсенді түрде тартып алып, кейіннен сол жерлерді қайта қазақтарға жалға беріп отырды. Бұл дегеніміз онсыз да ауыр жағдайға түскен қазақтардың мұқтаждығы есебінен пайда тауып, өздеріне деген өшпенділік сезімін ояту болды. Осындай саясатқа наразы болған қазақтардың бас көтеруі заңды құбылысқа айналды. Демек патшалық Ресей тұсындағы қазақ халқының азаттық қозғалысының пайда болуының басты алғышарттарын дәл осы отарлық саясаттан іздеу керек.

Осындай алмағайып заманда тарих сахнасына көтерілген Сырым Датұлы сол заманның батылдығына ақылы сай тұлға ретінде көтерілді. Азаттық қозғалыс жылдарындағы оның әрекеттері мен қызметі ұлттық бірлікті нығайту мен мемлекеттік тұтастықты қалпына келтіруге бағытталған әрекеттерден тұрды. Осы мақсатта биліктің қайнар көрі – халық екендігін түсіндіріп, сол заман үшін жат болған жаңашылдықтарды дүниеге әкелді. Оның тұлғалық қасиеттерін көрсететін халық ауыз әдебиеттері жетерлік. Болашақ зерттеу жұмыстары батырдың 1783 жылға дейінгі өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін ашуға бағытталуы тиіс.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Рязанов А.Ф. Султан Каратай Нуралиев (Из истории народных волнений) // Советский Казахстан. 1925. 7-8. С.87

2. Рязанов А.Ф. Отголоски пугачевского восстания в киргиз-кайсацкой Млой Орде. – Современная Киргизия. – №10. – 1925
3. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.) // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. – Алматы, Ел-шежіре, 2007. – 344 б
4. Рязанов А.Ф. Батыр Сырым Датов // Современная Киргизия. – №10. – 1925
5. Вяткин М. Батыр Срым. – Алматы, 1998. – 344 с
6. Вяткин М.П. (1940). Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой орде в конце XVIII – нач. XIX в. // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). Т. 4. Москва; Ленинград.
7. Левишин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких Ордь и степей. – Часть вторая. – Санкт-Петербург, 1832. – 333 с
8. Гавердовский Я. Обзорение киргиз-кайсацких степей // электронды ресурс: <http://myaktobe.kz/archives/37680>
9. Мейер П. Киргизы: Оренбургского ведомства. – Санкт-Петербург, 1868
10. Бульжер Д.Ч. Англия и Россия в Центральной Азии // Казахи. Десяти томный популярный справочник. – Алматы, 1998
11. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы: Арыс. 2002. – 272 б.
12. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б
13. Қасымбаев Ж. Теоретические, историографические и источниковедческие аспекты антиколониальных восстаний в Казахстане. – Книга третья. – Алматы, 2010.
14. Мәшімбаев С.М. Сырым Датұлы (1742-1802). – Алматы, 2015
15. Ахметова Ұ.Т. Қазақ хандығы тарихы және Орынбор мұрағаты // Қазақ хандығының құрылуының 550-жылдығына арналған «МӘҢГІЛІК ЕЛ» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (11 қыркүйек 2015 жыл). – Астана: Мемлекет тарихы институты. – 2016. – 812 б.
16. Мұқанбетқалиев Қ. Сырым Датұлының ғұмырнаамасы // «Азаттық туын алғаш көтерген ардақты тұлға» Сырым Датұлының 270 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Астана: «Беркут-Принт» ЖШС, 2012.
17. Мұқтар Ә.К. Сырым батыр тарихы айқындалды ма? // Ана тілі газеті. - № 41 қазанның 12. – Алматы, 2006
18. Ақбаев Ж. Сырым тағдыры – ел тағдыры. – Орал, 1992. 51 б
19. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828). – Том IV. – Москва-Ленинград, 1940.
20. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – III том. – Алматы, 2002. – 768 б.
21. Бабалар сөзі: жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.
22. Садықов Т. Қазақтың шешиндік сөздері. – Алматы, 1997. – 198 б.
23. Шынбатыров Ә., Жарқынбаев Т. Шешиндік сөздер, ақындық толғау. – Алматы, 1985.

УДК 930.2

МРНТИ 03.01.09

A.S. Abdirajymova¹, A.B. Sarsenbayev²

¹Candidate of historical science, Associate Professor. Kazakh Academy of Transport and Communications named after M.Tynyshtayev, Kazakhstan, Almaty. e-mail: ard_69@mail.ru

²Candidate of historical science, Associate Professor. Kazakh Academy of Transport and Communications named after M.Tynyshtayev, Kazakhstan, Almaty. e-mail: zhigit1991@mail.ru

HISTORY OF DEVELOPMENT OF GENEALOGIES AS A HISTORICAL SOURCE

Abstract

Historical science builds its conclusions on the material of historical sources (the past - the historical source - the historian), and historians constantly lack the necessary information. Since social order, science and culture are constantly evolving, the gap between the information that is directly contained in the sources (and reflects the ideas and goals of the people of its time) and that which is necessary for the modern historian (and reflects the

ideas and tasks of today) is not it is only preserved, but it also deepens as the interval between the creation of the source and the present increases.

One of the most pressing problems of modern science is to overcome the traditional division of the study of various aspects of man as a person, of human activity by different sciences. In this regard, the undoubted interest is the research experience of historical disciplines.

One of them is genealogy - a discipline that studies the kinship of people. Researchers characterize this science as having great research capabilities: "Genealogy is most capable of adequately responding to the tasks of understanding the most intricate configurations of the historical process, the most diverse structures of social formations, and the life motivations of their representatives"

Keywords: geneology, history, historical sources, historiography, middle ages.

А.С. Абдирайымова А.С.¹, А.Б. Сарсенбаев²

¹кандидат исторических наук, доцент. КазАТК им М.Тынышпаева, Казахстан, Алматы. e-mail: ard_69@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент. КазАТК им М.Тынышпаева, Казахстан, Алматы. e-mail: zhigit1991@mail.ru

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ГЕНЕАЛОГИЙ КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК

Аннотация

Историческая наука строит свои выводы на материале исторических источников (прошлое – исторический источник – историк), причем историки постоянно испытывают недостаток в необходимой информации. Поскольку общественное устройство, наука и культура непрерывно развиваются, постольку разрыв между той информацией, которая непосредственно содержится в источниках (и отражает представления и цели людей своего времени), и той, которая необходима современному историку (и отражает представления и задачи сегодняшнего дня), не только сохраняется, но и углубляется по мере увеличения интервала между временем создания источника и настоящим. Поэтому главная из прикладных задач источниковедения состоит в повышении информативной отдачи источников. Одна из самых актуальных проблем современной науки состоит в том, чтобы преодолеть традиционное разделение изучения различных аспектов человека как личности, человеческой деятельности разными науками.

Одна из них – генеалогия – дисциплина, изучающая родственные связи людей. Исследователи характеризуют данную науку как обладающую большими исследовательскими возможностями: "Генеалогия в наибольшей степени способна адекватно отвечать задачам познания самых замысловатых конфигураций исторического процесса, самых разнохарактерных структур общественных формаций, жизненных мотиваций их представителей"

Ключевые слова: генеалогия, история, исторические источники, историография, средние века.

А.С.Абдирайымова¹, А.Б. Сарсенбаев²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. М.Тынышбаев атындағы ҚазККА. Қазақстан, Алматы. e-mail: ard_69@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. М.Тынышбаев атындағы ҚазККА. Қазақстан, Алматы. e-mail: zhigit1991@mail.ru

ШЕЖІРЕНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ ДАМУ КЕЗЕНДЕРІ

Аңдатпа

Тарих ғылымы, ең алдымен тарихи деректерге сүйене отырып, ғылыми зерттеулерге жол ашады. Қазіргі кездегі технологиялық дамуымен, тарихи деректерге деген қызығушылық өсе түсуде. Себебі, тарихи деректердің беретін мағлұматтарының, қазіргі тарихшы мамандар үшін, уақыт өте келе құндылығы арта түседі.

Атап айтсақ, уақыт өткен сайын ежелгі деректер мен қазіргі заман зертеушілерінің арасындағы уақыт көлемі ұлғая түседі, ал ол өз кезегінде деректердің шынайы мәліметтерді беру мүмкіндігінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Сондықтан да, қазіргі кезде тарих ғылымын қолданбалы түрде зерттеудің қажеттілігі туындап отырғандықтан, тарихи зерттеулер кезінде тарихи қосымша ғылым салаларына сүйенуге тура келеді.

Қазіргі кезде, жеке адам өз тегіне көбірек көңіл аудара бастады. Қауымдық топтан ерекшеленгісі келетін кез-келген азамат өзінің шыққан тегіне, отбасы тарихына үңілетіні анық. Сондықтан да, осы мақала аясында, жеке отбасы тарихы ғана емес, тұтас әулет пен рулардың тарихының негізі жатқан – Шежіренің ғылыми салада алатын орны жайлы айтып өтеміз.

Кілтті сөздер: шежіре, тарих, тарихи деректер, тарихнама, орта ғасырлар.

Chronicle is a lineage of people, that's the preserved information of descent group that can demonstrate their common descent from an apical ancestor. From the scientific point of view chronicle is a historical and genealogical work based on written and oral genealogy information (information that has been passed down from generation to generation by word of mouth) about famous leaders of tribes, historical events during their reign with their contribution to the development of the tribes in the civilized countries. If the development of chronicle is defined by the increase of the scope of human consciousness, the scientific establishment of chronicle is connected with the foundation of schools, specialized in genealogical studies. Changes which had taken place at all periods of history had their influence on the development of genealogy and one of them was the appearance and development of world religions. Its influence might be seen from the events of the chronicle connected, on the one hand with the Lord and prophets, and on the other hand, with the leaders of tribes. As the result, the number of fiction had increased. Some leaders thought to be the sons or relatives of prophet, and the others as the leaders created from supernatural power and the light (Medýshevskara O.M., 1983).

With the emergence of the first states, roles of families in power had increased, new types of chronicles appeared and their meaning changed as well. They started to use the chronicle as an ideological tool. The questions of kinship and descent became of great political importance. For example, the chronicle of European families in power was used as proof of their belonging to aristocratic families to become a knight and take part in various types of competitions. With the aim of proving his aristocratic origin each person started to compile all information of their lineage in written form. It was the first written form of chronicle which became legitimate document later. This helped to develop the collection of information and publishing chronicles. Nevertheless, the veracity of the document was poor as it was based on information by word of mouth without collating and confirming, just representing the author's interests (Istochnikovedeniia istorii SSSR, 1973).

In the 15th century chronicle books were kept not only for using as proof of power and landownership, but for historians' scientific research work. As the result, the first genealogical books, genealogical tables and calendars had been published. Methods of chronicle data analysis were developed. in the 16-18th centuries with the foundation of schools of genealogical studies in Europe and analysis of memoirs, documents and monuments which were the bases of chronicle date back to this period as well. It would be appropriate to give the definition of genealogy in order to understand what it is all about. Genealogy is the study of families, individuals, tribes and the tracing of their lineages and history, which carries out analysis, research of data to use them in historical works. So we can consider schools of genealogy as a trend which uses data of chronicles for historical works, researches through studying the appearance and development of chronicles and analysis (classification, textual analysis) of historical and ethnographical, historical and geographical data (Qozybaev M., 2002).

Genealogy became the matter of national importance in European countries in the 16-17th centuries. Social changes in society, the rise of bourgeoisie led to appearance of false chronicles of those who thought themselves as descendants of aristocratic families. Therefore, the Kings of England and France started checking ancestors of the groups in power by sending their examiners to counties. Only examined collections of chronicles were compiled into special books. As the result several reference books and collections of chronicles of the Kings' and aristocrats' who reigned within a century had been published. All these collections became the subject of study for historians later. Theoretical aspects of genealogy and methods of research (tables, signs, numbering system and so on) were developed in the 18th century. Among the scholars who worked on theoretical aspects of genealogy were German scholars (Imhof, Kohler, Koch.), French scholars (Du Chenay, Du Bouchet, Gishenon, la Roca), English scholars (Barton, W. Paul, S. Archer, Dugdale) and Spanish scholars (Luis Salazar, Castro.) The first department of genealogy was founded at Veinna University in 1721 and it was the beginning of foundation of genealogy as the study (Rashid ad-Din.,1974).

The school of genealogy in Europe in the 18-19th centuries steadily developed in spite of political and social changes (Revolutions, Civil War and etc.). German scholars Will, J.C. Gatterer had played an important role in developing theoretical and methodological aspects of the genealogy. As the result genealogy took its place among the other auxiliary disciplines of history thanks to these scholars contribution. O. Lorenz had developed it further

and took to the new level, thus genealogy became a branch of the humanities. In the 19th century interest in genealogy increased in America, Russia, Scandinavian countries, Hungary and Poland, consequently, genealogical works started to appear in periodicals. For example, Russian scholars used genealogy for kinship and worked on its different forms (tabular, round, graphic and so on.) outlining advantages and disadvantages of them. They carried out comparison of genealogical information with the other sources of data (regulations, hereditary documents, archive materials and so on.) and studied the social life (development and decline) of the period of generation change. The works of N.V. Dolgorukov, V.V. Rummel, V.V. Golubtsev in this field are still in use (Tizengáyzen V.G., 1960).

At the beginning of 20th century not only chronicles of aristocrats but the chronicles of ordinary people became the subject of genealogical studies. The most important monographic work of the 20th century was O. Forst de Battal's work, the professor of Vienna University. This work is still considered to be the source of great importance. Theoretical problems of genealogy was under study in Europe in the 20th century and schools of genealogy were founded, and this work has still been continued today. Study of genealogy of certain social groups (noblemen, traders, lords, teachers, doctors, craftsmen and others) were developed and the psychological image of the certain epochs were created. In Europe genealogy is also used in historical geography to study problems of families migration, its impact on society and their integration with local people (Tolstova L.S., 1984).

Thus, the chronicles with alphabetical indexes of proper names appeared in Europe. For instance, the chronicle which consisted of 7700 people and their 4000 grandchildren appeared in Austria, whereas collections of questionnaires and memoirs and more than 40 variations of genealogical tables were published in Germany, England and France respectively (Íyđın V.P., 1992).

With the formation of Soviet Government just developing genealogy of nations in Central Aisa, Kazakhstan and etc., who were governed by the Russian Empire stagnated and it lost its status being the subject of study. The main reasons of this were limitation by the government on traditional "social order", decline in number of the elderly who can pass information from generation to generation, government intervention in the traditional system of information transmission and unilateral study of chronicles based on social class division principle (Tolstova L.S., 1977).

As the result genealogy of these former Soviet Union countries had stopped its existence for more than 50 years. However there were nations like Bashkurt, Tatar and Caucasians who could keep working on their genealogy (Atabaev Q.M., 2000).

These Turkic people were able to retain their chronicles due to division of chronicles into the following parts: the first part was the chronicle of one's seventh generation, the second part started from seventh generation and went further, the third part was the chronicle of common generation, and the fourth part was the history of generation of the same tribe. This indicates that each person who knew his seventh generation in his lineage had a basic knowledge of genealogy. In spite of being unable to pass information about abovementioned parts, each national-patriot passed his children information about, at least, his seventh generation of ancestors and it was the way how these people could keep their chronicles during the Soviet period, in those difficult times. It concerns Kazakh people as well. Since the collapse of the Soviet Union national consciousness of people have aroused and restoration of national values have been carried out (Alpysbesuly M., 1999).

If the first decade of the 20th century is considered to be the "Golden period" of Kazakh Genealogy as a branch of science, the last decade of the current century is the "Revolutionary Period" of collection and publication of Kazakh chronicles. Cultural and spiritual consciousness of Kazakh people arose to the next level and amateurs' interests in history and people's interest in chronicles have triggered further development of Kazakh Genealogy. Data of chronicles have become the source of information not only for historians, but for sociologists, political scientists, demographers as well. It is because of the nomadic life style of the nation. The whole life of nomads, who inhabited the Eurasian steppe, preserved in Oral History which took its beginning from the existence of those inhabitants (Alpysbes M.A., 1999).

Oral History is not only the information about the certain nations passed down over the years by word of mouth, but the main factor of defining the nation's peculiarities and role in society as well as in the world culture. Thereby, chronicles are the part of oral literature where peculiarities of oral history are preserved. All chronicles, legends and epics were based on information about real historical stories and individuals to some extent. But authors of the provided information might either take part in these stories or hear it from someone. Consequently, this kind of information might be full of embellishment, imagination and exaggeration. Therefore, while carrying out data analysis more attention should be paid for the peculiarities of provided information (Pronshtem A.P., 1977).

Kazakh chronicle is the indicator of national purity and peculiarity of its Kazakh chronicle is proof of Kazakh being group of Turkic people who settled down over Eurasian steppe. According to L.S. Tolstova's opinion national chronicles (Karakalpak – shegire, Bashgurt – shegere, Turkmens – sedgirei, Kyrgyz - sedgere) are interesting as a history. Chronicle is the factor of defining the connection of nomads to space and time, history and human being. Chronicle is the collection of data, which can be easily adapted to space and time and helps to define the connection between any space and time, historical event and human. Chronicle is not only the source of data, but is a national property. People who live in different historical periods can include information about events of their time into the chronicles and peculiarities of that historical period will be preserved (Tizengaýzen V.G.,1960).

Kazakh chronicle is the source of data collected over the centuries, based on nation's knowledge of history. There are a few Kazakh people who can have doubt about truthfulness of data provided in chronicles. The main reason of this lays in ancestors' belief in correctness of information given in chronicles and their effort to pass it down to the next generation. People were proud of their ancestors' bravery and took their way of living and customs as a model (Halid Q. Таýарһ Hamsa (Bes tarih), 1992).

Kazakh chronicle is the main part of steppe history, which takes its beginning from the primary periods of human beings existence. The greater part of it is preserved in written works of other nations, such as Chinese, Arabs and Persians, and played an important role in nomads' lives (Sma ğ ulov O.,1994).

Chronicle is an indispensable source of Middle Age Kazakhstan history as it was the period of big issues of heritage and ownership. Furthermore, in the Middle Ages the lineage of an individual was very important and public relations built on its base. An individual's belonging to another tribe or aristocratic family from either father's or mother's side defined his future position in the society. Thus, the social position of an individual depended on the position of his parents and tribe in the society and any changes took place in the society passed on from one generation to another. In the course of time social relations which protected tribe's interests started to represent certain family's and individual's interests and , thus, influenced chronicles of that period (Abaev V.I.,1958).

Chronicle played an important role in marriages between families and tribes as people wanted to marry someone from the family of his status in order to keep his aristocratic origin.

Chronicle was an indicator of the economy of the society. As the land was the main property of that time, chronicle became an important factor of solving arguments connected with pastures, water and mountains on that area.

Chronicle also was an indicator of the demography of the society. Marriage and relationship were determined by the origin of families. Prohibitions and permissions of marriage between tribes directly affected the age of marriage, birth of child, natural reproduction, hereditary diseases and people's health. Therefore, it's possible to find out about demography of tribes of each historical period from the tabular lists of chronicle.

List of family professions can be created through the data of chronicle. This method is still extensively used by sociologists of our time. By using data of chronicle it is possible to learn about culture and education of the tribe of an individual and elder's ideology, and to observe evolution of the tribe's religious beliefs, customs and traditions, and language. We can learn about the development of material and spiritual culture of each period (Ergis G.H.,1974).

Chronicle is an indicator of political power of the society. It plays an important role in solving problems of inheritance of power, families in power, powerful tribes and their rights. For example, researchers of the chronicles of French, English aristocrats mention about internecine conflicts which brought to the disappearance of one family and enlargement of the other and give as an example the families of the following rulers: Henry VIII and Edward III. This kind of internecine conflicts took place in the Middle Age Kazakhstan history. Hence, data of chronicles is very important for learning the factors which caused these conflicts.

Chronicle is considered to be an irreplaceable source of information for learning history of the development of interstate relations, international relations and diplomacy. The main category of international relations is marriage of generation. This kind of marriage was written on families books, which were basis of chronicles. There were a lot of marriages of generation in history of Kazakhstan (Tolstova L.S.,1984).

Moreover, chronicle can be widely used for social researches in connection with other subjects, like Biology, Genetics, Medicine, Psychology and so on. For example, chronicle is used to study appearance of different families, social groups, advancement of their material well-being, their interrelation, character, choice of profession, religious beliefs and so on. European historians tried to restore the social position of the middle class by studying family lives of skilled workers (peasants, masons, blacksmiths, tailors and etc.) of the Middle Ages through the chronicles.

French genealogists have been using chronicles to study the origin of aristocrats, their formation and character.

Russian researchers use data of chronicles to study economy of the society of the certain period. For that, they took an origin of merchants, famous rich people, traders and their parents as an object of study and made reference to the data of genealogy. Thus, researchers tried to show economic changes in the society by analyzing monetary circulation of the community and families' funds.

German, English genealogists use genealogical tables for historical demography as there is little statistical information about the number of population of the Middle Ages. Therefore, chronicles are used for assessment of growth of population, death rate, casualties of war and infectious diseases. It's possible to analyze the number of generation and ancestors on the tabular chronicles by using special calculation techniques. It was done by mathematical calculations based on a generation's average life expectancy. According to European researchers three men and four women live in an average in a century. Age difference between father and child is 30-35 years approximately, and between mother and child is 20-25 years. And in chronicles of Turkic people it is 25-30 (Medýshevskaja O.M., 1983, 50-66 s.).

Chronicle also comprises information about average age of marriage, birth and birth rate. Data of genealogy help, particularly, to study the origin of an individual or a certain family, psychological and physiological aspects of their character. For example, Russian scholars studied A.S. Pushkyn's and M.Uy. Lermontov's poetic abilities through the chronicles.

Еліміздің жаңа тарихи кезеңге аяқ басқаны белгілі. Бұл туралы 2017-ші жылдың басында ҚР президенті өз жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады [1]. Бұл жолдауда мемлекет тарапынан жаңғырудың екі процесі жоспарланды: саяси реформа мен экономикалық жаңғыру арқылы дамыған 30 елдің қатарына қосылу еліміздің жақын арада тұрған басты мақсаты болып қабылданды. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу»: «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерді болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деді. Ол үшін қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті. Соның ішінде: «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып, қазақ әліпбиінің тым тереңнен тамыр тартатынын, ол VI-VII ерте орта ғасыр кезеңіне жататын «Орхон-Енисей жазулары» деп танылған көне түркілердің руникалық жазуы адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі екендігі және Алтын орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келгендігіне баса назар аударды. Ал, 2018

жылы 21-ші қараша күні президент: «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялады [2]. Бұл мақалада: «Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары сан.алатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ...» дей келе: «... осы себепті, бүгінгі тарихи оқиғаны таңдамалы және объективті тұрғыдан ғана сипаттаумен шектемей, нақты ғылыми деректерге сүйеніп, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға міндеттеді».

Қазақ елінің ежелден келе жатқан елдік тамырларын негіздеу үшін өткен ғасырлардағы Еуразиялық кеңістікте өткен гун (хун), көне түркі, монғол, славян халықтарының көне мемлекеттері тарихына бүгінгі күн тұрғысынан жүйелі зерттеулер жүргізілуі керек екендігінің өзектілігі зор. Өйткені, осы елдер негізінен бүгінгі Қазақстан территориясы мен көршілес жерлерде бастау алып дамығаны бүгінгітаңда қазақстандық тарихшылардың еңбектерінен белгілі [3].

Жүргізілген тарихи шолулар б.з.б. I мыңжылдықта Солтүстік Үндістанды, Ауғаныстанды, Орта Азияны және Қазақстанның оңтүстігін қамтитын кең байтақ аумақта (б.з.б. V ғ.) сақ тайпалары мекендеген делінеді, оларды антик тарихшылары «Азиялық скифтері» деп атаған. Сонымен бірге Сақ тайпалары Солтүстік Қара теңіз өңірі мен Днепр бойында мекендеген, оларды скифтер деп атаған. Ерте дүниелік жазбаларда скифтер төменгі Еділ бойы мен Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтардың Кир мен I Дарий парсыларының және Александр Македонский дәуіріндегі гректердің замандастары болған. Олар ежелгі парсылармен тығыз қарым-қатынас жасаған, тіпті б.з.б. VI-V ғасырларда Ахаменидтер империясының құрамына да кірген. Бес томдық «Қазақстан тарихы» еңбегінде сақтардың үш тобы: хаумаварга-сақтар (хаом сусынын қайнататын сақтар), тиграхауда-сақтар (шошақ бөрік киетін сақтар), тияйпарадрайа-сақтар (теңіздің арғы бетіндегі сақтар) туралы хабарлар ерте дүниелік жазбаларда келтірілген. Алғашқы екі топ Гератотқа таныс болды, бұларды амюргия-сақтар және ортокрибантия-сақтар деп атаған делінеді [3, 158 б].

Сонымен ғылымда сақтардың бұл топтарының Орта Азия мен Қазақстан аумағында шоғырланғаны туралы көптеген болжамдар анықталған. Сонда, Шаш (ташкент ауданы), қазіргі солтүстік Қырғызстан аумағында және Қазақстанның оңтүстігінде тиграхауда-сақтары мекендегендігі туралы айтыла келе, бұл сақ тайпаларының этникалық аумағы кеңірек болғандығы мойындалады, оған Оңтүстік Орал өңірі мен Таулы Алтай да енген делінеді [4]. Бұл кең ауқымды территория екендігі мәлім. Дегенмен жоғарыдағы келтірілген ресми тарихтағы ұстанымдар жалпылама мәліметтер екендігі белгілі, «сырт көзбен» қараған бөтен елдердің атаулары екендігі көрініп тұр. Өйткені осы Сақтардың негізгі мұрагерлері кімдер және қай елдер деген сұрақтарға ресми тарихта нақты жауап жоқ. Өйткені осы Сақ тайпаларының тарихы ғылымда әлі күнге дейін нақтыланбақ түгілі, жоғарыдағы келтірілген «хауммаварга», «тигрохауда» сақтары деп атаған ертедүниелік тарихшылардың көрсеткен: «хаом сусынын қайнататын сақтар немесе шошақ бөрік киетін сақтар» деген тәрізді түсіндірмелері ешқандай да әлгі сақтардың қалай, қайдан пайда болғандығы туралы және олардың тегі қайдан деген тәрізді сұрақтарға жауап бере алмайды.

1930 жылдары бұл аймақта б.з.б. VIII-III ғғ. аралығына жататын ондаған діни құрылыстар – орасан зор тас және топырақ үйінділері – сақ «пирамидалары» зерттелді. Пазырық (Таулы Алтай), Шілікті (Шығыс Қазақстан), Бесшатыр және Есік (Оңтүстік Шығыс Қазақстан) обаларынан ашылған тамаша жаңалықтар кеңінен мәлім, олар адамзат тарихын металдан, ағаш пен матадан жасалған көркемдігі жоғары бейнелеу өнерінің бұйымдарымен, ағаштан салынған ежелгі сәулет өнерінің ескерткіштерімен байытты. Бұл қорғаннан табылған ғажайып олжалар сақ тайпаларының жоғары және көп жағынан өзіндік төл мәдениеті болғандығын, «олардың патшаларының» ұлылығын және әлеуметтік құрылымының дамығандығын айқын көрсетті.

Б.з.б. кезеңдерде Солтүстік Қара теңіз жағалауында өткен тарихи процестерді, соның ішінде кейінгі жылдары «оңтүстік Русь» деп суреттелген: Кемерліктер – 1000-700 ғғ. б.з.б.; Скифтер -700-200 ғғ. б.з.б.; Сарматтар -200 ғғ. б.з.б.; Готтар -200-370 ғғ.; Ғұндар -370-454 ғғ.; Аварлар -558-650 ғғ.; Хазарлар –VI ғ.; Волгалық бұлғарлар -650-737 ғғ.; Печенегтер, түріктер, берінділер –IX-XI ғғ.; Половцылар (кумандар,қыпшақтар) –XI ғ.; Моңғол – татарлар –XIII ғ.; Қалмақтар – XVIII ғ.[5, 105 б].

Қазіргі Симферепольдың жанынан археологтар қазып ашқан, Каменскелік «қалашықтан» да асқан скифтердің астанасы – Скифтік Никополь табылған. Қалыңдығы 8 ден 12 метрге дейін жететін, қабырғасының қалыңдығы сәйкес биік тас қабырғамен қоршалған қаланың аумағы жиырма гектардан асады. Қаладан тастан салынып, шатырлары черепицалармен жабылып, әрленген мрамор колонналарымен қатар, қоладан жасалынған мүсіндер қойылған көптеген қоғамдық мекемелердің ғимараттары табылған [5, 108-109 бб.]. Одан арғы, деректерге көз салсақ скифтер алтыннан, күмістен зергерлік бұйымдар жасаудың асқан шеберлері болған. Сонымен «көшпенділер» тек қана тас

қоршаулармен қоршалған, тас қабырғалы үй-жәйлары бар, тастан қалалар салып қана қоймай темірден қару-жарақ пен қатар темірден сауыттар жасап, темірден күнделікті өмірге қажетті нешетүрлі тұрмысқа керекті құрал-жабдықтар мен қатар шебер зергерлік бұйымдар да жасаған.

Сондықтан, «көшпенділер» туралы ресми тарихта айтылғандар ертегі ғана болып тұр. Егер қандай да бір халық жоғарыда көрсетілгендей жетістіктерге жеткен болса, онда ол халықты қайдағы бір «жабайы көшпелі малшыларға» жатқызуға болмайтындығы түсініктә. Көріп отырғанымыздай әңгіме тек мемлекет туралы болуы тиіс. Мүмкін бұл мемлекет басқаруда «ерте римдік» дәрежеге жетпеген де болар, бірақ мәселе өзіндік мемлекет туралы болып тұрғаны анық; жер өңдеушілері, ұстаханалары, зергерлік шеберлері мен қару-жарақ жасаушылары, ағаш ұсталары, шатыр жасаушылары, мал-адам емдеушілері бар» [5, 109 б].

Бұл мәселеде, тарихшылардың ойлары басқада болып тұрған тәрізді. Ол, «тарихи емес» халықтарда ресми Европалық тарихшылардың каноны бойынша мемлекеттәктер болуы тиіс емес. Осыған сәйкес ресми тарихта әр-түрлі сөздерді «ойнатып»: «жарым-жарты көшпенділік» немесе «қалашықтар» дегендер қолданылды [5, 110 б]. Өздерінің ұмтылыстарында тарихшылар одан әрі кетіп, тіпті шектен шығушылыққа ұрынады. Біраз бұрын, бір ресейлік «тарихшы» скифтердің қолөнері «өздерінікі емес» бұлар зергерлік өнерлеріндегі сюжеттер Балқандағы фракийліктерден көшірген» деп көрсеткен [5, 110 б]. Әрине, бұл толық мәнде, жалған нәрсе. Өйткені біріншіден көшіретін болса онда скифтер қастарындағы гректерден көшірмей, алыстағы Балқан елдерінен көшіріп неге керек.

Екіншіден, скифтер өз өнерінің бастауын Балқаннан да, Қара теңіз жағалауларындағы грек колонияларынан да бастамайды, Азиядан бастайды. Оған дәлел жоғарыдағы Қазақстан тарихы көптомдығында көрсетілген мәліметтер: Пазырық (Таулы Алтай), Шілікті (Шығыс Қазақстан), Бесшатыр және Есік (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан) обаларынан ашылған тамаша жаңалықтар. Тарихтан белгілісі Скифтер Қара теңіз жағалауларына Азиядан көшіп келген. Бұл тезис өте үлкен аумақты алып жатқан көптеген археологиялық қазбалармен дәлелденген, сондықтан дәлелдеп жатуды қажет етпейді. «... Осылармен танысқан зерттеушіге мынандай үлкен күдік келеді. Дегенмен мәселенің тамыры скифтердің азиялық болғандығында ғана тәрізді. Өйткені осы мәселе евроцентристердің еріксіз саналарын тітіркендіретін тәрізді. Егер дәл айтсақ тарихтағы европалық шовинистерді. Олардың пікірінше «азиялықтарда» мемлекет пен қалалары болуы мүмкін емес, мұндай өркениеттік жетістіктерге тек Европаның ғана қақы бар», - деп есептеген. Сондықтан, скифтерді, мүмкіндігі болғанша ашық айтпай, бірде шеберлікпен, екінші бірде ебедейсіз қолдарынан келгенше төмендетуге тырысады. Көптеген табылған археологиялық жәдігерлерге қарамай Енесайдан Қара теңіз жағалауларына дейінгі халықтардың туыстығын да ескермей скифтерді, табанды түрде тек ертедүниелік Ираннан таратады [5, 110 б].

«...Скифтердің өркениетінің маңызын аздап болса да төмендетіп көрсетуге деген ұмтылыс тіпті өте ертеден байқалған. Мәселен «тарихтың атасы» саналған Геродот та скифтердің қалалары туралы былай деген: «Будиндер – үлкен және сан жағынан көп тайпа. Олардың жерлерінде ағаштан жасалынған Гелон атты қала бар. Сол қаланың әр жағы ұзын -30 стадийден тұратын қабырғамен қоршалған. Қаланың қабырғасы биік және ағаштан жасалынған. Үйлері де, ғибадатханалары да ағаштардан тұрғызылған». Геродот та дәл осы жерде, бұл қаланы салған скифтік-будиндер емес, Қара теңіз жағалауларындағы грек қалаларынан қуып әкелінген біршама гректерге салғызған деп көрсетіп, сол Гелон қаласында гректердің эллиндік құдайларына арнап қасиетті құрылыстар салғызып, жиі-жиі көпшілікке арнап той-томалақтар ұйымдастырып гректердің мәдениетінен үлгі алып отырған деп көрсеткен [5, 110-111 б.б.]. Бірақ бұл жерде Геродот тап-таза өзінің жазған скифтер жайлы мәліметтеріне ашықтан-ашық қарсы келіп отыр. Өйткені Геродот Скифтер өзге елдердің құдайларын құрметтемек түгілі үзілді-кесті олардың салт-дәстүрлеріне де қарсы болып отырған деп жазған [5, 112 б].

Жоғарыдағы көрсетілген европалық ресми тарихтағы ұстанымдарының қарама-қайшылықтары мен ашықтан ашық Азиядан келген елдердің адамзат өркениетіне қосқан техникалық, технологиялық жетістіктерін ерте заманнан иойындамай отырғандықтарын қарастырсақ, жалпы ресми тарих ғылымы қазіргі кезеңге дейін ертеде «ғылыми» емес тұрғыда қалыптастырылған ұстанымдардың «жетегінде» әлі күнге дейін қалып отырғандықтары мен қатар кейінгі кезеңдердегі тарихшылардың зерттеу тақырыптарындағы кемшіліктер болып тұр. Осы туралы заманға сай озық ойлы тарихшылар былай деп көрсетеді: «...Тарих ғылымы туралы айтсақ, қазіргі кезеңдегі тарих ғылымында үлкен кемшілік бар екендігін мойындауымыз керек: бұл ғасырлар түгілі ғасыр ішіндегі ширек кезеңнің өзіндегі бір кіп-кішкене княздіктің ішіндегі майда-шүйде мәселелерімен де айналысқан. Сондықтан, адамдар мынандай «шығармашылықтары» үшін де тарих ғылымының ғылым кандидаты, тіпті ғылым докторы бола алған.

Мәселен: «Рязань княздігіндегі XII ғасырдың екінші жартысындағы аттардың тағалары» немесе «Артур графствосындағы XIII ғасырдың бірінші отыз жылдығындағы етікшілер» атты еңбектері арқылы ғылыми атақтар қорғалған. Шындығына келгенде бұл «алғашқы адамдардың тас құралдарын жасау үстінде шашырап ұшқан кішкене тас ұшқындары» атты тақырыпқа қорғағандығы белгілі. Бұл, мәселен, әртүрлі нәрселерді жинастырып: «көбейту таблицасының қасиетіне қатысты» атты тақырыпқа математика ғылымының кандидаты дәрежесін қорғағанымен бірдей [5, 120 б]. Мәселен, ғылымдағы осындай келеңсіз мысалды 1970 жылдары Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың ғалымдармен өткізген жиналысында: «Дала торғайларының жыныстық мүшелерінің құрылысының ерекшеліктері туралы» атты тақырыпқа қорғалған ғылыми еңбекті сынағаны белгілі.

«...Осы деректермен танысқанда кімдердің, қай халықтардың өркениетті екендігін ұға алмай қаласың. Өйткені өркениетті халықтар қайда, ал «жабайылар» қайда екендігін бірден түйсіну қиынға соғады. Себебі өз-өзінен «ерте Рим» өркениет пен прогресстің ошағы болудан қалып, нағыз «жабайылар екендігіне» көз жеткізесіз. Деректерде галлдардың теңіз флоты римдіктердің галерлерінен анағұрлым артық болған деп көрсетіледі» [5, 120 б]. Енді мына деректерді қарастырсақ: галлдарда бекіністермен қоршалған қалалары мен бірге, өте ыңғайлы кең ауқымды аймақты қамтып жатқан жол тораптары мен өз ақшалары болған. Бұл аз болса «кельттер» мен «галлдар» ерте замандық ағаш соқалардың орнына екі доңғалақты тәртесі бар темір сқалар мен темір тырмаларды дүниеге әкелген. «Алдыңғы қатарлы» есептелетін римдіктер осыларды галлдардан үйренген. Қола дәуірінен бері адамдар егінді орақпен орып келсе, Галлдықтар әлдеқалай өнімді шалғыны ойлап тапқан. Содан соң ғана оны римдіктер пайдаланып, үйренген. Бір ғылыми еңбектен екінші бір ғылыми еңбекке «көшіп» римдік деп аталып жүрген: екі доңғалақты өгіз артынан итеріп жүрген арба тәрізді егін орғыштың алдыңғы жағында «гістерімен» егін орып бидайдың басы арбаға құлап жиналатын құрылғы (қазіргі заманғы комбайындардың алғашқы нұсқасы), бұлар да галлдардың тапқан жаңалықтары, оны көп кейін римдіктер игерген. Скифтер әр түрлі адамдар таситын арбалар мен сондай-ақ жүк таситын үлкен арбалар жасауда европалықтарға үлгі болған. Римдіктер оларды жасауды тек солардан үйренген [5, 121 б].

Осының нәтижесінде римдіктерде төрт түрлі арба түрі қалыптасты: «кваррус» - үлкен жүк арбалары, бұларды Ресейде «ломовая» деп атаған; «рела» - жеңіл, тез жүретін төрт дөңгелекті «бричка»; «карпентум» - екі дөңгелекті арба; «эсседум» - екі дөңгелекті соғыс арбасы. Осы атаулардың бәрі ресми түрде галлдардан алынғандығы мойындалады-сондықтан осы әртүрлі арбаларды алғаш ойлап шығарған галлдар екендігі анық [5, 121 б]. Сонымен нақты кімді үйреткен және кім іс жүзінде «жабайы» болған? Егер біздің кезеңге дейін галлдардың кітапханалары жеткен болса онда жалпы әлемдік деңгейде мұндай түсініксіз тарихи мәселелер туындамас еді. Бірақ римдік Цезарь өте мұқият барлық галлдардың тарихи материалдарын өртеп, бір де бір галл документи сақталмаған, сондықтан ақыр соңында кімдер алдыңғы қатарлы технологияларға ие болғанымен, соны кімдер өздерінше жазып кеткен солар жеңіп отыр. Келтірілген деректер бойынша мынадай жалпы қортындылар мен ой тұжырымдар жасауға болады. Сонымен келтірілген ресми тарихи материалдар Европаға Азиядан келген елдер қатарына б.з.б. мың жылдардан б.з. X-XI ғасырларға дейін келген: Кемерліктер(Киммериялықтар); Скифтер; Сарматтар; Готтар; Гундар; Аварлар; Хазарлар; Волгалық бұлғарлар; Печенегтер, түріктер, берінділер; Половцыларды (кумандар) жатқызған. Жалпы европалық ресми тарих осы елдер туралы жеткен тарихи материалдарды біржақты көрсеткен. Осы елдердің Европаға жеткізген адамзаттық өркениеттік жетістіктерді римдік өркениеттің жетістіктері деп соларға таңылып отыр.

Енді «із-түссіз жоғалған» халықтарға келсек, онда мәселен: қазіргі тарих ғылым «скифтерді сарматтар ауыстырды» деп есептейді. Белгісіз құпиялы Азия кеңістігінен, аяқ астынан, осы сарматтар-сансыз салт атты ордалар, бас аяғына дейін темір сауыттармен киінген Европаға қаптап кетеді де, белгісіз себептермен өздері өте жек көретін скифтерді түптамьырымен жойып жібереді. Осылай скифтер жойылып кетеді» делінеді. Бірақ бұл гипотеза неліктен скифтер бірнеше мыңдаған жылқылары бола тұра соларға мініп қашып кетпей жайбарақат өз үйлерінде өздерін «жауыз» сарматтар келіп қырып кетсін деп отырған. Бірақ деректерде мұндай мәлімет жоқ. Демек жоғарыдағы болжам жалған болып тұр. Сонымен бірге, Аттила (Еділ)скифтер мен готтардың біреулерінің тарихтан, біреулерінің сол мекендеген жерлерінен жоғалып кетулері тиіс болғандығынан хабары болмай, олардың патшасы болып билеген.

Прискенің жазғандарына келсек, онда ол (жалғыз ол ғана емес) ғұндарды скифтар деп атаған. Ал, соның жанында Аттила мен оның державасы туралы сөз болғанда өте жиі сарматтар деген атаулар да айтылады, бұлар да кезінде «із-түссіз» жоғалып кеткен елдер қатарында. Осы теория бірінің артынан бірі келіп алдыңғыларын түп-тамьырымен жойып отырған деген «көшпенді» шұбырған халықтар туралы естеліктер, тек кейінгі замандардағы тарихшылардың ой-саналарында ғана орын алған сияқты. Негізінде

мұндағы нақты мәселе басқаша болған тәрізді: Шындығында келтірілген халықтар әрине бір-бірімен соғысып та, кикілжіндерге де барып та тұрған, бірақ барлығы нақты іс жүзінде бір кезеңдерде өмір сүріп, бір-бірімен араласып, бір-біріне сіңіп бір мемлекеттің тұрғындарына айналып отырған. Ешкім де ешкімді түп-тамырымен жойып жіберіп отырмаған.

Тарихшылар ертеден-ақ осындай еретикалық теорияларға қарсы өз аргументерін былай деп ойлап тауып қойған: бұрынғы өткен заманғы жазушылар нені, кімді көргендерін дұрыс түсінбеген. Ғұндарды көріп, оларды «скифтар» деп жазған. Монғолдарды көріп, жеңілтектікпен өздерінің жете білмегендіктерінен оларды «татарлар» деп жазған. Тек кейінгі ғасырларда ғана, мың жылдар өткен соң ғана, «нағыз ғалымдар» ғана, «тарихи тәсілдермен» қаруланған, түптің-түбінде ғана ертедегілердің «кімдерді көргендіктерін» ажыратып, танып-біліп отыр. Осы теорияны талдау туралы айтудың өзі артық, өйткені Приске мен оның замандастарына сол кезеңдегі елдер белгілі болған деп есептейміз: олар егер скифтер деп жазса онда ол скифтерді көрген деп есептеуіміз керек. Петрге дейінгі уақыттың ірі тарихшысы Андрей Лызлов (өз замандастары мойындамақ түгілі) қазіргі заманғы тарихшылар да «ашық түрде шетке ысырып тастаған» одан арыға барған: скифтерден Шыңғысхан мен Батыйдың татарлары шыққан деп жазған [5,138-142 бб.]. Дәл солай, византиялық тарихшылардың пікірлерінше де, крест жорығының замандастары да скифтер сол уақытта қалыпты түрде Қырымды мекендеп, гетуалықтармен қарым-қатынаста болғандығын жазған. Ал батыстық осы заманғы авторлар қандай ақылға сыймайтын нәрселерді жазады. Бұрын көрсеткен Т. Райстың жазуынша, скифосарматтықтардың қолөнердегі әсері бүкіл Еуропаға тарап, атақты «аң стилі» мен басқа да өнердегі сюжеттік көріністер «Скандинавия мен батыс Германияға» дейін жетіп, Скандинавияда да белең алып отыр, және «өнердегі скифтік-сарматтық тенденциялар» Британияға дейін тарап отыр делінеді. Осыларды көптеген дәлелдер мен нақты дүниелер көрсетіп отыр. «Дискінің шығып тұрған қырына бекітілген Саитгон-Худа (графство Суолк) табылған қазнадағы екібасты жануардың кескіні көп жағдайда ертедүниелік скифтік дүниелермен ортақ мазмұнға ие. Шотландиялықтардың Бура аралынан табылған VIII ғ. жататын «Папалық кресте» тіпті одан да ертерек уақытқа жататын скифтердің стиліндегі арыстанның бейнесі салынған. Эденбургтегі ертедүниелік музейдегі Абботсфордтық крестегі жануардың бейнесі де скифтердің стилін сақтаған үшкірленген аяқтарының ұшы Күл-Оба мен Золдаломпушта және славяндық пластинкадағы Мартыновкадан табылған скифтік бұғынікіне ұқсайды. Ақырында, саксондық тас плита б.з. XI ғ. жататын «біреуі, алғашқыла Әулие Павелдің шіркеуінде сақталған, ал қазіргі кезде - Лондондағы Гилдхолл музейінде сақтаулы тұрған бұғының бейнесі дәл скифтік келбетпен жасалынған [5,141 б.].

Көрсетілген Азиялық елдерді еуропалықтар өздерінше әртүрлі атаулармен атап алған, бірақ сол атаулардың мән-мағаналары әлі күнге дейін анықталмаған. Кезінде Азиядан Еуропаға келген елдер қандай тілде - сөйлеген, тым болмаса сол елдердің тілдері қазіргі замандағы бар қандай тілдік топқа жататындықтары туралы да ешқандай мәліметтер кездеспейді. Өте ерте кезеңдерде (б.з. 1000 жылдай бұрын) Еуропаға келген «Кемерліктердің» де тегі, тілі туралы деректер мүлдем кездеспесе, ал сонымен бірге Скифтерді (б.з.б VI-VII ғғ. барған) Азиялық сақтар екендігі мойындалған. Яғни, Скифтерден кейінгі Еуропаға келген елдердің барлығы скифтер болып келетіндігі айтылған. Ал, Герадоттан бері сол Еуропалық скифтер азиялық сақтар болып мойындалған. Сондықтан «Кемерліктер» мен «сақтар» туралы тарихи мәліметтерді, қазіргі кезеңдегі бар халықтардың тілдік ерекшеліктерін, сөздік қорларын пайдалана отырып мақсатты түрде зерттеу арқылы жоғарыдағы келтірілген елдердің қазіргі кезеңдегі қай елдің тегіне қатысты екендігін де нақтылауға мүмкіндік туады деп тұжырымдауға болады. Мәселен «Кемерліктер» деген сөзге келсек қазақ халқының сөздік қорында «кемер» деген сөз бар. Сол тарихтағы «кемер» деген сөзге байланысты «Кемерліктер» деп аталған халық болса, онда бұл «кемер» сөзінің елдің атауына айналуының тарихи негіздерін мақсатты түрде зерттеу арқылы анықтап, нақтылауға мүмкіндік туады. Демек, жоғарыдағы көрсетілген елдердің тілдері мен тектік негіздерінің мәселелерінің нақтылануы мен сол елдердің Азиядан Еуропаға келу себептерінің де анықталуы осы кезеңдерге дейін «құпия» болып келген жалпы адамзат тарихындағы көптеген белгісіз жағдайлардың анықталуларына алып келетіндігі сөзсіз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі: :

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-b01ashakka-bagdar-ruhani-zhangyru—atty—makalasy
2. <https://khabar.kz/kz/zekti/item/108727-elbasy-ma-alasy>
3. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.*

4. Акишев К.А. *Культура саков долины р. или. ...* – С. 16-17.
5. Бушков А. *«Чингисхан Неизвестная Азия»*. – М.: «ОЛМА», 2007. – 544 с.

УДК 94(100)
ГРНТИ 13.81.35

А.М. Турлыбекова¹

*¹к.и.н., ассоц.проф. (доцент) Павлодарского государственного университета имени С.Торайгырова,
г. Павлодар, Казахстан*

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ПОНЯТИЙ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ И ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В НАУЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

В условиях формирования на территории Казахстана новой концепции нации, основанной на принципах национальной, государственной идентичности граждан, важным становится сохранение исторической памяти народа. Понимание своей истории дает возможность личности, обществу и народу в целом, не чувствовать себя вырванными из исторического контекста, самим формировать свою судьбу.

Положенные в основу государственной программы модернизации общественного сознания, статьи Первого Президента Республики Казахстан «Рухани жангыру», «Ұлы даланың жеті қыры» дали новый импульс развитию исторической науки, формированию исторического сознания путем сохранения исторической памяти через археологические, этнографические, письменные (архивные) формы ее накопления и трансляции.

В связи с этим важным становится изучение концептуальных позиций авторов категорий исторического сознания, исторической памяти, что позволит в определенной степени разобраться в условиях формирования мировоззренческих установок социума.

Ключевые слова: история, историческое сознание, общественное сознание, историческая память, историческая наука, историческое знание, мировоззрение, культура общества.

А.М. Турлыбекова¹

*¹т.ғ.к., С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қауым.профессоры
(доцент), Қазақстан*

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ТАРИХИ САНА МЕН ТАРИХИ ЕСТЕЛІК ҰҒЫМДАРЫНА ТҮСІНІК БЕРУ

Қазақстан аумағында азаматтардың ұлттық, мемлекеттік бірегейлігі принциптеріне негізделген ұлттың жаңа тұжырымдамасын қалыптастыру жағдайында халықтың тарихи жадысын сақтау маңызды болып табылады. Өз тарихын түсіну жеке адамға, қоғамға және жалпы халыққа өзін тарихи мәнмәтіннен үзілген ретінде сезінбеуге, өз тағдырын өзі қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бағдарламаның негізіне алынған қоғамдық сананы жаңғырту, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары тарихи ғылымның дамуына, тарихи сананың қалыптасуына, археологиялық, этнографиялық, жазбаша (мұрағаттық) жинақталу және трансляциялау нысандары арқылы тарихи жадының сақталуына серпін берді.

Осыған байланысты тарихи сана, тарихи жады санаты авторларының концептуалды ұстанымдарын зерделеу маңызды болып отыр, бұл белгілі бір дәрежеде әлеуметтің дүниетанымдық ұстанымдарын қалыптастыру жағдайында түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: тарих, тарихи сана, қоғамдық сана, тарихи естелік, тарихи ғылым, тарихи білім, дүниетаным, қоғам мәдениеті.

А.М. Turlybekova¹

¹Candidate of Historical Sciences, Assoc.prof. (Associate Professor) Pavlodar State University named after S. Toraigrov, Pavlodar, Kazakhstan

INTERPRETATION OF THE CONCEPTS OF HISTORICAL CONSCIOUSNESS AND HISTORICAL MEMORY IN SCIENTIFIC LITERATURE

Abstract

In the context of the formation in Kazakhstan of a new concept of a nation based on the principles of national, state identity of citizens, it becomes important to preserve the historical memory of the people. Understanding one's history makes it possible for an individual, society and people as a whole, not to feel pulled out of the historical context, and to shape their own destiny.

The articles of the First President of the Republic of Kazakhstan "Rukhani Zhangyru", "Uly dalany zheti kyry" laid the foundation of the state program for the modernization of public consciousness gave a new impetus to the development of historical science, the formation of historical consciousness by preserving historical memory through archaeological, ethnographic, written (archival) forms of its accumulation and broadcasts.

In this regard, it becomes important to study the conceptual positions of the authors of the categories of historical consciousness, historical memory, which will allow to a certain extent to understand the conditions for the formation of the worldview attitudes of society.

Keywords: history, historical consciousness, public consciousness, historical memory, historical science, historical knowledge, worldview, society culture.

Необходимость формирования исторического сознания и исторической памяти была осознана еще на ранних ступенях развития общества. В сказаниях, героическом эпосе утверждался культ предков, закреплялись традиции знать и чтить прошлое своей общности, следовать ее обычаям как нормам отношения к труду, природе, вещам, людям. В эпоху древних цивилизаций история воспринималась как наставница жизни, дающая образцы для социального воспитания человека, как память народа, формирующая его этническое сознание. В начале Нового времени в общении с прошлым виделся способ познания мира человека, средство просвещения, самопознания и развития личности.

В 1980-1990-е гг. ученые столкнулись с необходимостью трактовки такого феномена общественного сознания, как историческая память. В результате тщательного исследования ее различных аспектов и форм проявления данное понятие стало учитываться более целенаправленно, более обстоятельно и постепенно получило как теоретическое обоснование, так и эмпирическую интерпретацию. Среди многочисленных проблем, которые стали волновать население нашей страны, возросшую актуальность приобрела специфическая форма общественного сознания и поведения людей, охватывающая знания, понимание и отношение людей к историческому прошлому, его взаимосвязи с реалиями сегодняшнего дня и его возможному отражению в будущем. Более обстоятельное рассмотрение этого феномена позволило сформировать представление об историческом сознании, об исторической памяти, которые оказались весьма устойчивыми характеристиками образа жизни людей и которые во многом определяли их намерения и настроения, опосредованно оказывая весьма мощное влияние на характер и методы решения общественных проблем [1, с.7].

Отметим, что на сегодняшний день актуальность проблем исторического сознания и памяти еще более усиливается и находят свое обсуждение, в том числе, в историографии различных стран. Именно поэтому не существует единой точки зрения по поводу трактовки понятий «историческое сознание» и «историческая память».

Так, согласно российскому исследователю Ж.Т. Тощенко «если охарактеризовать суть и содержание исторического сознания, то можно сказать, что оно представляет собой совокупность идей, взглядов, представлений, чувств, настроений, отражающих восприятие и оценку прошлого во всем его многообразии, присутим и характерном как для общества в целом, так и для различных социально-демографических, социально-профессиональных и этносоциальных групп, а также отдельных людей» [1, с.8].

Историческое сознание – память о прошлом и интерес к нему – свойственно в той или иной степени всем людям и народам. Вместе с тем и само отношение к прошлому, и способы получения информации о нем чрезвычайно разнообразны, что позволяет говорить о существовании разных типов исторического сознания. Основное различие между ними определяется двумя факторами: во-первых, разными пропорциями эмоционального и рационального отношения к прошлому; во-вторых, степенью достоверности той картины, которая воссоздается на основе отдельных исторических свидетельств [2, с.162].

«Историческое сознание, – писал Тощенко, – как бы «разлито», охватывает и важные, и случайные события, впитывает в себя как систематизированную информацию, в основном через систему образования, так и неупорядоченную (через средства массовой информации, художественную литературу), ориентация на которую определяется особыми интересами личности. Немалую роль в функционировании исторического сознания играет случайная информация, часто опосредованная культурой окружающих человека людей, семьи, а также в известной мере традиции, обычаи, которые несут в себе также определенные представления о жизни народа, страны, государства [1, с.11].

Что же касается исторической памяти, то это определенным образом сфокусированное сознание, которое отражает особую значимость и актуальность информации о прошлом в тесной связи с настоящим и будущим. Историческая память по сути дела является выражением процесса организации, сохранения и воспроизводства прошлого опыта народа, страны, государства для возможного его использования в деятельности людей или для возвращения его влияния в сферу общественного сознания.

По мнению корифея российской методологии истории, историографии и интеллектуальной истории Л.П. Репиной: «состав исторической памяти во многом зависит от субъективных и эмоциональных аспектов: сообщество вольно или невольно обращается к прошлому как источнику информации. Массовое сознание воспринимает прошлое эмоционально, ищет в нем подтверждение собственных ожиданий и предпочтений, с легкостью стирает границы между достоверной и вымышленной картинами событий. Социальная, или культурная, память указывает на неразрывную связь поколений, дает примеры опыта, который может быть использован в настоящем. В основе научного исторического сознания – признание различия между прошлым и настоящим, требование достоверности информации, на основании которой прошлое может быть восстановлено, постоянные сомнения относительно того, в какой степени исторические явления могут быть сопоставлены с фактами современной жизни. История как опыт социальной жизни, без которой современное общество не может осознать себя и определить пути развития, критически оценивается наукой с точки зрения способов и возможностей применения этого опыта» [2, с.174].

При таком подходе к исторической памяти хотелось бы обратить внимание на то, что историческая память не только актуализирована, но и избирательна – она нередко делает акценты на отдельные исторические события, игнорируя другие. Попытка выяснить, почему это происходит, позволяет утверждать, что актуализация и избирательность в первую очередь связаны со значимостью исторического знания и исторического опыта для современности, для происходящих в настоящее время событий и процессов и возможного их влияния на будущее. В этой ситуации историческая память нередко персонифицируется, и через оценку деятельности конкретных исторических личностей формируются впечатления, суждения, мнения о том, что же представляет особую ценность для сознания и поведения человека в данный период времени.

Историческая память, несмотря на определенную неполноту, обладает все же удивительной особенностью удерживать в сознании людей основные исторические события прошлого вплоть до превращения исторического знания в различные формы мировоззренческого восприятия прошлого опыта, его фиксации в легендах, сказках, преданиях [1, с.11].

И.М. Сеченов главную особенность памяти видел в том, что она, во-первых, оперирует преимущественно образами, т.е. «переработанной» информацией, во-вторых, обладает способностью к сортировке и упорядочению воспоминаний; в-третьих, регулирует их хранение (оперативная, долговременная память). Особую роль в функционировании памяти играет долговременная память, объем которой является фактически неограниченным, и которая включает сознательную и подсознательную область. Ее назначение – хранить информацию и обеспечивать доступ к данным. В отличие от кратковременной памяти долговременная содержит не эмпирические представления, а осмысленные сведения. Перемещение информации из кратковременной памяти в долговременную связано с запоминанием – «консолидацией следа» в памяти в результате неоднократного повторения и применения [3].

Отмеченные выше особенности функционирования памяти присущи не только отдельному человеку, но и обществу в целом. По мнению Л.П. Репиной, для формирования исторической памяти важны три процесса: 1) «забвение прошлого» (потеря возможности воспроизведения, а иногда даже узнавания ранее запомненного); 2) различные интерпретации фактов и событий; 3) актуализация (воспроизведение и узнавание) прошлого, связанная с текущими проблемами.

Работают и основные правила запоминания: чем глубже «переработка» и осмысление обществом исторических событий, тем лучше они запоминаются и дольше помнятся. Эту задачу выполняют наука и

искусство, реагируя на текущие события и перемещая их образы в «хранилище долговременной памяти» – документы [3].

Интересную интерпретацию исторической памяти дает в своих трудах французский социолог М. Хальбвакс, который рассматривает историческую память в двух ее проявлениях – коллективная и личная (индивидуальная) память. Коллективная память является, с точки зрения исследователя, залогом идентичности общества. Предлагая свою концепцию памяти, он исходит из того, что индивиду доступны два вида памяти – индивидуальная и коллективная. Используя дюркгеймовские «коллективные представления», Хальбвакс переносит рассмотрение памяти в окружающий индивида социальный контекст. С одной стороны, воспоминания человека вписываются в рамки его личной жизни, с другой – он способен вести себя как член группы, вызывая в памяти воспоминания, затрагивающие его группу. Эти две памяти часто проникают друг в друга, но не смешиваются. Индивидуальная и коллективная память развиваются по собственным законам. Первая может опереться на коллективную, когда необходимо уточнить какое-либо воспоминание. Если индивидуальные воспоминания попадают в коллективную память, они меняются и уже не являются сознанием личности.

Хальбвакс эти два типа памяти называет и по-другому: внутренняя, личная, автобиографическая и внешняя, социальная, историческая. Первая, безусловно, использует вторую, так как жизнь человека – это часть истории, вторая же – шире первой и более суха, и схематична. Чтобы уточнить разницу между двумя видами памяти, ученый обращается к феномену социального времени. «Наши жизни расположены на поверхности обществ, они повторяют их движение и испытывают на себе последствия их сотрясений. Но то или иное событие занимает свое место в ряду исторических фактов лишь через некоторое время после того, как оно происходит. Стало быть, мы можем привязать различные фазы нашей жизни к событиям национального масштаба лишь задним числом» [4, с. 144].

Согласно Мазуру, «основу исторической памяти и общества в целом, формирует та коммуникационная и информационная среда, в которой он находится: система образования, медийная среда, контролируемые в значительной степени идеологией и рынком. Основным актором, заинтересованным в контроле над исторической памятью, выступает власть, а в недавнем прошлом выступала еще и религия. В современном мире большое значение приобретает формируемое обществом «историческое пространство», представленное местами памяти, а также праздниками, годовщинами и другими механизмами актуализации и стимуляции исторической памяти» [3].

Таким образом, с одной стороны, под исторической памятью можно понимать способность субъекта сохранять воспоминания о пережитом опыте, который является необходимой основой для выработки исторического сознания. С другой стороны, это результат определенных смыслообразующих операций по упорядочению воспоминаний, осуществляемых в ходе формирования исторического сознания путем переработки пережитого опыта.

Определение историческому сознанию дает известный социолог Ю. Левада: «этим понятием охватывается все многообразие стихийно сложившихся или созданных наукой форм, в которых общество осознает (воспринимает и оценивает) свое прошлое, – точнее, в которых общество воспроизводит свое движение во времени».

Следовательно, историческое сознание может использоваться и в качестве исторической памяти, однако в целом это более широкое понятие, так как включает память как «стихийный» феномен и одновременно научно-историографические представления о прошлом. Историческое сознание предполагает наличие, по меньшей мере, элементов рефлексии относительно собственных представлений о прошлом [4, с.144].

Историзм мышления и действия, выполняя важные социальные функции, играет в жизни каждого человека, а, следовательно, и человеческого сообщества гораздо большую роль, чем это принято считать. Историческое сознание, выросшее на фундаменте знания и осмысления опыта прошлого, незримо, но повседневно сопутствует человеку, во многом, определяя и его мысли, и его поступки. Не только у каждого поколения, но в идеале у каждого конкретного человека должна быть своя история, свое понимание прошлого, которое помогает ему жить, формирует его жизненные координаты, мировоззрение, систему нравственных и духовных предпочтений, а также поведенческие принципы. Все это в совокупности способствует наиболее полному раскрытию индивидуальных возможностей, самореализации личности, определяет уровень и характер ее социального поведения.

Таким образом, историческое сознание не сводится лишь к исторической памяти, так как охватывает не только опыт прошлого. В этом своем качестве оно выступает как фундаментальная мировоззренческая характеристика культуры любой эпохи, потому что, во-первых, сама культура является продуктом

истории, а во-вторых, в силу того, что определенность всякой эпохи формируется одновременно с социальной практикой и складывающимся на ее основе историческим опытом.

Возникновение и развитие исторического сознания и его важной составляющей – исторической памяти – отражает связь времен в материальной и духовной культуре любой человеческой общности, обеспечивает историческую устойчивость носителя этой культуры.

Список использованной литературы:

1 Тоценко Ж.Т. *Историческое сознание и историческая память. Анализ современного состояния //Новая и новейшая история.* – 2000. - № 4. – С.3-14.

2 Репина Л.П. *История исторического знания: пособие для вузов //Л.П. Репина, В.В. Зверева, М.Ю. Парамонова.* – 2-е изд., – М.: ДРОФА, 2006. – 288 С.

3 Мазур Л.Н. *Образ прошлого: формирование исторической памяти [Электрон.ресурс].* – URL:<https://journals.urfu.ru/index.php/Izvestia2/article/view/1589>.

4 Путилова Е.Г. *Историческое сознание и историческая память: соотношение понятий на современном этапе //Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики.* – 2012. - № 10 (24). – Ч.II. – С.143-145.

МРНТИ17.09.09
003.333.3:81:39

Садықова Р. К.¹, Сулейменов П. М.², Мисбохиддин Н.³

¹ *филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан, e-mail: rsadykova327@gmail.com,*

² *саяси ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: spirimbek@mail.ru*

³ *филология ғылымдарының докторы, Тәжікстан Ұлттық университеті, Душанбе қ., Тәжікстан, e-mail: hasti70@mail.ru,*

АВЕСТА – ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бұл мақалада Иранның ең ежелгі ескерткіштерінің бірі –Авеста туралы мәліметтер беріледі. Авеста ескерткіші – ежелгі Иран жазба ескерткіші және зороастр дінінің қасиетті кітабы болып, бізге дейін қасиетті зороастризм діні мәтіндері арқылы жетті. Авестаның тексті негізінен 21 кітаптан тұрады және бұл мәтіндер 350 мың сөзден құралған. Ұзақ жылдар бойы Авеста тек ауызша таралып отырған. Сондай-ақ, Авеста тек қана Иранның емес, Орта Азияның көне тарихы және қазақ ғалымдарының киелі кітапқа қатысты зерттеулері бойынша нақты мәліметтер береді. Авеста кітабы толығымен айқын зерттелмесе де, Авестаның тарихы, зерттеулері, оның бөлімдері (Ясна, Висперад, Видепдат, Яшта, Кіші «Авеста») туралы айтылады.

Авеста – Орта Азия мен Ирандағы зороастризм діні туралы өте бай маңызды материал, салт-дәстүр, мәдениет пен тарихты осы күнге жеткізген киелі кітап жайында айтылады. Сондай-ақ, Авеста тек қана Иранның емес, Орта Азияның көне тарихы және қазақ ғалымдарының киелі кітапқа қатысты зерттеулері бойынша нақты мәліметтер береді.

Тірек сөздер: қолжазба, зерттеулер, дін, мәдени жәдігер, отқа табыну, бөлімдері

Sadykova R.K.¹, Suleimenov P.M.², Misbohiddini N.³

¹*candidate of Philology, Science Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty city, Kazakhstan, e-mail: rsadykova327@gmail.com*

²*Candidate of Political Science, Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty city, e-mail: spirimbek@mail.ru*

³*Dotor of Philology, Tajik National University, Tajikistan, Dushanbe city e-mail: hasti70@mail.ru*

EXPLORATION OF THE AVESTA MONUMENT

The article analyses Avesta, the one of the most ancient monuments of Iran. Avesta is an ancient Iranian written monument that reached us through religious texts. The text of Avesta consists of 21 books and 350000 words. For many years Avesta existed only orally. In addition, Avesta provides accurate information about the ancient history of Central Asia, and not only about Iran, as well as studies of Kazakh scientists about this sacred book. By the present time, Avesta has been preserved in the following books: Jasna, Visperad, Videpat, Yashta, Malaya Avesta. Avesta – an important material of Zoroastrianism religion in Asia and Iran, traditions and customs, culture and history from ancient to nowadays were spoken in that saint book. Also Avesta is not only an ancient history of Iran, also Middle Asia and gives accurate information about investigations of Saint Book of Kazakh scientists.

Key words: manuscript, research, religion, cultural heritage, chapters

Садыкова Р. К.¹, Сулейменов П. М.², Мисбохиддин Н.³

¹ кандидат филологических наук, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан, e-mail: rsadykova327@gmail.com

² кандидат политических наук, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: spirimbek@mail.ru

³ доктор филологических наук, Таджикский национальный университет, г. Душанбе, Таджикистан, e-mail: hasti70@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ПАМЯТНИКА АВЕСТЕ

В статье рассматривается один из самых древних памятников Ирана - Авеста. Авеста – древнеиранский письменный памятник, который дошел до нас через религиозные тексты. Текст Авеста состоит из 21 книги и из 350 000 слов. В течение многих лет Авеста существовал только в устной форме. Кроме того, Авеста представляет собой точную информацию о древней истории Центральной Азии, а не только об Иране, а также исследования казахских ученых об этой священной книге. К настоящему времени Авеста сохранилась в составе следующих книг: Ясна, Висперад, Видепат, Яшта, Малая «Авеста».

Авеста является очень богатым важным материалом о религии зороастризм, о традициях и обычаях, о священной книге, которая донесла культуру и историю до наших дней. Также, Авеста древняя история не только Ирана, но и Средней Азии и дает точную информацию об исследованиях священной книги казахских ученых.

Ключевые слова: рукопись, исследование, религия, культурное наследие, поклонение огню, главы.

Авеста – бұрынғы Орталық Азия, Иран, Азербайжан, Ауғанстан мекенінде кең жайылған Заратуштра ілімінің қасиетті жазбаларының ескерткіші болып табылады. Зороастризм – Заратуштра негізін салған ең көне діни және философиялық ілім. Заратуштрашылдық – отқа табыну дінінің есімі, оның бастаушысы Заратуштра атына байланысты қойылған. Бұл дін – Заратуштра пайғамбардың насихаттық қасиетті кітабы – «Авеста». Авестада айтылған Ахура Мазда ұғымы кеңінен беріледі. Кейде бұл дінді Маздалық дін деп те атайды. Осыдан 3000 жыл бұрын Орта Азияда пайда болып, кейін Иран, Ауғанстан, Үндістан, Ирак, Таяу Шығыс елдері аумағына таралған.

Авеста зороастризм дінінің ең маңызды кітаптарының бірі болып, Иран жерінде Аршак дәуірінен басталған және әсіресе Сасанидтер кезінде бірнеше діни реформалар барысында қалыптасқан қағида болып табылады. Бұл қасиетті кітап мәтіні ежелгі парсы тілінен басқа және бірқатар белгілері бойынша неғұрлым кейінгі шығыс иран (соғды, хорезм, сақ және т. б.) тілдеріне туыс көне иран тілінде жазылған. Шынығында осыдан 1000 жыл бойы ауызша беріліп келген Авеста мәтіні, Сасанидтер кезінде қалыптасқан парсы (арамей әліпбиі негізінде) әліпбиімен, содан соң соның негізінде жасалған фонетикалық жазбамен тұңғыш рет бір ізге салынған болса керек.

Иранның өте ертедегі маңызды ескерткіші болып табылатын жәдігер, біздің кезімізге дейін қасиетті зороастризм діні мәтіндері арқылы жетті. Араб шапқыншылығына дейін (VII ғ.) зороастризм Иран өкіметінің діні болған. Арабтар жаулағаннан кейін Иранда зороастризм дінін ұстайтындарды қуғынға ұшыратып, соңына түскеннен кейін, зоратуштрашылар тұрғылықты мекендерін тастап кетуге мәжбүр

болды. Ираннан шыққан зороастристердің көпшілігі бүгінге дейін бұрынғы діни сенімдерін сақтаған және олардың көп бөлігін Үнді елінде кездестіруге болады. Олардың бір бөлігі қазіргі кезде Иранның қалалары Иязд, Керман, Тегеран, Ширазда тұрады. Зороастристерді Иранда «Гебрлер» деп атайды.

Парсылар ертедегі дін-сенімімен бірге қасиетті жазба Авестаны ұмытпай сақтап келеді. Ертедегі араб, грек, сирия, армян елдерінің авторлардың жинақтарының ішінен Иранда қасиетті Авеста кітабының болғаны жайында мәліметтер бар. Иран тілдес халықтар арасында ұлы ақын Фирдоусидің әдеби өңдеуімен (X-XII ғғ.) жазылған эпопеясында да Авеста туралы жазылған.

Зороастризм діні адамдарды пәктікке, шыншылдыққа, тырысуға және жамандықтан арылуға шақырды. Ұзақ өткен ғасырларда Заратуштараның өмірі белгісіз болды. Кейбір тарихшылардың пікірінше, оны Ирандағы Рей немесе Азербайжанның адамы деп білген.

Ерте замандарда Орта Азия мен Иран халықтарының поэзиясының шығармашылығы бір бастаудан өріс алған. Бұлар үшін барлық даналықтың басы – “Авеста”. Бұл кітаптың ішіндегі көптеген тараулар, жазбалар кейінгі ғасырлардағы парсы-тәжік поэзиясының өріс алуының негізі болған. Авеста өзінің алғашқы беттерінен бастап-ақ адам мен табиғатты жырлайды. Әсіресе, суды ерекше құрметтеп, бағалайды. Шығыста суды қадірлеу, құрметтеу әлі күнге дейін өзінің мәнін жоғалтпаған. Осы орайда қазақтарда “Судың да сұрауы бар” – деген даналық сөзі еске түседі. “Авестада” екі нәрсе бар: жамандық пен жақсылықтың күресі, зұлымдық пен игіліктің күресі. Соның бәрінде де жақсылық, игілік иесі адам жеңіп отыруға тиіс. Пенде баласы дүниеге келгеннен бастап, өмірінің ақырына дейін қолынан келгенше жақсылық етуге тиіс. Жаңа туған нәресте де жақсылықтың нышаны дейді. Аталмыш кітапта, бала – бақыттың қайнар бұлағы. “Авестада” айқын айтылатын тағы бір жай:

1) Жер өңдеу және нан. “Кім жерге дән сепсе, сол жан себеді”-деген даналық сөздер қасиетті “Авеста” кітабында. Нанды қадірлеп, аяқ асты етпеу осы даналық кітабынан басталған. Қазақ даналығында «нан қоқымын шашпау» ұғымы баяғыдан бар.

2) Сүт жайында. Егер әкеле жатқан сүттің бір жерге төгіліп қалса, сол жерді мұқият күреп алып, өзеннің таза суымен ағызып жіберейді: сүт Шығыста ерекше тағам ғана емес, киелі, қасиетті тағам ретінде пайдаланылған. Төл танымымызда «Елді қу бұзады, сүтті су бұзады», «Сүт – сүйек өсіреді» деген мақал-мәтелдердің қолданылуы бекер емес.

3) Темірге ерекше мән берген. Мысалы, егіншілер егін даласына шығар алдында ұстахана арқылы өтіп, ұстаның көрігіне маңдайын тигізіп, сүт жалатқан, сонда ғана біздің ісіміз оңға басады деп ойлаған. “Авеста” кітабы бойынша, темірге табыну айрықша орынға ие болғанға ұқсайды. Сонау Хұн және Сақ дәуірінен жеткен, Берел қорғанынан табылған алтын адам, мыс айна, гаухар сырғалардың жасалу технологиясы қазіргіден кем еместігі ғалымдарды таңдандырып отыр.

Теміршілікті зерттеген Л.Н.Гумилевтің: “Түріктер әлемдік тарих сахнасында Орталық Азияда алғаш рет темірді өнеркәсіптік жолмен игерген халықтың бірі болған”, – деуі бекер емес. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың “Ұлы даланың жеті қыры” мақаласында да айтылады [1].

Авестаның құрамы туралы оның қағида текстінің мазмұны жөніндегі ұғым түсінікті орта парсы тілдерінде жазылған, Заратуштра деректері береді. IX ғасырда жазылған дін ілімі жөніндегі «Денкард» энциклопедия сипаттас кітабында Авеста шығармалары, 21 кітаптан тұратыны туралы мәлімет бар. Оның бізге тек қана 4/1 бөлігі жетіп отыр. Әрбір кітапты «наск» деп атаған.

Заратуштрашылдық ізгілік пен қараңғылықты бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, дүниедегі барлық үрдістерді осы «мәңгілік екі бастаудың» күресімен байланыстырады. Бір ғана Жаратушы Ие – Ахура Маздаға сиынуды уағыздайды. Оттың адам баласының бойын тазартудағы рөлін жоғары бағалайды [2].

Заратуштрашылдықтың пайда болуы жайында ғылым саласында екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі заратуштрашылдық Батыс Иранда, алдымен Мидияда пайда болып, оны парсылар қабылдаған. Осыдан парсылардан жалпы шығысқа таратылған. Содан кейін аталмыш көзқарастар “Авеста” мен Заратуштрашылдықтың пайда болуының “батыстық” немесе “мидиялық” теориясы деп аталады. Мұндағы екі қарсы көзқарас Заратуштрашылдық пен “Авестаның” пайда болуының “шығыстық” немесе “бактриялық” теориясы. Бұл теория бойынша, Заратуштрашылдық Бактрияда пайда болып, кейін батысқа, Мидия мен Парсы еліне таралған. “Авестадағы” деректер, діни-мифологиялық сюжеттер ондағы жырлардың Орта Азияда дүниеге келгенін айғақтайды [3].

Тамыры сонау ежелгі замандардан бастау алатын Қазақ елі әр дәуірде де ұлы оқиғалар мен жаңалықтардың ортасында болып, әлем, адамзат тарихының даму кезеңдерін бастан өткерді. Тарихи сананың ұлттық тарихымызды танып-білуде маңызды орын алатынын ескерсек, бұл ретте археологиялық ғылымдарымызға жүктелген міндеттер жеңіл болмасы анық. Еліміз егемендік алған жылдардан бастап тарихымыздың көптеген ақтандақ беттері ашылып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бастады.

Соның ішінде Жетісу өңірі ерте темір кезеңінің басты көрсеткіші болып табылатын археологиялық ескерткіштерінің хронологиялық диапазонының кеңдігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, сақ дүниесі шеңберінде болған тығыз мәдени- шаруашылық байланыстар археологиялық материалдардан да анық көрініс береді. Осы ретте қорғандардың архитектуралық құрылысын, ондағы табылған олжаларды зерттеу мен топтау мәдени-тарихи кезеңдерді түйіндеуге және осы мәдениетті жасаған сақ тайпаларының даму деңгейін саралауға мүмкіндік туғызады. Бірақ та бұл археологиялық ескерткіштердің барлығы да осы уақытқа дейін өз қалпында жетпегенін ескергеннің өзінде әлі де талай ғылыми құнды жаңалықтар өз ашылуын күтуде.

Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырлардағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айту бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар, бейнелер, өз замандарынан көп бұрын болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, оқиғаларды айтып кеткен.

Қазақстанның өткендегісін ғылыми зерттеуде І Петрдің көне мұраларға ұқыпты қарауға, оларды суреттеу мен жинауға әмір берген жарлықтары, сондай-ақ оның бастамасы бойынша Сібірді және Ресейге жапсарлас жатқан Қазақстан жерін зерттеу мақсатымен қолданылған шаралар маңызды рөл атқарды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласындағы көне ескерткіштерге, табылған олжаларға Ресей ғалымдары тарапынан қызығушылық арта түсті. Құрамына Сырдария мен Жетісу облыстары кірген Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына байланысты осы өлкенің тарихына түпкілікті ден қойыла бастады. Ең алғаш рет Ш.Ш. Уәлиханов, Н.Н.Пантусов Жетісу өлкесінің археологиялық ескерткіштері мен тарихы туралы құнды мәліметтер берді. 1893-1894 жылдары белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд Шу мен Талас алқабының, Ыстықкөл қазаншұңқыры мен Іле алқабының ескерткіштері жайында “Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью” атты еңбегінде атап өтеді. Тіпті осы іссапарында Сынцзяннан келген белгісіз көпестің тапсырысымен қорғандардан құнды жәдігерлерді тонаумен айналысатын топтардың іс- әрекеті жайлы да жазып кетеді (Акишев. А. 1990, с. 144-145).

Жетісу жеріндегі сақ ескерткіштерінің зерттелуін өз алдына үш кезеңге бөліп қарастырамыз:

Бірінші кезеңде өткен ғасырдың 30 жылдарынан бастап Қазақстан территориясында бірқатар археологиялық экспедициялар зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Соның ішінде Материалдық мәдениет тарихы институты (КСРО ҒА ММТИ) мен Ғылым академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырған А.Н.Бернштам басшылық еткен Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігіндегі экспедициялар белсенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізді. А.Н.Бернштам Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың отырықшы мәдениетін және көшпелі тайпаларының мәдени дәстүрлерінің ерекшелігі мен өзгешелігін анықтай отырып, көршілес аймақтар мен аудандардың тайпаларымен тығыз байланыста дамығандығын анықтап, ескерткіштердің даму кезеңдемесін ұсынды (Бернштам А.Н.1949). Осындай іргелі мәселелердің маңыздылығын ашып көрсетуде ғалым Алматы маңындағы Қарғалы, Талас аңғарындағы Кеңкөл обалары, Үлкен Шу каналы бойында жүргізген ғылыми ізденістерінің нәтижесінде қол жеткізді (Степная полоса Азиатской части СССР в скифо- сарматское время. 1992, с.73-75).

Ал екінші кезеңде, Жетісудың ерте көшпелілер археологиясын зерттеуге К.А.Акишев, Е.И.Агеева, Г.А.Кушаев, И.И.Копылов, А.Г.Максимова, А.К.Акишев, Б.Н.Нұрмұхамбетов сүбелі үлес қосқан ғалымдар болып табылады. 1954 жылдан бастап Тарих, археология, этнография институты Қапшағай ГЭС-інің құрылыс жұмыстарына байланысты К. А. Ақышевтың басшылығымен Іле археологиялық экспедициясын ұйымдастырады. Соның нәтижесінде Жетісудың сақ- үйсін ескерткіштерін алғаш рет ашып талдаған К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаев 1954, 1957-1960 жылдары Іле аңғарында жүргізген зерттеулері негізінде сақ-үйсін қоғамы, шаруашылығы және діни наным-сенімдерінің әр тарихи кезеңдегі дамуын ғылыми еңбек етіп жазды (Акишев К. А. , Кушаев Г. А. 1963).

Бұл кезеңнің басты ерекшелігі сонда ХХ ғасырдың 50 жылдарынан басталған ғылыми зерттеу жұмыстары барысында Жетісудың көне тарихының көптеген қалтарыс тұстары ашылып, сақ дәуірі ескерткіштерін зерттеудің өлшеуші үлгісі іспеттес ескерткіштердің тізбесі ғылыми айналымға енгізілді. Әсіресе, “Есік” қорғанынан Алтын адамның табылуы еліміздің тарихында әлемдік маңызы бар оқиға болды. Бұл қорғаннан табылған жәдігерлер сақтардың мәдениетін, өнерін, шаруашылығын т.б. факторларды зерттеуде басты құрал болып табылды (Акишев К. А. 1978). К.А. Ақышевтың Жетісудың ерте темір дәуірі мәдениетін зерттеуге қосқан үлесі өз алдына маңызды мәселе болып табылатыны осыдан анық көрінсе керек. Ал келесі бір үлкен еңбегінде сақ тайпаларының дүниетанымы, рухани мәдениеті мен әскери теократиялық идеологиясын жоғары дәрежеде сипаттап берді (Акишев К. А. 1984, с. 66-119).

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы зерттеулерді үшінші кезеңге жатқызамыз. Мұнда атап өтерлік басты мәселе тарихымыздың ұлттық мүдде тұрғысынан жазылуында. Үстірт зерттелген бірқатар археологиялық нысандарда ғылыми зерттеу жұмыстарын К.М.Байпақов, Б.Н. Нұрмұхамбетов, Ф.П.Григорьев, Ю.А.Мотов, З.С.Самашев сынды т.б. ғалымдар жалғастыруда. Олардан арасында аса танымал - Есік, Алматы, Талғар, Новоалексеевка, Қоғалы, Боралдай, Ұлжан, Түрген, Шелек, Кеген, Жеті-төбе, Үштөбе, Берікқара қорымдары белгілі болып отыр (Самашев З. С., Нурпеисов М. М., Бесетаев Б.Б. 2007, с.5-6).

А.Х. Марғұлан атындағы археология институты 2009 жылы Алматы облысының Мәдениет департаментімен «Солтүстік-Шығыс Жетісудің ежелгі мәдениет ескерткіштерін зерттеу» тақырыбы аясында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізілді.

Ерте темір дәуіріндегі ескерткіштер мен мәдениеттер де тәуелсіздік жылдарында Қазақстан археологтарының үнемі назарында болды. Әсіресе, қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өтетін кез ескерткіштерін қарастырудың маңызы артты. Бұл бағытта бірқатар археологтар нәтижелі еңбек етті. Сақ

және үйсін, кангюй, сармат, ғұн заманындағы біршама ескерткіштер зерттелінді. Іле Алатауындағы сақ және үйсін қоныстары қазылып, кейбір ескерткіштер (Түзусай, Цыганка, Талғар-3) жайлы толымды мағлұмат алынды. Мұндағы зерттеулер американдық «Sweet Briar» колледжі мамандарымен бірге жүргізілді (жетекшілері К.М.Байпақов, К.Чанг). Нәтижесінде осы өңірдегі сақтардың отырықшы болғандығы, егіншілікпен айналысып, суландыру жүйелерін пайдаланғандығы анықталды.

Жетісу өлкесінің сақ мәдениетін хронологиялық кезеңдемелерге бөлу мәселесінде ерте сақ кезеңіне жататын ескерткіштерін әлі де түпкілікті зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, Қарғалы I және Алтынемел II, Жуантөбе қорымдарының б.з.б. VIII-VII ғғ. сипатталып, қола ғасырынан сақ дәуіріне ұласатын өтпелі кезеңге жататындығын әлі де нақтылай түсіп, сол сияқты Біже, Жалаулы көмбелерінің жәдігерлерді ғылыми тұрғыдан өз орнын анықтау қажет. Сол сияқты кездейсоқ олжалар мен көмбелерден табылған қола қазандар, құрбандық ыдыстары және шырағандар жинағының тек фотоальбом беттерінде жарық көргенін ескерсек, бұл жәдігерлердің ғылыми сараптамасын алмағанын көрсетеді (Жетісу энциклопедиясы. 2004, б. 35-38).

Үйсін дәуіріне қарасты алғашқы бірнеше обаны XIX ғасырдың ортасында В.В.Радлов қазіргі Алматы облысы аумағынан зерттеген. 1920 жылы М.В.Воеводский мен М.П.Грязнов Қырғызстанның солтүстігінде зерттеулер жүргізіп, обалардың сипатын іс жүзінде нақтылады.

1930 жылы А.Н. Бернштамның, 1950 жылы Г.А. Кушаевтың зерттеулері барысында көне үйсіндер мәдениетіне жататын обалардың үлкен шоғыры ашылып, жерлеу ғұрпының, заттық мәдениеттің басты белгілері анықталды және алғашқы ғылыми-теория қорытындылар дүниеге келді. Е.А.Агеева, А.Г.Максимова, Л.Я.Маловицкая жүргізген жұмыстар нәтижесінде құнды деректер алынды. Үйсін дәуірінің ескерткіштерін талдап қорытындылау, ғылыми тұжырымдар ұсыну ісінде аса көрнекті сақ-үйсін зерттеушісі К.Ақышев еңбектерінің айрықша маңызы бар. Жалпы алғанда Үйсін дәуірінің ескерткіштерінің жерлеу үрдісі, шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі, діни наным-сенімдерінен мол деректер беретін ескерткіштердің ең көп зерттелген түріне обалар жатады. Сонымен қатар қыстақ-қоныстар, қалалық отырықшы орындар тәрізді ескерткіштер де көптеп кездеседі.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы Үйсін археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі. Тәуелсіздік жылдары Жетісу жерінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген үйсіндердің археологиясына, ескерткіштерінің зерттелу тарихына қатысты. 1990-1998 жылдары Ә.Т.Төлеубаевтың жетекшілігімен ҚазМУ-дың ерте көшпенділерді зерттейтін. Сонымен Ә.Т.Төлеубаев Тарбағатайдың терістік баурайынан ашып зерттеген. Түрген-II археологиялық кешені Түрген шатқалдарында Түрген ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай. Бұл қорымның пайда болуы көне үйсін тайпасының Жетісу таулы Бұтақты-I археологиялық кешені Алматы қаласының оңтүстік-шығыс шет жағында, 1996 жылы шаруашылық-құрылыс жүргізілуінің барысында Жарбұлақ өзенінің оң Ерте темір ғасырының Бұтақты-I археологиялық кешенінде моланың екінші стратиграфиялық Жерлеу орындарының хронологиясын үзік-үзік мәліметтермен анықтау қиынға түсті. Заттық материалдың 2008 жылы далалық маусымда Бұтақты-I археологиялық кешеніндегі зерттеулер жалғастырылды. 1994-2005 жылдары Іле Алатауы өңірінен үйсіндердің ондаған қоныстары анықталған. Қоныстарға жалпылама сипаттама беріп өтсек Сарытоғай (Шарын) қонысы Алматы облысының Кеген ауданында, Алғабас ауылынан оңтүстік-батысқа қарай Алматы облысының Талғар ауданындағы бір топ қоныстар үш кешеннен. 1994 жылы Талғар шағын ауданының сақ және үйсін. 1999 жылы Алматы қаласынан шығысқа қарай 20 км жерде, Талғар қаласынан 7 км жерде Орман шатқалындағы қоныс Орман-1 қонысы Талғар қаласынан шығысқа қарай 5 км қашықтықта, Осы экспедицияның негізінде сақ-үйсін кезеңіне жататын қоныстардан табылған керамикалық Түзусай -3, Серектас -1, Шарын , Өсербай-1, Цыганка. Осы жылдары үйсіндердің қоныстарының көп шоғыры Алматы аумағында да, Зерттелген қоныстарды сипаттап өтсек. Бұтақты-1 қонысы Көктөбе тауының беткейінде қарастырылып отырған ерте темір ғасыры қонысының көне қабаты қазіргі қоныстан аршылып алынған құрал-жабдықтар тастан жасалған еңбек құралдары. Келесі қонысымыз Боралдай қонысы. Ол Боралдай қорымы орналасқан жотаның қазіргі уақытта қоныс аумағында қарқынды құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Тәуелсіздік жылдары үйсін археологиялық ескерткіштері қарқынды зерттелді.

Сонымен қатар А.Х. Марғұлан атындағы археология институты 2010-2015 жж археологиялық зерттеулер жүргізді.

Қазіргі таңда археологиялық деректер негізінде жүргізіліп жатқан археологиялық ізденістер кеңейіп келеді, кешенді зерттеулер жүріп жатыр.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметов Б.Б. Жетісу сақтары ескерткіштерінің зерттелу тарихы // Ғылым Ордасы. Алматы, 15 маусым 2015
2. Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/337mhyt>
© e-history.kz
3. Жетісу энциклопедиясы. А., 2004.
4. Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері. // Әл-Фраби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 1999.- №12.
5. Садуақасұлы А., Железняков Б.А. История изучения памятников археологии Жамбылского района. // Древности Жетысу. Памятники археологии Жамбылского района. – Алматы, 2016
6. Бейсенов А.З., Дүйсенбай Д.Б., Китов Е.П., Кулькова М.А. Исследование сакских курганов в урочище Каспан в Жетысу. // Теория и практика археологических исследований, - 2018. № 3 (23).

ӘОЖ: 903.57(574.54)

ГРНТИ 03.41.01

¹Шағирбаев М.С., ²Утубаев Ж.Р.

¹Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. КҒК, Қазақстан. Алматы қ.,
E-mail: tambet__87@mail.ru

²Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. АҒК, Қазақстан. Алматы қ.,
E-mail: utubaev_z@mail.ru

**БӘБИШ МОЛА ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ
САНДЫҚ ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ**

(2018 жылы табылған материалдар негізінде)

Аңдатпа

Бәбіш-мола – айнала пахсадан жасалған ірге тастың үстіне қам кірпіштен қаланған бекініс қабырғасы бар (қалыңдығы 5,3 м), ірі қала болып табылады. 2018 жылы Бәбіш Мола 1 қаласындағы цитаделдің орталық бөлігіндегі ғимаратқа қазба жұмыстары басталды. Қазба негізінен дәстүрлі түрде Жаңадария аңғарындағы «облыс билеушісінің сарайы» саналатын монументальды ғимараттың солтүстік-батыс бөлігіне салынды. Қазбаның жалпы көлемі 128 шаршы. Қазба барысында 144 дана жануар сүйектер табылып, зерттелді. Археозоологиялық талдау барысында 6 жануар түрі анықталып, олардың биометриялық сипаттамасы жасалды. Биометриялық зерттеу әдістері негізінде бірдей сүйектердің өлшемдеріндегі ауытқушылық диапазондары (Lim), ортақ квадраттық мөлшері (M), орташа квадраттық ауытқу мөлшері (σ) және ортақ арифметикалық қателіктері анықтады.

Кілт сөздер: Археология, Бәбіш-мола, остеология, морфометрия, тафономия, мал шаруашылығы, аңшылық, ғұрып.

¹Шағирбаев М.С., ²Утубаев Ж.Р.

¹Институт археологии имени А.Х. Марғұлана. МНС. Казахстан. г. Алматы.,
E-mail: tambet__87@mail.ru

²Институт археологии имени А.Х. Марғұлана. СНС. Казахстан. г. Алматы.,
E-mail: utubaev_z@mail.ru

**МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ И КОЛИЧЕСТВЕННЫЙ СОСТАВ ОСТЕОЛОГИЧЕСКИХ
МАТЕРИАЛОВ ГОРОДИЩЕ БАБИШ МОЛА**

(по материалам 2018 года)

Аннотация

Бабиш-мулла – крупное городище неправильных очертаний, окруженное крепостной стеной (толщиной 5,3 м), возведенной из сырцового кирпича на пахсовом цоколе. 2018 году была начата раскопки центрального здания на цитадели городища Бабиш-Мулла 1. Раскоп был заложен в северо-западной части монументального здания которое традиционно считается Дворцом правителя области в бассейне Жаны-дарьи. Общая площадь раскопа – 128 кв. В ходе раскопок было найдено 144 экземпляров костей животных. В результате археозоологического анализа выявлено 6 видов животных, а также

сделано их биометрические измерения. По методике биометрических исследований костей выявлен диапазон колебаний размеров у одинаковых костей (Lim), средняя арифметическая величина (M), средняя арифметическая ошибка (σ).

Ключевые слова: Археология, Бабиш-мола, остеология, морфометрия, тафономия, скотоводства, охота, культ.

¹Shagirbaev M.S., ²Utubaev J.R.

¹Institute of Archeology named after A.Kh. Margulana. Junior Researcher. Kazakhstan. Almaty.,
E-mail: mambet_87@mail.ru

²Institute of Archeology named after A.Kh. Margulana. Senior Researcher. Kazakhstan. Almaty.,
E-mail: utubaev_z@mail.ru

MORPHOLOGICAL AND QUANTITATIVE COMPOSITION OF OSTEOLOGICAL MATERIALS BABISH MOLA CITY

(based on 2018 materials)

Abstract

Babish-mulla - a large fortification of irregular shape, surrounded by a fortress wall (5.3 m thick), built of adobe bricks on a fleece basement. In 2018, excavations of the central building on the citadel of the Babish-Mulla 1 settlement were started. The excavation was laid in the northwestern part of the monumental building, which is traditionally considered the Palace of the governor of the region in the Zhany-Darya basin. The total area of the excavation is 128 square meters. During the excavation, 144 specimens of animal bones were found. As a result of archeozoological analysis, 6 species of animals were identified, and their biometric measurements were made. By the method of biometric studies of bones, a range of size fluctuations of the same bones (Lim), arithmetic mean value (M), arithmetic mean error (σ) were revealed.

Key words: Archeology, Babish Mol, osteology, morphometry, taphonomy, cattle breeding, hunting, cult.

2018 жылы Бәбіш Мола 1 қаласындағы цитаделдің орталық бөлігіндегі ғимаратқа (Сурет 1-2) жүргізілген қазба жұмыстары барысында 144 дана жануар сүйегі (33 бас) шыққан (Кесте 1). Сүйектердің сақталу жағдайы әртүрлі. Кейбіреулері диагенездік (ылғал және ауа алмасудың) әсерден біршама ыдырап, ұсақталып, үгулге ұшыраған. Визуальды сипатында – барлық остеологиялық материалдардың бөлшектену үдерісі бірдей. Материалдардың арасында отта күйген сүйектер кездеседі.

Сүйек материалдарды сипаттау стандартты зерттеу тәсілдері негізінде жүргізілді. Сүйектер қаңқа элементтерінің түріне, жануар түріне және бөлшектену ерекшелігіне қарай ажыратылды. Бөлшектенуіне қарап үш топқа топталды: бүтін, шартты түрде бүтін және сынық (фрагмент). Шартты түрде бүтін сүйектерге жататындар: метаподия, зейгоподия және стилоподиялардың проксимальды және дистальды бөліктері, жамбас пен жауырынның буынмен жалғасқан бөліктері және т.б.

Сүйектерге морфометриялық талдау жасауда, оның ішінде ірі қара және қойға тиесілі сүйектер А.Дриштің тәсілі бойынша [1, Р. 136], ірі қара, жылқы және қой акроподияларының саггитальды ұзындықтары В. Эйзенманның тәсілі бойынша анықталды [2, Р. 75-103]. Сүйек материалдар негізінен төрт бөлікте топталды:

Бірінші, «бас сүйек» - мүйіз, бас сүйек және төменгі жақ сүйек (премоляр және моляр тістері және т.б.);

Екінші, «тұлға» - омыртқалар, қабырғалар, төс сүйектері;

Үшінші, «аяқтың проксимальды бөлігі» - жауырын, тоқпан жілік, асықты жілік, шынтақ сүйек, кәрі жілік, жамбас және т.б.

Төртінші, «аяқтың дистальды бөлігі» - автоподия, базиподия, акроподия (сирақ, буын сүйектері, топай, толарсақ және тұяқ).

Қаңқа бөліктеріндегі сүйектердің мөлшері екі түрлі тәжірибенің негізінде түсіндіріледі. Бірінші – әрбір қаңқа бөлігінде сүйектердің саны және осы бөліктердегі еттің мөлшері. Бізде анықталған сүйектердің басым бөлігі кеуде сүйектері (омыртқа, қабырға, жамбас), стилоподия (тоқпан жілік, сан жілік) және зейгоподия (асықты жілік, кәрі жілік) және базиподияға (асықтар, аралық сүйектер) тиесілі. Остеологиялық материалдар табылған нысанында қолданылған ет мөлшерінің басым бөлігін сүйектердің проксимальды бөлігі, одан кейінгі орында кеуде бөлігі, үшінші бас сүйек бөлігі және соңғы орында сүйектердің дистальды бөлігі (сирақ бөліктері) құрайды.

Тафономиялық талдау. Остеологиялық материалдардың басым бөлігінің сақталуы бір типке жатады. Отта күйгендері жоғарғы қабаттан табылған сүйектерде кездеседі. Оның ішінде қойдың жауырыны және тоқпан жіліктің басы (2 дана). Жыртқыш аңдардың тісінің ізі түскен сүйектер кездеспейді. Сүйектердің бөлшектену тәсілдері әртүрлі. Ірі сүйектер, оның ішінде жылқының төменгі жақ сүйектері ортасынан бөлшектенген, тістері қағылмаған. Ұсақ жануарлардың жақтары бүтін және тістері сақталған. Бірақ, төменгі жақ сүйектердің барлығы да орталық жігі арқылы ажыратылған. Қабырғалар кейде бүтін күйінде де кездеседі, көп жағдайда бөлшектенген. Сүтқоректі жануарларға тиесілі барлық сүйектер (түлкіге тиесілі сүйекті қоспағанда) тағамдық мақсатта қолданылған. Бөлшектену индекстері (сүйектердің ыдысқа сыйымдылығы) 10x10x10 см-ден 30x30x30 см-ге дейінгі аралықта ауытқиды. Үй жануарларының арасында түлкі сүйегінің кездесуін нақты айту қиын. Кездейсоқ немесе аңшылық кәсіптің әсерінен қалуы да ықтимал. Құстың сүйегі нақты қандай түрге жататыны анықталу үстінде. Біздің ойымызша жеке сүйек ретінде жабайы құс болуы жоққа шығармайды. Егер үй құс болып, тағам ретінде пайдаланылса, басқа сүйектері кездесетіні анық. Сүйек материалдар негізінде жануар түрлеріне талдау барысында, тағам рационасында етті көп пайдаланғанын көреміз. Табынның негізін ешкі және қой құраса, екінші орында ірі қара, одан кейінгі орында жылқы, соңғы орындарда түлкі және құсты айта аламыз. Ірі қара малды етті-сүтті бағытта да пайданған. Үй малдарының ішінде уақ мал, оның ішінде ешкінің көп кездесуі қызық жағдай болып отыр. Сүйек материалдардың құрамы көрсетіп отырғандай, жылқы шаруашылығы аса қатты дамымаған секілді.

Бәбіш Мола-1. Үлкен үйдің солтүстік-батысынан жалпы саны 42 дана жануар сүйегі табылған. Оның ішінде ірі қараға – 5 (2 бас); жылқыға – 8 (1 бас); ешкіге – 29 (5 бас) дана сүйек тиесілі.

Бәбіш Мола-8. Жоғарғы қабаттан жалпы саны 70 дана жануар сүйегі табылған. Оның ішінде ірі қараға – 13 (2 бас), қойға – 24 (5 бас), ешкіге – 31 (7 бас), жылқыға – 1 (1 бас) және құсқа – 1 (1 бас) дана сүйек тиесілі.

Бәбіш Мола-1. Үлкен үйдің солтүстік-батысында, жоғарғы қабаттан жалпы саны 32 дана жануар сүйегі табылған. Оның ішінде ірі қараға – 6 (1 бас), қойға – 8 (1 бас), ешкіге – 17 (6 бас) және түлкіге – 1 (1 бас) дана сүйек тиесілі.

Жануар түрі	Сүйектер саны	Сүйектер саны (%)
Ешкі – <i>Capra</i>	68/13	47,2
Қой – <i>Ovis</i>	41/11	28,4
Ірі қара – <i>Bos taurus</i>	24/5	16,6
Жылқы – <i>Equus caballus</i>	9/2	6,2
Құс – <i>Aves</i>	1/1	0,6
Түлкі – <i>Vulpes</i>	1/1	0,6
Жалпы	144	100

Кесте 1. Жануар сүйектерінің сандық құрамы

Ешкі. 2018 жылы жүргізілген қазба барысында табылған 144 дана жануар сүйегінің ішінде 68 данасы ешкіге тиесілі (Кесте 2). Бәбіш Мола қаласына 2006-2017 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулер барысында, жалпы 43 дана ешкі сүйегі анықталған. Шартты түрде «Үлкен үй» деп алынған цитадельдегі құрылыстан ешкі сүйегінің көп табылуы, қандай да бір ғұрыптық мақсатта пайдаланғанын көрсететін секілді. Әзірге бір жылдың зерттеулеріне сүйеніп, ешкімен байланысты ғұрыптық жосындар туралы айтуға материалдар кешені жеткіліксіз. Ешкі сүйектерінің барлық элементтерінің кездесуіне қарап, аталған жануарды ескерткіш маңайында сойып, пайдаланған деуге толық негіз бар. Ешкі сүйектерінің ішінде, қаңқа бөліктерінің қатынасы бойынша тістері, кеуде бөліктері мен аяқтың төменгі бөліктері көп кездесіп отыр.

Сүйек түрлері	Атаулары	Сүйек саны
Мүйіз	cornibus	1
Бас сүйек	cranium	3
Жоғарғы жақ сүйек	maxilla	2
Төменгі жақ сүйек	mandibular	2
Азу тіс	dentes molares	11
Омыртқа	vertebra	12
Жауырын	scapula	1

Тоқпан жілік	humerus	5
Ортан жілік	femur	1
Кәрі жілік	radius	4
Қабырға	costa	7
Жамбас	os coxae	8
Асықты жілік	tibia	6
Асық	talus	3
Тобық	calcaneus	1
1-фаланга		1
Сүйектердің жалпы саны		68

Кесте 2. Ешкі сүйектерінің саны мен құрамы

Қой. Жануар сүйектерінің ішінде қой сүйектері екінші орында. Жалпы сүйектерге шаққанда 41 дана немесе 28,4% құрайды (Кесте 3). Қой сүйектерінің ішінде төменгі жақ сүйектер, асық, тілерсек және тоқпан жілікке жүргізілген морфометриялық зерттеулер, жануарлардың орта жастан асқанда сойылғанын көрсетіп отыр. Жақ сүйектердің альвеолярлық қатарында сақталған тістерге қарап, шамамен 18-24 айдан асқан қойлардың тағам рационында көп орын алғанын байқаймыз (Кесте 4). Қой сүйектеріне жүргізілген морфометриялық зерттеу нәтижесі бәбш мола қаласынан табылған уақ малдың сол аймақтағы ортағасырлық ескерткіштерден табылған уақ мал сүйектерімен өзара ұқсас өлшемдерге ие екендігін көрсетіп отыр [3, С. 161-177].; (Кесте 5). Патологиялық өзгерістер төменгі жақ сүйекте байқалады. Төменгі оң жақтағы жақ сүйектің $P^{1,2,3}$ дұрыс дамымаған. P^3 биіктігі M^1 төмен орналасқан (Сурет 4). Қойға тиесілі асықтарда ешқандай антропогендік әсер байқалмайды. Тек бір дана асық отта күйген (Сурет 3). Қой асықтарымен қатар 80-нен астам антилоп тұқымдасына жататын ақбөкен және қарақұйрық асықтары да бір жерден табылып отыр. Аталған асықтардың ішінде плантарлы бетінде салынған сызықты өрнектер мен арнайы тесіктер де байқалады. Біздің ойымызша жануар асықтары әзірге бізге белгісіз ғұрыппен байланысты жиналған тәрізді.

Сүйек түрлері	Атаулары	Сүйек саны
Мүйіз	cornibus	2
Жоғарғы жақ сүйек	maxilla	3
Төменгі жақ сүйек	mandibular	5
Азу тіс	dentes molares	2
Омыртқа	vertebra	2
Жауырын	scapula	1
Тоқпан жілік	humerus	6
Ортан жілік	femur	2
Кәрі жілік	radius	5
Қабырға	costa	1
Жамбас	os coxae	2
Асықты жілік	tibia	6
Асық	talus	4
Сүйектердің жалпы саны		41

Кесте 3. Қой сүйектерінің саны мен құрамы

Төменгі жақ сүйектегі азу тістер жүйесінің жағдайы	Жануардың жасы (ай бойынша)	Жақ сүйектер саны	Жалпы жануар санынан алғанда (%)
M_1 жоқ	3 айға дейін	5	45,4
M_1 бар, M_2 жоқ	3-12	-	
M_2 бар, M_3 жоқ	12-24	1	9
M_3 бар	24 айдан жоғары	4	36,3

Кесте 4. Қойлардың жас мөлшері

Белгілері	n	$\sqrt{n-1}$	Lim	M	M±m	σ
Жауырын (Scapula)						
Мойын ең төменгі ұзындығы	2	0,41	20,02-24,89	22,45	22,45±3,44	3,44
Буын өсінд. ең үлкен ұзынд.	2	0,41	34,35-37,84	36,09	36,09±2,46	2,46
Буын қуысының ұзындығы	2	0,41	26,02-28,83	27,42	27,42±1,98	1,98
Буын қуысының ені	2	0,41	20,83-25,54	23,18	23,18±3,32	3,32
Токпан жілік (humerus)						
Төменгі блоктың ең үлкен ені	3	0,73	28,30-28,96	28,62	28,62±0,45	0,45
Дистальды шетінің ені	3	0,73	26,82-32,03	30,2	30,2±4,14	4,14
Асық (Talus)						
Латеральды бөліктің ұзындығы	2	0,41	31,81-37,73	34,77	34,77±4,18	4,18
Медиальды бөліктің ұзындығы	2	0,41	29,75-35,85	32,8	32,8±4,31	4,31
Дистальды шетінің ені	2	0,41	21,82-26,76	24,29	24,29±3,49	3,49
Саггит. ұзындығы	2	0,41	25,56-31,39	28,47	28,47±4,12	4,12
Жамбас (os coxae)						
Ұршық ойысының ұзындығы	2	0,41	36,72-32,90	34,81	34,81±2,69	2,69
Ұршық ойысы шеңбер. ұзынд.	2	0,41	26,99-25,44	26,21	26,21±1,09	1,09
Асықты жілік (Tibia)						
Диафиздің ең кіші ені	3	0,73	15,96-20,42	18,13	18,13±3,15	3,15
Дистальды шетінің ені	3	0,73	28,34-36,74	31,72	31,72±6,26	6,26

Кесте 5. Қой сүйектерінің өлшемдері (мм) мен пропорциясы (%%)

Сыыр. Археологиялық қазба жұмыстары барысында жалпы саны 24 дана немесе жалпы сүйекке шаққанда 16,6% ірі қара сүйектері табылған (Кесте 6-7). Материалдардың ішінде ірі қара сүйек құрылысындағы барлық элементтер кездеседі. Бұл ірі қара малды ескерткіштің аумағына сойып, пайдаланғанын көрсетеді. Сүйектердің құрылымына талдау жасау барысында, негізінен жасы үлкен малдың көп сойылғанын байқаймыз. Мұндай жағдай ірі қараны сүт өнімдерін (ет өнімдерін) алуға пайдаланғанын айғақтайды.

Сүйек түрлері	Атаулары	Сүйек саны
Төменгі жақ сүйек	mandibular	2
Азу тіс	dentes molares	4
Эпистрофей	Helophilus	1
Омыртқа	vertebra	2
Кәрі жілік	radius	2
Қабырға	costa	3
Метаподия	ossa metacarpi	1
Асық	talus	1
Тобық	calcaneus	1
Ортаңғы сүйек	os centralis	2
1-ші фаланга	proximal phalanx	1
2-ші фаланга	phalange secunda	2
Тұяқ	habet quidem ungulam	2
Сүйектердің жалпы саны		24

Кесте 6. Сыыр сүйектерінің саны мен құрамы

Белгілері	n	$\sqrt{n-1}$	Lim	M	M±m	σ
Тоқпан жілік (Humerus)						
Дистальды шетінің ені	2	0,41	73,42-79,28	76,35	76,35±4,14	4,14
Дистальды блоктың ені	2	0,41	67,60-74,12	70,86	70,86±4,60	4,60
Тілерсек (Talus)						
Ең үлкен ұзындығы	2	0,41	119,71-145,39	132,55	132,55±18,15	18,15
Ең үлкен ені	2	0,41	27,23-33,80	30,51	30,51±33,05	33,05
Асық (Talus)						
Латеральды бөліктің ұзындығы	5	1,23	56,86-71,81	63,73	63,73±11,29	11,29
Медиальды бөліктің ұзындығы	5	1,23	51,48-63,82	59,59	59,59±10,26	10,26
Дистальды шетінің ені	5	1,23	37,93-45,81	42,00	42,00±6,65	6,65
Саггит. ұзындығы	5	1,23	44,30-55,80	51,56	51,56±9,30	9,30

Кесте 7. Сияр сүйектерінің өлшемдері (мм) мен пропорциясы (%%)

Жылқы. Археологиялық қазба барысында табылған сүйектердің ішінде 9 данасы немесе 6,2% жылқыға тиесілі (Кесте 8). Жылқы сүйектері жалпы жануар сүйектерінің сандық мөлшері жөнінен төртінші орынға ие. Қаңқа элементтерінің ішінде барлық элементтер кездеспейді. Жас мөлшері жағынан үш топ анықталып отыр. Олар сүт тістері кездесетін жас жылқылар, моляр тістері бар орта жастағы және тістері қатты егеліп, өзгеріске түскен кәрі жылқылар. Қаңқа бөліктері бойынша аяқтың төменгі бөлігіне тиесілі сүйектер үлкен басымдыққа ие. Жалпы жылқы сүйектерінің кейбір элементтерінің кездесуіне қарап, жылқыларды сойып, пайдалану ескерткіштің манаында орын алғандығын көрсетеді.

Сүйек түрлері	Атаулары	Сүйек саны
Төменгі жақ сүйек	mandibular	2
Жауырын	scapula	3
Жамбас	os coxae	2
Асықты жілік	tibia	1
Сүйектердің жалпы саны		9

Кесте 8. Жылқы сүйектерінің саны мен құрамы

Құс. Құсқа тиесілі бір дана тоқпан жіліктің проксимальды блогы табылды. Жалғыз дана сүйектің қандай мақсатта жиналып, сақталғаны белгісіз. Бірақ сүйек бұйым жасау мақсатында арнайы сақталған болуы да мүмкін. Сүйектің ішкі түтікшесі жақсы сақталған. Сыртында ешқандай антропогендік әсер байқалмайды. Сүйектің сыртқы анатомиялық пішіні жартылай ғана сақталғандықтан, қандай құсқа тиесілі екендігін кесіп айту қиын.

Түлкі. Түлкіге тиесілі бір дана төменгі жақ сүйек анықталды (Сурет 5). Жақ сүйектің альвеолярлы қатарында тек M₁₋₂ тістер сақталған. Жақ сүйектің каудальды бөлігі сынып жоғалған. Түлкі сүйегі сол кезеңдегі халықтарда аңшылықтың белгілі дәрежеде орын алғанын және жабайы аң терісін тұрмыста пайдалануы мүмкін екендеген көрсетеді.

Қорытынды

Археозоологиялық зерттеу барысында жануар түрлері остеологиялық материалдардың сыртқы анатомиялық пішіндері негізінде анықталды. Ұқсас жағдайда кездесетін метаподия, қабырға асық секілді жекелеген сүйектер салыстырмалы материалдар негізінде жануар түріне қарай ажыратылды. Қаңқа элементтерінің жекелеген сүйектері қаңқа бөліктеріне қарай ажыратылды. Нәтижесінде ірі қара сүйектерінің құрылысындағы барлық элементтер кездесетіні белгілі болды. Бұл ірі қара малды төрткүлдің аумағына сойып, пайдаланғанын көрсетеді. Жануарлардың жас ерекшеліктері бүтін және жартылай бүтін сақталған төменгі жақ сүйектері негізінде, тістердің шығу ерекшеліктеріне қарай анықталды. Жануар

сүйектеріне жүргізілген морфометриялық өлшемдер арқылы кейбір жануарлардың сүйек құрылымында бірқатар өзгеріс диапазондары кездесетінін анықтадық. Биометриялық зерттеу әдістері негізінде бірдей сүйектердің өлшемдеріндегі ауытқушылық диапазондары (Lim), ортақ квадраттық мөлшері (M), орташа квадраттық ауытқу мөлшері (σ) және ортақ арифметикалық қателіктері анықтады. Сүйек материалдарына жүргізілген талдау жұмыстары Бәбіш Мола ескерткішінің тіршілігінде мал шаруашылығының басым болғандығын көрсетіп отыр. Табындағы (отар, үйір) жануардың басым бөлігін уақ мал құрайды. Бір ерекшелігі уақ малдың ішінде қой емес, ешкі сүйектері басымдыққа ие. Сүйектерінің саны жөнінен екінші орында қой, үшінші ірі қараға тиесілі. Жылқыға тиесілі сүйектер саны өте аз. Уақ малды еті мен жүні үшін санын арттырғаны анық. Ірі қараның сүйектерін морфологиялық тұрғыдан талдау барысында, сойылған жануарлардың жасы үлкендігі белгілі болды. Бұл сиырдың сүт өнімі үшін қолданыста болғандығын айғақтайды. Ірі қараны шаруашылық жұмыстарында пайдаланудың белгілері байқалған жоқ. Жабайы жануар сүйектерінің кездесуі, тұрғындардың тіршілігінде аңшылық дәстүрдің болғандығын көрсетеді. Жануар асықтарының шоғырланып кездесуі асық ойынымен қатар, асықпен байланысты ғұрыптың орын алғанын көрсетеді. Әсіресе жабайы жануар асықтарының бір жерден кездесуі мүмкін балгерлікпен байланысты ғұрыптардың болғанын айғақтайтын секілді.

Жалпы жерлеу орындарынан табылатын асықтар оның ішінде уақ малға тиесілі асықтар тек ойын түріне ғана арналмаған, сонымен қатар басқа да ғұрыптық іс-шаралар шеңберіне қатысты болатыны жөнінде этнографиялық мәліметтерді кездестіре аламыз. Мәселен иран халықтарында асықтар әйелдер босану кезінде, жаман күштерді қуу ғұрыптарында қолданатын болған [4, С. 215-248]. Осы мәселе жөнінде В.А. Подобед, А.Н. Усачук және В.В. Цимидановтар мынадай қызықты тұжырымын алға тартады: «жануардың асықтары адамдарды белгілі бір жағдайдан немесе өз өмірін о дүниемен байланыстыру ғұрыптарында пайдаланылған. Екі әлем арасындағы байланысты орнату арқылы түрлі мақсаттарына жетуге болады деген түсінік орнығыуы мүмкін» [5, С. 56-72]. Бәбіш Мола қаласынан табылған қой асықтарының дорсальды бөліктерін егеп, тегістеген. Бұл асық ойынының ішінде «алыстан атып» ойнау түрінің болғандығын көрсетеді.


Пайдаланылған әдебиеттер

1. Driesch A.V. A Guide to the measurement of animal bones from archeological sites // Preabody Museum of Archeology and Ethnology Harvard University. Bulletin 1. 1976. P. 136.
2. Eisenmann V., Karchound A. Analyses multidimensionnelles des metapodes d'Equus // Bulletin Museum natn. Hist. nat. Paris: 1982.
3. Гайдученко Л.Л. Остеологические материалы из раскопок городища Джанкент (2009 – 2012 гг.) // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). Алматы: «Арыс», 2014. С. 161-177.
4. Подобед В.А., Усачук А.Н., Цимиданов В.В. Зубы человека в обрядах племен Поволжья эпохи бронзы // Поволжская археология. №3 (5). Казань: Фэн, 2013а. С. 56–72.
5. Цимиданов В.В. Астрагалы в погребениях степных культур эпохи поздней бронзы и раннего железа // Археологический альманах. №10. Донецк: ООО «Лебедь», 2001. С. 215–248.

ҚОСЫМША



Сурет 1. Бәбіш мола қаласы. Цитадель.



Сурет 2. Бәбіш мола қаласы. Цитадель Үлкен үйге салынған қазба.



Сурет 3. Уақ малдың асықтары (3-ешкі; 3-қой асықтары)



Сурет 4. Патологиялық ауытқушылығы бар уақ малдың жақ сүйегі.



Сурет 5. Түлкінің төменгі жақ сүйегі

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ TEACHING HISTORY

ӘОЖ 94(574):323.1
МРНТИ 03.20; 11.25.45

С.С. Қасымова¹

¹т.ғ.к., Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің доценті, Қарағанды қ, Қазақстан

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМУЛЫ БАСТАҒАН 1837-1847 ЖЖ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ЖҮЙЕЛІК КӨЗҚАРАС ТҮРҒЫСЫНАН ЗЕРДЕЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада тұлғаның тарихи санасын қалыптастырудағы, патриотизмге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудегі ұлт-азаттық қозғалыстардың орны қарастырылған. Қазіргі Қазақстан территориясындағы хан Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының Ресей империясына қарсы көтерілісі патриотизмнің жарқын үлгісі болып табылады. Сонымен қатар мақалада оқу әрекеті үрдісі бүтіндей танымдық белсенділікті ұйымдастыруға, ұжымдық еңбекке, өзін-өзі басқару мен тұлғаның өзін-өзі іске асыруына, жетістікті ұйымдастыруға негізделген сабақты жүйе тұрғысынан өткізу мен талдау сұрақтары түсіндірілген.

Автор Кенесары Қасымұлының бейнесі, ерлігі үлгісінде оқушылардың тұлғалық сапаларын дамыту, патриотизмге тәрбиелеу жолдарын көрсеткен.

Кілт сөздер: тарихи сана, ұлт-азаттық қозғалыс, Кенесары Қасымұлы, жүйелік көзқарас, патриотизм.

С.С. Касимова¹

¹к.и.н., доцент, Карагандинского государственного технического университета,
г. Караганда, Казахстан

СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД К ИЗУЧЕНИЮ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ ПОД РУКОВОДСТВОМ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА В 1837-1847 ГГ

Аннотация

В статье рассматривается роль национально-освободительных движения в формировании исторического сознания личности, в воспитании чувства патриотизма, любви к Родине. Ярким образцом патриотизма является восстание казахского народа на территории современного Казахстана под руководством хана Кенесары Касымова против Российской империи. Так же в статье освещаются вопросы системного подхода к проведению и анализу урока, которая весь процесс учебной деятельности основан на организации познавательной активности, на коллективном труде, на самоуправлении и самореализации личности, на организации успеха.

Автором показаны способы воспитания патриотизма, развития личностных качеств у школьников через образ Кенесары Касымова и его героизм.

Ключевые слова: историческое сознание, национально-освободительное движение, Кенесары Касымов, системный подход, патриотизм.

S.S. Kassimova¹

¹C.h.s, associated professor of Karaganda state technical university, Karaganda, Kazakhstan

SYSTEM APPROACH TO STUDY OF THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT UNDER THE LEADERSHIP OF KENESARY KASYMOV IN 1837-1847

Abstract

In the article is considered the role of the national liberation movement in formation of historical consciousness of the personality, in education of sense of patriotism, a love for country. A bright example of patriotism is the revolt of the Kazakh people at the territory of modern Kazakhstan under the leadership of the khan Kenesary Kasymov against the Russian empire. Also in the article are taken up questions of system

approach to carrying out and the analysis of a lesson which process of educational activity is based on the organization of cognitive activity, collective work, self-government and self-realization of the personality and also the organization of success.

The author shows the ways of fostering patriotism, development of personal qualities of pupils due to Kenesary Kasymov's image and his heroism.

Keywords: historical consciousness, national liberation movement, Kenesary Kasymov, system approach, patriotism.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері отандық тарих ғылымында түбегейлі өзгерістер жүрді. Бұрынғы коммунистік қасаң идеологиядан біржола арылып, төл тарихымызды тарихилық, объективтілік қағидаларға сүйене зерттеуге, оқып-үйренуге мүмкіндік алдық.

1995 жылы Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы қабылданды. Онда тарихи білімнің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының проблемалары, тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегі белгіленді. Қазақстан тарихының әлемдік тарихтың, евразиялық тарихтың құрамдас бөлігі түрінде қабылдануы керектігі, оны шешудегі бағыттардың бірі – тарих білімінің негізгі бағдарларын айқындау қажет деп табылды [1, 316 б.].

Осы тұрғыдан алғанда тарихтағы халық-азаттық қозғалыстар, тәуелсіздік үшін күрес мәселелері аса өзекті болып табылады. Бастауын орта ғасырлардан алып, кейіннен XVI-XVIII ғасырларда Европада, Солтүстік Америкада болған тәуелсіздік үшін соғыстардың нәтижесінде ұлттық мемлекеттіктерге қол жетсе, осы кезеңде Ресей мен оның аймақтарында да отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар кеңінен құлаш жайды. Академик М. Қозыбаев бұл туралы: «Тәуелсіздік алғаннан кейін тұтас онжылдықтар бойы тарихта жоңғарларға және Ресей отарлауына қарсы ұлт-азаттық соғыстар мәселесі басты тақырып болды. Отарлау және тоталитарлық идеология үстемдік еткен кезеңдегі ұзақ жылдар бойғы үнсіздіктен кейін мәселеге объективті баға беруге, қайта қарауға мүмкіндік туды. Тәуелсіздік үшін, ұлттық мемлекеттікті қайта құру үшін 260 жылға жуық үздіксіз соғыстар болғандығы туралы тұжырым жасалды. Мыңдаған батырлар туған Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы жолында өмірін қиды» - деп жазды [2, 105-106 б.].

Солардың ішінде Ресейдей алып метрополияға қарсы он жыл күрескен, 1837-1847 жылдардағы қазақ даласындағы үш жүзді қамтыған Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс маңызды орын алады. Олай болса, тарихи сананы қалыптастырудың, отансүйгіштік, патриоттық тәрбие берудің бір бағыты – бұл ұлт қаһармандарының тәуелсіздік үшін ерлік пен намысқа, батырлыққа толы жанқиярлық өмірі мен қызметін оқып білу.

Тарих білімі мен оқу-ағартуды реформалаудың жолдарын белгілеу қажеттігі жаңа демократияланған қоғамдағы қайта құрулармен, білім берудің мақсаты мен міндеттерінің түбегейлі өзгеруімен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында білім беру жүйесінің міндеттері былайша көрсетілген: 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту; 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу [3].

Бұл міндеттер білім саласының мамандарына, педагогтар мен оқытушыларға тұлғаның бойында қоғамның сұранысы мен талабына жауап беретін, өзін-өзі әлеуметтендіруге ықпал ететін дербес әрекет ету, кәсіби біліктілік, ақпаратты өзі іздеп табу, өзіндік көзқарас, талдау, ұтымды пайдалану, өзгермелі қоғамға тез бейімделу сияқты сапалық қасиеттерді дамытуды жүктейді. Келешек ұрпақтың бойында осындай тұлғалық сапаларды қалыптастырып, дамытуда мектептегі тарих пәнінің орны, тарих сабағын жүйе тұрғысынан құру мен оны жүйелік талдай білуді меңгерудің маңызы зор.

«Сабақ – оқу-тәрбие процесінің тірі клеткасы, оқушы үшін ең маңызды, ең бастылардың бәрі сабақта жүзеге асады. Сабақ – қара бастың қамы емес, бұл тұлғаны тәрбиелеу және дамыту құралы. Егер де біз мектебіміздің даму режиміне көшкенін қалайтын болсақ, онда біз бұл құралды жетік меңгеріп, ұтымды пайдалануымыз, оны басқаруды мүлтіксіз игеруіміз керек» - дейді жүйелік теорияның авторы Ю. Конаржевский [4, 4 б.].

Жаңашыл педагогтың сөзінің еш алып-қосары жоқ, толықтыруды қажет етпейді. Десек те, бұл мектеп мұғалімінен үлкен дайындық пен шеберлікті, осы сабақ талдаудың жүйелік теориясын жетік меңгеруді қажет етеді.

«Сабақ - мұғалімнің жалпы және педагогикалық мәдениетінің айнасы, оның білімдарлығының, ой-өрісінің көрсеткіші, интеллектуалдық байлығының өлшемі» - дейді көрнекті ғалым-педагог В.А. Сухомлинский [5, 18 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, сабақ мұғалімнің шығармашылық лабораториясы іспеттес. Ю. Конаржевский осылай деп атайды да. Сондықтан әр мұғалімнің шығармашылық лабораториясымен, оның әлсіз және күшті жақтарымен жетік таныс болып, осыны оқу-тәрбие үрдісін әрі қарай дамытуда қолдана білген абзал.

Тек сабақта ғана аса қажетті келесі мағлұматтарға қол жеткізуге болады:

- сабақтағы мұғалім мен оқушының өзара ынтымақтастығы, қарым-қатынасы;
- мұғалім өз пәнін терең әлде үстірт біле ме?;
- оқушыларды танымдық іс-әрекетке ынталандыра ала ма?;
- мұғалім кім? ақпарат беруші ме, әлде оқушылардың оқу үрдісін ұйымдастырушы ма?;
- мұғалім сапалы білім мен білік дағдысын қамтамасыз ете ала ма?;
- мұғалім оқушылардың пән бойынша алған білімдерін оларды дамыту мен тәрбиелеуге пайдалана ала ма?

Оқушының рухани дамуына, қызығушылығын, қажеттілігін қанағаттандыруына жағдай жасай алатын, қоғамдағы жаңалықтарды қабылдауға дайын, өзінің іс-әрекетіне сын көзбен қарап, өзгеріс енгізе алатын, өзін-өзі үнемі жетілдіріп, дамытып отыратын жаңа тұрпаттағы мұғалім ғана бұл талаптар үрдісінен шыға алады.

Осы мақсатта Қарағанды қаласындағы Нығмет Нұрмақов атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептің оқу үрдісінде бірнеше жыл тиімді қолданылып, өзінің оң нәтижесін берген сабақты жүйе тұрғысынан құру және талдау тәжірибесіне, 8-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен «Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жж. ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбындағы сабақтың талдауына тоқталайық.

Сыныпқа сипаттама: 8 сыныпта 25 оқушы бар. Сынып гуманитарлық бағытта қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқиды. Оқушылар өз бетімен, жұпта, топта жұмыс жасау дағдыларын игерген. Өзара талқылау, бірін-бірі тыңдау, сыни ойлай білуге қалыптасқан. Белсенділіктері төмен, мінездері тұйық, үнемі мұғалімнің қозғауын қажет ететін оқушы - 2, сынып ұжымы ұйымшыл, 8 оқушының көшбасшылық қабілеті бар.

Айта кету керек, кез келген сабаққа қатысу алдын ала үлкен дайындықты қажет етеді. Мақсатсыз іс кездейсоқ, байланыссыз, саналы ойластырылмаған сипатқа ие болып, нәтиженің тиімділігін арттыруға кері әсер етеді. Осындай кемшіліктердің орын алмауы үшін алдын ала сабаққа қатысудың мақсатын айқындап және нені бақылау керектігі туралы бақылау бағдарламасын құру қажет [6, 47 б.].

Талдау мақсаты: Оқушылардың сабақ үрдісінде қабілетіне сәйкес өздігінен білім алуының ұйымдастырылуын талдау.

Бақылау бағдарламасы:

1. Оқушылар сабақта білімді игерудің мақсатын, міндетін айқындауын, күтілетін нәтиже туралы түсінігін қалыптастыра алуын анықтау.

2. Өз мүмкіндігіне қарай деңгейін анықтай алуын, келесі деңгейге өту қабілетін көрсете алу дәрежесін анықтау.

3. Алдына қойған мақсатқа қол жеткізуде мүмкін болатын әдіс-тәсілдерді таңдап ала білуін айқындау.

4. Өз іс-әрекетіне қажет болатын уақытты белгілеп, тиімді пайдалануын, материалды талдау, салыстыру, қажет мәліметтерді іздеу, жинақтаудағы белсенділік деңгейін анықтау.

5. Жұмыс барысында шығармашылық ізденушілік дәрежесін бағалау.

Сабақтың мақсаты:

білімділік: Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жж. ұлт-азаттық қозғалыстың алғы шарттары, мақсаты, кезеңдері, нәтижесі, жеңіліске ұшырау себептері мен тарихи маңызы туралы білім беру, көтеріліс басшыларының көтеріліс барысына тигізген ықпалын ашып көрсету;

дамытушылық: қосымша тарихи материалдар және құжаттармен өздігінен жұмыс жасау негізінде Кенесарының хан, батыр, саясатшы, қолбасшылық қасиеттерін ашу, осы арқылы оқушылардың қисынды ойлауын дамыту, танымын кеңейту; тарихи оқиғаларды талдауға, салыстыруға үйрету, нақты фактілерді келтіріп дәлелдеу, өз көзқарасын айту, сыни ойлай білу біліктіліктерін одан әрі дамыту;

тәрбиелік: патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз бетімен және өзара жұмыс жасауда басқаның пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, оқушыларға сенім көрсетіп, кездескен қиындықтарды жеңе білуге көмектесу;

Тақырыптың оқу бағдарламасындағы орнының маңыздылығы - оқу бағдарламасының II бөліміндегі «Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жж. ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбы Қазақстанда отарлық езгінің күшеюіне қарсы XIX ғ. I жартысындағы ұлттық тәуелсіздік жолындағы үш жүзді қамтыған бүкілхалықтық қозғалыс болып табылады. Бұл сабақ мұның алдында өткен «С. Датұлы бастаған 1783-1797 жж. Кіші жүз қазақтарының көтерілісі» және «И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған 1836-1838 жж. шаруалар көтерілісі» тақырыптарымен мазмұн, негізгі идеясы жағынан тығыз байланыса отырып, алдағы болатын сабақтарда оқу материалын оңай және саналы меңгеруге әсер етіп, жалғасын табады.

Пәнаралық байланыс. Кенесары Қасымұлының азаттық күресті ұйымдастырушылық қызметіне айқын фактілермен баға беруде әдебиет, көтерілістің көлемі мен ауқымын картадан анықтауда география пәндерімен тығыз байланысқан.

2. Сабақтың үшбірлік мақсаты осы сабақ үшін терең, айқын белгіленген.

- оқу үрдісінде әрбір оқушының қисынды ойлау, талдау қабілетін, танымдық қызметін арттыру, ізденушілігін, шығармашылық қабілетін дамыту қарастырылған.

- сынып оқушыларының ерекшеліктеріне бейімделген, тақырып мазмұнына сәйкес келеді.

- сабақтың білім беру, дамыту және тәрбиелеу мақсаттары бір-бірімен тығыз байланыса отырып, оқушының өздігінен білім алу дағдыларын дамытуына жағдай жасады.

3. Сабақтың құрамы 4 кезеңнен тұрады:

1) Оқуға ықыластандыру.

2) Жаңа білімді игеруге дайындық.

3) Жаңа білімді меңгеру. (Оқу модулінің сөйлесу бөлімі)

4) Білімді бекіту, оқушы қызметін бағалау.

I кезең. Оқуға ықыластандыру.

Өзі мен оқушының іс-әрекетін ұйымдастыруда мұғалім оқушылардың мүддесіне бейімделді. Бүгінгі сабақтың мақсатын хабарлап, нақтылай келе алдыңғы сабақтарда ұлт-азаттық көтерілістерді оқып-меңгеру тәжірибесі болғандықтан осы сабақта да оқушылардың алдына қойған мақсатына жететіндіктеріне сенім білдіріп, сәттілік тіледі. Жағымды психологиялық ахуалдың орнығуы сабақтың барлық кезеңдерінде қарқынды жұмыс жасауға ықпал етті.

II кезең. Жаңа білім - «1837-1847 жж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбын оқып-меңгеруге дайындық кезеңі.

Жаңа тақырыпқа еңбес бұрын өткен «С. Датұлы бастаған 1783-1794 жж. және И.Тайманұлы мен М. Өтемісұлының басқаруымен болған шаруалар көтерілістерінің» алғы-шарттары, мақсаты мен қозғаушы күштеріне сипаттама бере келе ой тұжырым жасалды: патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы болғандықтан бұл көтерілістердің барлығына тән сипат - ұлт-азаттық. Бүгінгі сабақта осындай көтерілістердің бірі, XIX ғ. бірінші жартысында бүкіл қазақ жерін қамтыған «1837-1847 жж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың» қарастырылатындығына назар аударылды. Оқушыларға кез-келген көтерілісті талдаудың жоспары таныс болғандықтан қайталап, еске түсірілді.

1. Көтерілістің алғы шарттары мен себептері.

2. Көтерілістің мақсаты.

3. Көтерілістің сипаты.

4. Қозғаушы күштері, басшылары.

5. Көтерілістің барысы мен негізгі кезеңдері, ауқымы.

6. Нәтижесі.

7.Тарихи маңызы.

Оқылатын тақырыптың мазмұнын белгілеу, айқын мақсаттылық, оқушылардың өз міндеттерін саналы қабылдауы - үшбірлік мақсатқа сәйкес бола отырып, сабақтың келесі негізгі кезеңі мақсатының жүзеге асуын қамтамасыз етті.

III кезең. Негізгі кезең - Жаңа тақырыпты оқып-меңгеру.

Тақырыпты өтпес бұрын мұғалім оқу модулінің тарауға кіріспе бөлімінде сынып оқушыларының қосымша әдебиет, ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс жасай білу қабілеттерінің барлығын ескере келе, олардың шығармашылығын дамытуда, ізденушілік, зерттеушілікке үйретуде тарихшы-ғалым Ж. Қасымбаевтың «Кенесары хан» т.б. кітаптардан алдын-ала мынадай сұрақтарды қарастырып келуді тапсырған:

- Кенесарының өскен ортасы, оның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен факторлар;
- Кенесарының қолбасшы, батыр, хан, саясатшы дипломаттық қасиеттерін ашу, фактілер келтіру;
Көтерілісті оқып-игеру оқушылардың өзара сөйлесуіне негізделген. Блум таксономиясына сүйене отырып, күрделілігі әр түрлі дәрежедегі деңгейлік тапсырмалар түрінде құрылған.

III деңгей. Тақырыпты білу және түсіну

- | |
|---|
| <ol style="list-style-type: none">1. Көтерілістің алғы-шарттары, мақсаты2. Көтерілістің сипаты мен қозғаушы күштері3. Көтерілістің кезеңдері, патша жазалаушы әскерімен қақтығыстары4. Кенесарының ақырғы жорығы, нәтижесі, тарихи маңызы. |
|---|

II деңгей. Алған білімдерін қолдана білу және талдау деңгейінде игеру

- | |
|---|
| <ol style="list-style-type: none">1. Кенесары құрған хандықтың құрылымы2. Кенесарының саяси тұлға болып қалыптасуына ықпал еткен факторларды нақты фактілермен дәлелде |
|---|

I деңгей. Жоғары қиындық деңгейі. Проблемалық сұрақтарды зерттеу, игерген білімді топтау, бағалауға бағытталған

- | |
|---|
| <ol style="list-style-type: none">1. Кенесарының азаттық жолындағы күрескер екендігін ашып көрсет, батырдың жеке басы туралы әр түрлі көзқарастарға өз ойыңды білдір2. Кенесары саясаткер, дипломат, хан3. Кенесары қолбасшы, батыр |
|---|

Оқушылар көтерілісті зерттеу жұмысының жоспарымен бүгінгі сабақтағы «Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жж. ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбы бойынша алған білімдерін салыстырды. Шығармашылық топтағы оқушылардың Кенесарының жеке басының қасиеттерін нақты фактілермен дәлелдеуі сыныптағы басқа оқушылардың көтеріліс жайлы білімдерінің кеңеюіне ықпал етті.

Сабақтың *құрылымын* талдау барысында сабақтың 4 кезеңінің, оны құраушы оқу-тәрбиелік моменттерінің өзара байланыстылығы анықталды. Сабақтың ең басты бөлігі көтерілісті зерттеп білу болғандықтан, тақырыпты игеруге дайындық және білімді бекіту кезеңдерінің көлемі қысқартылған, аз уақытты қамтиды.


Алдын-ала мұғалімнің дайындағаны бойынша оқушылар өзінің мүмкіндігі мен даярлығына қарай тиісті деңгей тапсырмаларын таңдап алды. Деңгейлеріне қарай топқа бөлініп отырды. Дайындық үшін уақыт берілді. I деңгейді таңдаған оқушыларға уақыт көбірек берілді.

Жаңа тақырыпты оқып-меңгеру - сабақтың негізгі III кезеңінде жүрді. Көтерілісті өздігінен оқып меңгеру үш оқу-тәрбиелік моменттен тұрды.


Ю. Конаржевский бойынша *оқу-тәрбиелік момент* дегеніміз – бұл сабақта орындалатын *оқу тапсырмалары*. Сабақта қанша оқу тапсырмалары болса, сонша оқу-тәрбиелік момент бар. Әр оқу тапсырмасының немесе оқу-тәрбиелік моменттің оң нәтижеге жетуі оның ішкі құрамының дұрыс таңдалып алынуына байланысты. Алдымен, оқу-тәрбиелік моменттің ішінде не бар, соған тоқталайық. Оқу тәрбиелік момент міндеттен, оқу материалынан, оқыту әдістерінен және оқу әрекетін ұйымдастыру формаларынан тұрады [7, 65 б.].

Осы үшеуінің: *оқу материалы, оқыту әдістері және оқу әрекетін ұйымдастыру формасының* оқу-тәрбиелік моменттің (бұл жерде деңгейлік тапсырмалар – авт.) міндетіне сәйкес келуі оң нәтиже береді. Келесі сызбаларда «Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жж. ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбын оқып игеруде оқу-тәрбиелік моменттің немесе оқу тапсырмаларының құрамы қандай оқу материалынан (бұл жерде – деңгейлік тапсырмалар – авт.) әдіс-тәсілдер мен оқыту формаларынан тұратыны көрсетілген.

1-ші оқу-тәрбиелік момент: III деңгей тапсырмаларымен жұмыс жасау.



2-ші оқу-тәрбиелік момент: II деңгей тапсырмаларымен жұмыс жасау.



Көріп отырғанымыздай, әр оқу-тәрбиелік моменттің (тапсырманың – авт.) міндетіне қарай қолданылған әдіс-тәсілдер, оқу материалының мазмұны, оқыту формалары әр түрлі.

I деңгей тапсырмаларының қиындығы жоғары болғандықтан бұл деңгей оқушылары үшін 2-ші оқу-тәрбиелік моменттің міндеті, құралдары мен әдістері басқаша құрылды.

3-ші оқу-тәрбиелік момент: I деңгей тапсырмаларымен жұмыс жасау.



Сонымен, III кезең - Жаңа тақырыпты оқып-меңгеру кезеңі жоғарыдағыдай ұйымдастырылған жағдайда сабақтың нәтижесі туралы келесі қорытындылар жасалды:

Тақырыптың мазмұны, оқыту әдістері және оқу әрекетін (танымдық әрекет – авт.) ұйымдастыру формаларының өзара тығыз байланысы мен әрекеттестігі нәтижесінде оқушылар материал мазмұнын меңгерді. Көтерілістің туу себептері мен алғы-шарттарын түсінуде «XIX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы» картасы тиімді пайдаланылды. Оқушылар 1822 жылғы Жарғы бойынша жаңа округтердің құрылуын картадан көрсете отырып жердің тарылғанын, оның мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі қазақтардың жағдайының құлдырауына алып келгенін дәлелдеді. Алым-салықтың көбеюі, патша үкіметінің қарулы әскери топтар жіберіп бейбіт қазақ ауылдарына қысым көрсетуі, Орта жүз қазақтарының оңтүстіктегі Қоқан мен Хиуа хандықтарының езгісіне ұшырауы, Кенесарының туыстарының, әкесінің өлтірілуі көтерілістің тууына себеп болғаны туралы саналы білім

көрсете алды. Көтерілісшілердің патша жазалаушы әскерімен қақтығыстарын төмендегідей кесте түрінде жинақтап көрсетті.

1837ж. караша	Ақтау бекінісіне шабуыл
1838ж. мамыр	Акмола бекінісін өртеді
1838ж. жазы - күзі	Кіші жүздегі Ырғыз, Торғай жеріндегі күрес
1841 ж тамыз	Қоқандықтар қолындағы бекіністерді алу
1842ж.	Сотников әскерімен күрес
1843ж.	Бизанов әскерлерінің көтерілісшілерге тойтарыс бере алмауы
1844ж.	Ахмет Жантөрин әскерін жеңді
1845ж. жазы- күзі	Ұлы жүзге бағыт. Қоқандықтармен күрес. Созак, Жүлек, Жаңақорған бекіністерін алуы
1847ж	Кенесарының қырғыздарға ақырғы жорығы, жеңілуі

Көтерілістің жеңілу себептері мен тарихи маңызын оқушылар қиындықсыз түсінді. Барлық оқушылар келесі деңгейге өту қабілетін көрсетті.

Кенесарының саяси тұлға болып қалыптасуын оқушылар батырдың азаттық жолындағы саяси күрескерлігімен байланыстырып, бір сұраққа жан-жақты қамтитын бірнеше жауаптар ұсынды:

1 оқушы: *Кенесарының азаттық, тәуелсіздік жолындағы көзқарасының қалыптасуына оның өскен ортасы ықпал етті. 1819 жылы Орта жүз ханы Уәли дүние салған соң, қазақтың дәстүрі бойынша орнына үлкен баласы Ғұбайдолла хан болып сайланады. Бірақ патша үкіметі Орта жүз ханын мойындамады, өзінің отарлау саясатына кедергі деп қарады.*

2 оқушы: *Орыс генералы И. Бабков былай дейді. Ғұбайдолланың биліктен ығыстырылуы, оның Орта жүз жерінде округтер құруына қарсы болуынан. Ол Ресей үкіметіне берген жауабында былай деген: «Ақ патша мен Абылай ханның арасындағы келісім бойынша бұл жерде қала салуға ешкімнің хақысы жоқ. Егер осы ойларыңызды күшпен іске асырсаңыздар, онда оның салдарына мені кінәламаңыздар. Сондықтан қала салуды тоқтатыңыздар» [8, 26 б.]. Сол үшін патша үкіметі оны қамауға алды.*

3 оқушы: *Кенесарының ағасы Саржан да 1822 жылғы Жарғыға қарсы күресіп 1836 жылы басылды. Ағалары Ғұбайдолла мен Саржан, Есенгелді бастаған қозғалыстар, әкесі Қасымның отаршылдыққа қарсы күресі Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал етті.*

4 оқушы: *Ол қазақ елінің, жерінің тәуелсіздігі үшін он жыл бойы патша өкіметіне қарсы күресті. Абылай кезіндегі қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтіруді алдына мақсат етіп қойғандықтан көтерілістің сипаты – ұлт-азаттық.*

Оқушылар мұғалім ұсынған қосымша әдебиеттерден I деңгейдегі тапсырмаларға мәлімет алып, салыстырды. Жұмыс барысында мұғалімнің көмегімен оқушылардың түрлі жауаптары мен келтірген фактілерінің өзара байланысы нақтыланды. 8 оқушы тапсырманы орындаған.

Кенесары - саясатшы, дипломат. Батырдың бойындағы осы қасиеттерін ашу - күрделі тапсырма. Оқушылар тапсырманың орындалуын жоғары қызығушылықпен айқын дәлелдеулер арқылы практикалық іс-әрекетте көрсете алды. Кенесарының тек қана қару алып күресуді ойламағанын, оның патшаға, генерал-губернаторға жазған хатының мазмұнынан көруге болатынын дәлелдеді [9, 88-89 б.]. Кенесары ханның жағдайды бейбіт келісіммен шешуге ұмтылуы, оның бүлікші емес, халықтың амандығын ойлаған саясатшы екені жайлы өз пікірлерін айтты:

- *Ресейдің қазақ жерін жаулап алмай тынбайтындығына көрегендікпен көзі жеткен соң үш жүздің басын біріктіріп, патша үкіметіне қарсы шықты;*

- *Орынбор генерал-губернаторы Перовский арқылы патшаға жолдаған хатында күресті тоқтатудың шарты - қазақ жерінде бекіністер, қалалар, округтерді салуды тоқтатуын сұрады [8, 27 б.];*

- *Кенесары - айлакер. Ол екі жақтың арасындағы келіспеушілік ұлы Абылай хан кезіндегі қазақ халқының жағдайының бұзыла бастағанынан екендігін, егер жерді басып алу тоқтатылса, екі елде де тыныш өмір орнайтынына губернатордың көңілін аударды.*

- *Жалпы Кенесары Қасымұлының әр жылдарда жазған хаттарынан артық ой, пікір байқалмайды. Назыз саясатшыға сай өзінің терең ойы және тілімен нақты талаптар қойды. Кенесарының дипломат, саясатшы екендігінің тағы бір көрінісі - орыс әскерлеріне тұтқынға түсіп қалған қазақтарды өз қарамағындағы қолға түскен орыс солдаттарына айырбастап, босатып алуы.*

Сонымен бірге оқушылар Сотников басқарған Сібір әскерінің бейбіт ауылдарды тонап, соққыға жығып кеткенімен бірге, тұтқындардың ішінде Кенесарының әйелі Күнімжанның да болғанын айта келіп, 1845 жылы оларды орыс тұтқындарына айырбастау арқылы босатып алғаны туралы нақты фактілер келтіріп, өздерінің қосымша әдебиеттермен жұмыс жасай алу қабілеттерін көрсетті [8, 29-31 б.].

Мұғалімнің қосымша әдебиеттерді ұсынуы Кенесары ханның жеке басының тұлғалық, батырлық, қолбасшылық қасиеттерін ашуға оқушылардың қызығушылығын оятқаны олардың белсенділіктерінен көрінді. Мұғалімнің пікірталасты шебер ұйымдастыра білуінің нәтижесінде оқушылар өзінің пікіріне, келтірген фактілеріне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығару емес, одан өзі үшін нәтиже түйіндеуге үйренді. Кенесарының жеке басы туралы ғалымдардың, зерттеушілердің әр түрлі көзқарастары жайындағы келесі ойларын келтірді:

Н.Д. Середа: «Осы орданың тұрғындарының аз ғана бөлігін есептемегенде, барлығы дерлік оны хан ретінде таныды. Өте айлакер, саясатшы Қасымов әкімдерден өзінің іс-қимылдарын тасада ұстайтын»; «Жауларын кеіірмейтін табанды, жасынан қиыншылыққа мойымауға дағдыланған, шыдамдылығы «түйеге тең», өз мақсатына жетуде кейін шегінуді білмеуші еді»; «Оның сарбаздарының рухының беріктігіне кез-келген Европа әскерінің қолбасшысы таң қалуы мүмкін»; «Тегеурінді шабуылымен жауына бас салғанда, дала өңірінде ештеңе қалдырмайтын құдіретті құйын сияқты»: «Иә, бұл гажайып тұлға еді, егер де басқа жағдайда тәрбиеленсе Кенесарының керемет мемлекет қайраткері болатыны сөзсіз» [8, 59-60 б.].

П. Семенов Тянь-Шанский осы көтеріліс жөнінде әр түрлі мәліметтер жинастырып, Кенесарыны біздің эрамызға дейінгі II ғасырдағы Кіші Азиядағы кішкене Понт патшалығының билеушісі, Рим империясына қарсы тұрған Митридатпен теңеп, оны «қазақ халқының Митридаты» деп атайды [8, 13 б.].

Генерал И. Бабков: «Қызу қимылымен, табандылығымен, кекиілдігімен де басқалардан дараланып көрінген Кенесары қысқа мерзімде өзінің маңайына қалың бұқараның басын біріктірді» [8, 59 б.].

Барон Услар: «Бойы сонша сұңғақ та емес Кенесары арықша келген, бет пішіні қалмаққа ұқсайды. Сөйтсе де оның қиғаш көздері ақылдылықты көрсетеді. Былай қарағанда тіпті қатыгездіктің еш нышаны көрінбейді» [8, 62 б.].

М. Красовский: «Ақылы жағынан атасынан төмендеу тұрса да, мінезі және қимылының адуындылығы жағынан әкесі Қасымнан және Абылайдан ашақ тұрды, аз ғана уақытта Кенесары бүкіл Сібір даласына белгілі болды» [8, 58 б.].

Алынған ақпаратты жинақтап, қорыта келе, қысқаша сызба түрінде бере алды:



IV. Білімді бекіту, оқушы қызметін бағалау кезеңі.

Сабақты бекіту кезеңінде мұғалім оқушылардың ойларын мақсатқа бағыттады. Өзара бақылау негізінде олар өз іс-әрекет нәтижесі мен көзделген нәтиженің сәйкестігін салыстырып, түзету, реттеу жүргізді.

Сабақ кезеңдеріне, кезеңдердің оқу-тәрбиелік міндеттеріне тақырыптың күрделілік дәрежесі, оқыту формалары мен әдістерді тиімді іріктеп алудың сәйкестігі әр тапсырманың міндетінің орындалуына қол жеткізді. Яғни, алынған әр нәтиженің келесі тапсырманың орындалуына ықпалы өзара сабақтаса келе соңғы нәтижеге апарды, сабақ мақсатының орындалғанын көрсетті.

Қорытынды: Сабақтың үшбірлік мақсаты сынып оқушыларының ерекшелігіне, мүмкіндігіне сәйкес айқындалған. Мұғалім тақырыпты меңгертуді жүйелік көзқарас тұрғысынан әр оқушының қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар, танымдық қызметін өзара сөйлесу түрінде ұйымдастырды. Оқушының бір-бірімен қарым-қатынасы, өзара әрекетінде оқытудың жеке, жұптық, топтық формалары тиімді қолданылды. Оқушыға тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдау еркін беру қабілеті төмен оқушыға біртіндеп жоғарырақ деңгейге көшуіне жағдай туғызды. III деңгей оқушыларының барлығы II деңгейге өту қабілетін көрсетті. 8 оқушы шығармашылық жұмыс жасады. Тақырыпты оқыту ізденушілік, зерттеушілік оқумен ұштастырылды. Білімді өздігінен игеру барысында оқушылардың қисынды ойлау, талдау қабілеттері жетілді. «Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жж. ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбындағы тарихи күрделі оқиғаның тұтас бейнесін елестетіп, ғылыми көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті.

Қорыта айтқанда, тарих пәнінен сабақ үрдісін жүйе тұрғысынан құру және оған жүйелік талдау жасау оқушылардың терең білімденуіне, оларды отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеуге, тарихи саналарын оятуға ықпал етеді [10, 59 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5 – том. – Алматы: «Атамұра», 2010, - 688 б.*
2. *Қозыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). - Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с.*
3. *Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz>*
4. *Конаржевский Ю.А. Что нужно знать директору школы о системах и системном подходе. Челябинск. – 1986. – 232 с.*
5. *Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – Киев. 1975. 236 с.*
6. *Горская Г.Л. Организация учебно-воспитательного процесса в школе. – М., 1988. 208 с.*
7. *Конаржевский Ю.А. Анализ урока / М.: Центр «Педагогический поиск», 2000. – 336 с.*
8. *Қасымбаев Ж. Кенесары хан. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 112 б.*
9. *Абылай хан. Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері). – Алматы: Ғылым, 1993. – 119 б.*
10. *Бөдесова С.Б., Қасымова С.С. Жүйе және жүйелік талдау: Әдістемелік құрал. - Қарағанды: «Аймақтақ оқу-баспа орталығы», 2006. – 144 б.*

ӘӨЖ 11-794
ГРНТИ 03.01.09

Р.А. Айтқалиева¹

*¹Абай атындағы Қаз ҰПУ, Тарих және құқық институтының PhD докторанты,
Алматы қ., Қазақстан*

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АРХИВ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ
БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанда архивист мамандарды даярлаудың тарихы мен ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесі айтылған. Сонымен қатар ХХІ ғасырдағы ақпараттық технологияларды архивист мамандарды даярлау барысында қолданудың мәселелері тарихи тұрғыда талданған. Автор заманауи IT технологияларды архивист мамандар даярлайтын Жоғарғы оқу орындарындағы әдістемелер барысы сараланған. Ақпараттық технологияларды қолдану заман талабы екендігін архив саласының мамандарының сұхбаттары арқылы дәйектеуге тырысқан. Мамандықты бітірген түлектің қызметке орналасу мүмкіндігі зор. Ол тек архивтерде ғана емес, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, мекемелерде, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, әкімдіктерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында жұмыс жасай алады. Түлектердің басым көпшілігі оқуларын тәмамдағаннан кейін қызметке бірден орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Түйін сөздер: Ақпараттық технологиялар, архив, инновациялық даму, мамандар, жоғарғы оқу орындары.

Айткалиева Р. А.¹

*¹PhD докторант, Института истории и права КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПОДГОТОВКЕ КАДРОВ АРХИВИСТОВ

Аннотация

В статье рассказывается об истории подготовки архивистов и использовании информационных технологий в Казахстане. В то же время проблемы применения информационных технологий в XXI веке при подготовке архивистов были проанализированы исторически. Автор оценил прогресс современных IT-технологий в высших учебных заведениях, которые готовят архивистов. Использование информационных технологий является современным аспектом интервью с архивными специалистами. Выпускник специальности имеет большой потенциал, чтобы устроиться на работу. Он может работать не только в архивах, но и в государственных и общественных организациях, учреждениях, центрах государственной службы, акиматах, колледжах и университетах. Большинство выпускников после окончания обучения имеют реальную возможность получить работу

Ключевые слова: информационные технологии, архивы, инновационное развитие, кадры, высшие учебные заведения.

Aitkaliyeva R.A.¹

*¹PhD student of the Institute of History and Law at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

SOME ISSUES OF THE USE OF INFORMATION TECHNOLOGY IN THE TRAINING OF ARCHIVISTS

Abstract

The article tells about the history of the training of archivists and the use of information technology in Kazakhstan. At the same time, the problems of using information technologies in the 21st century in the preparation of archivists were analyzed historically. The author appreciated the progress of modern IT technologies in higher education institutions that train archivists. The use of information technology is a modern aspect of interviews with archival specialists. A graduate of the specialty has great potential to get a job and they can work not only in archives, but also in state and public organizations, institutions, public service centers, akimats, colleges and universities. Most graduates after graduation have a real opportunity to get a job

Key words: information technology, archives, innovative development, personnel, higher educational institutions.

Еліміздің, тарихи тұғырымыздың биік болуына өзіндік із қалтыратын, тарихи құндылығымызды деректер негізінде дәйектейтін және оны сақтап, ұрпақтан –ұрпаққа жеткізетін архив мекемесінің қызметі өте күрделі. 2008 жылдан бастап Қазақстанның жоғарғы оқу орындары мамандар дайындаудың бүкіл әлемде танылған бакалавр, магистр және PhD докторы академиялық дәрежесін беретін үш деңгейлі үлгісіне көшу толық аяқталды. Қазақстанның барлық жоғарғы оқу орындарында оқытудың кредиттік технологиясы енгізілді. Оның басты мақсаты жоғарғы оқу орындарындағы түлектерінің білімін халықаралық деңгейге жеткізу болып табылады. Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының шетел университеттерімен серіктесіп жұмыс істеуін, студенттердің тәжірибе алмасуын, студенттерді шетелдердің жоғарғы оқу орындарына семестрге немесе академиялық бір жыл оқуға жіберуін кеңейту арқылы қос дипломды білім бағдарламаларын дамытумен қамтамасыз ету және озық технологияны меңгерген мамандарды даярлау.

Жаһандық заманауи технология талаптарын орындауда архивист мамандарды даярлаудың бағыты мен талаптары өзгеріп, XXI ғасырдың автоматты, электронды талаптарын орындауға көшуде. Елімізде архивист мамандарын даярлау саласында ақпараттық технологияларды қолдану құндықтарымызды заман ағымымен Қазақстан Республикасында мұрағат ісі саласындағы мамандарды даярлаудағы оқу процесінің тұжырымдамалық негізі Қазақстан Республикасының мәдени мұрасын сақтау зерттеушілердің мүдделерін қамтамасыз ету, мұрағат қорын қазіргі кезде алу, тарихи маңызы бар құжаттарды сақтау және болашақ ұрпаққа беру сияқты бірқатар факторлармен дәйектеледі[1].

«Архивист» мамандарды даярлаудың еліміз тәуелсіздік алған жылдардағы барысын қарастырсақ, 1991 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих факультетінде «Архивтану» мамандығы ашылды. Осы қара

шаңырақтан түлеп ұшқан архивист мамандар мемлекетіміздің аймақтарында архив мекемелерінде қызмет атқаруда.

Ал осы Абай атындағы ҚазҰПУ –індегі архивист мамандарды даярлау барысы 1999 жылдан бастап осы университеттің қаржы-экономика факультетінде 091241- «Құжаттамалық басқару және құжаттаманы басқару» мамандығы бойынша даярланды[2].

2004 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ-де осы бағыт бойынша мамандар даярлау ісі тоқтатылды. Сонымен қатар архивист мамандар 2004 жылдан бері Бакалавриат және магистратура мамандықтарының жіктелуі бойынша «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы аясында дайындалды. Шамамен алғанда осы бағытта «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі 2008 жылдан бері 80 білім беру грантын құрады. Оның бір себебі, мұрағат және құжат айналымы саласында мұғалімдердің жетіспеуі болып табылды. Сонымен қатар нарық талабына сай мамандарға жеткілікті сұраныстардың анықталмауы да осы мамандықтың келешегіне әсер етті деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қаңтардағы №146 тұжырымдамасында «елдің университеттеріндегі өндіріс саланың кадрлық мәселесі мемлекеттік тапсырыс бойынша Қазақстан Республикасының және ТМД-ның жетекші жоғары оқу орындарында тарихи-архивтік бағыттағы мамандарды даярлау, мұрағаттану және есепке алудың арнайы бөлімдерін құру арқылы шешілетін болды» делінген[3].

2010 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бастамасымен «Мұрағаттану, құжаттама және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының санатына қосылды.

Елімімізде «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша 56 жоғары оқу орны мамандарды даярлайды. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек 2008/2009 оқу жылында осы мамандық бойынша студенттер саны - 8327-ні құраса, 2009/2010 оқу жылында 8666-ны құрады. 2010/2011 оқу жылында қабылдау 2009 жылы бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуші» бойынша жүзеге асырылды. Аталған жіктеуішке сәйкес құжаттанушы мамандарды «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша даярлау жоспарға енгізілді[4].

Осыған сәйкес «2010/2011 оқу жылына жоғары білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын мамандықтар бойынша бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы жобасында аталған мамандық бойынша 10 білім беру гранты бөлінді (мемлекеттік органдардың ұсынған қажеттілігі 9 адам). 2010 жылы «5B051500-Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша кадрларды даярлауға лицензия әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне де берілді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 924 бұйрығы)[5]

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша даярланатын студенттер саны туралы мәлімет

Білім деңгейі	Оқу жылдары	Қабылданғандар саны	Білім алушылар саны	Бітіргендер саны
Бакалавриат	2007/2008	2186	8918	637
	2008/2009	2129	8327	1946
	2009/2010	2094	8666	2429
Магистратура	2007/2008	110	223	52
	2008/2009	114	238	62
	2009/2010	368	420	73

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 296 бұйрығымен «Мұрағат ісі және құжат айналымы саласындағы кәсіби стандарты» бекітілді, онда мамандық бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары, еңбек жағдайлары, білімі, жұмыс тәжірибесі талаптары айқындалады[6].

2012 жылы магистратураға қабылдау «Мұрағат, құжаттама және құжаттаманы басқару» білім беру бағдарламасы бойынша басталды. 2014 жылы алғашқы бітіру өтті: 8 бакалавр, 9 магистрант. 2010 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі кезеңде осы мамандық бойынша мемлекеттік тапсырыс өсуінің динамикасын байқауға болады: магистрант үшін 10-нан 30 адамға дейін, магистратурада 8-ден 25 адамға дейін.

Бүгінгі таңда университетте 5B051500 «Мұрағат ісі, құжаттама және құжаттаманы басқару» білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. «Мұрағаттану, іс жүргізу және құжаттаманы сүйемелдеу» білім беру бағдарламасын әзірлеу Қазақстан Республикасының мұрағат және құжаттама қызметі өкілдерінің және басқа жұмыс берушілердің қатысуымен жүзеге асырылады. Архив саласындағы кафедраның ғылыми жобаларының нәтижелері оқу үрдісіне оқу пәндері ретінде енгізілген. Одан әрі оқу шетелдік университеттердің профессор-оқытушылар құрамы тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылады: Адам Мицкевич атындағы университет (Польша, Познань); Чехия ұлттық мұрағаты (Чехия); Муравский Земский мұрағаты (Чехия, Брно); Карлов университеті (Чехия, Прага); Лейден университеті (Нидерланды); «Еуропалық Одақтағы білім беру жүйелері: ынтымақтастық пен дамудың болашағы» білім беру курстары (Чехия, Прага, Чарльз университеті). Дәріске шетелдік оқытушылар шақырылды. Бұл саладағы кадрларға деген қажеттілік еліміздегі нарықтық экономиканың, саяси, әлеуметтік қатынастардың дамуымен және мекемелер мен кәсіпорындардың (мемлекеттік, коммерциялық емес, коммерциялық) ұйымдарын құру және қайта құру процестерімен анықталады. Қазақстанда мемлекеттік, республикалық, аудандық және қалалық деңгейдегі 200-ден астам мұрағаттар, сонымен қатар кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде көптеген ведомстволық мұрағаттар бар[7].

Мұнда құжаттама және мұрағат ісі бойынша ғылыми-техникалық ақпарат орталықтары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитетінің археография және деректану орталығы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мемлекеттік архивтерінің құжаттамалық материалдарын микрофотопиялау және қалпына келтіру зертханасы бар. Бөлім Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатымен бірлескен конкурс өткізеді, онда жеңімпазға сертификат беріледі, содан кейін ол конкурсыз жалданады. Сонымен қатар, осы мұрағат негізінде 3-курс студенттерімен «Мұрағат мекемелерін автоматтандыру» және «Электронды мұрағат» пәндері бойынша практикалық сабақтар өткізіледі. Сабақты директордың орынбасары, профессор Қ.Әлімғазин жүргізеді. 2016 жылы «Мұрағаттану, іс жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша бакалавриат және магистратура бағдарламалары білім беру бағдарламалары ACQUIN агенттігінің халықаралық аккредитациясынан өтті[7].

Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - да кадрларды даярлаудағы білім беру іс-әрекетінің маңызды бағыты - Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің тарихи-мұрағат институтының Құжаттамалық басқару және технотрондық мұрағаттар бөлімімен ынтымақтастықтың қушеюін атап өтеміз. 2016 жылдан бастап «Менеджмент және мұрағаттағы электрондық құжаттармен жұмыс жасаудың теориясы мен практикасы» (қос дипломды білім) мамандығы бойынша халықаралық магистрлік бағдарлама жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасы үшін қос дипломды білім беру - еуразиялық кеңістіктегі жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың негізгі алаңы болды. Жалпы университет пен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін бұл бағдарлама ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандарды, терең кәсіби даярлығы бар магистрлерді даярлау үшін негіз болып табылды және жоғары білімді интернационалдандыру факторы болып табылады.

2001 ж. архивистердің халықаралық кездесуінде (Италия, Масерата) «ешқандай мәдени немесе ұлттық дәстүрлер ақпараттық технологияның жан-жақты күшіне қарсы тұра алмайды» және тіпті «IT-тің озық жетістіктері мұраны сақтау мен оны айналымға негіздеу өте тиімді».

Сондықтан Мәскеудің Тарихи-мұрағат институтының құжат айналымы және технотрондық мұрағаттар факультетінің электрондық құжаттарымен жұмыс істеу теориясы мен практикасы тәжірибесі біздің университет үшін қызықты. Бұл жалпы Қазақстан үшін өзекті, өйткені болашақта ол еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес Қазақстанның мұрағат ісі мен құжатайналымы туралы білімді жетілдіруге және дамытуға, кәсіби стандарттарды енгізуге және осы саладағы негізгі ғылыми проблемаларды шешуге ықпал етеді.

Елімізде бүгінгі таңда архивист мамандарды даярлаудың модернизацияның өзекті мәселелерінің ғылыми-әдістемелік әзірлемелері сәтті дамуда[8].

Жаһандану жағдайында басқару және мұрағаттағы электрондық құжаттармен жұмыс жасаудың теориясы мен практикасы саласындағы университеттер арасындағы білім беру серіктестігін нығайту қазақстандық бағдарламалар мазмұнындағы кемшіліктерді женеді; білім беру қызметтерінің сапасына кепілдік береді; болашақта ҚазҰУ түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету де келешек еншісінде.

Қазақтан Республикасының Мемлекетінің шежіресін, бүгінгі мен кешегісін, жеткен жетістігін, ел басынан өткен нәубетті сәттерді, дамудың тарихи үрдісін сипаттайтын деректерді келешек ұраққа жеткізуде архивтердің және сол жердегі сырт көзге көрінбейтін, мемлекетіміз үшін құнды құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету – архив қызметкерлерінің мәртебелі міндеті. Осы міндет аясында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айқындалған тапсырмалар да архив жұмысының маңыздылығын арттырып отырғандығын байқаймыз.

Бүгінгі таңда архив саласы заңнамасына өзгерістер енгізілуде, жаңа ғимараттар салынып, материалдық техникалық базасы жаңартылып келеді. Алайда бұл саланың да өз шешімін күтетін өзекті мәселелері баршылық. Оның бірі архив саласының жоғары деңгейлі кәсіби мамандар даярлау болып табылады. Қазіргі таңда елімізде жұмыс істеп жатқан архивтерде нақты архивист мамандығы бойынша қызмет атқаратын мамандар жетіспей жатыр. Студенттердің архив қызметі туралы білімдерін нығайту және тереңдету қажет және теория жүзінде алған білімдерін тәжірибелік практикалармен ұштастыру керек. Сапалы мамандар даярлау үшін кәсіби жоғары білім беру нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа архив саласында инновациялық бағдарламаларды меңгеруге дайын мамандарды даярлауы қажет[9].

Қазақстанда қазіргі ақпараттандыру қоғамында бірыңғай электронды құжат айналым жүйесін және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын сапалы деңгейде жүзеге асыратын да осы архивист-құжаттанушы мамандар. Құжаттарды цифрландыру – архив құжаттарын көшірмелеу, қағаз түріндегі құжаттарды электрондық түрге біртіндеп ауыстыру, осы бағытта құжаттарды тездетіп өңдеуде оларды құру, енгізу, сонымен қатар сақтауды қамтамасыз ету негізге алынды. Бұл технология ақпараттарды жылдам тарату, қоғамды қажетті құжаттармен қамтамасыз етуде қолжетімділік мәселелерін шешудегі жаңа құрал болары анық және архив және іс жүргізу салаларында өзінің оң шешімін табуда ұтымды.

Бүгінгі күні архив саласын үлкен жаңалықтар мен өзгерістер күтуде. Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында атап өтілгендей, «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасы қабылданып, бұл архив саласына серпіліс беретіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің де сала мамандарын даярлауда өз үлесін қосуда. Оқу залында жоғары оқу орындарының студенттері тұрақты түрде зерттеу жұмыстарына арқау болатын тарихи құжаттармен жұмыс жүргізетін болды. Архив барлық жеткізгіштер түріндегі архивтік құжаттарды толықтыру, сақтау және пайдалану, құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру, есепке алу және сақтауды жүзеге асырады.

Қорыта айтқанда, архивист мамандарды даярлау қажеттілігі күннен күнге артуда. Еліміздің алдыңғы қатарлы көптеген жоғары оқу орындарында бакалавр, магистратура және докторантура сатыларында архивтану, құжаттану факультеттері ашылса, отандық архив саласының дамуына үлкен серпіліс болар еді. «Ашық Үкімет» шеңберінде электрондық құжаттарды сақтау және оны жүйелеу, жүзеге асыру ісі, халыққа қолжетімді ақпараттар тарату және архив ісінің мамандарын даярлау жұмысы қатысушылар қарастыратын негізгі мәселе ретінде ұсынылды. «Мемлекет басшысы бес институттық реформаны іске асыру мақсатында «Ашық Үкімет» қалыптастыруды жүзеге асыру бойынша тапсырма берген болатын. Бұл бағытта алдымен заңнамалық базаны жетілдіру қарастырылды. Талқыланатын негізгі мәселенің бірі – министрлік әзірлеп жатқан архив ісі саласында қызмет көрсетуді жетілдіру мәселесін заң жобасы негізінде жүзеге асыру болып отыр. Екіншіден, республикадағы мекемелердің заманауи ақпараттық инфрақұрылымын құру, электронды архивтерде сақталатын ресурстарға кең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін сервистерді дамытуымыз керек», – дейді Мәдениет және спорт министрлігі Мұрағаттық іс және құжаттама департаментінің директоры Әлия Мұстафина.

Мемлекеттік архивтер мен мекемелерде ақпараттық технологияларды, оның ішінде электрондық архив жүйесін енгізу өте маңызды мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві 2014 жылы мекеменің ақпараттандыру тұжырымдамасын қабылдаған болатын. Сол жылдан бастап қағаз жүзіндегі архив құжаттарын жаппай цифрландыру жобасы қолға алынды. Осы төрт жылда 100 мыңнан аса сақтау бірліктері сандық форматқа көшірілді. Қағаз құжаттарды сандық форматқа көшіру жоғары жылдамдықтағы көпқызметтік құрылғыларда жүзеге асырылады. Орта есеппен алты көпқызметтік құрылғы арқылы аптасына 500 сақтау бірлігі цифрлаудан өтеді[10].

Архив құжаттарын цифрландырумен қатар Қазақстан Президентінің Архивінде «Электронды архив» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Жүйенің атқаратын міндеттерінің қатарына Архивтің негізгі бағыттарын ақпараттандыру, Ұлттық архив қорының құжаттарын жинақтау, есепке алу, сақтау және пайдалану кіреді. Жүйенің интерфейсі пайдалануда өте ыңғайлы. Зерттеушілер осы жүйе арқылы кейіннен тапсырыс беретін құжат туралы ақпаратты алдын ала көре алады. «Электронды архив» жүйесі-

нің іске қосылуы зерттеушілер үшін құжаттардың тізімдемесіне қашықтан қолжетімділігін ғана қамтамасыз етіп қоймай, архив қызметкерлерінің жұмысын оңтайландыруда да үлкен септігін тигізіп отыр.

– «Ашық қоғамға – ашық архив» акциясының басталғанына да бірталай жылдың жүзі болды. Тарихи маңыздылығы жоғары кейбір құпия құжаттар жария болса, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келетіні тағы бар. Архивте Қазақстан тарихының өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуге, мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған Ұлттық архив қорының құжаттарын кеңінен пайдалану және жариялау ұйымдастырылған. 2004 жылы Архивтің бастамасымен құжаттарды құпиясыздандыру бойынша Ведомствоаралық комиссия құрылып, комиссияның жұмысы нәтижесінде 2004-2008 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің және оларға дейінгі билік органдарының 1937-1991 жж. аралығындағы 40 мың істің құпиялылығы жойылды.

Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы экономикалық дамуы ол тікелей елбасымыздың ұстанған жаңа бағыттағы саясаты десек болады. Мінекей, осындай жаңа бағыттағы саяси, экономикалық мәдени жүйеде елдің ел болып қалуына тікелей оның мәдени құндылықтарына байланысты. Ал мәдени, тарихи құндылықтың қайнар көзі мұрағаттарда екені мәлім. Ендеше мәдени байлықтарымыздың сақталуын, пайдалануын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыратын, мұрағаттарды басқару органдары. Яғни мұрағаттардың және оларды басқару органдарын зерттеу біздің сол құндылықтарымызға көзқарасымызды көрсетсе керек. Мұрағат ісін басқару жүйесі мұрағат ісінің қызметін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаттық қызметі мәдениет пен ғылымда, халықтың тарихи санасының қалыптасуында маңызды орын алады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы республикамызда 2017 жылы қабылданғаны белгілі. Аталған бағдарлама халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруды және шалғайдағы елді мекендерде 2022 жылға дейін интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етуді көздейді. Цифрлы экономиканы білімді және жоғары білікті мамандарсыз қалыптастыру мүмкін емес. Осы орайда IT мамандар бар дегенімізбен, архивтің ішкі құрылымы мен оның құжаттарының мазмұны мен құрамын толықтай меңгерген цифрландыру процесін игере алатын IT мамандар жеткіліксіз. Архив ісі және құжаттама департаментінің директоры Әлия Мұстафинаның айтуынша, Қазақстанда архив саласында шамамен 3000-ға жуық қызметкер жұмыс істейді және солардың 3 пайызы ғана «Архив ісі, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығын тәмамдағандар екен. Қазақстанда жалғыз архив ісі мамандарын даярлайтын оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Жыл сайын «Архив ісі, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығына бакалаврға – 25, магистратураға – 10 білім гранты бөлінеді және соңғы жылдары докторантураның ашылғанымен оған тапсырушылар аз екені белгілі. Бұл кәсіби даярланған мамандардың жеткіліксіздігін көрсетеді. Сол себепті елімізде архив ісі саласында IT мамандар даярлайтын мамандық ашу керек. Ал жаңа заманауи техникалық құралдарға қолжетімді болған жағдайда оны игеру, қолданысқа пайдалану, автоматты түрге көшіру, цифрландыру жұмысын бірыңғай ақпараттық жүйеге бейімделе құру – екінші мәселе. Сонымен қатар архив саласына цифрландыруды жүргізуге заманауи талаптарға сай техникалық жабдықтар қажет, ол үшін цифрландыруда мемлекеттік тұрғыда қаржыландыру мәселесі қолдау табуы тиіс. IT архивистер мамандығы бізге қажет себебі қазір технологияның заманы бұл салада технологиямен бірге құжаттарды байланыстыра отырып жаңа әртүрлі бағдарламалар жасау мәселесінде жаңа мамандық иелерін дайындау қажет.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Вопросы документооборота. - 2010. - №7(07). -10 С.*
- 2 *Бирмкулова Н. Инновациялық мамандар қажет//Астана Ақшамы, 2019., 31 Наурыз,*
- 3 *Аханбайқызы А. Архив жұмысы - "Ашық Үкімет" аясында // Егемен Қазақстан. - 2016. - 28 қазан (№ 207). - 8 .*
- 4 *Архивті цифрландыру көп мәселені шешеді – Жангелді Махашов baq.kz/kk/regional_media/post/42922*
5. *Жаптаров Б.А.«Архив – мемлекет тарихының сақтаушысы» (сұхбат) // Егеменді Қазақстан. 2013. - 3 б.*
6. *«Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заң. - 1998 ж. - 22 желтоқсан.*
7. *Қазақстан мұрағаттары: анықтама, - Алматы, 2013 ж.*
8. *Вяликов В.И. Управление государственными архивами СССР под. Ред В.В. Максаков*
9. *Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. - Алматы, 1996. - №43. - 60-62 стр.*
- 10 *Архив мамандары қажет// Ана тілі 2019 ж. 14 - Наурыз,*

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ PERSONALITY

ӘӨЖ 798.03
ГРНТИ 03.01.20

М. Қ. Қойгелдиев¹

¹Академик Т.С. Садыков атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

№11020 ИНЖЕНЕР-ГЕОЛОГ МЕРҒАЛИ ҚАДЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ ІСІ

Аңдатпа

Мақалада Қаратау және Алатау өңірлерінде жаңадан ашылған кен орындарының авторы ретінде танылған инженер-геолог Қадылбеков Мерғалидың қызметі мен қайғылы тағдыры баяндалады. Репрессия құрбаны болған геологтардың өмір жолы отандық тарихнамада алғаш рет қарастырылып отыр. Әсіресе, Торлан өңіріндегі геологиялық барлау ісінде ерекше белсенділігімен және жоғары дарындылығымен танылған талантты геолог Ащысай, Мырғалымсай ғана емес Қазақстан көлемінде пайдалы қазбалар жөніндегі ілімнің биігіне көтерілген тәжірибелі қазақтың жас зиялысы. М.Қадылбековтың өмірі мен қызметі Ішкі Істер Министрлігі архиві қорының материалдары негізінде даярланды.

Кілт сөздер: инженер-геолог, кен қоры, руда, тергеу ісі, ақтау, индустриализация.

Койгелдиев М. К.¹

¹ доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, Заведующий кафедрой Кафедра истории Казахстана им. Академика Т. С. Садыкова Казахского национального педагогического университета имени Абая

ДЕЛО № 11020 ИНЖЕНЕРА-ГЕОЛОГА КАДЫЛБЕКОВА МЕРГАЛИЯ (1907-1938 ГГ.)

Аннотация

Статья посвящена истории жизни и деятельности инженера-геолога Кадылбекова Мергалия, который открыл новые рудные месторождения в горах Каратау и Алатау. Жизнь и судьба геологов, жертв репрессий советской власти, впервые рассматривается в отечественной историографии. Мергалий Кадылбеков стал известен своей исключительной активностью и талантом в период своей работы в Торланской геологоразведке по изучению минеральных ресурсов месторождений Ащысай и Миргалымсай. В статье о жизни и деятельности Кадылбекова Мергалия использованы материалы Архива Министерства внутренних дел.

Ключевые слова: инженер-геолог, месторождение, руда, следственное дело, индустриализация, реабилитация.

Koigeldiev M. K.¹

¹ Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan. Academician TS Sadykov Kazakh National Pedagogical University named by Abay

CASE NO 11020 OF GEOLOGICAL ENGINEER KADYLBEKOV MERGALIY (1907-1938 YY.)

Abstract

The article describes the life and professional activities of Kadylbekov Mergalia, geological engineer, the author of new metal deposits in the mountains of Karatau and Alatau. The life of repressed geologists is being analyzed for the first time in domestic historiography. The life and fate of geologists, victims of repression of Soviet power, is first considered in historiography of Kazakhstan. Mergaly Kadylbekov became known for his exceptional activity and talent during his work in the Torlan's exploration for the study of the mineral resources of

the Ashysay and Mirgalymsay deposits. The article on the life and work of Kadylbekov Mergalia uses materials from the Archive of the Ministry of Internal Affairs.

Key words: geological engineer, deposit, ore, investigation, industrialization, rehabilitation.

Ұлттық инженер-геолог мамандардың алғашқы буынының өкілі Мерғали Қадылбекұлының өмірі мен қызметі туралы жазылған танымдық мақалалар көп емес, дегенмен бар [1]. Қайраткер тұлғаның қызметі мен ұстанымын тура да тереңірек түсінуге көмектесетін артында қалдырған мұрасы да бар [2]. Кезінде оның «Социалды Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жариялаған мақалалары соның айғағы. Болашақта геолог-ғалымның даярлаған «Минерология және геология» атты кітабын тауып, жариялау да осы бағытта атқарылатын іс болмақ. Қазіргі кезеңде геология және оның кадрларына қатысты танымдық мазмұнда жазылған еңбектермен қатар атамекеннің кен қорларын түрлі тарихи кезеңдерде игеру ісіне қатысты теориялық талдау жұмыстарының да жарық көргені қажет-ақ. Өйткені кен қорлары шексіз дүние емес, соған байланысты оны үнемді пайдалану мәдениетін қалыптастыру болашақ ұрпақтар алдындағы борышымыз.

Осы жағдайға байланысты келесі екінші мәселе, кен қорларын пайдалануға байланысты заңдық актілерді даярлау және қабылдау ісінде бұл ұстанымға басымдылық берілгені жөн.

Қорыта айтқанда, патшалық және советтік кезеңдердегі жер қойнауындағы құндылықтарға байланысты қалыптасқан ұстанымдар сараптауда өткізіліп, бұл мәселеге байланысты жаңа рационалды ұстанымдарға жол ашылғаны уақыт талабы.

Геологиялық-барлау ісіне қатысты жаңа көзқарас және ұстаным кадр даярлау ісінде де ескерілгені жөн. Атамекеніміздің жер байлығына құрмет жалпы қоғамда, оның басшыларында алдымен, әрине, геолог мамандарда болғаны құба-құп.

Сонымен, Мерғали Қадылбекұлының өмір жолы қалай және неден басталған еді? Бұл тарихи тұлға туралы ел арасында қандай мәлімет, пікір сақталған?

Мерғали Қадылбекұлы, жалпы Қадылбековтар әулеті туралы орнықты мақаланың авторы профессор Төлеутай Ақшолақов. Ол алғашқы буын қазақ зиялыларының көзін көрген, іздегенін іздеген тамаша педагог-ғалым. Қадылбековтар әулетінің жерлесі әрі ағайыны. Баянауылдан. Төкең «Осы жұрт Каделенколарды (Қадылбековтарды) біле ме екен?» деген танымдық мазмұндағы мақала жазып, Павлодардан шығатын «Сарыарқа самалы» аталатын газетке жариялайды. Сол мақаласында ол Павлодар өңірінде ХХ ғасырдың басында Шорман би әулеті бастап, Сәтбаевтар, Барлыбаевтар, Күленовтар әулеті қостап орыс оқу орындарында бала оқытуды дәстүрге айналдырғанын жазады. Бұл бір, әрине, үлгі-өнеге алатын дәстүр еді. Осы үрдіске орта шаруа иесі Қадылбек ақсақал да қосылып, төрт бірдей балаларын білім алу жолына салады. Ұлт тарихында терең із қалдырған Нұрғали мен Мерғали Қадылбековтар осы әулеттен. Қадылбектің үлкені Нұрғали фамилиясын өзгертіп «Каделенко» аталып кеткен. Бұл жағдайдың қысқа тарихы мынадай. Нұрғали бастауыш білімді Павлодардың жанындағы Коряковка селосындағы орыс-қазақ мектебінде алады. Сонан соң Омскі қаласындағы мұғалімдер семинариясын аяқтайды. Украин достарының ықпалы болса керек, Баянауылда өткен бір жиналыста орысшасын украин акцентімен сөйлеп, сонда жиналысқа қатысып отырған бір досы «Нұрғали сен нағыз хохолша сөйледің, енді сені Каделенко атайтын шығармыз» деп, қалжың айтады. Содан соң оны достары «Каделенко» атап кетеді. Тіптен бұл атау біртіндеп ресми құжаттарға да енеді [3].

Мерғалидің №11020 тергеу ісінде оның өмір жолы мен қызметіне қатысты мәліметтер көп емес, дегенмен бар. Бұл ретте көзге түсетін құжат, әрине, тұтқынның өмір жолына байланысты толтырылған «Анкетасы». Онда Мерғалидің 1907 жылы Қарағанды облысы, Баянауыл ауданы, Жаманқыстау ауылында өмірге келіп, тұтқынға алынған сәтте Алматы қаласы, Дзержинскі көшесінің 58 үйінде тұратындығы айтылған. Білімі жоғары, Мәскеудің геологиялық-барлау институтын аяқтаған. Қызметі туралы Текелі рудабасқармасының техника бойынша басшысы екендігі жазылған. Мамандығы барлаушы-инженер, сондай-ақ Бүкілодақтық геологтар одағының мүшесі екендігін білдірген. Бұл кезде жеке тұлғаның әлеуметтік тегіне жете көңіл аударылған. Осы графада 1925 жылға дейін кедей шаруа, ал 1926 жылдың құлаққа жатқызылған отбасынан екендігін көрсеткен. 1931 жылдан БК(б)П-на мүшелікке кандидат екендігін де жазған. Денсаулығына байланысты талма ауруы бар екендігін көрсеткен. Отбасында 70 жастағы анасы Мақыштың, зайыбы Мәрзияның, 8 жастағы қарындасы Қалимаштың бар екендігін айтқан [4]. 1937 жылдың 9 маусым күні жүргізілген тергеуде, тергеуші Мерғалиға «Орынборда рабфакта оқып жүргенде қазақ студенттерінен кімдермен таныс болдыңыз» деген сұрау қояды. Бұл сауалға Мерғали «Ажимов Рамазанмен, Бисалиев Хамитпен, Оспанов Өмірбекпен, Өтеулиев Есенмен, Қожаев Ғалимен, Адамов Жан, Мәмбетов Байжанмен. Бұлардың арасында Оспановпен, Бисалиевпен және Мәмбетовпен жылы қатынаста болдым». Ал «Мәскеудегі тау-кен институтында оқып жүргенде

кандай қазақ студенттерімен қатынасып жүрдіңіз?» деген сұрауға ол «мен Дәуітовпен, Мұташевпен, Қуанышевпен, Базатаев Дүйсенмен, Омарбековпен, Қожаевпен, Қалдыбаев Тұрармен, Жандосов Оразалымен таныс болдым» [5] деген мәлімет береді.

Осы ретте келесі бір құжатта Мерғалиды 1929 жылы Орынбордағы рабфактан контрреволюциялық ұлтшылдық қызметі үшін шығарылғандығы жөнінде айтылады. 1937 жылы сәуірде жазылып, мемлекеттік қауіпсіздіктің аға лейтенанты Марсельский қол қойған осы анықтамада Мерғалиды геологиялық-барлау институтын 1932-1933 жж аяқтағандығы көрсетілген [6].

Жоғарыда қойылған сұраулар арқылы тергеушінің қазақ жастары арасындағы көңіл-күйді білгісі келгендігін байқауға болады. Сонымен бірге осы ретте алынған мәліметтер тергеушіге репрессиялық шаралар ауқымымен кеңейте түсу үшін де қажет еді.

Мерғали Қадылбекұлы ұлт өмірінің аса бір күрделі кезеңінде мамандығына сай қызметке араласып, басқа да құрдастары сияқты өнеркәсіп ошақтарын салу арқылы елдің өмірін жаңа сапаға көтеруге болатындығына сенді. Белгілі журналист Мыңбай Ілес аталған мақаласында «Оразалы Жандосов пен Мерғали Қадылбеков «Казполиметалл» тресінің басшылығында қызмет істеген екінші бесжылдық кезінде (1933-1937 жж) Қазақстанның түсті металлургиясы жедел қарқынмен дамыған болатын. Түсті металдардың кейбір түрлерінің жалпыөнімінің көлемі жағынан Қазақстан Одақ бойынша бірінші орынға көтерілгені белгілі деген ойды айтып, осы ретте экономиканың бұл аса маңызды да күрделі саласында Қазақ республикасының өз орнын анықтау ісіне аталған екі инженер-геологтардың қосқан үлесі қомақты екендігін орынды атап көрсетеді. Мәселен, 1934 жылы өнім бере бастаған Шымкент зауыты 1934 жылы бүкіл ССРО көлемінде қорытылған қорғасынның 73,2 пайызын берді [7]. Ал бұл зауыттың сол кездегі негізгі шикізат көзі Ащысай және Текелі рудниктері болатын. Өз ретінде бұл шикізат көздерін ашып, оларды өндіріске қосу ісінде М.Қадылбеков пен О.Жандосовтың атқарған қызметін асыра бағалау мүмкін емес-тін. Соған қарамастан, мәселен, бұрынғы советтік идеология салған сүрлеуге түсіп, көптомдық Қазақстан тарихының соңғы басылымын Қоңырат және Бошекүл сияқты мыс көздерін ашу ісінде М.Т.Русаков және Р.А.Борукаев сияқты геологтардың рөлі орынды аталып, ал Қаратау мен Алатаудағы қорғасын кені көздерін іздеп табудағы қазақ геологтары О.Жандосов пен М.Қадылбековтің аттарын атауға келгенде авторлар сарандық танытады [8].

Осы арада тарих жазу ісінде бұрыннан келе жатқан мынадай даулы мәселені айналып өту мүмкін емес. Ол отандық кен көздерін игеру ісіне байланысты. Қазіргі уақытта біз қазақ жері одақтық өнеркәсіп алыптарының шикізат көзі болды деген өкінішті ойды айтып жүрміз. Шындық солай. Сонымен бірге, шикізат көзі болу бізге тағдырдың жазуымен бұйырған жалғыз баламасыз жол емес-тін. Мұндай жолды бізге күштеп таңған Орталық Мәскеулік билік еді. Егер бұл мәселені тарихи сабақтастық арнасында қарар болсақ, онда қазақ жерінің кен көздерін игеру метрополия (патшалық және советтік) жүргізген бағыт, мазмұннан басқа арнада жүруі әбден мүмкін еді. Ол алаштық буын ұсынған жол-жоба-тын. Мәселен, 1905 жылы Семейлік Омархан молла Мусафыров, Темірғали Нүрекенов және Апық Жолшариннен тұрған топ Ішкі Істер Министріне жолдаған петицияларында «Қазақтың таулы даласында ашылған қазба байлықтары олардың өз меншігі, ал ол жерде салынатын зауыттар қазақтардың иелігінде болып есептеледі. Егер де қазақтардың өздері кенді өндіруден бас тартса, сонда ғана кен орындарын басқа адамға жалға беруге олар құқылы. Жалға алған адам жер иесіне әр десятинаға жалақы төлеуге тиісті» [9]. Бұл патшалық билікке жөнелтілген арыз-тілектегі ұсынысты кейін, яғни 1917 жылы екінші жалпықазақ съезі енді советтік басшылыққа тапсырылған қарарында мынадай мазмұнда қайталайды: « III. «Алаш» автономиялық облыстарының территориясы жер үсті бар байлықтарымен, өзен-суы, оның берекесімен, сондай-ақ жер асты кендерімен «Алаш» меншігін құрайды» [10]. Бұл ұсынысты жасай отырып ұлттық басшылық оның орындалуынан үміттенді. Өйткені солшыл қанаттағы орыс демократиясының бастапқы кезеңде берген уәдесі аса зор еді. Бірақ көп ұзамай-ақ орталық советтік билік соңғы өнім шығаратын өнеркәсіп ошақтарын құру ісі «жалпыодақтық» мүдде тұрғысынан шешілетіндігін мәлімдеді. Қазақ жеріндегі кен көздерін игеру ісі осы ұстанымға бағындырылды. Орталық алғашқы бесжылдықтар жоспарын жасау барысында Қазақстанның орнын Ресейлік өнеркәсіп ошақтарына шикізат өнімдерін беруге тиіс өңір ретінде анықтады. Бұл ұстанымға ашық та анық қарсы шығып, соңғы өнім шығаратын өнеркәсіп орындарын шикізат көзіне жақын салуды орталықтан талап еткен Смағұл Сәдуақасов сияқты қайраткерлер Қазақстаннан тыс жерлерге ығыстырылды. Қазақ өнеркәсібінің даму жолдары туралы сөз болғанда бұл тарихи шындықты ұмыт қалдыруға болмайды. Сол сияқты Оразалы мен Мерғали сияқты ұлт мамандары қазақ жеріндегі кен орындарын ашқанда сол ашылған байлықтың берекесі алдымен осы жердің иесі-қазақ халқына жұғымды болуға тиіс деген ұстанымда тұрғандығына шек келтірудің өзі айып болар еді.

Алғашқы буын геолог мамандар қазақ жерінен өндірілген қорғасын, мыс және басқа металл өнімдерінің ертең ақ осы жерде машина жасау өндірісіне негіз болатындығына сенді және осы мақсатқа жұмыс істеді. Бұл ретте олар сөзсіз С. Сәдуақасовпен бір пікірде, ұстанымда болды. Өкінішке орай, ұлыдержавалық ұстанымдағы орталық билік қазақ мамандарының бұл ойына өріс бермеді, бұл пікірді білдірушілерді саяси қудалауға алып, жойып отырды.

Мәселе мынада еді. Қазақ инженер кадрларының алғашқы буыны қалыптасу және өсу барысында елдің өз қазба байлықтарын өзі игеріп, бұл мүмкіндікті елдің тәуелсіз даму мүддесіне жарату туралы мәселе көтеретіні сөзсіз еді және оған уақыт қажет-тін. Мәскеулік орталық бұл пікірді білмеді емес, білді, сондықтан да алғашқы буын инженер кадрларды жою, ал тірі қалғандарын тежеп ұстау жолына түсті. Мерғали, мәселен, Шымкент зауытын кен өнімдерімен қамтамасыз етуге байланысты жазған мақаласында геолог-барлаушыларға арнап «біз қайткенде де зауытты руда жөнінде қамтамасыз етуіміз керек» деген ойын білдіріп, «өлкелік геология конференциясы Қазақстанның байлығын зерттеу ісін жақсы жүргізу ретінде бірсыпыра шаралар белгілеп отыр», соған байланысты «біздер, алмайтын қамал, жеңбейтін қиыншылық жоқ» [11] деп жазды.

Қазақ геология ғылымы алдымен ұлт мүддесіне жұмыс істеуге тиіс екендігін ол келесі бір «Техника кітаптарын қазақшаға аудару туралы» атты мақаласында анық білдіреді. Бұл мақаласында Мерғали өзін нағыз алаштық ұстанымдағы кемел маман ретінде танытады. Мақалада инженер-геолог қазақ тілінде техникалық әдебиеттер буынын даярлап, техникалық термин қалыптастыру мәселесін көтеріп, бұл істің «нәтижелі болуы үшін арадағы бар кедергілерді жойып, қазақшаға техникалық кітаптарды аудару жұмысын белгілі бір жүйеге салу керек деген ұсынысын білдіріп, өзінің «Минерология және геология» деген кітапты аударып, халық ағарту комиссариатының келісімімен баспаға тапсырғанын айтады. Сондай-ақ осы еңбекті даярлау барысында аудармашы ретінде өзінің жолыққан қиындықтарымен бөліседі. Мәселен, техникалық пәндерге ортақ жағдай қалыптасқан терминдердің жоқ екендігіне, соған байланысты «амалсыздан термин жасап алуға тура келгендігін» жазады.

Мерғали түрлі пәндер саласында термин қалыптастыру ісінің республикалық халық ағарту комиссариаты тарапынан қолға алынып, тіптен бұл іске байланысты «Бюллетендер» жарық көре бастап, өкінішке орай, жалғасын таба алмай тоғарылғандығына да тоқталады. Бұл фактіден терминология ісі алаштық зиялылар тарапынан қолға алынып, билік идеологиясының оған шек қойғандығын байқаймыз.

Осы аталған мақаласында Мерғали аударма және терминология ісін терең меңгерген маман ретінде көрінеді. Мәселен ол өз саласына байланысты байыту фабрикасы, даяр металды қорытып шығаратын кәдімгі зауыт жұмысы, оларды жалғастырып тұрған темір жол жұмысы сияқты буындардағы қазақ жұмысшыларына, десятниктерге, техниктерге, мастерлерге арнап күнделікті қолданыстағы терминдер сөздігін, кітапшаларды шығаруды ұсынады. Техникалық кітаптарды аудару мен оларды жазудың саяси маңызы бар үлкен жұмыс екендігіне, сондықтан да бұл іске жүрдім-бардым қарамай, жобалық негізде жұмыла атқаратын шаруа екендігіне көңіл аударады [12].

Осындай өз мамандығын терең меңгерген, бар күш-жігерімен отанына қызмет жасау жолында ғажап нәтижелерге қол жеткізген жас инженер-геологтың тұлғасы кімге, не үшін ұнамағандығы, көптеген сұрауларға қозғау салары хақ. Енді осы мәселеге тоқталайық.

М.Қадылбекұлының №11020 тергеу материалдарында Мерғалидің 1937 жылы 19 мамырда Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы Жанайдар Сәдуақасовтың атына жазған түсінік хаты тіркелген [13]. Хаттың көшірмесі Өлкелік партия комитетіне жолданған. Хат Текелі рудабасқармасының директоры Оразалы Жандосов пен басқарманың техникалық жетекшісі, яғни бас инженері Мерғали Қадылбековтің арасындағы кикілжіңге арналған. «Ескерткенім абзал, Жандосов пен екеуміздің арамызда жұмысқа байланысты келісе алмаушылық рудабасқармасы құрылған күннен бастап-ақ орын алды. Ол жөнінде өз уақытында жазба түрінде Жандосовтың өзіне де сондай-ақ Главцветметтің бастығы жолдас Шахмұрадовқа да айтылды», - деген сөзбен басталатын бұл хаттың егжей-тегжейін анықтау мүмкін болмады. Оның мынадай екі себебі бар. Біріншіден, бізге департамент архивындағы бұл екі қайраткердің іс материалдарымен толық күйінде танысуға мүмкіндік берілмеді. Екіншіден, облыстық, аудандық және жергілікті партия ұйымдарында қаралған бұл іске байланысты құжаттық материалдарды табудың өзі бүгінде жеңілге түспесі хақ.

Хатта баяндалған фактілердің желісіне қарағанда екі басшы арасындағы келісе алмаушылық Текелі кен орындарын игеру қарқыны мен оған бөлінетін қаржы төңірегінде жүрген сияқты. Бұл мәселеге байланысты республикалық басшылық арасында да ортақ ұстаным болмай, дискуссияға тартылғандар екіге жарылғандай әсер қалдырады. Мәселе 1936 жылы республикалық үкіметтің, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау комитетінің мәжілістерінде қаралады. Осы отырыстарда Мерғали, мәселен, Жоспарлау

Комиссиясының төрағасы В.Н.Андроников пен оның орынбасары А.И.Кельмансонның Оразалы ұстанымы жағында болғандығынан мәлімет береді. Мерғали өз тарапынан Оразалының ұстанымымен келісе алмайтындығын білдіріп ашық басылымға шығады [14]. Оның бұл қадамы күрескер тұлға екендігінен хабар берсе керек.

Осы ретте мынадай жағдайды ескерген артық емес. Бұл қоғамда 1936-1937 жылдары орын алған нәрсе. Ұзақ жылдардан бері бірін-бірі жақсы білетін әріптес-достардың ара-қатынасына неге байланысты кірбің түсті? Директор мен оның орынбасары арасындағы өзара келісе алмаушылық неге шиеленісіп кетті? Бұл іске теріс пиғылдағы күштер араласып кеткен жоқ па? деген күдік те оралады. Бұл кезең сондай-ақ қорғаныстық маңызы бар өнеркәсіп салаларының үстінен құпия бақылау орнатылғандығымен ерекшеленетін еді. Қорғасын өндірісі осы салаға жатты. Мәселен, осы 1937 жылдың сәуір айында Н.Ежовтың атына Қазақ ССР Ішкі Істер Халық Комиссары Л.Б.Залин қол қойған есеп жолданады. Онда Қазақстандағы түрлі-түсті металл өндірісі саласында «зиянкестікпен айналысатын қылмыстық топтардың» жергілікті қауіпсіздік күштер тарапынан «әшкерленгені» туралы айтылады [15].

Түсінік-хат 1937 жылдың 19 мамырында, яғни Оразалы мен Мерғалидің екеуін бірдей тұтқындауға он күн қалғанда жазылған. Бұл жағдайдан мәселенің біраз асқынып кеткендігін аңғару қиын емес. Ендігі кезекте бұл азаматтарды қамауға алған НКВД мекемесінің дәреже-деңгейінен хабар беретін мынадай құжатқа көңіл аударайық (негізгі ой түсінікті болу үшін құжатты түпнұсқа тілінде бердік-авт):

«Постановление.1937 года, мая 29 дня, село Талды-курган. Я, Оперу-полномоченный Алма-Атинского обл. НКВД-Сержант Государственной Безопасности Смирнов рассмотрев материал на гр-на Кадылбекова Миргали, казах, рождения 1907 года, уроженец Барнаульского района, Восточно-Казахстанской области, из крестьян, служащий, кандидат ВКП(б), инженер-геолог, директор Текелинского Рудоуправления, и приняв к исполнению телеграфное распоряжение Нач. 3-го отдела НКВД КССР об аресте (уже согласованном с Прокурором Каз.ССР) гр. Кадылбекова Миргали и этапирование его в распоряжение НКВД КССР. Постановил: Арестовать гр. Кадылбекова Миргали и этапировать его в распоряжение НКВД КССР» [16].

1937 жылы 29 мамырда НКВД сержанты Смирнов даярлаған бұл құжатта көзге ұрып тұрған нәрсе ол Мерғалиды тұтқынға алу туралы тапсырма беріп отырған саяси полицияның республикалық басшылығы екендігі, ал оның артында Қазақстаннан Троицкий мен Пятаковтың одақтастарын іздеген НКВД-ның Мәскеудегі басшылығы тұрғандығын аңғаруға болады. Өз кезегінде мұндай шешімнің өз ретінде республикадағы партиялық және советтік басшылықтың келісімі арқылы қабылданатындығы да түсінікті. Яғни, бұл фактіден мемлекет көлемінде НКВД-нің Қауіпсіздік Комитетінің соншалықты құдіретті күшке айналғандығын аңғаруға болады. Ал бұл шешімді орындайтын Смирнов сияқты облыстық НКВД қызметкерінің білім дәрежесі Барнаул мен Баянауылды, Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарын ажырата алмайтындай деңгейде еді. Міне осы баяндалған материалдан Мерғали сияқты қызметі қоғам мен мемлекеттің өмірімен біте қайнасып кеткен азаматтың тағдырының қандай жағдай және дәрежеде шешімін тапқандағын бағамдауға болады.

Жалпы М.Қадылбеков ісінде НКВД органдары тарапынан жіберілген қисынсыз жағдайлар аз емес. Мәселен, Мерғалиды қамауға алу және оған «қылмысты» екендігін мәлімдеу туралы НКВД-ның 4-ші бөлімінің оперуполномоченный Латыпов қол қойған қаулы 1937 жылдың 28 мамырында даярланады, 30 мамыр күні Мерғали тұтқындалады, 9 маусымнан бастап ол тергеушінің сұрауларына жауап бере бастайды, ал Мерғалидің өзіне «астыртын контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының мүшесі ретінде жүргізген Текелі рудабасқармасындағы зиянкестік қызметі үшін» тұтқындалғандығы туралы шешімді осы жылдың 13 маусымында естіртеді [17]. Ең сорақы жағдай міне осы қаулы НКВД-ның республикалық басшылығы тарапынан 1938 жылдың 14 қаңтарында, яғни М.Қадылбековты атуға бұйырған шешімге бір ай мерзім қалғанда бекітіледі [18]. Яғни, бұл арада байқалатыны Мерғалидің тағдыры НКВД тарапынан күні бұрын шешіліп қойғандығы, соған байланысты ешқандай да тергеу жұмысының жүргізілмегендігі еді.

Жоғарыда келтірілген фактілік материалдар біз қарап отырған мезгілде НКВД органдары, оның барлық буындарындағы қызметкерлері елде шексіз билікті иемденіп, түрлі қиянатқа барғандығын куәландырады. Осы ретте 1936-1938 жж ССРО-ның Ішкі Істер Халық Комиссары Н.Ежовтың әріптестеріне айтқан мына сөзі сол кездегі елдегі шындықтың нақты көрінісі еді. «Сендер неден қорқасындар? Бүгін билік біздің қолымызда ғой. Кімді дарға асқымыз келсе, асамыз, кімді есіркегіміз келсе есіркейміз. Осында басқарма бастықтары отырсындар, байқаймын қай-қайдағы бір түкке тұрмайтын обком хатшысынан қорқасындар. Жұмыс істей білу қажет. Шексіз билік бізде, соны түсініңдер. Обкомның хатшысынан бастап бәрі, бәрі алдарында құрдай жорғалайтын болсын. Ал сен

облыстағы ең беделді адам болуға тиіссін» [19]. Большевиктер орнатқан «пролетариат диктатурасы» аталатын билік түрінің өз күшіне толық енген «жұлдызды» шағы осы кезең болатын.

ССРО-ның Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының көшпелі сессиясы (құрамы Горячев А.Д. (төраға), Алексеев Г.А., Микляев А.Н. және Шапошников Н.Н. (хатшы) 1938 жылғы 27 ақпан күнгі отырысында инженер-барлаушы, Текелі рудабасқармасының техникалық жетекшісі Қадылбеков Мерғалиді Қазақстанда құрылған контрреволюциялық-ұлтшылдық, көтерілісшіл-террористік және диверсиялық-зиянкестік ұйымның құрамында Советтік билікті құлату мақсатындағы контрреволюциялық қызметі үшін РСФСР қылмыс кодексінің 58-ші бабының 2,7,8 және 11 тармақтарында қарастырылған қылмысқа сәйкес ең жоғарғы жаза – атуға бұйырылсын, сондай-ақ оған тиесілі жеке мүлкі тәркіленсін деген шешім шығарады [20]. Құжаттардың көрсетуіне қарағанда бұл шешім сол күні Алматыда орындалған [21].

Ақталуы. М.Қадылбековтің ісіне арналған папкада қайраткердің қызы Байжұма келіні Рузиманың әкесін заңдық тұрғыдан ақтап алуға байланысты прокуратура және сот, әкімшілік орындарына жазған біраз хаттары мен арыз-тілектері тіркелген. Олармен тебіреніссіз танысу мүмкін емес. Өткен ғасырдың 30-ншы жылдары репрессия құрбаны болған бүтін бір буынның артында қалған үрім-бұтағының жүріп өткен азапты жолы көз алдымыздан өтеді.

Байжұма келіні Рузиманың әкесін ақтап алуға байланысты табанды қызметі жөнінде жазушы Медеу Сәрсекке «Жолы кесілген геолог» атты көлемді еңбегінде жазды. Бұл арада осы мақалада берілген фактілік материалдарды қайталаудың қажеті бола қоймас. Дегенмен, М.Қадылбеков ісінде тіркелген Мерғалидің бауыры Нұрғали Кадаленконың қызы Роза Нұрғали қызының арызына қысқа болса да тоқталуға тура келеді. Өйткені, 1938 жылы қазақ ұлтшылдары ретінде ОГПУ абақтысына Ы.Мұстамбаев, И.Тоқтыбаев және басқа қайраткер тұлғалармен бірге жабылғандардың арасында Мерғалидің ағасы Нұрғали Кадаленко да бар еді. Мерғалидің «халық жауы» ретінде ұсталуына осы жағдайдың да әсері болуын жоққа шығару дұрыс болмас еді. Арыздың мәтіні: «Қаз.ССР прокурорына Қадылбекова Роза Нұрғалиқызынан. Мекен жайы: Шымкент қаласы, Фрунзе көшесі 15 үй.

Мен сізден әкем Кадаленко Нұрғалидің, 1894 жылы туылған, яғни 66 жаста және оның інісі Қадылбеков Мерғалидің, 1904 жылы туылған, яғни 55 жаста, Павлодар облысы, Баянауыл ауданында, №5 ауылдың тумалары, істерін қайта қарап, бір анықтық енгізуді өтінемін.

1937 жылы Мемлекеттік Қауіпсіздік Министрлігі тарапынан қамауға алынған әкем Қарағанды көмір тресінде кадр бөлімін басқарған, қызметте ұсталып Алматы қаласына жөнелтілген. Ал інісі Мерғали Алматы қаласында геолог-барлаушы қызметінде жүріп қамауға алынған. Осы баяндалған жағдайды ескеріп әкем мен оның інісінің істерін прокурорлық бақылау тұрғысынан тексеріп, үштіктің үкімінің күшін жоюға байланысты наразылық ұсынысына қозғау салуыңызды өтінемін. 1960 жыл 5 қаңтар» [22].

Осы ретте Нұрғали Қадылбекұлының неге байланысты қамауға алынғанына тоқталған жөн. 1933 жылы Қазақстандағы ОГПУ басшылығы қазақ жерінде он контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымын ашып, соларға байланысты тергеу ісін жүргізіп, нақты үкімдер шығарғанын мәлімдеді. Осы істер бойынша жүзден астам адам сотқа тартылады. Олардың арасында Н.Кадаленко басқарды деген «Каруголь» тресінен 12 адамнан тұрған топтың да ісі бар-тын [23].

Бұл арада, әрине, бүкіл Қазақстанды құшағына алған қандай тегеурінді ұлтшылдық? деген сауалдың тууы мүмкін. Бұл мезгіл қазақ қоғамында советтік билікке деген наразылықтың өршіп тұрған мезгілі болатын. Басқаша болуы да мүмкін емес-тін. Халықтың жартысына жуығын жалмаған аштық, ал оның үлкен бөлігінің жан сақтау жолында жер ауып басқа елдер мен өңірлерге тентіреп кетуі, осы апаттың алдында ғана халық наразылығының қанға боялып басылғаны және басқа жағдайлар елдің ішінде советтік биліктің түрлі шараларына байланысты наразылықтың шектен тыс өсуіне алып келген-тін. Ф.Голощекин бастаған жергілікті билік елді басқару ісіндегі бұл апатты сәтсіздіктің себебін өзінің қызметінен емес, социалистік құрылысқа «қарсы» алашордашылдар мен ұлтшылдарға аударып салып, солардан әркетінен іздеп, ішкі жауларды «көбейтіп, бар кінәны соларға жабуға тырысты.

Ағайынды Нұрғали және Мерғали Қадылбековтарды, Ораз және Оразалы Жандосовтарды «халық жаулары» ретінде жазалау ОГПУ органдарына Қазақстандағы контрреволюциялық ұлтшыл ұйымдардың, біріншіден, соншалықты ауқымды екендігін көрсету үшін, екіншіден, оның Қазақстан және Орта Азиялық кеңістікте советтік билікке қарсы қауіпті күшке айналғандығын ең жоғарғы басшылыққа нанымды деңгейде жеткізу үшін қажет болды. Яғни, социалистік құрылыс барысындағы сәтсіздіктер Орталықтың да, Ф.Голощекин мен Средазбюроның да кінәсы емес, оған кінәлі социализм идеясына қарсылық ұйымдастырып отырған жергілікті байлар, алашордалықтар, ұлт зиялылары, басшылық арасында жүрген ұлтшылдық ұстанымдағылар. Ұлыдержавалық ұстанымдағы Мәскеулік басшылыққа

керегі де осы еді, оларға осы мазмұнда даярланған материал Қазақстандағы социалистік құрылыстың қарапайым халық күткендей тиесілі нәтиже бере қоймауын «ұлтшылдар» мен «алашордалықтардың», сондай-ақ «бай» және басқа әлеуметтік элементтердің көрсетіп отырған қарсылығына аударып салу үшін қажет еді.

Сонымен, 1933 жылы басталған бұл «қазақ ұлтшылдарын» тұтқынға алып, жазалау процесі өзінің шегіне 1937 жылы жетті. Осы ретте Орталықтың қазақ ұлтшылдарымен жүргізген мақсатты да жүйелі репрессиялау саясатының мынадай ішкі логикасына назар аударған артық болмайды. Қазақ «ұлтшылдарымен» біржола есеп айырысу үшін И.Сталин басында тұрған орталық алдымен 1925 жылы Ф.Голощекинді жіберді және оған бұл ретте ерекше тапсырма берілді, еркін де сенімді қимылдауы үшін. Өз ретінде орталықтың қолдауына сүйенген Ф.Голощекиннің қазақ ұлтшылдарымен күресте мынадай жүйелілік байқалды. Біріншіден ол, партияның өлкелік бюросы мен үкіметін «ұлтшылдардан» тазалады. Орталықтың жаңа отаршылдық ұстанымына ашық қарсылық көрсеткен С.Қожанов, С.Садуақасов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов, Ж.Сұлтанбеков, Ә.Әлібеков сияқты тұлғалар республикадағы басшылықтан кетірілді. Олардың орнына орталықтың ұстанымына қарсылық көрсетпейтіндер қызметке тартылды. Екіншіден, осымен бір мезгілде Советтік билік орнағанға дейін-ақ қалыптасқан ұлт-азаттық (Алаш) қозғалысының бастаушы тобын сотқа тартып, жазалау процесі жүргізілді. 1926-1932 жж. аралығында жүргізілген сот процестерінің нәтижесінде алаштық зиялылар біржола күрес сахнасынан ығыстырылды. Үшіншіден, саяси басшылығынан айырылған халық өзінің советтік реформаларға қарсылығын 1929-1931 жж. көтерілістер мен наразылықтар арқылы білдірді. Көтеріліс басшылары мен онымен тілектестік танытқандар күштеу органдары тарапынан аяусыз жазаланды. Төртіншіден, советтік реформалардың бет алысынан және ертеңгі болашағына сенімін жоғалтқан халық (1,0 млн. жуық) Қазақстаннан тыс өңірлерге қоныс аударуға мәжбүр болды.

1932 жылы алашордалықтармен есеп айырысқан советтік билік келесі 1933 жылдан бастап, енді қазақ ұлтшылдығымен күресін бастап кетті. Осы мақсатта жүргізілген сот процестеріне 11020 рет саны қойылып, оларға «Қазақстандағы антисоветтік ұлтшылдар ұйымы» деген жинақы ат берілді.

Қазақ қайраткерлеріне байланысты орталықтың ұстанымындағы бұл өзгерісті, яғни жаңа курсты ұлт басшылығы білді ме? Әрине, білді. Мәселен, Жағыпар Сұлтанбеков 1937 жылы 19 шілде күні тергеушіге берген жауабында «Сұлтанбек Қожанов 1925 жылы Қазақстан билігіндегі ауыс-түйіске байланысты, Ненайшвили кетіп, оның орнына хатшы болып Голощекиннің келуіне байланысты «естеріңізде болсын, бұл жай ғана ауыс-түйіс емес, бұл орталықтың курсындағы өзгеріс, ендігі уақытта ұлтшылдардың ұстанымына шабуылды күтуге болады» деген ойды айтқан еді», - деп көрсетеді [24].

1933 жылдың басында арасында Ы.Мұстамбаев, И.Тоқтыбаев бар бір топ қазақ қайраткерлері, студент жастар абақтыға жабылды. Бұл іс Өлкелік партия комитетінің басшысы Ф.Голощекиннің тарапынан ОГПУ органдарына берілген тапсырыстың нәтижесі еді. Ондағы мақсаты 1931-1933 жж. аралығында республика өмірінде орын алған қайғылы жағдайды оппозициялық күштердің мойнына ілу еді.

Міне осы 1933 жылы 17 қаңтарда ОГПУ абақтысына «троцкистермен байланыс орнатты және Туран партиясын құру әрекетіне барды» деген жаламен Ыдырыс Мұстамбаев жабылды. Ы.Мұстамбаев Смағұл Сәдуақасов бастаған Голощекин билігінің отарлаушы саясатына ашық қарсы шыққан топтың қатарында көзге түскен қайраткерлер еді. Ол Голощекинді ашық түрде «диктаторлық» билік орнатқан басшы ретінде айыптады. 1933 жылы абақтыда жатып Жағыпар Сұлтанбековке жазған хатында досы Нұрғали Каделенконың тұтқындалғанын естіп «Ты наверное слышал, что я с 17 января нахожусь под стражем, арестовали меня в Москве, куда я ездил в командировку, одновременно со мною были арестованы несколько студентов КазПИ. Меня присудили к заключению в концлагерь на 5 лет и направили в распоряжение Сиблага ОГПУ, переживаю всякие лишения и страдания, но ничего не поделаешь, нам приписали ряд напрасных обвинений, что является насилием...

Одновременно с отправлением меня сюда, Нургалия привезли в Алма-Ата. Ввиду отсутствия каких-либо оснований для предъявления обвинения сейчас приписывают недостатки и прорывы Караганды.

В Семипалатинске в течении 5 месяцев сидит под стражей мой дядя Нурпеис, другого моего родственника (которого ты видел) тоже арестовали, продержали под стражем 3 месяца и выпустили, также около 3-х месяцев просидел еще один мой родственник, студент, не знаю почему так преследуют моих родственников. Пиши чем кончилось дело Нургалия, где находится Смаке?⁵ До свидания. Идрис. 15 октября 1933 года» [25].

⁵ * Смаке – (так они между собой называли Смагула Садуақасова). Өзара Смағұл Сәдуақасовты осылай атайтын.

Бұл хаттан ОГПУ органдарының советтік басшылықтың қазақ қоғамында жасаған қылмысты істерін жасырып ұстау үшін соған байланысты ел арасында айтылуы мүмкін түрлі пікірлердің жолын жауып, осы мақсатта бүкіл қоғамда қорқыныш тудыру әрекетін көруге болады. Мұндай атмосфера қоғамда советтік биліктің соңғы күндеріне дейін сақталып келді.

Осы арада біз белсенді қызметтегі қазақ қайраткерлерін 1933 жылдан бастап репрессияға алу себебіне тоқталуға тиіспіз. Яғни мұндай шараға себепші болған не? ОГПУ органдары осы мазмұндағы әрекетін, әрине, терең құпияда ұстады. Бүгін біз ол жөнінде айтуға міндеттіміз.

1925 жылы тамызда Қазақстандағы жоғарғы билікте отырған Ф.Голощекин И.Сталиннің келісімін алған соң 1926 жылы 30 сәуірде болып өткен Өлкелік партия комитетінің II пленумында өзінің «Кіші Октябрь» бағдарламасын жария етті [26]. Бұл бағдарламаға сәйкес ендігі уақытта қазақ ауылы таптық негізде жіктелу жолына түсуге тиіс болды. Бұл іс жүзінде қазақ ұлттың таптық негізде бөліп жарып, ауқатты деген отбасыларын азаматтық құқынан, меншігінен айыру (экспроприация), сөйтіп оларды қоғам өмірінен шеттету дегенді білдіретін еді. Бұл әрекет іс жүзінде қоғамдағы қалыпты жағдайды, тұрақтылықты революциялық әдіс-құралдар арқылы бұзу, ыдырату, оның бір бөлігі мен екінші бөлігі арасында азаматтық соғыс жариялап, оны тұтастығынан айырып, әлсірету дегенді білдіретін еді.

Ф.Голощекиннің бұл пікіріне үзілді-кесілді қарсы сөйлеген С.Сәдуақасов: «Если товарищ Голощекин почувствовал в воздухе что-то, я физически сталкиваюсь с некоторыми людьми и с тревогой смотрю на наше положение, потому что среди нас начинают раздаться голоса, что следовало бы проехаться октябрём. Считаю, что это кроме демагогии для нашего строительства ничего полезного дать не может» [27].

Бірінші басшының қазақ қоғамы үшін қауіпті ұстамын байқаған С.Сәдуақасов бастаған қайраткерлер тобы (Ы.Мұстамбаев және Ж.Сұлтанбеков) оны Қазақстандағы басшылықтан кетіру әрекетін қолға алады. Бұл шараны олар троцкистермен өзара түсіністік және қолдау табу арқылы іске асыруды ойластырады. Құжаттардың көрсетуіне қарағанда қазақ оппозиционерлерімен троцкистер арасында ортақ ұстанымға келуге байланысты үш кездесу өткен. Алғашқы кездесу 1927 жылы ақпанда Мәскеуде Главконцеском ғимаратында өтеді. Бұл кездесуге қазақстандық оппозиция тарапынан Ж.Сұлтанбеков пен Ы.Мұстамбаев, ал екінші жақтан Л.Троцкий және оның Қазақстандағы пікірлесі Тойво қатынасады. Екінші кездесу 1927 жылы шамамен наурыз айында Алматыда Л.Троцкийдің пәтерінде өтеді. Оған қазақ жағынан Ы.Мұстамбаев пен Ж.Сұлтанбеков, ал екінші жақтан Л.Троцкийдің өзі болады. Үшінші кездесу осы 1927 жылы маусым күндері РСФСР-дың Госпланындағы Зиновьевтің кабинетінде өтеді. Оған қазақ жағынан Сәдуақасов және Ж.Сұлтанбеков, ал қарсы жақтан Зиновьев, Сафаров және Красоткин қатынасады [28].

Бұл кездесулер Сәдуақасов тобы күткендей нәтиже бермейді. Өйткені Л.Троцкий мен Зиновьев Қазақстандағы жағдайды жасап отырған Ф.Голощекин емес, партияның Орталық Комитеті және И.Сталин, соларға қарсы әрекетті бірге жүргізуге шақырады. Бұл ұстаным Сәдуақасов бастаған топқа соншалықты жігер бере қойған жоқ-тын. Қазақ оппозиционерлері мен троцкишілер арасындағы бұл өзара ымыраға келу әрекетін бақылауда ұстаған ОГПУ органдары 1927 жылдан бастап-ақ Сәдуақасов тобына қарсы репрессиялық шараларды даярлауға көшкен еді.

Қорыта айтқанда, Мәскеудің отаршыл саясатына қарсы қазақ қайраткерлері мен троцкишілер арасындағы өзара түсінісу әрекеті орталыққа ұнамады. Коммунистік партиямен өзара бірігіп кеткен ОГПУ органдары қазақ ұлтшылдарымен есеп айырысу жолына түсті. 1933 жылы Донбаста теміржол құрылысында жүрген Смағұл Сәдуақасұлы күтпеген жерден «уланды» деген диагнозбен ауруханаға түсіп, көз жұмды. Осы 1933 жылы «сәдуақасовшылар» тобындағы Ы.Мұстамбаев пен Н.Каделенко абақтыға жабылды. Ж.Сұлтанбеков 1927 жылы егіншілік комиссары қызметінен кетірілді.

Өткен XX ғасырдың алғашқы жартысында мемлекеттік және қоғамдық қызметке атсалысқан қазақ зиялыларының өмір жолында ортақ өзек болды. Олар бойындағы орасан зор қабілет, жігерін қазақ елінің өсіп-өркендеуіне арнады. Өкінішке орай, ұлт зиялыларының бұл ұмтылысы Орталық билік тарапынан теріс қабылданды. Ұлыдержавалық ұстанымдағылар қазақ қоғамының күш алып кетуінен қауіптенді, осыншама үлкен өңірдің асты-үсті байлығынан көз жазып қалудан қаймықты.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мыңбай І. Шыңыраудағы шындық. // Егемен Қазақстан. 7 қыркүйек 1993 жыл; Жақсыбаев С. Қаржас ұрпақтары. 323-324 б.б., 333-336 б.б.; Азербайев Н.А. Репрессированные геологи (1937-1938 гг) // ҚР ҰҒА Хабарлары. Геология сериясы. 2006, №3. С. 72-77; Сәрсекке М. Жолы

кесілген геолог. Ақиолақов Т. Осы жұрт Каделенколарды (Қаділбековтарды) біле ме екен? // Сарыарқа самалы, 1999, 23 желтоқсан.

2. Қадылбеков М. Техника кітаптарын қазақшаға аудару туралы // Социалды Қазақстан. 1936. 27 қаңтар; Қадылбеков М. Қорғасын зауытына кен жетістіру үшін күрес. // Социалды Қазақстан, 1936. 12 наурыз ж.б.

3. Жақсыбаев С. Қаржас ұрпақтары. 322-323 б.б.

4. № 11020 Қадылбеков Мерғалидің ісі. Архив № 07607. 1Т., 9-10 п.п.

5. Сонда, 10-11 п.п.

6. Сонда, 1-п.

7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т. 4, Алматы, 2010. С. 340.

8. Сонда, С. 330-331.

9. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1 Т., Алматы, 2004 ж. 40 б.

10. Сонда, 477 б.

11. Инженер Қадылбеков М. Қорғасын зауытына кен жетістіру үшін күрес. // Социалистік Қазақстан. 1936 ж, 12 наурыз.

12. Инженер Қадылбеков М. Техника кітаптарын қазақшаға аудару туралы. // Социалистік Қазақстан. 1936 ж, 27 қаңтар.

13. ҚР ИМ АҚДА., № 11020 Қадылбеков Мерғалидің ісі. 1Т., 137-139 п.п.

14. Сонда, 137 п.

15. Хаустов В, Самуэльсон Л. Сталин, НКВД и репрессии 1936-1938 гг. М., 2009. С. 79

16. ҚР ИМ АҚДА., № 11020 Қадылбеков Мерғалидың ісі. 1 Т., 13п.

17. Сонда.

18. Сонда. 27-28 п.п.

19. История органов безопасности Казахстана (1917-1991 г.г.) Книга первая. Алматы. 2003 г, С. 114.

20. ҚР ИМ АҚДА., №11020 Қадылбеков Мерғалидің ісі. Т 1., 129 п.

21. Сонда, 130 п. (Справа: Приговор о расстреле Қадылбекова Мерғалия приведен в исполнение Алма-Ата 27 февраля 1938 г. Акт о приведении приговора в исполнение хранится в архиве 1-го спецотдела НКВД СССР. Том 8, №1153).

22. Сонда, 133 п.

23. Сонда, Дело № 599844. Казахский контрреволюционный центр в 17 томах. Т 2. Лл. 1-3. (архив № 04693, в 17 томах).

24. Сонда, №11020 Сұлтанбеков Жағыпардың тергеу ісі. 1. Т., 39 п.

25. Сонда, №11020 Мұстамбаев Идрис Мұстамбайұлының тергеу ісі. 2. Т., 26 п.

26. Голощекин Ф.И. Поставить развитие Казахстана на социалистические рельсы. Доклад VI краевой партконференции о работе Крайкома ВКП(б) – 1927 г. // Кітапта: Партиное строительство в Казахстане. Сборник речей и статей (1925-1930 гг). Москва-Алма-Ата. 1930 г. С. 151-157.

27. ҚР ПА., 141 қ., 18 тізім, 49 іс. 37 п.

28. ҚР ИМ АҚДА., № 11020 Сұлтанбеков Жағыпардың ісі. Т. 1, 301 п.; Архив Троцкого. Коммунистическая оппозиция в СССР (1923-1927 гг). Т. 2., М, 1990 г. С. 197-199.

ӘӨЖ 711.97

ГРНТИ 03.01.20

М. Қ. Қойгелдиев¹

¹Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

№11020 ИНЖЕНЕР-ГЕОЛОГ ОРАЗАЛЫ ЖАНДОСОВТЫҢ ІСІ

Аңдатпа

Мақалада инженер-геолог Оразалы Жандосовтың қайғылы өмір жолы мен қызметі баяндалады. Мәселе мазмұнын ашуда автор басым түрде тергеу материалдарына сүйенеді. Сол арқылы отандық геология қызметінің қандай күрделі жолдан өткендігін бағамдауға болады.

Автор Ішкі Істер Министрлігі архиві қорындағы № 11020 инженер-геолог Оразалы Жандосовтың ісі жөніндегі материалдарды алғаш рет ғылыми айналымға енгізеді. Сондай-ақ, XX ғасырдың 20-30

жылдарында қуғын-сүргінге ұшыраған басқа да геолог мамандарының қызметін талдау барысында сталиндік репрессия тарихына қатысты жаңа қорытулар жасап, тың ойларын білдіреді.

Кілт сөздер: инженер-геолог, кен қоры, руда, тергеу ісі, ақтау, индустриализация.

Койгелдиев М. К.¹

¹ доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, Заведующий кафедрой Кафедра истории Казахстана им. Академика Т. С. Садыкова Казахского национального педагогического университета имени Абая

ДЕЛО № 11020 ИНЖЕНЕРА-ГЕОЛОГА ОРАЗАЛЫ ЖАНДОСОВА (1904-1938 ГГ.)

Аннотация

В статье рассмотрена трагедия жизненного пути и деятельности инженера-геолога Оразалы Жандосова на основе следственных материалов. Эти материалы позволяют оценить сложность развития отечественной геологии.

Автор впервые вводит в научный оборот материалы из Архива Министерства внутренних дел Фонда дела № 11020 – документы следствия по делу инженера-геолога Оразалы Жандосова. Анализируя судьбы других специалистов-геологов, преследуемых в 20-30-е годы XX века, автор сделал новые выводы по истории сталинских репрессий в Казахстане. В отечественной историографии впервые анализируется трагическая судьба первого поколения инженеров-геологов казахов.

Ключевые слова: инженер-геолог, месторождение, руда, следственное дело, индустриализация, реабилитация.

Koigeldiev M K.¹

1 Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan. Academician TS Sadykov Kazakh National Pedagogical University named by Abay

CASE NO 11020 OF THE GEOLOGICAL ENGINEER ORAZALY ZHANDOSOV (1904-1938 YY.)

Abstract

Based on predominantly investigative materials, the article discusses the life path and activities of geological engineer Orazaly Zhandosov. These materials allow us to assess the complexity of the development of domestic geology.

The author first introduces into the scientific circulation materials from the Archive of the Ministry of Internal Affairs of the Fund of Case No. 11020 - documents of the investigation in the case of geological engineer Orazaly Zhandosov. Analyzing the fate of other geologists who were persecuted in the 20-30s of the XX century, the author made new conclusions on the history of the Stalinist repressions in Kazakhstan. In historiography, for the first time, the tragic fate of the first generation of Kazakh geological engineers is analyzed.

Key words: geological engineer, deposit, ore, investigation, industrialization, rehabilitation.

Тақырыптың зерттелуі жөнінде. Өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарында советтік билік тарапынан жүргізілген репрессия саясаты одақ және жеке республика көлемінде біршама зерттелді. Бұл процесс, әсіресе, ресей қоғамына байланысты шетелдік зерттеушілердің белсенді түрде атсалысуымен жан-жақты ашылды. Осы ретте, мәселен, құпия қорларда сақталып келген архивтік тергеу істері сияқты дерек көздерінің маңызын атап айтқан жөн. Мәселе мынада. Бұл құжаттық материалдарда тұтқындағыларды асқан қатыгездікпен қинау арқылы алынған дәлелсіз мойындаулардан басқа ешқандай да дерек көздерінен кездеспейтін құнды мәліметтер сақталған. Революциялық өзгерістерге дейін-ақ ұлт-азаттық қозғалысты басқарып, оған белсенді түрде араласқан алғашқы буын, сондай-ақ советтік және партия қызметінде жүріп репрессияға алынған келесі жас буын қайраткер тұлғалар, қарапайым еңбек адамдары, шығармашылықтағы зиялылар қоғам өмірінің түрлі салаларында қалыптасқан жағдай туралы, өз-ара адами қатынастар туралы шынайы да маңызды фактілер қалдырған. Тергеу істерінде бар бұл материалдарды айналымға тарту арқылы репрессия тақырыбын тереңдете қарауға және қорытуға мүмкіндік туады.

Тергеу материалдары, әсіресе, біздің қағамда кең етек алған «қазақтар бірін-бірі сатты, бірін-бірі ұстап берді» деген кезінде қоғамда КГБ тарапынан таратылған негізсіз тұжырымның жалған екендігін айғақтайды. Ал осы сөз қайдан және неге байланысты шықты? Бұл елеусіз қалдыратын нәрсе емес. Архивтік тергеу істерімен ұзақ жылдар бойы жұмыс жасап, тәжірибе жинақтаған зерттеуші ретінде мен бұл мәселеге байланысты мынадай жағдайды байқадым. Адамдардың ең төменгі әлсіз, өзін-өзі сақтау инстинктіне қозғау салып, оның сыртқа шығуына жол ашқан саяси жүйе ресейлік патшалық, оның орнына келген большевиктік билік тұсында толық көрініс тапты. А.И.Герцен айтқандай «кез-келген полицей-надзиратели өзін патша, ал патшасы өзін тәжісі бар полицейдей сезінген бұл үрей туғызатын империяда» басқаша болуы да мүмкін емес-тін. Яғни, мұндай мінездің түп-төркіні жүйеде. Бұл біріншіден. Екіншіден, мұндай мінездің көрініс табуы кез-келген қоғамның саясаттағы кемелдігіне, жиған тәжірибесіне де байланысты. Саясаттың құйтырқы ойындарынан алыс жатқан қоғам идеологиялық иірімдерге тартылған шақта балаша оп-оңай алданып қалатыны да бар. Большевиктер билігі орнаған алғашқы жиырма-отыз жылдықта қазақ қоғамының осындай ауыр илеуге түскенін өз тарихымыздан көрдік.

Большевиктер күшпен енгізген таптық жіктеу қазақ қоғамын емес, еуропалық саяси өмірдің ықпалында келе жатқан орыс қоғамын да арнасынан шайқап, адастырды. Таптық жіктеу бізде рулық-жүздік алауыздықты қоздырумен ұласты. Қорыта айтқанда, «пролетариат диктатурасы» атанған билік жүйесі орнаған қоғамдар өміріндегі жалпыға ортақ трагедиялық көріністер қазақ қоғамында да байқалды. Ал «қазақтар сол бір жылдары бірін-бірі сатуға бейімділік танытты» деген мағынадағы тұжырым советтік идеологияның шығарған аңыздарының бірі ғана. Осы мазмұндағы пікірлерді жаю арқылы большевиктер режимі өзінің жіберген қателіктерімен ілесе келген түрлі қиянаттарын жасыруға тырысты.

Бұл айтылған пікір, әрине, қазақ жерінде жүргізілген репрессиялық процесс толық күйінде зерттеліп, тиісті тұжырымдар жасалынды деген ойды білдірмейді. Мәселен, қазақ басқарушы тобы және шығармашылықтағы зиялыларды жою саясаты мен мәскеулік орталықтың геосаяси ұстанымы арасындағы байланыс бірінші кезекте талдауға алынуға тиісті тақырып. И.Сталиннің Қазақстандағы бірінші саяси басшылықты Ж.Шаяхметовке дейін (1946ж.) қазаққа бергісі келмеуінің арғы жағында қазақтардың ішкі өмірінде ауызбірліктің болмауы жатты деген түсінікте болу қателік, шын мәнінде мұндай ұстанымның түп-төркінінде орталықтың Қазақ жеріне қатысты геосаяси мүддесі жатты.

Сондай-ақ репрессия саясатының жергілікті мынадай ерекшеліктеріне көңіл аударуға тура келеді. Біріншіден, репрессиялық актілер ұлттық басқарушы топтың бір емес, бірнеше буынын қамтыды. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алғашқы саяси ұлт басшылығы советтік билік тарапынан түгелдей жойылып, олардың шығармашылығымен танысуға тіптен олардың атын атауға тыйым салынды. Осындай тағдыр Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев бастаған келесі буын ұлт басшылығына да кезікті. Екіншіден, репрессиялық актілер мақсатты түрде жеке әулеттерді де қамтыды. Біз осы соңғы тақырыпқа байланысты зерттеулерімізді жалғастыра отырып, бұл жолы Жандосовтар мен Кадылбековтар әулетіне жасалған қиянатқа тоқталмақпыз.

Сонымен бірге тақырыпқа байланысты мынадай жағдайды ескерген жөн. Зерттеу тақырыбының объекті ретінде алынып отырған бұл екі әулетке тән тарихи тұлғалар түгелдей заңдық тұрғыдан ақталған. Ал, бірақ, соған қарамастан осы уақытқа дейін бұл тұлғалардың тергеу құжаттарына қатысты «құпия» деген белгі алынбай келеді. Зерттеушілердің ол құжаттармен еркін танысуға мүмкіндігі жоқ. Зерттеу барысында мұндай кедергіге бізде жолықтық. Соған байланысты мәселенің кейбір қырларын тереңірек ашып көрсету мүмкін болмады. Дегенмен, архивтегі жабық қорларға байланысты жағдай өзгерген соң ондай мүмкіндік туады деген үміттеміз. Қалай болғанда да, әр нәрсенің қоғамдағы сұранысқа байланысты өз уақытында қолжетімді болғаны пайдалы.

Өткен ғасырдағы советтік саяси жүйе тұсында ауыр жағдайға тап болған ұлттық басқарушы және зиялылар тобының қызметі мен күресіне қатысты ашылмаған құпия қалмауға тиіс. Қазақ ұлты барда бұл тақырып ұлттық тарихнаманың ең өзекті мәселелерінің бірі болып қала бермек.

Геолог Оразалы Жандосовтың өмір жолы мен қызметі туралы жазылған материалдар көп емес. Бұдан бұрын, мәселен, ғалым Н.А.Әзербайевтың «Репрессированные геологи (1937-1938гг.)» және журналист С.Жанәбілдің «Оразалы Жандосовты білесіз бе?» атты мақалалары жарық көрді [1].

Оразалы Жандосовтың тарихтағы тұлғасы мынадай себептерге байланысты қызығушылық туғызады. Біріншіден, ол геологиямен ғалым және практик есебінде кәсіби тұрғыдан айналыса бастаған алғашқы буын ұлт зиялылары қатарындағы тұлға. Осы ретте оның өмір жолы мен қызметіне қатысты фактілік материалдар өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы қазақ мәдениеті мен ғылымының қалыптасу үрдісін бұрынғыдан тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, Оразалы Қықымұлының қоғамдық

өмірге және ондағы өзгерістерге қатысты ұстанымы мен көзқарасы сол тарихи мезгілде жалпы елде қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайды да тура қорытуға көмектесері хақ. Үшіншіден, біз осы уақытқа дейін Қазақстанда, қазақ қоғамында совет үкіметі жүргізген ұлт саясаты жөнінде тартына жазудан шыға алмай келеміз. Өйткені Қазақстандағы қазақ мәселесі туралы ашық жазып, оған тереңірек үңілген автордың қазақ ұлтшылы атануы жеп-жеңіл нәрсе болатын. Ал тарихи шындық сондай, өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары советтік биліктің ұлт саясатының негізі қаланды. Осы кезеңдегі қазақ қоғамынан бұл саясаттың басты көріністері мен ерекшеліктерін анық байқауға болады. Олай болса бұл мазмұндағы фактілік материалдарды сол күйінде жылы жауып қою тарих ғылымы үшін өзінің кәсіби міндетін орындаудан бас тартумен тең.

Оразалы Қиқымұлы, әрине, жалғыз емес, ол алаштық буынның ізін ала келген келесі жаңа буынның өкілі. Советтік биліктің қазақ қоғамында 20-30-шы жылдары жасаған ойранына (биліктің 1929-1931 ж.ж. халық наразылығын қанға бояп басуы, 1931-1933 ж.ж. аштық, осы кезеңде жүргізілген саяси репрессиялар, халықтың үлкен бөлігінің шет елдерге ауа көшуі ж.б.) осы тарихи кезеңде жойылған келесі зиялылар буынын қосар болсақ, онда бұл қиянаттың ұлт өмірінде қаншалықты ауыр да терең із қалдырғанын пайымдау қиынға түспейді.

Ішкі Істер департаменті архивының қорында геологтар Жандосов Оразалы (№ 11020ic) мен Қадылбеков Мерғалидің (№11020 ic) тергеу материалдары сақталған [2]. Онда Алматы облысы Талдықорған ауданындағы Текелі руда басқармасының директоры Жандосов Оразалы мен осы кәсіпорынның техникалық директоры (яғни бас инженері) Қадылбеков Мерғалиды тұтқынға алып, олардың үйлерінде тінту жүргізуге Ішкі Істер Халық Комиссариатының Талдықорған аудандық бөлімінің берген ордерлері тіркелген. Міне осы құжаттық материалдардың көрсетуіне қарағанда руда басқармасының аталған екі басшысы 30 мамыр күні Текеліде ұсталып, олардың Алматыдағы үйлерінде 6 маусым күні тінту жұмыстары жүргізілген [3].

Текеліде тұтқындалған геологтарға байланысты опер-уполномоченный Шаймерденов пен НКВД Басқармасы бастығының көмекшісі Марсельскидің даярлаған қаулысында «контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының мүшелері Жандосов пен Қадылбековтың Алматыдағы үйлерінде болуы мүмкін қару-жарақ пен жазысқан хаттарын алу үшін тінту жүргізу қажет» деп көрсетіледі [4].

Тінту хаттамасында оны жүргізген НКВД қызметкерлерінің Оразалы үйінен 46 беттік геологтың жазба дәптерін, сондай-ақ 105 беттен тұрған хаттарын алып кеткендігі тіркелген. НКВД қызметкерлері тарапынан тәркіленген бұл құжаттық материалдар, әрине, қайтарылмаған, сол күйінде жойылған. Тергеушілер тарапынан орын алған мұндай фактілер геологқа жасалған қиянаттың ізін жасырудың бірден-бір көрінісі еді. Өйткені, мұндай жазбалардағы фактілік материалдар тұтқынға алынған тұлғаның күнделікті тіршілігінен мәлімет берумен қатар, тергеушілерге сол берілген фактілерді пайдаланып істі одан ары кеңейтіп, «жоқтан бар жасау» үшін де қажет-тін. Тергеушілерге өз міндетін атқарған жазбаларды енді жоюдан басқа амал да қалмайтын еді. Репрессия тұсында конфискуленген материалдардың кейін қайтарылмай, жоғалып кетуінің бір сыры осында.

Оразалының өмір жолына қатысты мәліметтерден. 1904 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданында сол тұста «Ораз» атанған колхозда өмірге келген, яғни ағымдағы жылы наурызда оның туғанына жүз он бес жыл толды. Өз отбасының құрамына байланысты ол қолында 63 жастағы анасы Дәрменнің, 30 жастағы Хатима атты зайыбының, тоғыз жастағы Раиса, Мелеу (жасы көрсетілмеген) және асырап алған 12 жастағы Фаузия атты қыздарының, бір жарым жастағы Ерлім атты ұлының бар екендігін көрсеткен [5].

Оразалының 1926 жылы қаңтарда Ферғана қаласында (Өзбекстан) қызметте жүріп даярлаған өмірбаяны бар. Осы құжатта берілген мынадай мәліметтерге көңіл аударуға болады. Онда жеке шаруашылығы бар Қиқым есімді жұмысшының отбасында өмірге келіп, 9 жасқа дейін әкесінің меншігіндегі 50 бастан тұратын қой мен қозыны бағуға көмектесіп, тоғызға толғанда әкесі Верный қаласындағы беделді мешанин, жеке зауыты бар Т.В.Великановпен жақын таныстығын пайдаланып ұлы Оразалыны қазна есебінен қаладағы ерлер гимназиясының пансионна орналастырғанын жазады. Осы оқу орнында ол 1918 жылға дейін тәрбиеленіп әрі білім алады. Осы жылы революциялық өзгерістерге және әкесі Қиқымның опат болуына байланысты оқуынан қол үзіп, үйіне қайтуға мәжбүр болады. 1918-1920 жылдар аралығында етік тігумен шұғылданып, ал 1920 жылы әк (известняк) өндірушілер артелін ұйымдастырады. 1922-1924 жылдары Алматы уезінде уездік атқару комитетінде, уездік комсомол жастар ұйымында, «Қосшы» одағында түрлі қызметтер атқарып, 1924 жылы Ташкентке партия жұмысына ауысып, сол жерден Мәскеуге жоғарғы кооператившілер курсына оқуға жіберіледі. Оқудан оралған соң

Ферғана облыстық ауыл шаруашылық кооперациясында Қазақстан өкілі, 1926-1929 жылдары уездік және облыстық атқару комитеттерінде түрлі қызмет атқарады [6].

Қорыта айтқанда, ел өмірі түбегейлі өзгерістерге ұшыраған бұл Оразалы Қиқымұлы үшін де азаматтық кемелдену кезеңі болған еді.

Қазақ жері -Ресей индустриясының рудалы өлкесі. Советтік кезеңде жазылған Қазақстан тарихында елді индустрияландыру ісіне арналған тарау бар.

Бұл жылдар Қазақстан халқының экономикалық өміріндегі бұрын болмаған жаңа өзгерістер, сахарада мал соңында жүрген тағы қазақ жұртына жаңа өмірге, завод және фабрика жұмысшыларына, қала тұрғындарына айналу бақытына ие болған кезең ретінде түсіндіріледі. Гуманитарлық ғылымда индустрияланған өмірге көшудің өзара қайшы екі беті бар екендігі ертеректе мойындалған. Бірақ бұл ақиқат қазақ жеріндегі индустрияландыру процесіне байланысты ескерілмейді. Советтік кезеңде ол идеологиялық нөпірдің көмбесінде қалып, жете талдауға түспеді.

Коммунистік партияның 14 съезі (1925) елді индустрияландыру социалистік жұмаққа апаратын жол ретінде жарияланып, кең насихатталды және капиталистік қоршауда қалған Советтер Одағын одан құтқаруға тиіс болды. Сондай-ақ «әлемдік революция» идеясын басшылыққа алған советтік жетекшілер өз мақсатына жету үшін қазақ сияқты халықты оның атамекен жерінің табиғи ресурстарымен қоса құрбандыққа шалуға даяр тұрды және оны іс жүзінде байқатты да.

Алғашқы бесжылдықтарды іске асыру барысында индустрияландыру жоспары қандай мазмұнда құрылды? Ресейдің ауыр өнеркәсіп орталықтары бұл процесте локомотив рөлін атқарса, Қазақстан сияқты өнеркәсіп ошақтары жоқ, бірақ шикізат ресурстарына бай аймақтар оның кочегары рөлін атқаруға тиіс болды, яғни жеткілікті көлемде астық ет, мұнай, металл, көмір беру солардың үлесіне тиді. Ф.И.Голошекин сияқты орталықтың Қазақстанға жіберген генерал-губернаторларына ең алдымен жергілікті адами және табиғи ресурстарды осы мақсатқа жұмылдыру міндеті жүктелді. Индустрияландыру процесінің идеологиясы да жасалынды. Ақпарат құралдарында бұл ескінің жаңамен күресі ретінде, ал қазақ ауылы, ондағы рулық құрылым, мешіттер ескіліктің қамалы ретінде бейнеленді. 20-шы жылдардың екінші жартысында кең де бай қазақ даласын Ресейлік ауыр өнеркәсіптің шикізат көзі ретінде игеру үрдісі басталып кеткен еді. Бұл жұмыстың геологиялық-барлаусыз жүруі, әрине, мүмкін емес-тін. Тек 1928-1929ж.ж. ғана одақтық геология басқармасы тарапынан қазақтың жер қойнауы кендерін анықтауға 50 ізденіс партиялары шығарылды [7]. Бұл процесті өз бақылауында ұстауға күш салған қазақ үкіметі Қазақ геологиялық комитетін құрды [8]. Осымен бір мезгілде ұлттық геолог кадрларды даярлау ісі де қолға алынды. Осы мақсатта Мәскеудегі геологиялық барлау институтына оқуға Қадылбеков М. (1928ж аяқтаған) Әзербайбаев М.Н (1931ж аяқтаған), Жандосов О.Қ (1933ж аяқтаған), және басқа қазақ жастары жіберіледі [9].

Осы тарихи кезеңде ұлттық геолог кадрлар даярлау не үшін қажет болды? деген сауал қойып, оған қысқа болса да жауап берген жөн. Әрбір ұлт өз атамекен жерінің асты-үсті берекесін өзі игере алатындай хәлге жеткенде ғана ол өз болашағын өзі анықтай алмақ. Бүкіл басқа тіршілігін ең алдымен осы мақсатқа жұмылдырып, бұл еңбегінің нәтижесін көргенде ғана ол өзін тәуелсіз субъект ретінде сезінбек. Яғни, өз табиғи ресурстарыңды өзің игеріп, ол берекенді өз қажетіне жарата білу, ұлттық өсіп-өнудің ең басты белгісі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев советтік индустрияландырудың сипаты жөнінде. 2008 жылы 31 мамырда Н.Ә.Назарбаев қасиетті Ұлытаудың төрінде республикалық басылымдарға сұхбат беріп, сол жолы советтік кезеңімізге тән бір шындықтың шетін ашқан еді. Ол өз сөзінде Жезқазған өңірінің кен байлығын игеруді бастағаннан бері біраз уақыт өткеніне тоқталып «қаншама кен шығарылды, мыс алынды. Жер қойнауындағы байлықтың таусылатын кезі жетті. Жезқазғанның төңірегіндегі мыс кені де таусылып, қаланың жағдайы нашарлай бастады» деген ойды білдіріп, ендігі уақытта өңірде қалыптасқан күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу бүгінгі дербес қазақ мемлекетінің үлесіне тиіп отырғандығына тоқталған еді. Сондай-ақ бұл жағдай жеке Жезқазғанның өміріне ғана тиеселі жағдай емес-тін. Көп ұзамай (2012 ж. 30 қаңтар №261) Жезқазған өңіріне ұқсас жағдайға тап болған еліміздегі 27 моноқалалардың экономикалық-әлеуметтік мәселелерін шешуге байланысты президент жарлығы жарық көрді.

Мемлекет басшысы осы сұхбатында «Кеңес Одағы кезінде барлық теміржол Ресейге қарай» салынып, ал қазақ жеріндегі түрлі өңірлерді көлденең өзара жалғастыратын теміржол бұтақтарын салу «Кеңес Одағының да, Ресейдің де ешқандай жоспарында» болмағандығын ескертіп, «мұндай келелі де іргелі мемлекеттік маңызы зор мәселені біржола түбегейлі шешуге қолайлы жағдайдың енді ғана туып, бұл істің оң шешімін тауып» отырғанына тоқталады [10].

Мемлекет басшысы берген сұхбаттағы осы жолдарды оқығанда қазақ жерінің жер асты байлығына байланысты еуропалық және ресейлік капиталистердің тойымсыз ашкөздігі, олармен бірге ере келген түрлі қиянат еріксіз еске түседі. Алтын мен күміс іздеген испандықтар мен португалдықтарға Америка құрлығы қандай қызығушылық тудырған болса, ағылшын және ресейлік капиталистер мен көпестерге қазақ жері де одан кем емес байлық көзінде көрінді. Мәселен, ресейлік зерттеуші И.Завалишин «Болашақта Сарыарқа Англия мен Францияның қолы еш уақытта жетпейтін Ресейлік метрополияның игілігіне жараған олжалы да нәрлі, құнарлы өлке ретінде нағыз байлық көзіне айналмақ» [11] деп жазды.

1864 жылы Ресей әскері оңтүстік Қазақстан өңірін алған соң мұнда Ресейлік зерттеушілер емін-еркін келе бастайды. Осы мақсатта Қаратау жоталарын зерттеуге келген Н.А.Северцов Тұрлан асуымен (Ащысай кенді орындарының бұрынғы атауы-авт.) танысқан соң «біз Түркістан өңірін бұрын-соңды танымай келген екенбіз. Тұрлан асуындағы қорғасын, түрлі түсті металл, фосфорит және т.б. кен қорларына мен бірінші болып аяқ бастым» [12] деп жазды.

Еуропалық зерттеушілер өздерін қазақ жеріндегі кен көздерін алғаш ашқандар ретінде көрсетуге жақын тұрды. Мәселен, орыс көпесі И.И Первушин 1864 жылы мемлекеттік мекемемен келісім-шартқа тұрып, Ащысай рудниктерін игеру құқығына ие болады. Оның кәсіпорнына Түркістан әскери округінің қорғасынға мұқтажын өтеу міндеті жүктелді. И.И Первушин қорғасын балқыту пештері үшін табылған Ащысай маңындағы бестамғалылар қонысындағы таскөмір кені орнына арнайы ағашқа ойдырып «Бірінші гильдия көпесі И.И Первушин 1866 жылы 8 шілдеде ашты» [13] деген белгі жаздырады. Ал шындық басқаша еді.

Қаратау қазақ жерінің басқа да өңірлері сияқты көне замандардан кен қорларын игеру ошақтарының бірі болды. Оның жоталарында қорғасыннан құйылған садақ оқтарының, сондай-ақ басқа да еңбек құралдарының жиі кездесуі соның айғағы. Рашид ад-дин «Джамиғ ат-тауарих» еңбегінде түркілердің алғашқы қалыптасып, өніп-өскен отаны Қаратау маңындағы Талас және Қара-Сайрам аталатын қалалық орталықтары бар өңір болғандығын ескертіп, ал соңғы аталған қаланың қырық қамалын айналып өту үшін күні бойы жүруге тура келетіндігі туралы фактіні келтіреді. Бұл аса көне мәліметтен Қаратау өңірінде ерте замандардан металл өндіру өндірісінің бастау алғандығы байқалады [14]. Өйткені ғалым еңбегінде аталғандай қала құрылысын жүргізу, әрине, металл өндірісінен мүмкін емес-тін. Ал жергілікті тұрғындар қандай жерде қандай кен көзінің бар екендігінен кейінгі кездерде де хабардар болған. Соған байланысты қазақ жеріндегі біраз кен көздері жергілікті халықтың көмегімен ашылды. Ол жөнінде, мәселен, зерттеуші В.Вебер «қазақ малшылары, яғни тастан-тасқа секіріп жүретін тау ешкі соңындағы малшылар бұл өңірдің әрбір тасын өзінің бес саусағындай біледі, біздің де біраз кен ошақтарын көп жағдайда солардың көмегімен тапқанымыз шындық» [15], - деп жазды. Осы В.Вебер Түркістанды жер шарындағы ең бір берекелі өңір санап, Ресей билігіне бұл өлкеге деген көзқарасын өзгертіп, оған бай кенді (рудалы) аудан ретінде қарауға үндеді.

Еуропалық байлық іздегендерге жергілікті халық жер асты кенін алу үшін арзан жұмыс қолы болды. Бұл ретте олардың қатыгездігі америкалық үнділерді аяусыз қанаған испан және португал тонаушыларынан кем түскен жоқ. Қаратаудың қорғасын кендерін игеру тарихымен жақсы таныс болған А.О.Иванов деген автор 1873 жылы жарияланған жинақта жергілікті қазақтардан алған мәліметке сүйеніп қырық жыл бұрын қорғасын кен орындарының бірінде шығар жолды жоғарыдан құлаған алып жар тас жауып қалып, жер астындағы екі жүзге жуық кеншілер жарыққа шыға алмай, тірідей көмілгендігін жазған [16].

Геолог Оразалы Жандосов не үшін жазаланды? Жалпы бұл тақырып, яғни патшалық және Советтік жүйелер тұсындағы қазақ жерінің кендерін игеру тақырыбы, оның түрлі қырлары мен салдары тәуелсіз ұстаным тұрғысынан арнайы талдауға алынған емес. Фактілік негізде баяндалған осы тақырыптың өзі ғана жоғарыда аталған мемлекеттік жүйелердің ішкі мазмұнын тура түсінуге жол ашқан болар еді. Жаңа ғана күш ала бастаған Ресейлік капитализм, әсіресе, оның орнын басқан Советтік индустрия қазақ жерінің кен байлығынан сүйеніш тапқаны тарихи ақиқат ретінде ұмытылмақ емес.

Міне осы контексте алғанда алғашқы буын қазақ геологтарының да тағдыры жеңіл қалыптаса қойған жоқ-тын. Совет үкіметі алғашында қазақ жастарына геолог барлаушы мамандығын беруді хош көрді. Жергілікті халықтан шыққан мамандарға кен көздерін табуды жеңілдететін мүмкіндік ретінде қарады. Сонымен бірге, олардың советтік билікке қатысты ұстанымына сенімсіздікпен қарады. Геолог-барлаушылар О.Жандосов пен М.Қадылбековтың тағдыры еріксіз осы ойға жетелейді. Сонымен геолог-барлаушы мамандығы бойынша енді ғана қызметін бастаған Оразалы Қиқымұлы Жандосовтың өмір жолындағы қайғылы жағдай неден басталған еді?

1937 жылдың сәуірінде партияның Алматы облыстық комитетінің нұсқаушысы Жигулев деген обком хатшысы Ж.Сәдуақасовтың атына «Текелі рудабасқармасындағы жұмыстың жағдайы туралы» аталатын 7 беттен тұрған анықтама түсіріп, онда 1935 жылы құрылған рудабасқармасының бір жарым жылдық қызметінде орын алған кемшіліктерге тоқталады. Мәселен, ол 1936 жылғы құрылыс жоспарының 42,6%-ға, еңбек өнімділігінің 44%-ға орындалып, ал құрылыс шығынының 24%-ға қымбаттағанына көңіл аударады. Анықтама авторы бұл кемшіліктердің түрлі объективті себептерге байланысты орын алуы мүмкін екендігіне тоқталуды қажет санамай, оларды өндіріске саналы түрде жасалған зиянкестік ретінде баяндайды. Анықтама жалпы репрессия саясатының шарықтау кезеңі 37-38 жылдар стилінде даярланған құжат болатын.

Жигулев рудабасқармасының директоры Оразалы Жандосовтың уақытының басым бөлігі геологиялық барлау жұмысында, яғни ұзақ іс-сапарда жүріп, бұл міндетін талапқа сай деңгейде орындағанын (60%-ға) қаперге де алмай, оған басқармадағы директорлық жұмысын ескерусіз қалдырып, саналы түрде өндірістік зиянкестікке жол ашты деген ой түйеді. Инструктор талдауының соңында бұл өндірістік «зиянкестік» туралы өзінің пікірін «рудабасқармасының техникалаық жетекшісі, партияға мүшелікке кандидат Қадылбековтың соңғы уақытқа дейін 5 жылға абақтыға жабылған контрреволюционер ұлтшыл ағасы Кадоленкомен байланысын үзбей отырғандығын» контрреволюциялық факті ретінде келтіріп, ойын нығыздай түседі [17].

Жалпы Советтер Одағында қалыптасқан жағдайда инструктордың бұл анықтамасы рудабасқармасының бастығы Жандосовты партия қатарынан шығаруға жеткілікті еді. Бұл шешімді 1937 жылдың 9 мамырында өткізілген Талдықорған аудандық партия комитетінің бюросы бекітеді. Бұл арада Оразалыға аудандық партия комитеті бюросының тарапынан таңылған «кінә» біршама толық күйінде берілгендігін ескере отырып қаулының мәтінінен үзінді келтіру бізге артық емес көрінді. Өйткені бұл құжат арқылы коммунистік партия ұйымдарының саяси репрессия процесіндегі орнын пайымдауға болады. Бюро қаулысында, мәселен, шахта жұмысшылары арнайы тігілген киімсіз жұмыс істеді, шахтада вентиляция болмауына байланысты жеке адамдардың улануы орын алды, сынға жол берілмеді, директор Тоққожанов, Скритченко және басқаларды жақын тартып, жұмысқа алды, жұмыстан шығарылған 40 жұмысшы түгелдей орыс ұлтынан еді деген сияқты кемшіліктер келтірілді. Бұл таңылған кінәларға байланысты О. Жандосовтың берген уәжі мүлдем ескерілмеді. Әсіресе, Оразалыға директор ретінде өз қызметі арқылы біраз көлемде қаржылай шығын келтірді деген айып тағылғанымен, бірақ сол тағылған айыпқа байланысты тексеру жұмысының қорытындысы туралы ештеңе айтылмады. Өйткені ондай тексеру жұмысы жүргізілмеген де еді.

Бюро қаулысы мынадай мазмұнда қабылданды:

1. Текелі кен орнындағы өндіріске жасаған зиянкестік қызметі үшін, мемлекет қаржысын иемденгені үшін (50мың сом), контрреволюциялық ұлтшылдығы үшін Жандосовты БК(б)П мүшелігінен шығару туралы бастауыш партия ұйымының шешімі бекітілсін.

2. Аудандық прокурор Ж.Түскеевке қылмыстық іс қозғау жүктелсін.

3. БК(б)П Облыстық және өлкелік комитеттерінен жедел түрде Текелі рудабасқармасындағы жағдайды түзетуге байланысты көмек сұралсын...» [18].

Осы арада аудандық партия комитеті бюросының шешімінде елеусіз қалдыруға болмайтын бір факті жөнінде айтылған. Ол Оразалының «троцкистер» Кельмансон [19] және Пятаковпен [20] Текелі кен орнында байланысты өзара бірлікте қызмет жасағандығы туралы еді. Бұл арада, әрине қазақ ұлтшылдары мен троцкистердің «өзара байланысы» бар деген ойға көпір тасталғандығын байқау қиынға түспейді. Бұл кезде советтер мемлекетінде оның азаматтары үстінен «қылмыстық іс» осындай немесе осыған ұқсас технология арқылы жасалатын.

Жоғарыда баяндалғандай прокурордың О.Жандосовты қамауға алу туралы ордері көп күттірген жоқ-тын. Ол мамырдың соңына қарай тұтқындалып, маусымның 1-нен тергеушінің сауалдарына жауап бере бастайды. Өкінішке орай, бізге Жандосов Оразалының тергеу материалдарымен толық күйінде танысуға мүмкіндік берілмеді. Үстірт, көз жүгіртіп қарағанда байқалғаны: жарты жылға созылған (1937ж маусым-желтоқсан) тергеу ісінен соң осы жылдың 13 желтоқсанында берген жауабында Оразалы «мені контрреволюциялық қызметпен айналысып, қылмыс жасады деген айыптаумен келіспеймін» [21] деген ұстанымын ашық та анық білдіреді. Бұл, әрине, тергеу папкасына тігілген құжаттық материалдар нөпірінің арасынан бізге жеткен 33 жастағы ешқандайда кінәсіз Оразалының жан айқайы еді.

Дегенмен, НКВД тергеушілерінің «адам болса іс табылады» деген ұстанымды басшылыққа алып жасаған ісінің арасынан тарихи шындықтың ұшын көруге болатын еді. Оразалы Қықымұлы бір көрсетуінде сол тарихи кезеңдегі Қазақстан қоғамында қалыптасқан жағдайдан хабар беретін мынандай

пікірді білдіреді: «Есімде қазақ геологиялық тресі партия ұйымының жиналысында (бұл кезде О.Жандосов Семейде қызметте болатын.-авт.) Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Станкин Қазақ Өлкелік партия комитетінің 6 пленумы жұмысының қортындыларына байланысты баяндамамен сөйледі. Қазақ Өлкелік Партия Комитетінің 6 пленумы 1933 жылы 10-16 шілде күндері өтеді. Пленумда қаралған негізгі мәселе Ф.И.Голощекин басшылығы тұсында елді бұрын-соңды болмаған қырғынға ұшыратқан қателіктер жөнінде болады. Баяндамада кейінгі жарыссөзде сөз алып мен «партияның өлкелік комитеті бұрынғы басшылықтың жіберген қателігін толық аша алмады» деген ойды айттым. Бұл ой ұлтшылдықтың көрінісі ретінде қабылдануы мүмкін [22].

1931-1933 жж.қазақ даласындағы жойқын аштықтың куәсі болған Оразалының мұндай тұжырымға келуі, әрине, толық заңды да еді. Сондай-ақ, мұндай тұжырымға келген ол жалғыз емес-тін. Інісінің республика басшылығының қызметіне байланысты сыни ұстанымда болғандығынан Ораз Жандосов та мәлімет береді. 1937 жылдың тамызында абақтыға жабылған ол 30 қыркүйек күні берген көрсетуінде «менің інім Оразалы Жандосовтың 1933 жылдың басында Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты ұлтшылдық ұстанымда болғандығынан хабардармын. Ол бұл кезде Семейде қызметте еді. Қазақтардың арғы бетке жапырыла көшуін ол басшылықтың қате саясатымен байланыстырды. Кезінде Анненков әскерінде болған алашордалық Мұхамедчин деген кісімен ұзақ жылдар бойы жақын қатынас ұстап, оны қызметке тартып жүрді. Тау өнеркәсібіндегі қызметіне байланысты ылғи да Кельмансонмен жиі араласып, Пятаковпен де кездесті», -дейді [23].

Оразалының отаншыл ұстанымдағы тұлға сипатын айғақтайтын құжаттық фактілер аз емес. Мәселен, ол 1933 жылы Мәскеулік кезеңінде қызыл профессура институтының тыңдаушылары Б.Айбасов, Ж.Арыстанов, Ғ. Исхаков, І.Қабылов, Қазақ Өлкелік партия комитетінің мүшесі Ғ.Тоғжановтармен бірге И.Сталин мен Өлкелік партия комитетінің хатшысы Л.Мирзоянның атына «О работе Казахстанской парторганизации» аталатын «Алтаудың хатына» қол қояды. Құжатта қазақ ауылын апаттық жағдайға алып келген Ф.Голощекин басшылығы қызметінің нәтижесі екендігі, соның салдарынан елдегі 800 мың жеке қожалықтардың 1932 жылдың көктеміне қарай жартысына жуығы, ал мал басының 85% жойылып кеткендігі айтылады [24].

Осы жылғы көктемде Мәскеудегі оқуын аяқтаған Оразалы Семей қаласында орналасқан қазақ геологиялық барлау тресі басқарушысының орынбасары, сонан соң көп ұзамай басқарушысы қызметін атқарушы болып тағайындалады. Трестегі партия ұйымының кезекті бір жиналысында Қазақ Өлкелік басшылығының кадр саясатын сынға ала сөйлеген Оразалы ішінде жүрген пікірін айтып салады: «Қазіргі уақытта қазақ жастарының білімге деген құлшынысы – бұл қоғамдық құбылыс. Осы ретте, мәселен, кез-келген шығыстық туыс республикаларды алып қараңыз сіз мұндай ғажап құбылысты көре алмайсыз. Техникалық тұрғыдан сауатты, мәдениеті жоғары қазақ жастары оқуын аяқтап Қазақстанға жетеді, ал мұнда келген соң өлкелік мекемелерден не материалдық, не моральдық тиесілі қолдау таба алмаған олар тауы шағылып, жұмыс іздеп басқа өңірлерге кетеді. Назар аударсаңыз сондай жастардың біразының Қырғызстанда, Өзбекстанда және басқа Ортаазиялық республикаларда жүргенін көресіз» [25]. Кейін, яғни 1937ж. НКВД абақтысына түскенде тергеуші Оразалының есіне оның жоғарыда баяндалған мәселеге байланысты айтқан сын пікірлерін есіне салады. Олар, әрине: 1. Голощекин басшылығының елді апатқа әкелген қызметіне және 2. Оқу бітіріп келген қазақ жастарының жұмыс іздеп, басқа елдерге кетуіне байланысты ел басшылығына айтқан сын пікірі болатын [26].

Советтік тоталитарлық режим өз атына айтылған дәлелді сынды ылғида жаулық ұстаным ретінде қабылдады. Бұл жағдай оны тұйыққа тіреп, біржола ыдырауына жол ашқан ең негізгі кемшіліктерінің бірі еді.

Оразалы Жандосов абақтыда 1937жылы 11 және 15 қарашада берген көрсетулерінде досы Мерғали Қадылбеков екеуінің де қоғамда қалыптасқан объективті жағдайға байланысты ұлтшылдық ұстанымда, ал Совет үкіметінің реформалық шараларына қатысты сыни пікірде болғандығын жасырмайды [27].

Осы мойындаудың өзі-ақ енді ғана қызметке араласқан бұл жас азаматтарды «буржуазиялық ұлтшылдар» ретінде және «халық жаулары» Пятаков пен Кельмансон сияқты қайраткер тұлғалармен байланыста (троцкистер ретінде айыпталған-авт) советтік билікті құлатуды көздегендер санатына жатқызуға жеткілікті еді.

ССРО-ның Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының көшпелі сессиясы (құрамы Горячев А.Д (төраға), Алексеев Г.А., Микляев А.Н., Шапошников Н.Н.(хатшы)) өзінің 1938 жылғы 28 ақпан күнгі отырысында Текелі рудабасқармасының бұрынғы директоры Жандосов Оразалыны 1933 жылдан бастап Қазақ ССР-да құрылған контрреволюциялық-ұлтшылдық, көтерілісшіл-террористік және диверсиялық-зиянкестік ұйымның құрамында оңшыл-троцкистік блокпен бірлікте Советтік билікті құлату

мақсатындағы контрреволюциялық қызметі үшін РСФСР Қылмыс кодексінің 58 бабының 2,7,8 және 11 тармақтарында қарастырылған қылмысқа сәйкес ең жоғарғы жаза-атуға бұйырылсын, сондай-ақ оған тиеселі жеке мүлкі тәркіленсін деген шешім шығарады [28]. Бұл күш қолдану, даярланған хаттамаға зорлықпен қол қойғызу арқылы жүргізілген 2-3 тергеу және 9 айға созылған абақтыдан соң бар болғаны 15 минутқа созылған (10^{00} - 10^{15}) сот процесі болатын.

Ақталуы (реабилитация). Советтік репрессия процесіне қатысты «ақтау», яғни реабилитация (rehabilitatio-лат) деген термин бар. Ол жазаланған кісінің құқын сот арқылы немесе әкімшілік шешім арқылы қайтару, сөйтіп оның жақсы атын, бұрынғы абыройын қалпына келтіру дегенді білдіреді. И.Сталин өлген соң соған дейін одақ кеңістігінде жаппай жазықсыз жазаланған кісілерді ақтау процесі жүрді. Бүгін де ол жалғасын табуда. Жарайды, бұл жұмыс қоғамның рухани кемелдігі үшін қажет делік. Бірақ, осы сөзді айтқанда көңілден кетпейтін бір күдік бас көтереді. Ол қоғам өміріндегі орны мен қызметін еш уақытта еш нәрсе толтыра алмайтын осыншама аптал азаматтардың көзін қатігездікпен жою кімге не үшін қажет еді? деген сұрау. Ал олардың көзін жойып, қоғамға шексіз зиян келтірген қылмысшыл саяси жүйе үшін репрессия құрбандарының ұрпақтарынан, халықтан кешірім сұрайтын субъект жөнінде не айтуға болады? Осындай жауабы жоқ сұраулар аз емес.

Осы ретте жазықсыз жазаланған азаматтардың артында қалған жарлары мен қыздарының жары немесе әкесін, немесе бауырын ақтап алу жолындағы ерлікке лайық қызметін ұмыт қалдыру мүмкін емес. Осы қызметі арқылы қоғам өзінің адамгершілік болмысын, болашаққа деген үмітін қорғап, сақтай алды. Оразалы Қиқымұлының жары Хатима Темірғалиқызының сүйікті жарын ақтап алу жолында сот орындарына жазған хаттарын зор ризашылықпен оқымау мүмкін емес. Осындай бір хатында Хатима апай «Жандосов Оразалы Қиқымұлының жары бола жүріп оны Коммунистік партия мен Отанының ісіне адал да әбден берілген коммунист ретінде танып білдім, сондай-ақ ол социалистік құрылыс ісіне бар таланты мен күшін аямаған маман да бола білді. Сондықтан да сізден жарымның ісін қайта қарап, нәтижесі жөнінде маған хабарлауыңызды өтінемін»-деп жазды. ССРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы 1957 жылғы 1 тамыздағы отырысында 1938 жылғы шешімін қайта қарап, Жандосов Оразалы Қиқымұлын партия мен отаны алдында кінәсіз деп тапты [29].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Азербайев Н.А. Репрессированные геологи (1937-1938гг) // ҚР ҰҒА-ның Хабаршысы. Геология сериясы. 2006. № 36. с. 72-77. Жанәбіл С. Оразалы Жандосовты білесіз бе? // Жас Алаш. 2004 ж. 6 наурыз, № 28-29
2. ҚР Ішкі Істер Министрлігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің архиві (бұдан былай ҚРІМ АҚДА - авт). Архив № 04722. Жандосов Оразалының тергеу ісі. 1 Т, Сонда, Архив № 07607. Қадылбеков Мерғалидың тергеу ісі. 1 Т.
3. Сонда, архив № 04722 Жандосов Оразалының тергеу ісі. 1 Т, 3-п, арх. № 07607. Қадылбеков Мерғалидың тергеу ісі. 1 Т, 3-п.
4. Сонда, архив № 04722 О.Жандосовтың тергеу ісі, 10-п.
5. Сонда, 11-12п.п.
6. ҚРПА, 141-қ, 16 - тізімі, 3362 - іс. 6-6 пп.
7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т.4, Алматы, 2010. с.330.
8. Российский государственный архив экономики (РГАЭ). ф. 7787, оп. 1, д. 260. лл.35-39
9. Азербайев Н.А. Аталған мақала. АПРК, 141-қ, 16-т, 3362- іс, 8-п.
10. Н.Ә. Назарбаев. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық // Айқын газеті, 2008, 31 мамыр
11. Завалишин И. Описание Западной Сибири. Т 3. Спб. 1867. с.6.
12. Северцов Н.Я. По Туркестанскому краю и исследование горной страны Тянь-Шаня. СПб., 1873, С.453
13. КРОМА 118-қ., 1-т., 6-іс, 13-п
14. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Г.1, книга-1, М-Л., 1952. С.83; Рашид ад-дин Фазлуллах Хамадана (1247-1318). Жамия ат-тауарих (тарихтар жинағы). 1-том. Астана, 2018. 50, 56, 57 б.б.
15. Вебер В. Полезные ископаемые Туркестана. СПб., 1913. С.208
16. Иванов А.О. О разработке свинцовых рудников в горах Қаратау // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежедневник. Вып. II. СПб., 1873. С.472
17. ҚРІМ АҚДА., арх. № 04722, Жандосов Оразалының тергеу ісі, 1Т, 26-38 п.п.
18. Сонда, 16, 17, 26-32 п.п.

19. Кельмансон Анатолий Израилевич. Инженер, геолог. Одақтық деңгейдегі ірі өндіріс ұйымдастырушысы. Ащысай полиметалл комбинатының алғашқы директоры. Тұтқынға алынар алдында Қазақ ССР-ы жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болған. 1936 жылы репрессияға алынып, 1937 жылы ССРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының шешімімен ату жазасына бұйырылған.

20. Пятаков Ю.Л. Белгілі мемлекет және партия қайраткері. Бұл кезде ССРО Ауыр өнеркәсібі халық комиссарының орынбасары.

21. ҚРІМ АҚДА, арх. № 04722. Жандосов Оразалының тергеу ісі. 1Т., 4-п.

22. Сонда, 3-п.

23. ҚРІМ АҚДА., арх. № 04657. № 11384 Жандосов Ораздың тергеу ісі. 1-т., 31-п.

24. Азербайев Н.А. Аталған еңбек, 74 б.

25. ҚРІМ АҚДА., арх. № 04722. № 11020 Жандосов Оразалының тергеу ісі. 3-п.

26. Сонда, 3-п.

27. Сонда, 241-п.

28. Сонда, 226-227 п.

29. Сонда, 233-277 п.п.

ӘӨЖ 711.97

ГРНТИ 03.01.20

М. Қ. Қойгелдиев¹

¹Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

№ 3470 ИНЖЕНЕР-ГЕОЛОГ ӘЗІРБАЕВ МАРДАН НЫҒМЕТҰЛЫНЫҢ ІСІ

Аңдатпа

Мақалада Ішкі Істер Министрлігі архиві қорының № 3470 Мардан Нығметұлының тергеу ісі материалдары негізімен инженер-геологтың өмір жолы, қайғылы тағдыры қарастырылады. XX ғасыр басындағы қазақ жастарының биік қарым-қабілетін анықтаған тұлғалар қатарындағы М.Әзірбаевтың іс құжатымен толық күйінде танысу мүмкін болмады, алайда олардың арасындағы танысып үлгерген кейбір материалдардың өзі талантты жас геологтың атқарған қыруар қызметімен таныс етеді. Еліміздің геологиялық тарих саласы бойынша даярланған бұл мақалада қазіргі күн талабына сәйкес жаңа қорытулар мен тың ойлар айтылады.

Кілт сөздер: инженер-геолог, кен қоры, руда, тергеу ісі, ақтау, индустриализация.

Койгелдиев М. К.¹

¹ доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, Заведующий кафедрой Кафедра истории Казахстана им. Академика Т. С. Садыкова Казахского национального педагогического университета имени Абая

ДЕЛО № 3470 ИНЖЕНЕРА-ГЕОЛОГА МАРДАНА АЗЕРБАЕВА (1909-1938 ГГ.)

Аннотация

В статье впервые в отечественной историографии на примере жизни и деятельности Мардана Нигметулы Азербайева рассматривается трагическая судьба первого поколения казахов инженеров-геологов.

В статье рассмотрена трагедия жизненного пути и деятельности инженера-геолога Мардана Азербайева на основе следственных материалов дела № 3470 Министерства внутренних дел. В начале XX века среди казахской молодежи, раскрывших свой высокий потенциал, Мардан Азербайев стал известен как талантливый геолог. Эта статья по истории геологии нашей страны содержит новые выводы и размышления.

Ключевые слова: инженер-геолог, месторождение, руда, следственное дело, индустриализация, реабилитация.

Koigeldiev M. K.¹

1 Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan. Academician TS Sadykov Kazakh National Pedagogical University named by Abay

CASE NO 3470 GEOLOGICAL ENGINEER MARDAN AZERBAYEV (1909-1938)

Abstract

For the first time in domestic historiography, the example of the life and professional activities of Mardan Nigmatula Azerbaev examines the tragic fate of the first generation of Kazakh engineers and geologists.

The article considers the tragedy of the life path and activities of the geological engineer Mardan Azerbayev on the basis of investigative materials of case No. 3470 of the Ministry of Internal Affairs. In the early twentieth century, among the Kazakh youth, who revealed their high potential, Mardan Azerbaev became known as a talented geologist. This article on the history of the geology of our country contains new conclusions and thoughts.

Key words: geological engineer, deposit, ore, investigation, industrialization, rehabilitation.

XX ғасыр басындағы қазақ жастарының биік қарым-қабылетін анықтаған тұлғалардың қатарында инженер-геолог Әзірбаев Мардан Нығметұлы да болды. Ол бар болғаны жиырма сегіз жыл өмір сүрді. Осы аз ғана уақыт аралығында Мардан Нығметұлы одақ көлемінде өзін сирек кездесетін металдарды іздеп табу ісінде талантты инженер-геолог, ғалым және ұстанымды азамат ретінде танытып үлгерген еді.

Ішкі Істер Министрлігінің архив қорында 3470 номерлі Мардан Нығметұлының тергеу ісі сақталған. Істе тігілген құжаттық материалдармен толық күйінде танысу мүмкін болмады. Олардың арасындағы танысып үлгерген кейбір материалдарға сүйеніп геолог-ғалымның өмір жолы және ашқан жаңалықтары жөнінде оқырманмен бөлісуді жөн көрдік.

Мардан Нығметұлы тұйық, бірақ мінезге бай, өз ісіне тиянақты, ана тілін сүйген және құрмет тұтқан, геологиялық экспедицияларға шығып жүргенде ел арасындағы аңыз-әңгімелерге зор ықылас танытып, оларды арнайы жинаған жан-жақты ғалым болған. Өкінішке орай жас ғалымның бұл ел арасынан жинаған материалдары тінту кезінде НКВД қызметкерлері тарапынан тәркіленіп, сол күйінде қайтарылмаған.

М.Әзірбаевты қамауға алу туралы НКВД тарапынан ордер (№1103) 1937 жылы 23 қараша күні беріліп, сол күні оның Алматы қаласы Пролетар көшесі №65 үйдегі пәтерінде тінту жүргізіледі. НКВД қызметкерлері Клецко және Керимов жүргізген тінту барысында үй иесінің паспорты (ЛПЦ 4147), Қазақстанның 15 жылдығы медалімен марапатталғандығы туралы куәлігін, профсоюз мүшесі екендігін куәландыратын билетін (№47237), комсомолға мүшелік билеті (№83418), сондай-ақ оның геологиялық қызметіне байланысты түрлі материалдар алынып, ол жөнінде тізім жасалынады [1].

Өкінішке орай, құжаттар арасынан біз Мардан Нығметұлының өмірбаянын кездестіре алмадық. Ал жеке анкетасында мынадай мәліметтер берілген. Әзірбаев Мардан Нығметұлы 1909 жылы 29 мамырда Батыс Қазақстан облысы Орда ауданындағы Сойкин (енді бірде Сайхин ст) ауылында өмірге келген. Тұтқынға алынған сәтте Алматы қаласындағы Пролетар көшесіндегі 65-ші үйде тұрған. Соңғы жұмыс орны «Қазақ сирек кездесетін металдарды барлау мекемесінің» Оңтүстік Алтай геологиялық партиясының қызметкері. Мамандығы жоғары білімді инженер-геолог. Әлеуметтік тегіне байланысты мынадай мәліметтер береді: малшы-шаруа отбасынан, анасы Дина, 58 жаста Батыс Қазақстан облысында колхоз мүшесі болған. 1929 жылға дейін ұсақ-ірі 20 бас мал ұстаған. Зайыбы – Зинаида Семеновна Гришина 23 жаста. Отбасында немере қарындастары Кәзима мен София бар. Сондай-ақ үш туған бауырлары бар екендігін, солардың бірі Фарук 38 жаста, Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданында тұратындығын, партия мүшесі екендігін, екінші бауыры 1905 жылы туылған, партия мүшесі, үшінші бауыры Ерденнің Ленинград университетінде оқитынын айтқан.

Тергеушінің сұрауларына берген жауабында ол сондай-ақ ата-анасының революциялық өзгерістерге дейін орта шаруашылығы болғандығы, ал кейінгі уақытта кедейленгендігі туралы да мәлімет берген.

Міне осы жеке анкетасында Мардан 1932 жылы Мәскеудің геологиялық-барлау институтын бітіргендігін айтқан.

Жеке анкетаға тіркелген дәрігерлік куәлікте Мардан Нығметұлына дәрігер Русликов миокардит, неврастения сияқты диагноз қойып, соңынан «практически здоров» деген тұжырым жасаған [2].

Қоғамдық-саяси қызметіне байланысты Мардан 1927 жылы Орда аудандық комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарғандығын атайды. Жеке анкетасында ол 1924-1931 жылдар аралығында комсомол қатарында болып, 1931 жылы комсомолдан шығарылғандығын, оған оңшыл-уклон ұстанымы себеп болғандығын білдіреді [3]. Осы ретте бұл жағдайға түсінік бере кеткен артық емес. 1931 жылы Қазақстанда жалпыхалықтық аштық жүріп жатты және ол ұлттың аштықтан қырылуына ұласты. Бұл жағдай, әрине, Мәскеуде оқуда жүрген жастарды да бейжай қалдырған жоқ-тын. Институттағы комсомол жиналысында сөз алған Мардан жалпыұлттық қырғынға алып келген республикалық басшылықтың әлеуметтік-экономикалық ұстанымын сынға алады. Ал мұндай мазмұндағы сын сол тұстағы Советтер Одағында оңшыл-уклонның көрінісі есебінде бағаланатын. Міне осы білдірген пікірі үшін Марданға институттан шығып қалу қаупі төнеді.

Осы орайда мынаны да айтқан жөн сияқты. НКВД-ның Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының жауапты қызметкерлері Яковлев пен Тороповтың даярлап, қолдарымен бекіткен анықтамаларында «Әзірбаев М.Н. 1931 жылы Мәскеу қаласындағы геологиялық-барлау институтында студент бола жүріп комсомол қатарынан және институттан оңшыл-уклон ұстанымын танытып және ол ағымға қатынасқаны үшін институттан шығарылған»[4] деген мәлімет келтіреді. Бұл берілген фактіге қарағанда Марданның институттан шығарылуы мүмкін еді.

Міне осындай жағдайға тап болған Мардан Нығметұлы Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы Михаил Иванович Калининнің қабылдауында болып, институттағы жағдайын баяндайды. Қазақ студентін мұқият тындап, оның келген шаруасын түсінген М.И.Калинин сол арада институт ректорымен телефон арқылы сөйлесіп, талапты да қабілетті жасқа көмектесуін өтінеді [5]. Институтты енді ғана аяқтаған жас маманды профессор Н.С.Шатский аспирантураға ұсынады [6]. Ал ғылыми-зерттеу бағыты ретінде ендігі уақытта Марданға сирек кездесетін металдар қорын барлау және анықтау ісімен айналысу міндеті жүктеледі. Бұл ретте орталық билік, әрине, өз мүддесін көздейді. Ал қазақ ғалымы үшін мамандықты игерудің бірден-бір тиімді жолы осы еді. Алдымен ол академик А.Е.Ферсман басқаратын СССР Ғылым Академиясының Ош-Памир экспедициясына, сонан соң Сванетияда алтын қорын іздеп, барлау жұмысын жүргізген экспедицияға қатысады. 1934 жылдан бастап еліне оралып, «Қазсирекметалбарлау» тресіне қызметке тұрып, Алтай мен Орталық Қазақстанда жүргізілген зерттеу жұмыстарына атсалысады.

Міне осы 1934-1937 жылдар Мардан Нығметұлының сирек металдар бойынша ғалым-геолог ретінде қалыптасу және жемісті еңбек кезеңі болды. Жас ғалым одақтық басылымдарда бірнеше мақалалар жариялайды [7].

Мардан Нығметұлы Алматыда жаңадан ұйымдастырылған Қазақ тау-металлургия институтының алғашқы оқытушылары қатарында болды. Ол геология мамандығын игеру жолына түскен алғашқы буын қазақ жастарына далалық геология және картаға түсіру пәнінен ана тілінде дәріс берді. Күрделі геологиялық ұғымдар мен процестерді қазақ тілінде түсіндіріп, болашақ мамандарды «геологша ойлау» мәдениетіне баулиды. Әлі-ақ геология ғылымының бай да мазмұнды қазақ тілінде сөйлеп кететіндігіне алдымен өзі сенді, сондай-ақ оған жастарды да сендірді. Ал оның шәкірттерінің қатарында А.К.Каюпов, А.Машанов, Г.Н.Щерба сияқты болашақ академик-ғалымдар болды.

1937 жылы 22 қараша күні НКВД қызметкері Клецконың даярлап, осы мекеменің басшылары бекіткен қаулыда «Катон-Қарағай ауданында жүрген «Казредметразведка» қызметкері, әлеуметтік тегі жағынан бай баласы, жоғары білімді, бұрын оңшыл-уклонист ретінде танылып, комсомолдан шығарылған М.Әзірбаевты Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасында жиналған материалдарға сәйкес Чиндыгатуйдағы сирек кездесетін металдар қорының бар екендігін жасырып, зиянкестік әрекетпен айналысқандығы, сондай-ақ бұған қосымша, М.Әзірбаев ұлты орыс партия және совет қызметкерлерінің атына контрреволюциялық террористік мазмұндағы пікір таратқаны үшін РСФСР-дың Қылмыс Кодексінің 58 бабының 7 және 8 тармақтарына сәйкес қамауға алу» [8] туралы айтылған.

1937 жылы 25 қарашада Мардан Нығметұлына байланысты тергеу ісі басталады. Оған қойылған ең алғашқы сұрау: «Сізге РСФСР ҚК-нің 58 бабының 7 және 8 тармақтарына сәйкес зиянкестік және арандатушылық әрекетпен айналысып, партия және үкімет басшыларына қарсы террористік мазмұндағы үгіт жұмыстарын жүргізді деген айып тағылады. Осы көрсетілген айыптауға байланысты сіз өзіңізді кіналы санайсыз ба?»

Жауап: «58 баптың 7-8 тармақтарына сәйкес маған қойылған кіна бойынша өзімді айыпты санамаймын. Менің айтуым бойынша тура жазылған және оны өзім оқып шықтым, соны растап қол қоямын. Әзірбаев (қолы-авт)» [9].

Осы арада қысқаша болса да мәселенің тарихына тоқталуға тура келеді. 1935 жылы Мәскеудегі сирек металдар кеңсесі мен «Қазақ сирек металдарды барлау» тресі арасында келісім шарт жасалып, Алтайға арнайы экспедиция шығарылады. Экспедицияны басқару ісі М.Әзірбаевқа жүктеледі. Оның жұмысына 700 мың рубль бөлінетін болып келісіледі. Экспедиция Чиндыгатуй аталатын өңірде молибден мен вольфрамның қоры бар екендігін анықтайды [10]. Бұл, әрине, одақтағы металлургия өндірісі үшін үлкен жаңалық еді. Чиндыгатуйдағы кен қорының көлемін дәлірек анықтау үшін терең барлау жұмысын жүргізу қажет болады. Ондай жұмысты атқару үшін Мәскеулік мекеме бөлген 250 мың рубль қаржы жетпейтін еді. Бастапқы жоспарланған көлем бөлінбейді. Осы арада мынадай жағдай байқалады. Мәскеулік сирек металдарды барлау мекемесіндегі шенеуніктер қызғаныштық танытып, Алтайдағы молибден мен вольфрамның қорын ашу абыройын Мардан Нығметұлына қимаған сияқты.

Мәскеулік орталық мекеме ізін ала геолог Муркин басқарған жаңа экспедиция шығарады. Бұл соңғы экспедиция Чиндыгатуйдағы молибден мен вольфрам қоры М.Әзірбаев көрсеткен көлемнен анағұрлым үлкен деген қорытындыға келеді. Жоқ жерден пайда болған дискуссияға байланысты М.Әзірбаев «мен берген болжам бұл кен орнын өнеркәсіптік тұрғыдан игеруге байланысты емес, кен қорына геологиялық тұрғыдан жасалған болжам болатын» деген уәжін айтады. Жас геолог-ғалымның бұл келтірген дәлеліне қарсы жақтан ықылас қойған адам табылмай, іске НКВД органдары араласып, «халық жаулары» Тұрар Рысқұловпен, геологтар Оразалы Жандосовпен, Қасаевпен жақын байланыста, таныс болғандығына ерекше көңіл аудара бастайды. НКВД қызметкерлері Яковлев пен Торопов даярлаған анықтамада, мәселен, «Әзірбаев контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының басшысы Рысқұловпен тығыз байланыс орнатып, онымен кездесу үшін арнайы Мәскеуге барып, Рысқұловтың дачасында болып, өзімен бірге баруға Кривцинді де (геолог-авт) шақырған» [11] деген факті келтіріледі.

Басқаша айтқанда, бұл берілген фактілерден НКВД органдарының Мардан Нығметұлын «халық жауы» ретінде айыптауға қызу кірісіп кеткендіктерін байқауға болатын еді. Тергеу ісі көпке созылған жоқ-тын. Желтоқсан айының 20-да «Айыптау қорытындысы» даяр болады. Қазақ ССР Ішкі Істер Халкомының орынбасары Володзьконың қолымен бекітілген бұл құжатта не айтылған еді?

Егер осы уақытқа дейін М.Әзірбаев Қылмыс Кодексінің 58 бабының 7 және 8 тармақтары бойынша кінәлі саналған болса, енді айыптау қорытындысында оларға жаңадан 11 тармақ қосылған еді.

Қорытынды мынадай тұжырымнан басталады: «ҚССР Ішкі Істер Халкомиссариатының Шекараны қорғау органдары Қазақстандағы металл өнеркәсібінде советтік билікті құлатып, елде капитализмді қалпына келтіруді мақсат тұтқан контрреволюциялық, троцкистік, террористік, зиянкестік ұйымды ашты».

Қазақстанда контрреволюциялық троцкистік, террористік зиянкестік ұйым аштық деп мәлімдеп мәскеулік басшыларының алдында рапорт берген НКВД-ның жергілікті тергеушілері Мардан Нығметұлына байланысты «іс жасауға» келгенде негіз боларлық жаңадан иланымды фактілер таба алмай қиналған болулары керек, көп ұзамай-ақ сол өздеріне үйреншікті арнаға түскен еді. Үйреншікті схема мынадай бағытта құрастырылды.

Ойдан құрастырылған контрреволюциялық ұйымды Қазақстандағы «Алтайредмет» басқармасының бастығы Федор Викторович Кривцун басқарған деп көрсетілді. Мұндай көрсетуге негіз болған Ф.Кривцунның Мәскеуде М.Әзірбаев екеуінің Т.Рысқұловтың дачасында бірге болғандығы еді. Ал Ф.Кривцунға бұл контрреволюциялық троцкистшілдер ұйымын құруға тікелей тапсырма берген антисоветтік троцкистік орталық ісі бойынша сотталған Б.П.Некрасов екен. Ал Ф.Кривцун құрған ұйым басым түрде, әрине, Қазақстандағы троцкистер мен ұлтшылдардан тұруға тиіс болды. М.Әзірбаев міне осы құрылған антисоветтік ұйымның мүшелерінің бірі екен.

Дегенмен, ойластырылған «іс» нанымды шығуы үшін бұл баяндалған фактілер тергеушілерге әлі де болса жетімсіз көрінеді. Қазақстандық антисоветтік троцкистшілдер ұйымы туралы концепция нанымды, жұп-жұмыр болып шығуы үшін не істеу қажет? Оған да негіз боларлық фактілер бар еді. Ол 1936 жылы ақпан айында Қазақстандағы жергілікті НКВД тергеушілері бастап кеткен Анатолий Израилевич Кельмансонның ісі болатын. А.И.Кельмансон сотқа тартылғанға дейін Риддер комбинатының және Ащысай полиметалл комбинатының құрылыстарына басшылық жасап жүріп «СССР ауыр өнеркәсібі халық комиссарының бірінші орынбасары Г.Пятаковтың тапсырмасы бойынша Қазақстандағы металл өндірісі саласында кең тамыр жайған шпиондық зиянкестік ұйым құрған» екен. Олай болса неге Ф.Кривцун құрған ұйымды онымен өзара байланысты етпеске?! Бұл екі троцкистшіл ұлтшылдар ұйымын өзара «байланыстыратын» адамдар да бар еді. Олар бұдан бұрын сотқа тартылған қазақ «троцкистшілдері» Мамыров Мәулетхан мен Жандосов Оразалы еді. М.Мамыров Ащысай полиметалл комбинатының

қызметкері, ал О.Жандосов инженер-геолог. Бұл екеуі де А.Кельмансонмен байланысы бар ұлтшылдар ретінде сотқа тартылған.

М.Әзірбаевқа байланысты даярланған айыптау қорытындысында, мәселен, М.Мамыров 1937 жылы сәуірде тергеу барысында мынадай мәлімет береді: «...Маған Әзірбаев Марданның контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының мүшесі екендігі белгілі, бұл ұйымға оны тартқан мен едім» - деп көрсетеді. Бұл, әрине, тергеушілердің ойдан шығарғаны. Осы пікірге жақын мазмұндағы көрсетуді тергеушілер Оразалы Жандосовтың да атынан береді: «... 1930-31 оқу жылынан бастап ұлтшылдық жұмыс белсендірек жүрді, мен «Қазақстан қазақтар үшін!» деген ұранды студенттер арасында кеңірек үгіттеуді жүйелі түрде атқаратын болдым. Ол кезде Мәскеудегі транспорт инженерлері институтында Абдуллин Қондыбай деген комсомол белсендісі оқыды. Ол Жетісулық ересек азамат еді. Мен оны ұлтшылдық ұстанымдағы жерлес ретінде білгендіктен тез-ақ ортақ тіл табысып кеттік. Екеуіміз жоғарыда аталған ұранды қазақ студенттерінің арасында кеңірек жайып, сөйтіп олардың санасында ұлттық-патриоттық ұстаным қалыптастыруға келістік.

Біздің идеялық жетекшіміз Садуақасов Смағұл болды. (Бұл кезде ол аталған институтта оқитын-авт). Міне осы әрекет барысында мен өзіме М.Әзірбаев сияқты серік таптым» [12].

Соңғы көрсету бойынша мынаны айту парыз. Бұл мезгілде Мәскеудегі транспорт инженерлері институтында Абдуллин Қондыбайдың және Садуақасов Смағұлдың оқығаны рас. Ал олардың арасында әлгіндей «Қазақстан қазақтар үшін!» деген мазмұндағы әңгіменің жүргізілгендігі, әрине, тергеушілердің фантазиясынан екендігі анық.

Сондай-ақ тергеушілер осы соңғы көрсетуді берген Жандосов Ораз деп жазады. Шын мәнінде бұл кезде Әзірбаев Марданмен геологиялық-барлау институтында бірге оқыған Ораз емес, Ораздың інісі Оразалы еді. Яғни тергеушінің бұл арада ағайынды Жандосовтарды ажырата алмағандығын, яғни жүргізіп отырған ісіне немқұрайлы қарағандығын байқауға болады.

Осы кезде жалпы Мәскеуде оқыған қазақ жастарына сенімсіздікпен қарау НКВД органы қызметкерлері үшін ұстанымға айналған сияқты. Мәселен, М.Әзірбаевпен бір уақытта Мәскеуде оқыған Құрақбаев деген азамат сотқа тартылып, көрсетулер береді [13].

Осы арада тергеу ісінде Смағұл Садуақасұлының есімінің аталуын елеусіз қалдыру тура болмас еді. НКВД тергеушілерінің М.Әзірбаевтың ісін С.Садуақасұлының есімімен ұштастыруы, әрине, жайдан жай емес-тін. Бұл тақырыпқа мынадай жағдайға байланысты назар аударуға тиістіміз. Біріншіден, М.Әзірбаевқа байланысты тергеу ісін жүргізіп отырған НКВД қызметкерлерінің қазақ ұлт-азаттық қозғалысынан терең хабардар екендігі аңғарылады. Бұл арада олардың М.Әзірбаевтың ісіне концептуалдық сипат беруге, яғни оны кездейсоқ тұлға емес, ұйымдастырылған мақсатты, антисоветтік және ұлтшылдар ұйымының мүшесі ретінде көрсетуге тырысқандықтары байқалады. Арнайы даярлықтан өткен тергеушілерге берілген негізгі тапсырма да осы еді, яғни тап жауларымен және ұлтшылдармен ымырасыз күрес жүргізу болатын. Екіншіден, тергеушілер С.Садуақасұлының қазақ ұлт-азаттық қозғалысындағы орнын жақсы білген. Ол Мәскеуге оқуға келгенге дейін-ақ өзін қазақ қоғамында жүргізілген советтік-партиялық (20-шы ж.ж.) реформаларға қарсылықтың негізгі тұлғасы ретінде көрсеткен болатын. Ф.Голощекиннің «кіші октябрь» идеясын қазақ қоғамын апатқа бастайтын демагогия екендігін ашық айтқан да (1926ж.) осы С.Садуақасұлы еді. Бұған қосымша, С.Садуақасұлы Алаш қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхановтың күйеу баласы, қызы Лизаға үйленген. Ол қазақ қоғамында Ә.Бөкейхановтың ісін жалғастырушы келесі ұлтшылдар буынының көш бастаушысы ретінде мойындалған. Олай болса С.Садуақасұлының өзінің ұлтшылдық қызметін Мәскеуде оқуда жүріп те жалғастыруы мүмкін ғой. Тергеушілерге М.Әзірбаевтың ісі осылайша өзінің логикалық шешімін тапқандай еді.

Шамамен осы мазмұнға жақын ойды Тұрар Рысқұловқа да байланысты айтқан жөн. М.Әзірбаев Мәскеуге РСФСР үкіметі төрағасының орынбасары қызметіндегі Т.Рысқұловқа Алтайдағы өзі ашқан молибден вольфрам кен қорына байланысты бастаған жұмысын абыроймен аяқтауға көмек сұрап, осы ретте одақтық сирек металдарды геологиялық-барлау мекемесінің тарапынан жасалған қиянатқа араша түсуін өтініп барған еді. Марданның бұл толық орынды әрекетіне НКВД тергеушілері мүлдем басқа реңк берді.

Өз кезегінде НКВД органдарының Мардан Нығметұлының инженер-геолог ретіндегі қызметіне, анығырақ айтқанда Чиндагатуйдағы молибден және вольфрам қорын ашқандығын, осы мазмұндағы еңбегіне қиянат жасағандығы байқалады. Осы мақсатта Марданның әріптестері Николаев пен Чернышев айтты деген мынадай көрсетулер береді: «1934 жылы Әзірбаев геологиялық ізденіс партиясының бастығы ретінде Оңтүстік Алтайдағы Чиндагатуй аймағына жіберілді. Оған осы өңірдегі вольфрам-молибден

қорын ашу міндеті жүктелді. Осы жолы, яғни 1934 жылы ол Чиндагатуйдағы қорды зиянкестік пиғылмен әдейі жасырып, ашпады.

1935 жылы июльде Әзірбаев тағы да осы өңірге қорды тауып, ашуға геологиялық партиясымен екінші мәрте жіберілді. Осы жолы да ол Чиндагатуйдағы вольфрам-молибден кен қорын көрсетпеді» [14].

Біз жоғарыда айттық, шын мәнінде Оңтүстік Алтайдағы Чиндагатуи-дағы молибден және вольфрам кен қорын Мәскеудегі сирек металдар орталығының тапсырмасы бойынша, осы орталық бөлген 250 мың рубль қаржыға Қазақ сирек металдарды барлау орталығының қызметкері инженер-геолог М.Н.Әзірбаев ашқан болатын. Инженер-геологтың бұл атқарған қызметі жөнінде НКВД-ның жауапты қызметкерлері Яковлев пен Торопов осы іс бойынша даярлаған анықтамаларында да жазған [15].

Сонымен, айыптау қорытындысында Мардан Нығметұлының атына ол жасады деген қандай мазмұндағы «қылмыс» тіркелді, енді соған көңіл аударайық:

1. Контрреволюциялық ұлтшыл, троцкистік және диверсиялық-зиянкестік ұйымның белсенді мүшесі болды, бұл ұйымға оны Мамыров тартты.

2. Жеке өзі белсенді түрде диверсиялық-зиянкестік жұмыс жүргізіп, Қазақстандағы сирек кездесетін металдарды іздестіру жұмысына кедергілер туғызып, қорғаныстық маңызы бар ол кен орындарын жасырып қалуға тырысты, оның бұл әрекеті:

а) саналы түрде мемлекеттен Чиндагатуйдағы вольфрам-молибден кен орнын жасырып қалғандығынан;

б) мемлекеттен Кар-Алахин вольфрам-молибден кен орнын жасырғандығынан;

в) барлау жұмысын зиянкестік тұрғыдан жүргізгендігінен, өз ретінде бұл әрекет барлау жұмысына қосымша капитал шығынын алып келгендігінен;

г) өзінің зиянкестік қызметін жасыру үшін жер қойнауындағы сирек кездесетін металл қорларының көлемін тура анықтамағандығынан;

д) террористік және антисоветтік үгіт жұмысын жүргізгендігінен көрініс тапты.

Айыптау қорытындысының соңында тергеушілер мынадай тұжырымға келеді:

«Әзірбаев М.Н. жасаған қылмыс РСФСР Қылмыс Кодексінің 58 бабының 7,8 және 11 тармақтарына сәйкес келеді.

Әзірбаев М.Н. қылмысын мойындаған жоқ.

Бұл іс СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының қарауына жіберіледі» [16].

Құжаттың соңында Әзірбаев М.Н.-ның Алматыдағы НКВД-ның тергеу түрмесінде 1937 жылдың 23 қарашасынан бері отырғандығы, ал оның кінәлі екендігін қуаландыратын заттай дәлелдің жоқ екендігі айтылады. 1937 жылдың 20 желтоқсанында даярланған бұл айыптау қорытындысына аға лейтенант Лыдоков қол қойған.

Құрамында Горячев А.Д. (төраға), Алексеев Г.А. және Микляев А.И. (мүшелері), Шапошников Н.И. (хатшы) бар Әскери Коллегияның отырысы бар болғаны 15 минутқа созылып, М.Н.Әзірбаев айыптау қорытындысымен таныстырылады. Соттың төрағасы айыпталушыға оған таңылған қылмыстың жай-жапсары туралы түсінік беріп, соңында Мардан Нығметұлына баяндалған қылмыс бойынша «өзіңізді айыпты санайсыз ба?» деген сұрау қояды. Бұл сұрауға Мардан Нығметұлы «Жоқ, баяндалған қылмысты мойындамаймын!» [17] деген жауабын береді.

СССР Жоғарғы сотының Әскери Коллегиясы М.Н.Әзірбаевты ең жоғарғы жаза – ату жазасына бұйырады [18]. Үштіктің шешімі сол күні, яғни 1938 жылы 3 наурызда орындалады [19].

Ананың хаты. Мардан Нығметұлының тергеу ісінде анасы Дина Саргенжеқызы Әзірбаеваның Қазақстан республикасының Ішкі Істер Министріне (22.XI.1955 ж.), Алматы облысының прокурорына (7.VI.1956 ж.) және Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің бастығына (жазған күні белгісіз), сондай-ақ Мардан Нығметұлының ағасы Сыздық Нығметұлының қызы Софья Сыздыққызының ССРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетіне (01.03.1956 ж.) жазған хаттары тіркелген [20].

Ұлы Марданның ешқандай да жазықсыз жазаланғанына іштей көзі жетіп, сезінген ана осылардың қолынан келеді-ау деген мекеме басшыларына арызын жолдап, перзентін, сондай-ақ өзінің де отан алдындағы кіршіксіз атын ақтап алуға күш салды. Ұлының өлі екендігіне сенбей, тіптен оны қайтарып алудан үміттенді. Жары Әзірбаев Нығметтің 1913 жылы өкпе ауруынан қаза тауып, оның артында қалған бес ұлдарын (Сыздық, Фарук, Ғусман, Мардан және Ерден) жоқшылық пен таршылықта өсіргенін, олардың барлығы жақсы оқып, саналы азамат болып қалыптасқанын, алдыңғы үшеуінің партия-совет қызметінде, ал соңғы екеуінің ғылымға бет бұрып, Ерденнің химия ғылымдарының кандидаты дәрежесін

алып, республика Ғылым Академиясында жұмыс жасайтындығын баяндайды [21]. Біз бұл арада Дина Саргенжеқызының бір хатының толық мәтінін келтірумен шектелдік.

1956 жылы 9 маусымда Алматы облысының прокуроры Мұхамедияровтың атына Әзірбаева Дина Саргенжеқызынан мынадай мазмұндағы арыз түседі:

«Менің ұлым Әзірбаев Мардан Нығметұлы 1909 жылы туған. Орда ауданының Сайкин ст. өмірге келген, қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданы аталады. Инженер-геолог, Қазақ тау-металлургия институтында және Алматы қаласындағы Қазақ түсті металдарды барлау тресінде жұмыс жасаған.

1937 жылы 23 қарашада ҚазССР НКВД тарапынан берілген №1103 ордер негізінде Алматы қаласындағы Пролетарскі көшесі №65 үйде тұтқындалған.

Сол күннен бері ұлым туралы ешқандай да мәлімет алған емеспін. Жазған арызыма 1955 жылы Қазақстан НКВД-сі тарапынан ұлыңыз 1946 жылы өлді деген жауап алдым.

Жолдап отырған арызым арқылы сізден істің анық-қанығын анықтап беруді өтінемін. Егер тіптен менің балам өмірден озған күннің өзінде мәселенің басын ашып, ақтау шешімін шығарып, сол арқылы Советтер Одағы жауының анасы емес деген ардақты атымды қалпына келтірулеріңізді өтінемін.

Басқа екі ұлым Ұлы Отан соғысы кезінде болған шайқастарда қаза тапты.

1956 жылдың 7 маусымы. Әзірбаева» [22].

1957 жылы 19 қазанда Мәскеудегі Бас әскери прокуратураның әскери прокуроры юстиция майоры Дикарев М.Әзірбаевтың тергеу материалдары-мен танысып шығып, «Әзірбаевты зиянкестік қызметпен айналысты деген айыптау нақты емес және ол ешқандай да фактілік материалмен дәлелденбеген. Тексеру арқылы анықталғанындай, Әзірбаев негізсіз сотталған»[23] деген қорытындыға келеді.

Юстиция майоры Дикарев даярлаған қорытынды материалында «Әзірбаев тергеу барысында да, сондай-ақ әскери коллегияның сот мәжілісінде де өзіне таңылған қылмыстың бірде-бірін мойындамады»[24] деген факті келтірген.

Келесі, яғни 1958 жылы 18 қаңтарда СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы М.Н.Әзірбаевтың ісіне байланысты юстиция майоры Дикарев-тың ұсынысын негізге алып, мынадай мазмұндағы тоқтамға келеді: «СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1937 жылғы 3 наурыздағы Әзірбаев Мардан Нығметұлына байланысты үкімі жаңа қалыптасқан жағдайларға байланысты кейін қайтарылсын және оған байланысты қозғалған іс қылмыс құрамы болмағандықтан тоқтатылсын»[25].

Осылай тағы да бір қазақтың өрімдей жас геолог-инженері (28 жаста) НКВД абақтысында өмірмен қоштасты. Қоғамда бұл әділетсіздікке араша түсе алатын күш жоқ еді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ИМ АҚДА., № 3470 Әзірбаев Мардан Нығметұлының тергеу ісі. Архив № 05211. 1,3,4 б.б.
2. Сонда, 7, 8, 9 н.п.
3. Сонда, 9^{аб} н.
4. Сонда, 5-6 н.п.
5. Азербайев Н.А. Репрессированные геологи (1937-1938 гг.) // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Геология сериясы. 2006. № 3. 72-77 б.б.
6. Сонда, 73 б.
7. М.Әзірбаевтың жариялаған мақалалары: Золото в Сванетии // Советская золотопромышленность. 1934. №1; К геологии, тектонике, и генезису Алмалыкского месторождения медных порфировых руд // Разведка недр. 1935. № 4. С.11-17; К проблеме Талгарского молибдена // Геология и охрана недр. 1936. № 8. С. 23-26; Некоторые типы месторождений рассеяных золотых руд в районе Степняка в Казахской степи // Труды треста «Золоторазведка» и института НИГРИЗ олом. М. –Л., 1937. Вып. 4.
8. ҚР ИМ АҚДА., №3470 Әзірбаев Марданды тергеу ісі. 4 н.
9. Сонда, 10 н.
10. Молибден (лат. *polybdaenum*) Мо – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент. Негізгі минералдары: молибденит, повеллит және молибдит. Молибден ашық сары түсті металл. Таза молибден - ақ, жылтыр металл, созымды, қатты. Молибденнің тығыздығы 10,2 г/см³, ұнтақ түрінде молибден қара-сұр түсті. Молибденнің балқу температурасы өте жоғары: 2890 К (2617°C). Молибден болатты легирлеуде; авиацияда ракеталар мен атомдық техникада қызуға төзімді балқымалардың негізі; электрлік вакуумдық қондырғылардың бөлшектерін және күйдіргіш шамдардың сымын жасауда қолданылады. Молибден табиғатта кальций және қорғасын молибдаттары түрінде

кездеседі. Молибденнің ең үлкен қоры Қытай, АҚШ, Чили елдерінде кездеседі. Сондай-ақ Ресей, Қазақстан, Перу мемлекеттерінде де бар.

Вольфрам (лат. *wolframiun*)*W* – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент. Вольфрам табиғатта аз тараған. Вольфрам – ең ауыр металл, оның тығыздығы 19,3г/см³. Вольфрам ең қиын еритін металл. Таза вольфрам – ақ немесе ақ-жылтыр түсті металл, оның түрі платинаға ұқсас. Оның балқу температурасы 3377°С, қайнау температурасы 5800°С. Бос күйінде кездеспейді, оның минералдары – вольфраматтар, аздап оксидтер және сульфидтер күйінде кездеседі. Вольфрам ашық сұр түсті, баяу балқитын металл. Оның ең көп тараған минералдары – вольфрамит (Fe, Mn) [WO₄] және шеелит CaWO₄. Вольфрам араласқан құймалардың механикалық қасиеті молибденге жақын. Қалыпты жағдайда ол химиялық тұрақты, ауада қыздырғанда тотығып, вольфрам ангидридiне айналады. Вольфрам және оның қосылыстарын алу үшін вольфрамиттермен байытып, концентраттар-

ын пайдаланады. Вольфрам электр шамының қылы, электр пештерінде қыздырғыштар, рентген түтіктерде, катодтар, тағыда басқа электрлік құралдарда электродтар ретінде қолданылады. Вольфрамның ең көп қоры Қазақстан, Қытай, Канада және АҚШ елдерінде кездеседі.

11. Сонда, 5-6 п.п.

12. Сонда, 79-80 п.п.

13. Сонда, 80 п.

14. Сонда.

15. Сонда, 5,6 п.п.

16. Сонда, 81 п.

17. Сонда, 84 п.

18. Сонда, 85, 85^{об} п.п.

19. Сонда, 86 п.

20. Сонда, 120, 77-79, 80-81 п.п.

21. Сонда, 77-79 п.п.

22. Сонда, 100 п.

23. Сонда, 101 п.

24. Сонда, 105 п.

25. Сонда, 101 п.

ӘОЖ94(574)

ГРНТИ 03.01.09

Ж.Қ. Белгібай¹, Ш.Б. Сембиева²

¹ М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың доценті, Қазақстан, Шымкент қ.

² М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың аға оқытушысы, Қазақстан, Шымкент қ.

АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ АБЫЛАЙ СЕРҒАЗИЕВТИҢ САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация

Аталған мақалада өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ өзінің тарихи бағасын әлі де болса ала алмай келе жатқан, күні бүгінге дейін есімі көмескі аталып келген тұлғалардың бірі – Абылай Серғазиевтің қоғамдық-саяси қызметі сарапталған. Оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, жалпы тұлғасын ашу үшін авторлар С. Тілеуқұлов, Г. Тілеуқұлов, Р. Нәдіров, Б. Қойшыбаев, Е. Жалмағамбетов, Х.М. Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектері негізінде қарастырумен қатар Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректеріне сүйене отырып Алаш қайраткерлерінің бірі Абылай Серғазиевтің өмір жолы туралы тың мәліметтер келтіреді. Көрнекті ұлт зиялыларының ұлт мүддесі үшін жасаған игі істеріне Түркістандық саяси элита өкілдері Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, С. Асфендияровтар көп қолдау жасады және олармен бірлесіп, Түркістан Республикасында қазақ қоғамын жаңартудың тұжырымын жасап, нақты саяси әрекеттерді іске асыра алғандығы белгілі болып отыр. Осы ретте А. Серғазыұлының саяси қызметте шындалуына өмірлік тәжірибесі мол Т. Рысқұлов, С. Қожанов, И. Тоқтыбаев сияқты тұлғалармен кездесуі, 1917 ж. қоғамдық-саяси оқиғаларға дейін жұмыс жасаған қазақ зиялыларының «Кеңес» атты саяси үйірмесінің бағытымен танысуы, отарлық

езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің жергілікті халықтың арасында кең өріс алуы оның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпалы болғандығы мұрағаттық деректермен нақтыланады.

Кілт сөздер: қайраткер, қазақ зиялылары, тұлға, кеңестік билік, большевиктер идеясы, Түрккомитеті, суландыру, Дуплин су қоймасы, «халық жауы», ұлттық мүдде.

Ж.К. Белгибай¹, Ш.Б. Сембиева²

¹доцент ЮКГУ имени М.Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

²старший преподаватель ЮКГУ имени М.Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

ОБЩЕСТВЕННО – ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЛАШСКОГО ЛИДЕРА АБЫЛАЯ СЕРГАЗИЕВА

Аннотация

В статье рассматривается общественно-политическая деятельность Абылая Сергазиева, личности, которая по сей день не может получить достойное место в нашей истории, личности, которая в прошлом веке вложил огромный труд ради блага нации. В целях раскрытия его жизни и общественно-политической деятельности в полном объеме, за основу брали сведения из архива Южно-Казахстанской области, изучены труды исследователей С. Тлеукулова, Г. Тлеукулова, Р. Надирова, Б. Койшыбаева, Е. Жалмагамбетова, Х.М. Турсын и др., в результате были получены новые сведения о жизни и общественно – политической деятельности Алашского лидера Абылая Сергазиева.

Стало известно, что представители политической элиты Туркестана Т.Рыскулов, Н. Торекулов, С. Кожанов и С. Асфендияров оказали большую поддержку в работе выдающихся деятелей нации, которые творили благие дела ради нации, а также вместе с ними разработали концепцию обновления казахского общества в Республике Туркестан, сумели реализовать конкретную политическую деятельность.

С помощью сведений, полученной из архива были установлены следующие факты: формированию А. Сергазиева как политического деятеля способствовало его встреча с такими людьми как Т. Рыскулов, С.Кожанов, И. Токтыбаев, которые имели большой жизненный опыт; его знакомство с направлением политического кружка казахской интеллигенции «Кенес», которая функционировала до политических событий 1917 года; широкое распространение национально-освободительной борьбы против колонизации, что определило его политической принадлежности.

Ключевые слова: деятель, казахская интеллигенция, личность, советское управление, идея большевиков, Түрккомитет, обеспечение водой, Дуплинское водохранилище, «враг народа», цель нации.

Zh.K.Belgibay¹, Sh.B.Sembieva²

¹Docent of South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

²Senior Lecture of South Kazakhstan Sate University, Shymkent, Kazakhstan

SOCIAL AND POLITICAL ACTIVITY OF THE ALASH LEADER ABYLAY SERGAZIEV

Annotation

This article is about Abylay Sergaziyev, who worked hard for the 20th century for the benefit of his country, but has not yet received its historical value. To write about his life and social and political views on the basis of the works of these authors S. Tileukulov, R. Nadirov, B. Koyshybaev, E. Zhalmaganbetov, Kh.M.Tursyn and on the basis of the South Kazakhstan State Archival this article was written about Abylai Sergaziev. All his affairs for the benefit of the nation were supported by such representatives of the elite as T.Ryskulov, N.Torekulov, S.Kozhanov, S.Asfendiyarov and together with them the modernization of the Kazakh society was developed. In order to improve political career, the meeting with T.Ryskulov, S.Kozhanov, I. Toktybayev acted, acquaintance with the political circle of “Кенес” influenced the formation of his political views.

Keywords: national intellectuals, personality, Soviet authority, the idea of the Bolsheviks, TurCommittee, Duplin reservoirs, national idea, enemy of the people.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты тарихи еңбегінде арда туған Алаш қайраткерлері туралы: «Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда. Олар қазақ мемлекеттігінің даму нысанасын жиырмасыншы ғасырдың бас кезеңінде-ақ көрсетіп берген болатын.

...Біз асқақ сезімге бөлене отырып, ұлтшыл әрекетшілдігімізге қатысты ғасыр басында Алаш қайраткерлері бастап берген жолнұсқалар ғасыр соңында жалғасын тапты деп айта аламыз»[1, 22 б.], –деп жазды. Осы жолдардың мәні мен мағынасына терең бойлай түссек, ұлт тарихының ұлы көші көркейе түсетініне кәміл сенеміз. Сондықтан қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың тарихи орны мен олардың ұлт үшін жасаған еңбектерінің маңызын көрсетіп, жаңа буынның санасына сіңіру – біздің парызымыз болмақ.

Сталиндік тоталитарлық жүйенің тар қыспағында жүріп, өз елінің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің игі істеріне баға беру болашақ жас ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса маңызды болмақ. Кеңестік биліктің ұлт зиялыларының есімдерін халқымыздың жадынан мәңгілік өшіруге ұмтылған әрекетінің салдарынан осы кезге дейін ғылыми тұрғыдан игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ, өзінің тарихи бағасын әлі де болса ала алмай келе жатқан күні бүгінге дейін есімі көмескі аталып келген осындай тұлғалардың бірі – Абылай Серғазиев. Оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, жалпы тұлғасын танытуда С. Тілеуқұлов, Г. Тілеуқұлов, Р. Нәдіров, Б. Қойшыбаев, Е. Жалмағамбетов, Х.М. Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атаған жөн.

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының деректерінен Алаш қайраткері Абылай Серғазиевтің өмір жолынан мынадай мәліметтерді кездестіреміз: Абылай Серғазиев 1896 жылы Самарқан облысының Жызақ уезі Пістемтау болысының 5-ші ауылында орта шаруа отбасында дүниеге келген. 1904-1913 жылдар аралығында Самарқандағы орыс-түзем мектебінде және Жоғары бастауыш училищесінде оқиды. Оқуға ынталы, қабілетті жас Абылай қысқа мерзім ішінде орыс, ескі өзбек, парсы тілдерін меңгереді. Училищені үздік бітірген ол алғашқы еңбек жолын ұсақ несие Инспекциясының іс жүргізушісі болып бастап, кейіннен аталған мекеменің инспекторы қызметін атқарады. 1916 жылы жергілікті тұрғындар үшін мұғалім кадрларын дайындайтын Түркістан мұғалімдер семинариясын мерзімінен бұрын бітіріп шығады. Мұғалім мамандығына ие болған жас маман Самарқан мен Қаттақорғандағы орыс-түзем мектебінің меңгерушісі қызметімен қатар ұсақ несие инспекциясында жұмыс істейді. Ақпан төңкерісінен кейін Каттақорған солдат және жұмысшы депутаттары Кеңесінің қаулысымен Қазан төңкерісіне дейін ол аталған қаланың милиция комиссары болып тағайындалды[2].

Түркістан өлкесінің орталығы болған Ташкент қаласының халқымыздың саяси және мәдени-рухани тарихында алар орны айрықша. Әсіресе, көрнекті ұлт зиялыларының ұлт мүддесі үшін жасаған игі істеріне «Түркістандық саяси элита өкілдері Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, С. Асфендияровтар көп қолдау жасады және олармен бірлесіп, Түркістан Республикасында қазақ қоғамын жаңартудың тұжырымын жасап, нақты саяси әрекеттерді іске асыра алды» [3]. Осы ретте А. Серғазыұлының саяси қызметте шындалуына өмірлік тәжірибесі мол Т. Рысқұлов, С. Қожанов, И. Тоқтыбаев сияқты тұлғалармен кездесуі, 1917 ж. қоғамдық-саяси оқиғаларға дейін жұмыс жасаған қазақ зиялыларының «Кеңес» атты саяси үйірмесінің бағытымен танысуы, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің жергілікті халықтың арасында кең өріс алуы оның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпалы болғаны анық.

1917 жылдың көктемі мен жазында туған жерлеріне орала бастаған тыл жұмысына қатысушылар Түркістан өлкесіндегі саяси өмірдің оянуына зор ықпалын тигізді. Олар жергілікті еңбекшілер арасына большевиктер идеясын жеткізуге ұмтылды, жұмысшы және шаруа депутаттары жергілікті Кеңестерінің белсенді мүшелері және бұқаралық ұйымдарды құрудың бастамашылары болды. «... өз тағдыры үшін күреске құлшынған жұмысшылар төңірегіне топтасқан жергілікті ұлт өкілдері өздерінің қоғамдық ұйымдарын құра бастады. Осы кезде құрылған «Иттифок» қоғамы, «Мардикарлар жамияти», «Самоварчилар жамияти», «Көшпелілер қоғамы» сияқты халықтық ұйымдар саяси тұғырнамасын ұлт-азаттық идеялар негізінде құрып, өздерінің әрекетін Түркомитеттің қызметімен байланыстырған еді. Алайда Түркомитеттің әрекетсіздігі өлкедегі ұлттық қозғалыстарды дербес әрекет жасауға итермеледі»[4,23б.]. Абылай Серғазиев те «Иттифок» қоғамдық ұйымның мүшесі ретінде оның ісіне белсене араласты. Жергілікті жұмысшылармен біріккен «Иттифок» одағының мүшелері күреске шығып, Самарқан қаласының губернаторы Лукошинді биліктен шеттетті. 1916 жылғы көтерілістің шаруашылыққа келтірілген зардаптарымен қатар Самарқан өңірінде орын алған қуаңшылықтың салдарынан ашаршылық қаупі төніп тұрғанда аталған ұйым жергілікті тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету жолдарын қарастырды. Қазан төңкерісінен кейін бұл қоғам Кеңестердің қызметін атқарып, кейіннен Самарқан уездік-қалалық жұмысшы, солдат және мұсылман Кеңесі деген атпен өзгертілді. А. Серғазиев Самарқан уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланды және Каттақорған қаласының Ішкі Істер комиссарының орынбасары, бастығы қызметтерін атқарды [5]. 1917 ж. екі төңкеріс пен кеңес билігінің жеңуі мен орнығуы кезінде орын алған ашаршылық Түркістан өлкесін аса қатты

күйзелтіп, жергілікті ұлттардың жағдайын ауыр күйге ұшыратты. 1918 жылдың соңына қарай республикадағы ашыққандардың саны 1 миллионға жеткен. Аталған кезеңдегі ашаршылық салдарынан, әсіресе қазақтар қатты зардап шегіп, үштен бірінен айрылды [6]. 1918 жылы қарашада Түркістан өлкесі бойынша Аштықпен күресетін ерекше Орталық Комиссиясы құрылып, оның төрағасы болып Т. Рысқұлов тағайындалды. Орталық Комиссия республикадағы аштықпен күресудің жолдарын қарастырып, ашыққандардың өзіне мал, егін шаруашылықтарымен айналысуға бар мүмкіндікті жасауды қолға алды. Сырдария губерниясының Ферғана, Самарқанд, Жетісу және т.б. уездерінде Орталық комиссияның бөлімдері ашылып, оған С. Қожанов, С. Асфендияров және Самарқан өңіріндегі бұл маңызды іске А. Серғазиев жетекшілік жасап, жүздеген мың адамды аштықтан аман алып қалу жолында күресті.

1918 жылы Самарқан ревкомының қарарымен А. Серғазиев Каттақорған Ревкомының төрағасы қызметіне бекітіледі. Мұрағат деректері Абылай Серғазиевтің Каттақорған өңірінде Кеңес өкіметі белгілеген бірқатар маңызды міндеттерді халық тұрмысына лайықтап шешу, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағдарлау, сондай-ақ бұл өңірді суландыру және т.б. қыруар шаруамен қатар айналысқандығын көрсетеді. Зерттеуші Г. Тілеуқұлов бұл ретте мынадай мәліметтер келтіреді: «1918 жылы суландыру бойынша 5 округке бөлініп, 10 су қожалығы аудандарына бөлінді, белгілі аудандарда ирригацияны тіктеу жаңа жерлер игеріліп 100 мың десятина мақта даласын кеңейту, Зарафшан өзені бойында Дуплин су қоймасын салу белгіленген еді. Каттақорғандықтарды бұл жұмысқа жұмылдыру ісіне А. Серғазиев белсене қатысты» [7, 108 б.]. Жергілікті халықтың «Елге су алып келген әзиз» деген құрметіне ие болған А. Серғазиев ауыл шаруашылығын дамытуда суармалы жерді тиімді пайдаланудың іске қосылмай келген жерлерді айналымға енгізу арқылы мақта алқаптарының көлемін ұлғайтудың шараларын жүзеге асыруды көздегені анық байқалады.

1919 жылы Самарқан облыстық Кеңесі атқару комитетінің орынбасары, кейіннен төрағасы болып қызмет атқарған кезінде осы өңірдің әлеуметтік-экономикалық бағытының түбегейлі өзгеруіне үлес қосты. Өңірдегі бұрынғы тоқтап қалған завод, фабрикаларды, кәсіп дүкендерін жөндеп іске қосу, тез арада қызметкерлер даярлау, жергілікті халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету және т.б. мәселелерді шешуге ат салысты. Сондай-ақ Түркістан Республикасы Кеңестері VIII-XI съездерінің мәжілістеріне А. Серғазиев белсене қатысты. Әрбір съезд жиылысында ол өзінің ұсыныстарын айтып, іскерлігін танытты.

Сол кезеңнің саяси жүйесіне қызмет ете отырып, А. Серғазиев 1919-1920 жылдары Самарқан өңірін суландыру мен су жеткізу жұмыстарына көп көңіл бөліп, Қазан каналдары су қоймаларын салуда жергілікті тұрғындарды жұмылдыра білді. Нәтижесінде А. Серғазиевтің Самарқан облысындағы қызметі бағаланып, 1920 жылы Түркістан Республикасы Ішкі Істер Халық комиссары болып тағайындалды және Түркістан өлкелік партия ұйымының V съезінде ТКП ОК-ның мүшелігіне сайланды [7, 109 б.]. Ал, 1921 жылдың қыркүйек айынан Азық-түлік Халық Комиссарлар коллегиясының мүшесі, Түркістан экономикалық кеңесінің төрағасының орынбасары қызметтерін атқарумен қатар қалалар мен ауылдардағы ересектер арасындағы сауатсыздықты жою шараларымен де тікелей айналысты.

1923 жылы Сырдария облысы атқару комитетінің төрағасы болған кезеңінде Мырзашөл, Түркістан, Шымкент, Әулиеата уездерінің мал, егін шаруашылығын және өнеркәсібін дамыту бағытында бағдарламалар жасап, оларды іске асыруға бар күш-жігерін, білімін жұмсай білді. Осы жылдың 30 шілде күні Түркістан Орталық Атқару комитетінің шешімі бойынша Сырдария облыстық комитетіне Қ. Сарымолдаев тағайындалады, ал А. Серғазиев Оқу-ағарту халық комиссары қызметіне бекітілді [2]. Сол кездегі Түркістан ОАК-нің төрағасы И. Хидиралиев оны білім беру саласындағы ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, кәсіби мемлекеттік қызметкер ретінде жоғары бағалайды. Ол басшылық еткен қысқа мерзім ішінде оқу-ағарту саласында қаржы тапшылығы, мұғалімдердің, оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеуі сияқты үлкен қиыншылықтарға қарамастан оқу істерін нығайту, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, оқулықтар мен көмекші оқу құралдарын әзірлеу, М. Жұмбаев, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, Джалентов, С. Қожанов және т.б. қазақ зиялыларының еңбектерін, сондай-ақ, «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай», «Ер Тарғын» поэмаларын жетекші мектептер бағдарламаларына енгізу, жалпықазақ ғылыми оқу комиссиясының жұмысына көмек көрсету және жастарға білім беруді жақсарту үшін ұлттық (қазақ, өзбек, түрікмен, тәжік) мектептер жүйесін қалыптастыру істері жолға қойылды. 1924 жылы 1-2 қаңтарда өткен Түркістан Кеңестерінің съезіне А. Серғазиев делегат ретінде қатысты, ал 15 қаңтарда Түркістан Республикасы құрамына, Түркістан ОАК төрағасының орынбасары болып сайланды. Кейіннен Түркістан ХКК-нің төрағасы болып қызметін атқарған кезінде қайраткер өлкедегі ішкі сауданы жетілдіру, сауатсыздықты жою үшін оның қорын түзу, пәтер төлеміне жеңілдік жасау, өнеркәсіп құрылысы, еңбекті қорғау сияқты әлеуметтік саясатты іске асырды [7, 111 б.].

1925 ж. 15-19 сәуірде аралығында V Бүкілқырғыз (қазақ) кеңестерінің съезінде жана үкімет және жоғары биліктегі басшылардың тағайындалуы болды. Жаңа үкіметтің құрамы өзгеріп, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып Н. Нұрмақов, оның орынбасары болып А. Серғазиев сайланды. Бұл съездің тарихи маңыздылығы С. Қожановтың ұсынысымен қазақ халқының тарихи атауы қырғыздан қазаққа ауыстырылуы, Қазақ АКСР-нің жаңа орталығын Ақмешіттен «Қызылорда» деп өзгертілуі болды. Ақмешітке орталықты көшіру үшін РК(б)П Қырғыз (Қазақ) өлкелік комитетінің жанынан арнайы комиссия жасақталып, оның құрамына С. Қожанов, И.Б. Маймин, А. Кенжин Н. Кочетов, М. Тәгімов, Я. Боярскиймен қатар А. Серғазиевте енді. Мұнда көтерілген күрделі мәселелердің бірі – қаланың келбетіне қатысты мәселелер болатын. 1925 ж. 19 маусымда Халық Комиссарлар кеңесі жанынан Құрылыс комитетін құру туралы шешім қабылданады. Қызылорда қаласында жүргізілетін құрылыс жұмыстарын басқару үшін арнайы Құрылыс комитеті құрылады. Оның төрағасы болып А. Серғазиев, ал құрылыс комитеті жанынан құрылған бюроның басшысы ретінде инженер А. Будасси тағайындалады. Құрылыс жұмыстары өте қиын жағдайда өткеніне қарамастан 1926 жылдың басында аяқталып, Қазақстан үкіметінің бекітілген жоспардағы мемлекеттік мекемелерге қажетті ғимараттар мен қызметкерлер мен қала тұрғындарына пәтерлер салынып біткен [8].

Осы жылдары Қазақстан үкіметінің сол кездегі басшысы Н. Нұрмақовтың, А. Серғазиевтің және т.б. қазақ зиялыларының еліміздің аумақтық тұтастығы, өнеркәсіп құрылысы, қазақтарды жерге орналастыру мәселесі, құрғақшылық зардаптарына қарсы күрес, оқу-ағарту және мәдени даму, қазақтарды басқару ісіне тарту, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру және т.б. салаларда атқарған қызметтері өлкенің қарқынды дамуына зор ықпалын тигізді. Алайда А. Серғазыұлының Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф. Голощекинмен арадағы пікір қайшылығы оның «қожановшылдық» тобына белсене қатысты деген сылтаумен қызметінен кетуге мәжбүрлейді. Ташкентке оралған қайраткер 1928-1935 жж. аралығында Орта Азия Экономика кеңесі төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарады. Оның ең соңғы қызметі – 1936-1937 жылдары КСРО ХХК жанындағы Дайындау комитетінің Иванов облысы бойынша өкілі болуы еді. Бұл қызметінде де Абылай Серғазыұлы «тәжірибесі мол ұйымдастырушы» ретінде танылды.

Бүкіл саналы ғұмырын Түркістан және Қазақ өлкесінің жарқын болашағына арнап, айтулы еңбек сіңірген қайраткер өзге де алаш зиялылары секілді «халық жауы» деген жаламен 1937 жылы тамызда тұтқындалып, жазықсыз ату жазасына кесілген. Кейіннен 1957 жылы қарашада ақталды.

Өз елін шексіз сүйіп, халқына қалтқысыз қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің бірі – Абылай Серғазыұлы сынды тұлғалар өскелең ұрпақ жадынан ұмытылмақ емес.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». - Алматы: Атамұра. 1999. – 298 б.
2. ОҚОММ. А. Серғазиев. Қор 1170, тізбе №16, бума №1с. № ба.
3. Тұрсұн Х.М. Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924 жж.) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореф. – А., 2007.
4. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты (тарихи, саяси және ұлттық аспектілері) – Алматы: «Нұрлы әлем», 2006. – 23 б.
5. Жизнь и деятельность представителей казахской интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть I. – Шымкент, 2004. - С. 111-112.
6. Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы ашаршылықтар жайлы <http://e-history.kz/>
7. Тілеуқұлов Г. Жазықсыз жазаланған тұлғалар – Ташкент, 2000. 180 б.
8. Жалмағамбетов Е.А. Қызылорда қаласының астаналық кезеңіндегі күнделікті өмірі (1925-1929). PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс. – А., 2014.

УДК 378.147:37.012.2
П 71

Примкулова Г.Ж.¹, Ахметов С.²

¹*т.ғ.к., Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті*
gauhar-0068@mail.ru

²*Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің*
2 курс докторанты

ЖАҢА ОҚУ ӘДІСІН НАСИХАТТАУШЫ И. ГАСПЫРАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада орыстандыру саясатының түркітілдес халықтардың жойылуына қарсы Гаспыралының Ресей түріктерін біріктіру үшін реформалық жұмыстарын атқарғаны туралы талданады. Оның реформа бағытында басқан ең маңызды қадамы 1884 жылы ашқан «жаңа әдіс» мектебі жөнінде айтылады. И.Гаспыралының оқу және мәдениет салаларында қызмет жасап, Ресейдегі және бүкіл әлем түріктері арасында ұлтжандылықты оятуға күш жұмсағаны көрсетіледі.

Түйін сөздер: діни білім беру, медресе мен мешіттер, жаңа оқу әдісі, Ресей империясы, дәстүрлі білім беру

Примкулова Г.Ж.¹, Ахметов С.²

¹*К.и.н., доцент Международного казахско-турецкого университета*
имени Ходжа Ахмеда Ясауи. gauhar-0068@mail.ru

²*Докторант 2 курса Международного казахско-турецкого университета*
имени Ходжа Ахмеда Ясауи

ПРОПАГАНДИСТ НОВОГО МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ И. ГАСПРИНСКИЙ И ЕГО ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Аннотация

В статье анализируется деятельность И.Гаспринского против русификации и порабощения тюркских народов. Самый важный шаг в его реформаторской деятельности – открытие школы по «новой методике» в 1884 году. Также показывается вклад И.Гаспринского в развитие образования и культуры и стремление пробудить национализм у тюркских народов России и тюрков во всем мире.

Ключевые слова: религиозное образование, медресе и мечети, новый метод обучения, Российская империя, традиционное образование

Primkulova G.J.¹, Ahmetov S.²

¹*Candidate of Historical Sciences, docent of the International Kazakh-Turkish University after Khoja Ahmed*
Yasawi. gauhar-0068@mail.ru

²*Doctoral student 2 course*

ADVOCATE A NEW WAY OF TEACHING I. GASPRINSKI AND ITS EDUCATIONAL ACTIVITIES

Abstract

The article analyzes the activity of I. Gasprinsky against Russification and enslavement of Turkic peoples. The most important step in his reform efforts – the opening of the school in the "new method" in 1884. It also shows the contribution of I. Gasprinsky to the development of education and culture and the desire to awaken nationalism among the Turkic peoples of Russia and the Turks around the world.

Keywords: religious education, religious school and mosques, new teaching method, Russian Empire, traditional education

И.Гаспыралы Ресей империясындағы мұсылмандық оқу орындарының тек діни білім берумен шектелуі дұрыс емес, бұл оқу орындары еуропалық үлгідегі білім беру жүйесін басшылыққа алып, халықты озық өркениет жетістіктерімен табыстыруға қызмет етуі тиіс деп есептеді. Бұрындары медреселер мен мешіттер жанынан ашылған мектептердің мұсылмандар арасынан ірі ғалымдарды шығарғанын үлгі етіп ұсынды.

И.Гаспыралының есебі бойынша, 1881 жылы Ресей империясында 16 миллионнан астам мұсылман тұрғындар болған. Осы мұсылмандардың дәстүрлі білім беру жүйесінде жарты миллионға жуық оқушысы бар 16 мың бастауыш мектеп және 214 медресе болған. Бұл оқу орындарының барлығы да діни мектептер қатарына жататын. И.Гаспыралы бастауыш мектептерді прогрестің негізі деп санап, оларды реформалауға барынша жігерлене кіріспекші болды. Ол осыған байланысты былай деп жазды: «Білім - адамдарды бақытты ететін және шынайы жолды көрсететін күш. Білім адамның дүниетанымын кеңейтіп, ойын қайрай түседі және ептілігін арттырып, байытады» [1, 184-б.].

Көрнекті шығыстанушы Вамбери Ресей мұсылмандары өміріндегі өзгерістер жайында жаза келіп, И.Гаспыралыны «білім беру саласында және патриотшылдықта өте қатты талпыныс жасаған» адам ретінде сипаттайды. И.Гаспыралының ағартушылық пікірін алғаш болып Түркістан өлкесінде қолдау танытқан М.Бехбуди оны «ресейлік мұсылмандар ішінде жаңа оқу әдісін тұңғыш насихаттаушы» болды деп сипаттайды [1, 185-б.].

И.Гаспыралы өзі ұсынған жаңа оқу әдісіндегі мектепті жүзеге асырғысы келді. Сөйтіп, мұндай мектепті И.Гаспыралының өзі 1884 жылы Бақшысарай қаласындағы Қайтмаз Аға деген жерінде ашты. Ол «Тәржіман» газеті арқылы бұл жөнінде жұртшылықты хабардар етті [2, с. 379]. Бұл мектеп ескі «қадымшыл» мектептерден айырмашылығы араб әліпбиін күнделікті сөйлеу тіліне икемдеуімен ерекшеленді.

Бақшысарайда ашылған жаңа оқу әдісіндегі мектепте бастапқыда 12 бала оқыды. Осы жылы И.Гаспыралы мектеп оқушыларына арнап «Хаджан сибиан» (Әліппе) оқулығын шығарды. Бұл оқулық зерттеушілердің келтірген мәліметтеріне қарағанда, 1910 жылға дейін 27 рет қайта басылып шыққан [3, с.36].

И.Гаспыралы бір жыл бойы Бекир Эмекдар деген кісіні жаңа оқу әдісіне үйретіп, оны ресми ашылған мектептің алғашқы ұстазы етті. Бұл мектептің оқу жоспары бойынша діни пәндерден бөлек, мынандай пәндер оқытылды 1) «ортақ түрік тілі» бойынша оқу және жазу; 2) дін туралы бастапқы білім; 3) арифметиканың төрттік амалы; 4) қысқаша тарих; 5) дұрыс жазу; 6) география; 7) орыс тілі; 8) гигиена.

Жаңа оқу әдісіндегі мектептің оқу бағдарламасын И.Гаспыралы жетілдіре түсуді де көздеді және орыс мектептеріндегі бағдарламамен сәйкестендіргісі келді. Сол тұста орыс мектептерінде бағдарлама мынандай пәндерден тұрды: 1) Құдай заңы; 2) көркем оқу және жазу; 3) орыс тілі және шіркеулік оқу; 4) арифметика; 5) практикалық геометрия; 6) география және тарих; 7) физика және жаратылыстану тарихы; 8) сызу және бейнелеу; 9) ән салу; 10) гимнастика.

Орыс мектептеріндегі бағдарламаны зерттей келе И.Гаспыралы жаңа оқу әдісіндегі өзі ашқан мектептің де бағдарламасын соған сәйкестіндірді. Сонымен қатар, әр сабақты 50 минуттан өтілетін және әр сабақтың арасында үзіліс болатындай етті.

Жаңа оқу әдісіндегі мектептің оқушылары бастапқы кезде тегін білім алды және оларға оқу құралдары мен оқулықтар тегін берілді. Бұл мектепке балаларды көбірек тарту мақсатында жасалған амал болды. Мұнда оқу жылы алты айға созылды. Оқу жылының соңында оқушылар алған білімі жөнінде емтихан тапсырды. Емтиханға оқушылардың ата-аналары және қаланың құрметті азаматтары қатыстырылды. Емтиханның осылайша ашық өткізілуі жаңа оқу әдісіндегі мектепті Бақшысарай қаласында әйгілендіре түсті.

Бақшысарайдағы жаңа оқу әдісіндегі мектептің аты шыққан сайын оған қарсылық білдірушілер де бой көрсете бастады. Консервативті пиғылдағы мұсылман дін иелері жаңа оқу әдісіндегі мектепке қарсылық танытып, оны «тез игерілген білім – тез ұмтылады», «мұсылмандық мектеп өз келбетін жоғалтып, орыс мектебіне айналуға» деп айыптады. Жаңа оқу әдісіндегі мектептің такталармен, парталармен және үстелдермен жарактандырылуына дін иелері төзе алмады. Олар жаңа оқу әдісі шарифат нормаларына және Құран әліпбиіне қайшы келеді деген пікірлерін алға тартып, халықты балаларын бұл мектепке бермеуге шақырды, балаларын осы мектепте оқытқандарды о дүниеде дозақ күтеді деген мазмұндағы насихат жүргізді.

Мұсылман дін иелері бұрын өздерінің қарауында болып келген білім беру ісінен айырылып қалу қаупінен сескенді. Осыған байланысты мұсылман дін иелері алғаш ашылған жаңа оқу әдісіндегі И.Гаспыралының мектебіне шүйліге түсті. Әсіресе, Қазан қаласындағы мұсылман дін иелері қарсылық

көрсетуде белсенділік танытты. Қазан қаласындағы мешіттердің бірінің жанынан ашылған мектепте сабақ беретін Ариф бин Гияс ад-Дин Мұхаммед Салихи деген молда жаңа оқу әдісі бойынша оқылатын мектепте араб әліпбиі өзгеріске түсті, мұсылмандыққа қарсы әрекет жасалуда деп байбалам салды. Осындай кертарпа күштер мынандай пікірлер білдірді: 1) мұсылмандар ешқашан еуропалық мәдениетке еліктемеуі тиіс, олар өз аталарының дәстүрі бойынша жүруі қажет, мұсылмандық мектептерде ескі әдіс бойынша сабақ өткізілуі тиіс; география, математика, тарих және жаратылыстану пәндері – пайдасыз; 2) қыздар мен әйелдерді мектептерде оқытудың қажеті жоқ; әйелдерге жас кезінде мұсылмандық парыздарды меңгерсе жеткілікті, ол қалған нәрсені тұрмысқа шыққаннан кейін күйеуінен үйреніп алады; 3) орыс тілін оқып, үйрену – күнә.

И.Гаспыралы мұсылман дін иелерінің осындай қарсылықтарына қарамастан өзі ашқан жаңа оқу әдісіндегі мектептің жұмысын жандандыра түсті. Ол мұсылмандар тұрмыс пен жергілікті жердің қаншама қолайсыздығына қарамастан, олар бірнеше жүзжылдықты бастан өткерсе де, өздерінің ерекшеліктері ретінде дінді сақтап қалды деп есептеді [4, 194 б]. «Тәржіман» газеті арқылы жаңа оқу әдісіндегі мектептің жұмысымен танысқан мұсылман халықтарының өкілдері Кавказдан, Түркістаннан, Еділ бойынан Бақшысарайға келіп, жаңа оқу әдісін меңгеруге талпыныс танытып жатты.

И.Гаспыралы ашқан жаңа оқу әдісіндегі мектеп көпшілікті қызықтырып, біртіндеп осы әдіс бойынша мұғалімдер даярлайтын орталыққа айнала бастады. Мұнда жаңа оқу әдісін меңгеріп мұғалім боламын деуші ересек адамдар екі айлық дайындық курсынан өтті. Осы курстан соң олардың қолына И.Гаспыралы өзі әзірлеген куәлікті табыстады. Дайындық курсына келушілерге мектептің жанынан ашылған жатақханадан орын берілді әрі олар алған білімі үшін ақы төлемеді.

И.Гаспыралының мұндай әрекеті Ресей империясында жаңа оқу әдісіндегі мектептердің санын көбейте түсу мүмкін екенінен Н.Остроумов сезіктенді. Ол жаңа оқу әдісіндегі мектеп «орыс-түзем» мектептеріне бәсекелес болады деп санап, мұсылмандар арасындағы білім беру саласындағы мұндай ағымды қатаң бақылауға алу керек деді [5, с. 191].

1898 жылы И.Гаспыралы жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғалімдеріне арнап «Мұғалімдерге арналған басшылық немесе мұғалімдерге көмек» («Рахбари муалимин яки муалимларга юлдаш») атты оқу құралын әзірлеп, бастырып шығарды. Бұл оқу құралында автор жаңа оқу әдісіндегі мектептің ескі «қадымшыл» мектептен айырмашылығын және оқу үрдісін жан-жақты түсіндіреді. Ол жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғалімдеріне мынандай бірнеше талап қояды: 1) мұғалімдер әрқашан өзінің білімін жетілдіруге мән беріп, жаңа оқу әдісін басқа мектептерге енгізуге талпынуы тиіс; 2) оқушылардан емтиханды көпшіліктің қатысуымен қабылдап, жаңа оқу әдісінің «қадымшылық» мектептеріне қарағанда жақсы білім беретінін көрсетуі тиіс; 3) мұғалімдер оқушыларға сабақтан тыс уақытында қолөнерді немесе басқа да пайдалы нәрсені үйретуге ден қойсын; 4) мұғалім жаңа оқу әдісінің артықшылықтарын насихаттасын; 5) жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғалімі өзін халық қызметшісімін деп есептесін.

Жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғаліміне И.Гаспыралы үлкен талап қойып, оның төзімді әрі шыдамды болуын шарт санады. Ол өзінің аталған оқу құралында жаңа оқу әдісінде сабақ берудің мынандай ережелерін ұсынады: 1) оқу процесі үздіксіз жүргізілсін; 2) бір сыныпта оқушылардың саны 30-40 оқушыдан артпасын; 3) оқушыларды сыныпқа бөлгенде олардың білімі ескерілсін; 4) жаңа оқушылар мектепке жылына екі рет – жылдың басында және ортасында қабылдансын; 5) жаңа оқушылар қабылданғанда олар үшін арнайы сынып ашылсын; 6) оқушылар аптасына алты күн білім алсын, күн сайынғы сабақ 4-5 сағатқа созылсын; 7) әрбір сабаққа 45 минут уақыт бөлінсін, сабақтан соң 10 минут үзіліс жасалсын; 8) әрбір өткізілетін сабақ бір тақырыпқа арналсын, осыған сай сабақ кестесі жасалсын.

И.Гаспыралының мектеп оқушыларына арналған «Хаджан сибиан» (Әліппе) оқулығы төрт бөлімнен тұрды. Ол қарапайымнан күрделіге қарай реттеле құрастырылды. Ондағы әрбір жаңа сабақ өткен сабақтың жалғасы іспеттес құрастырылып, оқушылардың материалдарды тез игеруіне септігін тигізу назарда ұсталды. Сонымен қатар оқулықтағы әрбір сабақ көрнекі суреттермен безендірілді. Мұндай көрнекі суреттердің ішінде аңдардың, құстардың, насекомдардың бейнелеріне көбірек орын берілді. Оқулық қайтадан басылып шыққан кезде ол жаңа мәліметтермен, материалдармен толықтырылып отырылды.

Аталған оқулықтың бірінші бөлімінде 25 сабақтың материалы шоғырландырылды. Әр сабаққа арналған материалдың алдында оқытушыға қандай мәселеге көңіл бөлу керектігі жайлы нұсқаулық берілді. Сосын барып, әрбір әріптің жазылуына және дыбысталуына қатысты мәліметтер орналыстырылды. Өтілген сабақтың соңында оқушылардың өз бетінше жұмыс жасайтын материалдары ұсынылды.

И.Гаспыралының оқулығына сәйкес оқушы 18 сабақта барлық әріптің жазылуын және дыбысталуын, мәтінді оқуды үйренетін. 18-ші сабақтан кейін, оқулық бойынша, оқушылар күрделі материалдарды оқуды үйренді. Ол материалдардың өзі балалардың дүниетанымын кеңейтуге септігін тигізетіндей етіліп берілді.

Оқулықтың екінші бөлімі сөйлемнің құрылымын меңгеруге арналды. Бұл бөлімді оқушылар меңгеру барысында өз беттерінше шағын шығармалар жазуды үйренді. Ал оқулықтың үшінші бөлімінде география, этика, тарих, ауыл шаруашылығы, өнер салаларына қатысты материалдар орналастырылды. Ондағы әрбір мәтін көрнекі суреттермен қамтамасыз етілді. Ондай суреттер қатарында жер құрылысының, жанартаудың, ауыл шаруашылығы құралдарының және т.б. бейнелері берілді. Автордың пайымдауына, бұл бөлімде мынандай мақсат көзделген: 1) оқушыларды қысқаша туған жерімен таныстыру; 2) оқушыларға өз халқының тарихынан қысқаша мәлімет беру; 3) оқушылардың жақсы мен жаманды ажырата білуі; 4) оқушыларды еңбекке, қолөнерге және білімге баулу.

Оқулықтың соңғы төртінші бөлімінде И.Гаспыралы оқушыларды өз халқының әдебиетімен, мәдениетімен жете таныстыруға мән берді. Осыған сай берілген материалдарды оқушылар меңгеру барысында олардың бойында ұлттық мақтаныш сезімі қалыптасуына көңіл бөлінді.

И.Гаспыралы аталған оқулықтан басқа «Тарих ислам» (Ислам тарихы), «Течвид» (Таужид), «Ильми хал» (Ғылыми ахуал) секілді бірқатар оқу құралдарын әзірледі. Бұл оқу құралдарының барлығы дерлік «Тәржіман» газетінің баспаханасында басылып шықты. Сонымен қатар бұл оқу құралдарының барлығы да талапқа сай цензурадан өткізілді. Сондықтан да Симферопольдегі оқу бөлімінің бастығы И.Гаспыралының оқулықтары мен оқу құралдарына қатысты ескерту жасай алмады.

Бақшысарайдағы жаңа оқу әдісіндегі мектепте шет елдерде басылған, жарық көрген кітаптар қолданылмады. Бұл өз кезегінде оқу ісі басқармасының жаңа оқу әдісіндегі мектепке тосқауыл жасауына мүмкіндік бермеді.

Тексеріс кезінде мектептен шетелде шыққан кітап табыла қалған жағдайда мұндай кітап тәркіленіп, мектепке жабылу қаупі төнетін. Мұндай жағдайды Симферопольдегі мұсылмандық мектептің бірі бастан кешкен еді. Онда Түркияда жарық көрген Азмет Джевад, Усеин Хизва және Мехмет Шамсетдин секілді авторлардың оқулықтары қолданылғаны үшін Таврия губерниясының губернаторы Н.Н.Лавриновский орталық билікке хат жолдап, мұндай оқу орындарын жабу керектігін мәлімдеді [2, с. 383].

И.Гаспыралы ашқан жаңа оқу әдісіндегі мектеп билік орындарының тексерістерінен ойдағыдай өтіп, біртіндеп мұсылман дін иелерінің қарсылықтарын да әлсірете түсті. Бұл жәйт жөнінде Таврия вице-губернаторы былай деп жазды: «Жаңа оқу әдісіндегі мектеп бастапқы кезде мұсылман дін иелері тарапынан қарсылыққа ұшырады. Дін иелері бұл мектепті өздеріне жау санады. Олар оқушылардың жаңа оқу әдісіндегі мектепке ағылып барса, өздерінің табысынан айырылып қаламыз деп қорықты. Бірақ жаңа оқу әдісіндегі мектеп мұғалімдері «қадымшылармен» пікірталасқа түспей, өз жұмыстарын жалғастыра берді. Ондағы оқушылардың білім деңгейінің жоғары екеніне уақыт келе мұсылман дін иелері көз жеткізе бастады. Сөйтіп, Тавриядағы мұсылман діни басқармасы жаңа оқу әдісіндегі мектепте оқытылатын оқулықтарды басқа да мектептерде оқытуға рұқсат берді» [2, с.381].

Мұсылман дін иелерінің Бақшысарайдағы жаңа оқу әдісіндегі мектепке қарсылық көрсетуінің бәсеңдеуі бұл мектептің өз жұмысын одан әрі жандандыра түсуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар ендігі жерде жаңа оқу әдісіне көшкен мектептердің санының артуына жол аша түсті.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бехбудий М. Танланган асарлар. – Тошкент: «Маънавият», 1999. – 280 б.
- 2 Ганкевич В. От исламского к светскому искусству (по страницам газеты «Терджиман / Переводчик» 1883 – 1918 годов) // Ислам в Евразии. – М.: Прогресс- Традиция, 2001. – 516 с. (С.385 – 400).
- 3 Хабутдинов А.Ю. Лидеры нации. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – 159 с.
- 4 Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. – 10-т. Түркі халықтарының тарихи ойы. – Астана: «Фолиант», 2006. – 392 б.
- 5 Абдирашидов З. Исмаил Гаспринский и Туркестан в начале XX века: связи – отношения – влияние. – Ташкент: «Akademnashr», 2011. – 384 с.

ӘОЖ 930.2
МРНТИ 03.01.09

Ильясова З. С.¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Шығыстану кафедрасының профессор м.а.
Нұр-Сұлтан қаласы., Қазақстан

Б. КӨМЕКОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Біз бұл мақаламызда деректанушы, шығыстанушы, әрі қыпшақтанушы ғалым, қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Болат Ешмұхамедұлы Көмековтың шығыстану ғылымындағы қызметі мен шығармашылығында маңызды орын алатын тұлғатану саласындағы қызметін қарастырамыз. Академик Б. Көмеков Қазақстан тарих ғылымында өзіндік өрнегі бар тұлғалардың бірі. Қазақстан және Орталық Азияның ортағасырлық тарихының, қыпшақтану, тарихи география және IX-XVII ғғ. араб, парсы және түркі жазба ескерткіштерінің маманы.

Академик Б.Е.Көмеков араб-парсы деректері мен ортағасырлық картатанулық бағыттардағы зерттеу жұмыстарда өзіндік қолтаңбасы бар ғалым. Атап айтқанда, ол ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты деректерді ғылыми айналымдарға түсіру ісін тарихи сабақтастықпен жүргізіп, отандық тарих ғылымының **деректану саласы** мен **қыпшақтану** бағытындағы ғылыми зерттеулерге серпін берді. Ғалым әлемдік шығыстану, оның ішінде түркітану саласында өзіндік мектептері мен ғылыми тұжырымдарын қалыптастырды. Мысалы, ең алғаш рет араб деректері негізінде Кимек мемлекеттігін толық ғылыми сипатын ашып қана қоймай бүгінге дейінгі қолда бар деректерді ғылыми сараптаудан өткізген бірден бір ғалым деп саналады. Қазақстандық және шетелдік деректанушылар, тарихшылардың еңбектерінде ғылыми сілтемелер күні бүгінге дейін ғалымның аталған еңбегіне жасалынып келе жатуы соны айғақтайды. Оның жемісті ғылыми қызметі 550-ден астам еңбектерінде, оның ішінде ұжымдық іргелі жұмыстарында, монографиялары мен оқу құралдарында көрініс тапты.

Бұл еңбекте Б.Е.Көмековтің Қазақстан тарихының деректану саласындағы ғылыми зерттеулеріне тарихнамалық тұрғыдан талдау жасалды және ол еңбектерінің отандық тарих ғылымындағы маңызы көрсетілді. Көпке сабақ боларлық өмір жолы бар, ғылымда өзіндік мектеп қалыптастырып, отандық тарих ғылымының бірқатар салаларының деңгейін халықаралық деңгейге көтерілуіне көп еңбектер сіңірген, әлі де сіңіріп келе жатқан ғалымның өзіндік қалыптасу жолындағы мектептерін, ғылыми еңбектері мен соны пікірлері арқылы, қоғамға қозғау саларлық тың ойларына арнайы зерттеулер жасай отырып, өзіміздің қолымызда бар деректер негізінде тарихи баға беруді мақсат тұттық.

Кілітті сөздер: Қыпшақтану, тұлғатану мәселесі, жазба ескерткіштер, Орталық Азия, тарихи география, картатанулық бағыттағы зерттеулер, деректану.

Ильясова З.С.¹

¹к.и.н. ассоц. профессор кафедрасы востоковедения ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ТВОРЧЕСТВА И ЛИЧНОСТИ Б. КУМЕКОВА

Аннотация

В этой статье рассматривается научный вклад в развитии казахстанской исторической науки, в частности востоковедения доктора исторических наук, академика НАН РК, видного отечественного источниковеда, востоковеда и кипчаковеда Б. Кумекова. Он является выдающимся специалистом по тюркским, арабским и персидским письменным источникам средневековой истории, исторической географии и кипчаковедения Казахстана и Центральной Азии.

Академик Б.Е. Кумеков имеет собственный богатый опыт и научную школу в изучении средневековой картографии в арабо-персидских источниках. К слову, он способствовал развитию источниковедения и кипчаковедения в качестве научного направления в отечественной исторической науке. Сформировал собственную научную школу тюркологии, которая стала неотъемлемой частью востоковедения. К примеру, он на основе арабских источников впервые доказал о существовании государственности у кимаков. Доказательством важности его научного наследия является продолжающаяся активная

заинтересованность, как у отечественных, так и у зарубежных исследователей, которые всегда делают ссылки на его труды. На данный момент его вклад в развитие науки составляет более 550 трудов, в том числе монографии, коллективные монографии, учебные пособия и т.д.

В данной работе проведен историографический анализ научных исследований Б.К. Кумекова в области казахстанской источниковедческой науки, дается историческая оценка его роли в развитии отечественной науки до международного уровня, также показано его творческое наследие, которое сыграло большую роль в развитии общественно-культурной жизни Казахстана на основе наших собственных доступных данных.

Ключевые слова: кипчаковедение, вопросы личности, письменные памятники, Центральная Азия, историческая география, картографические методы исследования, источниковедение.

Ilyassova Z.S.¹

¹Associate Professor, Doctor of Historical Sciences Eurasian National University after L.N.Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan

ISSUES IN THE STUDY OF CREATIVITY AND PERSONALITY OF B. KOMEKOV

Annotation

This article will consider the activity and creativity of the scientist in Oriental Studies, public figure, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Professor Komekov Bolat Yeshmukhamedovich. Academician B. Komekov is a person who has his own style in the field of Kazakhstan historical science. He is a specialist in the medieval history of Kazakhstan and Central Asia, Kipchak study, historical geography and Arab, Persian and Turkish written monuments of the 9-17 centuries

Academician B.E. Komekov has a unique knowledge in Arabic and Persian studies and medieval cartography. In particular, he conducted historical studies on the history of ancient and medieval Kazakhstan in scientific circulation, giving an impetus to scientific research **in the field of source studies** and **Kypchak studies**.

The scientist has created his own school and draw scientific conclusions in the field of world Oriental Studies, including Turkology. He is the only one scientist who was able to disclose the complete scientific character of the Kimek state, and for the first time, conducted scientific expertise of available data. The scientific references to his works made by Kazakhstani and foreign researchers and historians are evidence of the fact that his work has been currently significant. His fruitful scientific activity was reflected in more than 550 publications including collective fundamental works, monographs and textbooks.

This work is the historiographical analysis of B. E. Komekov's scientific researches in the field of history of Kazakhstan and demonstrates its significance in the history of domestic science. We would like to present the scientist's unique way of life, and give historical assessment to his specific research, his scientific ideas and the way of formation of his schools of science in the field of history, as well as his great contribution to bring the national science to the international level.

Key words: Kypchak studies, questions of personality, written monuments, Central Asia, historic geography, cartographic methods of research, source study.

Негізгі бөлім.

Қазақстан тарихына өз есімін көрнекті ғалым ретінде ұзақ жылғы еңбегі нәтижесінде қалдырған Болат Ешмұхамедұлының зерттеу нысанасы әр саланы қамтыды. Солардың бірі тұлғатану ғылымына қадам жасауы. Белгілі бір тарихи хронологиялық кезеңде өмір сүрген тұлғаны танып білу, өткен уақыттың ақиқатын шынайы көрсету, тарихи мәліметтерді саралу арқылы бағалау, қайшылықты деректерді талдау мен зерттеу әдістерін жетік меңгеру тарихи тұлғаны ашуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда тарихи жәдігерлерді тамтұмдап жинап, сол уақыттың бедерінде тұлға бейнесін аша білген Б.Е.Көмековтің алғашқы қадамы сәтті, еңбегі айшықты болғаны да ақиқат еді. Ғалымға қатысты деректерге назар аударсақ, «кешегі жас күнінде отан тарихына қатысты алғашқы зерттеулерінде көп ақыл кеңес берген ұстаздарының бірі - академик Ә.Х. Марғұлан болған. Оның өзі ғалымның ғылымдағы орнын айқындауына да аз ықпал етпеген болуы мүмкін» [1,35]. Себебі, Ә.Х. Марғұланның да негізгі зерттеу нысаны отан тарихының қыпшақтану саласына тікелей қатысы болған. Өз зерттеулері негізінде Ә.Марғұлан ортағасырлық қыпшақтардың орыс княздықтарынан жоғары деңгейде болғандығын көрсетті. Бірақ, ғалымның ғылыми зерттеулері нәтижесіндегі көзқарасы коммунистік партияның қасаң қағидасына сүйенген, идеология саласын бақылаған кеңестік идеологтар позициясына қайшы келгендіктен, Әлкей

Хақанұлы саясатқа мейлінше бейтарап археологиясына саласына бейімделгені белгілі. Ғылымға шексіз берілген ғалым қазақ тарихы мен әдебиетіне қатысты еліміздің архивтерінен, сирек қолжазбалар қорынан, ел ішіндегі көнекөздерден мол деректер қорын жинады. Жинақталған мол мұраны үздіксіз зерттеп, саралаған ғалым қазақ тарихындағы белгілі тұлғаларға қатысты зерттеулерге ғылым жолына енді қадамбасқан жастарды тарта бастады. Жас ғалымдарға ыждағаттылықпен ақыл кеңесін беретін Ә.Марғұлан сол жылдары жас ғалым Болат Ешмұхамедұлына қыпшақтану саласы бойынша ғана емес, енді қалыптасу үстіндегі, әлі де болса бағыт бағдары толық айқындалмаған тұлғатану саласы бойынша да кеңес берген болуы керек.

Академик Ә.Марғұлан қазақ тарихында аққан жұлдыздай із қалдырған Ш.Уалиханов мұраларын жинақтап жариялау мақсатын қойған болатын. Ғалымның және оны қолдаушылар еңбегі нәтижесінде 1961-1972 жылдар аралығында Ш.Уалиханов шығармаларының 5 томдық еңбек жарияланды. Ғылыми орта жылы қабылдаған жинақ, кейін мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Аталған еңбектің жарық көруіне жас ғалым Б.Көмековте өз үлесін қосты. Арада бірнеше жылдар өткенде 2010 жылы Ш.Ш.Уалихановтың 175 жылдық мерейтойын атап өту қарсаңында Ш.Уалихановтың көп томдығы қайта басылып шықты. Аталған көп томдық бір кездері жас ғалым ретінде редакциялық жұмыстарына қатысқан, бүгінгі көрнекті ғалым, академик Б.Е. Көмековтың алғы сөзімен жарық көрді [2].

Жинаққа қатысты Б.Е.Көмеков «Бұл көп томдық шығарма қазақ тіліне бірінші рет аударылып отыр. Бұдан бұрын Шоқан Уәлихановтың таңдамалы шығармалары ғана аударылған еді. Бес томдықты әуелден шығарған кезде, Әлекең - Әлкей Хақанұлы Марғұлан батасын беріп, оны маған тапсырған еді. Ол кезде мен кандидат болсам да, көне және орта ғасыр дәуірімен шұғылданып жүргем. Оның үстіне ең жас бөлім меңгерушісі едім. Әрине, ортамызда XIX ғасырмен шұғылданып жүрген докторлар болса да, Әлекең мұны маған тапсырды. Себебін өзі айтты. «Сен Шығыс және Батыс тілдерін, көне және орта ғасыр тарихын білесің, ал мұны білмей, Шоқан Уәлихановтың шығармаларын шығару өте қиын» - деп жазды.

Ш.Уалихановтың көп томдығын шығару ісіне тікелей қатысқан жас ғалым арада көптеген жылдар өткен соң осы мәселеге қатысты жазды да. Азаматтығы болар, ғылым алдындағы тазалығы болар өзінің қиналғандығын, бастапқыда жұмысқа ілесіп кету қиын болғандығын ашық жазды. Бүгіп бүркемеледі. Мен бәрін бірден қабылдап, меңгеріп, игеріп кеттім демеді. Бұл да қазіргі кезеңде қалыптасу үстіндегі ғалымдарға сабақ алатын, үйренетін ғибырат алатын іс.

Ғалым былай деп жазады. «... Шоқан Уәлихановтың қолын, қолтаңбасын түсініп оқу тек екі-үш адамның қолынан келетін. Оның бірі - Әлекеңнің өзі. Екіншісі - Мәриям Сүлейменқызы Тұрсынова еді. Ол Шоқанның қолын өте жетік біліп, Әлекеңнің негізгі көмекшісі болған. Кейін екінші басылымды да маған тапсырғанда, Мәриям Сүлейменқызының көзі тірі болатын. Ол Ленинградқа барып, қайтадан материалдарды жинақтады. Шоқанның қолжазбаларын жақсы оқып кетті. Мен де мұнымен екі жылдай шұғылдандым, бірақ Шоқан Уәлихановтың қолжазбаларын жетік оқи білмедім. Өйткені оны жылдар бойы оқып, қалыптасу керек». Болат Ешмұхамедұлы өз ойын бүкпесіз жаза отырып, Әлкей Марғұланға көп көмек көрсеткен Мәриям Сүлейменқызы Ленинградқа барып архивтер мен сирек қолжазбалар қорынан материал жинағанда Ш.Уалихановтың қолжазбаларын бірден түсініп, оқып кеткендігін айтып, екінші бір маманның да еңбекқорлығын, ізденімпаздығын, шынайы бейнесіп көрсетіп, көтере білді. Шоқанның қолжазбаларын игеру кету оңай болмағандығын да жазды. Себебі, Шоқанның ой-пікірінің, көзқарасының сабақтастығын, белгілі бір тарихи оқиғаны немесе тұлғаны сипаттағандағы желісін терең түсініп отыру үшін дайындық пен білім қажет екендігін түсінді. Бұл ғалымды ғылыми ізденіске жетеледі.

Ғалым Б.Е.Көмековтің ұлы Шоқан жөніндегі ой-пікірі де терең, ерекше. «Шоқан Уәлихановтың дайындығы өте ауқымды еді. Түсіндірме, комментарийлері бір төбе. Көне ғасырға да, орта ғасырға да барады. Шоқан Уәлиханов біздің ауыз әдебиетімізді де өте жақсы пайдаланды. Ол кезде жазба деректермен қатар, ауыз әдебиетін, фольклорды Шоқанға дейін ешкім пайдаланған жоқ. Ол «осы екеуін пайдалансақ, көп құпия жағдайлар тез ашылады» деді. Бұдан тыс оның нумизматикалық, эпиграфиялық қырлары бар. Шоқан Уәлиханов Шығыс Түркістаннан қолжазбаларды әкеліп, ғылыми байланысқа енгізді. Одан кейін қазақ халқының қалыптасу процесіне үлкен үлесін қосты – деп жазады. Осы жазылған пікірдің өзінен-ақ, Шоқан білімінің тереңдігі, көп қырлылығы көз алдына келеді. Жазба деректері мен халықарасында кеңінен тараған ауыз әдебиетін ұштастыра білгендігін көреміз.

Б.Көмеков жазғандай Шоқан терең энциклопедиялық білім жинаған тұлға еді. Ш.Уалихановты ұзақ жылдар бойы, терең зерттеген Ә.Х.Марғұланға сүйенсек «Шоқан әуелі Құсмұрындағы жеке қазақ мектебінде оқыды. Мұнда ол арабша хат танып, қарындашпен сурет салуды үйренді. Әдетте бұл мектепте қыпшақ және шағатай тілдеріндегі ортағасырлық әдеби мұраларды оқумен, ауызекі араб және парсы сөздерін білумен жаттығып, шығыс ақындарының өлеңдерін жатқа оқумен айналысатын. Дәстүр

бойынша сұлтанның балаларына бірнеше шығыс тілдерін үйрену, яғни «жеті жұрттың тілін білу» міндет болатын. Бұл дәстүр ол кезде әлі сақталып тұрды, сондықтан Шоқан, мұрағат материалдарынан аңғарылғандай, шығыс тілдерімен айналысып, әуелі араб жазуын, кейіннен ұйғыр жазуын да жақсы меңгерді» [3]. Бұл жас Шоканның қалыптасу кезені еді. Шоканның білім мен ғылымға алғашқы қадамының қалай басталғандығын Б.Ешмұхамедұлы терең түсінді.

Аз ғана ғұмырында Ш.Уалихановтың артына ұлан-ғайыр мұра қалдырғанын және олардың Кеңес жылдары заманның ағымына сай өзгеріске түскендігін, ал тәуелсіз Қазақстанда жаңа уақыт өткен тарихқа басқаша қарау қажеттілігін Б.Көмеков атап өтті [4].

Ол «Түркілердің батырлық эпостарын», ол «Манас» болсын, «Едіге» болсын, қайта жаңғыртты. Бірақ Кеңес одағы тұсында бізге «Едігені» шығартпай, қолымыздан қақты. Көп томдықтың түсіндірмесінде сол заманның талабына сай, мәселен, қазақ халқы Ресей империясына өз еркімен қосылды деген ой жазылған. Шүкір, біз заманымызға сай қазіргі негізгі жағдайларды жазып жатырмыз. Жалпы, Ресейге қосылу процесі 130 жылға созылды ғой, қаншама ұлт-азаттық күрестер жүрді. Мұндай мәселелерді ескеру керек. Тарих ғылымы дамып, өзгеріп жатыр, - деп жазды [5].

Б.Көмеков тұлғатану мәселесін жаңа қырынан дамыта отырып оны қазақ елі тарихындағы саяси-әлеуметтік мәселелермен сыналап байланыстырды. Шоқан Уалихановтың тұлғалық қырын аша отырып, ол «Манасты», «Едігені» қазіргі уақыт талабына сай ғылыми айналымға қоса отырып, қазақ халқының Ресей құрамына өз еркімен қосылмағандығын, үздіксіз халық өз тәуелсіздігі мен бостандығы үшін көтеріліске шығып отырғандығын жазып, тәуелсіз елдің тарихына бағыт бағдар көрсетті.

Тәуелсіз Қазақстанда қалыптасу, даму үстіндегі тұлғатану ғылымына жүйелі зерттеу мен бағдарын көрсету ғылымға енді қадам басқан жас мамандарға нақты жол көрсететіні белгілі. Қайшылықты көзқарастардың шиеленісіп тұрғандығына қарамастан Шыңғыс хан тұлғасына қатысты ғылыми-танымдық Ә.Ғалиевпен бірлесіп еңбек шығаруы тұлғатану ғылымына тереңдеп енуіне мүмкіндік берді [6].

Шыңғыс ханға қатысты посткеңестік ғалымдар арасында ғана емес, қазақстандық ғалымдар арасында да ортақ көзқарас қалыптаспаған болатын. Шыңғыс ханның шығу тегі кім, кейін қазақ халқының қалыптасу үдерісінде оның құрамына кірген ру-тайпалар мен қазіргі монғолдар құрамындағы халықтардың сол Шыңғыс хан заманында ара жігі ашылған ба еді. Тарихта қаншалықты бұрмалау болды деген сұрақтар бірінші кезекке шықты.

В.Г.Янның «Моңғол шапқыншылығы» атауымен танымал трилогиясы «Чингисхан», «Батый», «К последнему морю» деп аталатын кітаптар циклін қамтып [7] кеңестік қоғамда сұранысқа ие болса, кейінірек жарық көрген И.К.Калашниковтың «Жестокий век» [8], Е.Кычановтың «Великий Чингис-хан. «Кара Господня» или «человек тысячелетия»? [9] көркем шығармаларынан Шыңғыс ханның жорықтары мен оның ізбасарларына қатысты тарихи танымы қалыптасқан бұрынғы кеңестік қоғамдық көзқарас жаңа сатыға өтті.

Ғалым Б.Көмеков қарастырған Шыңғыс хан тақырыбы тек қана жазушылардың ғана емес, кеңестік кейін ресейлік ғалымдардың да зерттеу нысанасына айналды. Көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырған мәселе әр қырынан жазылды. Өзекті мәселеге Л.Н.Гумилев те қалам тартты. Бірнеше ғылыми мақалалар циклін жазумен қатар, көпшіліктің сұранысына ие болған көлемді еңбектер жариялады [10]. Шыңғыс хан жорығы, моңғол шапқыншылығы тақырыбына дендей еніп зерттеген Л.Н.Гумилев аталған зерттеу нысанына қатысты жаңа көзқарастар құрылымын қалыптастырды. Оның ғылыми ойлары мен пікірлері негізінде ғалымдардың жаңа буыны мәселеге басқаша қарай бастады және жаңа бағыттағы зерттеу әдісі мен әдіснамасы қолданысқа енді [11].

Болат Ешмұхамедұлы да қазақстандық ғалымдардың зерттеу объектісінен Шыңғыс хан, оның кезеңі, одан кейінгі уақыт пен билік жүйесіндегі өзгерістер траекториясы назардан тыс қалмағандығын көрсетіп, мәселеге қатысты терең, айшықты, ғылыми ой-пікірін білдірді. Аталған еңбек ғылыми ізденістің нәтижесі еді.

Ғалымның ұшан-теңіз еңбектері қатарында есімі Қазақстан тарихынан әлі де болса айқын өз орынын алмаған, бірақ Орта Азия елдеріне, түркі әлеміне ғана емес, әлемге танымал Жалаңтөс баһадүр Сейтқұлұлына қатысты тарихи деректерді айналымға енгізуі тұлғатану саласына қосылған елеулі үлес еді. 2010 жылы қыркүйекте тарихи тұлғаның 425 жылдық мерей тойы мен ескерткішінің ашылу құрметіне арналған Қызылорда қаласында өткен «Тұран топырағының даңқты перзенті – Жалаңтөс баһадүр» атты ғылыми-танымдық конференцияда Б.Көмеков «Қазақстан тарихының проблемалары және Жалаңтөс батыр» тақырыбында баяндама жасады [12].

Заманында Самарқанның билеушісі болған Жалаңтөс бахадүр ел қорғаған, соғыс өнерінің шебері, атақты батыр болуымен қатар, көркем өнер туындысы ретінде өзіне тән ерекшелігі мен қанық бояуы бар, бүгінгі күні де көрушілерді тамсандыратын «Шер-Дор медресесін салдырған тұлға. Ғалымның Жалаңтөс бахадүрге қатысты салмақты пікірі, ғылыми деректері мен дәйектері тұлғатану саласының алға қадам басқанын көрсетті. Жалпы Б.Е.Көмеков тұлғатану саласындағы өз зерттеулері арқылы ғылыми ортада өзі танымал болып қойған жоқ, халық жадындағы тұлғаларға көптің қызығушылығын оятты, оларға қатысты жаңа құнды деректерді ғылыми айналымға қосты.

Б.Е.Көмековтің зерттеу кеңістігіндегі Ш.Уалиханов, Шыңғыс хан, Жалаңтөс бахадүр т.б. белгілі бір уақыт бедерінде өшпестей із қалдырған, тарихқа өз есімдерін мәңгіге жазып кеткен тұлғалар.

Тұлғаны тану мен тәрбие мәселесі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның ежелден зерттеу нысанасы болды. Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының өзінде танымал ғалымдар өздерінің осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын жандарып, серпін берді. Олардың ғылыми жұмыстары кеңінен танымал болды [13].

Сондықтан, тұлғаны тану, зерттеу, жетістікке жету жолдарын күшті, әлсіз жақтары және мүмкіндігін білу, олардан тәрбие алу, үйрену бүгінгі күні де маңызды.

Ғалымның тұлғану бағытындағы ғылыми ізденісін, саликалы ойын түйіндесек, Б.Ешмұхамедұлы тарихи тұлғаны тану арқылы, тұлғаның ұлы мұраты мен мақсатын көрсету арқылы – кейінгі толқында ұлтжандылық көзқарас рухын қалыптастыру, оларды тұлға арқылы тәрбилеу, тарихи уақыттың белгілі бір шешуші хронологиялық кезеңіндегі тұлғаның іс-әрекетін, мемлекетшілдігін ұрпақ бойына сіңіру мақсатын ұстанып отырғандығын байқаймыз.

Тарихи тұлғаларды таныту арқылы – ұрпақтар сабақтастығын сақтап, позитивті имидж қалыптастырып, әр адамның бойына тұлғаға тән ұлы мұрат жолындағы идеяны, жағымды қасиеттерді дарыту мақсатын ұстанып отырғанын көреміз.

«Ел болам десең бесігіңді түзе» деген ұлылық, бүгінгі жастар тәрбиесіне тұлға тану арқылы қадам жасап, бағыт-бағдар бергендей. Бұл бағытта ғалым, академик Б.Е. Көмековтың еңбегі ұшан теңіз

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тасболат А. Академик Б.Е. Көмеков және Отан тарихының мәселелері. Шымкент, 2013. 82-б.
2. Ш.Ш. Уәлихановтың көптомдық шығармалар жинағы 1-6 том. – Алматы «Толағай групп» 2010.
3. Марғұлан Ә. Шоқан (Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі. <https://abai.kz/post/5307> Қаралу күні 28.06.2019.
4. Көмеков Б. Шоқан Уәлиханов. Тарих, тұлға, уақыт: [Шығыстың ұлылары топтамасы] / Б. Көмеков, С. Өтениязов. Алматы : Аруна, 2006. – 100 б. (Шығыстың ұлылары).
5. Айқын газеті 27. 05 2010.
6. Көмеков Б. Е. Шыңғыс хан. Тарих, тұлға, уақыт: [Шығыстың ұлылары топтамасы] / Б. Е. Көмеков, А. А. Галиев. – Алматы: Аруна, 2010. – 96 б. – (Шығыстың ұлылары).
7. Ян В.Г. «Чингисхан» – М., 1939. – С.332.; «Батый» – М., 1942. – С.544.; «К последнему морю» – М., 1955. – С.416.;
8. Калашников И. Жестокий век. – М., 1991. – С.928.
9. Кычанов Е «Великий Чингис-хан. «Кара Господня» или «человек тысячелетия»? – М., 2013. – 420 с.
10. Гумилев Л.Н. Монголы и меркиты в XII в. Опубликовано // Ученые записки Тартуского гос. ун-та, 1977. - N 416: *Studia orientalia et Antiqua*: П. - С. 74-116.; "Тайная" и "явная" история монголов XII-XIII вв. Татаро-монголы в Азии и Европе: Сборник статей. - М., 1970, - С. 455-474.; История требует справедливости... Впервые опубликовано // Книга Монголии. Альманах библиофила. Выпуск 24. М., 1988, с. 341–351.; От Руси до России. М.: Айрис-пресс, 2003. - 318с.; Древняя Русь Великая степь. – М., 1989. – С.736.;
11. Сараев А.С. Образ Чингисхана в работах Л. Н. Гумилева и проблема методики научного исследования. Вестник ЧГПУ им.И.Я.Яковлева. 2012. №1(73). Ч.2. С.148-154.
12. Қызылордада «Тұран топырағының даңқты перзенті» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті. https://www.inform.kz/kz/kyzylordada-turan-topyragyynyn-dankty-perzenti-atty-respublikalyk-gylymi-tanymdyk-konferenciya-otti_a2301914
13. Вопросы изучения и воспитания личности. Под редакцией академика В.М.Бехтерева. 1920. №2. – Петербург. –1920. Государственное Издательство.

ӘӨЖ930.092
ГРНТИ 03.01.09

Қ.Б. Бектұрғанов¹

¹Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ., Қазақстан

МУСТАФА ШОҚАЙ ХАТТАРЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Түркі халықтарының азаттық үшін арпалысының мән-мағынасын, өткені мен келешегін айқындауда Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларының деректемелік негізі және онда көрсетілген тарихи шындық. М.Шоқайдың хаттары сол кезең тарихын зерттеуші үшін тапсырмас дерек. Себебі, хаттарында Кеңес Одағының саясаты, Түркістан халықтарының азаттығы жолындағы күрескер ұлт қайраткерлерінің болашақтағы жоспарлары, Қазақстандағы саяси жағдай, Алаш көсемдерімен байланысы баяндалады. Біз осы деректерді пайдалану арқылы Түркістан халықтарының кеңес билігіне қарсы жүргізген демократиялық күрес тарихын біле аламыз.

Мақалада халқымыздың біртуар ұлы, көрнекті қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы енгізілген. Бұл хаттарда қазақ қайраткерінің эмиграциядағы саяси қызметі туралы зор мағлұматтар бар. Сонымен қатар, хаттарда М.Шоқайдың эмиграциядағы саяси қызметі туралы сан алуан мағлұматтар қамтылған.

Түйін сөздер: тарихи дерек, хаттар, Кеңес Одағы, байланыс, мерзімді баспасөз, информатор, Түркістан.

К.Б.Бектұрғанов¹

¹Костанайский государственный педагогический университет, г. Қостанай, Казахстан

ПИСЬМА МУСТАФЫ ШОКАЯ КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК

Аннотация

Для того, чтобы понять смысл, прошлое и будущее тюркских народов за свободу, особое место занимает Мустафа Шокай. Эпистолярное наследие Мустафы Шокая, источниковедческая основа статей, опубликованных в периодических изданиях, и историческая истина, отражаемая в ней. М. письма Шокай не заданы для исследователя истории этого периода. В его письмах освещаются политика Советского Союза, перспективные планы народных деятелей на пути к свободе народов Туркестана, политическая ситуация в Казахстане, связь с лидерами Алаш. С использованием этих данных мы можем узнать историю демократической борьбы народов Туркестана против советской власти.

В статье включено эпистолярное наследие великого сына народа, видного общественного деятеля Мустафы Шокая. В этих письмах имеются большие сведения о политической деятельности казахского деятеля в эмиграции. Кроме того, в письмах содержатся разнообразные сведения о политической деятельности Чокана в эмиграции.

Ключевые слова: исторические факты, письма, Советский Союз, связь, периодическая пресса, информатор, Туркестан.

К.В.Бектурганов¹

¹Kostanay state pedagogical University, Kostanay, Kazakhstan

MUSTAFA SHOKAI'S LETTERS AS A HISTORICAL SOURCE

Annotation

In order to understand the meaning, past and future of the Turkic peoples for freedom, a special place is occupied by Mustafa Shokai. Epistolary heritage of Mustafa Shokai, source studies basis of articles published in periodicals, and historical truth reflected in it. M. Chokay's letters are not given to the researcher of the history of this period. His letters cover the policy of the Soviet Union, long-term plans of people's figures on the way to freedom of the peoples of Turkestan, the political situation in Kazakhstan, communication with the leaders of the Alash. Using these data, we can learn the history of the democratic struggle of the peoples of Turkestan against the Soviet government.

The article includes the epistolary heritage of the great son of the people, a prominent public figure Mustafa Shokai. In these letters there are great details about the political activities of the Kazakh leader in exile. In addition, the letters contain a variety of information about Chokan's political activities in exile.

Keywords: historical facts, letters, Soviet Union, communications, periodical press, informant, Turkestan.

Түркі халықтарының азаттық үшін арпалысының мән-мағынасын, өткені мен келешегін айқындауда Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Кеңес Одағының құрамындағы тәуелсіздігі жолында өмірін сарп еткен толағай тұлғаның соңында қайраткерлігі мен ғұламалығына, мәмілегерлігі мен шешендігіне, дүнетанымы мен идеялық мақсат-мұраттарына, адамгершілік биік қасиеттеріне тірі куә іспеттес аса құнды шығармашылық мұрасы қалды.

М.Шоқайдың 1922-1941 жылдары аралығында жинақтаған жазбалары мен кітаптарын жұбайы Мария Яковлевна 1953 жылы қазіргі «Жаңа Сорбонна – Париж III» университетінің Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының университет аралық кітапханасына тапсырады [1, 177 б.]. Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының кітапханасында М.Шоқайдың 250-ге тарта кітаптары мен түрлі жазбалары тапсырылған. Оларды Э.Лазерини 1977 жылы реттестіріп, жіктейді. Мұстафа Шоқай мұрасының құнды бөлігі 10 қорапқа салынып, әрбір қораптағы материалдар тақырыбына орай бірнеше папкаларға бөлінеді. Алайда қораптағы сан реті ондағы материалдардың хронологиясымен сәйкес келе бермейді.

Мұрағаттың маңызды бөлігі корреспонденциялар болып есептеледі. М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорынан алынған хаттар шоқайтануға берері мол дүние екендігін ерекше атаған жөн. М.Шоқайдың хаттары оның жалғыз қазақ халқы емес, бүкіл түркі халықтарының көрнекті қайраткері екендігіне көз жеткізеді, өмірі мен қызметінің бұрын белгісіз жақтарын аша түседі.

Байдаулет Дабылов М.Шоқайдың немере інісі [1, 184 б.]. Ташкентте білім алған. Бұл екі туысқан арасындағы хаттарда ел-амандығы сұралады. Сонымен қатар, Түркістан өлкесіне байланысты шығарылған кітаптарды сұратып отырған. Мұстафа Шоқайдың Ножан сюр Марн қаласынан 1927 жылдың 3 мамырында жолдаған хатында «алдағы күндері Қызылорда қаласында «Тар жол, тайғақ кешу» деп аталатын кітап шығуы тиіс. Осы кітапты және Абайдың кітаптарын таба алсаң, маған жіберші», - деп өтініш білдіреді. Осы деректе Сәкен Сейфуллиннің әлі жарыққа шықпаған кітабын сұратқаны арқылы М.Шоқайдың С.Сейфуллиннің өзімен немесе қазақ қайраткерлерімен байланыстың жақындығын байқауға болады.

Ауылдағы інісі Мұртазадан жарты жылдан бері хат келмегендіктен, осы Байдаулет арқылы байланысқа шығуға тырысады. 1927 жылдың қыркүйек айында М.Шоқайдың жолдаған хатында [2, 77 б.]: «Ленинградтан сенің атына 40 рубль аударылатын болады. Осы қаражатты өз атынан Мұртазаға жіберуің тиіс және маған Т.Рысқұловтың «Революция и коренное население Туркестана» атты кітабын маған салып жіберші», - деп тағы да кітап сұратады. Т.Рысқұловтың «Революция и коренное население Туркестана» атты кітабы 1925 жылы Өзбекстанда өзбек тілінде жарық көрген болатын. Кітапта Түркістан халқы туралы құнды мәліметтер берілген. М.Шоқайдың бұл кітапты сұратуы кездейсоқтық емес.

Байдаулет Дабыловтың ағасы Мұстафаға Ташкенттен 1927 жылдың соңына қарай жіберілген хатында [2, 78 б.]: «Сіз жіберген қаражатты Мұртазаға жібердім. Алдағы уақытта маған ешнарсе жібермеңіз», - деп баяндайды. Деректе немере інісі Байдаулеттің «...Алдағы уақытта маған ешнарсе жібермеңіз» дегені осы уақыттағы «Мұстафамен байланыстылығы үшін» деген науқанның белең алып жатқандығын көрсетеді.

1928 жылдың 2 ақпанында Мұстафа Шоқай Ножан сюр Марн қаласына Б.Дабыловқа келесі хатын жолдайды. Бұл хатта [2, 79 б.] «За партию» журналының қазан айында шыққан №2 санын салып жібер», - деп өтініш білдіреді. М.Шоқай елдегі туысқандары арқылы да осылай байланыс жасап отырған. Осы арқылы Түркістан өлкесіндегі саяси жағдайдан хабардан болып, өз мақалаларында елдегі жағдай туралы жазып отырған. Мұстафа Шоқай мен немере інісі Байдаулетпен жазысқан хаттарын саралай келе, Мұстафаның інісі Мұртазамен байланыстағы негізгі көпір екенін түсінуге болады.

Байдаулет Дабыловпен хат алысуы Кеңес Одағының М.Шоқайдың елдегі байланысын жою мақсатындағы «Франц» операциясы негізінде жойылады.

Мұстафа Шоқай тек түркістандықтармен ғана емес, еуропалық қоғамдық ұйымдар мен ұлт қайраткерлерімен де хат алысып отырған. Сондай хаттардың бірі 1931 жылдың 20 ақпанында Польша экспертiне жазған хаты [3, 211 б.]. Бұл құпия түрде жазылған хат. Хатта тарихи дерек ретінде, әдейі бүркемеленген қала, мекеме, журнал және адам аттары берілген. «Кездесетін жеріміз – М.Т біздің орталықтың соңғы шешімін айтуы тиіс», - деп жазады М.Шоқай. Мұстафа Шоқай польшалық экспертке осы уақытта Германияда шығатын «Яш Түркістан» журналын өзі тұратын Ножан сюр Марн қаласына

көшіруді ойлағанын жазады. Ножан сюр Марн қаласына көшірудегі мақсаты журнал беттеріндегі қателіктердегі жою болатын. Берлинде шығатын «Яш Түркістан» журналына түркістандық жастар А.Оқтай мен Т.Шағадай редакторлық жасайтын. Тәжірибенің аздығына байланысты көп жағдайда А.Оқтай мен Т.Шағатайдан М.Шоқайға кейбір басылып шығатын мақалаларды түзету жөніндегі өтініш хаттар көп келетін еді. Алайда бұл ойлағаны қаржылық қиындықтан жүзеге аспайды. Бұл қалада журналдың бір басылымы 4000 фр. тұрады. «Сіз білсеңіз, біздің жалпы қорымызда 4. 275 фр. бар. Яғни, біз үшін ескі орында жұмысты жалғастыра беру тиімді болмақ», - дейді М.Шоқай. Хатты тарихи дерек ретінде пайдалануда Парижде басылып шығатын журнал құнын және осы уақыттағы қордағы қаражат көлеміне анықталады.

30-жылдардың соңына қарай М.Шоқайға елден газет-журналдар кешіктіріліп, тіпті жарыққа шыққан уақытынан жарты жылдан кейін келе бастайды. Бұл Түркістан көсеміне өз кедергісін тигізбей қоймайды. Осы уақытта М.Шоқайдың елмен байланысын тоқтату мақсатында Сталиннің өзі Қазақстанда шығатын «Ақ жол» газетін жабуға бұйрық береді. Міне, осындай қиыншылықтан елмен байланысы үзілген М.Шоқай 1938 жылы 14 ақпанда Парижден тағы да аты-жөнін жазырып, құпия түрде хат [3, 287 б.] жазады. «Соңғы уақытта Түркістан өлкесінен мерзімді басылымдар өз шыққан уақытынан араға айлар салып келуде, тіпті Түркістан үшін маңызды саналатын «Правда Востока» газеті жарты жылдан бері келген жоқ», - деп жазады М.Шоқай. Хатта аты-жөні жазылмаған кісіден келесі газеттерді жіберуін өтінеді: «Казахстанская правда», «Кзыл Узбекистан», «Советская Киргизия», «Коммунист Таджикистана», «Әдебиет майданы». М.Шоқай жазған хатында ақпан айында келген мерзімді басылымдарды көрсетеді: 1937 жылы 12-24 желтоқсандағы шыққан «Туркменская Искра», 1937 жылы 10-21 желтоқсандағы «Социалистік Қазақстан». Қандай болсын деректің шынайылығын тексеру үшін автордың ақпаратты қайдан алғанды маңызды. Хаттағы көрсетілген Түркістан өлкесіндегі мерзімді басылымдар М.Шоқайдың негізгі дереккөзі болғанын көрсетеді.

Мұстафа Шоқай Кеңес Одағындағы мұсылман халықтары жөнінде жүргізіліп отырған этноцидтік, геноцидтік саясатты әшкерелеп, Батыс елдерінде қоғамдық пікір туғызуға тырысты. Осы көздеген мақсатына да жете білді. Себебі Батыс елдерінің мемлекеттік қоғам қайраткерлерінен, тарихшы-ғалымдарынан, шығыстанушылардан мақала жазу жөніндегі ұсыныстар, қызықтырған тақырыптары бойынша кітаптар жіберуді өтінген көптеген хаттар келіп түскен.

В.Гаврилов Мұстафа Шоқайға 1934 жылы 8 қаңтардағы хатында [4, 120 б.] «Біз Құбылай ханның тікелей ұрпағы полковник Тутоломилин екеуміз Түркістан өмірін жақыннан білгіміз келеді, іс жүзінде білу үшін әдебиеті туралы мәлімет беруді Сізден өтінеміз», - деп жазады. Бұл хат Бельгия мемлекетінен жолданған. Себебі, хаттағы «Біз Бельгияда тұрамыз», - деген жолдар дәлел бола алады. Бұл дерек М.Шоқайдың әлем жұртшылығы алдында Түркістан мәселесі бойынша басты информатор екендігін көрсетеді.

1936 жылы 28 ақпанда Дмитрий Федотов-Уайт М.Шоқайға арнап хат жазады. Дмитрий Федотов-Уайт – ақ эмигрант. М.Шоқайды А.П.Демидов арқылы таниды. Автор М.Шоқайға жазған хатында [4, 128 б.] қазіргі кезде орыс отарлауы дәуіріндегі Түркістан тарихы бойынша кітап жазумен шұғылданып жүргендігін баяндайды. Осыған орай «Ресейдің Түркістанға басып кіруі, оның әртүрлі кезеңдері жайлы, Түркістан халқының орыс өкіметіне деген көзқарасы туралы мағлұматтар мен үшін – ерекше қызық», - деп жазады Федотов Уайт. Автор өзінің тақырыбы жөнінде қысқаша тоқталып, М.Шоқайдан Тахир Шакирдің «Түркістанның мақта шаруашылығы» атты кітабы тауып беріп, өзіне жіберуін өтінеді. Мұстафа Шоқайға көрсеткен көмегі үшін қаржы беріп отырған. «Егер сомасын көрсетсеңіз, кітаптың құны мен оларды жөнелтудің шығындарын аударуға дайынмын», - деп жазғаны дәлел бола алады.

Мұстафа Шоқай Ф.Уайт өтінішіне жауап ретінде Ножан қаласынан 1936 жылы 19 наурызда хат жазады. Хатта [5, 330 б.] Ф.Уайтты қызықтырған тақырыптар жөнінде жазылған кітаптарға тоқтала кетеді. «Революциядан кейінгі басылған, бертіндегі кітаптар бар. Бірақ оларда жергілікті халықтың орыс өкіметіне деген көзқарасы объективті түрде сипатталмаған», - деп жазады Мұстафа Шоқай. Большевиктік көзқарастағы тарихшылар шындықты бұрмалаған. Олар таптық бөліну бастауларын оның иісі де жоқ жерден көреді. Хат соңында Мұстафа Шоқай Масальскийдің «Түркістан өлкесі» мен Бартольдтың «Түркістандағы мәдени өмір» деген кітаптарды «Түркістан туралы ең қомақты кітаптар», - деп, осы кітаптарды қарауға кеңес береді.

Кеңес үкіметінің Орта Азияға, соның ішінде Түркістан өлкесіне жүргізіп отырған саясатын жария ету үшін М.Шоқай батыс елдерінің қоғам қайраткерлерімен байланыс орната бастайды. Байланыс орнату арқылы Кеңес үкіметіне қарсы күресінде одақтас іздеу болатын. М.Шоқайды батыс жұртшылығы Кеңес үкіметінің саясатын білу үшін баяндама жасауға шақыртулар жібереді. 1933 жылы 13 наурызда «Royal

Central Asian» қоғамынан шақырту хаты [5, 188 б.] келеді. «Ең қолайлы күн 29 наурыз, бірақ Сізге қай күн ыңғайлы болады, сол күнге ауыстырамыз. Орталық Азия туралы біздермен әңгіме өткізсеңіз», - деп қоғам хатшысы М.Н.Кеннеди өз өтінішін білдіреді. Осы хат негізінде М. Шоқай 29 наурызда «Корольдік Азия қоғамында «Түркістан большевиктік диктатураның 15 жылғы билігінен кейін» деген баяндама жасауға келіседі.. Деректің сюжеті М.Шоқайдың Ұлыбритания еліндегі жеке басының дәрежесін анықтайды.

Мұстафа Шоқайдың Ұлыбританияға баруына түрткі болған батыс жұртшылығының Түркістан өлкесі жөнінде қызығушылықтары болатын. Мұстафа Шоқай Ұлыбритания мемлекетіне 1933 жылы тағы да келетін болды. Бұл екінші келуі болатын, еске салатын болсақ, 1929 жылы В.Д.Алленнің өтініші бойынша келген еді. М.Шоқай Лондонға 1933 жылдың 23 наурызында келеді. Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институтында «Кеңес Одағы және Шығыс Түркістан» деген тақырыппен баяндама жасайды. Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институты жабық мекеме болатын. Институтқа мүшелікке қабылдаудың өзі ағылшындар үшін де шектеулі болатын. Г.Ровен «институт жарғысы бойынша шетел азаматтарына мәртебелі жағдайына орай ғана ондағы кездесулерге рұқсат беріледі», - деп 1933 жылдың 17 наурызында М.Шоқайға жолдаған хатында [6, 386 б.] жазған болатын. Бұл М.Шоқайға көрсетілген құрметтің бірі екендігіне көзіміз жетті.

Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институтында М.Шоқай Шығыс Түркістандағы ахуал, кеңес-жапон қатынастары жөніндегі сұрақтар қойылады. М.Шоқайдың Халықаралық қатынастар жөніндегі Король институтында жасаған «Кеңес Одағы және Қытай Түркістаны» атты баяндамасы «Шығыс Түркістанды жаулап алу» [7, 18-19 б.] деген атпен Лондонның «The Slavonic and East European Review» деген әлем жұртшылығына белгілі танымал журналында жарияланады. Бұл М.Шоқайдың Түркістан мәселесін халықаралық деңгейге көтеру жолында жеткен жеңістерінің бірі болып саналады.

М.Шоқайдың жазысқан хаттары – шоқайтанушылар үшін құнды дерек. Хаттарды тарихи дерек ретінде пайдалану арқылы көптеген сан алуан мағлұматтар алынды. Осы хаттарды оқи отыра, М.Шоқайдың батыс елінің саясаткерлерімен, көрнекті ұлт қайраткерлерімен, тарихшы-ғалымдарымен байланысқа түсу арқылы Түркістан мәселесін әлемдік деңгейге көтергенін байқаймыз.

Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын тани білген, ғұмырын олармен ымырасыз күреске арнаған саяси эмигрант, қоғам және мемлекет қайраткері М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасы терең талдауды қажет ететін, өзіндік ерекшелігі мол дереккөзі. Хаттардың хронологиялық шегі 1917-1941 жылдар аралығын қамтиды. Хат мәтіндері орыс, ағылшын, француз және шағатай тілдерінде жазылған. Хаттарды оқи отырып, М.Шоқайдың жоғары мәдениет иесі, жан дүниесі таза гуманист екендігін, оған қандай да болсын пендешілік қасиеттердің жаттығын ерекше атау лазым. Ол отаршылдыққа, бір халықтың екінші халыққа үстемдік жүргізуіне бүкіл болмысымен, жан-жүрегімен қарсы күресті. Мұндай адам фашистік идеологияға бүйрегі бұрды деудің ешбір қисын да, негізі де жоқ.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Есмағамбетов К. Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 504 б.*
2. *Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ф. Исахан. – Алматы: «СаГа» баспасы, 2006. 1-том. – 424 б.*
3. *Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ф. Исахан. – Алматы: «СаГа» баспасы, 2006. 2-том. – 372 б.*
4. *Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. X том – 612 б.*
5. *Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. XI том – 544 б.*
6. *Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2014. XII том – 474 б.*
7. *Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы. // Қазақ тарихы. – 2007. - № 5. – 17-23 б.*

**УДК 94(574) (075.8)
МРНТИ 03.03.20.**

Tulbasieva S.K.¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

THE WAY OF MUHAMEDJAN TYNYPAYEV TO SCIENTIFIC AND CREATIVE HERITAGE

Abstract

The Kazakh intelligence of the 20-30s of the 20th century combined brilliant erudition, refined culture, inborn freethinking, deep, not ostentatious patriotism, rare talents, and an inexhaustible researcher spirit. These people were different professions: teachers, engineers, lawyers, economists, doctors. They knew not only Turkish and Slavic languages, but also were fluent in Arabic-Persian, English, German, French. Among the Kazakh intelligentsia were diversified talented people. One of the representatives was the first Kazakh historical engineer Mukhamedzhan Tynyshbaev. The article analyzes the history of the formation of Mukhamedzhan Tynyshbaev as a scientist and his scientific heritage.

M. Tynyshbaev- (1879-1938) - one of the brightest representatives of the Kazakh democratic intelligentsia, formed at the beginning of the twentieth century, a prominent socio-political figure, one of the first Kazakhs who received a higher engineering education. At the same time, he was a great connoisseur of history, culture, and life of the Kazakhs, who left behind him interesting research on the history of a happy people and a number of works on local history.

Key words: M. Tynyshbaev, history, culture, Kazakh people, education, intelligentsia, Kazakh, genealogy, culture, engineer - historian.

Тулбасиева С.К.¹

¹*к.и.н., Казахский Национальный педагогический университет имени Абая*

ПУТЬ МУХАМЕДЖАНА ТЫНЫШБАЕВА К НАУЧНОМУ И ТВОРЧЕСКОМУ НАСЛЕДИЮ

Аннотация

У казахской интеллигенции 20-30 годов XX века сочетались блестящая образованность, утонченная культура, природное свободомыслие, глубокий, не показной патриотизм, редкие таланты и неистощимый дух исследователя. Эти люди были разных профессии: учителя, инженеры, юристы, экономисты, врачи. Они знали не только турецкий и славянские языки, но и хорошо владели араб-персидским, английским, немецким, французским языками. В числе казахской интеллигенции были разносторонне талантливые люди. Одним из представителей и был первый казахский инженер-историк Мухаметжан Тынышбаев. Статья анализируется изучения истории становления Мухамеджана Тынышбаева как ученого и его научного наследия.

М.Тынышбаев-(1879-1938гг.) - один из ярчайших представителей казахской демократической интеллигенции, сформировавшейся в начале XX века, видный общественно-политический деятель, один из первых казахов, получивший высшее инженерное образование. Вместе с тем он был большим знатоком истории, культуры, быта казахов, оставивший после себя интересные исследования по истории родного народа и ряд работ по краеведению.

Ключевые слова: М.Тынышбаев, история, культура, казахский народ, просвещение, интеллигенция, казах, генеалогия, культура, инженер-историк.

Тулбасиева С.К.¹

¹*т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті*

МУХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛЫ

Аңдатпа

XX-ғасырдың 20-30 жж. қазақ халқы тарихының қалыптасып, ғылым ретінде дамуына ат салысқан ғалымдар шоғыры өздерінің білімділігімен, қажырлы еңбектерімен, табиғат берген таланттарымен отан тарихын зерттеу ісімен ғана емес, ел мәдениетінің өркендеуіне зор үлес қосты. Сондықтанда олардың

қоғамда алар орны тарихи, әлеуметтік ұғымдармен ұштасып жатыр. Отан тарихы бойынша терең зерттеулер жүргізіп, келелі ой-тұжырымдар айтқан тарихшылар зиялылар қауымында ауқымды орын алатыны белгілі.

Мақалада сондай зиялық қауым өкілдерінің бірі қазақтан шыққан тұңғыш инженер, әрі тарихшы Мұхаметжан Тынышбаевтың ғылыми және шығармашылық қызметінің қалыптасу жолына талдау жасалады.

Мұхаметжан Тынышбаев тарихшы ғалым ретінде қазақ халқының арғы-бергі тарихының жекелеген мәселелерін үлкен сүйінішпен және барынша ыждақаттылықпен зерттеген. Олардың қатарында халқымыздың ауызша айтылған және қағаз бетіне түскен (жазбаша) шежіресі, ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда яғни қазақ-жоңғар соғысының тарихы әсіресе оның халқымызды «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан қасіретке толы кезені, Өз-Тәуке сияқты мемлекет қайраткерлерінің тағдыры, өлкетану мәселелеріне арналған зерттеулері мен ой-толғамдары бар еңбектеріне талдаулар жасалынады.

Кілт сөздер: Тынышбаев М., тарих, мәдениет, қазақ халқы, білім, интеллигенция, қазақ, генеалогия, мәдениет, инженер-тарихшы.

M. Tynyshpaev is one of the brightest representatives of the Kazakh democratic intelligentsia, formed at the beginning of the twentieth century, a prominent social and political activist, one of the first Kazakhs who received a higher engineering education. However, he was a great connoisseur of history, culture, life of the Kazakhs, who left behind him interesting research on the history of his native people, the genealogy of the Kazakh clans and tribes, a number of works on local history.

Mukhamedzhan Tynyshpayev was born on May 12, 1879 in the mountains of Zhilanda, Makanchi-Sadrovsky volost of Lepsinsky district. His father Tynyshpay, comes from a noble family, was engaged in cattle breeding, and contained huge flocks of sheep, cows and horses. His lands were the foothills of the Dzungarian Alatau, down the river Lepsy. After successfully completing the two-year preparatory class in the city of Verny, Mukhamedzhan entered the gymnasium [1].

After graduating from the gymnasium, Mukhamedzhan Tynyshpayev enters the St. Petersburg Institute named after Alexander I, in the specialty - Engineer of Communications [2]. The institute was famous for the fact that it taught the "cream" of gymnasium graduates. He prepared encyclopedic educated, progressive and thinking specialists. For many decades, only the nobility offspring could be trained in this prestigious institution. Only after the simple talented young men could study at the Imperial Institute. According to the teachers, Mukhamedzhan Tynyshpaev possessed brilliant abilities to study mathematics, ancient languages, literature and art. Unusually gifted professors-founders of fundamental courses gave the lecture. One of the associates of Mukhamedzhan is the same Petersburg student, and in the future, the leader of the Alash movement Haleb Dosmukhamedov, in his testimony to the investigator of the OGPU in September 1931 wrote about this period as follows: "On Petersburg on the eve of the first revolution, when democracy and students often grumbled. He fell into a student whirlpool, eagerly took up his political and educational education, and were acquainted with the programs of various political parties. None of the programs satisfied me, as well as other Kazakh students. The Social Democrats spoke only of the workers, the socialist revolutionaries spoke of the peasantry, the Cadets spoke of the greatness of the Russian people, and the right-wing people only harassed foreigners" [3.27].

Much the same was said by the student Mukhamedzhan Tynyshpayev at the congress of autonomists, where he made a presentation on "Kazakhs and public movements" [4]. However, the young politician went further than Haleb Dosmukhamedov, reminding the authorities of the metropolis that it was time to think about the outdated democratic system of governance of the Kazakh lands and other colonial margins, about the land oppression of the Kazakhs. Thus, the voices of Haleb Dosmukhamedov and Mukhamedzhan Tynyshpayev echoed the so-called Karkaraly petition in the fall of 1905, which was written by Alikhan Bukeikhanov, Zhakyp Akpayev, Ahmet Baytusynov, Temirgali Nurekenov and other future members of the Alash party and the Alash-Government government. The value of these documents that have come down to us is determined, among other things, by the fact that they help us understand the origins of the views of like-minded Mukhamedzhan Tynyshpayev, who were educated in Kazan, St. Petersburg, Moscow, Tomsk, Omsk, Ufa, Tashkent and other cities of Tsarist Russia, who, acting as reformers, created the Alash movement. Critically assessing the current situation and based on the experience of creating political parties and movements in Russia, they determined the ways and principles of their own Kazakh party. As a result, the program of the party of constitutional democrats, that is, the Cadets, who were in opposition to the imperial government, was taken as a model. Thus, at the end of 1905, a so-called congress of representatives of five regions took place in Uralsk, the participants of which were A. Bukeikhanov, J. Seydalin, M. Dulatov, B. Karataev, M. Tynyshpaev and B. Syrtanov attempted to organize the "Kazakh Constitutional

Democratic the party "[5, 13]. However, the leaders of the democratic intelligentsia of Kazakhstan needed more than ten years of struggle and anxiety to create a national party in July 1917 to define its strategic tactical tasks. On this path, Mukhamedzhan Tynyshpayev and his political allies gained experience in social and political figures. This appeared most clearly in the elections to the first and second State Dumas. If the first of them from the Semipalatinsk region ran and with great difficulty passed Alikhan Bukeikhanov, then in the second, without any particular difficulties, a number of Kazakh figures were elected from various regions of Kazakhstan, including Mukhamedzhan Tynyshpaev from the Smerechinsk region [6.98-99].

The nomination and choice of Mukhamedzhan Tynyshpayev testifies to the high prestige of this 28-year-old politician and graduate engineer, and his confidence in him from the people. In addition, although the second State Duma did not exist for a long time (it was dissolved on June 3, 1905), the Kazakh deputies managed to hear speeches from the Kazakh tribes criticizing the agrarian policy of the tsarist government. However, not only the high state tribune served as a means of approval and propaganda of their views. From 1913 until its closure by the Soviet authorities in March 1918, the newspaper *Kazakh* appeared in Orenburg. Its release engaged in A. Baitursynov, A. Bukeikhanov and M. Dulatov. In addition, one of the most active of its authors was Mukhamedzhan Tynyshpaev. He signed many of his articles with the pseudonym "Kazakh engineer". This newspaper played a significant role in the political education of the people and, of course, in the creation of a nationwide Kazakh party. After the February Revolution of 1917, Mukhamedzhan Tynyshpayev completely switched to political activities. He participated in the organization of county and regional Kazakh committees, was a member of the special Turkestan Committee of the Provisional Government. At the same time, Mukhamedzhan Tynyshpayev was appointed Commissioner of the Provisional Government for the Semirechinsk region. In these positions, he is working hard to return the Kazakhs and Kyrgyz from China to Semirechie, who have gone beyond the cordon during the brutal suppression of the 1916 national-liberation uprising by the tsarist chastisers.

In the conditions of a rapidly developing political process, the leaders of the cadet-minded Kazakh intellectuals approached in a dense way towards the creation of their own party. The proclaimed bourgeois-democratic freedoms contributed to the consolidation of forces that reflected the interests of various sectors of Kazakh society. Taking advantage of the rapidly changing situation and the accelerated process of polarization of political passions, they announce the convening of the First All Kazakh Congress and hold it in July 1917 in Orenburg. Of the 14 issues on the agenda, its focus is on issues of national autonomy, the resolution of the land question, the preparation for the elections of the Constituent Assembly and the formation of a Kazakh political party. The first all Kazakh congress, in essence, was constituted in political party "Alash". Mukhamedzhan Tynyshpayev, by decision of the congress, was included in the list of 81 candidates for deputies Constituent Assembly from the Kazakh regions of the Russian Empire. Alikhan Bukeikhanov and his associates, including Mukhamedzhan Tynyshpaev, became the leaders of the Alash party. The absolute majority of party members did not accept the Bolshevik-style socialist program and about

References:

1. *GF RK 94-f., 1st volume, 133, 146, 152, 159-case. 1-123 p.*
2. *Lamin V.A., Shilovsky M.V. "Siberian autonomists (regional) and the leaders of" Alash-Orda "// Materials of the international scientific-practical conference "The influence of the ideas of the movement "Alash" in the Eurasian space: history and modernity. " - p.27.*
3. *"Kazakh". 1917. -24-June. -N 236, 237, 238, 243, 254. 130s*
4. *Galiyev V.Z. Social activities of political exiles in North-Eastern Kazakhstan (1890-1904). - Almaty, 2004. - 216 p.*
4. *Kasymzhanov A.Kh. Portraits: Strokes to the history of the Steppe. - Almaty, 1995. - p. 128*
5. *Amanzholova D.A. Alash as an ethno-political phenomenon: the experience of historical and historiographic reflection // Materials of the international scientific-practical conference "The influence of the ideas of the movement" Alash "in the Eurasian space: history and modernity." - C.13.*
6. *Tynyshbaev M. History of the Kazakh people. Almaty: Sanat, 1998.-C 98-99.*
7. *GFRC 795-f., 1st volume, 56-57 case.*
8. *Takenov A. Engineer and historian M. Tynyshpaev. / History of the Kazakh people. Almaty: University, 1998. – C11; Tynyshpaev M. Great Disasters. Almaty: Zhalyn, 1992. -C.116.*
9. *Satov A. I appeal to you, as well as an expert on the edge. (about the letter of Nikalaya Vavilova to Mukhamedzhan Tynyshbaev) // Kazakhstanskaya Pravda, 1997-11-June.*

ӘОЖ 94(574)«1927-XXI»:316.7
ГРНТИ 03.03.20.

Ш.Т. Нұрман¹

¹т.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Тарих және құқық институты, Алматы, Қазақстан

Қ.И. СӘТБАЕВ «МЕН КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БІЛІМ АЛУ БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚТЫҢ БІРІМІН»

Аңдатпа

Мақалада автор кеңестік кезеңдегі кәсіби бірегейліктің қалыптасу проблемасын қарастырады. Автор ғылыми еңбектер мен архив материалдарын зерттеу нәтижесінде Қазақстанда кеңестік билік орнаған жылдардан бастау алатын кәсіби ғылыми кадрларды дайындау мәселесін және ресейлік классикалық ғылыми ортасының кәсіби бірегейліктің қалыптасу және трансформациялану барысындағы ролін көрсетеді. Аталмыш процестің ерекшеліктерін, кәсіби геолог-инженерлердің кәсіби бірегейлігі мәселесі тұрғысынан зерттейді. Нақтырақ айтқанда, Қ.И. Сәтбаевтың студенттік жылдарын талдауға алады. Кеңестік кезеңдегі ғалымдардың кәсіби-әлеуметтік өзгерістерін, оның кезеңдерін және кәсіби бірегейлік мазмұнының қыр-сырын анықтауға тырысады. Ұлттық бірегейлік, кәсіби бірегейлік және ғылыми мектептер мәселесін көтереді.

Түйін сөздер: бірегейлік, кәсіби бірегейлік, кеңестік кезең, Қазақстан, ғылым, ғылыми мектеп.

Ш.Т. Нұрман¹

¹К.и.н., доцент, Института истории и права при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

К.И. САТПАЕВ «Я ОДИН ИЗ КАЗАХОВ, КОМУ ВПЕРВЫЕ ПОСЧАСТЛИВИЛОСЬ ПОСТУПИТЬ И ОКОНЧИТЬ ВУЗ В СОВЕТСКОЕ ВРЕМЯ»

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы формирования профессиональной идентичности в советское время. Результаты изучения научных трудов и архивных материалов показали, особенности формирования профессиональной идентичности в Казахстане в период советской власти. Анализируется специфика подготовки научных профессиональных кадров в Казахстане и влияние российской классической научной среды в формирование и трансформацию профессиональной идентичности. Автором данный процесс рассматривается в контексте истории геологов-инженеров Казахстана, а конкретно через студенческие годы К.И. Сатпаева. Автор определяет содержание профессионально-социальной трансформаций казахстанских ученых, её этапы, изменения элементов профессиональной идентичности. Ставятся проблемы национальной идентичности, профессиональной идентичности и научных школ.

Ключевые слова: идентичность, профессиональная идентичность, советский период, Казахстан, наука, научная школа.

Nurman Sholpan¹

¹Candidate of Historical Sciences and Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical
University, Almaty, Kazakhstan

K.I. SATPAYEV “I AM ONE OF THE FIRST KAZAKHS WHO WAS ABLE TO ATTEND UNIVERSITY DURING THE SOVIET TIME”

Abstract

The article discusses the problems of forming a professional identity during the Soviet period. The results of the study involving analysis of relevant scientific works and archival materials showed the particular characteristics of the formation of a professional identity in Kazakhstan during the Soviet time. The work analyses the specifics of the training of scientific professional personnel in Kazakhstan and the influence of the Russian classical scientific environment in the formation and transformation of professional identity. The author considers

this process in the context of the history of geologists-engineers of Kazakhstan, and specifically through the student years of K.I. Satpayev. The author defines the essence of professional and social transformations of Kazakh scientists, its stages, changes in elements of professional identity. The problems of national identity, professional identity and scientific schools are raised.

Key words: identity, professional identity, Soviet period, Kazakhstan, science, scientific school.

Ғалымдардың бірегейлігі, геологтардың бірегейлігі мәселесін анықтау үшін осы топ, кәсіп иегерлерінің қалыптасу тарихи тәжірибесіне және кеңестік экономикалық жаңару жағдайындағы аталмыш мамандықтың жай-күйін қарастыру қажет.

Аздап тарихи шегініс жасасақ, қазақ даласында кеңестік кезеңге дейінгі кәсіби білім беру жүйесінің діни және азаматтық бағытта жүргендігі белгілі. Діни білім беру жүйесінде медресенің ықпалы зор болды. Олар молдаларды, оқытушыларды даярлады және міндетті түрде мешіттер жанында жұмыс істеді. Медресенің үлгісіне қарай олардағы оқу мерзімі – үш жылдан төрт жылға дейін созылды. Олардың шәкірттері ислам дінін үйренумен қатар, философиядан, астрономиядан, тарихтан, лингвистикадан, медицинадан, математикадан мағлұматтар алды.

Азаматтық сипаттағы оқу орындары өлке Ресей құрамына енгеннен кейін ашылды. Олар отарлық аппарат үшін шенеуніктер, тілмәштер, мұғалімдер, дәрігерлер даярлады. Мысалы, 1786 ж. Омск қаласында Азиаттық мектеп, 1789 ж. Орынбор қаласының айырбас сарайы жанындағы үкіметтік мектептерді атауға болады. Бұл оқу орындары балаларды, соның ішінде қазақ балаларын тілмәштік, писарлық (кеңсе қатшысы) мамандыққа үйретті. Әскери мамандарды және әкімшілік шенеуніктерін Орынбор қаласында 1825 ж. ашылған Неплюев кадет корпусы және 1846 ж. негізі қаланған Омск кадет корпусы даярлады.

М.Қ. Қойгелдиев 1917 жылғы қазан революциясына шейін негізінен еуропалық, сондай-ақ бірлі-жарым шығыс жоғары оқу орындарын аяқтаған дипломы бар қазақтардың саны 120 адамнан, ал ресейлік орта арнаулы оқу орындарынан білім алғандардың саны 700-ден асып жығылады деп көрсетеді [1, 20 б.]. Дегенмен, патшалық биліктің олармен қарым-қатынасы екі жақты ойын түрінде болды. Бір жағынан оларға Мемлекеттік Думаға депутат болып сайлануына жол берді, ал екінші жағынан, белсенді саяси қызметпен айналысқандарын саяси қуғынға ұшыратты деп басып көрсетеді. Яғни, билік өз мүддесі үшін ғана жұмыс істеді.

Революцияға дейінгі Қазақстанның кәсіптік оқу орындары уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады. 1914-1915 жж. жылында жеті орта арнаулы оқу орындарында 352 адам ғана оқыды. Бұл Ресей жоғары оқу орындары мен техникумдары студенттерінің жалпы санының 1 процентіне де жетпейтін еді. Бүкіл өлкеде бір де бір институт пен университет болмады.

1920-1934 жылдар аралығында қажетті материалдық база болмағандықтан, ұлттық интеллигенция кадрларын Ресей мен басқа республикаларда даярланды [2, 12-14 бб.]. 1926 жылдың өзінде қазақ студенттері Москваның, Ленинградтың, Томскінің техникалық және политехникалық институттарында, жоғары техникалық училищелері мен тау-кен академияларында оқыды. Москва, Ленинград, Орынбор, Ташкенттегі рабфактарда білім алды. Зерттеуші мамандар Қазақстанның ірі жұмысшы орталықтарында – Қарсақпай, Риддер, Доссорда рабфактардың дайындық курстары ашылып, онда қазақтарға 80% орын берілгендігін көрсетеді.

Қазақстанда 1926 жылы техника саласының мамандары - солардың қатарында инженерлер де бар - жалпы жоғары білімділердің 6,1% құраған. Олардың ұлттық құрамына келер болсақ қазақтар 3,2%-на сәйкес келді.

1917-1920 ж. ғылым дамуының мәні «шектеулі автономия үлгісінде» болды. Ол дегеніміз ғылыми және білім беру мекемелерін орталықтың кеңес беру арқылы реттеп және бақылап отыруын білдіреді. Сонымен қатар, билік пен ғылыми-техникалық интеллигенция арасындағы ымыраға келуді айтады. Сонымен қатар, кеңестік биліктің алғашқы жылдарында елімізде жаңа зерттеу және оқу институттарын құру үшін ғалымдардың өздері бастамашылық еткен, сондықтан бұл кезеңді ғылымның өзін-өзі сақтау кезеңі ретінде сипаттаудың да қисыны бар [3].

Ғалымдар даярлауға қатысты тағы бір эпизод, 1920-шы жылдардың екінші жартысында аспиранттардың алғашқы анықтамалары әзірленеді. Оның алғы сөзінде М. Н. Покровский кеңестік ғалым қандай болу керектігі жөнінде былай деп жазды: «социалистік құрылыстың белсенді қатысушылары бола алатын ғалымдар кадрларын даярлау ісі, қазіргі заманғы және өзінің дүниетанымы бойынша және өзінің көңіл-күйі бойынша және өзінің ғылыми жұмысының әдістері бойынша біздің еліміздің жалпы

индустрияландыру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады». Жас кеңес ғалымы, Покровскийдің пікірінше, ғылым еңбеккерінің революцияға дейінгі типажынан өзгеше болуы керек [4].

1920-шы жылдың басында Павлодар уезі мен Семей облысында кеңес билігі орнайды. Осы кезде наурыз айының басында уездік ревкомның ұсынуымен Баянауыл ауданының халық сотының төрағасы етіп Қ. Сәтбаев тағайындалды. Қыркүйек айына дейін осы қызметті атқарады. Қазан айында Семей губерниялық халыққа білім беру орталығының жолдамасымен Томск технологиялық институтының тау факультетінің геологиялық барлау бөліміне конкурстық сынақ тапсырып қабылданады. Қаныш математика, физика және геологиядан емтиханға дайындалғаны туралы туыстарының естелігінде айтылады [5, 33 б.]. Әсіресе, жас Қаныштың жоғарғы математикадан профессор В.И. Шумиловқа емтихан тапсырып, сынақтағы көрсеткен білімі жоғары бағаланғаны туралы көптеген деректерде баяндалады. Қалыптасып келе жатқан кеңестік білім жүйесінің жоғары оқуға қабылдау ережелерінде, талапкерлердің әлеуметтік шыққан тегі немесе әлеуметтік статусы мәселесі 1920-шы жылдарда-ақ ерекше назарда ұсталды. Бұл мәселе Қ. Сәтбаев өмірінде бірнеше рет кедергілер қойғаны белгілі.

Қ. Сәтбаев Томск институтына емтихан тапсырып қабылданған болса, оқуға майданнан және өндіріс орындарынан комсомол және партия ұйымдарының жолдамасымен келгендер тек әңгімелесу (собеседование) арқылы қабылданатын артықшылықтары болды. Томск институтының тарихын зерттеушілер талапкерлердің арасында ауылдан шыққандардың аз болғанын көрсетеді. Олар кедейлер комитетінің немесе білім беру ұйымдарының жолдамасымен келіп отырған. Оқуға келгендердің арасында дәулетті отбасынан шыққандар да кездескен. Бірақ ондай талапкерлер оқуға тапсырғанға дейін кемінде бір жыл жұмысшы болып істегеннен кейін ғана «жұмысшы» деген разрядпен оқуға қабылданды. 1920-шы жылдардағы азамат соғысы және т.с.с. аласапырандар кеңестік билік тарапынан студенттер арасында жиі-жиі «тазалау» жүргізіп отыруға және әлеуметтік шығу тегін қайта-қайта тексеріп отыруына себеп-сылтау болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Әбікей Сәтбаевтың Томск институты профессорларымен байланысы жақсы болды. Олар Алтай, Қарқаралы, Баянауыл тауларына экспедицияға бара жатқандарында Семейдегі Әбікейдің үйіне жиі тоқтайтын. Мысалы, олардың қатарында Г.Н. Потанин, В.В. Сапожников, М.А. Усов, А.В. Анохин т.б. бар. Қ. Сәтбаевты геология ғылымының қыр-сырын ашу жолына ертіп келген және оған дәріс берген ғалым-ұстазы М.А. Усов болды деп көрсетеді көптеген зерттеушілер, ғалымдар, замандас әріптестері. Ол жайлы М. Усовтың күнделігінен де оқып білуге болады.

Дәрігердің кеңесімен қымыз ішіп емделу үшін студент Әлімхан Ермековтің шақыруымен қазақ даласына аттанған Томск институтының профессоры М.А. Усов 1921 жылдың мамыры мен қазан айларындағы осы саяхаты туралы күнделігінде жазады. Күнделігінде Қаныш Сәтбаевпен қалай кездескені туралы және оның Томск институтына аттануы жайлы да мәліметтер береді. Семей өңірін біраз аралаған профессор отбасымен Қаныш Сәтбаевтың немере ағасы Әбікейдің ауылына бет алады және жолда шілденің 21-інде Баянауыл ауданының халық соты Қаныш Сәтбаевқа соққандарын жазады. Оның жас Қаныш жайлы алғашқы пікірі назар аударады: «Қызықты жас адам. Сауатты, орыс тілінде еркін сөйлейді, тәрбиелі. Ойланып сөйлейді, бір сөз бекер айтпайды. Дегенмен, оның жас бола тұра, сот болып қызмет етуі менің миыма сыймайды... тіпті заң білімі жақсы қойылған Еуропада мұндай лауазымға осындай жастарды тағайындау екіталай». Усовтың күнделігі Қ.Сәтбаевтың сол кезеңде араласатын ортасы, қайнаған өмірі туралы біршама деректер береді. Солардың қатарында ағайынды Белослюдовтармен таныс болғанын және бірге тұрғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, Қ. Сәтбаевтың театрланған қойылымдар және концерттер ұйымдастыратынын хабарлайды. Мысалы, «12 тамыз (жұма). .. Кешке Қаныш импровизацияланған қазақ концертін және хорын өткізді, ол кешкі асқа дейін жалғасты...

17 тамыз (сәрсенбі). .. Кешке қарай Қаныш ауылда бір актілі спектакль ойнатты. Оған жергілікті адамдар және аудандық труппаның 2 мүшесі қатысты, ал кешке еуропалық тағамдар ұсынылып қошемет көрсетті» [6, 35-36 pp.].

Тамыз айының аяғында Томскіге оқуға аттануға бел буған Қаныш халық соты істерін аяқтап, тапсыру үшін Баянауылға асығыс аттанады. Себебі 7-10 қыркүйектер аралығында М. Усов отбасымен Томскіге шығып кетпек болады, солармен бірге кетуге ол да үлгермек болады. Семей губерниялық халық сотының коллегиясына жазған өтінішінде: «Өз білімімді аяқтауды қалай отырып, губерниялық халық соты алқасынан мені сот ведомствосы бойынша 1921 жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей қызметтен босатуыңызды және нәтижелер туралы хабардар етуіңізді сұраймын. Халық соты Сәтбаев» [7, 21 п.].

М. Усовтың күнделігінде 6 қыркүйекте Қаныштың Томск технологиялық институтына оқуға кететіні туралы Баянауылдан жазған хаты отбасына келгенін және ол өзіне қажеттілерді тез арада дайындап қоюды табыстағаны айтылады.

«6 қыркүйек (сейсенбі). ... Қаныштың Баянауылдан жазған хаты келді, ол Томск технологиялық институтына оқуға кетуді біржола шешкенін және кетуіне керек-жарақтарын дайындауды өтініп жазды. 2 жасар тайшық сойылды және оның еті сүрленді. Еттің сүрленуі қарапайым жолмен жүреді: ет күндіз далада ашық ауада ілініп тұрады, ал түнде шаңыраққа ілінеді де ошақтың түтінімен қақталады» - деп жазатын профессор Усов қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігінен байқағандарын да көрсетіп отырады.

13 қыркүйекте Усов былай деп жазады: «Қаныш Сатпаев предполагал ехать с нами в Томск, чтобы учиться в институте. Он уехал в конце августа в Баян-Аул, чтобы ликвидировать дела. Хотел вернуться к 7-10 сентября, но до сих пор его нет. Вчера со всей семьей выехал в Семипалатинск Абикей Зеинович. И мы решили ехать, тем более, что началась приличная погода, которая могла долго не продержаться. Выехали мы на лошадях Имантая в 11 часов» [7, 44 п.].

Оқуына алып кетуі үшін Қанышқа 3 кендір қап дайындалды, деп жазады естелігінде Т.А. Сәтбаева. Бір қапта сүрленген ет, екіншісінде бауырсақ пен құрт, үшіншісіне саптама етік, жүннен тоқылған шұлық, түлкі терісінің ішігі және түлкі тымақ салынды. Көп қапты және олардың түрін көріп қобалжыған Қанышқа әкесі: «Азықты сен емес, азық сені көтереді». Сенің профессорың Михаил қандай суық және аштық жайлаған жерге кетіп бара жатқаныңды айтты. Менің берерім осы ғана.

Сен қанаттанған құстай ұяңнан ұшып барасың. Михаилға жақын жүр. Ол жақсы адам. Аз сөйлейді, бірақ көзінің шуағы бар. Біздің қарапайым, дала халқын сыйлайды. Денсаулығың әлсіз. Өзіңе абай бол, қарағым» деп шығарып салған дейді естеліктерде [6, 3-4 пп.].

Институт жанындағы арнайы корпусарда М. Усовтың пәтері болды. Ол осы пәтердің бір бөлмесін Қаныш Сәтбаевқа бөліп берді [8, 5 п.].

Сәтбаев оқыған кездегі Томск қаласын Сібірдің Афинасы деуге болар еді. Себебі бұл қалада Сібірдегі екі ірі жоғары оқу орны орналасты – университет пен технологиялық институт.

1900 жылы салынған Томск технологиялық институтының ғимараты таулы биік жерде орналасты. Сондықтан сол биіктіктен институт корпусының әсемдігі мен зәулімдігі алыстан көз тартып тұрды. Жоғары оқу орындары салтанатты ғимараттарда орналасты. Классикалық стильде салынған зәулім ғимараттағы университет, оның кітапханасы, түрлі мұражайлары өзінің қайталанбас архитектурасымен қалаға сән мен салтанат беріп тұрды. Университеттің барлық ғимараттарын парктер қоршап тұратын еді.

Институттың ішкі кеңістігі де кірген адамға сондайлық зор әсер берді. Жарық және керемет акустикасы бар кең аудиториялар, жабдықталған сызу залдары, лабораториялар, шеберханалар, осылардың барлығы жазық даладан келген қазақ балаларына ұмытылмастай әсер қалдырды. Осындай зәулім сарайда отырып ғұлама ғалымдардан білім алу, сонда тұрып, сол қоғамның бір мүшесіне айналу санада түбегейлі төңкеріс жасайтын, менталитетті өзгертетін ірі құбылыс деп ойлаймыз. Томск институтын бітірген әрбір студент, даңқты оқу орнының түлегі екенін өмір бойы мақтан тұтуының бір себебі осында шығар.

Қ. Сәтбаев ҚазССР Ғылым академиямының президенті болғанда, академия ғимаратының сән-салтанатты архитектурада бой көтеруіне ерекше көңіл бөлген. Мүмкін бұл жас Қаныштың Томск институты ғимаратынан алған эстетикалық әсеріне де байланысты болар.

1920-шы жылдары Томск технологиялық институтында дәріс берген профессор В.А. Хахлов студенттер құрамы менің көз алдымда өзгере бастады. Бұрын қазақ немесе аз ұлт өкілдерінен келген студенттер, қыздар кездеспейтін дейді [9, 254 б.]. М. Русаков та, 1921 жылы, Қ. Сәтбаев институттың бірінші курс студенті кезінде алғаш танысқанында таң қалғанын жасырмайды. Ол естелігінде студенттер арасында қазақтарды ешқашан бұрын кездестірмегенін алға тартады.

Сібір, Орта Азия және Кавказдан шыққан білім алушыларға Томскінің жоғары оқу орындары басымдық берді. Оның бірнеше себептері бар, біріншіден, Сібірді игеру үшін инженер кадрлар өте зәру болды, екіншіден, орталықтан алыс, табиғаты қатал, тұрмыстық жайсыздық жайлаған жерге мамандар тарту үлкен қиындық туғызды. Сол себепті жергілікті аймақ және ұлт өкілдері оқуға жеңілдіктермен тартылды. Екінші жағынан осы өңірдің ыстық-суығына шыдап жұмыс істейтін инженерлерге тар бейінді емес, кешенді білім берілді. Зерттеушілер Томскіде дайындалатын инженерлер, химик болсын, механик немесе геолог болсын, олардың бәрі құрылыс ісін, құрылыс материалдарын, сәулет өнерін, электр, бу, су және іштен жанатын қозғалтқыштарды міндетті түрде оқитын дейді. Ал әрбір бітірушінің дипломында тұрғын үйлерді және өндірістік ғимараттарды (3 қабаттан биік болмайтын) жобалау және тұрғызу құқы бар екендігі жазылған [10].

Қ. Сәтбаевтың Сібір (бұрынғы Томск) технологиялық институты берген куәлігінде 1921-1926 жылдар аралығында 55 пән бойынша теориялық курс және 27 пән бойынша практикалық курс өткендігі жазылған. Өз мамандығы бойынша дипломдық жоба қорғап бітіріп шыққан. Ол мамандығымен қатар

«Құрылыс өнері және архитектура», «Техникалық кәсіпорындарды өнеркәсіптік ұйымдастыру» теориялық курстарын, «Машина детальдарын жобалау» практикалық курсы және мынадай жалпы курстарды: «Қоғамдық формалардың дамуы», «Тарихи материализм», «Пролетарлық революция», «РСФСР саяси құрылымы», «Ағылшын тілдерін» оқыған [10, 124-125 бб.]. Қаныш Сәтбаев осындай жан-жақты тиянақты, классикалық инженерлік білім алды және ол білімін өзінің қызметінде барынша пайдаланды. Геолог-барлаушы болды, жер қойнауларындағы пайдалы қазбалардың ірі ошақтарын тапты, өндіріс орындарын жаңадан тұрғызып, Ғылым академиясының ғимаратын тұрғызды, оны іске де қосты, ірі қоғам қайраткері, кеңестік Қазақстанның ғылымын қалыптастырды.

Кәсіби бірегейліктің қалыптасуының кеңестік дәуірдегі екі кезеңін көрсету дұрыс болар. Бірінші кезең 1920-1930-шы жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде мамандарды даярлау қолданбалы мақсатқа бағындырылды. Сондықтан, жаңа кеңестік жүйе мүдделеріне қажет мамандар әзірлеу, біріншіден, жеделдетіп оқыту арқылы жүргізілді, екіншіден, патшалық дәуірдің мамандарын іске тарту орын алды. Мұнымен қатар қысқа мерзімді әрі жедел білім беру жүйесі қалыптасты, ғылыми институттар ашылды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары инженерлік қызмет ең жоғары әлеуметтік статусқа ие болса, 1920-1930-шы жылдары инженерден артық мәртебелі мамандық болмады.

Қ. Сәтбаевтың геолог-инженер ретінде қалыптасуы осы бірінші кезеңге тура келеді. Академик Каюповтың естеліктерінен Қ. Сәтбаевтың қызы Мейіз Қанышқызы мынадай қызықты жайды көрсетеді. «Имантай геологқа оқып жүрген ұлымен бірге ауылға жақын арада келеді деп айтып жүрді. Біз бәріміз таңқалдық: мұғалім дегеннің кім екенін білеміз, дәрігер мен сотты да білеміз, ал геолог дегеннің кім екенін түсінбедік. Сол үшін, оны көру үшін арнайы бардық» [11, 371 б.].

Одан кейінгі кеңестік жаңару кезеңі 1950-1980 жж. қамтиды. Бұл кезеңде білім берудің дамуымен қатар, мамандардың кәсіби өзі-өзі тануында (идентификациялануында) қайшылықтар көрініс берді. Геолог және басқа сала мамандарына да тән сол кезеңдегі менталитет: «меңгеруге қиын жағдайлардың қайсысында болмасын, мен санамда қажырлы және табанды еңбек етпей қажетті өмірлік білім мен тәжірибені жинақтау мүмкін емес екенін өзінен-өзі мойындайтынмын, яғни дәл сол сияқты, алға жылжу да мүмкін емес» дегенге саяды. Кеңестік түрлі тәжірибелерді бастан кешкен ғалымдар қиындықтарды жеңуге, ымыраласуға дайын болды. Сұхбаттарда қазақстандық геолог-ғалымдардың басым көпшілігі өздерінің қалыптасу кезеңдерін бірте-бірте алға жылжу және қиындықтарды жеңе отырып өз мақсаттарына жеткендері туралы айтады.

Қ. Сәтбаевтың студенттік шағы кеңестік геология қызметіндегі маңызды тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді. Кеңестік индустрияландыру саясаты ССРО-да минералдық-шикізат базасын жасауды қажет етті. Жаңа міндеттерді іске асыратын геологтар мен геолог-барлаушылар дайындау жұмысы мемлекеттік маңызға ие болды. Томск институтының тау факультетінде алғашында геологиялық барлау бөлім ретінде ашылады, кейіннен ол жеке факультетке айналды. Студенттер Сібір, Қиыр Шығыс, Орта Азия мен Қазақстан жерін зерттеуге жұмылдырылды. 1 курстан бастап студенттер оқытушыларымен бірге барлау экспедицияларына шығып отырды. 2-ші курстан Қ. Сәтбаев та М.А. Усовтың Қазақстанда жүргізген экспедицияларына қатысты.

Қ. Сәтбаевты Томск институтының оқытушылары геология ғылымының қыр-сырын меңгеруге баулыды. Институттағы оқу барысы мен дәріс сапасы жайлы Қ. Сәтбаевтың мына жазбалары тамаша мәлімет береді: «М.А. Усов керемет шешен адам еді, кез-келген аудиторияны лезде өзіне баурап алатын. Оның лекциялары әдетте екі не екі жарым сағатқа созылатын, арасында азғантай ғана үзілістер болады. Оның айтқан әрбір сөзі санаға жазылып қалатын: таңғажайып шешендігі, қандай да бір күрделі ғылыми проблемаларды қарапайым және түсінікті тілмен қызықты етіп жеткізуі, сөзіндегі логикалық тұтастық, ғылыми тұжырымдары мен болжамдарының жинақы бейнеленуі, ең аяғы лектордың өзгеше ізеттілігі мен терең мәдениеті де тыңдаушыларды елітіп, айтып тұрған әңгімесіне сөзсіз иландырады.

Оның лекцияларында ешқандай лирикалық шегіністер, жалған сөйлеу, айтып тұрған мәселелерінен бөгде жайттарға ауытқулар болмайтын...

М.А. Усовтың уақытты сезінуі бізді әрдайым таңқалдырушы еді. Лекциялардың уақыт мөлшеріне дәлме-дәл жүйеленгендігі соншалық әрбір тарау не бөлімді бітіргенінде үзіліс қоңырауы шалынатын. Бірде-бір сөзді артық айтпау, әрбір минутын тиімді пайдалану оның лекторлық стилінің ерекшелігі еді. Сондай-ақ оның әрбір күні, тіпті бүкіл өмірі қатаң кестеге бағынып, уақытты тиімді пайдалануға есептелген...» [12, 6-7 бб.].

М. Русаков та Қанышпен бірге профессор Усовтың дәрістеріне барып қатысып жүрген. Сонда екі сағаттық жалпы геология пәнінен кейін Қ. Сәтбаев, неге дәріс тез бітіп қалды, қоңырауды уақытынан ерте беретін болу керек деуші еді деп еске алады.

Біздің ойымызша, осы студент шағында Қ. Сатпавтың ғылыми-инженерлік дүниепайымы сібір геологтары мектебінің аясында қалыптасты. Олардың қатарында, М.А. Усов бастаған Сібір геолог-ғалымдарының әсері, студенттік ортасы, геолог-барлаушыны тәрбиелеуде қолданылған сол кездегі кеңестік идеология осылардың барлығы Қ. Сәтбаевтың кәсіби қалыптасу мектебі болғандығы ақиқат. Сонымен, Қ. Сәтбаев өзін геологтардың В.А. Обручев негізін қалаған және М.А. Усов сияқты ғалым тікелей өзінің ұстазы болған Сібір мектебінің, Томск мектебінің өкілі деп таныған. Бұл жөнінде профессор В.С. Коптев-Дворников өз естелігінде тарқатып жазады [13, 42 б.].

Қазіргі социогуманитаристика адам мәселесін, оның күнделікті өмірін, субъективті стратегияларын өзекті деп таниды. Сол себептен индустриалды қоғамдағы түрлі мамандық иелерінің, топтарының және ғылыми мектептердің бірегейлігінің қалыптасуына әлеуметтік және экономикалық саясаттың әсері болатынын анықтайды. Осыған орай, зерттеушілер кеңестік мамандардың, әсіресе кеңестік инженерлердің қалыптасуындағы үш модельді көрсетеді [14]. Қандай құндылықтарға негізделуіне қарай бұл модельдерді бір-бірінен ажыратады. Сонымен ол модельдер: дәстүрлі, кеңестік және альтернативті (баламалы) деп бөлінеді.

Ерте кеңестік кезеңдегі ғалымдар буынының кәсіби бірегейлігін сипаттағанда дәстүрлі және кеңестік құндылықтардың қатар тұратыны туралы айтамыз.

Бірегейлікті тек кәсіби жағынан ғана сипаттау жеткіліксіз. Кәсіби бірегейлік отансүйгіштікке, туған жерін қадірлеу сияқты қасиетті маңыздарға ие азаматтық бірегейлікке, өз елінің тағдырына деген жауапкершілікке ұласатыны анық. Қ. Сатпавтың туған кезінен бастап Томск кезеңін қоса қарастыра отырып дүниетанымының қалыптасуында өзін бір ұлттың өкілі деп тануынан бастап, кәсіби маман ретіндегі азаматтық бірегейлігінің қалыптасуындағы біз байқаған негізгі жағдайлар осылар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қойгелдиев М.Қ. *Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). зерттеулер.* – Алматы: Жалын баспасы, 2004. – 400 б.
2. Абжаппарова Б.Ж. *Қазақстан өндірістік-техникалық интеллигенциясы: тарихи-тарихнамалық талдау: Ғылыми басылым.* – Астана: 2012. – 287 б.
3. Сергеев С. В. *Становление системы партийно-государственного управления научным и кадровым потенциалом промышленности (1917–1941-е гг.): автореф. дис. канд. ист. наук.* – М., 2012. – С. 13
4. Цеховой Н.П. *Подготовка научных и научно-педагогических кадров в СССР (1920-е – 1991 гг.): региональный опыт.* – Томск: Издательский Дом Томского государственного университета, 2016. – 200 с.
5. *Қаныш аға: Естеліктер (Құраст. Ш.Қ. Сәтбаева, Г.О. Батырбеков, Н.Қ. Жармағамбетов)* – Алматы: Жазушы, 1989, - 400 б.
6. ҚР ОМА. 2057-қор, 4- тізбе, 714-іс
7. Академик К. И. Сатпаев: *Сборник документов и материалов / Сост.: Б. Т. Жанаев (отв.), Н. П. Кропивницкий, К. А. Сакенова, Ш. К. Саманова.* – Астана: ІС-Сервис, 2009. – 560 с.
8. ҚР ОМА. 2121-қор, 1-тізбе, 21-іс.
9. Хахлов В.А. *Қаныш Имантаевич – студент // Академик К.И. Сатпаев. Сборник посвященный памяти выдающегося советского ученого/ под ред. Ш.Ч. Чокина – Алма-Ата, 1965. – 262 с.*
10. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. *Студенческие годы Қаныша Сатпаева в Томске.* – Томск, 1999. – 136 с., ил. 65
11. Қ. Сатпаев. *Өнегелі өмір/ Под ред. Г.М. Мутанова.* – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 411 с.
12. Сатпаев К.И., Бок И.И. *Деятельность М.А. Усова и его прогрессивные идеи в геологической науке/ Вестник АН КазССР, 1951 г. №8, с. 6-10*
13. Коптев-Дворников В.С. *Слово о Сатпаеве // Академик К.И. Сатпаев. Сборник посвященный памяти выдающегося советского ученого/ под ред. Ш.Ч. Чокина – Алма-Ата, 1965. – 262 с.*
14. Исаев Д. П., Трапи Н. А. *Профессиональный облик советского инженера: от традиционных ценностей к альтернативным элементам идентичности // Власть, 2017. Том. 25. № 2. С.148-156.*

ӘӨЖ 574(65)29
ГРНТИ 03.01.09.

*Р.С.Чекетаева*¹

¹*т.ғ.к., С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан*

ӘЛ-МАШАНИ ФАРАБИ МҰРАЛАРЫН ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ТҰРҒЫСЫНАН ЗЕРТТЕУШІ

Аңдатпа

Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының құрамдас бөліктері – «Тәрбие және білім», «Рухани қазына» бағыттарында тарихи тұлғаларға ерекше мән беріп отыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

Тарихи тұлғалардан тәлім алу арқылы тәрбиеленуде дана ғалымдар әл-Фараби мен әл-Машанидың орны бөлек.

Мақалада әмбебап ғалым Ақжан Машановтың әл-Фараби есімін туған жеріне қайтарудағы еңбегі зерделенген. Мақсат – әл-Машанидің фарабитанудағы іс-тәжірибесін, дүниетанымын, өмірлік ұстанымын тұтас бірлікте мүмкіндігінше жүйелі, объективті, сыншыл тұрғыдан саралау.

Түйін сөздер: ғалым, медресе, ұстаз, философия, «Абада».

*Р.С.Чекетаева*¹

¹*к.и.н., Восточно-Казахстанский государственный университет
им. С.Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан*

АЛЬ-МАШАНИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬ НАСЛЕДИЯ ФАРАБИ С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ

Аннотация

Особое внимание уделяется историческим личностям в направлениях «Воспитание и образование», «Рухани қазына» – составной части программы модернизации общественного сознания Н.Назарбаева «Рухани жаңғыру». Меняется и спрос общества, и интересы личности. В воспитании и обучении через исторические личности особое место дается аль-Фараби и А.Машанову.

В статье рассматривается заслуга ученого Акжана Машанова в возвращении имени аль-Фараби на родину.

Ключевые слова: ученый, медресе, учитель, философия, «Абада».

*Cheketaeva R.S*¹

¹*candidate of history, S.Amanzholov East Kazakhstan state university,
c. Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

AL-MASHANI RESEARCHER OF FARABI'S HERITAGE FROM THE POINT OF VIEW OF THE NATIONAL IDEA

Abstract

Special attention is given to historical figures in the areas of "education", "Rouhani Kazyna" – an integral part of the program of modernization of public consciousness N.Nazarbayev "Rouhani gear". Both the demand of society and the interests of the individual are changing. A special place is given to al-Farabi and A. Mashanov in education and training through historical figures.

The article considers the merit of the scientist Akzhan Mashanov in the return of the name of al-Farabi to his homeland.

Key words: scientist, madrasah, teacher, philosophy, "ABADA".

Әл-Фарабиді барлығын талдап, жинақтап, бағалап, өзегін болашақ ұрпаққа дөп жеткізген ғалым Ақжан Машанов болды. Ғалым Фарабитанудың өрбу логикасында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді көре біліп, фактілер мен салдар арасындағы айырмашылықты ажыратып, кешегі білім мен бүгінгісіне сүйене отырып, ойды жинақтап түйін түйді. Материалдың қажеттілігін айқындай білу, жасалған қорытындының жарамдылығын бағалай білу арқылы – зерттелген материалдың құндылығын бағалады. Даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеді.

Американдық ғалымдар Дж Кэрролл мен Б.Блумның білімді толық меңгерту технологиясы/Блум таксономиясы, яғни бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы шығармашылық деңгейге жетті. Атап айтқанда Фарабитануда ол ең төменгі деңгей ретінде фактілерді қарапайым қабылдау мен танудан бастап анағұрлым күрделі және абстрактілі психикалық деңгейлерге қарай жылжып отырып, ең күрделісі бағалау деңгейіне көтерілді. Қаншама ғалымдар әл-Фарабиді зерттегенімен, әл-Машани солардың ішіндегі бірегейі, саясат пен идеологияға бағынышты болмаған, саналы ғұмырын әл-Фараби мұрасын зерттеуге арнаған, осындай қасиетті мақсат үшін өзінің білім-білігін, өмір тәжірибесін, пайым-парасатын арнады. Халқымыздың «Елдің атын ер шығарады, ердің атын Ел шығарады» деген аталы сөзі осыған байланысты айтылғандай.

Ұлы баба мұрасын зерттеуге әл-Машани 1943 жылдан кірісті. Алдымен оның қазақ топырағында кіндік қаны тамғандығын дәлелдеу керек болды. 1961 жылы //Вестник Академии наук Казахской ССР, №5 санында «Ал-Фараби еңбектері туралы» мақаласында ғалымның еңбектері жүзден астам деп көрсеткен. Кейіннен әл-Фарабидің математика, астрономия, химия, география, геология, философия, медицина, музыка тәрізді ғылым мен өнер салаларына арнаған еңбектері 150-ден асады деп қорытындылады. Бірақ КСРО-дан оның бірде-бір еңбегін таба алмады, әл-Фараби есімі Еуропа т.б. дүние жүзінің дамыған елдерінің ғалымдар қауымына таныс болғанмен туған елінде бірде-бір еңбегі сақталмаған.

А.Машани әл-Фарабидің қазақ даласынан шыққан перзенті екендігін зерттеу еңбектерімен дәлелдеді. Бұл - «көшпенділердің өркениетке қолы Кеңес дәуірінде ғана жетті» делінетін коммунистік идеологияның көбесін сөккен соққының алғашқысы болатын деп **Ш.А.Абдраман лайықты бағасын берді** [1].

Әл-Фарабидің библиографиясының төрт түрін тапты, екеуі неміс тілінде, біреуі ағылшын тілінде, біреуі түрік тілінде. Соларды пайдалана отырып, бірнеше шет ел кітапханаларынан әл-Фараби еңбектерінің көшірмесін алдырды. Сонымен екі жыл ішінде оның қолына әл-Фарабидің оншақты шығармасын және оның еңбегін зерттеген адамдардың материалдары түсті. Енді соларды аудару қажет болды және онан әрі қарай іздену керек. Ол үшін академия тарапынан көмек керек, осы жөнінде ҒА президенті Қаныш Имантайұлының атына анықтама-өтініш жазды. Оған 1960 жылғы 15 қарашада Ақжан Машани және академия кітапханасының директоры Нұрхан Ахметова екеуі қол қойды.

Қаныш Имантайұлы өтінішке «Орындалсын» деп қол қояды. Академияға алғаш рет әл-Фараби есімі соғыс кезінде бір аталса, енді оның мирасы зерттелсін деген пікір айтылды. Осы жөнінде академияның «Хабаршы» журналында 1961 жылы мақала жарияланды. Айтылғанымен, оны орындау оңайға түскен жоқ, себебі: Қаныш Имантайұлының қайтыс болуы еді. Ауыр қазадан академия көпке дейін бас көтере алмай қалды. Екінші қиындық, араб тілін білетін адамдардың жоқтығы көп кедергі жасады.

Машани өзінің бір естеліктерінде: «Алматыда имам қазы болып істейтін қажы Садуақас Ғылманұлы марқұм сауатты, білгір адам еді, ақындығы да бар. Ол кісі арабша-қазақша үлкен сөздік жасап, қазақ ғылым академиясына тапсырған. Мен сол кісімен бірге академия президенті Шахмардан Есенұлына кірдім. Қасымызда қажының шәкірті Махмуд Геккеев деген жігіт бар. Сол қабылдауда менің есімде қалған сөздердің мазмұны мынадай. Есіктен кірген бетте академик Шахмардан орнынан ұшып тұра келіп, сәлем беріп, қол алып амандасып, қартқа құрмет көрсетіп, кішілік етті. Қажы сол ықыласына разы болып:

- Бұл күндегі көпшілік қауым сайтаннан қорықпайды, сәлдеден қашады. Сіз менің сәлдемнен шошынбағаныңызға рахмет, - деді. Ол не дегеніңіз? Неге қашамыз. Мәселе сәлдеде емес, адамда, ғалымда, шындықта емес пе. «Құранды молда теріс оқыр, Дағарадай болып сәлдесі», - деді ғой Абай.

- Ол рас. Исламның ғылыми шындығын алмай, бұрмалап, малға сатушылар көп болған. «Дүмше молда дін бұзар» содан шыққан...

Қажы мен академиктің осындай ғылыми, поэтикалық астары бар, әңгімесін біз қызыға тыңдап, желпініп, күлісіп қалдық. Сонан кейін қажы өзінің көп томды қол жазбаларын көрсетіп, жиырма жыл бойындағы еңбегі екенін, оны халыққа арнағанын айтты. Және бұл еңбегіне ешбір ақы керек етпейтінін мәлімдеді.

- Егер бұған қалам ақы тиісті болса, оны жетімдердің пайдасына берерсіз, - деді. Ол өзі зор еңбек болатын: үлкен журналдық формат қағазға жазылған қолжазба 5 том болса керек. Соның бәрін президент қабылдап алып, тіл институтына тапсыратын айтты. Сол әңгіменің арасында арабшадан қазақша аударуға қажының көмегін сұрадық. Ол кісі ризалық етті» [2].

Осыдан кейін Садуақас қажы арқылы тағы да бірталай арабша білетін адамдарды тауып алды. Садуақас қажымен бірге ақылдаса отырып, арабшадан қазақшаға мақала аударатын болды. Сонымен бірге әл-Фараби мирасын зерттеуге есік ашылды деуге болады. Оларға тағы арабша, жақсы білетін үш

қарт қосылды: Ғаббас Елеусізов, Рахым Сәрсенов, Қажыбай Манбаев. Оларға әл-Фарабидің қолға түскен шағын еңбектерін аудартты.

Сол мақалалар ішінен әл-Фарабидің: «Философияны үйрену үшін оның алдында не білу керек» деген мақаласын 1962 жылы «Білім және еңбек» журналының бірінші санына жариялады. Мұның өзі әл-Фараби еңбегінің өзінің туған елінде - Қазақстанда қазақ тілінде ең алғаш рет жарық көруі еді. Мақалаға бет ашар түсіндірмені журналдың бас редакторы Қамал Смайылов жазды.

Осы жолға бел байлаған оны Ахат Шәкәрімұлының сөзімен айтқанда: «Әл-Фараби діншіл дегендермен таласып, оның ғалымдығы күшті деп қазақтың әл-Фарабиін тірілттің» деуге болады. Жоғарыдағы айтылған дос қарттары оған енді Ташкент, Уфа, Қазан сияқты ертедегі ірі медреселері болған орындарды аралауды ұсынды. Сол медреселерде арабша кітаптар көп, солардың арасында әл-Фараби еңбектері де болуы мүмкін деген пікірлер айтты. Сол бойынша Ташкентке барды.

Сол жолы Ақжан Машанов Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының бас мүфтиі Бабаханның ақылымен Уфа, Қазанға барады. Бұл сапары жөнінде ол Уфадағы: революциядан бұрын ашылған үлкен медресе Ғалияда қазақтың да көптеген зиялылары оқыған, «1920-30 жылдары солардан біздер де оқығанбыз», - деп өзіне хат танытқан ауыл молдалары сөздерін еске алып сол жақтың кітапханаларын да шарлады. Келесі сапары Уфа болды. Уфада сақталып қалған екі кітапхананы қарап шыққан ол әл-Фарабидің үш кітабын табады.

Оның біреуі неміс мамандарының аудармасы, өзінің қолында болған. Ал басқа екі дана кітап араб тілінде 1907 жылы Каирде шыққан жинақ. Онда әл-Фарабидің он екі түрлі еңбегі басылған. Оның өмірбаяны да айтылған. Соның ішінде Аристотель, Платон пікірлерінің негізі бір екенін дәлелдеген әл-Фарабидің еңбегін басып шығарған. Онан кейін «Қайырлы қала тұрғындарының көз қарасы» атты тамаша еңбегі де басылыпты. Башири қариядан осы екі кітаптың бірін қалап сұрайды. Ол оған әл-Фараби жөнінде:

- Біздің Қазанда және басқа жерлерде татарша медреселерде әл-Фараби жөнінде ерекше дәрістер (лекциялар) оқылатын. Біз оның мантық (логика) ілімін және музыкасымен таныспыз. Ол сізге жаңалық болғанмен бізге мәшһүр-мағлұм ғалым, - деді. Бірақ біз оны араб ғалымы деуші едік. Сіз оны Қазақстандық деп отырсыз. Бізге жаңалық бұл! Ал, Машаниға татар медреселерінде әл-Фарабидің мантик-логика ілімі және музыка жайында дәріс оқығандырын білу күтпеген жаңалық болады.

Ғалияны тамамдаған Мағжанның 1920 жылғы «Түркістан» поэмасындағы: «Түріктің кім білмейді музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын» деген жолдар есіне түседі:

Түріктің кім кемітер музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын.
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып кім тимаған көздің жасын?!

Қазан, Уфа оқуын бітірген молдалар Семей мен Қарқаралыдағы Құнанбай мешіттерінде балалар оқытты. Онда Абай да, Шәкәрім де оқыған. Сол жолы Қазан-Уфа сапарында ол Абай әл-Фараби есімін ғана естіп қоймай, еңбегімен танысқан деген ой толғап қайтқан. Кейін оған Шәкәрім қажының үлкен ұлы Ахат ақсақалдың «әл-Фарабиды оқыған, тәлім алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай жүрсің бұл қалай?» [3] деген базыналық сауалына да тап болады. Бұл 1978 жылы 8 маусым күні Алматыда өткен мәдени мұраларды қорғау жиналысында қапталдас отырған Ахат ақсақалдың дәптердің бетінен жыртып алынған қиынды қағазға араб әрпімен жазған хаты еді. Оны Ақжан аға қастерлеп қойын дәптерінің арасында сақтаған.

Қазан қаласында әл-Фараби еңбектерінің аздаған нұсқалары екі кітапханадан кездесті. Оның бірі Ибрагимов атындағы академия институтында, екіншісі университет кітапханасында. Солармен қатар Қазанда атақты ғалым Шахабуддин Маржанидің мешіт-медресесі бар. Онын кітапханасында Маржанидің өз еңбектері бар. Маржани еңбегінде Шокан Уәлихановпен таныс екенін жазды, әл-Фараби еңбектерін зерттеген, оған басқалардың қойған кінәсін бекерге шығарған, қорғаған. Осы мәселені көргенде ол жоғарыда Уфадағы Қамал Баширидің: «Қазан медреселерінде әл-Фараби туралы дәріс оқылған» дегенін еске алды. Осы Маржанидің шәкіртінен Семейде Абай оқыса керек. Сонымен айналып келгенде Ахаттың: «Абай мен Шәкәрім әл-Фарабиді оқыған, сонан тағлым алған» дегені түсінікті болды. Тағы бір тамашасы сол Маржани медресесінде бір кісі кездесті. Ол көп жылдар бойы Қазақстанда мұғалім болып істеген екен. Сол кездерде Маржани медресесі Қазақстанда әйгілі болғанын айтты. Осы сияқты үздіксіз іздену арқасында әл-Фарабидің бірсыпыра еңбектері қолға түсті және ол туралы жазған ғалымдардың еңбектері де жиналады.

Дегенмен әл-Фарабидің аса ірі аты шулы музыка, астрономия, математика, оптика саласындағы күрделі еңбектері бұрынғы Кеңес Одағының шеңберінде жоқ болып шықты. Оларды енді шет елдерден қарастыру қажет болды. Шет елден кітап алдырудың бірнеше жолы бар. Олар соның бәрін де пайдаланды.

Кітап алдыру үшін шет елдерге барғандарға тапсырма берсе, көбіне әл-Фараби еңбегі бар деген елдерге өзі саяхат жасады.

Академик, дәрігер Сайын Балмұханов Түркиядан біраз еңбектер алып келді. Сонын, ішінде әсіресе фарабитанушыларға зор көмек бергені профессор Ахмад Аташтың «Әл-Фараби кітаптарының тізімі» (Стамбул, 1950). Бұл тізімде әл-Фараби еңбегінің ең көп саны бар еді (1960 кітап). Сол кітаптардың қай елде, қай жерде, қандай түрде, қандай нөмірмен тіркелгені бәрі көрсетілген. Осы библиографиялық тізім әл-Фараби еңбегін іздеп табуда зор қызмет атқарды. Сол тізім ішінде, бұрын белгісіз болып келген еңбектер де бар болып шықты. Әл-Фарабидің кейінде шыққан құнды еңбегін шет елдерден сатып әкеліп берушілер де кездесті. Мысалы, соның бірі академик Шахмардан Есенов. Ол Канадаға барған бір сапарында әл-Фарабидің Бейрутта араб тілінде шыққан кітабын әкеліп береді.

Ендігі әл-Машанидің алдында тұрған бір мақсат әл-Фараби мирасын зерттеу мәселесін бұрынғы Кеңес Одағы көлемінде Қазақстанның үлесін алу. Ол үшін Москвадағы Одақтық Шығыстану институтының шешімі керек еді. Осы мәселе жөнінде ол Институт директоры академик Бабажан Гафуровқа жолығады. Б.Гафуров фарабитанушыны жақсы қарсы алып, көмектесуге уәде береді.

Осыдан кейін 1963 жылы Москвадан шығатын «Юный техник» журналының сегізінші санына «Аристотель Востока» деген әл-Фарабиға арнаған мақала жариялайды. Кейіннен қазақша-орысша екі тілде: «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» деген жинақта, әл-Фараби туралы көлемді мақала жарияланды (1964-1965 жылдары, Алматы).

Келесі мақсаты әл-Фарабиді халықаралық ғылыми-тарихи конференцияларда көрсету қажеттігі туды. Осы мақсатқа сәйкес 1966 жылы Мәскеуде математиктердің халықаралық конференциясы өтті. А.Ж.Машанов пен А.К.Көбесов шұғыл дайындалып, сол конференцияда: «Әл-Фараби және математика» деген тақырыпқа баяндама жасады. «Алдымен маған қосылған Ауданбек Кубесов», - деп үнемі барған жерінде айтып жүретін [4, 10 п.]. Аталмыш баяндаманы негізі қолда бар математикалық еңбектер бойынша емес, көбіне жорамал (гипотеза) түрінде жазды. Яғни, әл-Фараби дүние жүзіне әйгілі философ екені мәлім. Ал ол кісінің өзінің негізгі қағидасы және сол кездегі жалпы ереже бойынша философ деген атақ барлық ғылымдар негізін білген және соған үлес қосқан адам, соған сүйеніп философ болмақ. Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған, қазақша ең алғаш рет жарияланған мақаласында философ болу үшін басқасынан бұрын тәрбиелік ғылымның төрт тарауын бірдей жақсы білу керек. Ол төрт ғылым мынау: астрономия, арифметика, геометрия, музыка.

Әл-Фарабидің еңбектері жайлы көтерген екінші конференция Тәжікстанда Душанбе қаласында 1967 жылы болды. Онда Абу Али Ибн Синаға (Авиценнаға) арналған конференцияда фарабитанушы ғалым әл-Машани «Әл-Фараби және Авиценна» деген баяндама жасады. Бұл екеуін бірінен бірін айыруға болмайтынын түсіндірді, бұл күнде араб ғалымдары «Екі Фараби» («Фарабиан») деп жүргізеді, оның біреуі әл-Фарабидің өзі, екіншісі Авиценна дегенді баяндады. Бұл конференцияның мағынасы зор болды, өйткені Ибн Сина бүкіл шығыстану ғалымдарына әйгілі. Сол арқылы әл-Фарабиді тану болды. Енді әлемнің шындығын ғылымнан іздеген әл-Фараби ізімен шет елге саяхатқа шықты. Шығыс пен Батысқа ұстаздық еткен данасының есімін күллі дүниеге қазақ жерінен шыққан деп паш ету үшін үздіксіз, аянбай, қайсарлықпен, жанталаса ізденді.

Әл-Фараби өзінің өмірінің ең ақырғы күндерін Сирияда өткізгені белгілі. Ұлы ұстаз Сирияның астанасы Дамаскіде жерленген. Кезінде ұлы ғұламаны Сирия әмірі Сайф-ад-Даула өз қолымен Баб-ас-Сағир зиратына қойғаны мәлім. Сол зиратты тауып, әл-Фараби қабірін көріп қайтсам бір жолға сол да аз емес деген ойға келеді. Бірақ туристік сапарда шет елде белгісіз қабыр іздеуге мүмкіндік бола ма? Әсіресе осыдан 1100 жыл бұрын өткен адамның зиратын?

Сириядағы Кеңестік елші Н.А. Мұхитдинов еді. Сол кісінің атына хат жаздырып алады. Онын қысқаша мазмұны мынадай: «Құрметті, Нуритдин Акрамович, сентябрьдің 19 күні (1968ж.)»

Сирия, Араб республикасына туристермен бірге Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.Ж. Машанов бара жатыр. Ол кісінің негізгі мақсаты - ұлы ғалым әл-Фарабидің есімімен байланысты жерлерде болу, ол кісінің жақындап келе жатқан 1100 жылдық мерекесіне материал жинау. Мүмкіндігіне қарай осы кісіге жәрдем көрсетуді сұраймыз». СССР Ғылым академиясының шет елдік бөлім бастығы С.Г.Корпеев [5].

Бұл жолда жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан әл-Фараби еңбектерін жинап, 1968 жылы оның Дамаск қаласынан бейітін тапқан, **біруыс топырағын әкеп, Отырар топырағына қосты. Сол жолы ол әл-Фарабидің қабіріне Сирия үкіметі тарапынан құлпытас орнатуға жағдай жасады.** А. Машанидің «Дамаск күнделігінде» 1968 жылдың 19-24 қыркүйегінде Сирияда, 25-30 қыркүйекте Ливанда болған жол сапары жайлы тамаша деректер бар:

Қыркүйектің ортасында Алматыда бабасын Сириядан іздеу үшін жолға дайындалады. 17-сі Мәскеуге ұшып келіп, қажетті жұмыстарды аяқтайды. Келесі күні КСРО Ғылым Академиясының Азия халықтары институтының директоры Б.Г. Гафуровпен әңгімелеседі. Ол оның бара жатқан сапары дұрыс деп шешіп және өзінің елшіліктегі адамына сәлем жолдады. Сонымен айтылған күні Москвадан Сирияға ұшып барады. 1968 жылдың 19 қыркүйегінде Сирия астанасы Дамаскіге келеді [5, 5 п.].

Қыркүйектің 22-де Пальмирадағы молаларды шарлайды. Сирияның географиялық орталығы Пальмира қаласы деуге болады. Дамаскіден оған тура жол жоқ, бұрыс екен. Г.Ирисов оны машинасына мінгізіп Дамаскіні аралатты. Ертеңінде туристер күні бойы «Шаһризада» базарын араласа, әл-Машани елшіге телефон соғуға әрекеттенді. Танертеңінде турист достары тегіс базарға кетті. Тек жақын жердегі кітап дүкеніне барып, арбша екі кітап алады. Машина күн батуда жақындап қалғанда келеді. Машинаның жүргізушісі малатиялық күрд Салахиддин Ибн Ибраһим, түрік тілінде, іздеген зиратты да біледі екен.

Яғни, 23-ші қыркүйекте Дамаск, Баб ас-Сағир (Бабасағыр) [5, 6 п.] молаларынан кешкі 17.30-да әл-Фараби зиратын табады. Қазір кейбір ғалымдар мен сол сәтте әл-Фарабидің моласының қасында әл-Машанимен болдым дейді, ал ғалымның күнделігінде қасынан табылғандардың аты-жөні нақты жазылған. Қасында жүргізуші - ұлты күрт, түрік тілін жақсы білетін, Малатия тумасы Салахаддин ибн Ибраһим Малатили; «Дружба» өкілі Корабов Борис Васильевич және елшілік қызметкері Дработя Михаил Андреевич табылды.

Қаланың солтүстік-шығыс жақ бетіндегі бір биік қақпаның алдына келіп, іздеген Баб ас-Сағир – кіші қақпаға тоқтайды. Алдында кішірек әдемі мешіт, оның бір жағында мрамор тастан жасалған жуынатын орындар. Мешіт ішінде кітапхана сияқты қаланған папкалар, кітаптар т.б. Күзетшісі оларға әл-Фараби қабырын көрсетті. Айналасы сәл ашықтау жерде жатқан жұпыны сұпы, сыртын цементпен сылаған. Басқа ешнәрсе жоқ.

Баб ас-Сағир зираты белгілі адамдарға арналған династиялық жай көрінеді. Онда тек патшалар, пайғамбар нәсілдері, халифа нәсілдері, әмірлер немесе солардың ұстазы болған үлкен ғұламалар ғана қойылады. Сирия әмірі Сайф ад-Даула әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан. Сол себепті ол кісі оны өз қолымен осы жерге қойдырған. Олай болмаған күнде мың жылдан бұрынғы жалпы зираттар жермен-жексен болып кеткен, онан табу мүмкін де емес. Баб ас-Сағир бір кезде қаланың шетінде қоршау қақпада болған. Кейін қала өскен соң ол ортада қалып қойыпты. Сонан кейін оның айналасын темір шарбақпен қоршап бұрынғы қалпында сақтаған.

Ұлы бабамыз Әл-Фарабидің мәңгі мекені – Баб ас-Сағир зираты басындағы көңіл-күйін, ішкі сезімін өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты кітабында, күнделіктерінде де жазып кетті.

Мола басына барарда А. Машани қасындағы Қазақстандықтар зират басына бармай өз жұмыстарын бітіруге басқа жаққа кетіп қалады, өзінің ренішін қалжындаған болып «Вы нетоварищи, а тов...ши», - деген екен. Мола басындағы көңіл-күйін төмендегі өлең шумағы арқылы білдірген:

Түркістан-Шам арасын,
Жақындатқан бабамыз.
Басына келді ұрпағын,
Ақылы дария данамыз.
Араб, парсы, түріктен,
Сізді білмес жан барма.
Ғайрилар тағы біледі,
Тарихқа көзін салғанда.
Зиярат ойлап (қыла) басына
Елден іздеп келген ем.
Табарак етіп бір уыс алдым мен сеннен топырақ,
Мағауия (Омейя) мешіті
Сан ғасыр бастан кешірген.
Басында әлі тұр екен,
Салам (Дарас) сол мекен.
Торқалы мекен тоғысқан,
Токсан тарау жол екен.

Сізге де мекен болыпты,

Ел басын қосқан сол мекен [5, 7 п.].

«Orient Palace Hotel» мейрамханасында Дадүш мырзамен кездесудегі сөзінде екі елдің байланысы тереңде жатқанына тоқталып, тарихты бір шолып, «Ұлы адамның ұлы күні 1100 жылдығы жақындап келеді, атаулы күнді бірге өткізуіміз керек. Мындаған жылдар бойы жалғасқан достықты атайық ...» [5, 7 п.], - деп өз ұсынысын білдірген.

Ақжан Машановтың Дамаск күнделігіне қарап, оның өз мамандығынан басқа тарихты да өте жақсы біліп, әмбебап болғаны көрінеді.

1970 жылы 8 маусымда ҚазКСР ҒА Философия және заң институты директоры Т.Ж. Жангельдинге жазған хатында әл-Фарабидің «Құтаб мақалат аль-рафигати фи асул ғилмиаль-табиғат» (Жаратылыстану ғылымы негіздері кітабы) екі шаршы табақтай (қосымшамен) бірге аударуды қажет етеді. Материал берілу жағынан «Жаратылыстану философиясы» немесе «Натурфилософия», құран мен пайғамбар өсиеттеріне сілтеме көп. Қарапайым аудармашыларға мәтін ауыр, сондықтан араб тілін, ғарпін жақсы білетін зейнеткерліктегі екі мұғалім аударма жасады. Біреуі еркін, екіншісі тура аударма, мен оны түзетіп, қазіргі алфавитпен дайындадым. Олардың еңбегі жоғарғы санатты аудармашы ретінде төленуі керек, Алматы қаласының тұрғындары Илюсизов Габбас (38 бет, 180 сом), Сарсенбай Рахим (34 бет, 160 сом). [6]. Әл-Машани жанталаса әл-Фарабидің еңбектерін аударып, жинақтай бастайды.

ҚазКСР басшысы Д.А. Қонаевпен ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Б.А. Ашимовқа [7] 12 шілде 1979 жылы фарабитанудың ауыр жағдайын айтып құлаққағысхат жазған. Онда: әл-Фараби ғылым, мәдениет, өнерде мол мұра қалдырған. 1100 жылдығына арнап өткізілген халықаралық ғылыми практикалық конференция оның мұраларын зерттеудің басы ғана еді. Әл-Фараби Шығыстың ерте орта ғасыр ғылымының – шыңы (Шығыстың Аристотелі). Ол Шығыстың «Абада» (*Адабу*) институтының алғашқы өкілі. IX-XII ғасырда ғылым мен өнердің көп түрін жинақтаған: философия, математика, астрономия, музыка, архитектура, химия, медицина, геология, жағрафия, тарих, поэзия т.б. Адабу арқасында ислам әлеміне көптеген ғалымдар сыйлады. Солардың ішінде Фараби зерттеуді қажет ететін мол мұра қалдырды. Аталмыш конференция өткеннен кейін ҚазКСР ҒА кейбір қызметкерлерінің осы мәселеге қатысты көзқарасы өзгеріп, суып кеткені байқалатынына тоқталған.

Фарабитанушылар қазір әр жерде жұмыс істеп жүр, жинақталған материалдар шашырап, әркімнің қолында кетті. Соған қарамастан өз күшімен оның мұраларын зерттеудемін. Қазір әл-Фарабидің музыкалық мұралары жинақталды дей келе, жеті жұмысты көрсетеді (1. «Китапб аль-музики аль-Кабир» түпнұсқаның фотокөшірмесі (224 бет, Лейденнен); 2. «Большая книга музыки» (Каир баспасы, 1968 ж., 1200 бет); 3. Латын тіліндегі әл-Фарабидің қысқа музыкалық трактаты, ағылшын тіліне аударылған; 4. Араб тіліндегі музыкалық терминология; 5. Араб-ағылшын музыкалық терминдер (Бағдат басылымы, 1964 ж); 6. «Книга большая музыки», араб тілінен француз тіліне аударылған, бірақ 1968 жылы жоғалды; 7. Араб тілінен орыс тіліне аударылған музыкалық шығармалары).

Ратбек Нысанбаевты (Қазақстан мұсылман мешітінің бас имамы) шақырып, аударма жасатқан. Әлемді мойындату үшін жасалған 20 жылдық еңбек зая кетеме деп қорқамын. Іс осылай жалғаса берсе Орта Азия республикалары немесе араб елдері біздің алдымызды алады. Фарабитанушылар тобын қайта жинақтап, жұмысты жүргізу үшін арнайы мамандар бөлу, қаражат жағын қарастыру қажеттігін дәлелдеп, бұрынғыдай сіздің көмегіңізге сенемін деп хат жазады. Осы істің басынан бастап оған қолдау болған өзі Димаш атайтын Қонаев әл-Машаниге тағы шарапатын тигізеді.

1986 жылы желтоқсан оқиғасынан кейін Д. Қонаев биліктен кеткеннен соң үкімет басындағылар оны қолдауды қойды. 06.08.1987 ж. Әл-Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеуге тырысқан қызметкерлердің ауыр жағдайда жұмыс істейтіні, көбісі араб тілін білмегендіктен түпнұсқасын оқи алмайтындығына тоқталады. Сонымен қатар еуропалықтардың аударғаны бұрмаланып бізге дұрыс жетпейді. Фарабитанудың негізін қалаушы ретінде мен бұл маңызды жұмыстан алыстатылдым. Геомеханикада осындай жағдайда, ешқандай жерде ғылыми жетекші не кеңесші емеспін. Геомеханика бойынша арнайы зертхана болса отандық ғылымда талай жетістікке жетуші едік деп өз пікірін жасқанбай билік басындағыларға жеткізді.

Енді әл-Фарабиге қатысты деректерге тоқталсақ, 1976 жылы желтоқсан айында «Бәрін білгім келеді» тақырыбында теледидарда балалармен кездесуде: «Ол адам дүние жүзіне әйгілі. Бізде оның аты бар да, заты жоқ», - дейді. Әл-Фарабиден шарафат. Ұлы ұстаздың дүние жимағандығына, әлемнің шындығын іздеген адам болғандығын атап айтқан. Сайф-ад-Дауладан сыйлық алмағандығына ерекше мән бере тоқталған, қазіргі ғалымдарға сабақ боларлық. «Ол бір ұшан теңіз қазына ғой. Әл-Фараби сынды дүние жүзіне аты әйгілі дананың өзінің туған еліне оралуы ... ол ерекше оқиға. Мысалы, ол кесек асыл тас.

Кристал, гауһар еді дейік. Дүние жүзіне ұстаз аталса, сол кездегі жағдай қандай болған? Оның елінің тарихы, қаласы, тілі, тұрмысы, халқының жағдайы», - деп қойын дәптеріне ой тастаған [4, 5 п].

«... әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлдеп жазып, картаға түсірген атақты ғалым-географ ибн Хаукал. Ол өзінің «Китабу Масалик уа мамалик» аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын берген, қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды жазғанда, картаға түсіргенде әдейі арнайы, тоқтап: «Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ әл-Фарабидің туған жері», – деп жазған [8].

Данышпанның жазып қалдырған еңбектерін Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Әбу Райхан Бируни, Әбу әл-Уаха, ибн Бадж, ибн Туфайл, ибн Рушд, Омар Хаям сияқты Шығыс ғұламаларымен қатар Роджер, Бекон, Леонардо да Винчи және т.б. Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған. Мысалы Әбу Әли ибн Сина былай деп жазған екен: «Үйге келген бойда оны оқуға кірістім. «Метафизика» ойымда жатталып қалғандықтан, сол сәтте-ақ кітаптің мазмұнын түсініп алдым. Бұған қатты қуанып кеттім. Мұндай кітаптің табылғанына шүкіршілік жасап, ертеңіне-ақ кедейлерге біраз садақа бердім», - дейді ибн Сина. Ал, Захируддин әл-Байхаки «.. ол кісінің «Екінші ұстаз» деген лақап аты бар екен», - дей келіп, ғұламаның трактаттарынан, үлкен құрметпен, мынандай үзінділер келтірген: «Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет. Білімді өзіне кәсіп, өнер етіп алмауы керек. Әрі оны мал-дүние табу құралы етіп жібермеуі тиіс...». «Ағаштың өсіп-жетілгенін бұтақтағы жемісіне қарап бағалайды». «Сондай-ақ адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты». «Кімде-кім өзін, демек өз дәрежесін көтермек болса, ондай адамның өсу жолына тосқауыл қойылады», - деген екен әл-Фараби бабамыз.

Әл-Фараби еңбектерінің барлығын тек араб тілінде жазған. Себебі араб халифаты бұл кезде Азия, Африка, Еуропаның өте көп жерін алып жатқан. Араб тілі көп қолданылатын тіл болатын, қазіргі кездегі ағылшын тілі мәртебесі сияқты халықаралық деңгейде қолданылды десек артық айтпаймыз. Әл-Машанидің көзқарасы бойынша Ислам дінінің негізгі тірегі болған, Аллаһ тарапынан жіберілген Калем Шариф, яғни Құран араб тілінде. Жалпы алғанда қандай болса да тіл білу деген нәрсе жалпы мәдениеттің белгісі. Соның ішінде арабша тіл білу біздерге зор қажет нәрсе [9] –деген әл-Машани.

Кеңестік философияда: Фараби діни көзқарастарға ашық қарсы шықпағанымен, ол ғылымды білімді діннен әлде қайда жоғары қояды, оның ілімі негізінен діни идеологияның ірге тасын шайқалтуға бағытталған деген өздеріне тиімді негіздерді жасап алды. Олар Фарабидің пікірінше, дін елдің ішіндегі ізгілікті тәртіпті орнатушы күш бола алмайды. Өйткені оның негізгі бөліктері философиядан алынған. Философия ізгілікті діннің мазмұны дәлелдеп береді. Олай болса, елді басқару ісімен айналысу діннің ішіне кіретін мәселе болғандықтан, әлі философияға бағынады деп дәлелдеді. Әл-Машанидің айтуынша әсіресе оның ислами шындыққа сүйенген ең керекті ілімдерін жариялауға жол берілмеді, керісінше оған жалған жала жауып исламға қарсы етіп көрсетпекші болды. Тәуелсіздік алғанға дейін әл-Фараби туралы, оның тамаша ілімі, жазып кеткен ғалымның туралы шындыққа жол ашылмады. Әл-Фарабиді зерттеуші, оның әлемде шашылып жатқан еңбектерін жинақтаушы Ақжан әл-Машани қайтыс болғалы фарабитану қайтадан тұралап қалды. Қазіргі көптеген зерттеушілер әл-Машани қалтырған деректер негізінде қарайды, басқа мемлекеттерден оның еңбектерін іздестіру ақсап жатыр. Ақжан әл-Машанидің өзі жайлы жазылған мақалалар, естеліктер, еңбектерде де әлі қарайтын қыры, ашылмаған сыры көп.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Шашиден А. Машанинама. Алматы, 2008. – 241 б.*
2. *А.Машановтың өмірбаяндық құжаттары. ҚРОММ, 2285-қор., 1-т., 115- іс, 12-п.*
3. *А.Шәкәрімұлының А.Машановқа жазған хаты. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 195- іс., 2-п.*
4. *«Бәрін білгім келеді» атты телехабарда сөйлеген сөзінің жоспары. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 87- іс, 12-п.*
5. *А.Машановтың түрлі оқиғаларды жазған маңызды дәптерлері. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 77- іс., 11-п.*
6. *Т.Жангелдинге әл-Фараби еңбектерін аударуға қалам ақы төлеу туралы. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 162- іс., 2-п.*
7. *Д.А. Қонаев, Б.А. Ашимовқа әл-Фараби еңбектерін зерттеуге ақша бөлу туралы хат. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 164- іс., 3-п.*
8. *Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы, 1994.*
9. *Араб тілі. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 29- іс., 51-п.*

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

УДК574 (33)
ГРНТИ 03.20.01

*Тулекова А.М.*¹

¹ докторант 2 курса специальности «6D020300 -История» Института истории и права
КазНПУ имени Абая

**НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ЮРИДИЧЕСКОЙ; ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ПУБЛИЧНОЙ
РЕАБИЛИТАЦИИ ДЕЯТЕЛЕЙ ПАРТИИ «АЛАШ»**

Аннотация

В статье дана характеристика партии «Алаш», боровшейся за восстановление казахской государственности, персональная характеристика некоторых деятелей Алашского движения, их политической, государственной, общественной, научной деятельности, рассматривается ход политических репрессий против лидеров и членов алашординского движения в период сталинского тоталитарного режима. Основной акцент в статье сделан на рассмотрении основных этапов, динамики юридической, политической и публичной реабилитации политической элиты Казахстана – деятелей партии «Алаш», боровшейся за восстановление казахской национальной государственности, анализируются особенности этого процесса в годы «хрущевской оттепели», периода застоя (1964-1984 гг.), в годы перестройки и демократизации (1985-1991 гг.) и в период существования независимой Республики Казахстан, подводятся итоги и последствия этого процесса.

Ключевые слова: «Алаш», партия, сталинский тоталитарный режим., реабилитация

*Тулекова А.М.*¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «6D020300 -тарих» мамандығының докторанты

**«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЗАҢДЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛЫ
ОҢАЛТУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада Қазақ мемлекеттігін жаңғырту үшін күрескен «Алаш» партиясына, ол партияның кейбір көсемдері мен мүшелерінің жеке басы мен саяси, мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми қызметіне сипаттама берілген және сталиндік тоталитарлық режим барысындағы «Алаш» партиясына қарсы жүргізген қуғын-сүргіннің барысы сипатталған. Бұл мақалада негізгі акцент, қазақтардың ұлттық мемлекеттігін жаңғырту үшін күрескен, еліміздің саяси элитасы - «Алаш» партиясы мүшелерінің оңалтуының негізгі кезеңдерін, оларды заңдық, саяси, жариялы оңалтудың динамикасын, бұл оңалту процесінің 1953-1963 жж «хрущевтік жылымық», 1864-1984 тоқырау жылдары, 1985-1991 жж. қайта құру мен демократиялану кезеңіндегі және тәуелсіз Қазақстан Республикасы өмір сүрген кезеңдегі ерекшеліктері мен бұл үрдістің нәтижелері мен арттарын қарастыруға жасалған.

*Tulekova A.M.*¹

¹ doctoral student of the 2nd course of the specialty “6D020300-History” of the Institute of History and Law of
KazNPU named after Abay

**SOME ASPECTS OF LEGAL; POLITICAL AND PUBLIC REHABILITATION
OF PARTICIPANTS "ALASH"**

Abstract

The article gives a description of the Alash party, which fought for the restoration of Kazakh statehood, a personal description of some of the Alash movement's leaders, their political, state, social, scientific activities, the course of political repression against leaders and members of the Alashorda movement during the Stalinist

totalitarian regime. The main focus of the article is on the consideration of the main stages, the dynamics of the legal, political and public rehabilitation of the political elite of Kazakhstan - the leaders of the Alash party, who fought for the restoration of Kazakh national statehood, analyzes the features of this process during the Khrushchev thaw, the period of stagnation (1964- 1984), during the years of perestroika and democratization (1985-1991) and during the existence of the independent Republic of Kazakhstan, the results and consequences of this process are summarized.

Keywords: Alash, party, Stalin's totalitarian regime., Rehabilitation

С обретением Казахстаном государственной, и прежде всего, политической независимости открылись новые горизонты и объекты исследования и восстановления отечественной истории. Одновременно возникла возможность достоверно осветить отдельные малоизвестные или искаженные страницы прошлого. В частности это касается процесса юридической, политической и публичной реабилитации деятелей партии «Алаш», незаконно репрессированных в годы сталинского террора.

На наш взгляд, изучению истории политических репрессии в годы сталинского террора, уделено больше внимания, а процесс реабилитации репрессированных граждан, в том числе политической элиты Казахстана – деятелей партии «Алаш», ход и последствия этого процесса выпали из поля зрения ученых-обществоведов. Это привело к тому, что исторический процесс был изучен в неполном объеме, нарушена логическая взаимосвязанность исторических событий: в центре внимания исследователей находились только политические репрессии, а реабилитация репрессированных граждан оставалась в тени.

Предлагаемая работа должна восполнить этот пробел. Она позволит проследить основные этапы, динамику юридической, политической и публичной реабилитации деятелей партии «Алаш», проанализировать его особенности в годы «хрущевской оттепели», периода застоя (1964-1984 гг.), в годы перестройки и демократизации (1985-1991 гг.) и в период существования независимой Республики Казахстан, последствия и итоги этого процесса.

Келесі мәселе — Коллегия жұмысының нашарлап кетуі. Бұл жерде де Коллегияда жауапты қызметкерлердің, сондай-ақ, кейбір құрылымдық бөлімдердің арасында байланыс болмағаны көрсетілді. Оған себеп Комиссар мен Коллегияның жағынан басшылық болмауынан деп түсіндірілді. Академиялық Орталық пен ХАК-ының функционалды бөлімдерінің арасында байланыс жоқтығы сыналды. 7-қорытындыда ХАК жұмысының негізгі әлсіздігіне қызметкерлерінің арасындағы нақты тәртіптің болмауы әсер етті делінді 9. Тексерудің мақсаты-зиялылардың қызметін тексеру, олардың Комиссариатқа тигізген "зиянды" әрекеттерін ашу. Жиі-жиі басшылық аппаратты сынға алу зиялылардың еңбегін жоққа шығару еді. Академиялық Орталықтың бөлініп алынуы, ондағы әдістік қызметке арнайы көңіл бөлінуі онда демократияшыл қазақ зиялыларының шоғырлануынан туындады.

ХАК-ының Академиялық Орталығы ҚАКСР жоғары оқу орнын ашу туралы ұйымдастыру бюросының ережесін жасап, ХКК-іне ұсынды. ұйымдастыру Бюросының міндеттеріне жоғары оқу орнының түрін орнату, оқыту тілін анықтау, шаруашылық және техникалық жағынан қамтамасыз ету, оқу жоспары мен бағдарламасын құрастыру, орналасатын орнын анықтау, қаржы мәселесі жатты. Академиялық Орталық Қазақ республикасында жоғары оқу орнын ұйымдастыру туралы баяндамалық хатында жоғары оқу орының ашу Қазақстанда тарихи қалыптасқан, мәдени және экономикалық қажеттіліктерден туындап отырғанын ашып берді [9].

Қазақ Университетін ашу мәселесі жылдар бойы жалғаса берді. Қазақ Университетінің ашылуы 1928 жылы Халық Ағарту Комиссары қызметіне келген Ораз Жандосовтың есімімен байланысты. Оның табандылығы мен күшінің арқасында сол жылы қыркүйекте Қазақстанда бірінші жоғары оқу орны - Қазақ Мемлекеттік Университеті ашылды. Қазақстан өкіметінің "Жаңа мектепті" шығарудағы мақсаты-қазақ мұғалімдеріне Кеңес үкіметінің саясатын жүргізу, журналды кеңестік үгіт-насихат басылымына айналдыру. Алайда бұл 1929 жылға дейін жүзеге аспады. Журнал бітімі мақала жазушы қазақ зиялыларының ойымен шешілді. "Жаңа мектеп" журналы ХАК-ының тікелей педагогикалық-әдістемелік журналы болды. Бұл журнал 1925 жылдан 1933 жылға дейін шығып тұрды. Оның алғашқы редакторы республика халық ағарту ісінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Молдағали Жолдыбаев болды. "Жаңа мектеп" журналы өз төңірегіне республикалық педагогика ғылымы мен ағарту ісінің көрнекті өкілдерін топтастыра білді [10].

Журналдың негізгі авторлары белгілі қазақ зиялылары болды. "Жаңа мектеп" журналына ғылыми-әдістемелік басшылықты Академиялық Орталық жасап отырды. Қазақ Өлкелік Комитетінің үгіт-насихат бөліміне берген түсіндірмесінде Академиялық Орталық "Жаңа мектепті" мектеп пен мұғалімдер үшін, мұғалімдердің квалификациясын көтеру мақсатында, ағарту қызметкерлерінің құқығын қорғау, қазіргі заман курсына кіріспе болатын арнайы педагогикалық журнал етіп шығарады делінді. Өзінің алғашқы құрылған күнінен бастап, "Жаңа мектеп" ХАК-ының органы ретінде халық ағарту ісінің ең негізгі және күрделі мәселелерін шешу үшін белсенді күрес жүргізді. "Жаңа мектеп" журналының арқасында мұғалімдер тәжірибе алмасуға, мектеп оқушыларына білім беру мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері бойынша пікір-таластар өткізуге, теорияны мектеп практикасымен тығыз байланыста дамытуға зор мүмкіншіліктер алды. Бастаманы қолдаушылар мен ұйымдастырушылар Академиялық Орталықтың төрағасы М.Жолдыбаев және ғылыми әдістемеші Т.Шонановтар болды. Журналдың финанстық жағдайы да ХАК-ы қарауында болды. Бұны журнал шыға бастаған кезде Комиссардың орынбасары Кислицинге техникалық редактор Нұрымовтың жазған өтінішінен көреміз. Өтініште ХАК-ы шығарып отырған "Жаңа мектеп" ауыл мұғалімдері жаңа еңбек мектебі идеясын жүзеге асыруда басшылық беруші жалғыз құрал болғандықтан, журнал шығуы үшін баспа бөлімінен қаржы бөлуді сұрады [11].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚРОМА қ.5, т.1, іс.24, п.40
2. Государственные учреждения КазССР. Справочник. Алма-Ата, 1984. - 132 с.
3. ҚРМОА. қ.81, т.1, іс.62, п.39-40
4. ЦГАРК. қ.81, т.1, іс.428, п.11 об
5. ҚРМОА қ.81, т.1, іс.428, п.16
6. ҚРОМА. қ.544, т.1, іс.4, п. 1-2
7. История развития советских школ. Алма-Ата: Мектеп, 1962.- 154 с.

8. Сулейменов Р. Выступления участников юбилейной сессии общего собрания АН КазССР // Вестник АН КазССР.- 1989.-№8- 34-38-Б.
9. Школьные работники и их переподготовка в КССР // Советская Киргизия.- 1923.-№1.-С.65-66
10. Сейталиев Қ Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің дамуы.- Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996.- 154 б.- 14-Б.
11. Бөкейханов Ә. "Жаңа мектепті" шығару неге керек болды?
12. //Жаңа мектеп.- 1925.- №1.- 1-6-Б.

ӨӘЖ 821.0: 811
МРНТИ 17.70.00

Оспанова Б.Р.¹

¹ *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университеті Интеллектуалды ұлт Ғылыми зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері Алматы қаласы. Қазақстан Республикасы
e-mail: baian_80@mail.ru*

ОРТА ҒАСЫР ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ РУХАНИ ИДЕЯЛАРДЫҢ БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада орта ғасыр шығармалардағы рухани идеялардың бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы қарастырылды. Тәуелсіздігіміздің тұғыры бекіген сайын түркі дүниесінің мәдениетіне ұланғайыр үлес қосқан даналарымыздың рухани дәрежесінің өсетіндігіне және болашақ ұрпақтың оның қазынасына ие болатыны дау туғызбайды. Осының негізінде қазіргі жастардың бойына рухани құндылықты, ұлттық идеяны қалыптастырумен анықталатын ұлттық құндылықтардың сәйкестілігін дамытудың ірі әлеуметтік-мәдени және ғылыми-біліми мәселесін біртұтас қызметке-бағдарлы негізделуінде. Рухани құндылықтарды жастардың санасына қалыптастырудың маңызды факторы ретінде көркем әдебиет арқылы әлеуметтік-мәдени ортасына негіздеуінде. Қарқынды дамып жатқан Қазақстанның көп ұлтты біліми ортасында жастар тұлғасының ізгі қасиеттерін қалыптастырудың ерекшеліктерін, өзгешелігін, механизмдерін анықтауда.

Кілттік сөздер: Рухани жаңғыру, әдеби мұра, ұлттық құндылық, ұлттық таным, ұлттық сана.

Оспанова Б.Р.¹

¹ *Главный научный сотрудник Интеллектуального национального исследовательского центра Казахского национального педагогического университета им. Абая в Алматы. Республика Казахстан
e-mail: baian_80@mail.ru*

РОЛЬ ДУХОВНЫХ ИДЕЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ В ВОСПИТАНИИ СОВРЕМЕННОГО МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

Аннотация

В статье рассмотрены значение в воспитании у подрастающего поколения духовно шығармалардағы идея в средние века. В связи с тем, что в настоящее время в Республике Казахстан наблюдается рост числа молодежных организаций, в том числе и молодежных неправительственных организаций, а также молодежных организаций, в том числе и молодежных неправительственных организаций, в рамках реализации государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на в целях реализации государственной программы развития и функционирования языков. На этой основе-ориентированное на единую деятельность-крупную социально-культурную и научно-образовательную проблему развития идентичности национальных ценностей, определяемую формированием национальной идеи, духовной ценности современной молодежи. В качестве важного фактора формирования духовных ценностей в сознании молодежи через художественную литературу основываются на социально-культурной среде. Выявляет особенности, особенности, механизмы формирования гуманных качеств личности молодежи в многонациональной образовательной среде динамично развивающегося Казахстана.

Ключевые слова: Рухани жаңғыру, литературное наследие, национальная ценность, национальное познание, национальное сознание.

¹B. R. Ospanova.

¹chief researcher of the research center of the intellectual nation of the Kazakh national pedagogical University named after Abai. Republic of Kazakhstan
e-mail:baian_80@mail.ru

THE ROLE OF SPIRITUAL IDEAS IN MEDIEVAL WORKS IN THE EDUCATION OF THE MODERN YOUNG GENERATION

Abstract

The article considers the role of the younger generation in the education of ideas in the spiritual works of the middle ages. Currently in the Republic of Kazakhstan, an increasing number of youth organizations including youth NGOs, and youth organizations, including youth NGOs, in the framework of the state program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, to implement the state program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, based on this - focused on a single activity-a major socio-cultural, scientific and educational problem of the development of the uniqueness of national values, which is determined by the formation of national ideas, spiritual values of modern youth. As the most important factor in the formation of spiritual values in the minds of young people is based on the socio-cultural environment through fiction. Defines features, features, mechanisms of formation of moral qualities of the personality of youth in dynamically developing multinational educational environment of Kazakhstan.

Key words: Rouhani Jair, literary heritage, national treasure and national knowledge, national consciousness.

Орта ғасыр шығармалардағы рухани идеялардың бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі, оның көпжылдық төл мәдениеті әлем өркениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан мәдени өзгешелік ХХІ ғасырда да рухани мәнісін айқындап, түркі халықтарының әлемдік зиялы дамуының тасқынындағы орнын белгілейді.

Түркі тілді кеңістік тарихта плюроэтноизм мен мәдениет ордасы ретінде қалыптасып, басқа өркениетпен мәдени диалог құрудың өзіндік өткелі болып танылды. Осы орайда түркі тілдес халықтардың әлеуметтік ұқсастығын анықтауға, олардың мәдени көп бейнелі келбетін сақтауға, зерделеуге ерекше назар аударылуда. Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда «Еуразияның жүрегінде, өркениеттер тоғысында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен ұлы даланың төсінде дүниеге келген біздің халқымыздың барша тарихы – ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күрестерге толы тарих» [1]. Шынында, ұланғайыр Еуразия территориясының, оның ішінде қазақ халқының ата-бабаларының тарихи төл этникалық кеңістігінің буырқанған тайқазанында талай ру, тайпалар мен этностар мидай араласып, тіршілік кешкен. Ұлттық бірегейлікті (идентичность), кең мағынада, жеке-тұлғамен, этнос тұрғысынан, сондай-ақ уақыт-мезгілдік, кеңістік, моральдық-этикалық т.б. бірегейлік деп қарастыруға болады [2]. Соның бірі – ұлттың тілі.

Тіл арқылы әр адам өзінің нәзік сезімдерін, ең құнды деген ой пікірлерін өзінің болашаққа деген үміті мен сенімін, қуанышы мен қайғысын, толғантқан, толқытқан уақиғаларды тыңдаушысына жеткізе алады. Сол тіл арқылы адамдар қауышады, диалог құрады, ой алмасады. Тіл қай халықтың болмасын өмірінің айнасы, басты рухани құндылығы, оны бүкіл айналаға паш ететін басты құралы. Тіліміздің тамырының тереңдігін сонау көне түркі, орта ғасыр жазба ескерткіштерінен бастау алатындығын ескерсек Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Хорезмидің еңбектерінде де өзекті бір рухани желі бар. Ол – түрік елі, түрік өркениеті. Руна жазуларында елді сақтау, мемлекетті түзу, кеңейту, нәсілдің құрып кетпеуі қысқа, нақты ой түйіндерімен жетсе, кейінгі ХІ ғасырдағы әйгілі жазбаларда сол рухты ұстанып әрі қарай гүлдену мақсатын өнер мен ғылым тілінде толғайды. Кейінгі шығармаларда елдік дәстүр, халықтық рух, өнер-білім, білік мұраттары айқындала түскен. Барша түрік әулетіндегі халықтардың қатарында қазақ елінің де мәдениетіне, тіліне, өнеріне тікелей қатысты ұлы ескерткіштердің ішінде осы «Түрік тілдері жинағының» үш томдығы да ерекше бағаланады. Жүсіп Баласағұнның атақты «Құтадғу білік» дастаны хижра бойынша 462 жылы жазылса, Жүсіп Баласағұнның ғалымдық, ұстаздық, ақындық еңбектерінен бізге жеткені «Құтадғу білік» дастаны. Дастан 6520 бәйіттен тұрады. Бұл кітап бүкіл түркі тілдес халықтарға түсінікті ортақ тілде жазылған. «Бұл дастан – мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік нұсқаларын, қоғамдық-саяси мәні бір түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды. Кітап 1971 жылы өзбек ғалымы Каюм Каримовтың анықтамасымен Ташкентте [3; 236], 1986 ж. А.Егеубаевтың қазіргі қазақ тіліне келтіруімен

Алматы қаласында жарық көрді [4; 12 б.]. «Құтты білік» дастанында ол 85 тараудан тұрады, негізінен, төрт салада тәлімдік мақсаттар орындалады. Біріншіден, әрбір елді, яғни мемлекетті басқару үшін сол мемлекеттің қара қылды қақ жаратындай әділ заңы болу керек. Әділ заңды іске асыратын, мемлекеттің әділетті басшысы болу керек. Ақын әділетті басқарушының бейнесінде Күнтуды патшаны дастанда мадақтай жырлайды. Елді әділ заңмен әділетті басқару үшін елдің басшысы білімді болу керек дейді ақын. Екіншіден, елге құт, ерге бақ – дәулет қону үшін әрбір адам адал еңбек ету керек, білімдіні құрметтеп, тірлік еткенмен бірлік құрып, іс істеген адам ретін тауып басшыға, үлкенге, елге қымсынбай қызмет ете білген адам бақытқа жетеді дейді ақын. Бақ-дәулетке жетудің үлгі-өнегесі дастанда Айтолды бейнесі арқылы беріледі. Үшіншіден, адамның адамдығы оның ақыл-парасатымен бағаланады, ақылды адам әрқашан да ардақты, сыйлы, білімге құштар деп, ақын ақыл – парасаттың қоғамдық мәнін уәзірдің баласы Ұғдүлміш бейнесінде көрсетеді [5; 33 б.]. Төртіншіден, ел басшысынан бастап барлық адамда қанағат, нысап болу керек дейді ақын. Дүниеге тоймайтын, қанағатсыз адам елді басқара алмайды, ал жай адамдар бақытты, байыпты өмір сүре алмайды. Қанағатшылдықтың өзі – ақылдылық деп түйеді ақын. Дастанда уәзірдің туысы Одгүрміш дәруіш арқылы ақын әрі ақылды, әрі іскер, әрі білімді адамның дүние қуып, мансап іздеуден аулақ қашып, өмірінің соңында дәруіш болып кеткенін суреттейді. Сонымен, бұл ескерткіштер Қарахан әулеті тарихына қатысты бізге мол құнды мәліметтер береді.

Тарихи деректер өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, мазмұны, түрі жағынан әр алуан. Оның бәрін камту аса қиын. Тарихи деректер теңізінде дұрыс жол табу тарихи зерттеулерде оларды тиімді және пайдалы етіп қолдана білу қажеттілігі оларды сараптау проблемасын туғызады. Басқаша айтқанда, деректердің ортақ қасиеттері бар, бірақ бір-бірінен ерекше белгілерімен айырылатын категорияларға бөлу.

Жүсіп Баласағұни әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби бабамыздың «Қайырымды қала» деген еңбегіндегі ел басқарушының, яғни әкімнің қандай болуы керек екендігі туралы қисынды тұжырымдарын жалғастырып, дамыта түседі. Ақын ұлттық әдепке, әсіресе тіл әдептілігіне ерекше назар аударып:

Тілінді бақ, басың аман болады,

Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады, – [6; 33 б.],

деп, жақсы мінез-құлық, әдептілік, кішіпейілділік ең алдымен адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты болады да, оның көрністері әрбір адамның сөйлеу тілінен, дауыс ырғағынан байқалып қалады деген пікірді айтады. Әдепті адам мәнерлі, мәнді, сыпайы сөйлейді дейді.

Ақынның бәйіттері көркемдігі жоғары, әуезді, шешендік шеберлікпен жазылған. Ақынның әрбір бәйіті жеке бір тәрбиелік мақсаттарды қозғайды:

Өскен елді туған жерді ардақтау:

Өскен ұрпақ туған жердің бойында,

өледі тек туған елдің қойнында. (883 бәйіт) [6; 229 б.]

Әділеттілік туралы:

Есте сақта, сөзімді қабыл ет те,

Пайда – мінез, ұят пен әділетте (1630 бәйіт) [6; 230 б.];

Сарандық туралы:

Дүние мүлік жинадың кенелдің бе?

Оны ешкімге қимадың, жемедің де.

Тартып оның азабын өлістің де:

Дүниеден ажалын білесің бе? (1645-1646 бәйіт) [6; 231 б.];

Еңбек туралы:

Көз берді алла зат көріп құндау үшін,

Құлақ берді үн естіп, тындау үшін,

Қос қол берді тірлікпен тынбау үшін,

Аяқ берді бос қарап тұрмау үшін (3599-3600 бәйіт) [6; 236 б.];

Ата – ананы құрметтеу туралы:

Ата-ананың қабылдап қасиетін,

Ардақтай біл атқарып өсиетін. (1486 бәйіт) [6; 39 б.];

Ғылым мен білім туралы:

Жастай түссең пәк ғылымның жолына,

өмір бойы бақыт сенің қолында (1593 бәйіт);

Ақылды дос туралы:

Ақылдыға қосылсаң, бақытты боп өтесің,

Төрт құбылаң түгел боп, арманыңа жетесің (4497 бәйіт);

Меймандостыққа, кеңпейілділікке тәрбиелеу:

Туыс досқа пейіліңмен берсең мәзір асыңды,

Олар сені құрметтер сыйлап өтер басыңды (4649 бәйіт);

Мен-мендік туралы:

Мен-меншілдік – есуас надандығың,

Ит өліммен байқалмас адамдығың (3480 бәйіт);

Дүниекорлық туралы:

Тарпейіл боп, дүние қуса кімде-кім,

Тауқыметін тартар оның күнбе-күн. (3495 бәйіт) [6;400 б.].

Қазақ халқының әріден бастау алатын ұлттық тарихында өз орнын алатын Ахмет Баласағұни бабамыздың тәлім-тәрбиелік ойлары, өсиет-өнегелері өз құндылығымен ұрпақтан-ұрпаққа тәлімдік қуатымен жетеді. Құтты білімді құрметтей қабылдап, оның асылдарын ала білетін ұрпағымыз Баласағұнидің бар дүниесін қастерлей беруі ләзім.

«Құтты білік» - құтты бітік (бітік – көне түрікше, жазу, жазба, кітап) қана он ғасырға жуық ұланасуды асып, қолымызға қайыра тиіп отыр.

Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым-

Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың! [6; 21 б.], – дейді Жетісудың Құзорда (Баласағұн) қаласынан шыққан ұлы ойшыл Жүсіп аталмыш дастанның алғашқы тарауларында. Аспан жұлдыздары, он екі бұржының орналасуы, белгі – сипаттары жөніндегі, адамдық, адалдық, тіл өнері мен ғылым туралы алғашқы тарауларды оқығанда кітап иесінің керемет білімділігіне, парасатты ғалым, ойшыл философ ақын екеніне көзіміз жетеді.

Ақылды – ұлы, біл, білімді – білікті,

Екеуі ұлы етер, қонса, жігітті (152 бәйіт)

Ақыл қайда болса, ұлылық толады,

Білім кімде, сол білікті болады (154 бәйіт)

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,

Білім білсе, әзіз тірлік өткерер (160 бәйіт) [6; 226-234 бб.] сияқты жолдарды оқығанда тіл ұшына қазіргі қазақ ұғымындағы «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар!» еріксіз оралады. Халықтың ғасырлар қойнауында өмір мен ойдың ортасында от пен суға кезек суарылған алмастай асыл, ақылды сөздері:

Тірі - өлер, ақыры жер жастанар, Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар.

Өзің жақсы болсаң, атың мақталар,

Жаман болсаң егер, сөгіп, датталар.. деген жолдардағы ойлар жазу өнері, жазылған сөздің ғұмырлылығы, жазылған хаттың жоғалмайтындығы жөніндегі толғамдарға ұласқанда қазақтың «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» атты қанатты даналық сөзі санада салмақталып, ірілене береді.

Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,

Білімді сөз – шырын жанның құнары:

«Бұның бірі – тілдің жалған айтқаны [6;312 б.],

Бұдан басқа – айтқан сөзден қайтқаны!» деген мағынаны ұғу көп қиыншылыққа түспейді. Жүсіп Баласағұн:

Кімді сүйіп, жақын тартсам жаным,

Жапа қылды, қалай сүйем тағы да ? (6578 бәйіт), - дейді.

Тіл өнері туралы тарау тұтастай өнер алды – қызыл тілдің қадір-қасиетін, пайда-зиянын түсіндіруге арналған.

Тіл кісіні қадірлі етер, бақ қонар,

Тіл қор қылар, кететігүн бас болар.

Есік баққан тіл – арыстан ашулы,

Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басыңды,

Сөзінді бақ, басың кесіп алмасын,

Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын.

Тілінді бақ, басың аман болады,

Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады [6; 423 б.].

Бұл орайда, ел ішінде бағзыдан мәлім «Басқа пәле тілден», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер» деген асыл сөздің төркінін аңғарудың еш қиындығы жоқ. Осы ой 2692 бәйітте кездеседі:

Кісі көңлі түпсіз теңіз, ойлансаң,
Білім – інжу түбінде, анық қойма сан.
Кісі інжуді шығармаса теңізден,
Тас не, інжу не пайдасы не тегінде?
Қара жердің қатында алтын тас болар,

Егер шықса, бек басында тәж болар, – дейді [6;436 б.].

«Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырсыз қалар ұятқа, сабырлы жетер мұратқа» сияқты халық даналығының тумасына, бастау арнасына мына жолдарды еш күдіксіз балауға болар еді:

Сабыр кісі өз тілегін табар,
Сабырмен тұрған ер ақ құс тұтар.

Егер ашу - өкпең келсе, қатулан сабыр қыл,

Сабырлы кісінің сүйіншісі алдында. Демек, «Құтты білік» тілінің, ойының, поэтикалық бітімінің асыл мәтінінің, шынайы даналығының дәлелі. «Құттадғу біліктің» тілі ең таза, ең әдемі, сұлу тіл екендігі кітаптың өзінде де айтылған, белгілі зерттеуші ғалымдар да, аудармашылар да (М. Қашқари, С.Е. Малов, А. Кононов, Р.Р.Арат, С.Н. Иванов т.б.) айтып дәлелдеген.

Құтты кітаптың дүниеге келуінің өзіндік тарихи-әлеуметтік, мәдени, әдеби, тілдік алғы шарттары бар екені шындық. Кеңес дәуірінің ғалымы, академик А.Н. Кононов: «Құтадғу біліктің» авторы өзінің дидактикалық мақсаттарына халық даналығын, түркі халықтарының ақындық ауыз әдебиетін, мақалдарды, мәтелдерді қанатты сөздер және тағы басқаларды кеңінен пайдаланды», - дейді [7; 42 б.].

Жақсы мінез-құлық, тәрбие жөнінде де небір даналық қағидалар ұшырасқанда, тілімізде күн сайын айтылып жүрген қанатты сөздер қайта түлегендей әсер етеді.

Ақ сүтпенен бірге сіңген жақсылық,
Айнымайды еш, алғанша ажал, қапсырып. (881 бәйіт)

Іште біткен қылық, парыз мойныңа,
Бірге кірер қара жердің қойнына? (883 бәйіт)

Сөзбен сөксе – тілі ашытып қаныңды,
Сүйек сыздап, жалын қабар жаныңды.

Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді.

Сөз қалады, таяқ табы кетеді. Бұл бәйіттің қазіргі ел аузындағы нұсқасы «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» екені анық [6; 455-468 бб.].

Үш тұғыр, үш таған, үш таяныш. Бұл ежелден аян, тарихта талай тілге тиек болған қағида. Кітапта Күнтуды елік Айтолдыны шақырып кеңескенде үштұғырлы такта отырады. Оның мәнін сұраған Айтолдыға үш тағанды нәрсенің беріктігі жөнінде толғайды (800-805 бәйіттер). Кейін осы ой ел бірлігі, ел бектерінің қасиеттерін саралайтын тарауда тереңдеп, нақтыланып талданған, түсіндірілген.

Бірі – дана, ғалымдар, зейінділер,
Бірі – хатшы, білсін дер кейінгілер,
Үшіншісі – жүректі ер, батырларың,
Жау десе, жайдай жайпар жасындарың

Бұл үш түрлі ер бір жеңнен қол шығарса [6; 500 б.],

Қалған жұртты үйіріп, қоңсыға алса деп, ел басшысына бектердің үш түрін, тобын түсіндіреді, үшеуінің қызметін, пайдасын саралап береді. Мемлекеттік жүйені танытатын желі. Ел жұртты, ерлерді халықтық іске, шаруашылыққа, малға, білімге бағыттаса, енді бірін хат пен қаламға, тілге, шешендікке бейімдесе, енді бір қатарын елді қорғауға меңзеп тұр. Бұл да қазақ халқының ежелгі мақалында кездесетін, өте кең танымал ойдың тұжырымы.

Елді аларда алмас қылыш жаркылдар
Ел басқарсаң алтын қалам жалтылдар
Білім, ақыл елдің ішін түзетер,

Үш батырың күллі әлемді күзетер, - деген келесі жолдар айқын ойды шегелей түседі [6; 455 б.].

Белгілі ғалым Шыңғыс Айтматов көне мәдениет жұлдыздарына көңіл бөлудегі орашолалықтарға күйіне келіп: «Атақты, байырғы түркі ақыны және ойшылы Жүсіп Баласағұнның 975 жылдығын өткеру идеясын да міне, осындай тағдырға тұс болды, бұл ұлы гуманист Токмақтың жанында Баласағұнда туылғандығы және сол жерде жасағандығы талассыз ғой», - деген еді. В.И. Асланов: «Құтты білікке» сүйену көп жағдайда зерттеуші лексикологқа азербайжан тілінің бірқатар сөздерінің мағынасын нақтылауға көмектеседі», - дейді. М.Н. Хыдыров: «Құттадғу білікте» кездесетін не бір сөз тіркестері қазір де түркімен тілінде өзгеріссіз қолданылады... Қандай да болмасын бір нақты тілдің «Құтты білік» тіліне

катынасы жөніндегі мәселе халықтың тілі мен тарихының байланысы тұрғысынан тюркологияның қызықты, мәнді саласы», – деп жазыпты. Ө. Қараев дастанда кездесетін «арпа ас, қымыз, сүт, жүн, құрт, киіз, тон, қой, кодас» тәрізді сөздерге, терминдерге назар аударып келіп: «Тұтастай алғанда Жүсіп Баласағұн поэмасының күллі терминологиясы Советтік Шығыс халықтарының әртүрлі тарихи мәселелерін зерттеу үшін аса бағалы материал» [7; 21 б.], – деп түйеді. Ноғай ғалымы А. Сикалиев сарайшық қаласынан табылған қыш құмырадағы жазу туралы еске түсіре отырып: «Бұл деректің өзі, біздіңше, атакты ақынның ноғай елінде кең танымал екендігінің дәлелі, оның арасындағы көптеген найман, бұғы, байтегі, тағы басқа руларының өкілдері Жүсіп Баласағұнды өздерінің туған ақыны деп санауына да болады деп баға берсе, қырғыз ғалымы Ө.Қараев 1970 жылы Ленинградта Жүсіптің поэмасы жазылғанына 900 жыл толуына арналған Тюркологтардың ІҮ конференциясы өткендігін, сол конференция қорытындылары жөнінде «Вопросы литературоведения» (№10, 1972) жариялатқан мақаласында М. Хамраев конференцияға қатысушылардың басым көпшілігі «Құтты білік» ұйғыр ескерткіші, Жүсіп болса сол елдің жазба әдебиетінің негізін салушы деген пікірге келді деп, симпозиумның қорытындыларын бұрмалап жібергенін айтады. Сонымен қатар, қырғыз ғалымы қатысушылардың басым көпшілігі «Құтты білікті» жалпы түркі елінің әдеби естелігі деген пікірге келген деп, конференция материалдарына сілтеме жасайды және «Құтты білік» ұйғырларға тән деген пікір дұрыс емес. Олар негізінен Шығыс Түркістанда жасап, бұл аймақта екі мемлекетшені түзіскен ... Махмұт Қашқаридың сөздігінде Қараханилердің оларға қарсы шабуылға шығып, Мыңғлақ атты аймағын басып алғаны ... жөнінде жырмен жазылған мәліметтер бар», – дейді.

Философия, этика, эстетика, заң, тарих ғылымдарына да тікелей қатысы бар ой желілері, тұстар «Құтты білікте» мол – ақ.

Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз,

Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз, - [6; 321 б.] дейді Жүсіп Баласағұн «Құтты білікте». «Өнер алды – қызыл тіл» дейді халық даналығы.

Осыған орай, «Құтты білік» те, Жүсіп Хас Хажыб туып өскен өзіміздің Шу өзенінің бойындағы көне қала Баласағұн да мәдени, тарихи маңызы зор, үлкен ескерткіштер.

Баласағұн қаласы жөнінде де болжамдар көп. В.В. Бартольд күйреген Ақ Бешім мен Боран бекеті ме деп шамалайды. «Құтты біліктің» өлең жолдары жазылған қыш құмыраның (XIII ғ.) Сарайшық қаласынан табылуы да өте құнды дерек.

Құтты ел. Құтты халық. Осы қос ұғым әлеуметтік, филологиялық түсінік үлгісінде айқын, жүйелі қолданған бірден-бір ежелгі түркі мұрасы - «Құтты білік». Дана, ақын Жүсіп Баласағұн:

Құт дарыды, өсті халық өрісі,

Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі.

Занды түзе, сұмдық сонда сасады,

Құтың өсіп, абыройың асады, - деп түйіндейді.

Бұл сөзімді білімдіге арнадым,

Білімсіздің тілін ұға алмадым [6; 333 б.].

Білімді, құтты мемлекет. Азаттықтың да, тәуелсіздіктің де, береке бірліктің де тірегі – мемлекет, елдік, білім – білік һәм парасат. Елдіктің өзегі – білік, Елдіктің кілті – тіл, Елдіктің қадір-қасиеті – кісілік. Құтты мемлекет, жұлыны берік елдік тәуелсіздікті, азаттықты, бірлік-берекені қорғап, қоршайды. Жүсіп Баласағұнның тарау-тарау өлең толғауларын өз сөзімен тарқата түйіндесек осындай тұжырымдарға саяр еді.

Бас қаһарман – Күнтуды Әділеттің баламасы. Шапағын дүниеге, жанды-жансызға бірдей шашқан әділдік иесі Хақан. Ол әділдік, береке орнықтырған кемел мемлекетке ақылды – есті адамдар түгел қызмет істеуге құштар. Әлемдегі біліктілер мен өнерлілер сол Күнтуды еліне жетуді армандайды екен. Жүсіп Баласағұн үлгісіндегі парасатты, әділ елдік осындай! Ханнан бастап қарашыға дейін әлеуметтік топтарды сипаттап, лайықты орындарын меңзеген Жүсіп Хас Қажыб азаттық, теңдік, бірлік, еркіндік рухын нақ-нақ кескіндеп, әрқайсысына да берік тұғыр табады. Арлы бол, аярлықтан алыс жүр. Бай бол, кедей бол, хан бол, қара бол бір-біріңе көзсіз, санасыз құлдық ұрма. Бәрің тек бір Алланың ғана құлдарысыңдар. Өзара теңсіңдер. Әділет. Дәулет. Ақыл. Қанағат. Кісілікке – кісілік парыз. Кісі ақысын жеме.

Ақылды – ұлы, білімді – білікті,

Қонса екеуі, ұлы етер жігітті!

Егер, надан білім алса, құты тасиды! Өзіз тірлік – білімдіде. Бек мұратына білікпен жетер. Ханның құлда хақы бар, Құлдың ханда ақы бар дейді ойшыл. Бек, бекзада да, құл-құтан да елдікке үйірілсін, елдікке енші салсын. Ел қазынасы – елдің берекесі.

Бек баянды болсын, десен, бектісің,
Сен әманда, ісін істе тектінің!
Тура жүр де, зұлымдықты жебеме,
Қараны – аққа, қараға ақты теңеме!
Елдік ісін бектің бәрі біледі,
Заң, саясат, салтты солар түзеді.
Сұм заң түзіп, алма қарғыс-назаны,
Жамағат пен боларсың ел мазағы [6; 369-374 бб.].

Әділ заң мен ізгілік. Имандылық парыз. Ұят-ар. Жүсіп Баласағұнның азаттығы, теңдігі мен береке бірлігі жайлы қағидалары осы елдік ұғым-дәстүрлерден түзіледі. Заңы әділ елдің тірлігі де берекелі. Асыл заң – мемлекет дәстүрі. Елдегі әрбір жұмыр басты пенде сонда ғана азат, сонда ғана берекелі.

Кісіге, егер, сіңсе еңбегі кісінің,
Еңбегінің хақын өтеу – кісілік.

Қарапайым, анық. Заң, салт – дәстүр, елдік, кісілік үйретушіден үйретушіге жалғасады. Кісілердің кісісі екі адам: ұстаз бен шәкірт.

Әлеуметтік әрқилы топ өкілдерінің бәрін кісілікке бастайтын, теңестіретін – білік, кісілік, ізгілік дейді, - Жүсіп Баласағұн. «Білік – кісен!» Білікті білген адам өзін-өзі ұстайды, тежейді, бейбастақтыққа бармайды. «Бек елінде тура заңды ұстаса, Бар тілекке жетер қолы, қысқасы!»

Біл, әділ заң – басшылықтың тұғыры,
Бегі әділ ме? Берік елдің жұлыны! [6;405 б.]

Орта ғасырлық жазба ескерткіштерін зерттеген белгілі ғалым А.И. Кононов «Диуани лұғат ат-түріктегі» мұндағы материалдарды бес салаға бөліп қарастырған. 1) белгілі бір тайпаға тәндігі көрсетіуін сөздер қоры (лексикасы); 2) түркі тайпаларының орналасу аймағы туралы; 3) түркі тілдерін топтастыру; 4) түркілік тарихи фонетика мен грамматика туралы мәліметтер; 5) түркілердің тарихы, географиясы, этнографиясы, поэзиясы, фольклоры туралы мәліметтер.

Орта ғасырлық түркі шығармалардың қатарына Қарахандар мемлекеті дәуірінде Жетісуда жазылған екі түрлі жазбаны Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» мен Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат - түрік» атты сөздігін жатқызуға болады. Мұның екеуі де Жетісу жерін мекендеген түркі тайпаларының тілінде жазылған тұңғыш жазба әдебиет үлгілері. X –XIII ғасырларда Орта Азия, Жетісу және Қашқария жерінде түркі тайпаларының үстемдігі күшейе түскен еді. Осындай күрделі уақытта Жүсіп Баласағұнның түркі тілінде көлемді еңбектер жазуы тарихи үлкен оқиға болды. Халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, түркі әдеби тілін жандандырып, сөз өнерін биік сатыға көтеретін ақындар екенін дұрыс байқап, Ж. Баласағұн ақындық өнерді жоғары дәріптейді, ақындарды сөз шеберлері деп таниды [6; 309 б.].

Ақындар келер алдына,
Сөз шебері сәуегей.
Сөздері өткір қылыштан,
Қылдан нәзік қиялы,
Тыңдасаң тыңда ақынды,
Нәзік сөздің бұлағы.
Жаныңа қуат жақсы сөз,
Құлақ құрышы қанады.
Мұхиттың түбі ғаһар тас,
Инжу – маржан жанады.
Сол теңіздей жүректің,
Түбінде жатқан асылды
Ақындар ғана табады
Мақтағанын жеткізер,
Халық сүйіп тыңдайды.
Қарғаса сағың ұшады,
Таңың атып тумайды.

Ақындарды сыйлай біл, – деп Жүсіп Баласағұн ақындардың үлкен әлеуметтік күш екендігіне баға береді. Ежелгі Рим жұртында сөз шеберлерін төрт топқа бөлген: 1) ақындар, 2) философтар; 3) шешендер; 4) тарихшылар. Сөз өнері сияқты киелі өнердің иелерін бұлайша топтарға бөлу олардың қоғамдық - әлеуметтік қызметінен, өз кезеңінің саяси ірі тұлғалары болғандығынан еді. Өз кезіндегі сондай қоғам қайраткерлерінің бірі Ж. Баласағұн XI ғасырдың алғашқы ширегінен бастап, сол ғасырдың 70 жылдарына

дейін өмір сүрген адам. Жүсіп «Құтты білік» дастанының кіріспе сөзінде өзі туралы да азды көпті мәлімет қалдырған, шығарманың жазылу жайын, алдына қойған мақсатын, мазмұны мен мәні жайында түсінік берген. «Кітапта негіз болған төрт асыл қасиеттер: біріншісі – ғаділеттік, екіншісі – бақыт, үшіншісі – ақыл, төртіншісі – молшылық. Бұлардың әрқайсысын ер деп атадым. Ғаділеттікті Күнтолды деп, басшы еттім. Бақытты Айтолды деп атап, уәзір дәрежесінде таныттым. Ақылды Огдулмыш деп атап, оны уәзірдің баласы Молшылықты Огдурмыш деп атап, оны уәзірдің інісі тұттым. Осы төрт ер өзара әңгімелеседі, біріне-бірі сұрақ қойып, жауап береді. Осы төрт ерді бір тұлға ретінде қабылдаған зерек оқушыларымың жаны жадырасын, жүрегіне жылу берсін, олар өзінің мүсәпір шығарушысын есіне алсын». «Құтты білік» дастаны 73 тарауға бөлінеді. Дастанның кіріспесінде құдай, пайғамбар, оның шахарярлары дәріптеледі, ғылымның мәні шешен тілмен баяндалады. Одан әрі Қашқария хандарының сән-салтанаты шабытпен жырланады. Күнтолды ханды түркі тайпаларына үлгі етіп тартады. Айтолды атты ақылды уәзірдің қызметін суреттейді. Дастанның бас жағында осы екеуінің ел билеу, оның жол жоралғысы жайындағы терең мағыналы даналық сөздері өсиет ретінде жазылған. Бұдан әрі уәзірдің ақылды ұлы оғдулмыш пен хан сұрақ-жауап түрінде айтысады. Айтыста түркі тайпалары хандарының әдет-ғұрпы, салт-санасы көрініс табады. Сөз жарысында оларға әділ де сабырлы болуды үйретеді. Осылайша дастанның көп жері сұрау – жауап үлгісінде жазылған [6; 313-314 бб.].

Жүсіптің тілінде өзіне дейігі халық тілінде қалыптасқан арыстандай айбатты, сауысқандай сақ, түлкідей айлакер, данышпандай ақылды, меруерттей көрікті тәрізді теңеулер қанатты тіркестер молынан ұшырасады. Мысалы, «Ол қабандай қайсар, сауысқандай сақ, қарлығаштай қырағы болсын» деп ел басының табанды да қайсар, қырағы да сақ адам болғандығын қалайды. «Елші қандай болуға тиіс» деген таруында «Оқыған білімді адам болумен қатар, шіндар мырзалары үлгісінде ақсүйектік тәрбие алған, сөзге шешен, өткір тілді, ойлы, айла – амалға жетік адам болуы керек» деп түйіндейді. Сөзі әрі көркем, әрі қисынды адамдарды ақылды адамдар қатарына қосады. Осындайлар жұрт алдында құрметке бөленеді дейді. Сөз өнері, шешендік қасиет дәріптелген 7,11,22- тарауларда дұрыстап сөйлей алу адамның негізгі қасиеттерінің бірі нкендігін айтады. Дастанның «Білім және шешендік туралы» тарауында:

Біліп сөзлаған сөз білікка санур
Біліксіз сөзі өз башыны еюр
Оқушқа, білікка бу тілмачы тіл,
Ерутачы ерні йурық тіліні біл.
Кішіні тіл оғырлар болур құт кіші,
Кіміг тіл ужузлар барыр эр башы.
Тіл арслан туур көр ішікда йатыр,
Ая евлук арсыг ішіңі йатур..
Мені эмгатур тіл ізі ол тайм,
Башым кесмасуны кесайін тілім
Сөзуңні кудозғыл башың бармасун,

Тіліңні кудозғыл тішің сынмасун [6;418б.], – деп, тіл адамды көкке көтереді, сол арқылы ол бақытқа жетеді. Сондай-ақ «Басқа пәле тілден» дегендей, адам шайпау тілінен жазаға да ұшырайды, өйткені «аңдамай сөйлесең, ауырмай өлесің». «Адамның сәні бетінде, бетінің сәні көзінде», «Ақыл көркі – ойлы сөз, тілдің көркі – сөз, адам көркі – жүз, жүздің көркі – көз» деу арқылы жақсы сөз, жақсы мінез адамдардың бет пішінінен байқалады деген.

Қорыта айтқанда аталған шығарманың жас ұрпаққа бере тағылымы мол, «Құтты біліктің» дастаны әр кездегі зерттеушілердің бұл туындыны әлеуметтік-этикалық дастан, философиялық трактат, саяси-дидактикалық дастан... деген сияқты жанрлық анықтамалар бергенін, олардың қай-қайсысы да шығарманың табиғатына сай берілгендігін айта келіп, оны дидактикалық дастан, ақылман толғаныстар, яғни ақылман дастан деп атайды. Орта ғасырлық жазба жәдігерлерді тарихи, саяси, мәдени ахуал негізінде сопылық әдебиетпен байланыстыра зерттеу қажет. Бұл көп мұралардың өзіндік төл ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, әлем өркениетімен болған ықпалдастықтың түп қазығын аша түсері анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – 2006.
2. Ковалев Г.Ф. Ономастические единицы как фактор идентичности // Проблема национальной идентичности в культуре и образовании России и Запада. Т.1. Воронеж, 2000. – с.134.
3. Анд М. (1979) Балалар ойындарының мәдениетіміздегі орны, *Ulusal Kültür 20.Dergisi*, sayı 4, 45-46

4. Давидович Е.А. О двух караханидских каганатах // Народы Азии и Африки. 1968.- №1 – С. 50.
5. İşler, H. – Hergüner G. (1999) Türk Sosyal Hayatında Sporun Yeri ve 18.Geleneksel Türk Sporları. Türk Kültürü, 432. – s. 249.
6. Кононов АН. Поэма Юсуфа Баласагунского "Благодатное знание". – М.:Наука, 1983 – С. 230.
7. Кононов А.Н. Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэма «Кутадгу билиг» // Советская тюркология. - Баку, 1970. - № 4. - С.7.

ӘӨЖ930.(511):22
ГРНТИ 03.01.20

Оспанова Р. Р.¹

¹*т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ - нің доценті*

ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕ ДЕЙІНГІ ЗЕРТТЕУШІЛЕР ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЗАЙСАН АЙМАҒЫ

Аңдатпа

Мақалада қазан төңкерісіне дейінгі Зайсан аймағының орыс зерттеушілері еңбектеріндегі тарихи сипаты қарастырылды.

Қазан революциясына дейінгі Зайсан қаласы мен аттас уезінің пайда болуы мен дамуы барысындағы саяси – экономикалық, әлеуметтік мәдени дамуы қала тарихын зерттеу Орыс зерттеушілерінің келелі мәселелернің бірі болды. Зайсан қаласы Ресей мен Қазақстан, Орта Азия мен Қытай арасындағы сауда байланысының сауда орталықтарының бірі болғандықтан әсіресе көптеген ғылыми экспедициялардың нысаны бола алды. Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатында маңызды роль атқарған қалалық мекен ретінде де зерттеушілер назарында бола алды. Қаланың негізі 1868 ж. қаланып, кейіннен уезд орталығына айналды. Қала мен уезд өзіндік саяси – экономикалық, мәдени - әлеуметтік даму барысында Патшалық Ресейдің отарлау саясатының үдеген кезеңіндегі қиын да ұзақ жолынан өтті. Қаланың тарихы

XX ғасырдың басына дейінгі белгілі зерттеушілер Левшин А. И., Потанин Г.Н., Седельников Т., Гагемейстер Г. Бабков И.О., Завалишин И. Красовский Н. И., Крафт И. И. және т.б. зерттеушілер еңбектеріне арқау болды. Автор осы зерттеушілердің Зайсан аймағы туралы ой толғамдарын мақалада зерделеген.

Тірек сөздер: Зайсан, аймақ, зерттеушілер, Орыс географиялық қоғамы, Ресей, Қазақстан, Патшалық Ресей.

Оспанова Р. Р.¹

¹*к.и.н., доцент КазНПУ имени Абая*

ЗАЙСАНСКИЙ РЕГИОН В ТРУДАХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА

Аннотация

В статье дается историографический анализ Зайсанского региона в дореволюционный период. **В трудах дореволюционных авторов так или иначе затронута тема формирования промышленности в Казахстане, но в основном они писали о разложении традиционного хозяйства казахов и формировании на этом фоне капиталистических отношений в Зайсанского региона.** Зайсанский региональный дореволюционная историография характеризуется также и наличием трудов зарубежных авторов. В исследуемый период был привлечен богатый, ранее не использованный статистический материал, рассмотрены вопросы истории народонаселения и динамика численности основных групп, дана характеристика социально-экономической деятельности жителей Зайсанского региона. Автор в статье рассматривает труды ряд известных исследователей Левшин А. И., Потанин Г. Н., Седельников Т., Гагемейстер Г. Бабков И. О., Завалишин И. Красовский Н. И., Крафт И. и так далее.

Ключевые слова: Зайсан, регион, исследователи, Русское географическое общество, Россия, Казахстан, Российская Империя.

*Osanova R. R.*¹

¹ *candidate of historical sciences, associate professor of KazNPU named after Abai*

THE ZAYSANSKY REGION IN THE WORK OF RESEARCHERS IN THE EVOLUTIONARY PERIOD

Abstract

The statistical analysis of the Zaysansky region in the evolutionary period is given. In the work of dorevolutionary authors, the topic of forming the industrialization in Kazakhstan, but in the basics they wrote about the decentralization of the Cossacks and the formation of these capitalist attitudes in the Zaysansky region. The Zaysansky regional dorevolutionary history is characterized by the fact that it is the work of the author. In the research period, the goggle, or the statistical material used, examined the problems of the narrowing and dynamics of the basic population, the characteristic of the socio-economical activity of the Zaysansky region. The author considers the work done by researchers Levshin A. I., Potanin G. N., Sedelnikov T., Gagameyer G. Babkov I O., Zavalishin I. Красовский Н. И., Kraft I. и так takeee.

Key words: Zaisan, region, researchers, Russian geographical society, Russia, Kazakhstan, Russian Empire.

Тақырып тарихнамасы өз бастауын негізінен революцияға дейін жарық көрген орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының жазба еңбектерінен алады. Патша үкіметінің қазақ даласында жүзеге асырмақшы болған саясатында қазақ қоғамын, әлеуметтік – экономикалық жағдайын, халықтың дәстүрін зерттеп білмейінше жүзеге асыру мүмкін емес еді. Осы негізде XIX ғ. екінші жартысында оның аумағын, экономикасын, қазақ руларын және олардың өз территорияларында орналасуын т. б. келелі мәселерді жан-жақты зерттеу мәселесі көтеріліп, Шығыс Қазақстан өлкесі ауқымды зерттеле бастайды.

Революцияға дейін жарияланған еңбектерге сүйене отырып, осы кезде қазақ даласын зерттеушілерді бірнеше топқа бөлуге болады: Ресейлік Патша үкіметі тарапынан әр түрлі тапсырмалармен арнайы жіберілген зерттеуші чиновниктердің тобы және өлкеге саяси жер аударылғандар арасындағы зерттеушілер тобы.

Қазақстанның шығысында орналасқан Зайсан аймағының 1867-1868 ж.ж. Уақытша ережеге дейінгі шекаралық жағдайы, халықтың аумаққа орналасу барысын, осы аймақтың әлеуметтік жағдайын зерттеу барысында Шығыс Қазақстан өлкесінің тарихи-жағрафиялық, статистикалық бағытта, физикалық-географиялық, тарихи-экономикалық сипатта жазылған А. И. Левшин, Г. Н. Потанин, Н. Седельников, Гагемейстер, И. О. Бабков, И. Завалишин, Н. И. Красовский, Балкашин, Н. Коншин [1] еңбектері уақытша ереже кезеңіне дейінгі аймақтың саяси жағдайын сипаттауда дерек көздерінің қатары ретінде көрініс тапты. Орыс географиялық қоғамының мүшесі майор И.Бабковтың “Воспоминание о моей службе” атты еңбегінде Қазақстанның Шығыс аймағындағы Қытай империясымен шекаралық жағдайларды зерттей келе, осы шекаралық мәселелерді шешуде Зайсан елді мекенінің маңыздылығын сипаттай келе, аймаққа қорғаныстық тірек ретінде қаланың қажеттілігі жөнінде Орыс географиялық қоғамының кеңесінде шағын реферат түрінде өз ұсынысын жасаған. Осы жұмысында Зайсан аймағының экономикалық, шаруашылық жағынан маңыздылығын суреттеген. Сондай-ақ аймаққа көршілес Қытай аймағынан болатын қауіптерді ескере отырып ауыспалы қамалдар орнына тұрақты елді мекен қажеттілігінің себептерін ашып көрсетеді.

Жалпы қазақ даласының облыстарын суреттей келе И. И. Крафт [2] Зайсанның да қалыптасу кезеңіндегі патша үкіметінің озбыр саясатының заңды құжаттарына тоқталған. Ресми болса да қаланың жалпы сипаты мен әлеуметтік дамуынан бірқатар деректер сипатталған шекаралық жағдайды қарастыру барысында М. Венюковтың [3] еңбегіндегі Ресей иелігіндегі қазақ жерлерінің басқа елдермен шекаралық шептері жөніндегі мәліметтері жұмысымыздың бірінші тарауындағы аталған мәселелерді зерттеуге арқау болды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеушілердің жеке бақылау жұмыстарын нақты мәліметтермен байланыстыра жазған очеректері, қол жазбалары, әскери және ғылыми экспедициялардың сипаттамалары, қазақ даласының физикалық- жағрафиялық жағдайына және шаруашылығына т. б. сипаттама беретін шолулар түріндегі мақалалар жариялаған. Жоғарыда аталған Н. Седельников, И. Завалишин, И. Красовский, Г. Гагемейстер т. б. зерттеушілер тек очеректермен шектеліп қоймай, арнайы тарихи-этнографиялық, статистикалық – жағрафиялық турғыда жазылған әдебиеттер де жазып, жарыққа шығарған.

Зайсан аймағындағы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындардың жағдайы мен шаруашылық ерекшеліктерін сипаттауда О. Финш және А. Бремнің [4], еңбектеріндегі деректерді қарастыру барысында

тақырып ауқымын ашуға мол үлесін қосты. Қазақтардың XIX ғасырдағы басты кәсіптерінің бірі мал шаруашылығы болған. Зерттеушілер бұл мәселені зерттеу үшін жеке бақылаулар және қазақтармен әңгіме жүргізген XIX ғ. бірінші жартысындағы авторлар қазақтардың мал шаруашылығына, малды өсірудің әдісіне, жайылымдарды пайдалану ерекшелігі, жылдың әр мезгілінде малды күту мәселелері, осы аймақтағы қазақ руларының жазғы және қысқы қоныстары, көшу уақыты және көшу бағыттары суреттелген.

Негізгі кәсіптері мал шаруашылығы болған қазақтардың жылдың төрт мезгілінде көшпелі өмір сүру тәртібінің мәнін кейбір орыс зерттеушілері бір жақты қарап, қайшы пікірлер білдірсе, кейбіреулері бұл кәсіптің мәнін дұрыс көрсете білген. Осындай пікірлердің біріне тоқталайық: “Көшіп қону – бұл, кезбелік өмір сүру деген сөз емес, көшіп жүру – белгілі бір тәртіппен, шаруашылық жағдайға байланысты, дұрыс іске асыруды қажет ететін құбылыс”, – деп жазады В. Бенкевич [5] өзінің мақаласында. С. Броневский [6] қазақтардың көшпелі өмір салты туралы, олардың бір-бірімен ерекшеліктерін айта келіп, олардың физикалық-жағрафиялық орналасу бағыттарына сипаттама берген. Қазақ қоғамында тек мал шаруашылығымен ғана емес, егіншілік кәсібі де дамыған. Қазақтардың соның ішінде Зайсандағы егіншілік кәсібінің деңгейі туралы барлық дерлік авторлардың еңбектерінде әртүрлі деңгейде жазылған. Кәсіптің бұл түрінің қазақ қоғамындағы даму деңгейі патша үкіметінің чиновниктерін ерекше қызықтырған. XIX ғасырдың осы кезеңін қамтитын қазақтардың шаруашылығының бұл саласы туралы революцияға дейін жарияланған еңбектерде қарама-қайшы пікірлер де кездеседі. Г. Колмогоров [7] өзінің еңбегінде: “XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының Шығысында егіншілік кәсібі айтарлықтай дамыған”, – деп жазған. Бұл мәселе төңірегінде басқа да көзқарастар болған еді. Бұл жағдайда С. Б. Броневский, Г. Н. Потанин, Гагемейстерді және т. б. зерттеушілерді атап өтуге болады.

Шығыс өлкеде егіншіліктің дамуын суреттейтін еңбектерге қарағанда XIX ғасырдың орта ширегінде кәсіптің бұл түрі қазақ даласында айтарлықтай алға басқан.

Жоғарыда ғалымдар өз еңбектерінде Зайсан аймағында басқа шығыс аймақтарға қарағанда егін егу кәсібі кең тарағанын атай келіп, егістік алқаптар орналасқан басты-басты өзендерді атап өткен және егіншіліктің түріне тоқталған. Броневский өзінің жазбаларында осы аймақтағы барлау жұмыстары кезінде “Зайсан көлінің сыртында, Нарын тауының етегінде айтарлықтай көлемдегі егістікті көрдім. Олар, жерді таудан ағып шығатын бұлақтан тартылған арықтар арқылы суландырудың нәтижесінде, жердің тастақ болып келуіне қарамастан тары едәуір жетіліп өскен, ” – деп жазады [6]. Бұдан бұл өлкеде суармалы егіншіліктің болғандығын көруге болады.

Қазақтардың егіншіліктерінің жағдайын зерттеу жұмыстарын тұжырымдай келе, кейбір авторлар оның пайда болуына және көлемінің кеңеюіне әсер еткен факторларды көрсетуге ұмтылған. Олардың арасында барлығынан бұрын қуаңшылықтан туындаған жұт жайылымдардың тартылу салдарынан туған қазақтардың мал шаруашылығындағы қолайсыздық десе, енді біреулер сыртқы факторлардың, қазақтардың отырықшы елдермен қарым-қатнасы, шекаралық әкімшіліктердің қолдауынан қазақ қоғамында егіншілік кәсібі дамыған деп көрсетсе, кейбір шығыс даласын зерттеушілері “Қазақ халқы – тек мал бағуға жаратылмаған, мұны біз ешқандайда сыртқы әсердің ықпалынсыз қолына соқа алып, көптеген жерлердегі жерді өңдеудегі жетістіктерінен көреміз”, – деп жазады Г. Н. Потанин [8]. Осы еңбекте Зайсан аймағындағы егін алқаптары қазақтар негізінде суармалы егіншілікпен айналысқандықтан өзен – көлдердің жағалауларында орналасқандығын аңғаруға болады.

Қазақ қоғамындағы егіншіліктің дамуы туралы авторлардың пікірлерінің әр түрлі болуына қарамастан, XIX ғасырда, әсіресе 60-70 жылдары егін егу кәсібі қазақтардың шаруашылығында едәуір тараған кәсіптің бірі болып табылған.

